www.gofreebooks.com

ИСЛАМ ДІНІ

Бұл кітапта біз әһли сүннет сенімін, яғни пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам көрсеткен дұрыс иман негіздері жайлы және бұл негіздерді бұрмалап сенген адасқан діни ағымдар мен негізі бұзылған діндер туралы кеңінен мәлімет бердік

ДАЙЫНДАҒАН:
ОСМАН АРАБИЫҚ

ИСЛАМ ДІНІ

және
Өзгертілген діндер мен топтар (секталар)

Дайындаған:
Осман Қарабиық

редакцияланған
жетінші басылым

Түркістан Кітап Үйі
Алматы - Қазақстан
Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер
Сейфуллин даңғылының қиылысы
Тел: +7(727) 293-55-98

Алматы - 2015

ББК 86.38
И 87

Ислам діні/түрікшеден аударылған. - Алматы:
И 87 «EuroPrint» ЖШС. 2015 - 340 бет.

ISBN 9965-811-01-6

Соңғы кезде халқымыздың имандылыққа бет бұрғаны қаншалықты қуанарлы болса, оның пәк болған санасына сыртқы күштердің тынымсыз улау мақсатымен жүргізіп жатқан саясаты да соншалықты қайғылы екені сөзсіз. Ұлтымыздың бірлігіне қауіп төндіріп тұрған ұлттық санаға жат бағыттардың «дін еркіндігі» ұраны арқасына жасырынған іріткі салу үгіттеріне төтеп беру жеткілікті діни мәліметі болмаған азаматтарымыз үшін әрине оңайға соқпайды.

«Ислам діні» кітабы осындай жағдайда халқымыздың дұрыспен бұрысты ажыратып алуына көмектесу мақсатында құнды деректерден алынып даярланды.

Кең оқырман қауымына арналған аталмыш кітаптың негізгі мақсаты - дәстүрлік әһлі сүннет (сүнни) жолымыздың сыртындағы өзге де топтар және діни бағыттарды оқырманга өздерінің еңбектері арқылы таныстыру ғана. Адасқан топтардың дінді идеологияға айналдыруы нәтижесінде қаншама мұсылмандардың тура жолдан таюына себеп болғаны, халықтардың, мемлекеттердің басына қауіп туғызғаны жайлы деректер келтіріледі. Сонымен қатар кітапта адасқан топтар мен сенімдері туралы атақты ислам ғұламаларының берген жауаптары да орын алған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни бірлестігінің 4.09.2002 жылғы 23/0273 санды қаулысымен «Ислам діні» кітабының ішінде дінге жат нәрселер жоқ екендігі және Қазақстан территориясында таралуымен оқытылуына рұқсат берілгені аталып көрсетілген.

И **0403000000 / 00(05)-07**

ББК 86.38

ISBN 9965-811-01-6

THE RELIGIOUS
ADMINISTRATION OF
KAZAKHSTAN MUSLIMS

الادارة الدينية
لمسلمي قزقستان

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 050016 Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 12. тел.: 397 63 84

№ 23/0299 "27" 06 2011 ж.

Мейірімді, Рахымды Алланың атымен бастаймын!

«ТҮРКІСТАН МӘДЕНИЕТ ҚОРЫНА» ҚАРАСТЫ «ТҮРКІСТАН КІТАП ҮЙІ» БАСПАСЫНЫҢ КІТАПТАРЫ ТУРАСЫНДА

«Түркістан кітап үйі» баспасынан шыққан діни-танымдық кітаптар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптауынан мұқият өтеді. Ақидасы, яғни сенімі жағынан Қазақстан мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзһабына сай, ал, мазмұны терең, әрі бай. Қалың оқырман іздеп тауып, сүйсіне оқиды. Бұл кітаптарды әлеміз бойынша таратудың мән-маңызы зор. Оны қалың оқырмандармен қатар мешіт діндарлары мен сауат ашу курстарының шәкірттері де кеңінен пайдаланады.

Баспа ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Кітаптары дәйім сұраныста. Жаңа кітаптар шығара берсін, күтеміз.

Ізгі тілекпен,

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, НАИБ МҮФТИ

ШЕЙХ МУХАММАД ХУСЕЙН ҚАЖЫ АЛСАБЕКОВ

Орындаушы: С. Еншібай.
тел: 3976397.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі
09.06.2012 жылғы 04-03-20/35-А-61 санды сараптама нәтижесінде "Ислам діні" кітабын Қазақстан Республикасы аумағында пайдалануға және таратуға шектеу қоюға негіз болатын айғақтар мен себептердің анықталмағанын мәлімдеген.

Алғысөз

Аллаһу та’алаға хамд (мақтаулар) болсын. Оның ұлы пайғамбары Мұхаммед алейһиссаламға сәлем және салауат болсын. Оның жақындары мен сахабаларына Аллаһтың нұры жаусын.

Аллаһу та’ала алғашқы адам және алғашқы пайғамбар ретінде Адам алейһиссаламды жаратты. Адам алейһиссаламнан бүкіл адамзат баласы тарады. Жер бетінде адамдар көбейгеннен кейін олардың осы дүниеде еркін және тыныштықта өмір сүрулері, ахиретте мәңгі бақытты болулары үшін пайғамбарлар жіберді. Осы пайғамбарлары арқылы тура жолды көрсетті. Адам алейһиссаламнан бері имандылар мен имансыздар күресіп, күшті жақ жеңіп келген. Имандылар жеңген кезеңдерде адамзат дүниеде мәдениетті түрде өмір сүрген. Өйткені, мәдениет дегеніміз тек қана техникалық даму емес, адамдарды рух, тән және пікір тұрғысынан да еркін өмірге қауыштыру деген сөз.

Пайғамбарымызбен оның төрт халифасының кезеңінде Омаядтар, Андалусия, мұсылман түрік мемлекеттері, Селжұқ және Осман мемлекеті дәуірінде адамзат баласы ең еркін және жарқын кезеңін басынан кешірді. Христиан дінін ұстанған Еуропаның шіркеу инквизициясына тап болған, поптар ақшаға күнә кешіріп, аурулар белең алған, адамдардың азғырған дәуірінде, яғни еуропалықтардың орта ғасыр қараңғылығында титықтаған кезеңінде шығыста Ислам діні әкелген әділдік, ғылым мен адамгершілік қағидалары арқылы адамдар адамдық бақытқа қол жеткізген еді. Ол кезде мұсылман әлемінде, Мәуерауннахрда, Үндістанда, Таяу шығыс пен Анадолыда мыңдаған Аллаһ жолына түскен адамдар мен әулиелер бар болатын. Алайда, Аллаһу та’аланың **«Нығметтерімнің қадірін біліп, шүкіршілік етсеңдер, яғни бұйырғаныма сай қолдансаңдар, оларды арттырамын. Қадірін білмей, ұнатпай обал қылсаңдар, оларды сендерден алып, өздеріңді қатты азапқа душар етемін»** деген бұйрығын ұмытқан мұсылмандардың басына Андалусияда испандық апат төнді. Одан бұрын Бағдатты Хұлағу басып алып, мыңдаған мұсылманды қырған болатын. Кейінгі ғасырларда түркі елдерінде Ресей мен Қытай империяларының ақылға сыйымсыз талқандау әрекеттері орын алды.

Қазір осындай қиындықтарға, шабуылдарға ұшырамай, жан рахатымен өмір сүру және ахиретте мәңгілік бақытқа қауышу үшін пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның сахабаларға үйреткен, ал олардың әһли сүннет ғалымдарына түсіндірген, кітаптарға жазылған **әһли сүннет сенімін** меңгеріп, Аллаһу та’аланың бұйрықтарына бағынып, тек жақсылық жасауға бет бұруымыз қажет.

Бұл кітапта біз әһли сүннет сенімін, яғни пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам көрсеткен дұрыс иман негіздері жайлы және бұл негіздерді бұрмалап сенген адасқан діни ағымдар мен негізі бұзылған діндер туралы кеңінен мәлімет бердік.

Аллаһу та’алаға бізге осындай тура жолды көрсетіп, таза иман бергендігі үшін шексіз шүкіршілік етеміз.

Мазмұны

Екінші бөлім...143

Кіріспе

Дін дегеніміз не?

Дін – адамдарды мәңгілік бақытқа қауыштыру үшін Аллаһу та’ала тарапынан көрсетілген жол. Аллаһу та’ала Адам алейһиссаламнан бері әр мың жыл сайын пайғамбарлар арқылы адамдарға дін жіберіп отырған. Адам алейһиссалам – алғашқы адам және алғашқы пайғамбар. Пайғамбарлар – Аллаһу та’аланың діндерін адамдарға уағыздайтын, жеткізетін елшілер. Жаңа дінді жеткізген пайғамбар **“Расул”** деп аталады. Раббымыз әр ғасыр сайын ең таза адамды пайғамбар ету арқылы діндерді қуаттандырып отырған. Расулдарға тәуелді болған бұл пайғамбарлар **“Нәби”** деп аталады.

Барлық пайғамбарлар қауымдарына бірдей иман туралы айтқан, яғни олар үмбеттерінен бірдей нәрсеге иман етулерін талап еткен. Адам алейһиссаламның уағыздаған иман негіздері мен Мұхаммед алейһиссаламның уағыздағандары бірдей еді. Тек қана жүрек және тәнмен жасалатын амалдар мен тыйылуды қажет ететін үкімдер басқаша болды. Аллаһу та’ала әр мың жылдықта жер бетіне жіберген жаңа расул және жаңа дін арқылы бұрын жіберілген діндердегі үкімдердің кейбіреулерін қолданыстан алып, жаңа үкімдер енгізіп отырған. Осылайша, әрбір дін, өзінен бұрын келген діннің үкімдерін жойып, не өзгертіп отырды.

Соңғы пайғамбар Мұхаммед алейһиссалам соңғы дін – Исламмен келгенде өзінен бұрын жіберілген барлық діндердің үкімдерін қолданыстан алып тастады. Сондықтан қазіргі кезде әлемдегі жалғыз хақ дін – Мұхаммед алейһиссалам уағыздаған Ислам діні. Бұл діннің ешбір үкімі бұзылмаған. Қияметке дейін бұзылмайды да. Бұл діннің кітабы болып табылатын - Құран кәрім еш өзгерместен сол күйінде сақталған.

Дін адамға не үшін қажет?

Барлық жаратылысқа барлық нығметтерді, жақсылықтарды беретін тек қана Аллаһу та’ала. Барлық нәрсені бар еткен де Сол. Жекелеген жақсы қасиеттер адамдарға Аллаһтың рақымдылығы-

мен беріледі. Тіршілік ету, білу, есіту, көру, сөйлеу, қозғалу сипаттары Аллаһ тарапынан беріледі. Сансыз нығметтерді берген де Сол. Адамды қиындықтардан құтқаратын, дос пен дұшпанның, иманды мен имансыздың барлық қажет нәрселерін жіберетін де – Сол. Ол имансыздарға нығмет беруді шектемейді, жазалануы тиістілерді жазалауға асықпайды. Нығметтерін досқа да, дұшпанға да бірдей шашады. Нығметтердің ең құндысы болған мұсылмандық нығметін құлдарының ешбірін алаламай бәріне айқын көрсетеді. Жаратқандарының ішінде ең жақсылары болған пайғамбарларына бағынып, мәңгілік бақытқа жетуімізді бұйырады.

Жақсылық жасаған адамға рахмет айту керектігін күллі адамзат біледі. Бұл онсыз да адамдық борыш. Жақсылығы тиген адамға құрмет көрсетіледі. Олай болса, барлық нығметтердің шынайы иесі болған Аллаһу та’алаға шүкіршілік ету – адам баласының бірінші парызы. Алайда, Аллаһу та’ала барлық жағынан айыпсыз кемшіліксіз және пәк, ал адамдар ешбір тұрғыдан кемшіліктен пәк емес. Сондықтан адам баласының Аллаһпен тікелей қатынасы жоқ. Құлдар Оны қалай ұлықтауды, Оған қалай шүкіршілік етуді, Оған қалай сыйынуды өз ақылдарымен таба алмаған, білмеген. Пенделердің Оған арнап айтқан жақсы сөздері, Оның тарапынан жаман сөз ретінде қабылдануы мүмкін. Адамдардың өздерінше Жаратқанға көрсетпек болған құрметтері, Оған жасаған құлшылықтары, егер Оның өзі тарапынан бекітіліп, бұйрылмаған болса, онда құлшылыққа лайықты әрекеттер деп саналмайды. Олай болса, Оның өзі ұнатып, бұйырған иман келтіру, ғибадат ету және шүкіршілік жасау нормалары – пайғамбарлар алып келген діндер болып табылады.

Адамдар тек пайғамбарлар көрсеткен осы діндерге бағына отырып, Аллаһу та’алаға дұрыс иман келтірген және дұрыс ғибадат жасаған. Осылайша, әлемде еркін және тыныш өмір сүрген, ал ахиретте шексіз нығметтерге қауышқан. Ал сенбегендер дүниеде адамша жақсы өмір сүре алмаған, ахиретте де шексіз азапқа душар болған. Көріп тұрғанымыздай, ақыл-есі толық әрбір адамға дін, яғни Ислам діні қажет. Оған сену және мойынсұну – ақылдың талабы.

Мұсылмандыққа таңданыс білдірген атақты тұлғалардың сөздері

Төменде өздері мұсылман болмаса да, Аллаһу та'алаға сенген және мұсылмандыққа таң қалған бірқатар танымал адамдардың Ислам туралы ойларын беріп отырмыз. Мұндай адамдар өте көп, біз тек танымал тұлғалардың сөздерін ғана береміз.

Наполеон

Есімі тарихта әскери данышпан, сонымен қатар мемлекет қайраткері ретінде танылған Франция императоры бірінші Наполеон (1769-1821) Мысырға кірген жылы (1798ж) Ислам дінінің ұлылығына, дұрыстығына қайран қалған, тіпті бір кездері мұсылмандықты қабылдау туралы да ойлары болған. Төменде айтылған сөздер Черфилстің **"Bonaparte et Islam"** атты еңбегінен алынған: «Ол былай дейді: *«Аллаһу та'аланың бар және бір екендігін Мұса алейһиссалам өз ұлтына, Иса алейһиссалам өз үмбетіне, ал Мұхаммед алейһиссалам бүкіл әлемге білдірді. Арабстан толығымен пұтқа табынатын еді. Иса алейһиссаламнан алты ғасырдан кейін Мұхаммед алейһиссалам өзінен бұрын келген Ибраһим, Исмаил, Мұса және Иса алейһиссаламдар уағы-здаған Аллаһу та'аланы араптарға танытты. Араптардың қасындағы ариандар (Ариюс мазһабындағы христиандар) және Исаның ақиқат дінін бұзып, оларға үш тәңірі, яғни Құдай, Құдайдың ұлы, Қасиетті рух сияқты сенімдерді таратуға тырысқандар шығыстағы бейбіт өмірдің шырқын бұзған еді. Мұхаммед алейһиссалам оларға тура жолды көрсеткен, Аллаһтың бір екендігін, Оның әкесінің де, баласының да жоқ екендігін айту арқылы көп құдайға сыйынудың пұтқа табынушылықтан қалған әдет екендігін түсіндірді»*. Кітаптың тағы бір жерінде Наполеон: *«Жақын арада бүкіл әлемнің зиялы адамдарын жинап, бір үкімет құруға және бұл үкіметті Құранда жазылған негіздер бойынша басқаруға мүмкіндік табамын деп ойлаймын. Өзім тек Құранда жазылған негіздердің дұрыстығына сенемін. Бұлар адамды бақытқа жеткізеді»* дейді.

Профессор Карлайл

Әлем мойындаған ең ұлы ғұламалардың бірі шотландық Томас Карлайл (1795-1881) 14 жасында университетке түсіп, заң, әдебиет және тарих саласында білім алып, неміс және шығыс тілдерін меңгереді. Атақты неміс әдебиетшісі Гётемен хат алысып, онымен кездесіп тұрған. Оған Ислам туралы ойларын жеткізіп отырған. Эдинбург университетіне ректор болып сайланады. Карлайлдың "Негр мәселесі", "Франция революциясы", "XIV-XV-ғасырдағы неміс әдебиеті", "Гёте және оның өлімі", "Қазіргі жұмысшылар", "Батырлар және оларға табыну, тарихтағы батырлық", "Алты конференция" атты еңбектері бар.

Мына үзінді оның **«Араптар, Мұхаммед алейһиссалам және оның ғасыры»** атты еңбегінен алынды: *"Мұхаммед алейһиссалам келместен бұрын араптар тұрған жерге егер үлкен от келіп түсетін болғанда, олар жоқ болып өртеніп кетер еді. Олардан ешқандай белгі де қалмас еді. Алайда, Мұхаммед алейһиссалам келгеннен кейін бұл шөл дала оттың ошағына айналғандай болды. Делиден Гранадаға дейінгі жерлер алаулаған отқа ұқсады. Ол кісі ұлы найзағай секілді болды, оның айналасындағы барлық адамдар одан ұшқын алған еді."*

Конференциясынан:

«Құран кәрімді оқыған сайын оның жәй бір әдеби шығарма емес екендігін дереу сезінесіз. Құран кәрім – жүректен шыққан және барлық жүректерден тез орын алатын шығарма. Құран кәрімнің ең басты ерекшелігі – оның тура және толық жол көрсетуші екендігінде. Меніңше Құран кәрімнің артықшылығы осында.»

Саяхат естелігі:

«Германияда досым Гётеге Ислам туралы жинаған мәліметтерім мен ойларымды жеткізген едім. Гёте мені мұқият тыңдады да: "Егер Ислам осы болса, онда біз бәріміз мұсылманбыз" деді».

Махатма Ганди

Ганди (1869-1948) Батыс Үндістанның атақты христиан әулетінен шыққан. Әкесі Пробтандар қаласының бас попы болатын. Ол өте бай кісі еді. Ганди Пробтандар қаласында дүниеге

келеді. Лицейде оқу үшін Англияға барады. Оқуын бітіргеннен кейін Үндістанға қайтып оралады. 1893 жылы бір үнді фирмасы оны Оңтүстік Африкаға жібереді. Ганди онда жұмыс істейтін үнділердің ауыр еңбек шартында жұмыс істейтіндігін, олармен нашар қарым-қатынас жасалатындығын көріп, олардың жақсы саяси құқықтарға қол жеткізулері үшін күресуге шешім қабылдады. Өзін үнді ұлтына түгелдей арнады. Үнділердің құқығын қорғау үшін Оңтүстік Африка үкіметімен күресіп жүріп тұтқындалады. Бірақ мойымайды. Африкада 1914 жылға дейін болды. Одан кейін табысы көп жұмысын тастап, Үндістанға қайтады. Үндістанның тәуелсіздікке қол жеткізуі үшін 1906 жылы мұсылмандар құрған Үндістан мұсылмандар одағымен бірігіп әрекет ете бастады. Әкесі мен өзінің бүкіл қаражатын осы іске жұмсады.

Ағылшындардың екінші рет зұлымдық әрекетке дайындалып жатқанын естіп, мұсылмандармен бірігіп, барлық жолдастарын мемлекеттік қызметтерден босап, құпия күреске көшулерін қамтамасыз етті. Денесіне ақ мата орап, тек сүт ішумен ғана шектелу арқылы биліктің саясатына қарсылығын білдірді. Ағылшындар алғашқыда оның іс-әрекетіне күлетін. Алайда, уақыт өте келе өз пікірлеріне нық бекінген және өз елі үшін бәрін пида етуге баратын бұл адамның соңынан бүкіл Үндістан халқының ергеніне куә болды. Оны тұтқындау ешқандай нәтиже бермеді. Гандидің әрекеттері аяғында Үндістанның тәуелсіздікке қол жеткізуіне алып келді. Үнділер оған "қасиетті" деген мағына беретін **Махатма** лақабын тақты.

Ганди Ислам діні мен Құран кәрімді мұқият зерттеп, мұсылмандыққа таңданған. Бұл жөнінде былай дейді: *"Мұсылмандар ең жарқын және жеңісті күндерінде де шектен шықпаған. Ислам діні әлемді Жаратушыға және Оның туындысына таңдануды бұйырады. Батыс әлемі үрейге толы өмір сүріп жатқанда Шығыста жарқыраған Ислам жұлдызы азап шеккен дүниеге жарық, бейбітшілік және еркіндік әкелген еді. Ислам діні алдамшы, жалған дін емес. Үнділер бұл дінді құрметтеп, зерттейтін болса, олар да мен сияқты Исламды жақсы көретін болады. Мен Ислам пайғамбарының және оның жанындағылардың қалай өмір сүргенін баяндайтын кітаптарды*

оқыдым. Бұлар мені қызықтырғаны соншалық кітаптардың аз екендігіне қынжылдым. Мен мынадай қорытындыға келдім: Исламның шұғыл дамуы қылышпен жүзеге аспаған. Керісінше, қарапайымдылығы, қисындылығы және пайғамбарларының кішіпейілділігі, әрқашан сөзінде тұратындығы, туыстары мен барлық мұсылмандарға деген мейірімділігі арқылы адамдардың көңілінен шығып, жүректерінен орын алған.

Ислам діні монах әрекетіне тосқауыл қойды. Исламда Аллаһу та'ала мен құл арасында делдалдық жасалмаған. Ислам діні о бастан әлеуметтік әділеттілікті бұйырған. Жаратушы мен жаратылғанның арасында жеке бір құрылым болмайды. Құран кәрімді оқыған әрбір адам Аллаһу та'аланың бұйрықтарын меңгеріп, Оған мойынсұнады. Олай болса, Аллаһу та'ала мен адамның арасында ешқандай кедергі не арашы болмайды. Христиан дінінің бірқатар кемшіліктері болғандықтан, түрлі реформалар жасауға мәжбүрлік туындаған, ал Ислам сол қалпында сақталған. Христиан дінінде демократиялық сипаттағы рух жоқ. Бұл дінге демократиялық сипат беру үшін христиандар ұлттық сезімдерін арттырып, осыған орай реформалар жасаулары керек."

Профессор Эрнест Ренан

Эрнест Ренан 1923 жылы Францияның Трегуер қаласында туылған. Әкесі капитан болып қызмет атқарған. Бес жасында әкесінен айрылады. Анасы мен әпкесінің тәрбиесінде өседі. Анасы оның діндар болғанын қалап, шіркеу колледжіне береді. Осы жерде терең діни білім алады. Шығыс тілдеріне үлкен қызығушылық танытып, арап, ибрани (иврит) және көне сирия тілдерін оқып үйренеді. Содан соң университетке түсіп, философия саласында білім алады. Білімі артып, неміс филисофиясы мен шығыс әдебиетін мұқият зерттеген сайын, христиан дінінде бірқатар нұқсандардың (кемшілік) бар екендігін байқайды. 1848 жылы 25 жасында университетті бітірген кезінде христиан дініне толығымен қарсылық білдіріп, өз ойларын **"Білімнің болашағы"** деген кітапта жариялайды. Алайда, шіркеуге қарсылық білдіру сипатындағы бұл кітабын ешқандай баспахана басуға батылдары жетпей, бұл кітап тек 42 жылдан кейін ғана 1890 жылы басылады.

Ренан ең алдымен Иса алейһиссаламның Аллаһтың баласы емес екендігін айтты. Ол Версаль университетінің профессоры атағын алған кезде осы ойын аз-аздап ашып түсіндіре бастады. Алғашқы сабағында *“Иса алейһиссалам қадірлі де құрметті тұлға еді. Алайда, ол ешқашан да Аллаһтың баласы болған емес”* дейді. Оның бұл сөзіне пірәдардан (поп) бастап барлық католиктер өрс түрегеліп, қарсы шықты. Пірәдар Ренан бүкіл халық алдында шіркеуден қуылды. Содан соң Франция үкіметі де оны қызметінен босатуға мәжбүр болады. Бірақ, Ренанға көптеген жақтастар табылды. “Дін тарихы туралы тәжірибелер”, “Сын және адамгершілік туралы зерттеулер”, “Философиялық сұхбаттар” және “Исаның өмірі” атты шығармалар жазылды. 1878 жылы Франция Академиясы оны мүшелікке қабылдады. Франция үкіметі де Ренанды қызметке шақырып, оны Франция колледжіне директор етіп тағайындады.

Ренан “Исаның өмірі” атты еңбегінде оны адам ретінде қарастырады. Ренанның пікірі бойынша, Иса алейһиссалам біз сияқты адам. Анасы Мариям, Юсуф деген ағаш ұстасымен некеге тұрады. Иса алейһиссаламның кішкене кезінде айтқан сөздеріне көптеген ғалымдар таң қалатын. Аллаһу та’ала оны пайғамбарлыққа лайық деп санап, осы міндетті жүктеді. Иса алейһиссалам ешқашан *“Мен Аллаһтың баласымын”* деп айтпаған. Бұл пірәдарлар тарапынан жабылған жала.

Католик пірәдарлары мен Ренан арасындағы күрес ұзаққа созылады. Католиктер оны дінсіз деп айыптаса, Ренан оларды өтірікші және екіжүзді деп айыптады. Ренан ***“Ақиқат Насрани*** *(христиандықтың крес оқиғасынан бұрынғы аты)* ***діні - Аллаһты бір және Иса алейһиссаламды адам және пайғамбар ретінде қабылдайтын дін”*** деді. Ренан қайтыс болған соң шіркеуде діни рәсім жасалмауын және жаназасына діндарлардың араласпауын өсиет етті. 1892 жылы ол қайтыс болған кезде оны жерлеу ісіне достары мен жолын ұстанған адамдар ғана қатысты.

Ламартин

Францияның әлемге танылған ұлы әдебиетшілері мен мемлекет қайраткерлерінің бірі болған Ламартин (1790-1869) жұмыс бабымен бүкіл Еуропа мен Американы аралап, Сұлтан Абдулмәжит

хан дәуірінде Османлы мемлекетіне (Түркия) де барған. Патша тарапынан жылы қабылданған Ламартинге сондай-ақ Айдын аймағынан шаруашылық жер де сыйға тартылған. Ламартин "Түркия тарихы" атты еңбегінде Мұхаммед алейһиссалам туралы былай дейді: *«Мұхаммед (алейһиссалам) өтірікші пайғамбар ма? Оның еңбектері мен өмір жолын зерттегеннен кейін бұлай дей алмаймыз. Өйткені жалған пайғамбарлық - екі жүзділік деген сөз. Екіжүзді адамда сендіру қасиеті болмайды.*

Механикада бір денені лақтырған кезде оның жететін жері оны лақтыру күшіне байланысты. Рухани шабыттың күші де оның шыққан жерімен өлшенеді. Осыншама көп нәрсені қамтитын, осынша кең территорияға таралған және осыншама уақыт өз күшін сақтап тұрған дін, яғни Ислам діні жалған болуы мүмкін емес. Мұхаммед алейһиссаламның өмір жолы, әрекеттері, елдегі пұтқа табынушылыққа қарсы шығып, оларды жоюы, өзіне көрсетілген қарсылықтарға қарамастан 13 жыл бойы Меккеде жерлестерінің арасында әртүрлі зұлымдықтарға төзуі, Мәдинаға көшуі, үздіксіз жасаған уағыздары, насихаттары, күші басым дұшпандарына жасаған қарсылық әрекеттері, жеңетіндігіне деген сенімі, ең қиын сәттеріндегі сабырлылығы, шексіз құлшылығы, Аллаһу та'аламен арадағы қасиетті сұхбаттары, өлімі және одан кейін де жалғасын тапқан даңқы мен жеңістері Оның ешқашан да жалған пайғамбар болмағандығын, керісінше өте үлкен иманға ие мұсылман екендігін көрсетеді.

Міне, оның осы иманы, Раббысына деген сенімі екі түрлі нанымды өмірге әкеледі. Біріншісі - жалғыз және мәңгі болмыс болған Аллаһтың бар екендігі, екіншісі - пұттардың тәңірі емес екендігі. Біріншісі арқылы ол арaптарға сол кезге дейін білмей келген бір Құдайды танытады, екіншісі арқылы сол кезге дейін Тәңірі деп саналып келген пұттардың жойылуын қамтамасыз етеді. Қорыта айтқанда Мұхаммед алейһиссалам – философ, уағыздаушы, пайғамбар, заң енгізуші, жаңа иман негіздерін көрсетуші, 20 ұлы империя арқылы ұлы Ислам мемлекеті мен өркениетін құрған ұлы тұлға болып табылады.

Егер ұлылықты өлшейтін кез-келген құралмен өлшейтін болсақ – оған тең келер адам бар ма екен? Жоқ. Болмайды да, оған Аллаһтың рақымы мен берекеті жаусын».

Мұсылмандықты қабылдаған адамдардың Ислам туралы ортақ пікірлері

Өз діндерінен шығып, Ислам дінін қабылдаған түрлі ұлт өкілдерінің Исламды неліктен қабылдағаны туралы, дініміздің басқа діндерден айырмашылығы мен артықшылығы туралы олардың өздері былай дейді:

«Ислам дінінде Жаратушы біреу ғана. Оның есімі – Аллаһу та’ала. Басқа діндердегі біреуден көп Тәңір ұғымы ақылға қонбайды.

Ислам діні адамдарға тек қана рухани білім берумен шектелмейді, сондай-ақ оларға осы дүниеде не істеу керектігі туралы да түсінік беріп, жол көрсетеді.

Христиандар адамдардың күнәһар болып туылатынын, олар тек азап шегу үшін өмір сүретінін айтса, Ислам діні адамдардың күнәдан пәк болып туылатынын, әрбір сәбидің Аллаһтың сүйікті құлы екендігін, ақылы толық, балиғатқа толған адамдардың өз ісіне жауап беретіндігін, тура жолда жүрсе, ахирет нығметіне бөленетіндігін айтады.

Ислам діні ғибадат, дұға жасап, тәубеге келу үшін құл мен Аллаһу та’аланың арасында делдалды қажет етпейді. Бұларды орындау үшін поптың қажеті жоқ.

Ислам қандай ұлт, қандай тіл, қандай мемлекет болсын - барлық мұсылмандарды бір-біріне бауыр етіп көрсетеді. Исламда Аллаһу та’аланың алдында барлық адам бірдей. Намаз оқығанда барлық адамның дәрежесі бірдей. Бай мен кедей, ақ пен қара барлығы қатар тұрып, бірге сәждеге жығылады.

Ислам дінінде пайғамбарлар да біз сияқты адам болып есептеледі. Бірақ олар барлық тұрғыдан адамдардың ең мәртебелісі. Олардың міндеттері – Аллаһу та’аланың бұйрықтарын бізге жеткізу. Мінез-құлқы мен адамгершілігіне қарап, Аллаһу та’ала оларды таңдап алып, осы міндетті жүктеген. Ислам діні осы күнге дейін келген бүкіл пайғамбарлардың барлығын растайды және құрметтейді.

Ислам діні - өте қисынды дін. Құран кәрімде түсініксіз, тіршілік талаптарына және жаратылыс ғылымдарына теріс келе-

тін ешқандай үкім кездеспейді. Берген бұйрықтары пайдалы нәрселерге жетелейді. Пұттарға, суреттерге, мүсіндерге табыну сияқты алғашқы қауымдарда және пұтқа табынушылар қабылдаған, әлі де кейбір діндерде кездесетін ақылға қонымсыз нәрселер Ислам дінінде кездеспейді.

Ислам діні адам баласын Аллаһу та'аланы сүюге шақырады. Мұсылман адам өзінің Аллаһтың сүйіспеншілігінен құр қалуынан қорқады.

«Мұсылман бол» деп ешкім ешкімді мәжбүрлей алмайды. Құран кәрімнің **"Бақара"** сүресінде (256-аят) **«Дінде зорлық жоқ»** деп бұйырады. Алайда, өзге діндегі миссионерлер қиын жағдайдағы адамдарды ақша ұсыну арқылы өз діндеріне кіруге мәжбүрлейді.

Исламда құлшылық, бір Аллаһқа шүкіршілік ету, Оның сүйіспеншілігіне бөлену үшін жасалады. Ғибадат ету уақыттары белгілі болғандықтан олар адамды жүйелілікке, жылына бір рет келетін ораза болса, ерікті күшейтуге және нәпсіні жеңуге машықтандырады.

Ислам тазалыққа үлкен мән беретін дін болып табылады. Ғибадатты бастамас бұрын тәннің таза болуын бұйыратын жалғыз дін – Ислам. Басқа діндерде мұндай нәрсе жоқ. Ғибадаттар да қысқа болғандықтан күнделікті тіршілікке мүлдем кері әсерін тигізбейді.

Ислам діні экономикалық тұрғыдан капиталистік және коммунистік түсініктерді қабылдамайды. Кедейлерді қорғап, байларды кінәламайды. Байлардың кедейлерге зекет және садақа беруін бұйырады. Сондай-ақ, әлемдегі түрлі ұлт пен қауымдарға мүше мұсылмандарды бір жерге жинап (қажылық) әлемдегі ең толыққанды әлеуметтік жүйені қалыптастырған.

Ислам діні алкогольді ішімдіктерді, құмар ойындарын және есірткі заттарды харам деп есептейді. Әлемдегі ең жаман азғындықтар осы үшеуінен туындайды.

Адамдардың өлгеннен кейінгі жағдайы, ахирет өмірі туралы өзге діндер толық түсінік бере алмайды. Бұлар туралы ең тамаша анықтаманы беретін дін – Ислам діні.

Ислам – кедейлерге, жетім-жесірлерге, жолаушыларға және қай діннен болсын, мұқтаж адамға жәрдем беруді бұйыратын жалғыз дін.

Ислам адамдардан түсінбеген нәрсесін қабылдауды талап етпейді. Басқа діндердегідей «құпия», «сыр» ретінде қабылдауды негіздейтін сенім жоқ.

Исламда кез-келген мәселенің шешуі алдымен Құран кәрімнен қарастырылады, одан табылмаған жағдайлар расулуллаһтың сүннетінен ізделеді. Одан табылмаған мәселелер құзырлы ғұламаның ижтиһады (үкім беруі) арқылы шешіледі.

Ислам діні ең жаңа дін болып табылады. Құран кәрім алғашқы күнінен қазірге дейін ешбір өзгертілместен жеткен. Онда барлық қажеттілікті қамтамасыз ететін үкімдер бар. Осыдан-ақ одан кейін басқа діннің келмейтіндігін, адамдардың діни қажеттіліктерін толық қамтамасыз ететіндігін аңғаруға болады.

Исламда барлық жерде ғибадат жасауға рұқсат етіледі. Құлшылық жасау үшін міндетті түрде мешітке баруға мәжбүрлемейді. Мұсылман адам басқа діннің ғибадатханасына зұлымдық әрекет жасамауы керек, қажет болған жағдайда тіпті шіркеуде де намаз оқуына болады.

Ислам діні әйелдерді бағалап, оларға тиісті құқықтарды береді. Исламда бірнеше әйелге үйлену сияқты бұйрық жоқ. Бұл мәселеде белгілі бір саннан аспау және кейбір құқықтарға бағыну шартымен тек рұқсат берген. Ислам діні келген кезеңдерде араптар бірнеше ондаған әйелдермен бірге өмір сүре беретін. Ол әйелдердің ешқандай құқығы сақталмайтын. Мұхаммед алейһиссалам **«Жұмақ аналардың аяғының астында»** деп бұйырып, әйелдерге айрықша көңіл бөлген.

Ислам діні адамдарды еңбек етуге, пайдалы нәрселерді үйренуге, өз ақылымен еңбектенгеннен кейін, Аллаһу та’аладан жәрдем сұрауға шақырады. **«Бір сағат ойлану және пайдалы іспен айналысу бір жыл нәпіл ғибадат еткенмен тең»** деген Исламдан басқа бір дін жоқ.

Ислам – рух пен тәннің тазалығы. Осы екеуін тең ұстайды. Исламда тек сүйіспеншілік, ақ көңілділік, жақсы сөз, туралық және жақсылық жасау сияқты қасиеттер орын алған.

Ислам діні Аллаһу та’аланы **«Әлемнің раббысы»** деп баяндайды. Басқа діндердегі сияқты тек сол дін өкілдерінің табынатын құдайы деп саналмайды.

Жұбаныш іздеген жүректер оны тек Құран кәрімде табады. Құран кәрімде мұқтаждардың көңілін сипайтын, оларды рахатқа бөлейтін, жол көрсететін мол насихаттар бар».

Ислам дегеніміз не?

Аллаһу та'аланың Жәбірейіл періште арқылы сүйікті және соңғы пайғамбары Мұхаммед алейһиссаламға жіберген діні Ислам деп аталады. Ислам - адамдардың осы дүниеде тыныштық пен еркіндікте өмір сүрулерін, ахиретте мәңгілік бақытқа қауышуларын қамтамасыз ететін қағидалар жиынтығы. Ескі діндердегі барлық жақсы қасиеттерді Ислам өз бойына жинаған. Барлық бақыт пен жақсылық та сонда. Ислам саналы адам баласы сөзсіз қабыл ететін негіздер мен рухани құндылықтардан тұрады.

Жаратылысында пәктік болған жандар Исламға дұшпан болмайды. Исламның ішінде ешбір зияндылық жоқ. Сыртында да ешбір пайда жоқ.

Ислам адамдарды бір-бірін жақсы көруге, бір-біріне жәрдемдесіп, бауырларша өмір сүруге шақырады. Мемлекеттерді дамытуды, адамдардың рух, тән және пікірлеу тұрғысынан еркін өмір сүруін қалайды. Аллаһу та'аланың бұйрықтарын құрметтеуді, бүкіл тірі жанға мейірімді болуды бұйырады. Ислам жанды-жансыз әрбір жаратылғанға деген жауапкершілікті жүктенген. Сонымен қатар, адам нәпсісінің хайуани және шахуани ластықтардан тазаруын қамтамасыз етуде. Жаман әдеттерден аулақ болып, нәпсіні тәрбиелеуге шақырады. Жалқаулыққа, уақытты бос өткізуге тыйым салып, ғылымға, техникаға, өнеркәсіпке, саудаға, егіншілікке, өнерге үлкен мән береді. Діні, отаны, сенімі басқа болған адамдарға күш көрсетуге тыйым салады. Жеке адамның, жанұяның және ұлттардың құқықтары мен міндеттерін көрсетеді. Тірілерге, өлгендерге, туылатындарға, баршаға өзіне тән құқық және жауапкершілік жүктеуде. Ислам діні адамзаттың осы дүние мен ахиретте бақытты болуын көздейді.

Басқа діндердің негізі өзгертіліп, діни үкімдердің орнына адамдар ойлап шығарған пікірлер үгіттеледі.

Аллаһу та'ала адамдардың бұл дүниеде тыныштық пен еркіндікте өмір сүруін, ахиретте шексіз бақытқа қауышуын қалайды.

Сол үшін бақытқа жеткізетін пайдалы нәрселерді жасауды бұйырады. Зиянды нәрселерге тыйым салады. Дінге сенсін-сенбесін, кез-келген адам біле тұра немесе білместен Аллаһу та'аланың бұйрықтарына мойынсұнса, дүниеде рахат өмір сүреді. Қазірде дінсіз адамдар мен ұлттардың бірқатар істерде жетістікке қол жеткізуі Ислам дініне сай әрекет жасауларына байланысты болып отыр. Ал, ахиретте бақытқа жету үшін Ислам дініне сеніп, иман келтіру де қажет.

Ислам үш негіз: **білім**, **амал** (әрекет) және **ықылас**тан тұрады. Яғни, Ислам діні туралы білім алу, үйренгендерін жүзеге асыру, жасаған барлық ісін Аллаһтың ризалығы үшін жасау керек. Ислам ғылымы - иман білімі, фиқһ білімі, қалб (көңіл-жүрек) білімдеріне бөлінеді. Мұсылман адам иман білімін **Әһли сүннет ғалымдары**ның кітабынан алады. Амал білімін төрт мазһабтың фиқһ кітаптарынан алады. **Әһли сүннет** ғалымдары бұл деректерді **сахабалар**дан алған. Ал сахабалар пайғамбарымыздан алған.

Ислам дінінің қайнар көздері (Әдилләи шарийа)

Ислам діні төмендегі төрт дәлелге сүйенеді:

1. Құран кәрім

Құран кәрім – Аллаһу та'ала тарапынан Жәбірейіл алейһиссалам арқылы Мұхаммед алейһиссаламға жіберілген кітап. Құран кәрімде 114 сүре, 6236 аят бар. Құран кәрім Мұхаммед алейһиссаламға жіберілген қалпында сақталған, оған ешқандай өзгерту енгізілмеген. Мұхаммед алейһиссалам дүниеден өткеннен кейін халифа Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) Құран кәрімді жатқа білетіндерді жинап, жазылғандарын топтастырып, бір кеңес алқасына бәрін жаздырған. Отыз үш мың сахаба осы жазылған кітаптың әрбір әрпінің дұрыстығын бір ауыздан растаған. Бұл кітап **«Мусхаф»** деп аталады. 1400 жылдан бері осы Құран кәрім өзгертілместен жеткен. Қазіргі кезде де әлемдегі барлық Құран кітаптары бірдей.

Құран кәрім – Аллаһу та'аланың сөзі. Аллаһу та'ала Құран кәрімді Мұхаммед алейһиссаламға жіберген. Сондықтан да оны ең

жақсы түсінетін адам Мұхаммед алейһиссалам. Пайғамбарлықтың не екенін түсінбеген кейбір дінсіздер Құран кәрімді бәріміз түсінеміз деп ойлайды. Мұхаммед алейһиссалам Құран кәрімді **сахабалар**ға оқып, **хадис шәриф**тер арқылы түсіндірген. **Әһли сүннет ғалымдары** бұл түсіндірмелерді кітаптарына жазып алған. Құран кәрім мен хадистерден қате мағына шығарғандар **бидғат иелері** (өзгертушілер) болады. Өз тұжырымдарын аят немесе хадис деп есептегендер **зындық** (дінсіз) болып есептеледі.

2. Хадис шәрифтер

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның сөздері **“Хадис шәриф”** деп аталады. Мағынасы Аллаһу та’ала тарапынан келген, сөздері Мұхаммед алейһиссалам тарапынан айтылған сөздер **Құдси хадистер** деп аталады. Мұхаммед алейһиссаламның хадистері бағалы хадис кітаптарына жинақталған. Барлық Ислам ғалымдары дұрыс деп бекіткен алты хадис кітабы бар. Олар **«Кутубу Ситта»** деп аталады. Олардың ішіндегі ең танымалы **“Бухари-и Шәриф”** хадис кітабы. Қалғандары: **“Сахих-и Муслим”**, **“Мууатта”**, Тирмизидің **“Жами’ус-Сахих”** кітабы, Әбу Дауыттың **“Сунан”** кітабы, Имам Нәсаидің **“Сунан-и Сағир”** кітабы.

3. Ижма-и уммәт (үмбеттің ауызбірлігі)

Бір дәуірде өмір сүретін мужтаһидтердің, яғни Құран кәрім мен хадистерден үкім шығара алатын әһли сүннет ғалымдарының ауызбірлігі **«Ижма-и уммәт»** деп аталады. Ижманың да дәрежелері болады. Ең жоғарғы ижма сахабаларға тән. Сахабалардың әрқайсысы мужтаһид болатын. Сахабалар мен тәбиин’ул-изамдар, осы екі ұрпақ ғұлама бірдей **«Сәләф’ус-салихин»** деп аталады. Олардан кейін хижраның 400 жылына дейін келген әһли сүннет ғалымдары **«Халеф’ус-садықин»** деп аталады. Бұлар иман, амал ілімдерімен қалб (көңіл) марифаттарында (рухани білімдер) **сәләф’ус-салихин**нен айырылмаған.

4. Қияси фуқаһа

Құран кәріммен, хадистерден немесе Ижмаи уммәттен шығарылған Ислам үкімдері **“Қияси Фуқаһа”** деп аталады. Мұны атқаратын ғалымдарды **“мужтаһид”** деп атайды.

Бір мужтаһидтің шығарған үкімдерінің жалпы атауы **“Мазһаб”.** Әһли сүннеттің төрт мазһабы болған Ханафи, Шафии, Малики, Ханбали мазһабтарының бүкіл үкімдері кітаптарға жазып алынған.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Иман дегеніміз не?

Иман - соңғы пайғамбар Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар ретінде көрсеткен нәрселерін ақыл, тәжірибе және пәлсәпаға сүйенбестен қабылдап, оларға сену, иман келтіру деген сөз. Ақыл пайғамбардың көрсеткен нәрселерін дұрыс деп есептейтін болса, бұл толық жетілген ақыл болып саналады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар ретінде айтқан бұйрықтарына сенбеу немесе күмән келтіру – күпіршілік болып табылады. Яғни, бұл – Ислам дініне сенбеу деген сөз. Мұндай адам **“кәпір”** деп аталады.

Иман - Құран кәрімде және хадис екендігі анық болған хадис шәрифтерде айқын көрсетілген нәрселерге толық сену. Бұларға сенген адамдар **“му’мин”** және **“мұсылман”** деп аталады. Олар Мұхаммед алейһиссаламның үмбеті болып есептеледі. Мұхаммед алейһиссаламның үмбетінің ішінде тура жолды ұстанған, пайғамбардың көрсеткеніндей иман келтірген бір топ бар, ол **«Әһли сүннет уә’л-жамағат»** (Суннит) тобы. Мұсылмандар жетпіс үш топқа бөлінеді. Олардың жетпіс екісі тура жолдан тайып **«Бидғат фирқасы»** болған, тек біреуі ғана тура жолды ұстанған. Сол тура жолдағы фирқа **«Әһли сүннет уә’л-жамағат»** тобы деп аталады. Мұны пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам хадисінде былай көрсеткен: **«Исрайыл ұлдары жетпіс бір топқа бөлінеді, олардың жетпісі тозаққа барады. Христиандар да жетпіс екі топқа бөлінеді. Олардың жетпіс бірі жаһаннам отына**

жанады. Біраз замандардан кейін менің үмбетім де жетпіс үш топқа бөлінеді. Оның жетпіс екісі тозақта жанып, біреуі ғана қалады.» Сахабалар қалған топты кімдер деп сұрағанда: **«Тозақтан құтылған топ – менің және сахабаларымның жолымен жүретіндер»** деп жауап береді. Бұл хадис төрт **"Сунан"** кітабында жазылған.

Иман келтірудің алғашқы шарты: Кәлимаи тәуһид

Тәуһид - *«Ла илаһә иллаллаһ Мухаммадун расулуллаһ»* деген сөз. Мағынасы: "Аллаһу та'ала бір, серігі мен ұқсасы жоқ. Мұхаммед алейһиссалам – оның сүйікті құлы және пайғамбары".

Кәлимаи шаһадат - ***Әшһаду ән ла илаһә иллаллаһ уә әшһаду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу***. Яғни, адамның жерде де, көкте де Одан басқа табынатын, құлшылық етуіне лайықты ешкімі, еш нәрсесі жоқ деп оған жүрекпен сену керек. Және көркем мінезді, Хашим әулетінен шыққан **Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед (алейһиссалам) атты ұлы тұлға - Аллаһтың құлы және расулы** екендігіне сену қажет.

Хадис шәрифте: **«Ла илаһә иллаллаһ дейтін қауымға кәпір демеңдер»** делінген. Яғни **"Ла илаһә иллаллаһ"** деген және **"әһли қыбла"** болған адам сенім тұрғысынан ижма мен көрсетілмеген, және міндетті түрде білінуі шарт деп білдірілмеген нәрселерде әһли сүннеттің тура жолынан ауытқыса, немесе басқа үлкен күнә істесе, кәпір болмайды. Алайда, әһли сүннеттен ауытқыған адам әр мұсылманның міндетті түрде білуі шарт болған дін үкімдерінің біріне сенбейтін болса, сол кезде кәпір болады.

Ислам дінінің ұлы ғалымдарынан болған **Ханафи мазһабы**н құрушы Имам Ағзам Әбу Ханифа және **Шафии мазһабы**н құрған имам Шафии былай дейді: *«Әһли қыбла (Құбылаға қарай намаз оқитын) болған адамды кәпір деуге болмайды»*. Бұл сөздің мағынасы – "әһли қыбла болған мұсылман күнә істесе де, кәпір болмайды". Жетпіс екі сектаның ғалымдары мен олардың жолында болғандар да әһли қыбла болып табылады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай дейді: **«Кімде-кім Кәлимаи тәуһидті айтатын болса, Аллаһу та'ала**

мен сол калиманың арасындағы перде көтеріліп, сөз тура Аллаһу та'алаға жетеді. Аллаһу та'ала: "Ей кәлима тоқта!" деп бұйырады. Ал кәлима болса, "Мені айтқан кісі рахметіңе, кешіріміңе қауышпағанша тоқтай алмаймын" дейді. Сонда Аллаһу та'ала айтады: "Ұлылығым, құдіретім, кемелдігімнің хақы үшін Мені зікір еткен (есіне алған) **құлымды кешірдім"».**

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам былай бұйырады: **«Кімде-кім шын көңілімен, шын ықыласымен бір рет Кәлимаи тәуһидті айтатын болса, Аллаһу та'ала оған жаннатта төрт мың дәреже сыйлап, төрт мың күнәсін кешіреді».** Сахабалар: *"Ей Расулуллаһ! Оның төрт мың күнәсі жоқ болса қайтеді?"* деп сұрағанында: **«Әйелінің, балаларының және туыстарының күнәларын кешіреді»** деп жауап береді. Кәлимаи тәуһидті ұдайы айтып жүру қажет.

Ислам дінінің иман келтірілуі тиіс нәрселеріне Мұхаммед алейһиссалам қалай көрсетсе, солай сену керек. Оның айтқандарын **асхаби кирам** (сахабалар) әһли сүннет ғалымдарына үйретті. Ал олар кітаптарына жазып қалдырды. Бұл иман негіздерін пәлсапалық жолмен түсіндіретін кітаптарды оқымау керек. Исламда пәлсапа жоқ. Яғни, "Ислам пәлсапасы" деген ұғым болмайды. Өйткені, пәлсапа адамның өз ойларын ақиқат деп көрсету, жан тебірентер сөздермен түсіндіруге тырысу деген сөз. Пәлсапа адам санасынан туындаған идея болғандықтан ол айтқан адамына және уақытқа қарай өзгеріп отырады. Ал, Ислам дінінің иман негіздері ешқашан өзгермейді.

Ислам дінінің көрсеткен мәселелерінің бірінде күмән пайда болған кезде иманын жоғалтып алмау үшін *"Аллаһу та'ала және оның пайғамбары Мұхаммед алейһиссалам бұл арқылы нені білдіруді қалаған болса, соған иман келтірдім, сендім"* деуі керек. Дереу күмәннан арылтатын, білімінде және діндегі тақуасында сенімді, дін білімдерінің нәзік мәселелерінен хабардар, мүшкілдерді шеше алатын бір әһли сүннет ғалымын іздеуі фарз болады. Осындай бір кісіден сұрап, күмәннан арылу қажет. Себебі күмән иманды жояды.

Иманның дұрыс болу шарттары

Иманның берік болуының шарттары мен себептері мыналар:

1. Біз ғайыпқа сендік. Біздің иманымыз жасырын, ашық емес. Өйткені, біз Аллаһу та'аланы көзімізбен көре алмаймыз. Алайда, көргендей сендік. Бұған еш күмәніміз жоқ.
2. Жерде де, көкте де адам, жын, періште және пайғамбарлардың ешқайсысы ғайыпты білмейді, оны тек Аллаһу та'ала біледі. Алайда Ол қалаған құлдарына ғайыптан қалаған нәрселерін білдіреді ("Ғайып" - сезім мүшелерімен немесе тәжірибе арқылы сезіліп-білінбейтін нәрсе деген сөз).
3. Харамды харам деп танып, сену.
4. Халалды халал деп танып, сену.
5. Әрқашан Аллаһу та'аланың азабынан қорқу.
6. Қаншалықты көп күнә істеген болса да, Аллаһу та'аланың рақымдылығымен кешірімділігінен үміт үзбеу.

Осы алты нәрсенің бірі кем болса, ол адамның иманы дұрыс болмайды.

Иман дұрыс болуы тиіс

Адамның бес сезім мүшесі мен ақылы сезінген нәрселер оның иман келтіруіне көмектеседі. Жаратылыстану ғылымдары әлемдегі жүйенің, реттіліктің жайғана бір кездейсоқтықтың нәтижесі еместігіне және бір Жаратушының бар екендігіне сенуге, оған иман келтіруге ықпал етеді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам Аллаһу та'аланың білдіргендерін сахабаларына айтты. Олар оны өз шәкірттеріне жеткізді. Олар оны кітаптарына жазды. Бұл кітаптарды жазған ғалымдар **Әһли сүннет ғалымдары** деп аталады. Иманның дұрыс әрі Аллаһу та'ала тарапынан қабыл болуы үшін әһли сүннет ғалымдарының кітаптарында білдіргендеріне сәйкес сену қажет.

Ол үшін:

1. Иман тұрақты болуы керек. Әрдайым иманмен бірге болу керек. Мұсылмандықтан шығуға ниеттенген адам сол сәтте иманнан да шығады. Мүртәд (діннен қайтқан) болады.

2. Мұсылманның иманы қорқыныш пен үміт арасында болуы керек. Аллаһу та'аланың азабынан қорқу, рақымынан үміт үзбеуі тиіс. (Жасаған күнәсынан қайтып, тәубаға келуі керек. Күнә жасаудан сақ болуы, күнәлардың салдарынан иманынан айырылып қалудан қорқуы қажет.)

3. Жан шығар кезде ахиреттің барлық жағдайы көрсетіледі. Иманға осыған дейін келу керек. Жан шығар алдында барлық кәпірлер иманға келуді қалайды. Бірақ, бұл қабыл болмайды. Өйткені, иманды болу үшін көрместен бұрын сену керек. Бұл кезде тек мүминдердің тәубасы қабыл болады.

4. Күн батыстан тумастан бұрын иманға келу керек. Қияметтің үлкен белгілерінің бірі – күн батыстан туады. Бұны көрген адамдар иман келтіреді. Алайда, бұл қабыл алынбайды.

5. Ғайыпты тек Аллаһу та'ала ғана біледі.

6. Ислам дінінің иман мен ғибадатқа қатысты үкімдерін қабылдау қажет. Діннің бұйрықтарына немқұрайлы қарау, мазақ ету күпірлікке жатады. Яғни, діннен шығып, кәпір болуға алып барады.

7. Ислам дінінің ашықша білдірген мәселелеріне күмән келтірілмеуі тиіс. Намаз оқып, ораза тұтудың, әйелдердің екі алақандарымен беттерінен басқа бүкіл денелерін жабуларының парыз екендігіне, ішімдік ішудің, құмар ойнаудың, өсімге ақша берудің, парақорлықтың харам нәрселер екендігіне сенбеу немесе оларға күмән келтіру діннен шығуға себеп болады.

8. Иман келтірген адам тек Аллаһу та'ала үшін жақсы көріп, Аллаһу та'ала үшін дұшпандық ету керек. Бұл **"хубб-и филлаһ"** және **"бұғд-и филлаһ"** деп аталады. Олар иманның негізі және ең күшті белгісі болып табылады.

9. Иман әһли сүннет ғалымдары көрсеткендей сипатта болуы тиіс. Ақылмен, философтардың айтулары бойынша сену – иманға жатпайды. Дұрыс иман әһли сүннет ғалымдарының көрсеткені бойынша жүзеге асады. Өйткені, олар бұл иман негізін сахабалардан алған. Сахабалар пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламнан үйренді. Сондықтан әһли сүннет ғалымдары білдірген иман – Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам білдірген иман болып табылады.

Иманның шарттары

Иман – әһли сүннет ғалымдарының кітаптарында жазылған, пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламнан келген хабарларға сену және сенгендігін айту дегенді білдіреді. "Амәнту билләһи... де" орын алған алты нәрсеге сенген және Аллаһу та'аланың бұйрықтары мен тыйымдарын қабылдадым деген адам мұсылман болады. Әрбір мұсылман **"Амәнту билләһи уә мәләикәтиһи уә кутубиһи уә русулиһи уәл-йәумил-ахири уә бил қадари хайриһи уә шәрриһи миналлаһи та'ала уәл ба'су бадәл мәути хаққун - Әшһәду ән лә илаһә иллаллаһ уә әшһаду әннә Мухаммадән абдуһу уә расулуһу"** сөзін жаттап, мағынасын білуге тиісті. Балаларына да үйретуі керек. Бала бұл алтауын білмесе, үйренбесе және сенгенін айтпаса, балиғатқа жеткенде мұсылман болмайды, мүртәд болады. **Мүртәд** – Ислам дінінен шыққан адам деген сөз. Мүртәд болған адамның әйелі екеуінің некесі бұзылады. Сол қалпында қайтыс болатын болса, жаһаннамда (тозақта) мәңгі қалады.

Мұсылманнан туған бала балиғатқа жеткенде тек **"Лә илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ"** деп айтуымен ғана мұсылман бола алмайды. Иманды, исламды білуі, түсіндіре алуы да керек. Иманды түсіндіру деген сөз – сенуге тиіс алты нәрсені түсіну, сұрағанда айтып бере алу деген сөз. Исламды білу – Аллаһу та'аланың бұйрықтары мен тыйымдарын толық қабылдау дегенді білдіреді.

"**Амәнту**дің**"** мағынасы:

Аллаһу та'аланың бар және бір екендігіне сену. Періштелеріне сену. Кітаптарына сену. Пайғамбарларына сену. Ахирет күніне сену. Тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену. Осы алты нәрсе **Иманның шарттары** деп аталады.

Иманның бірінші шарты
Аллаһу та’алаға сену

Аллаһу та’ала бар және Ол жалғыз.

Айналамыздағы болмыстарды біз сезім мүшелеріміз арқылы білеміз. Сезім мүшелерімізге әсер ететін нәрселер **“болмыс”** деп аталады. Болмыстардың сезім мүшелерімізге тигізетін әсері **“ерекшелік”** немесе **“сипат”** деп аталады. Болмыстар бір-бірінен осы ерекшеліктері арқылы дараланады. Жарық, дыбыс, су, ауа, әйнек - бұлар - болмыс (дене), яғни **мәужуд**. Салмағы және көлемі бар нәрселер **“материя”** деп аталады. Материялар бір-бірінен өзіндік сипаттары арқылы ерекшеленеді. Ауа, су, тас, әйнек бұлар материя. Ал жарықпен дыбыс болса, материя емес. Өйткені, оларда көлем мен салмақ жоқ. Барлық нәрседе энергия, “күш” болады. Яғни іс атқара алады. Зат қатты, сұйық және газ сияқты үш күйде болады. Материяның белгілі бір күйі **“дене”** деп аталады. Денелер қарапайым және күрделі болып екіге бөлінеді. Материяда болатын өзгерістер **“құбылыс”** деп аталады. Құбылыс физикалық және химиялық болып екіге бөлінеді.

Материяның ең кіші бөлшегі **“атом”** деп аталады. Ұқсас атомдардың бірігуінен **“элемент”** пайда болады. Бүгінде бізге 105 элемент белгілі. Осы 105 элементтің бәрі түрін өзгертетіндігі, әрбір элементте физикалық және химиялық құбылыстардың жүзеге асатындығы белгілі. Атом ядроларында да өзгерістер болатындығы, ядроның да бөлшектенетіні белгілі. Ядро бөлшектенгенде материя өзгеріске ұшырап, **энергия**ға айналады.

“Шархи ақаид” кітабының басында былай делінеді: *“Барлық болмыстар Аллаһу та’аланың бар екендігінің белгісі болғандықтан жаратылыстағы нәрселер **“аләм”** (белгі) деп аталады. Болмыстардың бір тектес болуы да аләм (әлем) деп аталады. Мысалы, адамзат әлемі, періштелер әлемі, жануарлар әлемі, жансыз денелер әлемі”.*

“Шархи мауақиф” кітабында: *“Әлем, (барлық нәрсе) жаратылған, яғни, жоқтан бар болған. Денелердің материалы да, сипаттары да кейіннен жаратылған”* делінген. Бұл жерде мына төрт нәрсені айтуға болады.

1. Мұсылмандар, яһудилер, христиандар мен мәжусилердің ойынша денелердің материясы да, сипаты да кейіннен жаратылған.

2. Аристотель және оның ізбасарларының ойынша денелердің материясы да, сипаттары да бұрыннан бар. Бұл пікірдің қате екендігін қазіргі химия ғылымы нақты түрде көрсетеді. Бұл пікірге қосылатындар да мұсылмандықтан шығады. Ибн Сина мен Фараби де осылай деген.

3. Аристотельден бұрынғы философтардың ойынша, материя бұрыннан бар, ал ерекшеліктері кейіннен жаратылған. Бұған сену де күпірлік болып табылады.

4. Материяның кейін жаратылғаны, оның ерекшеліктері-нің бұрыннан бар екендігі туралы ешкім пікір айтпаған.

Мұсылмандар материя мен оның сипаттарының кейіннен жаратылғанына сенеді және оны бірнеше жолдармен дәлелдейді. Мұсылман болу үшін осыған сену қажет. Әлем жоқтан бар болса, оны жаратушы да бар. Ол – **уажиб-ул-ужуд**. Яғни, жоқтан бар болмаған, бұрыннан бар. Әрдайым бар болады. Бар болуы керек. Бар болуы үшін еш нәрсеге мұқтаж болмайды. Егер әрдайым бар болуы керек болмаса, ол **мумкин-ул-ужуд** болар еді.

“Ужуд” - бар болу деген сөз. Оның үш түрі бар:

1. Уажиб-ул-ужуд: Бар болуы қажет болған “ужуд” дегенді білдіреді. Тек Аллаһу та’ала ғана – уажиб-ул-ужуд болып табылады.

2. Мунтани-ул-ужуд: Бар болмайды. Әрдайым жоқ болуы тиіс. Мысалы, Аллаһу та’аланың серігі, Ол сияқты басқа тәңірі бар бола алмайды.

3. Мумкин-ул-ужуд: Бар болуы да мүмкін, жоқ болуы да мүмкін. Бүкіл әлем, жаратылыс осыған жатады. “Ужуд” сөзінің антонимі - **“адәм”** (жоқ болу). Әлем және барлық нәрсе бар болудан бұрын адәмде еді. Яғни, жоқ еді.

4. Аллаһу та’аладан басқа барлық нәрсе **“масиуа”** немесе **әлем** деп аталады. Қазір оны **“табиғат”** деп атайды. Әлем бұрын жоқ болатын, оны кейіннен Аллаһу та’ала жаратты. Әлем жоқтан бар болды. Қайтып жоқ болуы мүмкін. Хадис шәрифте: **«Аллаһу та’ала бар еді. Басқа еш нәрсе жоқ болатын»** деп бұйырылған.

Аллаһу та’ала – уажиб-ул-ужуд, ақиқат жаратушы. “Осы дүние мен ахиреттегі барлық нәрсені денесіз, уақытсыз және теңдесіз түрде, жоқтан бар еткен тек қана Аллаһу та’ала” деп нақты сену керек. Барлық материяны, атомдарды, молекулаларды, элементтерді, органикалық денелерді, клеткаларды, өмірді, өлімді, барлық оқиғаларды, әрбір реакцияны, әр түрлі күштерді, энергия түрлерін, әрекет-қозғалыстарды, заңдарды, рухтарды, періштелерді, жансыз-жанды барлық нәрсені жоқтан бар еткен тек Аллаһу та’ала болып табылады. Әлемде болған барлық болмысты бір мезетте жоқтан бар еткені сияқты, әр қашан бір-бірінен де бар етуде. Қиямет уақыты келгенде барлық нәрсені бірден жоқ етеді. Бүкіл барлықтың жаратушысы, иесі, қожайыны Аллаһ деп сену керек. Барлық артықшылық сипат Соған тән. Онда ешқандай кемшілік, нұқсан болмайды. Ол қалаған нәрсесін жасайды. Жасаған нәрселері өзіне немесе басқа біреулерге пайдалы болу үшін емес. Ол нәрседен қайтарым да күтпейді. Сонымен қатар, Оның әрбір ісінде даналық пен жақсылық, ізгілік пен мейірім орын алған.

Құлдарына жақсы нәрсені, пайдалы нәрсені беруге, біреуге сауап жазып, біреуді азаптауға Ол мәжбүр емес. Күнәһарлардың бәрін жаннатқа кіргізсе, мейрімділігіне жарасады. Өзіне құлшылық, ғибадат еткендерді тозаққа жіберсе, әділетіне қайшы болмайды. Бірақ Ол мұсылмандарды және ғибадат етушілерді жаннатқа жіберіп, оларға шексіз нығметтер беретінін, ал кәпірлерді тозақта мәңгі азаптайтынын айтқан, қалаған және уәде берген. Ол сөзінде тұрады. Бүкіл жанды жаратылыс Оған иман келтіріп, құлшылық етсе де Оған ешқандай пайда келмейді. Бүкіл әлем кәпір болып, азғындап, Оған қарсы келсе де Оған ешқандай зарар келмейді. Құлының жасағысы келген нәрсесін Ол өзі де қаламаса, ешнәрсе жүзеге аспайды. Ол қаламаса, ешкім кәпір бола алмайды. Оған сын айтуға, одан есеп сұрауға да ешкімнің ақысы жоқ. Аллаһқа серік қосудан, имансыздықтан басқа күнә істеп, тәубесіз қайтыс болған адамды кешіруі мүмкін. Кәпірлер мен мүртәдтерді ешқашан кешірмейтінін, шексіз азаптайтынын айтқан.

Мұсылман (әһли қыбла) болып, құлшылық жасаған, бірақ сенімі **әһли сүннет** сеніміне сай келмейтін және тәубеге келместен қайтыс болған адамды тозақта азаптағанымен, ондай **(Бидғат сенімді**) мұсылмандарды тозақта мәңгі қалдырмайды.

Барлық болмысты Аллаһу та’ала жаратты

Аллаһу та’ала бүкіл болмысты жаратты. Бұрын ешнәрсе жоқ болатын. Тек Аллаһу та’ала ғана бар еді. Ол әрдайым бар болады. Кейіннен бар болған жоқ. Бұрын жоқ болса, Оны жаратқан бір күштің болуы керек еді. Өйткені, жоқ нәрсені жарататын бір күш болмаса, ол нәрсе жоқ болып қалар еді. Бұл күштің иесі – Аллаһу та’ала. Егер де осы күштің иесі де кейіннен бар болған дейтін болсақ, оны да бар еткен бір құдіреттің болуы керек. Осылайша, шексізге дейін жалғасуы мүмкін. Ал, бұл – бастапқы бар етушінің болмауы деген сөз. Ол жоқ болса, онда ешнәрсе де бар болмауы тиіс. Материя мен рухтар бар болғандықтан олардың бір жаратушысының да болуы керек.

Аллаһу та’ала алғашқы адамды жансыз денелерден және рухтан жасады. Одан бұрын ешқандай адам болған жоқ. Жануарлар, өсімдіктер, жындар мен періштелер алғашқы адамнан бұрын жаратылды. Бұл адамның аты – Адам (алейһиссалам). Әрі алғашқы адам, әрі алғашқы пайғамбар. Одан Хауа деген әйелді жаратты. Барлық адамзат баласы осы екеуінен тарады.

Жануарлар да өз тектерінен көбейді. Жанды денелердің арасында бірінің денесінен біріне өту деген құбылыс болмайды. Әр бір түр өз ішінде өзгеріске ұшырайды. Ч. Дарвиннің эволюция теориясының ешқандай негізі жоқ. Жанды-жансыз барлық нәрсенің әрдайым өзгеріп отыратыны белгілі. Мәңгілік сипаттағы, басы мен соңы жоқ нәрсе ғана ешқашан өзгермейді.

Аллаһу та’ала - жалғыз жаратушы. Одан басқаға қандай мақсатпен болса да жаратушы деу – күпірлік болады. Яғни, Ислам дінінен шығуға себеп болады. Адамдарды “жаратушы” деп айтпау керек. Жалғыз Аллаһқа тән болған **“әл-Халиқ”** (қазақша: Қалық - жаратушы) есімін басқа еш бір нәрсеге қолданбау керек. “Рахман” және “Рахим” есімдері де солай.

Аллаһу та’ала әрбір нәрсенің жаратылуына бір нәрсені себеп қылған. Сондықтан кезкелген бір нәрсенің жаратылуын қалаған адам, оның жаратылуына себеп қылынған нәрсеге жүгінуі, қол жеткізуі керек.

Мұсылмандардың жетпіс екі жолдан тайған тобының бірі болған **“Мутазила”** өкілдері *“адам өз ісінің, өз тағдырының жаратушысы”* деу арқылы жолдан тайды. Олар бұл қате сенімдерін Құран кәрім мен хадистерден бұрмалап шығарғандықтан кәпір болмаса да, хақты мойындамағандары үшін белгілі бір уақыт тозақта жанады. Ал аят, хадис, дін, иманнан хабары жоқ адамдардың лауазымды адамдарға жағымпаздану үшін оларды жаратушы деуі күпірлікке жатады. Олар діннен шығады. Аллаһтан басқа жаратушы жоқ. Ол әрбір нәрсені себебімен жаратуда. Сол себептердің барлығына әсер ету күшін берген де Аллаһу та’ала. Ол адамдарға ақыл мен ерік те берген.

Аллаһу та’аланың есімін естіген, айтқан, жазған кезде **“Субханаллаһ”**, **“Тәбарәкаллаһ”**, **“Жәллә-жәлалуһ”**, **“Азза исмуһ”**, **“Жәллат-қудратуһ”** немесе **“Та’ала”** сияқты құрмет сөздерін қосып айту біріншісінде уәжіп, қайталанғанда мустаһаб болады.

Аллаһу та’аланы көру

Аллаһу та’ала бұл дүниеде өзін көрсеткен жоқ. Сезім мүшелерімен де білінген жоқ. Қиямет күнінде махшарда кәпірлерге, күнәһар адамдарға құдіретті қаһарымен, ал имандыларға мейірімді көркемділігімен көрінеді. Имандылар жаннатта Оны жамал сипатымен көреді. Періштелер мен әйелдер де көреді. Кәпірлер бұл нығметтен махрұм қалады. Жын тайпасының да бұл бақыттан махрұм екендігін білдірген қуатты хабарлар бар. Аллаһу та’аланың көрінетіндігіне сену қажет, қалай көрінетіні туралы ойламау керек. Өйткені, Аллаһу та’аланы танып білуге ақылдың күші жетпейді.

Ол физика және химия ғылымдарымен өлшенбейді. Аллаһу та’ала материя да, дене де, элемент те емес. Еш нәрсемен араласпаған, өлшенбейді, есептелмейді, өзгермейді, орны, заманы, мекені жоқ. Өйткені, болашағы, алды, арты, асты, үсті, оңы, солы жоқ. Сондықтан адамзаттың ақылы, ой-санасы, білімі Оның ешбір ісін, қалай көрінетінін ұғына алмайды. Қол, аяқ, жақ (бағыт), жер және соған ұқсас Аллаһу та’ала үшін қолдану жаиз болмаған сөздердің Құран аяттарымен хадис шәрифтерде кездесуі, біз түсінген, білген және тіршілікте қолданып жатқан мағыналарда

емес. Мұндай аяттармен хадистерге **“Муташабихат”** делінеді. Бұларға тек сену, бірақ қалай екендігін ұғынуға тырыспау керек. Яки бұл сөздерге ұзын не қысқа **тәуил** жасау қажет болады. Яғни Аллаһқа жарасатын басқа мағыналар беріледі.

Мұхаммед алейһиссалам Аллаһу та’аланы Миғраж түнінде көрді. Бірақ пайғамбарымыздың көруі бұл дүниеде баскөзімен көру емес еді. Кімде-кім Аллаһу та’аланы бұл дүниеде көрдім дейтін болса, ол дінсіз болып шығады. Кейбір әулиенің көруі – ахирет пен дүниедегі көру емес. Яғни, **руйат** емес. Оларды **“Шухуд”** халі қаптайды (көңіл көзімен мисалын көру). Кейбір әулиеден “көрдім” дегендер шыққан болса да, олардың бұл сөздері сәкр (иләһи махаббат мастығы) халінде **шухуд**ты (көргендей болу сезімі) руйат (көру) деп сезінуден туындаған. Немесе тәуилмен түсінілетін сөздерінен болуы мүмкін.

Аллаһу та’ала үшін уақыт мәселесі жоқ. Онда ешбір тұрғыдан ешқандай өзгеріс болмайтындықтан бұрында мынадай еді, кейін мынадай болады деген әңгімелерді айту әбестік болады. Аллаһу та’ала ешкіммен, ешнәрсемен бірлеспейді, қосылмайды. Оның қарсыласы, ұқсасы, ортағы, серігі, көмекшісі, қорғаушысы, ата-анасы, ұл-қызы, жұбайы болмайды. Оған тек «хазыр және назыр» деп айтылады, яғни әр қашан бүкіл барлықпен бірге, қоршап және көріп тұр, ішінде, сыртында, үстінде емес. Адамдарға күре тамырынан жақын. Бірақ Оның «қоршап тұруы», «бірге» және «жақын болуы» біз түсінген мағынада емес. Аллаһтың жақындығы ғұламаның ілімімен, ілім адамдарының санасымен, әулиенің кәшіфімен (көңілге туатын ілім) түсініле алмайды. Бұл нәрсенің табиғатын адам ақылы ұғына алмайды. Аллаһу та’ала затымен де, сипаттарымен де жалғыз, бір. Затында да, сипаттарында да ешқандай өзгеріс, басқа көрініс алу деген нәрсе болмайды.

Аллаһу та’аланың есімдері

Аллаһу та’алаға Ислам діні көрсеткен есімдерін айту керек. Олардан басқасын айтуға болмайды. Мысалы: Аллаһу та’алаға “Алим” (ғалым) делінеді. Бірақ Оны ғалым мағынасын беретін “фақиһ” деп атауға болмайды. Өйткені, Ислам оны фақиһ деп

атамаған. Сол сияқты Аллаһтың орнына “көктәңірі” деуге болмайды. Басқа тілдердегі Гад, Бог сөздері де “Аллаһ” орнына қолданылмайды. Бұларды тек илаһ (құдай, жаратқан) мағынасында қолдану мүмкін.

Аллаһу та’аланың есімдері көп. Санын білмейміз. Тоқсан тоғыз есімін Құранда адамзатқа білдірген. Олар **“Әсмаи хусна”** (ең әдемі есімдер) деп аталады. Ол осы есімдерімен аталып, осы есімдермен зікір етіледі.

Нұх алейһиссаламның ұлы Яфес иманды құл еді. Ұрпағы көбейіп, оларға басшы болды. Барлығы аталары секілді Аллаһу та’алаға құлшылық қылатын. Яфес өзеннен өтерде суға батып қайтыс болады да, оның орнын “Түрік” атты кенже баласы басады. Оның ұрпағы “түріктер” деп аталады. Олар да атасы секілді еңбекқор, сабырлы муминдер[1] еді. Уақыт өтуімен олар көбейіп, Азияға тарады.

Оларды басқарған кейбір залым билеушілер ақиқат дінді бұзып, халықты пұттарға табындыра бастады. Солардың ішінде қазір Сібірде өмір сүретін якуттар әлі күнге дейін пұтқа табынады. Діннен алыстағаннан кейін бұрынғы мәдениеттері мен салттары да жойылды. Ислам мәдениеті Меккеде туылып, ілім, ахлақ, иман нұрлары бүкіл әлемге тарай бастаған алғашқы дәуірлерде византиялықтардың Азиямен Африкаға жайылған зұлымдықпен бұзақылықтары билік астындағы халықтардың исламды естуіне кедергі болған еді. Бұл кедергілер қылыштың күшімен жойылды. Ал Түрік қағандары басқа дінсіз диктаторлар сияқты Исламның таралуына тосқауыл қойған жоқ. Соның арқасында түріктер (түркілер) Исламды топтасқан күйде қабылдай бастады. Түріктерден бұрын ассириялықтар Түркістанға келіп, түркі елдерін күнге, жұлдызға табынуға үйретті. Таң атқан соң, күнге табынылатын еді, сол себепті күнді “таңйери” кейіннен “тәңірі” деп атады. Құран кәрімде «**Менің есімім Аллаһ. Мені “Аллаһ” деп шақырыңдар. Аллаһ деп құлшылық етіңдер, Аллаһ деп жалбарыныңдар”** деген аяттар бар. Олай болса, Аллаһу та’аланы Ислам діні көрсеткен есімімен тілге алып, құлшылық етуіміз керек.

1 **Мумин** - иман келтірген кісі.

Аллаһу та’аланың сипаттары

Осман мемлекетінің ғұламаларынан Қадизада Ахмет бин Мұхаммед Әмин деген ғалым иманның алты шартын қамтыған **“Амәнту билаһи..**.” деп басталатын қағидасына түрікше түсіндірме беріп, екі жүз елу беттік кітап жазған. Бұл кітап **“Фараид-ул фауаид”** деп аталады. Ғұлама Саййид Абдулхаким Арваси бұл кітаптың өте құнды екенін айтады. Бұл кітапта Аллаһу та’аланың <u>сифати затиясы</u> алтау. Олар **“сифати ужудиа”** және **“улуһийат сипаттары”** (құдайлық сипаты) деп те аталады. Олар:

1. Ужуд: “Бар болу” дегенді білдіреді. Аллаһу та’ала – уажиб-ул ужуд. Бұл “бар болуы тиісті құдірет” дегенді білдіреді.

2. Қидам: Аллаһу та’аланың бар болуының бастауы жоқ.

3. Бақи: Болуының соңы жоқ, мәңгілік.

4. Уаһданият: Аллаһу та’аланың затында, сипаттарында, істерінде ұқсасы және ортағы жоқ.

5. Қиям би-нәфсиһи: Аллаһу та’ала өздігінен бар. Бар болуында, затында, сипатында, істерінде мекенге, материяға, көмекке мұқтаж емес. Материя, мекен жоқ кезде де Ол бар болатын. Материя мен мекенді және бүкіл барлықты Өзі жаратты.

6. Мухалафатун лил-хауадис: Ол жаратылыстардың еш біріне ешбір тұрғыдан ұқсамайды.

Аллаһу та’аланың <u>Субути</u> сипаттары:

1. Хаят: “Тірі болу” деген сөз. Оның өмірі басқа жаратылыстардың өміріне ұқсамайды, оған лайықты өмір мәңгілік сипатта болады. Өмірінің басы және соңы жоқ.

2. Ілім: Аллаһу та’ала барлық нәрсені біледі. Оның білуі басқалардың білуіне ұқсамайды. Ол адамның ойларын да біліп тұрады.

3. Сәм: Аллаһу та’ала естиді. Құралсыз, бағытсыз естиді. Оның естуі құлдарының естуіне ұқсамайды.

4. Басар: Аллаһу та’ала көреді. Құралсыз және шартсыз түрде көреді. Ол көзбен көрмейді.

5. Ирада: Аллаһу та’аланың қалауы бар. Барлық нәрсе Соның қалауымен болады, қалағанын жасайды. Оның еркіне кедергі болатын ешқандай күш жоқ. Оның құлдарының қалауы

“Ирада-и жузиа”, ал Аллаһу та’аланың қалауы **“Ирада-и куллиа”** деп аталады.

6. Құдірет: Аллаһу та’аланың барлық нәрсеге күші жетеді. Ол шексіз құдіретке ие.

7. Кәлам: Аллаһу та’ала сөйлейді. Ол қандай да бір құрал, әріп, дыбыс және тіл арқылы сөйлемейді.

8. Тәкуин: Аллаһу та’ала - Жаратушы. Одан басқа жаратушы жоқ. Барлық нәрсені Сол жаратады. Ол барлық нәрсені бір себеппен жаратады, алайда себептердің ықпалы оның жарату ісіне қатыссыз.

Аллаһу та’аланың осы сегіз сипаты тұрақты. Олар өзгермейді. Аллаһу та’ала осыншама көп нәрсені жаратты. Оларды әрдайым жоқ болудан қорғайды. Алайда, Ол өзі жалғыз. Оның ұқсасы жоқ. Барлық жаратылған нәрселер әрдайым Оған мұқтаж. Оның өзі ешкімге мұқтаж емес.

Аллаһқа деген махаббат және Аллаһтан қорқу

Аллаһтан қорқу және Аллаһты сүю адамды бақыт пен жан рахатына қауыштыратын қос қанат секілді. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам: **«Кімде-кім Аллаһтан қорықса, барлық нәрсе ол адамнан қорқады. Кімде-кім Аллаһтан қорықпаса, ол адам бәрінен қорқатын болады»** деп бұйырады. Тағы бір хадис шәрифте **«Ақылдың толықтығы – Аллаһтан қаншалықты қорқатындығынан білінеді»** делінген. Аллаһтан қорыққан адам оның бұйрықтарын орындауға, тыйымдарынан сақтануға тырысады. Ешкімге жамандық жасамайды. Басқалардан келген жамандыққа сабыр етеді. Жасаған күнәларына өкініп, тәубе етеді. Сөзінде тұрады. Барлық жақсылықты Аллаһ үшін жасайды. Ешкімнің мүлкіне, арына, жанына қол сұқпайды. Жұмыста, сауда-саттықта ешкімнің ақысын жемейді. Күмәнді нәрселерден аулақ тұрады. Жоғары лауазымды кісілердің алдында артықша қарапайымдылыққа беріліп, жағымпазданбайды. Білім және ахлақ иелері мен достарын құрметтейді. Мінез-құлқы жаман адамдарға насихат айтады, оларға еріп кетпейді. Кішілерге ізет көрсетеді. Қонағын сыйлайды. Зиянды, бос сөз сөйлемейді. Ешкімге қатал-

дықпен, қопалдықпен мәміле етпейді, жомарт болады. Мал-мүлік және лауазымды жұртқа пайдалы болу үшін талап етеді. Екіжүзділік жасамайды. Аллаһу та’аланың көріп тұрғанын біліп, ешқандай жаман әрекеттерге бармайды.

Аллаһқа деген сүйіспеншілік Исламның ең жоғарғы деңгейі болып табылады. Бірақ, дүниеде тәртіпті, реттілікті қамтамасыз ету үшін осының өзі жеткілікті деп есептеп, Аллаһтан қорқу мәселесін назардан тыс қалдырмауымыз қажет. Мұхаммед алейһиссалам: **«Араңызда Аллаһу та’аладан ең көп қорқатыныңыз – менмін»** деген. Аллаһтан қорқуды бір залымнан қорқу сияқты деп қарамау керек. Бұл қорқыныш - құрмет пен сүйіспеншілікке толы қорқыныш. Ғашық адамдардың өз сүйіктілеріне арнап жазған өлеңдерінде осындай қорқыныштa екендігін көрсететін жолдар көптеп кездеседі. Бұл - сүйгенін ренжітіп алу қорқынышы.

Құран кәрімнің **“Фатыр”** сүресінің 28-аятында: **«Ілімі көптің Аллаһтан қорқулары да көп»**, **“Рахман”** сүресінің 46-аятында: **«Раббының ұлылығынан қорқатын адамға екі жұмақ бұйырады»** делінген. **“Әнфал”** сүресінің екінші және **“Хаж”** сүресінің отыз бесінші аяттарында: **«Муминдер - Аллаһтың есімі айтылған кезде жүректеріне қорқыныш сезімі келетін адамдар»** деп көрсетілген. **“Нұр”** сүресінің 52- аятында: **«Аллаһу та’ала мен оның расулына мойынсұнғандар және Аллаһтан қорқатындар қияметте азаптан құтылады»** делінген. Бұл аяттар адамдарды Аллаһтан қорқуға шақырады. **“Хужурат”** сүресінің 13-аятында: **«Аллаһтың алдында ең қадірлі адамдар - Одан қорқатындар»** деп бұйырылған. Бұл дүниеде де ислам ғұламалары мен Жаратқанның әулиелерін құрметтеу өте бағалы мінез болып табылады. Осындай үлкендерге құрметсіздік ету, оларды ренжіту адамды көптеген пәлекеттерге душар қылады. Ислам жолында көтерілген ғұламалар Аллаһу та’аланың алдында өзін кіші ұстауды үлкен абырой деп білген. Аллаһтың құдіретінен қорқу, Оны сүю секілді маңызды және құнды амал. Аллаһу та’аланы тек жақсы көріп, Одан қорықпау, Оны тек жақсылық иесі деп санау, Ол күнәһарларды жазаламайды деп білу - қателік. Аллаһу та’аланың көркем сипаттарымен қоса қаһарлық сипаты да бар.

Аллаһу та’аладан қорықпаудың себептері:

1. Ниеттің әлсіздігі.
2. Тәкаппарлық.
3. Өлімді алыс санап, қалау-тілекке көп берілу.
4. Аллаһу та’аланың ризалығына көңіл бөлмей, халықтың қалауын орындау.
5. Сүннетті тастап, бидғат істерді істеу.
6. Күнәсін аз деп санау.

Осы алты нәрседен аулақ адам Аллаһтан қорқатын болып саналады.

Аллаһ ризалығы

Аллаһу та’ала Мұса алейһиссаламнан **“Мен үшін не істедің?”** деп сұрағанда, ол: “Ей Раббым! Сен үшін намаз оқыдым, ораза тұттым, зекет бердім, есіміңді көп зікір еттім” дейді. Аллаһу та’ала бұйырады: **“Ей Мұса! Намаздарың - саған дәлел. Тұтқан оразаларың - тозақтан қорғаныс, зекет - қияметтің ыстығынан қорғайтын көлеңке. Менің атымды зікір етуің - қабір мен қиямет қараңғылығынан құтқаратын нұр. Яғни, бұлардың пайдасы саған тиеді. Мен үшін не істедің?”,** Мұса алейһиссалам: “Ей Раббым! Сен үшін не істейтінімді айтшы!” деп жалбарынады. Аллаһу та’ала **“Ей Мұса! Достарымды Мен үшін жақсы көрдің бе? Дұшпандарыма Мен үшін дұшпандық жасадың ба?”** дейді. Мұса алейһиссалам Аллаһ үшін жасалатын істің Оның достарын ұнату, дұшпандарына қарсы тұру екенін түсінеді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам бұйырады: **“Иманның негізі және ең күшті белгісі - мұсылмандарды сүю және мұсылмандарға дұшпандық еткендерге қарсы болу”**. Аллаһу та’ала Иса алейһиссаламға бұйырады: **“Жер мен көктегі барлық жаратылғандардың құлшылығын жасасаң да менің достарымды сүйіп, дұшпандарыма қарсы келмейінше, ғибадаттың ешқандай пайдасы жоқ”.**

Барлық нәрсені тек Аллаһтың ризалығы үшін жасау **“Ихлас” (ықылас)** деп аталады. Ықыласты мұсылман барлық жақсы әрекеттерді, ізгі істерді, ғибадаттармен қайырымдылықтарды,

мұсылмандарды қуантуды тек Аллаһтың ризалығы үшін ғана жасайды. Жақсы мұсылман Аллаһу та'аланың көрсеткен тағдырына ризалық білдіреді. Жаман адамдар болса, тағдырға разы болмай, қиын жағдайға тап болғанда, у-шу шығарады.

Аллаһу та'алаға хамд және шүкіршілік ету

Мадақ (**хамд**) – "барлық нығметтерді Аллаһу та'аланың жаратқанына және жібергеніне сену және айту" деген сөз. **Шүкіршілік** – "барлық нығметтерді Ислам дініне сай қолдану" дегенді білдіреді. **Нығмет** – пайдалы нәрсе. Нығметтер әһли сүннет ғұламаларының кітаптарында жазулы.

Мұсылман адам қолымен харам нәрсені ұстамауы керек. Құлағымен харам нәрсені тыңдамауы, аяғымен харам жерге бармауы, аузына харам нәрсе алмауы, көзімен харам нәрсеге қарамауы, тілімен харам нәрсені айтпауы керек. Адамның дене мүшелері харам нәрселермен, яғни Аллаһтың тыйым салған нәрселерімен байланысын үзетін болса, адам мәңгілік бақытқа қауышады. Әйтпесе, ауыр жазаларға душар болады.

Иманның екінші шарты
Періштелерге сену

Иман келтірілуі тиісті болған алты нәрсенің бірі – періштелерге сену. Періште – "елші", "хабар жеткізуші" немесе "күш-қуат" дегенді білдіреді. Олар денеден (материя) тұрады және өте нәзік болады. Олар нұрдан жаралған, өмір сүреді, ақылдары бар. Адамдағы жаман қасиеттер періштелерде кездеспейді. Олар барлық түрге ене алады. Христиандар періштелерді ұлы адамдардың тәнінен бөлінген рухтар деп есептейді. Олай сену қате. Бұрынғы философтардың кейбіреулері оны энергия, газ сияқты денесіз нәрсе деп есептейді. Бұл да дұрыс емес. Періштелер – жандылардың ішіндегі ең әуелі жаратылғандары болып табылады.

Періштелерге қалай иман келтіреді?

Періштелер Аллаһу та’аланың құлдары болып саналады. Олар Аллаһтың серігі емес. Кәпірлер періштелерді Құдайдың қыздары деп санайды. Бұлай сену дұрыс емес. Аллаһу та’ала періштелердің барлығынан разы. Періштелер Аллаһу та’аланың әміріне мойынсұнады, күнә істемейді, еркек-әйел болып бөлінбейді, үйленбейді, ұрпақ таратпайды. Олар жанды, өмір сүреді. Періштелердің кіші қателері (бұған “зәллә” делінеді) олардың күнәсыздығына әсер етпейді.

Періштелердің саны өте көп. Санының қанша екенін Аллаһу та’аладан басқа ешкім білмейді. Көкте періштелер ғибадат жасамайтын бос жер жоқ. Аспанда да, жерде де, өсімдіктерде, жұлдыздарда, жандылар мен жансыздарда, жаңбыр тамшыларында, ағаш жапырақтарында, әрбір молекула, әрбір атомда, әрбір реакцияда, әрбір әрекетте, қысқасы барлық нәрседе періштелердің атқаратын міндеттері бар. Олар әр жерде Аллаһу та’аланың бұйрықтарын орындайды. Аллаһу та’ала мен Оның жаратқан нәрселерінің арасындағы құрал сипатында болып, кейбірлері басқа періштелерге әмірлік етеді, кейбірі пайғамбарларға хабар жеткізумен айналысса, тағы кейбірі адамның жүрегіне жақсы ойлар салады, ол **“ильхам”** (шабыт) деп аталады. Кейбіреулері адам мен жаратылыстан хабарсыз тек Аллаһу та’алаға құлшылық етумен шұғылданады. Періштелердің қанаттары бар. Олардың қанаттары қандай екенін біз білмейміз. Қанаттары да өздерінің денесінен болады. Христиан шіркеулерінде, кейбір басылымдар мен фильмдерде періште деп көрсетілетін әйел суреттері ойдан шығарылған нәрсе. Олар періште емес. Жұмақ періштелері жаннатта болады. Ең ұлысының аты – **Ридуан**. Тозақ періштелері де жаһаннамда Аллаһу та’аланың бұйрықтарын орындайды. Олар З**әбани** деп аталады. Ең ұлысының аты - **Малик**.

Әрбір адамның жасаған жақсылықтары мен жамандықтарын жазып отыратын, екеуі күндіз, екеуі түнде келетін төрт періште **“кирамән катибин”** немесе **“хафаза періштелері”** деп аталады. Хафаза періштелері бұлардан бөлек деп те айтылады. Оң жақтағы періште сол жақтағыға әмір саналады, жақсы істер мен ғибадаттарды

жазады. Сол жақтағы періште жасалған жаман әрекеттерді жазады. Қабірде күнәһар мұсылмандарды азаптайтын және қабір сұрағын сұрайтын періштелер бар. Сұрақ сұрайтын періштелер **"Мункәр"** және **"Накир"**, мұсылмандардан сұрайтындар **"Муббашир"** және **"Башир"** деп аталады.

Ұлы періштелер

Періштелердің бір-бірінен үстемдіктері бар. Ең ұлылары төртеу:

1. Жәбірейіл алейһиссалам: Оның міндеті пайғамбарларға **уаһи** жеткізу, бұйрықтар мен тыйымдарды хабарлау

2. Исрафил алейһиссалам: **"Сур"** деген аспапты үрлейтін періште. Сурды екі рет үрлейді. Бірінші үрлегенде Аллаһу та'аладан басқа жанды нәрселердің барлығы өледі. Екінші мәрте үрлегенде бәрі қайта тіріледі.

3. Микаил алейһиссалам: Жоқшылық, молшылық, арзаншылық сияқты экономикалық жағдайды, тыныштық орнату, барлық нәрсені басқару міндетін атқарады.

4. Әзірейіл алейһиссалам: Адамдардың жанын алу қызметін атқарады.

Осы төрт періштеден кейін **"хамила-и арш"** періштелері деп аталатын төрт періште келеді. Олар қиямет күнінде сегіз болады. Олардан басқа **"Муқаррабин"**, **"Карубиан"**, **"Руханиан"** атты періштелер да бар. Бұлардың барлығы - Ұлы періштелер. Олар пайғамбардан басқа барлық адамзаттан жоғары тұрады. Мұсылмандардың әулиелерімен шынайы салих өкілдері төменгі сатыдағы періштелерден жоғары тұрады. Періштелердің ауамы мұсылмандардың ауамынан биік. Ал кәпірлер болса, жаратылған бүкіл жанды-жансыздан да төмен дәрежеде болады.

Жындар туралы

Жынның бар екеніне күмән келтіру адамның мұсылмандықтан шығуына себеп болады. Яғни, жындардың бар екеніне сенбейтін адам мұсылман емес.

Жындар ауа мен оттан жаратылған. Оттың жалыны көрінбейді. Құрамындағы қатты молекулалар ыстықта жылтырап көрінеді. Сол үшін де жындар көзге көрінбейді. Жалын екіге бөлінеді: зулмани және нурани. Екеуін де көзбен көру мүмкін емес. Зулмани жалыннан жындар, нурани жалыннан періштелер жаратылған. Топырақтан (әр түрлі элементтерден) жаратылған адамдағы элементтердің органикалық күйлерге енетіні сияқты, періштелер мен жындардағы оттың да түрі өзгеріп, кез-келген сипатқа ене алады.

Жындардың да мұсылманы, кәпірлері болады. Періштелер мен жындар жаратылу тұрғысынан бір-біріне жақын. Періштелер қадірлі, ал жындар қадірсіз. Періштелерде жарық бөлігі, ал жындарда от бөлігі басым. Періштелердің жындарға жақындығы адамның жануарларға жақындығына ұқсайды. Адамзаттың ұлылары періштелерден қадірлі, жындар да жануарлардан қадірлі болып есептеледі. Көне философтардың біразы және Қадарийа тобының (тағдырды адам жаратады деп сенетіндер сектасының) кейбір өкілдері жын мен шайтанға сенбеді. Осылайша, Ислам дінінен шықты.

Құран кәрімнің **“Зарият”** сүресінің 56-аятында: **«Адамдар мен жындарды Мені танып, құлшылық етулері үшін жараттым»** деп көрсетілген. **“әр-Рахман”** сүресінің 74-аятында жындардың жұмаққа баратындығы туралы айтылады. Яғни, мұсылман жындар жаннатқа кіреді. **“әр-Рахман”** сүресінің 31-аятындағы **«Сақаләйн»** кәлимасы да **«Ей, адамдар мен жындар»** дегенді білдіреді. **“Нас”** және **“Жин”** сүрелері де жындардың бар екенін ашық түрде дәлелдеуде. Жынның бар екенін көрсететін аяттарды басқа мағынаға бұрмалайтындар Ислам дінінен шығады. Саййид Абдулхаким Арвасидің **“Кашкул”** кітабынан алынып жазылған **“Саадати әбәдийа”** кітабында жындар туралы кеңінен мәлімет беріледі.

Иманның үшінші шарты
Кітаптарға сену

Алты шарттың бірі – **Аллаһу та'аланың жіберген кітаптарына сену**. Аллаһу та'ала бұл кітаптарды періштелер арқылы кейбір пайғамбарлардың құлағына айтып, кейбіреуіне жазулы түрде жеткізсе, кейбіреуін періштесіз естірту жолымен түсірді. Бұл кітаптардың барлығы – Аллаһу та'аланың сөзі. Әбәди (мәңгі-соңы жоқ) және әзәли (ежелгі-бастауы жоқ) болған сөздері жаратылған емес. Олар періштелердің немесе пайғамбарлардың сөздері емес. Аллаһу та'аланың сөзі біз айтатын, біз жазатын сөздерге ұқсамайды. Ол әріптер мен дыбыстардан құралмайды. Аллаһу та'ала мен оның сипаттарын адам баласы түсіне алмайды. Алайда, Оның сөзін адамдар оқиды, естерінде сақтап, жазады. Бұл сөздер бізбен бірге болу тұрғысынан жаратылған сипатқа ие. Аллаһу та'аланың сөзі ретінде қаралғанда, мәңгілік болып табылады.

Сәмәуи кітаптар

Аллаһу та'ала жіберген сухуфтардың саны жүз, ал кітаптары төртеу.

Он сухуф – Адам алейһиссаламға, елу сухуф Шит (Шис) алейһиссаламға, отыз сухуф Идрис алейһиссаламға, он сухуф Ибрахим алейһиссаламға жіберілген.

"Сухуф" – парақтың бір беті дегенді білдірмейді. Шағын кітап, рисала деген сөз.

Тәурат кітабы Муса алейһиссаламға,

Зәбур кітабы Дәуіт алейһиссаламға,

Інжіл кітабы Иса алейһиссаламға,

Құран кәрім Мұхаммед алейһиссаламға жіберілді.

Адам бір нәрсені айтқысы немесе сұрағысы келсе, оны алдымен ой елегінен өткізеді. Адамның ойындағы бұл мағыналар **"кәлами нафси"** (санадағы сөз) деп аталады. Оларға арапша, қазақша не басқа бір тілде деп айтылмайды. Әр түрлі тілдерде айтылуы олардың мағынасының өзгеруіне себеп бола алмайды. Осы мағыналарды сыртқа шығаратын, түсіндіретін сөздер **"кәла-**

ми лафзи” (ауыздағы сөз) деп аталады. Кәлами лафзи түрлі тілдерде айтылуы мүмкін. Бұдан кәлами нафсидің сөз иесі жаратқанның басқа ілім, ирада т.б секілді сипаттарындай қарапайым, өзгермейтін сипаты екендігі аңғарылады. Ал, кәлами лафзи кәлами нафсиді түсіндіретін, құлаққа естілетін әріптердің жиынтығы болып табылады.

Аллаһу та’аланың сөзі – тоқтамайтын, өшпейтін, таусылмайтын Жаратқанның затымен бірге болған мәңгілік сөз. Ол әріптен, дыбыстан тұрмайды, өзгеруі, бөлшектенуі мүмкін емес. Кез-келген тілде айтылады. Арап тілінде айтылса – **“Құран кәрім”**, ибрани тілінде айтылса – “Тәурат”, суряни тілінде айтылса – “Зәбур”, юнани (грек) тілінде айтылса – “Інжіл” деп аталуын **“Шарх-ул мақасид”** кітабы білдіруде.

Кәлами илаһи (Аллаһтың сөзі) түрлі нәрселерді түсіндіреді. Қиссалар, яғни оқиғалар туралы айтылса ол **“хабар”** болады. Немесе **“инша”** деп аталады. Жасалуы тиіс нәрселерді білдірсе, **“әмір”** болады. Тыйымдарды көрсетсе, **“нахи”** болады. Сонымен қатар Кәлами илаһиде ешқандай көбею-азаю секілді өзгерістер болмайды. Түскен кітаптар мен сахифалардың барлығы Аллаһу та’аланың кәлам сипатынан туындайды.

Аллаһу та’ала жіберген сахифалар мен Тәурат, Зәбур, Інжіл кітаптары сол күйінде сақталмай, адамдар тарапынан өзгертілген. Қазіргі кезде дұрыс болған сухуфтар, Тәурат, Зәбур және Інжіл қалмады. Яһудилердің қолдарындағы Тәурат пен христиандардың оқып жүрген Інжілі де адамдар жазған туындылар болып саналады. Сонымен қатар әр дәуірде жиналған поптар консилінде де өзгерістер енгізіліп тұрды. Тіпті бір-біріне мүлдем қайшы келетін Інжілдер де жазылды.

Құран кәрімде Аллаһу та’ала осы кітаптардың барлығының үкімін жойғанын хабарлаған. Сондықтан Құран кәрімнен басқа кітапқа, Мұхаммед алейһиссаламнан басқа пайғамбарға мойынсұну дұрыс емес. Мұсылман болу үшін Құран кәрімге және Мұхаммед алейһиссаламға сену шарт. Мұсылмандар Аллаһу та’ала жіберген барлық кітаптарға сеніп, оларды құрметтейді. Алайда, Құран кәрімнен басқа өзгермеген кітап жоқ. Құран кәрім сол қалпында өзгертілместен осы кезге дейін жеткен.

Құран кәрім

Құран кәрім бұрыннан бар. Бұған “қадим” деп айтылады. Мағынасы: кейіннен жаратылған емес. Мұны тура жолдағы әһли сүннет ғұламалары ауызбірлігімен айтқан. «Кәлами нафси» – Аллаһтың сөзі, яғни Аллаһу та’аланың Кәлам сипаты дегенді білдіреді. «Кәлами лафзи» де Аллаһтың сөзі, бірақ бұл Аллаһтың сипатынан емес, жаратуынан пайда болған деген мағынаны білдіреді.

Құран кәрімнің сөздері арапша. Алайда, бұл сөздерді құрастырған Аллаһу та’ала. Ол адамның туындысы емес. Құран Кәрімдегі арапша кәлималар Аллаһ тарапынан құрастырылып, аяттар түрінде реттеліп, Жәбірейіл атты періште оны сол кәлима және әріптерімен пайғамбарымызға оқыған. Мұхаммед алейһиссалам оны есітіп, жаттап алып дереу сахабаларға оқып берген. Аллаһу та’ала Құран кәрімді араптар ішінде Құрайыш тайпасының диалектісінде жіберген.

Құран кәрім алғаш қадір түнінде түсе бастаған. Бұл жиырма үш жылға созылған. Ал, Тәурат, Інжіл және басқа кітаптар мен сахифалар бәрі бірден түскен. Құран кәрім Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизаларының ең үлкені және ол адамның сөзіне ұқсамайды.

Жәбірейіл алейһиссалам жылына бір рет келіп, сол кезге дейін түскен Құран кәрімді ләухул махфуздағы реті бойынша оқитын. Пайғамбарымыз оны тыңдап, қайталайтын. Ол дүние салатын жылы екі рет келіп барлығын оқыды. Мұхаммед алейһиссалам мен сахабалардың көпшілігі Құран кәрімді толығымен жаттап алған еді. Кейбіреулері біраз жерлерін жаттап, біраз бөлігін жазып алған еді. Мұхаммед алейһиссалам дүниеден өткеннен соң халифа Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) аяттарды жатқа білетіндерді жинап, жазғандарды алдырып, Зайд бин Сабит басқарған кеңеске Құран кәрімді тұтастай қағаз бетіне түсіртті. Осылайша, **“Мусхаф”** деген кітап пайда болды. **Отыз үш мың сахаба** бұл мусхафтың әрбір әрпінің дұрыс екендігіне бір ауыздан куәлік берді. Үшінші халифа Осман (радиаллаһу анһ) хижраның жиырма бесінші жылы сүрелерге бөліп, тағы алты данасын жаздырып, Бахрейн, Шам,

Мысыр, Бағдат (Куфа), Йемен, Мекке және Мәдинаға жіберді. Қазір бүкіл әлемдегі мусхафтар осы жетеуінен көбейтілген. Олардың арасында бірде-бір айырмашылық жоқ.

Құран кәрімде 114 сүре, 6236 аят бар. Аят санының өзгертіліп айтылуы ұзақ бір аяттың бірнеше қысқа аят деп көрсетілуінен немесе бірнеше қысқа аяттың бір аят деп саналуынан немесе сүрелердің басындағы «бисмилла» сөзінің бөлек аят деп есептелуінен туындайды.

Құран кәрімнің аудармасы және тәфсирі

Құран кәрім ешқандай тілге, тіпті арап тіліне де толығымен аударыла алмайды. Құран кәрімнің мағынасын түсіну үшін оның аудармасын оқымау керек. "Аяттың мағынасын түсіну" деген сөз "Аллаһу та'аланың осы аятта не дегісі келетінін түсіну" дегенді білдіреді. Бір аяттың аудармасын оқыған адам Аллаһу та'аланың бұл аяттағы мақсатын ұғына алмайды. Аударған адамның білім деңгейіне қарай жеке басына түсініп, жазған мағынасын ғана оқиды. Надан, дінсіз адам жасаған аударманы оқыған кісі Аллаһу та'аланың айтқандарын емес, аудармашының өзінше түсіндіргісі келгенін үйренеді.

Құран кәрім – ахками илаһи (Аллаһтың үкімдері) болып саналады. Бұл – Жаратқанның белгілеген заңдары деген сөз. Аллаһу та'ала Құран кәрімде құлдарына бақытқа жету жолын көрсеткен және өзінің сөзін адамдардың ең ұлысына жіберген. Құран кәрімнің мағынасын тек Мұхаммед алейһиссалам түсінеді. Басқа ешкім толық түсіне алмайды. Сахабалардың өзі арап тілін біле тұра, кейбір аяттардың мағынасын түсіне алмай, оны Мұхаммед алейһиссаламнан сұрайтын.

Хазреті Омар (радиаллаһу анһ) бір күні бір жерден өтіп бара жатып, пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның Әбу Бәкірге бір нәрсе түсіндіріп жатқанын көреді. Олардың жанына келіп, тыңдайды. Мұны басқа сахабалар да көргенімен, олардың қасына келіп тыңдаудан тартынады. Олар ертеңіне Омардан сұрайды: "Ей Омар! Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кеше сізге не түсіндірді? Бізге де айтыңыз. Біз де білейік." Өйткені, Расулуллаһ:

«Менен есіткендеріңді діндес бауырларыңа айтыңдар. Бір-біріңе хабарлаңдар» деген. Омар (радиаллаһу анһ): "Кеше Әбу Бәкір радиаллаһу анһ Құран кәрімнен түсінбеген бір аяттың мағынасын сұрапты. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған түсіндірді. Мен де бір сағат бойы тыңдадым. Бірақ ешнәрсе түсіне алмадым" деп жауап береді. Өйткені, Расулуллаһ оны Әбу Бәкірдің жоғарғы деңгейіне лайықты түсіндірген еді. Омардың (радиаллаһу анһ) дәрежесі де жоғары болатын. Бұл туралы пайғамбарымыз: **«Мен - пайғамбарлардың соңғысымын. Менен кейін пайғамбар келмейді. Егер менен кейін пайғамбар келетін болса, Омар пайғамбар болар еді»** деген. Осындай жоғары дәрежеде екендігіне, арап тілін өте жақсы білетіндігіне қарамастан Құран кәрімнің тәпсірін де түсіне алмады. Ол да, тіпті Жәбірейіл алейһиссаламның өзі де Құран кәрімнің мағынасын пайғамбарымыздан сұрайтын. Абдулғани Наблуси **"Хадиқа"** кітабында: *"Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құран кәрімнің толық тәпсірін сахабаларға түсіндірген. Бұл туралы ұлы Ислам ғалымы Жалалиддин Суйути айтады."* дейді.

Қысқаша айтқанда Құран кәрімнің мағынасын тек Мұхаммед (алейһиссалам) ғана толық әрі дұрыс түсінген және оны хадистерімен түсіндірген. Құран кәрімге толық және анық тәпсір жасаған адам – Мұхаммед алейһиссалам. Дұрыс тәпсір кітабы да - оның хадис шәрифтері, оны ең жақсы түсінген адамдар да – сахабалар болды. Ислам дінінің ұлы ғұламалары тынбай еңбек етіп, бар күштерін, өмірлерін осы хадистерді жинап, тәфсир кітаптарын жазуға арнаған. Олардың ішіндегі ең құндысы – **"Байдауи" («Әнуар-ут-танзил»** қазы Абдуллаһ бин Омар Байдауи, 1286 ж. Табризде**)** кітабы. Бұл тәфсир кітаптарын түсіне алу үшін де жылдар бойы оқу, іздену, жұмыс істеу керек.

Ислам ғылымы 20 бөлімнен тұрады. Олардың 80 саласы бар. Олардың бірі – Тәфсир (тәпсір) ғылымы. Әрбір ғылым салаларының жеке ғалымдары мен кітаптары бар. Осы 80 ғылым саласын меңгергендер тәпсірлерді түсініп, басқа мұсылмандарға түсіндіру үшін мыңдаған кітаптар жазған. Түркі тілінде **"Мауақиб"**, **"Тибйан"** және **"Әбулләйс"** атты құнды тәпсір кітаптары бар. Ислам дұшпандары мен бидғатшылар Құран кәрімнің мағынасын

бұзу мақсатында қате тәпсірлер мен аудармалар жасауға тырысқан. Ондай улы кітаптарды оқығандар бидғат ауруына шалдығады. Құран кәрімді және хадис шәрифтерді қате түсіну немесе оған күмән келтіру адамның иманын кетіреді, күпірлікке түсуіне себеп болады.

Құран кәрімнің дұрыс, ақиқат мағынасын түсінуді қалайтын адам әһли сүннет ғалымдарының **“кәлам”**, **“фиқһ”** және **“ахлақ”** кітаптарын оқуы керек. Әһли сүннет ғұламалары бұл ілімдерді **Асхаби кирам**нан үйренді. Олар да пайғамбарымыздан естіп үйренген.

Құран кәрімнің басқа тілдердегі аудармалары Құран деп есептелмейді. Оларды “Құран кәрімнің түсіндірмесі” деп атаған дұрыстау болады. Олар маман, білімді мұсылмандар тарапынан аударылса, оны оқуға болады. Алайда оларды Құран деп оқуға болмайды. Құран баламасы деп оқыса күнә болады. Мұсылмандар Құран кәрімді Аллаһу та’аланың түсірген қалпында оқуы тиіс. Мағынасын білмей оқу да сауап болады. Мағынасын түсініп оқу әрине үлкен сауап.

Құран кәрім латын немесе кирилл әріптерімен жазылмауы керек. Өйткені, бұл әріптер Құран кәрім дыбыстарын дәл бере алмайды. Сондықтан, мағынасы да бұзылады. Қазіргі кезде көптеген адамның осындай қате аудармаларды және латын (кирилл) әріптерімен жазылған түсініксіз кітаптарды **“ана тілде Құран”** деген тартымды ұранмен жастарға ұсынып отырғандығы жиі байқалуда. Бұларға алданып қалмау керек. Исламды үйренуді ондай кітаптардан бастамау керек. Құран кәрім аудармаларынан дініміздің үкімдерін үйрену мүмкін емес. Дінде хадис, ижма және қияс арқылы шығарылған үкімдер де кездеседі. Бұл төрт негіз **“әдилләи шарийа”** (шариғаттың дәлелдері) деп аталады.

Құран кәрімдегі мәліметтер

“Маудуат-ул-улум” (Камалиддин Мұхаммед, 1623 ж. Стамбулда**)** кітабында: *“Құран кәрімдегі мәліметтер үш бөлімнен тұрады.*

Аллаһу та’ала ол мәліметтердің бір бөлімін ешқандай құлына білдірмеген. Оның өзін, есімдерін және сипаттарын өзінен басқа ешкім біле алмайды.

<u>Екінші бөлім</u> тек Мұхаммед алейһиссаламға білдірілген болып, оны да ұлы пайғамбар мен оның мұрагері болған расих ғалымдардан басқа ешкім түсіне алмайды.

<u>Үшінші бөлім</u> – Аллаһу та'аланың Мұхаммед алейһиссаламға көрсетіп, оның үмбетіне үйретуін бұйырған мәліметтері. Бұл мәліметтер де екіге бөлінеді. Біріншісі, "<u>қисас</u>" пен "<u>ахбар</u>". Қисас - өткен үмбеттердің жағдайын білдіреді. Ахбар – осы дүние мен ахиретте жаратқан және жарататын нәрселерін білдіретін ғылым. Екіншісі, ақыл, тәжірибе және арап тілі ғылымдары арқылы меңгерілетін ғылымдар болып табылады" деп көрсетілген.

Құран кәрімді оқу

Мұсылмандар өздерінің қасиетті кітаптары - Құран кәрімді түскен қалпында, түпнұсқа түрінде, Аллаһу та'аладан сауап күтіп оқуда.

Пайғамбарымыз (алейһиссалам) бір хадисінде: **«Үмбетімнің жасаған ғибадаттарының ең құндысы - Құран кәрімді мусхафқа** (кітапқа) **қарап оқу»** деген. Хазреті Әли айтады: «Намазда оқылған Құранның әр әрпі үшін жүз сауап жазылады. Намаздан тыс дәретпен оқылса, әр әрпі үшін 25 сауап, дәретсіз (жаттан) оқылса он сауап жазылады. (Алайда, Құран кәрімді дәретсіз ұстауға болмайды) Жүріп бара жатып немесе жұмыс істеп отырып жаттан оқылса, аз сауап жазылады. Мағынасын түсініп, бір аят оқу – басқа нәрсені ойлап отырып, бүкіл Құранды оқудан артық». Кейінгі кезде қарилердің музыкалық әуенмен оқуы кездесіп жүр. Бұл - үлкен күнә. Құран кәрімді Аллаһу та'аладан қорқып отырып, мұңмен оқу керек. Сүре немесе аят оқығанда "әузумен" бастау – уәжіп. Басқа сүрелерді "Бисмилләмен" бастау – сүннет. Құран кәрімді тәжуид қағидаларына сай оқу керек. Құранды басынан соңына дейін оқудың, яғни хатм етудің сауабы өте көп. Пайғамбарымыз (алейһиссалам) бір хадисінде былай бұйырады: **«Ғибадаттың ең жақсысы - Құранды басынан соңына дейін оқып, біткен соң қайта бастау»**. Тағы басқа хадис шәрифтерде: **«Құран кәрімді тәжуидке сай оқыған адамға шәһидттің сауабы**

беріледі», **«Адамның тыңдаған бір аяты қияметте өзіне нұр болады»**, **«Құран оқыған кезде Аллаһу та'аланың ризалығын және жұмақты тілеңдер! Дүниелік нәрсе сұрамаңдар. Бір замандарда қарилер** (Құран оқитындар) **Құранды адамдарға жақындау үшін құрал ететін болады»**, **«Құран кәрімді түгел оқыған адамның дұғасы қабыл болады»** делінген.

Құран кәрімді кітап бетінен оқыған кезде мына жайттарға назар аудару керек:

1. Дәретпен оқылуы тиіс (Қазіргі кезде кейбір дін адамдары "Құран кәрімді дәретсіз оқуға болады" деп айтып жүр. Шайтанның өкілдері болған ондай кісілерге алданбау керек). Қыблаға қарап оқу керек.
2. Асықпай мағынасын түсініп оқу керек. Мағынасын түсінбесе де ақырын оқу керек.
3. Жылап отырып, оқу керек.
4. Әр аяттың мағынасын сезіне отырып оқу керек. Бұл дегені, азап аяттарын қорқумен, рахмет аяттарын әуеспен және танзиһ (Аллаһты төмен сипаттардан ұзақ деп білу) аяттарын тасбих (мадақтау) пен оқу дегенді білдіреді.
5. Оқуды «әузу-бисмилләмен» бастау керек.
6. Ақырын дауыспен, тәжуидке сай оқу керек.
7. Құран кәрім – Аллаһу та'аланың кәламы, сөзі. Осыны назарда ұстап оқу керек. Оқудан бұрын Аллаһу та'аланың ұлылығын есіне алып, ойлану керек. Басқа нәрселерді ойламау, әр сөзге мән беріп оқу қажет.

Иманның төртінші шарты
Пайғамбарларға сену

Алты шарттың бірі – **Аллаһу та'аланың пайғамбарларына сену**. Хақ Та'ала пайғамбарларды адамдарға тура жолды көрсету үшін жіберген. Исламда "расул" сөзі "жаратылысы, мінезі, білімі жағынан замандастарының ең ұлысы, қадірлісі" деген мағына береді. Пайғамбарларға "исмат" деген сипат берілген. Олар пайғамбар болудан бұрын да, кейін де ешқандай күнә іс істемеген.

Пайғамбарлардың сипаттары

Пайғамбарларда пайғамбар екендіктері білдірілгеннен кейін саңырау, соқыр сияқты кемшіліктер болмайды. Әр пайғамбарда мына жеті сипат бар екеніне сену керек:

1. **Аманат:** Аманатқа қиянат жасамайды.
2. **Сыдқ:** Сөздерінде тұрады. Қате сөйлемейді.
3. **Тәблиғ:** Аллаһу та’аланың бұйрықтары мен тыйым салған нәрселерін сол күйінше толығымен үмбетіне үйретеді.
4. **Әділдік:** Барлық пайғамбарлар әділ болған.
5. **Исмат:** Барлық күнәдан сақтанған. Олар пайғамбар болмастан бұрын да күнә істемеген.
6. **Фәтанат:** “Өте ақылды, түсінігі мол” деген сөз. Бүкіл адамзаттан ақылды болады.
7. **Әмнул-азл:** Пайғамбарлық міндетінен босатылмайды.

Жаңа дін әкелген пайғамбарлар **“расул”** деп аталады. Адамдарға өзінен бұрын келген дінді насихаттайтын пайғамбарлар **“нәби”** деп аталады. Аллаһтың дініне шақыру ісінде расул мен нәбидің атқаратын қызметтерінде айырмашылық жоқ.

Пайғамбарға сену деген сөз – олардың бәрінің турашыл, шыншыл екендігіне сену дегенді білдіреді. Олардың ішінен біреуіне сенбеу – ешқайсысына сенбегендік болады. (Яһудилер Мұса алейһиссаламға сеніп, Иса алейһиссалам мен Мұхаммед алейһиссаламға сенбейді. Христиандар болса, Иса пайғамбарға сеніп, соңғы пайғамбарды мойындамайды. Алайда, Мұса алейһиссалам да, Иса алейһиссалам да Мұхаммед алейһиссаламның келетіндігі туралы үмбеттеріне хабар берген, Оның артықшылықтары жайлы айтып кеткен болатын. Мұсылмандар Иса алейһиссаламның да пайғамбар екендігіне сенеді.)

Пайғамбарлық деген мәртебеге көп жұмыс істеу, ашығу, қиыншылық шегу, көп құлшылық жасау арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Адам тек Аллаһу та’аланың таңдауымен, қалауымен пайғамбар бола алады. Адамдардың дүние мен ахиреттегі істері жүйелі, пайдалы болуы үшін және зиянды істерден сақтанып, тура жолда жүріп, рахатқа кенелуі үшін жер бетіне пайғамбарлар арқылы діндер жіберілді. Пайғамбарлар Аллаһтың жолында өзіне

дұшпандық жасаған залым адамдардың келтірген зиянына, күлкі-мазақ етулеріне қарамастан, Аллаһтың сенуіміз және амал етуіміз үшін жіберген әмірлерін уағыздауда дұшпандарынан тайсалмаған. Аллаһу та'ала пайғамбарлардың шыншыл екендіктерін құлдарына көрсету үшін оларды **мұғжизалар** мен қолдады. Бұл мұғжизаларға ешкім қарсы келе алған жоқ.

Бір пайғамбарды мойындап, оған сенген адам сол пайғамбардың үмбеті деп аталады.

Пайғамбарлар қабірлерінде бізге беймәлім халде өмір сүреді. Олардың мүбәрәк денелері топырақта шірімейді.

Пайғамбарлардың көздері ұйқыда болғанымен, олардың жүрек көздері ояу болады. Пайғамбарлық міндетін орындауда және пайғамбарлық артықшылығы тұрғысынан барлық пайғамбарлар бірдей. Жоғарыда көрсетілген жеті сипат бәрінде кездеседі. Пайғамбарлар пайғамбарлық міндетінен босатылмайды, шығарылмайды. Олар адамдар арасынан таңдалады. Пайғамбарлардың бір-бірінен ерекшеленетін тұстары бар. Мысалы, үмбетінің көп болуы, елінің үлкен болуы, ілімінің кең көлемде таралуы, мұғжизаларының көп және үздіксіз болуы. Осындай ерекшеліктер тұрғысынан ең жоғары тұратыны Мұхаммед алейһиссалам болып табылады. Оның үмбеті де басқа үмбеттерден жоғары тұрады. **Улул-азм** деп аталатын пайғамбарлар қалған пайғамбарлардан жоғары және Расулдар да нәбилерден үстем болады.

Пайғамбарлардың саны

Пайғамбарлардың анық саны белгілі емес. Олардың 124 мыңнан көп екендігі туралы айтылады. Оның 313 немесе 315-і расул болып табылады. Олардың бәрінен жоғары тұратын алтауы **"улул-азм** пайғамбар" деп аталады.

Улул-азм пайғамбарлар: Адам, Нұх, Ибрахим, Мұса, Иса, Мұхаммед (алейһимуссалату уәссалам). Отыз үш мәшһүр пайғамбар бар:

Адам, Идрис, Шит (Шис), Нұх, Худ, Салих, Ибрахим, Лут, Исмаил, Исхақ, Яқуб, Юсуф, Әйуб, Шуайб, Мұса, Харун, Хыдыр, Юша бин Нун, Илияс, Әлиаса, Зулкифл, Шамун, Ишмоил, Юнус

бин Мета, Дәуіт, Сүлеймен, Лұқман, Зәкәрия, Яхия, Узайр, Иса, Зұлқарнайн, Мұхаммед (алейһимуссалату уәссалам).

Бұлардың ішінде жиырма сегізінің есімі Құран кәрімде берілген. Шит, Хыдыр, Юша, Шемун және Ишмоил Құранда көрсетілмеген. Зұлқарнайн, Лұқман және Узайрдың пайғамбар екендігі нақты емес.

Ибрахим алейһиссалам – халилуллаһ, яғни Аллаһтың адал досы. Оның жүрегінде Аллаһу та’алаға деген сүйіспеншіліктен басқа ешнәрсе жоқ. Мұса алейһиссалам – кәлимуллаһ, өйткені ол Аллаһу та’аламен сөйлесті. Иса алейһиссалам – кәлиматуллаһ, өйткені оның әкесі болған жоқ. Тек “бол” деген бұйрықпен анасы дүниеге әкелген. Адам алейһиссаламды әке-шешесіз етіп жаратқан Аллаһу та’ала Иса пайғамбарды да әкесіз жаратты. Иса алейһиссалам Аллаһу та’аланың даналыққа толы сөздерін адамдарға жеткізді. Мұхаммед алейһиссалам – хабибуллаһ, яғни Аллаһу та’аланың сүйіктісі және ең қадірлі құлы.

Мұхаммед алейһиссалам

Пайғамбарымыз (алейһиссалам) 571 жылы сәуір айының 20-сына сәйкес келетін (рабиул-әууал айының 12-сі) дүйсенбі күні таңға таяу Меккеде дүниеге келді. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұсылмандар жыл сайын осы түнді **мәуліт** мерекесі ретінде атап өтеді. Әкесі Абдуллаһ ерте қайтыс болып кетеді. Анасы - Әмина, атасының аты Абдулмутталиб еді. Құрайыш тайпасының Хашим ұлдары әулетінен шыққан болатын. Алты жасында анасы, сегіз жасында атасы Абдулмутталиб қайтыс болады. Абдулмутталиб Құрайыш тайпасының басшысы болатын. Оның он екі ұлы, алты қызы бар болатын. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам атасы қайтыс болған соң, көкесі Әбу Тәліптің қолында болады. Жиырма бес жасында Хадишаға үйленеді. Одан төрт қыз, екі ұл болады. Қырық жасында рамазан айында **Хира** тауында **Жәбірейіл** алейһиссалам келіп, бүкіл адамзат баласы мен жындарға пайғамбар болғандығын хабарлайды. Үш жылдан кейін ол барлық адамдарды иман келтіруге шақырады. Оған Жәбірейіл алейһиссалам жиырма төрт мың рет келген (Жәбірейіл алейһиссалам Адам алейһис-

саламға он екі, Нұх алейһиссаламға елу, Ибрахим алейһиссаламға қырық, Мұса алейһиссаламға төртжүз, Иса алейһиссаламға он рет келген). Елу екі жасында ражаб айының жиырма жетінші түнінде Меккеге Жәбірейіл алейһиссалам келіп, оны Мәсжиди Харамнан Құдыстағы Мәсжиди Ақсаға, одан әрі көкке алып барады. Оның бұл сапары **"миғраж"** деп аталады. Осы миғражда бізге түсініксіз күйде Аллаһу та'аланы көрді. Миғражға рух және денесімен бірге шықты. Осы түні мұсылмандарға **бес уақыт намаз** парыз болды. 53 жасында Мәдинаға **хижрат** етті, көшті. Ол кезде қасында бірінші халифа Әбу Бәкір Сыддық болды. Мәдинада 27 рет соғысқа қатысады. Оның тоғызында жауынгер, ал қалғанында бас қолбасшы ретінде соғысады. Бәдір, Ухуд, Хандак, Хайбар, Мута, Меккенің алынуы, Хунайн, Таиф, Тәбук соғыстары - танымал соғыстар. Пайғамбарымыз хижраның он бірінші жылында рабиул әууәл айының он екісі, дүйсенбі күні Мәдинада қайтыс болады. Қайтыс болған бөлмесіне жерленеді. Хиджра жыл санауымен алпыс үш, григорян күнтізбесі бойынша алпыс бір жасында еді.

Пайғамбарымыз барлық адамдардың ішіндегі ең көркемі еді. Дөңгелек жүзді болатын. Ол қуанғанда бетінен нұр шашылатын. Күндіз қалай көрсе, түнде де солай көретін. Алдындағыларды қалай көрсе, артындағы нәрселерді де солай көретін. Мұны дәлелдейтін жүздеген оқиға кітаптарда көрсетілген. Көзбен көруді жаратқан Аллаһу та'аланың басқа мүшелерімен көруді де жаратуға күші жетеді. Кірпіктері ұзын, көз қарағы қап-қара еді. Көздерінде біраз қызғыш түс бар еді. Маңдайы жазық, жіңішке қастарының арасы ашық еді. Сөйлеген кезде аузынан нұр төгілгендей болатын. Аллаһтың құлдары ішінде ол сияқты ешкім анық және әсем сөйлей алмайды. Оның сөздері түсінуге оңай және көңілдерді өзіне тартатын. Ол мәнерлеп сөйлейтін. Сөйлегенде сөздері інжу-маржан сияқты дана-дана болғандығы үшін санағысы келген адам қиналмай санай алатын еді. Кейде жақсы түсінікті болуы үшін, сөздерін үш рет қайталайтын еді. Жұмақта адамдар Мұхаммед алейһиссалам сияқты сөйлейді. Мүбәрәк дауысы да ешкімнің дауысы жетпейтін жерлерге дейін естілетіндей керемет болатын. Аз сөзбен көп нәрсе жеткізетін. Жүз мыңдаған хадис шәрифтері оның аз сөзбен көп мақсатты түсіндіретін **"жауами-ул-кәлам"** екенін

көрсетіп тұр. Кейбір ислам ғалымдары Мұхаммед алейһиссалам Ислам дінінің төрт негізін төрт хадиспен көрсеткенін айтады. Олар: **«Іс-әрекеттер ниеттерге қарай бағаланады»**, **«Халал да ортада, харам да ортада»**, **«Шағымданушының куә көрсетуі және айыптаушының ант етуі міндетті»**, **«Адам өзіне не тілесе, діндес бауырына соны тілемейінше иманы толық болмайды»**.

Бұл хадистердің біріншісі ғибадат ілімінің, екіншісі муамалат (тұрмыс) ілімінің, үшіншісі әділет пен саясат ілімінің, төртіншісі әдеп пен ахлақ ілімінің негізі болып табылады.

Мұхаммед алейһиссаламның жүзі жылы еді. Жымиып күлгенде тістері көрінетін. Күлуі де, жылауы да дауыссыз болатын. Бірақ жылағанда мүбәрәк көздерінен жас ағып, мүбәрәк көкіректерінің дауысы естілетін еді. Үмбетінің күнәларын ойлап жылайтын. Аллаһу та'аладан қорқып немесе Құранды тыңдағанда, кейде намаз оқығанда жылайтын. Мүбәрәк денесінің иісі мушки анбардан да әдемі, жұмсақ және күшті болатын. Сахаба Әнәс бин Малик былай дейді: "Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламға он жыл қызмет еттім. Мүбәрәк қолдары жібектен де жұмсақ, мүбәрәк тері гүлден де әдемі иісті еді."

Алдына қарап жылдам жүретін еді. Бір жерден өткені оның хош иісінен белгілі болатын. Бойы ұзын да, қысқа да емес, орташа еді. Жанына ұзын адам келсе, одан ұзын болып көрінетін. Отырғанда мүбәрәк иығы басқалардың иығынан биіктеу болып көрінетін еді. Мүбәрәк шашы, сақалы жаратылысынан аз-маз толқынды болып, боямайтын еді. Қайтыс болған кезде шашы мен сақалының ағы жиырмадан аз еді. Мұрт басып жүретін. Мұртының ұзындығы қастарындай еді.

Мұхаммед (алейһиссалам) ақ реңді еді. Ол барлық адамдар ішіндегі ең әдемісі еді. Әдемілігін баршаға көрсете бермейтін. Кімде кім "Ол қара тәнді еді" десе, діннен шығады. Пайғамбарымыз Арабстанда туып өскені үшін арап еді. "Арап" сөзі сөздікте "әдемі, көркем" дегенді білдіреді. Ибрахим алейһиссаламның ұрпағы болып келеді.

Көркем мінездің барлығы Мұхаммед алейһиссаламда жиналған еді. Бұл көркем ахлақ оған Аллаһу та'ала тарапынан берілген болып, еңбектің арқасында қол жеткізілген қасиеттер

емес еді. Ол ешқашан бір мұсылманның атын атап қарғамайтын, мүбәрәк қолымен ешкімді ұрмайтын. Өз нәпсі үшін ешкімнен өш алуға тырыспайтын. Тек Аллаһ үшін Аллаһ жолында өш алатын еді. Туыстарымен, сахабаларымен, қызметшілерімен өте қарапайымдылықпен жақсы қарым-қатынас жасайтын. Үй ішінде өте жұмсақ әрі жылы жүзді еді. Аурулардың жағдайын сұрап, жаназаларға қатысатын. Сахабаларға көмектесіп, балаларды көтеріп, ойнайтын. Рухы періштелер әлемінде болатын. Мұхаммед алейһиссаламды кездейсоқ көріп қалған адамды үрей билейтін. Ол өзі жылы қабақ танытпаса, пайғамбарлық сұсының салдарынан оның қасына ешкім отырып, сөзін тыңдауға бата алмас еді. Алайда өзі мүлдем қатал мінезді емес, тіпті ұяттылығы сонша, қасындағы сұхбаттасының жүзіне тік қарамайтын еді. Ол адамзаттың ең жомарты болатын. Көзі ұйықтағанда, жүрегі ояу болатын. Аш жатса да, тоқ тұратын. Ешқашан есінемейтін. Мүбәрәк денесі нұрани болғандықтан көлеңкесі жерге түспейтін. Киіміне шыбын қонбайтын, жәндіктер оны шақпайтын. Кімде-кім түсінде пайғамбарымызды көрсе, соның өзін көрген болып саналады. Өйткені, шайтан оның кейпіне кіре алмайды. Оның қабірін зиярат ету ең құнды ғибадаттардан болып саналады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның алғашқы әйелі – Хадиша (радиаллаһу анһа). Одан Қасым, Абдуллаһ, Умму Күлсім, Руқая, Фатима, Зейнеп деген балалары болды. Фатимадан басқасы өзінен бұрын қайтыс болады. Ибрахим атты баласы Мария деген күңнен туылады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (алейһиссалам) бірінші әйелі Хадиша қайтыс болғаннан кейін Әбу Бәкірдің қызы Айша Сыддиқаға үйленеді. Бұдан кейінгі алған әйелдерге ол діни және саяси себептерге байланысты үйленген.

Мұхаммед (алейһиссалату уәссалам) - **“хатим-ул-әнбия”** (пайғамбарлардың соңғысы) болатын. Одан кейін ешқандай пайғамбар келмейді. Оның рухы барлық пайғамбарлардан бұрын жаратылды. Пайғамбарлық дәреже ең алдымен соған берілді. Пайғамбарлық міндеті оның дүниеге келуімен тамамдалды.

Мұхаммед алейһиссалам - пайғамбарлардың ең ұлысы. Ол барлық адам баласы мен жындардың пайғамбары. Қалған

пайғамбарлар белгілі бір елге, қауымға жіберілді. Ал, Мұхаммед алейһиссалам – бүкіл әлемнің, жанды-жансыз бүкіл жаратылған нәрселердің пайғамбары. Басқа пайғамбарлар секілді оған да мұғжизалар берілді. Аллаһу та'ала сүйікті пайғамбарына басқалардан көп мұғжиза берді. Солардың ең үлкені - Құран кәрім еді. Басқа кейбір мұғжизалары: миғражға шығуы, саусағымен ишарат етіп айды екіге бөлуі, уысындағы тастардың Аллаһты тасбих етуі, оған ағаштардың сәлем беруі, саусақтарынан су ағуы, ахиретте ұлы мәртебе берілуі, көркем мінезі, сансыз ізгіліктері. Оның діні барлық діндердің үкімін жойды. Заманымызда ең тура, ең хақ дін – Ислам діні.

Әрбір сөзін жаттап алу үшін жан пида етіп еңбек етілген, затымен өмірінің мәнділігі, құндылығы оған жақын болғандарға да әсерін тигізіп, баршасының өмірбаяны, үстемдіктері бүкіл майда ерекшеліктеріне дейін кітаптарға түсуіне себеп болған жер бетіне Мұхаммед алейһиссаламдай екінші бір адам келген емес.

Мұғжиза, керемет, парасат, истидраж, сиқыр

Аллаһу та'ала барлық нәрсені бір себепке байлап жаратқан. Бұл себептерге бір істі жүзеге асыратын, әсер ететін күш, қуат берген. Бұл күштерге біз табиғат күштері, физика, химия және биология заңдары деп айтамыз. Кез келген бір істі орындауымыз, бір нәрсеге қол жеткізуіміз үшін әрқашан сол істердің себептеріне жүгінуіміз қажет. Барлық нәрсені себептермен жарату Аллаһу та'аланың әдеті. Адамдардың барлық әрекеттері Аллаһу та'аланың осы әдеті шеңберінде жүзеге асады. Бірақ, Аллаһу та'ала сүйген құлдарына жақсылық, сыйлық ретінде, ал дұшпандарын алдап, адастыру үшін сүйікті пенделеріне таңғажайып істерді әдеттен тыс жолмен жаратып беруде.

1. <u>Мұғжиза:</u> Пайғамбарларда Аллаһу та'аланың құдіретімен жаратылған әдеттен тыс жағдайлар кездеседі. Ол **"мұғжиза"** деп аталады. Мұғжиза - пайғамбар екенін айтқан адамның шын айтқанына дәлел болатын құбылыстар. Пайғамбарлардың өз үмбеттеріне мұғжиза көрсетулері міндетті. Мұғжиза пайғамбардан басқа ешкімнің қолынан келмейді.

2. <u>Керемет:</u> Әр пайғамбар үмбетінің арасында жетілген әулиелерде кездесетін әдеттен тыс жағдайлар **“керемет”** деп аталады. Әулиелердің керемет көрсетуі міндетті емес. Абдулқадир Гейлани және Имам Раббанидің кереметтері танымал. Көп керемет көрсету бір әулиенің кереметі аз әулиеден жоғары екенін білдірмейді. Өте жоғары мақамдарда болған қаншама әулиенің өте аз керемет көрсеткені мәлім.

3. <u>Парасат:</u> Үмбет ішінде әулие болмаған салих, тақуалы адамдарда болатын әдеттен тыс жәйттарды **“парасат”** (фәрасәт) дейді.

4. <u>Истидраж:</u> Осындай әдеттен тыс, ғажайып нәрселер ашықша күнә істейтін пасық адамдарда көрінетіндей болса, бұл **“истидраж”** деп аталады. Истидраж кімде көрінсұ ол адамның бірте-бірте қадірсіз болуына, иманының әлсіреуіне себеп болады.

5. <u>Сиқыр:</u> Кәпірлерде кездесетін әдеттен тыс нәрселер **“сиқыр”** деп аталады.

Уаһи, хадис құдси және хадис шәриф

Аллаһу та’аланың пайғамбарларына хабар жіберуі **“уаһи”** деп аталады. Уаһидің екі түрі бар. Жәбірейіл (алейһиссалам) атты періште Аллаһу та’аладан алған хабарларын пайғамбарларға оқиды. **“Уаһи-ул-мәтлу”** деп аталатын бұл уаһидің сөздері мен мағыналары да Аллаһу та’аладан келген. Мысалы, Құран кәрім – уаһи мәтлу. Уаһидің екінші түрі **“уаһи-ул ғайри мәтлу”** деп аталады. Ол Аллаһу та’ала тарапынан пайғамбарлардың жүрегіне білдіріледі. Пайғамбар оны өз сөзімен қасындағыларға айтады. Бұл сөздер **“хадиси құдси”** деп аталады. Хадис құдсилердің сөздері пайғамбардан, мағынасы Аллаһтан болады. Ал, сөзі де, мағынасы да пайғамбар тарапынан айтылса, ол **“хадиси шәриф”** деп аталады.

Хадис шәрифтерді пайғамбардың өз аузынан естіген **асхаби кирам** оны өздерінен кейінгілерге нақыл еткен, айтып жеткізген. Хадис ғалымдары да хадистерді бірнеше топқа бөліп, оны жеткізушілермен бірге кітаптарына жазған. **Хадис шәриф**тер арқылы Құран кәрім мен сүннетке қалай амал ету керектігі,

Исламның шарттары, тасаууф (сопылық) ілімдері, муамалат (тұрмыстық қарым-қатынас) ілімдері, ислами ахлақ (мінез-құлық), сахабалардың артықшылықтары, пайғамбарлар мен маңызды тұлғалардың өмірі, қияметке дейінгі маңызды оқиғалар, қиямет, хашр, нашр, жұмақ, тозақ, пайғамбарлардың өмірі, Құран кәрімді оқу және тәфсирін жасау, періштелер, шайтандар және медицина ғылымдары туралы мәліметтер берілген.

Аллаһу та'аланың есімін айтқан, естіген, жазған кезде **"Субханаллаһ"**, **"Тәбәракаллаһ"**, **"Жәллә Жәлалуһ"**, **"Аззә исмуһ"**, **"Жәлләт құдратуһ"** немесе **"Та'ала"** сияқты құрмет сөздердің бірін қосып айту біріншісінде - уәжіп, әр қайталанып келгенде – мустахаб болады. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның аты өткен жерлерде салауат айту да сол секілді маңызды. **"Аллаһу та'ала"**, **"Құран кәрім"** деп құрметпен толық айтып-жазуға әдеттенуіміз керек. Пайғамбарымыздың аты аталғанда, жазылғанда **"саллаллаһу алейһи уә сәлләм"** деп толық айту және жазу қажет. Бұл сөздерді қысқартып, алғашқы әріптерін ғана жаза салу мұсылмандардың әдеті емес. Сахабалардың есіміне **"радиаллаһу анһ"**, Ислам ғалымдарының есіміне **"рахметуллаһи алейһ"** сөзін қосып жазу және айту дұрыс болады.

Сахаби деп кімді айтады?

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламды бір рет болса да көрген, соқыр болса сөйлескен, әйел немесе еркек адам, бала немесе ересек мұсылман **"сахаби"** деп аталады. Бірнеше сахаби **"асхаби кирам"** немесе **"сахаба"** деп аталады. Пайғамбарымыз жындардың да пайғамбары болғандықтан жындар ішінде де сахабалар болады.

Пайғамбарлар мен періштелердің ұлыларынан соң бүкіл жаратылғандардың ішінде ең үстемдері асхаби кирам болып келеді. Сахабалардың әрқайсысы бұл үмбеттің бәрінен жоғары тұрады. Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар екендігіне сенетін әрбір адам, қандай тектен, қандай елден шықса да Мұхаммед алейһиссаламның үмбеті деп аталады. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламды мұсылман ретінде көруден артық үстемдік

болмайды. Сондықтан асхаби кирам барша мұсылмандардан және өзге үмбеттерден де биік мәртебеге ие. Сахабалар туралы жазып, сөйлеп жатқанда өте әдепті болуға тырысу керек. Ұлы Ислам ғалымы Абдуллаһ ибн Мубарактан *«Муауия мен Омар бин Абдулазиз екеуінің қайсысы абзал?»* деп сұрағанда, *«Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қасында бара жатқан Муауияның (радиаллаһу анһ) мінген атының мұрнына кірген шаң Омар бин Абдулазизден жүздеген есе қадірлі»* деп жауап береді. Сахабалар (алейһимурридуан) - Аллаһу та'аланың сүйіктісінің сұхбатына қатысуға лайықты етіп жаратқан адамдары.

Құран кәрімде **"Али-Имран"** сүресінің 110-аятында: **«Сіз үмбеттердің хайырлысысыз»** деп көрсетілген. **"Тәуба"** сүресінің 100-аятында: **«Бірінші мұсылман болғандардың ішінен муһажирлер мен ансарлардың алғаш қосылғандарына және солардың жолындағыларға Аллаһу та'ала разы. Аллаһу та'ала олар үшін жаннаттар дайындайды. Ол жаннаттардың астынан өзендер ағып жатады. Олар жұмақта мәңгі қалады»** деп көрсетілген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (алейһиссалам) бір хадисінде былай дейді: **«Адамдардың ең жақсылары – менің заманымдағы мұсылмандар,** (яғни сахабалар)**. Олардан кейінгі жақсылар – оларды көргендер** (яғни, табииндер)**. Олардан кейінгі жақсылар – оларды көргендерді көрген адамдар** (яғни, тәбә-и табиин)**. Олардан кейін келгендердің ішінде жақсы еместер де кездеседі».** Тағы бір хадисте: **«Сахабаларым – көктегі жұлдыздар сияқты. Кез-келгеніне еру арқылы һидаятқа** (иманға, тура жолға) **жетесіңдер»** деп көрсетілген.

Келесі бір хадис шәрифте: **«Асхабымды сөкпеңдер. Сахабаларымнан кейін келген адамдардан кез келгені Ухуд тауындай алтынды садақа етіп берсе, кез келген сахабаның бір уыс арпа беріп алған сауабының жартысын да ала алмайды»** делінеді.

Ал, мына хадисте: **«Мені көрген және Мені көргендерді көрген мұсылман тозақ отына жанбайды»** деп айтылған. Бұл аяттар мен хадистер сахабалардың артықшылықтарын айқын көрсетеді. **Ақаид** кітаптарында әрбір сахабаны ұлы деп тану, олардың әділеті және турашыл екендігіне сену, оларға тіл тигізбеу,

қарғамау, дұшпандық әрекет жасамау керектігі жазылған. Асхаби кирам арасында болған кейбір бөлінулердің жақсы себептерден болғанына сену қажет. Еш біреуін жамандау жаиз емес. Хадис шәрифте: **«Асхабым туралы сөз ашылғанда, ауыздарыңа берік болыңдар! Олардың абыройларына лайықсыз сөздерді ауыздарыңа алмаңдар!»** деп бұйырылды.

Әһли сүннет ғалымдары сахабалардың үстемдік дәрежесін үш топқа бөледі:

1. **Муһажирлер -** Мекке қаласы алынбастан бұрын Меккеден немесе басқа жерлерден өз отандарын, елдерін тастап, Мәдина қаласына хижрат етіп (көшіп) барғандар. Бұлар расулуллаһтың қасына иманды келгендер және келген соң иман келтірген мұсылмандар.
2. **Ансарлар -** Мәдина қаласында немесе осы қалаға жақын жерлерде тұратын және Әус пен Хазраж атты екі арап тайпасынан болған мұсылмандар кіреді. Олар пайғамбар үшін әр түрлі көмек және құрбандыққа дайын екендіктеріне сөз берген және сөздерінде тұрған.
3. **Қалған сахабалар** – Мекке қаласы алынған кезде және кейіннен Меккеде немесе басқа жерлерде иман келтіргендер.

Ашара-и мубашшара – Жәннатқа кіретіндіктері туралы хабарланған он сахаба. Олар: 1. Әбу Бәкір Сыддық. 1. Омар-ул Фаруқ. 3. Осман Зиннурайн. 4. Әли бин Әби Талиб. 5. Талха. 6. Зубайр бин Аууам. 7. Абдуррахман бин Ауф. 8. Саад бин Әби Уаққас. 9. Саид бин Зайд. 10. Әбу Убайда бин Жаррах.

Тирмизиде және Ибн Мажада жазылған Саид бин Зайд хабар берген хадис шәрифте: **«Он кісі жаннатта: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Талха, Зубайр, Абдуррахман бин Ауф, Әли бин Әби Талиб, Саад бин Әби Уаққас және Әбу Убайда бин Жаррах»** деп тоғыз адамның есімін көрсетеді. Оненшісінің есімі сұралғанда, “Әбул Ауәр” деп өзі екендігіне ишара етті.

Бұларды және жалпы мұсылмандарды үстемдік реті бойынша былай көрсетуге болады:

1. **Хулафа-и рашидин,** яғни төрт ұлы халифа.
2. **Ашараи мубашшара.**
3. **Бәдір** соғысына қатысқан 313 сахаба.

4. **Худайбийа**да расулуллаһқа сөз берген 1400 сахаба.
5. **Асхаби кирам** (бүкіл сахабалар).
6. Мұхаммед алейһиссаламның үмбеті
7. Басқа пайғамбарлардың үмбеті

860 жылы Анатолияда Ларенда қаласында қайтыс болған Алауддин Әли Самарқандидің **“Бахр-ул-улум”** атты тәфсирінде көрсетілген хадистерде былай жазылған:

«Үмбетімнің ең рақымдысы - Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ). Дінде ең күштісі - Омар. Ең арлы, ұяттысы – Осман. Діннің барлық сұрағына жауап бере алатын адам – Әли. Халал мен харамды ең жақсы білетін – Муаз. Құран кәрімді ең жақсы оқитын адам – Әбий бин Ка’б. Мунафиқтарды, екі жүзділерді танитын адам – Хузайфат ибни Йаман. Исаның алейһиссалам тақуасын көргісі келген адам Әбу Зардің тақуасына қарасын! Жәннат Салман Фарсиге құштар. Халид бин Уалид – Аллаһтың қылышы, Хамза – Аллаһу та’аланың арыстаны. Хасан мен Хусейн – жаннат жастарының ең жақсылары. Жафар бин Әби Талиб жаннатта періштелермен бірге ұшады. Жұмақтың есігін бірінші ашатын - Билал. Сухайб Руми – Кәусардан ең бірінші болып дәм татады. Қиямет күні періштелер ең алдымен Әбуддәрдамен амандасады.

Әрбір пайғамбардың бір досы болады. Менің досым - Саад бин Муаз. Әрбір пайғамбардың таңдаулы сахабасы болады. Менің таңдаулыларым – Талха мен Зубайр. Әр пайғамбардың жақын көмекшісі болады. Менің көмекшім – Әнәс бин Малик. Әр үмбетте бір дана кісі болады. Менің үмбетімде даналықты, хикметті көп айтқан адам - Әбу Хурайра. Хасан бин Сабиттің сөздері Аллаһ тарапынан әсерлі сипатқа ие. Әбу Талханың соғыс майданындағы дауысы бір топ әскерден де күшті».

Расулуллаһ тағайындаған әкімдер

Базан: Иран шахы Хусрау тарапынан Йеменге әкім тағайындалған еді. Сол жерде иман келтіріп, мұсылмандықты қабылдайды. Расулуллаһ оны әкім етіп Йеменге қалдырады. Алғашқы Ислам әкімі Базан болып саналады. **Халид бин Саид** Сана қаласы-

на, **Зияд бин Әсәд** Хадрамут қаласына, **Әбу Мусәл Әшари** Аден қаласына, **Әбу Суфйан бин Харб** Нәжран уиләятына, Муауияның бауыры **Йазид** Тайма қаласына, **Аттаб бин Әсйәд** Мекке қаласына, **Амр бин Ас** Амман қаласына әкім болып тағайындалған.

Расулуллаһтың катибтері

Пайғамбарымызға хатшылық қызметін көрсеткен сахабалар: Хазреті Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли, Зубайр, Талха, Саад бин Әби Уаққас, Мұхаммед бин Сәләмә, Әркам бин Әби Әркам, Абдуллаһ бин Әркам, Муғира бин Шубә, Әбий бин Ка'б, Зайд бин Сабит, Әбу Суфйан бин Харб, Муауия бин Әби Суфйан, үлкен ағасы Йазид бин Әби Суфйан, Халид бин Уәлид, Амр бин Ас, Хузайфа бин Йаман (радиАллаһу та'ала анһум әжмаин).

Расулуллаһ шетелге 14 елші жіберген. Олардың бірі Амр бин Ас. Кейіннен оны Амман әкімі етіп тағайындаған.

"Исти'аб" атты кітапта 2700 ер және 381 әйел сахабидің өмірбаяны туралы жазылған.

Расулуллаһтың қайтыс болуына дейін иман келтіргендердің саны өте көп. Меккенің алынған кезінде он мың, Тәбук соғысында жетпіс мың, Уида қажылығында тоқсан мың, расулуллаһ қайтыс болған кезде жер бетінде жүз жиырма төрт мыңнан аса **САХАБИ** бар болатын.

Ең соңынан қайтыс болған сахабалар

Абдуллаһ бин Әби Әуфа хижраның 86-жылы Куфа қаласында, Абдуллаһ бин Йаср 88-жылы Шамда, Сәхл бин Са'д 91-жылы жүз жасында Мәдинада, Әнәс бин Малик 93-жылы Басрада, Әбуттуфайл Амр бин Уасилә 100-жылы Меккеде қайтыс болды. Сахабалардың ең соңынан қайтыс болған осы еді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам өзінің кейін кімнің халифа болатындығы туралы ешкімге ешнәрсе айтқан жоқ. Өзінен кейін Әбу Бәкір Сыддықтың халифа болатынына ишара білдірді. Мысалы, Мәдинаға көшкен кезде Мәдинаға мешіт салдырады. Бұл мешітті салдырарда іргетастың алғашқы тасын өздері қойды. Өзі

қойған тастың қасына алдымен Әбу Бәкірдің, кейін Омар Фаруқтың бір тас қоюын, оның қасына Осман Зиннурейннің бір тас қоюын бұйырады. **«Менен кейін халифаларым осылар»** дейді.

Сахабалардан Әнес бин Малик (радиаллаһу анһ) былай дейді: «Бәни Мусталақ қабиласы (қауымы) мені Расулуллаһқа жіберді. "Сенен кейін зекетті кімге береміз деп сұра" деді. Барып сұрадым. Пайғамбарымыз **«Әбу Бәкірге беріңдер»** деді. Мені қайта жіберді. Барып Әбу Бәкірден кейін кімге беруді сұрадым**. «Омарға»** деді. Одан кейін Османға берілетінін айтты. Расулуллаһ соңғы ауырғанында өзінің орнына Әбу Бәкірді имам етіп тағайындады.»

Төрт ұлы халифа

Әбу Бәкір Сыддық

(радиаллаһу анһ)

Шын аты – Абдуллаһ бин Әбу Куһафа бин Амир бин Амр бин Ка'б бин Са'д бин Тайм бин Мурра. Алғаш иман келтірген ер адам. Ол үлкен саудагер еді, барлық мүлкін, бар дүниесін пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламға арнады. Олар жас кездерінде бір-бірімен достық қатынаста болған. Ол – мұсылмандардың алғашқы халифасы. Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уә сәлләм қайтыс болғаннан кейін Мекке, Мәдина және Таифтан басқа бүкіл Арабстан діннен шықты. Халифа Әбу Бәкір Сыддық алдымен Мәдинаға жақын төрт қабилаға әскер жіберіп, бағындырды. Одан кейін он бір қауымға әскер жіберді. Хазреті Икрима басқарған әскер Йамамада жалған пайғамбар Мусайләмәнің қырық мың әскеріне қарсы тұра алмады. Халифа Әбу Бәкір Сыддық Халид бин Уалидты көмекке жіберді. Халид бин Уалид Талиха, Сужах және Малик бин Нувайраны жеңіп, Мәдинаға қайтады. Йамамада да үлкен жеңіске қол жеткізеді.

20 000 мүртәдті, яғни діннен қайтқан кәпірді өлтіреді. Екі мыңға жуық мұсылман шәйіт болады. Хазреті Амр бин Ас Хузаа қауымын иманға келтіреді. Хазреті Ала бин Хадрами Бахрейнде қырғын соғыстар өткізіп, кәпірлерді талқандады. Хузайфа, Арфажа және Икрима (радиаллаһу анһум) Умман мен Бахрейнде бірігіп,

мұртәдтерді жеңеді. Олар он мың кәпірді өлтіреді. Халифа Халид бин Уалидты Ирак жаққа жібереді. Хирадан жүз мың алтын жизйа алады. Хүрмүз басқарған Иран әскерін қырады. Басрада отыз мың адамдық әскерді жеңеді. Көмекке келген үлкен әскерден жетпіс мың кәпір өлтірілді. Одан соң үлкен жеңістермен үлкен қалаларды алды. Халифа Мәдинада әскер жинап, Әбу Убайда басқарған әскерді Шам жаққа, Амр ибн Асты Пәлестинге жібереді. Кейін Йазид бин Суфйанды Шамға көмекке жібереді. Тағы да әскер жинап, Муауия басқарған қолды бауыры Йазидке көмекке жібереді. Халид бин Уалидтың Ирактан Шамға баруын бұйырады. Халид әскердің бір бөлігін Мусаннаға қалдырып, үлкен жеңістермен Сирияға барады. Ислам әскерлері бірігіп, Ажнадайнда үлкен грек әскерін жеңеді. Одан соң Йармукта 46 мың Ислам әскері Византия королі Гераклдың 240 мың әскерімен ұзақ уақыт кеспікесе соғысып, жеңіске жетеді. 100 мыңнан астам рум әскері өлтіріледі. Үш мың мұсылман әскері шәйіт болады. Бұл соғысқа мұсылман әйелдері де қатысады. Бас қолбасшы Халид бин Уалид пен түменбасы Икриманың таңқаларлық ерліктері байқалды. Бұл жеңістердің барлығына Әбу Бәкір Сыддықтың ер жүректігі, даналығы, жақсы басқаруы және берекеті арқылы қол жеткізілді. Йармуқ соғысы жүріп жатқанда Әбу Бәкір Сыддық Мәдинада қайтыс болды.

Әбу Бәкір Сыддық - ашараи мубашшараның ең алғашқысы болатын. Пайғамбарлардан кейін адамзат ішінде ең ұлысы болып табылады. Барлық соғысқа қатысты. Аяттармен мадақталды. Ол Құран кәрімді алғаш рет кітап ретінде жинақтады. Хиджраның 13 жылы, қазіргі жыл санауымен 634 жылы жамазил-ахир айының 28-і сейсенбі күні түнде 63 жасында қайтыс болды. Расулуллаһтың қасына жерленді. Аққұба өңді, көздері шүңіректеу, жылы жүзді, бетінде сақалы сирек болатын.

Хадис шәрифтерде былай көрсетіледі: **«Әбу Бәкір Сыддық - адамзаттың ең үстемі және ең жақсысы. Бірақ ол - пайғамбар емес».**

«Әбу Бәкірдің есімі көкте де, жерде де атик (әсем)».

«Әбу Бәкір – Аллаһу та’аланың оттан азат еткен адамы».

«Пайғамбарлардан басқа Әбу Бәкірден де өзге мәртебелі адамның үстіне күн тумаған».

«Маған ешкім сұхбаты мен мүлкі жағынан Әбу Бәкірдей пайдалы болған жоқ. Егер Раббымнан басқамен дос болатын болсам, Әбу Бәкірмен дос болар едім».

«Үмметімнің ішінде ең бірінші болып жаннатқа Әбу Бәкір кіреді». «Әбу Бәкірді сүю және оған алғыс айту - үмбетімнің бәріне уәжіп».

«Қиямет күні адамдардың барлығы есепке тартылады, тек Әбу Бәкір ғана тартылмайды».

Бір хадисте **«Үш жүз алпыс жақсы мінез бар. Аллаһу та'ала қаласа бір құлына осы мінездің бәрін береді. Осы мінезіне байланысты оны жаннатына кіргізеді»** деп айтылғанда, Әбу Бәкір "Ей расулуллаһ! Ол мінездердің бірі менде бар ма?" деп сұрағанда. **«Иә, сенде ол мінездердің бәрі бар»** дейді пайғамбарымыз.

Бір күні **"Әй, разы болған нәпсі!..."** аяты соңына дейін оқылды. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) "Йа, Расулуллаһ! Бұл қандай керемет нәрсе" дейді. Сонда расулуллаһ **«Сен өлгенде періште саған осылай сөйлейді»** дейді.

Бірде Әбу Бәкір бір сахабиге ренжиді. Расул алейһиссалам мұны естіп, сахабаларды жинады: **«Аллаһу та'ала мені сендерге пайғамбар етіп жіберді, сендер сенбедіңдер. Тек Әбу Бәкір ғана сенді. Маған жан-тәнімен көмек берді. Мен үшін бұл досымды ренжітпеңдер»** деді. Бұдан кейін ешкім оны ренжітетін сөз айтпады және ренжітетін нәрсе істемеді.

Бір хадис шәрифте: **«Жәбірейіл алейһиссаламнан Хазреті Омардың артықшылықтарын сұрадым. Жәбірейіл маған Омардың артықшылықтарын Нұх алейһиссаламның пайғамбарлығы мерзімінше** (950 жыл) **айтсам да тауыса алмаймын. Сонымен қатар, Омардың барлық жақсылықтары Әбу Бәкірдің жақсылықтарының біріне тең»** деп айтылған.

"Ең көп кімді жақсы көресіз, ей Расулаллаһ?" деп сұралғанда, пайғамбарымыз **«Айшаны»** деп жауап берді. "Ер адамнан кімді?" дегенде **«Айшаның әкесін»** деп жауап берді. "Одан соң кімді?" дегенде, **«Омар бин Хаттабты»** деді. Бір күні хазіреті Әбу Бәкір мен Хазреті Омарды көрсетіп: **«Бұл екеуі жаннатта пайғамбарлардан өзге бүкіл адамдардың ең ұлылары болады»** деді. Бірде расулуллаһтың оң жағына Әбу Бәкір, сол жағына Омар

келеді. Пайғамбарымыз олардың қолынан ұстап, мешітке кіреді де: **«Қиямет күні үшеуміз осылай келеміз»** дейді.

Бір күні расулуллаһ Әбу Бәкір мен Омарды көріп: **«Бұл екеуі менің көзім мен құлағым»** деді.

Ол екеуіне: **«Мені сен екеуіңмен күшейткен Аллаһу та’алаға хамд** (мадақ) **болсын»** деді. Сондай-ақ, бір хадис шәрифте: **«Екеуің келіскен нәрселерде сендерден ажырамаймын»** делінді.

Тағы да **«Әр пайғамбардың жақын досы болады. Менің адал досым Әбу Бәкір», «Әрбір пайғамбардың үмбеті арасында ерекше жақсы көретін адамдары бар. Менің таңдауым - Әбу Бәкір мен Омар», «Үмбетімнен лә илаһә иллаллаһ сөзін айтуды талап еткенім сияқты Әбу Бәкір мен Омарды жақсы көрулерін де талап етемін», «Әбу Бәкір мен Омарды сүю – иманнан. Оларға дұшпан болу күпірлік»** деген хадис шәрифтер бар.

Осы хадиске байланысты барлық ғалымдар Әбу Бәкір мен Омарды сөгу, оларға дұшпандық ету күпірлік болатынын ауызбірлігімен айтқан және “Аллаһу та’ала шииттерге лағнет етсін” деген.

Бір хадисте: **«Әбу Бәкірдің иманы бүкіл адамзаттың иманының жиынтығынан да күшті»** делінген.

Хазреті Әли (радиаллаһу анһ): «Қандай сауапты істе бірінші болуға тырыссам да, әрдайым Әбу Бәкірді алдымда көрдім» дейді. Тағыда хазіреті Әли айтады: «Расулуллаһтан кейін адамзаттың ең хайырлысы Әбу Бәкір мен Омар. Бір мұсылманның жүрегінде маған деген құрметпен Әбу Бәкір және Омарға деген дұшпандық бірге тұра алмайды». Хазреті Әли әр хутбасында «Ей Раббым! Хулафаи рашидинді жарылқағандай бізді де жарылқа!» деп айтатын. Одан “хулафаи рашидин кім?” деп сұралғанда, көздерінен жас құйылып, «Олар менің жақсы көретін кісілірім Әбу Бәкір мен Омар» деп айтқан.

Хазреті Омар (радиаллаһу анһ) Сыддық туралы «Әбу Бәкір біздің сайидіміз – үлкеніміз», «Әбу Бәкірдің денесіндегі бір түк болсам ғой», «Жәннатта әрдайым Әбу Бәкірді көретін болсам екен», «Жақсылық жасауда мен Әбу Бәкірге жете алмадым» деген.

Жәбірейіл алейһиссаламның Расулуллаһпен сөйлескенін тек Хазреті Әбу Бәкір ғана еситетін.

Омар бин Хаттаб
(радиаллаһу анһ)

Ол – пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның екінші халифасы. Ашараи мубашшарадан. Хиджрат еткен жылы 40 жаста еді. Алғашқыда Исламға дұшпан болатын. Пайғамбарымызға пайғамбарлық білдірілгеннен алты жылдан кейін қырқыншы немесе қырық бесінші болып иман келтірді. Оның Исламды қабылдауымен мұсылмандар жағы күшейді. Қаруланып, ашық түрде хижрат етті. Расулуллаһтың келе жатқанын Мәдинадағы мұсылмандарға сүйіншіледі. Барлық соғыстарға қатысты. Көп ерлік көрсетті. **“Фарук”** лақабын алды. Әбу Бәкір Сыддықтың халифа болуына себеп болып, түсінбеушіліктің шығуына тосқауыл болды. 13 жылы Жумазил-ахир айының 28-і сейсенбі күні халифа болып сайланды. Көп елді бағындырды. Исламның әділеттігін бүкіл әлемге насихаттады. Хиджраның жиырма үшінші жылының соңғы айында мешітте таң намазын оқып тұрғанда хазіреті Муғира бин Шубәнің құлы Әбу Лулу Фируз деген кәпір тарапынан пышақталып, 24 сағаттан кейін қайтыс болды. Ол расулуллаһтың қасына жерленді. Айыпты болған ұлына Исламның әміріне сәйкес дүре соғуды бұйырды. Сахабалар қанша жалынса да, дүре соғуды азайтпайды. Дүреден ұлы есінен танып қалады. Қанша ренжігенмен бұл ісіне өкінбейді. Ол көптеген хадис шәрифтермен мадақталған. Олардың көпшілігін хазіреті Әли риуаят еткен. Ірі денелі, бидай өңді, ұзын бойлы, көздері қызыл, мұртының ұштары сары еді. Мұң басқанда және ойға шомғанда мұртының ұшын бүгетін еді. Сақал-мұрты қалың болып, шекесіндегілер сиректеу еді. Сол қолын оң қолындай жақсы қолданатын еді. Егерін ұстамай атқа міне беретін. Айбатты, қуатты еді. Бірақ расулуллаһтың қасында әдептілігінен ақырын сөйлейтіні соншалық, көбінесе пайғамбарымыз күлімдеп: **«Қаттылау айтсаң-шы, Омар, естіпедім»** дейтін. Ол расулуллаһтың қайын атасы, хазіреті Әлидің күйеу баласы болатын. Бәни Адий қабиласынан (қауымы), Хаттаб бин Нуфайл бин Абдул-узза бин Рабах бин Қурат бин Разах бин Адий бин Ка’б тегінен шыққан.

Тирмизи, Әбу Дәуіт және Хаким хабар берген хадис шәрифте: **«Аллаһу та’ала ақиқатты Омардың тілі және жүрегіне орналастырған»** деп бұйырылған.

Бұхари мен Мүслимде өткен хадис шәрифте: **«Шайтан Омардың көлеңкесінен қашады»** деп бұйырылған.

Хазреті Омар умра жасауға расулуллаһтан рұқсат сұрағанда, Пайғамбарымыз рұқсат етіп: **«Бауырым, дұға оқығанда бізді ұмытпа»** деген.

Абдуллаһ ибн Аббас білдірген бір хадис шәрифте: **«Омар иман келтірген күні Жәбірейіл алейһиссалам келді және періштелер бір-біріне Омардың мұсылман болғандығын айтып сүйіншіледі»** делінген.

Тирмизиде жазылған Ақаба бин Амирдің риуаятындағы хадис шәрифте: **«Менен кейін пайғамбар келетін болғанда, Омар бин Хаттаб пайғамбар болар еді»** деп айтылған.

Тағы да Тирмизиде жазылған бір хадисте, Имам Зәйнәл Абидин Әли әкесі хазіреті Хусейннен, ол әкесі хазіреті Әлиден риуаят етеді: *“Расулуллаһтың қасында отыр едім. Әбу Бәкір мен Омар келді. Пайғамбарымыз оларды көрсетіп:* **«Бұл екеуі пайғамбарлардан басқа жұмақтағылардың ең ұлылары»** *деді”*.

Осман бин Аффан

(радиаллаһу анһ)

Әбул’ас бин Умаййа бин Абди Шамс бин Абд-и Манафтың ұрпағы. Ашараи мубашшараның бірі. Осман - үшінші халифа. Расулуллаһтың екі қызын алғандықтан **“Зиннурайн”** деп аталған. Төртінші болып мұсылмандықты қабылдаған. Әйелі Руқайа екеуі екі рет Хабашстанға (Эфиопия), одан кейін Мәдинаға хижрат қылып, көшті. Өте бай саудагер еді. Бүкіл мал-мүлкін Ислам жолына жұмсады. Хилмі және хайасымен (жұмсақ мінезділігімен арлылығы) мәшһүр болды. Хиджраның 24-жылы 1 мухаррамда халифа болып сайланды. Кипр аралын алғаш мұсылмандар қолына алып берген. 35 жылы зулхижжа айында Құран кәрім оқып отырған кезінде шәйіт етілді. Хадис шәрифтерде оған мақтаулар айтылған. Орта бойлы, сақалы қалың, сарғыш реңді, әдемі жүзді

еді. Бәдір соғысынан басқа соғыстың бәріне қатысты. Намаздың бір рәкатында бүкіл Құранды оқыған төрт адамның бірі. Көп оқығандықтан екі мусхаф тоздырады. Хазреті Әбу Бәкірдің жинаған Құран кәрімінен тағы алты нұсқа жаздырып, алты жерге жіберді.

Ислам діні тарала бастағаннан кейін шар тараптан мұсылман болғандар Мәдина Мунаууараға келе бастады. Мәсжиди шәрифтың іші тар болғандықтан келгендер орын таппады. Далаға шатыр құрып отырды. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам **«Кімде-кім біздің осы мешітті бір зра кеңейтсе, жаннатқа барады»** дегенде, Осман (радиаллаһу анһ) "Ей Расулаллаһ! Менің мал-мүлкім Сіздің жолыңызда пида болсын. Мен кеңейтемін" деді. Сөйтіп, мешітті қырық зраға кеңейтіп берді.

Осы оқиғадан кейін Аллаһу та'ала **«Аллаһу та'аланың мешіттерін тек Аллаһқа және ахирет күніне сенетін, намазын толық оқитын, зекет беретін және Аллаһу та'аладан қорқатын адамдар жөндейді. Осы сипаттағы кісілер Жаннатқа апаратын амалдарды жасауы керек»** мағынасындағы Тәуба сүресінің 18-аятын жіберді.

Әли бин Әбу Талиб
(радиаллаһу анһ)

Ол – Расулуллаһтың немере ағасы Әбу Тәліптің ұлы. Ислам халифаларының және жұмақпен сүйіншіленген он адамның төртіншісі. Расулуллаһтың күйеу баласы. Әһли бәйттің біріншісі. Хиджрадан 23 жыл бұрын Меккеде туылды. Он жасында иман келтірді. Барлық соғыстарда ерлік көрсетті. Бір ғана Ухуд соғысында он алты жерінен жарахат алған еді. Хиджраның 35-ші жылы зулхижжа айында халифа болды. 40-шы жылы (м.660) 17 рамазанда жұма күні таң намазына бара жатқанда Абдуррахман ибн Мүлжәм есімді харижит сектасының өкілі тарапынан қылышпен маңдайына ұрылып, шәйіт етілді. Куфада, яғни қазір Нажаф деп аталатын қалада жерленген. Бидай өңді, ұзын бойлы, жылы жүзді үлкен, қара көзді, кең денелі, ірі тұлғалы кісі еді. Соңғы уақыттарда шашы мен сақалы аппақ кудай ағарып кеткен

еді. Әулиелердің ұлысы, әулиелік жолдың басшысы еді. Барлық тариқатта әулиеліктің марифаты мен фәйзі, яғни рухани білімі хазіреті Әлиден келеді.

Расулуллаһтың әйелдері

Хадижа-тул-Кубра
(радиаллаһу анһа)

Ол – Хувайлид бин Әсад бин Абдил-Узза бин Құсайдың қызы. Расулуллаһтың алғашқы әйелі. Өте бай, білімді және өте ақылды болатын. Бар мүлкін расулуллаһқа арнады. 24 жыл жақсы қызмет жасады. Хиджрадан үш жыл бұрын 65 жасында Меккеде қайтыс болды. Алғаш иман келтірген әйел. Расулуллаһтың барлық қыздары мен екі ұлының анасы.

Айша (радиаллаһу анһа) айтады: "Пайғамбарды өзге әйелдерінен Хадишаны қызғанғаным секілді қызғанып көрген емеспін. Оны өзім көрген жоқпын. Бірақ, пайғамбар оны көп айтатын. Көбінесе, қой сойған кезде оның етінен Хадишаның жақындарына беріп жіберетін. Хадишаның атын айта бастаса: "Дүниеде одан өзге әйел жоқпа?" дейтінмін. Расулуллаһ болса оның ұнамды істерін айтып: **«Ол менің балаларымның анасы»** дейтін".

Айша
(радиаллаһу анһа)

Расулуллаһтың әйелі. Әбу Бәкір Сыддықтың қызы. Өте ақылды, зейінді, білімді, әдепті, тәртіпті адал еді. Әдебиет білімі өте қуатты еді. Есте сақтау қабілеті күшті болғандықтан сахабалар біраз нәрселерді содан сұрап білетін. Аят арқылы мадақталды. Ижтиһады хазреті Әлиден басқа болғандықтан Жәмәл оқиғасында Әлимен күрескен сахабалардың сапында болды. Хазреті Әли шәйіт болғанда қатты қайғырды. Шииттер оны Әлиді көре алмайтын еді деп айыптап, жала жабады. Алайда, **«Әлиді жақсы көру – имандылықтың белгісі»** деген хадис шәрифті хазіреті Айшаның

өзі риуаят еткен. Осылайша, оны жақсы көретінін және барлық адамның оны жақсы көруі керек екендігін білдірді. Хиджрадан 8 жыл бұрын туылып, хижраның 57- жылы Мәдинада дүние салды.

Айша (радиаллаһу анһа) айтады: "Сахабалар пайғамбарымызға сыйлықтарын менің үйімде болған кезінде әкелетін. Осылайша Расулуллаһтың көңілінен шығуды қалайтын", "Расулуллаһтың әйелдері екі топқа бөлінетін. Бірінші топқа мен, Хафса, Сафийа және Савда кіретінбіз. Екінші топқа Умму Саләмә және қалған әйелдер кіретін. Екінші топтағы әйелдер Умму Саләмәні Расулуллаһқа жіберіп, пайғамбарымыз сахабаларына *«Сыйлық бергісі келген адам Мен қай үйімде болсам, сол жерге әкелсін»* деп айтсыншы дейді. Умму Саләмә осыны айтқанда **«Мені ренжітпеңдер. Маған періште уаһиди тек Айшаның үйінде болған кезімде әкеледі»** дейді. Умму Саләмә: "Ей Расулуллаһ! Сізді ренжітіп қоюдан Аллаһқа сыйынамын. Тәубе еттім" деді. Ол әйелдер кейін хазіреті Фатиманы да сол өтінішпен жіберді. Сонда: **«Ей, қызым менің жақсы көргенімді** (Айшаны) **сен де жақсы көрмейсің бе?»** дейді. Фатима (радиаллаһу анһа) "иә" деп жауап береді. Пайғамбарымыз: **«Олай болса оны жақсы көр»** деп бұйырды".

Жуайрийа
(радиаллаһу анһа)

Бәни Мусталақ қауымының басшысы болған Харистің қызы болатын. Хиджраның 5-ші жылы болған "**Мурайси"** соғысында тұтқынға түседі. Немере ағасының баласы болған күйеуі соғыста өлтіріледі. Өзі 20 жаста, өте сұлу болатын. Жуайрийаны сатуға алып шыққанда әкесі оны сатып алу үшін Мәдинаға бірнеше түйе әкеледі. Екі жақсы түйесін қимай, қаланың сыртына жасырып қояды. Расулуллаһ алейһиссалам **«Пәлен жердегі екі түйеңді де әкел»** дейді. Бұл мұғжизаға таң қалған Харис екі баласы және көп адамдарымен иман келтіреді. Расул алейһиссалам түйелерін алып, қызын кері қайтарады. Сол кезде қыз да иман келтірген болатын. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Жуайрийаны әкесінен сұрап, некесін қидырады. Жуайрийа (радиаллаһу анһа) хижраның 56-шы жылы (м.675) қайтыс болды.

Савда

(радиаллаһу анһа)

Савда бинти Зәм’а - расулуллаһтың әйелі. Күйеуі екеуі иман келтіріп, Хабашстанға көшкен еді. Меккеге қайтқаннан соң күйеуі қайтыс болды. Расулуллаһ алдымен хазіреті Айшамен кейін Савдамен некелесті. Хазреті Омардың халифалығы кезеңінде қайтыс болды.

Умму Хабиба

(радиаллаһу анһа)

Ол Әбу Суфйан бин Харб бин Умайаның қызы еді. Хазреті Муауияның қарындасы. Күйеуі Убайдуллаһ бин Жахшпен бірге мұсылман болып, Хабашстанға хижрат етіп, көшті. Күйеуі сол жердегі поптардың арбауына түсіп, діннен шықты. Кейіннен қайтыс болды. Умму Хабиба жалғыз қалды. Жоқшылыққа ұшыраса да “Расулуллаһтың дінінен айырылмаймын” дейді. Расулуллаһ оны қуанту үшін онымен некеге тұруды қалайды. Нажашиге, яғни Хабаш сұлтанына хат жазады. Нажаши некесін қидырып, Умму Хабиба анамызды Мәдинаға жібереді. Әкесі Әбу Суфйан ол кезде әлі иман келтірмеген болатын. Меккенің кәпірлерінің басшысы еді. Кейіннен Әбу Суфйан, әйелі Хинд және Умму Хабибаның бауыры Муауия (радиаллаһу анһум) иман келтіріп, мұсылмандықты қабылдады.

Әбу Суфйан бин Харб Таиф соғысында үлкен ерлік көрсеткен. Бір көзінен айырылады. Сонда расулуллаһ **«Ей Әба Суфйан! Қайсысын қалайсың? Егер қаласаң дұға оқиын, көзің орнына келсін, егер қаласаң Аллаһу та’ала жұмақта бір көз берсін»** дейді, Әбу Суфйан: “Ей Расулаллаһ, жұмақта берілгенін қалаймын” деді де қолында ұстап тұрған көзін лақтырып жібереді. Әбу Суфйан Йармуқ соғысында да үлкен ержүректік танытады. Екінші көзінен айырылып, сол соғыста шәйіт болады. Умму Хабиба 44-ші жылы (м.664) Мәдинада қайтыс болды. (Хабаш билеушілері “Нажаши” (Негус) деп аталатын. Сол кездегі нажашидің аты Асхама болып, мұсылман болған еді).

Умму Саләмә
(радиаллаһу анһа)

Шын есімі Хинд болатын. Күйеуі Әбу Саләмә екеуі Хабашстанға алғаш болып хижрат қылады. Әбу Саләмә – расулуллаһтың нағашы әпкесі Бәррәнің ұлы Убайдуллаһ бин Жахштың бауыры еді. Ол Мәдинада Ухуд соғысында алған жарақатынан қайтыс болады. Умму Саләмә Әбу Бәкір мен Омардың некелесу талаптарын қабылдамайды. Расулулаһпен некелесу бақытына қауышады. Хиджраның 59-шы (м. 678) жылы Мәдинада 84 жасында қайтыс болады. Пайғамбарымыздың әйелдерінің арасында ең соңынан дүние салған анамыз осы кісі еді.

Зейнеб бинти Жахш
(радиаллаһу анһа)

Ол - Расулуллаһтың нағашы әпкесі болған Умайманың қызы, Абдуллаһ бин Жахштың қарындасы еді. Әкесінің аты - Бурра. Исламды қабылдамағандықтан "Жахш" деп атанды. Зейнеп алғашқы иман келтіргендердің бірі. Расулуллаһ әуелі оны баласындай болған Зайд бин Харисамен некелестірді. Зайд Зейнептің құқығын орындай алмайтын болғандықтан екеуі хижраның үшінші жылы ажырасады. Кейін Расулуллаһтың өзі онымен некелесуді қалайды. Зейнеп мұны естіген кезде қуанғаннан 2 рәкат намаз оқиды. "Ей Раббым! Сенің расулың мені қалайды. Егер оны менімен некелесуге жазсаң, мені оған сен бер" деп дұға етті. Дұғасы қабыл болып, "Ахзаб" сүресінің: **«Зайд онымен ажырасқаннан кейін біз оны саған әйел еттік»** деген 37-аяты түсті. Зейнептің некесі Аллаһ тарапынан жасалғандықтан расулуллаһ неке рәсімін жасаған жоқ. Хазреті Зейнеп (радиаллаһу анһа) осыны әрдайым мақтаныш тұтып, *"Әр қызды әкесі некелейді. Ал мені Раббымның өзі некелестірді"* дейтін. Ол кезде 38 жаста болатын. Хиджраның 20-шы жылы 53 жасында қайтыс болады. Қайырлы істерді, садақа беруді ұнататын. Қолөнерге бейім болатын. Істеген нәрселері мен қолына түскен заттардың бәрін туыстары мен кедейлерге тарататын. Халифа Омар (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың

әйелдерінің әрқайсысына он екі мың дирхамнан беретін. Ол болса ала сала бәрін садақа етіп беретін. Расулуллаһтан кейін алғаш қайтыс болған әйелі еді. Хазреті Айша Зейнеп анамызды көп мадақтаған. **«Әйелдерімнің ішінде маған ең алғаш болып қауышатыны қолы ашық (**жомарт**) болған әйелім»** деген хадис шәриф оның бірінші болып қайтыс болатынына белгі берген. Өйткені, ең көп садақа беретін әйелі сол еді.

Француз ақыны Вольтер Расулуллаһтың (алейһиссалам) хазіреті Зейнеппен некелесуін шындыққа қайшы суреттеп, жалаларға толы өлеңді пъеса жазған. Ойшылға, әдебиетшіге жараспайтын осы іске асқысыз туындысы Вольтерді кезінде "діннен безген" деп айыптаған папаға ұнап, ол оған мақтау хат жазады. Мұсылмандардың халифасы сұлтан екінші Абдулхамид Хан бұл пьесаның сахнада қойылатынын естіп, Франция және Англия үкіметтеріне шарт қою (ультиматом) арқылы қойылымның алдын алады. Осылайша ол бүкіл адамзатты адам ұялатын санасыздықтан құтқарған.

Зейнеб бинти Хузайма
(радиаллаһу анһа)

Ол көп ғибадат жасап, көп садақа беретін. Бұрын Абдуллаһ бин Жахштың әйелі болған. Абдуллаһ – Расулуллаһтың нағашы әпкесі Умайманың баласы болып, Ухуд соғысында шәйіт болады. Зейнеп Расулуллаһпен некелесу бақытына қауышқаннан 8 ай өткен соң қайтыс болады.

Хафса
(радиаллаһу анһа)

Ол – хазіреті Омардың қызы. Күйеуі екеуі Хабашстанға және Мәдинаға мұсылмандармен бірге хижрат қылып, көшеді. Алғашқы күйеуі Хунйас бин Хузафа Бәдір соғысына қатысты. Кейіннен қайтыс болады. Хиджрадан 2,5 жылдан кейін Расулуллаһпен некелесті. 45-ші (м. 665) жылы алпыс жасында қайтыс болды.

Мәймунә
(радиаллаһу анһа)

Шын есімі - Биррә, пайғамбарымыз оны Мәймунә деп атады. Хайбар қаласы алынғаннан кейін Меккеге умраға барған кезде Мәймунәнің күйеуі қайтыс болған еді. Оған Расулуллаһпен некелесу мәртебесі бұйырды. 53-ші жылы (м. 673) Меккеде сырқаттанады. "Мені Меккеден шығарыңдар! Өйткені, Расулуллаһ менің Мекkенің сыртында дүние салатынымды айтқан" дейді. Қаладан шығарған соң, Расулуллаһпен некелескен жерінде қайтыс болады.

Сафийа
(радиаллаһу анһа)

Хайбар яһудилерінің басшысы Хуай ибни Ахтабтың қызы. Хайбардағы бір яһудимен аттастырылған еді. Кейіннен өте бай адам Кенан бин Хақиққа тұрмысқа шығады. Хиджраның 7-ші жылы Хайбар қаласы соғыс нәтижесінде мұсылмандардың билігіне өткен кезде Сафийа да тұтқынға алынады. Пайғамбардың рақымдылығымен азат етіледі. Иман келтіріп, Расулуллаһпен некеледі. Хиджраның 50-ші (м. 670) жылы Мәдинада қайтыс болады.

Расулуллаһтың балалары

1. Абдуллаһ (радиаллаһу анһ)
2. Қасым (радиаллаһу анһ)
3. Ибрахим (радиаллаһу анһ)
4. Фатима (радиаллаһу анһа)
5. Руқайа (радиаллаһу анһа)
6. Умму Кульсум (ГҮЛСІМ - радиаллаһу анһа)
7. Зәйнәб (ЗЕЙНЕП - радиаллаһу анһа)

Ибрахим - Мария деген шөріден, қалғандары Хадишадан "радиаллаһу анһа" дүниеге келген еді. Мария мұсылман болып, хазреті Омардың халифалық кезеңінде қайтыс болады.

Пайғамбардың әулеті (Әһли бәйт)

“Тирмизи” хадис кітабындағы бұл мағлұматтар сахаба Зайд бин Әркамнан алынған. Хадис шәрифте: **«Сендерге екі нәрсе қалдырамын. Осыларды ұстансаңдар, Менен кейін тура жолда қаласыңдар. Біріншісі екіншісінен артық. Ол – Аллаһтың кітабы. Екіншісі - әһли бәйтім. Қияметте Хауз басында маған қауышқанға дейін бұл екеуі бір-бірінен айырылмайды»** делінген. “Бір-бірінен айырылмайды” деген сөз - Құран кәрімді ұстанған адамның әһли бәйтті сүюі, құрметтеуі керек дегенді білдіреді. Әһли бәйтті ұстану – оларды жақсы көру болып табылады. Бұл Құран кәрімге мойынсұну қандай сауап болса, әһли бәйтті сүю де сондай сауап екендігін көрсетеді. Әһли сүннет сенімінде болған мұсылман әһли бәйтті де, асхаби кирамның барлығын да жақсы көреді.

Бір хадис шәрифте: **«Менің әулетіме, тегіме тіл тигізіп, мені ренжіткендерге Аллаһу та’ала өте қатты азап береді»** делінген.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Сіздердің ең жақсыларыңыз – Менен кейін әһли бәйтіме жақсылық жасағандарыңыз»** делінді.

Хазреті Әли риуаят еткен екі хадис шәрифте: **«Әһли бәйтіме тиіскен адамға қиямет күні соның азабы жеткілікті болады»** және **«Сират көпірінен ең оңай өтетініңіз – әһли бәйтіме және сахабаларыма ерекше махаббат пен құрмет көрсеткендеріңіз»** деп айтылған.

Әли “радиаллаһу анһ”

Ол – расулуллаһтың немере ағасы Әбу Тәліптің ұлы. Ислам халифаларының және жаннатпен сүйіншіленген он адамның төртіншісі. Расулуллаһтың күйеу баласы. Әһли бәйттің біріншісі. Хиджрадан 23 жыл бұрын Меккеде туылды. Он жасында иман келтірді. Барлық соғыстарда ерлік көрсетті. Бір ғана Ухуд соғысында он алты жерінен жарахат алған еді. Хиджраның 35-ші жылы зулхижжа айында халифа болды. 40-шы жылы (м.660)

17 рамазан, жұма күні таң намазына бара жатқанда Абдуррахман ибн Мүлжәм есімді харижит қылыштап, шәйіт болады.

Куфада, яғни қазір Нажаф деп аталатын қалада жерленген. Бидай өңді, ұзын бойлы, жылы жүзді, үлкен, қара көзді, кең денелі, ірі тұлғалы кісі еді. Соңғы уақыттарда шашы мен сақалы аппақ құдай ағарып кеткен еді. Әулиелердің ұлысы, әулиелік жолдың басшысы еді.

Фатима “радиаллаһу анһа”

Расулуллаһтың төртінші қызы. Хазреті Әлидің әйелі және Хазреті Омардың қайын енесі. Некесі қиылғанда 15 жаста болатын. Ал хазіреті Әли ол кезде 21 жаста еді. Аққұба, сұлу қыз еді. Хиджрадан он үш жыл бұрын Меккеде туылды. 11 жылы жиырма төрт жасында қайтыс болды. Хасан, Хусейн және Мухсин деген үш ұлы және Умму Кульсум, Зейнеп атты екі қызы болды. Расулуллаһтың ұрпағы Фатимадан тарады.

Хасан “радиаллаһу анһ”

Ол – Расулуллаһтың қызы хазіреті Фатиманың ұлы. Аққұба өңді, көркем келбетті еді. Жүзі Расулуллаһтың келбетіне ұқсайтын жеті адамның бірі болатын. Расулуллаһқа қатты ұқсайтын. Он екі имамның екіншісі, Ислам халифаларының бесіншісі. Хиджраның үшінші жылы Мәдинада туылып, 49-шы жылы Мәдинада қайтыс болды. Әкесі хазіреті Әли шәйіт болғаннан кейін 40-шы жылы Куфада халифа болып сайланады. Куфа, Басра, Ирак, Хорасан, Мекке, Мәдина, Хижаз және Йеменге халифа болды. Қалған жерлер хазіреті Муауияның қолында еді. Жеті айдан кейін Бағдаттың қасындағы Анбар деген жерде екеуінің әскері соғысқа дайын тұрған кезде мұсылмандардың қаны төгілмесін деп, халифалықты хазіреті Муауияға береді. Мәдинаға барып өмірінің аяғына дейін, сол жерде тұрады. Оның тегі **“шәриф”** деп аталады.

Бұхари мен **Мүслим** хадис кітаптарында Бәра риуаят (нақыл) еткен хадис шәрифте Расулуллаһтың хазіреті Хасанды иығына отырғызып: **«Ей Раббым! Мен мұны жақсы көремін. Сен де жақсы көре гөр!»** дегені келтіріледі.

Бұхариде өткен, Әбу Бәкір нақыл еткен хадис шәрифте: Расул алейһиссалам мінберге шыққан еді. Хазреті Хасан қолында болатын. Бізге бір, Хасанға бір қарап: **«Бұл менің ұлым Сейид. Аллаһу та'ала бәлкім осы арқылы екі мұсылман әскерінің арасында бейбітшілікті орнатады»** деді.

Тирмизиде өткен хадис шәрифте Усама бин Зайд айтады: Расулуллаһ алейһиссалам Хасан мен Хусейнді тізесіне отырғызып: **«Бұл екеуі менің балаларым және қызымның балалары. Ей Раббым! Мен бұл екеуін жақсы көремін. Сен де жақсы көре гөр. Бұларды жақсы көргендерді де жақсы көре гөр!»** деп айтты.

Хусейн "радиаллаһу анһ"

Ол – Расулуллаһтың немересі, хазіреті Әлидің екінші баласы. Он екі имамның үшіншісі, әһли бәйттің бесіншісі. Оның тегінен шыққандар **"Сейид"** (саййид) деп аталады.

Хиджраның 6-шы жылы туылып, 61-ші (м.680) жылы мухаррам айының 10-ында Кербалада шәйіт болады. Басы Мысырдағы Карафа қабірстанында. Расулуллаһтың сүйікті немересі болғандықтан сүнни мұсылмандардың да сүйіктісі болатын. Шииттер оны Әлидің ұлы болғандықтан жақсы көреміз деп 10 мухаррам күні аза тұтады. Исламда аза тұту деген нәрсе жоқ. Олардың әһли бәйтпен және он екі имаммен байланысы жоқ екендігі байқалады. Өйткені, оларды шынайы жақсы көріп, жолын ұстанатындар – әһли сүннет сеніміндегілер. Хадис шәрифте **«Хасан мен Хусейн – жаннат жастарының ең ұлылары»** деп айтылған.

Иманның бесінші шарты

Ахирет күніне сену

Иман келтірілуі қажет болған алты шарттың бесіншісі **ахирет күніне сену**. Бұл уақыттың басталуы - адамның өлетін күні болып табылады. Қияметтің соңына дейін жалғасады. "Соңғы күн" делінуі – одан кейін түн болмайтындығына немесе осы дүниеден

кейін болатындығына байланысты айтылған. Хадис шәрифте көрсетілген бұл “күн” біз білетін күн мен түн сияқты емес. Белгілі бір уақыт, белгілі бір заман деген сөз.

Қияметтің белгілері

Қияметтің қашан болатындығы туралы бізге білдірілген жоқ. Бірақ, пайғамбарымыз (алейһиссалам) бірнеше белгілері мен бастамалары туралы айтты: **«Хазреті Маһди келеді, Иса (алейһиссалам) көктен Шамға түседі. Дежжал шығады. Йа’жуж-ма’жуж деп аталатын қауым барлық нәрсені қопарады. Күн батыстан туады. Үлкен зілзалалар болады. Дін білімі ұмытылады. Пасықтық, жамандық көбейеді. Дінсіз, адамгершіліксіз, намыссыз адамдар билікке келеді. Аллаһу та’аланың бұйрықтарын жасауға тиым салынады. Барлық жерде арам істер жасалады. Йеменнен бір от шығады. Көк аспан мен таулар паршаланады. Күн мен ай түнереді. Теңіздер бір-біріне араласып, қайнап, суы тартылады»**.

Қабір өмірі

Күнә істерді жасаған мұсылман **“фасық”** деп аталады. Ислам дініне сенбеген және діннің әміріне мән бермеген адам **“кәпір”** деп аталады. Фасықтар мен барлық кәпірлер қабірде азапқа тартылады. Бұған сену керек. Өлген адам қабірге қойылғаннан кейін біз білмейтін бір күйде тіріліп, қылмысына жараса не рахат көреді. Не болмаса азап шегеді. **Мункир** және **Накир** деген екі періштенің қорқынышты адам кейпінде мазарға келіп сұрақ сұрайтындығы туралы хадистерде айқын көрсетілген. Қабір өміріне сену керек.

Қабір сұрақтары және жауаптары

Раббым – Аллаһу та’ала. Пайғамбарым -хазіреті Мұхаммед алейһиссалам. Дінім – Ислам. Кітабым – Құран кәрім. Қыблам – Қағба шәриф. Сенімдегі мазһабым - Әһли сүннет уәл жамағат. Амалдағы мазһабым – Имам ағзам Әбу Ханифа мазһабы. (Басқа

амал мазһабында болса, соны айтады) Қиямет күні адамдар ұстанған мазһаб имамдарының есімімен шақырылатыны, мысалы *«Ханафилер келіңдер! Сүнни(т)лер келіңдер!»* делінетіні **“Рух-ул-баян”** тәфсірінде “Исра” сүресінің 71-ші аятында жазылған.

Кейбір ғалымдардың пікірінше қабір сұрақтары кейбір сенімдерден болады, кейбірлерінің пікірінше біртұтас ақаид мәселесінен (иман тақырыптарынан) болады. Сондықтан да балаларымызға: “Раббың кім? Дінің не? Кімнің үмбетісің? Кітабың не? Қыблаң қайда? Сенім мен амалдағы мазһабың қандай?” деген сұрақтардың жауаптарын үйретуіміз керек. Бұл сұрақтарға дүниеде әһли сүннет жолында болмағандардың жауаптары дұрыс болмайды. Жақсы жауап бергендердің қабірі кеңейіп, оған жұмақтан бір терезе ашылады, жұмақтағы орындарын көреді. Періштелер оған жақсылықтар жасайды, сүйіншілер береді. Жақсы жауап бере алмаса, темір тоқпақтармен дүре соғылады. Дауысын адам мен жыннан басқаның бәрі естиді. Қабірі тарылып, денесін қысады. Тозақтан бір терезе ашылып, тозақтағы орнын көріп, маһшарға дейін азап шегеді. Қабірдегі, қияметтегі жағдайларды дүние істеріне ұқсатуға болмайды. Ондағы өмір – ақиқат өмір!

Өлгеннен кейін қайтадан тірілуге сену - шарт. Ет пен сүйек шіріп, топырақ пен газға айналғаннан кейін, қайтадан жиналып, рух денеге кіріп, мазардан тұрады. Сондықтан бұл сәт **«Қиямет күні»** деп аталады.

Қабір жағдайлары

Өлгендер қабірде төрт жағдайда болады. Кейбірі өкшесімен отырады. Көзі шығып, денесі ісіп, денесі топыраққа айналғанға дейін осы қалпында тұрады. Одан кейін рухы періштелер әлемін шарлайды.

Кейбіреуіне Аллаһу та’ала ұйқы береді. Бірінші сур үрленгенге дейін не болып жатқанынан хабары болмайды. Бірінші сур үрленгеннен кейін оянып, кейіннен қайта өледі.

Кейбірі қабірінде екі немесе үш ай тұрады. Сосын рухы жаннат құсына мініп, жұмаққа барады. Мұны көрсететін хадис шәрифтер сахих хадистер болып табылады. Пайғамбарымыз Мұхаммед

алейһиссалам: **«Мұсылманның рухы құспен бірге болады. Жәннат ағаштарының біріне қонып тұрады»** деген. Сол сияқты шәйіттердің рухтары туралы сұралғанда: **«Шәйіттердің рухтары жасыл құстардың ішінде болып, жаннат ағаштарына қонып тұрады»** деп жауап берілді.

Кейбір адамдар қалаған кезінде орындарынан көтеріледі. Кейбірлері сур үрленгенге дейін сол жерде тұрады.

Төртінші халде болатындар – нәбилер мен әулиелер. Олардың кейбірі қияметке дейін ұшып жүреді және көпшілігі түнде көрінеді. Әбу Бәкір Сыддық пен Омар Фаруқ осыларға жатады.

Пайғамбарымыз: **«Адамдар ұйқыда, өлген кезде оянады»** деп бұйырған. Бұл хадис үшінші өмірді, яғни қабір өмірін көрсетеді.

Қабір өміріндегі жағдайлар өлгендердің ақиқаттары мен сипаттары ашылатын кезіндегі жағдайлар болып табылады. Өлілердің кейбірі бір орында қалады. Кейбірі кезіп жүреді. Кейбірі қатты азапқа тартылады. Бұған дәлел **"Мумин"** сүресінің 46-шы аяты: **«Нар (от) күнәһарлар үстіне таңмен кеште беріледі. Қиямет күнінде де тозақта міндет атқаратын періштелерге Перғаунға ергендерді азаптың ең қорқынышты жеріне тастаңдар деп бұйырылады»**

Өсімдіктер көміртегі диоксиді газын және топырақтан су мен тұзды алып, оларды біріктіреді. Осылайша, органикалық денелер қалыптасады. Жылдар бойы жалғасатын химиялық реакцияның катализатор арқылы бір сәтте жүзеге асатыны белгілі. Міне, осы сияқты Аллаһу та'ала мазарда су, көміртегі диоксиді және топырақ денелерін біріктіріп, органик денелерді, жанды мүшелерді бір сәтте жаратады. Осылайша тірілетінімізді Мұхаммед (алейһиссалам) хабарлайды. Жаратылыстану ғылымдары мұның осы дүниеде де жасалып жатқанын көрсетеді.

Бүкіл жанды болмыстар маһшарға жиналады. Әрбір адамның амал дәптері ұшып, иесіне келеді. Бұларды Аллаһу та'ала жүзеге асырады. Бұлардың болатыны туралы Аллаһу та'аланың расулы хабар берген. Оның айтқандары рас. Олардың бәрі міндетті түрде жүзеге асады.

Жақсы адамдардың амал дәптерлері оң жағынан, жаман адамдардың амал дәптері сол жағынан беріледі. Жақсы, жаман,

үлкен, кіші, ашық, жасырын жасалған барлық әрекет дәптерде жазулы тұрады. **Кирамән катибин** періштелері білмейтін істерді адам мүшелерінің білдіруімен және Аллаһу та'аланың білдіруімен белгілі болып, барлық нәрседен есепке тартылады. Маһшарда Аллаһу та'аланың қалаған әрбір жасырын нәрсесі ашылады. Періштелерден **"Көкте, жерде не істедіңдер?"** деп, пайғамбарлардан **"Аллаһу та'аланың үкімдерін оның құлдарына қалай жеткіздіңдер?"** деп, адамдардан **"Пайғамбарларға қалай мойынсұндыңдар, міндеттеріңді қалай атқардыңдар?"** деп сұралады. Маһшарда жақсылық жасаған адамдар сый-сияпатқа бөленіп, жамандық жасаған адамдар ауыр азапқа ұшырайды.

Аллаһу та'ала қалаған имандылардың күнәларын кешіруі мүмкін. Аллаһқа серік қосу мен күпірліктен басқа барлық күнәні қаласа кешіреді. Қаласа кіші күнәларға да азап береді. Мүшрік және кәпірлерді ешқашан кешірмейтінін білдірген. Кітапты, кітапсыз кәпірлер, яғни Мұхаммед алейһиссаламның бүкіл адамзаттың пайғамбары екендігіне сенбейтін, ол көрсеткен үкімдердің бірін ұнатпайтын кісілер сол халдерімен өлетін болса, міндетті түрде жаһаннамда мәңгі азап шегеді.

Қиямет күнінде істерді өлшейтін, біз білмейтін өлшем құралы – **"Мизан"** (таразы) бар. Жер де, көк те бір жағына сиятындай үлкен болады. Сауап жағы жарық, Арштың оң жағында, жаннат тарапында. Күнә жағы қараңғы, Арштың сол жағында, тозақ тарапында. Дүниеде жасалған істер, айтылған сөздер, ой-пікір, көзқарас сол жерде көзбен көрінетін бір халге келтіріледі. Сауапты істер жарық, ал күнәлар қараңғы, жиіркенішті түс алып, таразыға тартылады. Бұл таразы дүниедегі таразыға ұқсамайды. Ауыр жағы жоғары шығады. Жеңіл жағы төмен түседі деп айтылды. Әһли сүннеттің кейбір ғалымдары бірнеше таразы болады дескен. Көпшілігі таразының неше және қалай тартатыны дінде ашық білдірілмегенін айтып, бұл туралы ойламау керектігін бұйырған.

Сират көпірі

Сират көпірі деген өткел хақ. Аллаһу та’аланың бұйрығымен тозақтың үстіне құрылады. Барлық адамға осы көпірден өту бұйырылады. Ол күні барлық пайғамбарлар **«Ей Раббым, амандық бер!»** деп жалбарынады. Жәннатқа баратындар көпірден оңай өтеді. Олардың кейбірі найзағайдай, кейбірі желдей және кейбірлері шапқан ат секілді тез өтеді. Сират көпірі қылдан жіңішке, қылыштан өткір. Бұл дүниеде Исламды ұстану да осыған ұқсайды. Исламға толық амал етуге тырысу – Сират көпірінен өту сияқты. Бұл жерде нәпсісімен күресіп, оның азғыруына еліктемей, осы қиыншылықтарға сабыр еткендер сираттан оңай және рахат өтеді. Исламды дұрыс ұстанбай, нәпсіне ергендер Сираттан қиналып өтеді. Сол үшін де Аллаһу та’ала Исламның көрсеткен тура жолын **“сирати мустақим”** деп атайды. Есімдердің ұқсастығы Ислам жолын ұстанудың Сират көпірінен өту сияқты екендігін көрсетеді. Тозаққа баратын адамдар Сират көпірінен өте алмай, тозаққа түседі.

Сират көпірі дегенде дүниедегі көпірлерді ойламау керек. Мысалға: “кластан класқа көшу үшін емтихан көпірінен өту керек” деп айтамыз. Әрбір оқушы емтихан көпірінен өтуге міндетті болғандығы үшін, біз бұған көпір дейміз. Алайда емтиханның көпірге ұқсайтын жағдайы мүлдем жоқ. Емтихан көпірінен өтетіндер болғандай өте алмай құлайтындар да табылады. Бірақ бұл құлау көпірден өзенге құлауға мүлдем ұқсамайды. Емтихан көпірінің қалай екенін ол жерден өткендер біледі. Сират көпірінен де барша адамзат өтеді. Кейбіреулері де өте алмай, жаһаннамға құлайды. Демек бұл көпір, ол жерден өту, тозаққа құлау дүние көпірлерімен емтихан көпіріне ұқсамайды.

Сират көпірінде 7 сұрақ қойылады:

1) Иман. 2) Намаз. 3) Ораза. 4) Қажылық. 5) Зекет. 6) Құл ақысы. 7) Ғұсыл, истинжа және дәрет. Осы жеті сұраққа жауап бергендер көпірден өтеді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу алейһи уә сәлләмге тән **“хаузи кәусар”** (кәусар көлі) бар. Үлкендігі бір айлық

жолдай. Суы сүттей ақ, иісі тамаша. Айналасындағы кеселердің саны жұлдыздардың санынан көп болады. Оны бір рет ішкен адам тозақта болса да қайтып шөлдемейді.

Шапағат

Маһшар күнінде шапағаттың болатыны хақ. Тәубе етпей қайтыс болған мұсылмандардың үлкен-кіші күнәларының кешірілуі үшін пайғамбарлар, әулиелер, тақуалы кісілер, періштелер, Құран кәрім, Аллаһу та'аланың рұқсат еткен басқа да құлдары шапағат етеді, ол қабыл болады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде: **«Үмбетімнің ішінен үлкен күнә істегендерге шапағат етемін»** деген. Бес түрлі шапағат бар.

Біріншісі: Қиямет күні махшарда адамның көптігінен, ұзақ күтуден шаршаған күнәһарлар у-шу көтеріп, тезірек есептің басталуын қалайды. Есептің тезірек басталуы үшін шапағат етіледі.

Екіншісі: Сұрақтың, есепке тартудың оңай және тез болуы үшін шапағат етіледі.

Үшіншісі: Күнәсі бар мұсылмандардың Сираттан тозаққа түспеуі, жаһаннам азабынан қорғалуы үшін шапағат жасалады.

Төртіншісі: Күнәсі көп мұсылмандардың жаһаннамнан шығарылуы үшін шапағат етіледі.

Бесіншісі: Жаннатта сансыз нығметтер беріліп, мәңгі қалынатын болса да, ондағы ләззаттар басқа-басқа сегіз дәрежеде болады. Әрбір кісінің дәрежесі, мақамы, иманы және амалдарының санынша болады. Жаннаттағылардың дәрежелерінің көтерілуі үшін де шапағат етіледі.

Жаннат пен Жаһаннам

Жұмақ пен тозақ қазір бар. Жұмақ жеті қат көктің үстінде. Тозақ барлық болмыстың астында. Сегіз жаннат, жеті жаһаннам бар. Жаннат жерден, күн мен аспаннан да үлкен. Ал жаһаннам күннен үлкен.

Арасат алаңы **"мауқиф"** және **"махшар"** (маһшар) деп де аталады. Бұл жерде қабір өмірінен кейін барлық адамдар жиналып, есепке тартылады. Бұл жердегілердің қалай шақырылатынын ислам ғалымдары әр түрлі суреттеді. Аллаһу та'ала ең алдымен адам өлтіргендерді есепке тартады. Ең алдымен есептері көріліп, сауаптары берілетін құлдар – дүниеде иманы тура болған көрлер болады. Олардың есебі жүріп жатқанда бір періште көзі көрмейтіндердің атынан: *"Дүниеде көруден шектелгендер қайда барады?"* деп сұрайды. Оған "Олар Аллаһу та'аланың жамалын көруге бәрінен де көбірек лайық" деген жауап айтылады. Сосын Аллаһу та'ала оларға "**Оң жаққа барыңыздар!"** деп бұйырады.

Олар үшін бір ту байланып, Шуайб алейһиссаламның қолына беріледі. Шуайб (алейһиссалам) оларға имам болады. Олардың алдына санын Аллаһу та'аладан басқа ешкім білмейтін есепке симайтындай көп нұр періштелері барады. Бұлар Сираттан тез өтіп кетеді. Сабырда және жұмсақ мінезділікте олар сахаба Абдуллаһ ибни Аббас (радиаллаһу анһ) сияқты болады.

Одан кейін *"Қиыншылықтарға сабыр еткендер қайда барады?"* делінеді. Алапес және жұқпалы аурулармен емтихан қылынған құлдар майданға әкелінеді. Аллаһу та'ала оларға сәлем береді. Оларға да **"Оң жаққа барыңыздар!"** дейді. Олар үшін де жасыл ту байланады да, оларға имам болған Әйуб (алейһиссалам) пайғамбарға беріледі. Сахабалардан Уқайл бин Әби Талиб (радиаллаһу анһ) және сол кісіге ұқсағандар осы топта болады.

Одан кейін *"Ислам дұшпандарының өтіріктеріне, жалаларына алданбай, әһли сүннет сеніміне нық берілген және осы тура иманын кемел дәрежеде сақтаған иманды, намысқой жастар қайда?"* деп сұралады. Бір топ адам алып келінеді. Оларға да Аллаһу та'ала сәлем беріп, ілтипат етіп, **"Оң жаққа барыңдар!"** дейді. Олар үшін дайындалған ту Юсуф алейһиссаламға беріліп, имамдары етіледі. Мұндай жастардың ерекшелігі – харам нәрселерден және бөтен әйелдер мен қыздардан бойын аулақ ұстауы. Рашид бин Сүлеймен (рахимаһуллаһ) және үмбет ішіндегі сол сияқты адамдар осы топта болады.

Одан соң *"Аллаһу та'ала үшін бір-бірін сүйгендер, мұсылмандарды жақсы көргендер және кәпірлер мен мүртәдтерді*

жақсы көрмегендер қайда?" деп сұралады. Олар да Аллаһу та'аланың алдына әкелінеді. Олар да оң жаққа жіберіледі. Аллаһу та'аланың дұшпандарын жақсы көрмейтіндердің сипаты сабырлылық пен мейірімділік. Олар дүниелік себептерге байланысты мұсылмандарға ешқандай жамандық жасамайды. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) және бұл үмбеттен оған ұқсағандар осы топқа жатады.

"Аллаһу та'аладан қорқып, харам іс істемегендер және жылағандар қайда барады?" деп сұралады. Олардың көз жасы шәйіттердің каны және ғалымдардың сиясымен қатар таразыға тартылады. Көз жасы ауыр түседі. Олардың да оң жаққа баруы бұйырылады. Олар үшін түрлі түсті ту байланады. Өйткені, олар әр түрлі харам іс істейтіндердің арасында жүргенде де "Аллаһ рахымды, ол кешіреді" деген алдауларға ермей, харамға қол сұқпаған адамдар еді. Олар түрлі күнәлардан сақтанып, Аллаһу та'аладан қорқып, көз жастарына ерік беретін. Олардың туы Нұх алейһиссаламға беріледі. Ғалымдар олардың алдынан өтуді қалайды. *"Оларға Аллаһ үшін жылау керектігін біз айттық"* дейді. Бір дауыс *"Ей Нұх, осы жерде тоқта!"* дейді. Нұх алейһиссалам тоқтайды. Жамағат та онымен бірге тоқтайды.

Әһли сүннет ғалымдарының сиясы мен шәйіттердің қаны таразыға тартылады. Ғалымдардың сиясы да ауыр тартып, олар оң жаққа өтеді. Шәйіттер үшін де бір сары ту әкелінеді. Ол Яхия алейһиссаламның қолына беріледі. Олардың алдында Яхия алейһиссалам жүреді. Ғалымдар алдына өтуді қалайды. Олар былай дейді: *"Шәйіттер біздің ілімімізді үйреніп соғысқа қатысты. Біз олардан ілгері жүруге лайықпыз"* дейді. Аллаһу та'ала **"Ғалымдар менің жанымда пайғамбарым сияқты"** дейді. Ғалымдарға **"Қалаған адамдарыңа шапағат етіңдер"** дейді. Ғалымдар әулеттеріне, көршілеріне, мұсылман бауырларына, жолындағы шәкірттеріне шапағат етеді.

Ғалымдардың әрқайсысына бір періште шақырылады. Періште адамдарға айтады: *"Пәлен ғалымға Аллаһу та'ала шапағат етуді бұйырды. Кім оның бір қажетіне көмектескен, бір жұтым су берген, я болмаса кітаптарын таратқан болса, оларға шапағат етеді."* Ол ғалымға дүниеде жақсылық жасаған, кітаптарын

таратқан адамдар орындарынан тұрады. Ғалым сол адамдарға шапағат етеді.

Хадис шәрифте ең бірінші шапағат ететіндердің - расулдар, одан кейін нәбилер, одан кейін ғалымдар екендігі көрсетілген. Ғалымдар үшін ақ ту байланады. Ибрахим алейһиссаламға беріледі. Ибрахим алейһиссалам жасырын ілімдерді жарыққа шығару тұрғысынан расулдардың ішіндегі ең ұлысы. Сол үшін ту соған беріледі.

Одан кейін *"Напақасын теріп жеу үшін жұмыс істеп, тер төккен, тапқанына қанағат еткен кедейлер қайда барады?"* деп сұралады. Аллаһу та'ала оларды шақырып, амандасады. *"Қош келдіңіз! Ей, дүние өздеріне зындан болған адамдар"* дейді. Олар да жаннатқа жіберіледі. Олар үшін де бір сары ту әкелініп, Исаға (алейһиссалам) беріледі. Иса алейһиссалам оларға имам болады.

Одан соң *"Байлар, яғни шүкіршілік еткен, мал-мүлкін, ақшасын дінді күшейтуге, мұсылмандарды залымдардан қорғауға жұмсаған байлар қайда?"* деп сұралады. Аллаһу та'ала берген байлықтарының есебін бес жүз жыл сұрайды. Олар үшін түрлі-түсті ту әкелінеді. Оларға Сүлеймен алейһиссалам имам болады. Олар да жаннатқа барады.

Үлкен күнә жасаған адамдардың жүрегінде иман бар болса, азап шеккеннен кейін шапағат көреді. Аллаһу та'ала оларға рахмет етіп, мыңдаған жылдардан кейін оларды тозақтан шығарады. Тозақтағылардың терілері жанып біткеннен кейін қайтадан жаратылады. Ұлы әулиелердің бірі Хасан Басри: *"Мен де осындай адамдар қатарынан болсам ғой"* деген. Хасан Басри ахирет туралы өте жақсы білетін адам болған. Қиямет күні бір мұсылман келеді. Оның еншісінде ешқандай жасаған жақсылығы болмайды. Аллаһу та'ала оның иманы құрметіне рахметімен оған айтады: **"Адамдарға бар, саған жақсылығы мен сауабын беретін адам ізде. Сол арқылы сен Жұмаққа барасың"**. Ол адам кетеді. Адамдар арасына барып дертіне шара болатын адам іздейді. Кімге айтса да: *"Менің де жақсылығым жетпей қалады деп қорқамын. Мен сауапқа сенен де мұқтажбын"* дейді. Ол ренжіп кетеді. Сонда қасына бір адам келіп, *"Не қалайсың?"* деп сұрайды. Әлгі кісі *"Маған сауап керек. Қаншама адамнан сұрадым, бәрі сылтау*

айтады” дейді. Сонда әлгі кісі *“Мен Аллаһу та’аланың құзырына бардым. Менің амал дәптерімде бар болғаны бір ғана сауап бар екен. Ол да мені құтқаруға жетпейді. Соны саған берейін”* дейді. Ол қуанып, риза болып, таразы басына келеді. Аллаһу та’ала ол құлының халін біліп тұрса да **“Қалай келдің?”** деп сұрайды. Ол болған оқиғаны айтып береді. Өзінің сауабын берген адамға Аллаһу та’ала: **“Иман иелеріне Менің жомарттығым, сенің жомарттығыңнан, жақсылығыңнан әлде қайда көп. Досыңның қолынан ұста. Жұмаққа барыңдар”** деп бұйырады.

Таразының екі басы тең түскенде, Аллаһу та’ала айтады: **“Бұл құл жұмақтық та тозақтық та емес”**. Сол кезде бір періште таразының күнә жағына бір парақ әкеліп салады. Онда “уф” деген сөз жазылған болып, сол жақ ауыр басады. Өйткені, “уф” деген сөз - әке-шешеге қарсылықты білдіретін сөз. Ол кісінің жаһаннамға тасталуы бұйырылады. Ол адам екі жағына кезек-кезек қарап тұрады. Аллаһу та’аланың шақырғанын қалайды. Аллаһу та’ала оны шақырады. **“Ей, күнәһар құл! Менің шақырғанымды не үшін қаладың?”** дейді. *“Ей Раббым! Әке-шешеме қарсылық білдіргенім үшін тозаққа бара жатырмын. Ең болмағанда, олардың азабын (жазасын) да маған қосып бер, оларды тозақтан құтқар”* дейді. Аллаһу та’ала айтады: **“Әке-шешеңе дүниеде қарсы келдің. Ахиретте сый жасадың. Олардың қолынан ұста, жаннатқа апар”** деп бұйырады.

Жаннатқа жіберілмегендерді періштелер ұстайды. Өйткені, періштелер ахирет үкімдерін өте жақсы біледі. Тіпті, ахиретте нәсібі жоқ қауымға олардың тозақтың отыны екендігі айтылады. Олар жаһаннамды толтыру үшін жаралған. Аллаһу та’ала **“Саффат”** сүресінің 24-аятында: **«Оларды тоқтатыңдар! Олардан сұрақ сұралады»** дейді. Олар сол жерде тұтқында қалады, **“Саффат”** сүресінің 25-аятындағыдай: **«Сендерге не болды, бір-біріңе көмектеспейсіңдер»** деп бұйырылғанға дейін ұстап тұрылады. Олар күнәларын мойындайды. Бәрі тозаққа жіберіледі. Мұхаммед (алейһиссалам) үмбетінің үлкен күнә істегендері де осылай әкелініп, қарт, жас, әйел, еркек бәрі бір жерге жиналады. Тозақтың күзетшісі Малик *“Сендер жаман топтансыңдар. Бірақ қолдарың байланбаған. Жүздерің қараймаған. Тозаққа кіргендер ішінде сендерден әдемі ешкім жоқ”* дейді. Олар *“Ей Малик! Біз Мұхаммед*

алейһиссаламның үмбетіміз. Бірақ істеген күнәларымыз бізді тозаққа алып келді. Бізді жібер, қылмысымызға жылайық” дейді. Малик оларға *“Жылаңдар! Бірақ, енді жылаудың ешқандай пайдасы жоқ”* дейді. Олардың барлығы сүрген харамға батқан өмірлеріне өкініп, жылайды.

Аллаһу та’аладан **«Ей Малик! Бұларды бірінші жаһаннамға жібер»** деген бұйрық келеді. Жаһаннам оларды ішіне алайын деген кезде олар: *“Ла илаһә иллаллаһ”* деп айқайлайды. Тозақ бұл сөзді естіп, бес жүз жылдық алысқа қашады. (бір нәрсенің көптігін білдіру үшін үлкен сандармен сипаттаудың Арабстанда әдет екендігі Ибни Абидиннің **“Радд-ул-мухтар”** кітабы “әл-хазар уәл ибаһа” бөлімінде жазылған. Яғни діни әдебиеттегі сандар анық мөлшерді емес, көптікті білдіреді.) Тағы да дауыс келеді: **«Әй, Тозақ! Мыналарды ал! Ей, Малик! Бұларды бірінші тозаққа сал!»**. Осы кезде күннің күркіреуі сияқты бір дауыс шығады. Жаһаннам олардың жүрегін өртемекші болғанда Малик оған кедергі келтіреді: *“Ей, Тозақ! Ішінде Құран кәрім бар, иманның мекені болған жүректі жақпа! Рахман болған Аллаһқа сәжде еткен маңдайды жақпа!”* дейді. Осылайша бұл қауым жаһаннамға тасталады. Сол кезде тозақтан бір кісінің басқалардан да қатты дауыспен айқайлап жылағаны естіледі. Оны тозақтан шығарады. Оның тек терісі ғана енді жанып үлгерген болады. Аллаһу та’ала оған: **“Саған не болды? Ең көп айқайлаған сенсің?”** деп сұрайды. Ол *“Ей Раббым! Мені есепке тарттың. Сенің рақымдылығыңнан әлі үмітімді үзген жоқпын. Сенің мені еститініңді білемін. Сол үшін көп айқайладым”* дейді. Аллаһу та’ала: **«Кімде-кім Аллаһу та’аланың рақымынан үмітін үзсе ол адасқан адам»** деген мағынадағы **“Хижр”** сүресінің 56-шы аятын көрсетіп, **“Бар, сені кешірдім”** дейді.

Ахиреттің таңқаларлық жағдайы - әрбір адамды Аллаһу та’ала есепке тартады. Әр адамның сауаптарымен күнәлары тартылады. Әрбір адам сол кезде Аллаһу та’ала тек өзінің есебімен айналысуда деп ойлайды. Алайда Аллаһ бір уақытта есебін өзінен басқа ешкім біле алмайтындай көп адамды есепке тартады.

Ол жерде кейбір адамдар кейбіреулерді көрмейді. Бірі екіншісінің сөзін есітпейді. Бәлкім әрбірі Жаратқанның перделері астында болар. Қандай үлкен құдірет! **“Лұқман”** сүресінің 28-ші

аяты: **«Сендердің дүние мен ахиретте жаратылуларың бір дем алғандай сәтте жүзеге асады»** деп бұйырады. Аллаһу та'аланың бұл сөзінде сырлар бар, бұл – мекенсіздік және уақытсыздық сыры. Өйткені, Аллаһу та'аланың істерінде шек пен нысана жоқ. Әрекеттерінің ешқайсысы басқа істерді жасауына кедергі болмайды.

Ол кезде адам өзінің баласына: *"Ей, балам! Мен саған жегіздім, ішкіздім, кигіздім. Саған дінді, иманды үйреттім. Сені Құран оқуды үйрететін ұстазға бердім. Алайда, қияметтің азабын көріп тұрсың. Күнәмнің көп екенін де білесің. Соның біразын сен ал. Күнәм азайсын. Маған бір сауап бер. Сауабым ауыр бассын"* дейді. Баласы одан қашып: *"Сол бір сауапқа мен сенен де көп мұқтажбын"* дейді.

Осылайша, бала мен ананың арасында, ерлі-зайыптылардың арасында осындай әңгімелер болады. Міне, Аллаһу та'ала **"Абаса"** сүресінің 24-аяты арқылы осыны хабарлайды: **«Ол күні адам өз бауырынан, ана өз баласынан қашады.»**

Хадис шәрифте: **«Адамдар қиямет күні жалаңаш түрде жиналады»** делінген. Айша анамыз мұны естіген кезде: *"Олар бір-біріне қарамайды ма?"* дейді. Пайғамбарымыз **«Ол күні барлық адамның жағдайы ауыр, әркім өз ісімен әлек болады»** деген мағынадағы **"Абаса"** сүресінің 37-ші аятын оқиды.

Адамдар бұл кезде бір жерге жиналады. Олардың үстіне бір қара бұлт келеді. Ол бұлт адамдардың үстіне амал дәптерлерін жаудырады. Парақтар ұшып түседі. Ол адамдардың оң немесе сол жағынан түседі. Бұл адамның қалауымен болмайды. Аллаһу та'ала **"Исра"** сүресінің 13-ші аятында: **«Қиямет күні оның кітабын ашық түрде жібереміз»** деп бұйырады.

Кейбір мұсылмандар есепке тартылмастан жұмаққа кіреді. Оларға таразы құрылмайды. Олар дәптерлерін алмайды. Оларға берілген парақтарға **"Ла илаһә иллаллаһ, Мұхаммедун расулуллаһ. Бұл пәленшенің ұлы пәленшенің жұмаққа баратындығының куәсі"** деп жазылады. Бір құлдың күнәлары кешірілсе, бір періште оны Арасат алаңына алып барады. *"Бұл пәленшенің баласы пәленше, Аллаһу та'ала оның күнәларын кешірді. Енді ол шақи (күнәһар) болмайды, саид (ахирет бақыттысы) болып*

жаннатқа кіреді” дейді. Сол кезде адамға бұл хабардан да қуанышты болатын өзге сүйінші болмайды.

Қиямет күні расулдар мінберлердің үстінде болады. Әрбір расулдың мінбері өзінің мәртебесі деңгейінде болады. Әһли сүннет сенімін ұстанған және сол амалдарды істеген ғалымдар нұрдан жасалған орындарда болады. Аллаһу та’аланың дінін қорғау және тарату үшін шәйіт болғандар мен салихтер, яғни Ислам дініне мойынсұнған адамдар, Құран кәрімді құрметпен, тәжуидке сай оқыған қарилер, азанды сүннетке сай оқыған азаншылар хош иісті орындарда болады. Ислам үкімдеріне мойынсұнып, жақсы амал жасағандықтары үшін бұларға Адам алейһиссаламнан пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламға дейін келген барлық пайғамбарлардан кейін шапағат етуге рұқсат беріледі.

Хадис шәрифте: **«Құран кәрім қиямет күні жүзі жылы, көркем мінезді адам кейпінде келеді. Одан шапағат етуі сұралады. Ол шапағат етеді. Өзін ән** (музыкалық аспаптармен оқып көңіл көтеру) **ретінде және ақша табу үшін оқығандардың үстінен шағым айтады. Ондай адамдардан өз ақысын** (құқын) **қалайды. Риза болған адамдарын жұмаққа алып барады»** деп көрсетілген.

Ал, дүние (яғни, құлшылық істеуге кедергі болған, харам істерді істеуге себеп болған нәрселер мен адамдар) болса кәрі, ақ шашты, ұсқынсыз әйел кейпінде көрінеді. Адамдардан сұралады: *“Сендер мұны білесіңдер ме?”* Олар *“Біз одан тартынып, Аллаһу та’алаға сыйынамыз”* дейді. *“Сендер оған жету үшін бір-біріңмен ұрысып, бір-біріңді жек көретін едіңдер”* делінеді.

Жұма күні сүйкімді адам кейпінде көрінеді. Имандылар оған мұқият қарайды. Жұма намазын оқыған муминдердің үстінде нұр болады. Бәрі оған қарап таңданады. Жұма күніне көрсеткен құрметтеріне байланысты жаннатқа жіберіледі.

Мұсылман бауырым! Аллаһу та’аланың рақымдылығына, Құран кәрімнің, Исламның жомарттығына назар сал. Құран кәрімнің жолындағылардың намаз, ораза, зекет, сабырлылық пен көркем мінезден тұратын Исламның қаншалықты қадірлі екенін санаңа түй.

Иманның алтыншы шарты
Тағдырға сену

Сенуге тиісті алты нәрсенің бірі – **тағдырға, жамандық пен жақсылықтың Аллаһу та’аладан екендігіне сену**. Адамдарға келетін жақсылық пен жамандық, пайда мен залал, табыс пен зиян барлығы Жаратқанның жазуымен жүзеге асады.

Тағдыр: сөздік мағынасы “көп нәрсені өлшеу”, “үкім” және “бұйрық”, “үлкендік”, “көптік” болып келеді. Аллаһу та’аланың бір нәрсенің болуын әзелден қалауы **“тағдыр”** деп аталады.

Қаза – тағдырдың, яғни “бар болсын” деп қалаған нәрсенің бар болуы. “Қаза” және “Тағдыр” сөздері бір-бірінің орнына қолданыла береді. Демек, “қаза” деген сөз әзелден шексіз ақырға дейінгі жаратылатын нәрселерді Аллаһу та’аланың бұрыннан қалап қоюы. Барлық осы нәрселердің казаға сай түрде жаратылуы “тағдыр” деп аталады. Аллаһу та’ала болатын нәрсенің бәрін бұрыннан білетін. Осы ілімі **“Қаза және тағдыр”** деп аталады.

Тағдырға сену қалай болу керек?

Тағдырға сену үшін мынаған жақсы сеніп алу керек. Аллаһу та’ала бір нәрсені жаратуды әуел баста қаласа, аз да көп те емес, дәл сол қалағанындай болуы тиіс. Бар болуын қалаған нәрселерінің жоқ болуы және жоқ болуын қалаған нәрселерінің бар болуы мүмкін емес.

Барлық жануарлардың, өсімдіктердің, жансыз болмыстардың, қатты, сұйық, газ түріндегі барлық нәрсенің, аспандағы объектілердің, молекуланың, атомдардың, электрондардың, электромагниттік толқындардың қозғалысы, химиялық және физикалық құбылыстар, ядро реакциялары, энергия алмасулары, физикалық әрекеттер, құлдардың жақсы және жаман істері, дүние мен ахиретте істеген ісінен жауапқа тартылуы - барлығы Аллаһу та’аланың ілімінде бұрыннан бар еді. Аллаһ әзелден (ежел) шексіз ақырға дейін бар болатын заттарды, олардың сипаттарын, әрекеттерді, құбылыстарды әзелдегі іліміне сай жаратуда. Адамдардың жақсы-жаман, ерікті-еріксіз бүкіл істерін, мұсылман болуларын,

күпірліктерін Аллаһу та'ала жаратады. Жаратушы, болдырушы жалғыз ғана Ол. Себептердің әсерімен жүзеге асатын күллі тірлік Оның жаратуымен болады. Барлық нәрсені бір себеппен жаратады.

Мысалы, от өртейді. Негізінде, өртейтін Аллаһу та'ала болып табылады. Оттың өртеу жұмысымен еш қатысы жоқ. Алайда, Аллаһу та'аланың әдеті (қойған заңдылығы) бойынша бірнәрсеге от тимейінше өртеуді жүзеге асырмайды. От тұтану температурасына дейін ысытудан басқа ешнәрсе істемейді. Органикалық денелердің құрамындағы көміртегі, сутегі, оттегіні біріктіріп, электрондарды алмастыратын от емес. Ақиқатты көруге әлі мен білімі жетпейтіндер бұларды от атқарады деп санайды. Өртейтін, жану реакциясын жүзеге асыратын от емес. Оттегі де емес. Ыстықтық та емес, электрондардың араласуы да емес, Өртеген тек - Аллаһу та'ала. Ол бұлардың бәрін өртеудің себептері етіп жаратқан. Білімі жоқ адам "от өртейді" деп есептейді. Ғылым ілгерілеген сайын себеп деп есептелген нәрселердің арғы жағында басқа қаншама себептердің бар екендігі аңғарылуда, ғылымның шырқау шегіне шыққан, ақиқатты толық көрген пайғамбарлар мен оның жолымен жүрген, ғылым дариясынан сусындаған Ислам ғалымдары қазіргі кезде көпшіліктің өртеуші, болдырушы немесе жаратушы деп ойлаған нәрселерінің әлсіз, бірер факторлар, себептер екенін, шын Жаратушының Аллаһу та'ала екенін айтуда. Өртейтін – Аллаһу та'ала. Ол отсыз да өртейді. Отпен жағу – дәстүрі. Егер өртеуді қаламаса, от ішінде де өртемейді. Ибрахим алейһиссаламды от ішінде де өртеген жоқ. Оны қатты жақсы көргендіктен дәстүрін бұзды. Ол оттың өртеу әрекетінің алдын алатын нәрселер де жаратқан. Оларды химиктер табуда.

Аллаһу та'ала қаласа, барлық нәрсені себепсіз, құралсыз жаратар еді. Отсыз өртер еді, жеместен тойдырар еді, ұшақсыз ұшырар еді, радиосыз алыстан есіттірер еді. Алайда, құлдарына жақсылық жасап, барлық нәрсені жаратуды бір себеппен, құралмен байланыстырды. Белгілі нәрселерді белгілі құралдармен жаратуды қалады. Өзінің күшін, әрекеттерін құралдармен себептер артына жасырды. Оның бір нәрсені жаратуын қалаған адам, сол нәрсенің құралын пайдаланып, қалауына қол жеткізеді. Басы ауырған адам дәрі қолданады, жаннатқа барғысы келген адам Исламға мойынсұнады, өзін тапаншамен атқан адам өледі, у ішкен

адам өледі, терлеп тұрып су ішкен адам ауырады, күнәға батып, күпіршілік жасап, иманынан айырылған адам тозаққа барады. Кім қандай құралға қол ұрса, сол құрал себеп қылынған нәтижеге қол жеткізеді. Әһли сүннет кітаптарын оқыған адам Исламды үйреніп, сүйіп, мұсылмандықты қабылдайды. Дінсіздердің арасында өскен, олардың сөзін тыңдаған адам дінде надан болады. Олардың көпшілігі кәпір болады. Адам баласы қай бағыттың көлігіне мінсе, сол бағытқа кетеді.

Аллаһу та'ала өз істерін құралдармен, себептермен жаратпағанда ешкім ешкімге мұқтаж болмас еді. Әркім керегін Аллаһтан сұрар еді, ешқандай шараға жүгінбейтін еді. Ол кезде адамдар арасында басшы, қызметкер, жұмысшы, қолөнерші, шәкірт, ұстаз сияқты адам қатынастары жойылып, дүние мен ахиреттің тәртібі бұзылар еді. Әдемі мен көріксіз, жақсы мен жаман, күнәсіз бен күнәһар арасында айырмашылық қалмас еді.

Аллаһу та'ала қаласа, дәстүрін басқаша жасар еді. Мысалға: қаласа кәпірлерді дүниеде өз басының рахатынан басқаны ойламайтын, өзгелердің жаны, малы, намысы есебіне күн көретіндерді жұмаққа жіберер еді. Имандыларды, ғибадат, жақсылық жасайтындарды тозаққа салар еді. Бірақ, аяттар мен хадистер мұны қаламағандығын көрсетуде.

Адамдардың әрбір ісін, ерікті-еріксіз істейтін барлық әрекетін жарататын – Аллаһу та'ала құлдардың қалаған әрекеттерін болғызу үшін құлдарына **ықтияр**, яғни **таңдау** және **ирада** (қалау) ерекшелігін берген, осы таңдау мен қалауды істердің жаратылуына себеп қылған. Құл бір нәрсені істеуді қаласа, оны Аллаһу та'ала да қаласа, ол істі жаратады. Құл да, Аллаһу та'ала да қаламаса ол нәрсені жаратпайды. Ол нәрсе тек қана құлдың қалауымен де жаратылмайды. Аллаһ та қалаған соң барып жаратылады. Құлдардың қалаған істерін жаратуы мысалы, от тигенде өртеуді жаратуы сияқты жүзеге асады. Пышақ тигенде кесуді жаратады. Кесетін пышақ емес, Аллаһу та'ала. Пышақ - кесу құралы. Демек, ол құлдардың қалаған істерін олардың қалауы, таңдауы себебімен жаратуда. Алайда, табиғаттағы құбылыстар құлдардың қалауына байланысты емес. Олар тек Аллаһу та'аланың қалауымен басқа себептермен жаратылады. Аспан, жер және бүкіл әлемдердегі әрбір әрекетпен әрекетсіздіктің бәрі тек Аллаһтың жаратуымен болуда.

Одан басқа Жаратушы жоқ. Тек жансыз нәрселердің әрекеттері және адам мен жануарлардың ерікті әрекеттерінің арасында мынадай айырмашылық бар: құлдар бір нәрсені істеуді қалап, оны Аллаһ та қаласа, құлға сол нәрсені істеуге күш беріп, қолдайды, істі жүзеге асырады. Құлдың әрекет етуі оның өзінің қолында емес. Тіпті, қалай қимылдап жатқанын да білмейді. Адамның әрбір әрекеті көптеген физикалық және химиялық құбылыстар арқылы жүзеге асады. Бұдан өзінің де хабары болмайды. Жансыз нәрселердің әрекетінде **таңдау** деген нәрсе болмайды. От тиген кезде, Аллаһтың жағу-өртеу процесін жаратуы, оттың жағуды қалауымен жүзеге аспайды.

Сүйген, мейрімділік танытқан құлдарының жақсы, пайдалы тілектерін Ол да қалап, жүзеге асырады. Олардың жаман, зиянды тілектерін Ол қаламайды және жүзеге асырмайды. Бұл құлдарынан тек пайдалы істер жүзеге асады. Олар бірқатар істерінің орындалмағанына, болмағанына ренжиді. Бұл істердің зиянды істер болғандықтан орындалмағанын түсінсе, ренжімес еді. Оған қуанып, Аллаһу та'алаға шүкіршілік етер еді. Аллаһу та'ала адамдардың ерікті істерін олардың жүректері қалағаннан кейін жүзеге асыруды бұрын (әзелде) қалаған. Бұрын бұлай қаламаған болса, ерікті істерімізді де біз қаламай тұрып-ақ мәжбүрлеп жүзеге асырар еді. Оның ерікті істерімізді біз қалағаннан кейін жаратуы - әзелде солай қалағаны үшін. Демек біздің қалауымыз үстінде Оның қалауы да әрдайым өз үстемдігін, Аллаһтың абсолюттік Ирада иесі екенін көрсетіп тұрады.

Құлдардың ерікті әрекеттері екі нәрседен тұрады: Біріншісі - құлдың жүрегінің қалауы және күші. Сол үшін құлдың әрекеттері **"кәсб"** (кәсіп) деп аталады. Кәсб - адамның сипаты болып табылады.

Екіншісі Аллаһу та'аланың жаратуы, бар етуі. Аллаһу та'аланың бұйрықтар, әмірлер, сауап пен азап жаратуы адамда кәсб сипаты болғандықтан жүзеге асады. **"Саффат"** сүресінің 96-шы аятында: **«Аллаһу та'ала сендерді жаратты және істеріңді жаратты»** делінген. Бұл аят адам әрекеттерінде көңілінің қалауы және **ирадаи жузийа**сы (таңдау еркіндігі) бар екенін көрсетеді. Мәжбүрлеудің жоқ екенін айқын білдіреді. Сол үшін **адамның ісі** деп аталады.

Құлдың ісі жасалуы үшін алдымен бұл істі құлдың жүрегі қалауы керек. Құл күші жететін нәрсені қалайды. Бұл қалау “кәсб” деп аталады. Амиди хазіреттері бұл кәсбті істердің жаратылуының себебі, әсері екендігін айтады. Құл қалаған нәрсесінің бәрін жасай алмайды. Кейде қаламаған нәрселері де орындалуы, жаратылуы мүмкін. Құлдың қалағанының барлығын жасап, қаламағанын болдырмай қоюы құлдыққа жатпайды, құдіретке тән нәрселер болып табылады.

Құлдарға Аллаһу та’ала жақсылық, мейрімділік танытып, оларға бұйрықтарын орындайтындай және өздеріне керекті болатындай мөлшерде күш-қуат, яғни энергия берген. Мысалы, денсаулығы жарайтын, ақшасы жететін адам өмірінде бір рет қажылыққа бара алады, жылына бір рет ораза ұстай алады, күніне бес уақыт намаз оқи алады, зекет бере алады. Бұдан көрініп тұрғандай, адам өз ерікті істерін қаласа істейді, қаламаса істемейді. Аллаһу та’аланың ұлылығы осы жерден байқалады. Надан адамдар тағдыр туралы ешнәрсе түсінбегендіктен әһли сүннет ғалымдарының сөзіне сенбейді. Құлдардың күші мен қалауына күмән келтіреді. Адамды ерікті істерінде әлсіз және мәжбүр деп санайды. Кейбір істерде құлдардың қалауы жүрмейтінін көріп, әһли сүннетке тіл тигізеді. Олардың осы сөздерінің өзі оларда қалаудың, таңдаудың бар екенін көрсетеді.

Бір нәрсені жасауға не болмаса жасамауға күштің жетуі **“құдірет”** деп аталады. Жасауды немесе жасамауды таңдау **“ықтияр”** (таңдау) деп аталады. Таңдалған нәрсені жасауды тілеу **“ирада”** (қалау) деп аталады. Бір нәрсені қабылдау, оған қарсы келмеу – **“риза”** (ризалық, мақұлдау, ұнату) деп аталады. Істің орындалуына міндетті түрде әсер ету шарты менен ирада (қалау) мен құдіреттің бірігуі **“халқ”** (жарату) деп аталады. Ал әсерлі болмай бірігу **“кәсб”** деп аталады. Бір істі ықтияр еткен, таңдаған әр адамның халық, яғни Жаратушы болуы міндетті емес. Сол сияқты әрбір қаланған нәрсеге разы болу да міндетті емес. Аллаһу та’ала халиқ (жаратушы) және мухтар (қалаушы), ал құл касиб (орындаушы) және мухтар (қалаушы) деп аталады.

Аллаһу та’ала құлдардың жақсы және жаман істерін қалай-ды және оны жаратады. Алайда, ол жақсы, сауапты істерге разы

болады. Жаман, күнә істерден разы болмайды, ұнатпайды. Барлық нәрсе Оның жаратуымен бар немесе жоқ болады. **“Әнам”** сүресінің 102-ші аятында **«Одан басқа илаһ жоқ. Барлық нәрсенің Жаратушысы тек Сол ғана»** деп бұйырылған.

“Мутазила” тобындағылар ирада (қалау) мен разылық арасында айырмашылық жоқ деп есептеп, тағдыр мен қазаға қарсы болды, сенбеді. **“Жабрийа”** тобындағылар адамда таңдау құқығы жоқ деп ойлап, адамды тасқа, отынға теңеді. Адамдар күнә іс істемейді. Барлық жаман нәрселерді жасататын Аллаһу та’ала деп есептеді. Егер “жабрийа” өкілдерінің айтқанындай адамда ирада (қалау) мен ықтияр (таңдау) еркіндігі болмайтын болса, жамандықтармен күнәларды Аллаһ зорлықпен істетіп жатқан болса, қол-аяғы байлаулы адамның таудан төмен қарай домалауы мен өз аяғымен айналасын тамашалап жүріп таудан түсуі арасында айырмашылық болмауы керек еді. Алайда, біріншісінің домалауы мәжбүрлі түрде, ал екіншісінің түсуі ирада және ықтияр, яғни өз қалауымен жүзеге асып отыр. Бұл айырмашылықты көрмейтіндер – төмен саналылар. Әрі олар аяттарға да сенбеген болып шығады. Аллаһу та’аланың бұйрықтарын орынсыз деп есептеген болады.

Аллаһу та’ала дүниеде бүкіл адамзатқа мейірімділік етуде. Адамдардың қажет нәрселерін жаратып, барлығына беріп жатыр. Дүниеде тыныш өмір сүруі және ахиретте мәңгілік бақытқа қауышуы үшін не істеу керек екендіктерін айқын көрсетіп жатыр. Нәпсілеріне, жаман достарына, зиянды кітап, газет, теле-радио арналарға алданып, күпірлік жолына түскендердің ішінен қалағанын тура жолға салуда, оларды тура жолға тартуда. Ал азғын, залым адамдарға мұндай нығметті нәсіп етпей жатыр. Оларды өздері ұнатқан, қалаған, өздері түскен күпірлік батпағында қалдырып жатыр.

Қаза мен тағдыр зейінді адамдардың ең көп қағылатын мәселесі болып табылады. Бұл оны дұрыс түсінбеуден туындайды. Тағдырдың не екендігі жақсы түсінілетін болса, ешқандай адамның көңілінде күмән қалмайды және иманы күшейеді.

Әлемдердің Жаратушысы болған Аллаһу та’ала жаратқан және жарататын нәрселерінің бәрін әзелден соңсызға дейін үлкен-кіші барлығын, заттарды, мағыналарды бір арада және бір мезетте біледі. Әрбір нәрсені жаратпастан бұрын білетін еді.

Әһли сүннет уәл-жамағат мұсылмандар тағдырға сенген, тағдырға сенуді иманның шарты деп есептеген. Яғни, тағдырға сенбеген адам мумин (иманды) емес деп санаған.

Тағдырдың ащысы мен тұщысы, жақсысы мен жаманы, - бәрі Аллаһтан. Өйткені, тағдыр – білген нәрселерін жарату деген сөз.

Ұлы Ислам ғалымы Имам Багауи "Тағдыр ілімі – Аллаһу та'аланың өз құлдарынан сақтаған сырларының бірі. Бұл ілімді ең жақын періштелері мен дін иесі болған пайғамбарына да ашып көрсетпеді. Бұл ілім - үлкен дария. Ешкім бұл туралы айтпауы керек. Тек мынаны білу жеткілікті: Аллаһу та'ала адамды жаратады. Олардың біразы күнәһар. Олар тозаққа барады. Біразы Жұмаққа барады. Бір кісі Хазреті Әлиден тағдыр туралы сұрайды. "Ол - қараңғы жол. Ол жолмен жүрме" деп жауап береді. Тағы да сұрайды. "Терең теңіз" дейді. Тағы да сұрайды. Бұл жолы "Тағдыр – Аллаһу та'аланың құпиясы. Оны сенен жасырды" деп жауап береді."

Адамның ерікті әрекеті мына төрт нәрсе арқылы жүзеге асады:

1. Сол нәрсені ойында, миында елестету.
2. Сол нәрсені ұнатып, зауықтану.
3. Сол нәрсені істеуді жүрегімен қалау, яғни, әрекет етуді тілеу.
4. Әрекеттің туындауы.

Бірінші және екіншілерді Аллаһу та'ала жаратады. Өйткені, ойлау мен ұнату - бар нәрселер. Бар нәрселер жаратылуға мұқтаж. Ал қалау мен таңдау - құлдан. Әрекетті жарататын – Аллаһу та'ала. Құлда қалау мен ирадаи жузийаның (таңдау еркі) пайда болуы алдымен құлда оны ойлау және ұнату деген нәрселердің жаратылуынан кейін жүзеге асады. Мысалы, бір адам садақа беруді және сауабын ойласа, сол нәрсе туралы онда қызығушылық немесе жек көрушілік пайда болады. Осы тірлікті істеуді немесе істемеуді таңдайды. Ұнату, қызығушылық бұл «қалау» дегені емес. Жек көру, болымсыз ойда болу да құлдың қалау құқығынан пайдаланбау дегені емес.

Тәуәккүл (тәуекел) деген не?

Аллаһу та’алаға жақындағандардың өтетін сатысының бірі – тәуәккүл (тәуекел), оның дәрежесі өте жоғары. Алайда, тәуәккүлді үйрену өте қиын. Оны жасау одан да қиын. Өйткені, кімде-кім істерінде, әрекеттерінде Аллаһу та’аладан басқа біреудің ықпалы болатындығына сенсе, ол адамның тауһидіне (бір Құдайға сеніміне) нұқсан келеді. Егер «ешқандай себеп керек емес» десе, Ислам дінінен шығады. Егер де «себептерді араға қою қажет емес» десе ақылға да қайшы болады. Демек, тәуәккүлді ақылға, Исламға, әрі тауһидке сай түсіну керек. Ал ол үшін терең білім қажет.

Тәуекелдің ізгілігі: Аллаһу та’ала барлық адамға тәуәккулді бұйырған. **«Тәуәккүл – иманның шарты»** деген аят – осы бұйрықтардың бірі. “Маида” сүресінің 23-ші аятында: **«Егер иманыңыз бар болса, Аллаһу та’алаға тәуекел етіңдер!»**, “Али Имран” сүресінің 159-шы аятында: **«Аллаһу та’ала оған тәуекел еткендерді әлбетте жақсы көреді»** делінген. “Талақ” сүресінің 3-ші аятында: **«Кім Аллаһу та’алаға тәуекел етсе Аллаһу та’ала оған жетеді»** деп көрсетілген. Осындай мағынада көптеген аяттар бар.

Расулуллаһ былай дейді: **«Үмбетімнің бір бөлігін маған көрсетті. Олардың өте көп екендігіне таң қалып, қуандым. “Қуандың ба?” деп сұрады. “Иә” дедім. “Бұлардың тек жетпіс мыңы ғана есепсіз жаннатқа кіреді” деді. “Олар кімдер?” деп сұрағанымда, “Істеріне сиқыр, пал сияқты нәрселерді араластырмай, Аллаһу та’аладан басқаға тәуекел етпегендер, Аллаһтан басқаға тәуәккүл етпеген, сүйеніп, сенбегендер” деп жауап берді».** Тыңдап отырғандардың ішінен Укаша (радиаллаһу анһ) тұрып: *“Йа, Расулаллаһ! Дұға етіңіз, мен де солардан болайын”* дейді. Расулуллаһ: **«Йа, Раббым! Мұны солардың қатарына қос!»** дейді. Тағы бірі осылай етуді қалайды, расулуллаһ оған: **«Укаша сенен жылдам әрекет етті»** дейді.

Бір хадисте: **«Аллаһу та’алаға толық тәуекел етсеңдер, құстарға ризық бергені сияқты сендерге де жіберер еді. Құстар таңертең аш шығады. Кешке тойып қайтады»** делінеді. Тағы бір хадис шәрифте: **«Кімде-кім Аллаһу та’алаға сыйынса,**

Аллаһу та'ала оның барлық ісіне жәрдем береді. Ойламаған жерден оған ризық жібереді. Кімде-кім дүниесіне сенсе, оны дүниесімен жеке қалдырады» делінген. Кәпірлер Ибрахимді (алейһиссалам) отқа тастайын деп жатқанда **"Хасбиаллаһу уә нимал-уакил"** (Маған Аллаһым жетеді. Ол ең жақсы қамқоршы - өкіл) дейді. Отқа түскен кезде Жәбірейіл алейһиссалам келіп, *"Тілегің бар ма?"* деп сұрайды. Ол *"Бар, бірақ, ол сенен емес"* дейді. Осылайша "хасбиаллаһ" сөзінде тұратындығын көрсетеді. Осыған орай "Уәннажми" сүресінің **«Сөзінде тұратын Ибрахим»** деген аятымен мадақталады. Аллаһу та'ала Дәуітке (алейһиссалам): **«Кім барлық нәрседен үмітін үзіп, тек Маған сенсе, жер бетіндегі және аспандағы барлық нәрсе оған қарсы шықса, зиян келтіруге ұрынса да мен оны құтқарамын»** деген аятты жібереді.

Ұлы әулие Ибрахим Әдхам (куддиса сирраһу) бір поптан *"Қалай күн көресің?"* деп сұрайды. Поп: *"Қайдан жіберетінін ризық берушіден сұра, мен білмеймін"* дейді. Бір адамнан: *"Күні бойы Аллаһқа құлшылық жасайсың, не ішіп-жейсің?"* деп сұрайды. Ол жауап ретінде тісін көрсетті. Яғни, *"диірменді жасаушы оның суын да жібереді"* дегісі келді.

Хәрәм бин Хайян Уәйсәл Қараниден *"Қай жаққа барайын?"* деп сұрайды. *"Шамға (Дамаск)"* дейді. *"Шамда күн көріс қалай?"* деген кезде Уәйсәл Қарани *"Ризықтарға күмән келтірген жүректерді аяймын. Оларға насихат пайда бермейді"* деген.

Тәуәккүл, яғни тәуекелшілік – бұл жүректің атқаратын ісі, ол иманнан туындайды. Иманның да түрлері бар. Алайда, тәуекел екі нәрсеге сүйенеді. Олар тәуһидке иман келтіру және мейірбандық пен Аллаһтың мейірімділігінің шексіздігіне нану.

Тәуекел жүректе тәуһидке және Аллаһу та'аланың мейірімділігінің шексіздігіне сену арқылы пайда болады. Бұл хал адамның шын жүректен өз өкіліне толық сенуі және онымен көңілінің рахат табуы деген сөз. Мұндай адам дүние мүлкіне арқа сүйемейді. Дүниелік істерінің бұзылуына уайымдамайды. Аллаһу та'аланың қайдан болса да міндетті түрде ризық жіберетініне шәксіз сенеді. Осындай халде болған кісіні мынадай мысалмен оңай түсінуге болады: Бір адамға жала жабылып, сотқа тартылса, ол өзіне адвокат

жалдайды. Үш нәрседе адвокатқа толық сенсе, ол адамның көңілі тыныш табады. Біріншісі, адвокаттың жалпы жағдайды, жабылған жала туралы бүкіл кішігірім оқиғаны жақсы меңгерген болуы. Екіншісі, білгенін түсіндіру үшін шындықты айтудан тартынбауы және ашық сөйлей алуы. Үшіншісі, адвокаттың ол адамға жаны ашып, оның құқығын қорғауға шын пейілімен кірісуі. Адвокатына осылай шәксіз сенетін болса, өзі де адвокаттан бөлек бұл тірлікпен айналысып әуре болмайды. "Али Имран" сүресіндегі: **«Аллаһу та'ала бізге жеткілікті. Ол қандай жақсы қамқоршы өкіл»** деген 173-ші аятты жете түсінген адам: *"Барлық нәрсені Аллаһу та'ала жасайды. Одан басқа ешкім ешнәрсе жасай алмайды"* деп, Оның ілімінде, құдіретінде кемшілік жоқтығына және рахметінің шексіздігіне сенген адам шаралар мен себептерге арқа сүйемейді. *"Ризық бөлінген, жазылған, уақыты келгенде маған да жетеді. Аллаһу та'ала өзінің ұлылығына, рақымдылығына жарасатын істерді жасайды"* деп есептейді. Осындай сенетін адам көп болса да, көпшілігінің іштерінде қандай да бір уайым, қорқыныш, үмітсіздік болады. Тағы да көп адамдар болады, бір нәрсеге сенеді. Бірақ табиғаттары сенген иманына емес, уайымдаған күмәні жаққа бейім болады. Тіпті уайымының, күмәнінің дұрыс еместігін, орынсыздығын біле тұра соларға бағынады. Тәуекел үшін күшті иман және күшті жүрек керек. Сонда ғана жүрегінде күмән қалмайды. Егер сенім мен өзін өкіліне тапсыру сенімділігі толық болмаса тәуекел де толық болмайды. Өйткені тәуекел – жүректің әр қандай істе Аллаһу та'алаға өзін толық тапсыруы және күмәнсіз сенуі болып табылады.

Ибрахим алейһиссаламның иманы, яқины (сенімділігі) толық болатын. Бірақ, жүрегінің тыныш болуы үшін **"Йә, Раббым! Өлгендерді қалай тірілтесің? Маған көрсетші"** дейді. Бақара сүресі 260-шы аятында келгеніндей **«Сенбедің бе?»** – деп сұралғанда, Ибрахим пайғамбар: **"Сендім. Бірақ, көңілім жай тапсын"** деді. Алайда, жүрегінде иманы, сенімі бар еді. Ол көңілінің рахат, тыныштық табуын қалады. Өйткені, жүректің тыныштық табуы алдымен сезім мен қиялға бағынады. Содан соң жүрек те сол яқинге бағынып, ашықша көруге мұқтаждық танытпайды.

Әһли сүннет сенімі

Имам Мұхаммед Ғазали (рахметуллаһи алейһ) **“Кимйа-и саадат”** кітабында былай дейді: “Мұсылман болған адам ең алдымен **“Ла илаһә иллаллаһ, Мухаммәдун расулуллаһ”** сөзінің мағынасын біліп, сену керек. Бұл сөз **калимаи тәуһид** деп аталады. Әрбір мұсылманның тәуһид калимасының мағынасына күмән келтірмей, тек сенуі жеткілікті. Оларды аят, хадистермен дәлелдеуі және ақылға салуы керек емес. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) араптарға дәлелімен біліп, бұл дәлелдерін айтуды, күмәнділерін талқылауды бұйырған жоқ. Тек қана сенуді, күмән келтірмеуді бұйырды. Әрбір адам осылай иман келтірсе, сол жеткілікті. Алайда, әр қалада бірнеше дін ғалымының болуы “парыз кифайа” болып табылады. Олардың дәлелдерді білуі, күмәндарды сейілтуі, сұрақтарға жауап беруі - уәжіп. Олар бір жағынан мұсылмандарға сенім (иман) ілімін үйретеді. Екінші жағынан дін дұшпандарының жалаларына жауап береді.

Калимаи тәуһидтің мағынасын Құран кәрім білдірген. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оларды түсіндірген. Сахабалардың барлығы осы түсіндірмелерді меңгеріп, өзінен кейін келгендерге жеткізді. Сахабалардың жеткізгендерін өзгертпестен сол қалпында кітапқа түсіріп, бізге жеткізген дін ғалымдары **“әһли сүннет”** деп аталады. Әрбір адамның әһли сүннет сенімін үйренуі, сол жолда барлығы бірігуі керек. Мәңгі бақыттылықтың бұлағы осы сенім болып табылады.

Кәлимаи тәуһидтің мағынасын әһли сүннет ғалымдары былай көрсетеді: “Адамдар жоқ болатын. Олар кейіннен жаратылды. Адамдардың бір жаратушысы бар. Барлық болмысты Сол жаратады. Оның серігі, ұқсасы жоқ. Ол әрдайым бар еді. Бар болуының басы жоқ. Әрдайым бар. Бар болуының соңы болмайды. Ешқашан жоқ болмайды. Әрқашан да бар болуы керек. Бар болуында еш нәрсеге мұқтаж емес. Ол ешқандай себепке мұқтаж емес. Оған барлық нәрсе мұқтаж. Әрбір нәрсені бар қылған және барлықта ұстап тұрған күш Аллаһ. Ол материя емес, дене емес. Бір жерде емес. Түрі жоқ, өлшенбейді. Оны қандай деп сұрауға болмайды. “Аллаһ” дегенде ақылға, ойға, қиялға келетін нәрселердің бәрі Ол

емес, жаратқандары. Ол өзінің жаратқан нәрселеріне ұқсамайды. Ақылға, ойға келген барлық нәрсені Сол жаратады. Жоғарыда да, төменде де емес. Орны жоқ. Орынға мұқтаж емес. Барлық болмыс Арштың астында. Ал, арш Оның құдіретінде. Ол арштың үстінде. Бірақ бұл "арш Оны көтеріп тұр" деген сөз емес. Арш оның құдіретімен бар. Ол әзелде, шексіз бұрындарда қандай болса, қазір де сондай. Арштарды жаратпас бұрын қандай болса шексіз соңсызға дейін солай болып қала береді. Ол өзгермейді, оның **Субути сипаттар**ы сегіз: **хаят, ілім, сам, басар, құдірет, ирада, кәлам, тәкуин.** Бұл сипаттарында да ешбір өзгеріс болмайды. Өзгеріске ұшырау әлсіздік және кемшілік болып табылады. Аллаһу та'ала кемшіліктен ұзақ. Жаратқан жанды-жансыз нәрселерінің ешқайсысына ұқсамаса да Оны дүниеде өзі білдірген деңгейде білу және ахиретте көру бар. Дүниеде қандай екені белгісіз түрде білінгені секілді ахиретте де қалай болғаны түсініксіз халде көрінеді."

Аллаһу та'ала құлдарына пайғамбарлар жіберді. Осы ұлы адамдар арқылы құлдарына бақыт жолын көрсетті. Пайғамбарлардың ең ұлысы соңғы пайғамбар – Мұхаммед алейһиссалам. Ол жер бетіндегі барлық адамзат баласына пайғамбар ретінде жіберілген. Барлық адамдардың, періштелердің және жындардың пайғамбары. Дүниенің барлық жеріндегі адамдар оған мойынсұну керек.

Ұлы ғалым және кемел мүршид Абдулхаким Арваси (рахметуллаһи алейһ) айтады: "Расулуллаһтың үш түрлі міндеті бар еді:

<u>Біріншісі</u> - Құран үкімдерін және фиқһ үкімдерін бүкіл адамзатқа **"таблиғ ету"** яғни уағыздау, білдіру. "Ахками фиқһийа" деп аталатын фиқһ үкімдері – жасалуы бұйырылған және тыйым салынған нәрселерден тұрады.

<u>Екінші</u> міндеті – Құран кәрімнің рухани үкімдерін, яғни Аллаһу та'аланың заты мен сипаттарына тән болған жоғары марифат - ілімдерді үмбеті ішіндегі ұлыларының жүрегіне жеткізу. Бұл міндетті бірінші уағыздау міндетімен шатастырмау керек. Мазһабсыз адамдар осы екінші міндетті қабылдамайды. Алайда, Әбу Хурайраның (радиаллаһу анһ) хабарында: <u>*"Расулуллаһтан екі түрлі ілім үйрендім. Бұлардың бірін сізге айттым. Екіншісін*</u>

айтсам мені өлтіресіңдер" дегені **"Бухари"**, **"Мишкат"** және **"Хадиқа"** кітаптарында және **"Мәктубати Раббани"** кітабының 267-ші хатында жазылған.

Үшінші міндеті - Фиқһ үкімдерін уағыз бен насихат арқылы орындамаған мұсылмандарға күштеп жасату.

Расулуллаһтан кейін төрт халифаның (хазіреті Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли) "радиаллаһу анһум" әрбірі осы үш міндетті толық игерді. Хазреті Хасанның (радиаллаһу анһ) имамдығы кезінде бүліктер, бидғаттар көбейді. Ислам үш құрлыққа тарады. Расулуллаһтың нұры жер бетінен алыстады. Сахабалар (радиаллаһу анһум) азайды. Бұл үш міндетті бір адам атқара алмайтын жағдайға келді. Сондықтан осы үш міндет басқа-басқа үш топқа бөлінді. Ғылымда "Усул және Фуру үкімдері" деп аталатын иман және фиқһ үкімдерін үйрету міндеті дін имамдарына, яғни мужтаһидтерге жүктелді. Бұлардың иманды үйрететіндері - **"Мутакаллимин"**, фиқһты үйрететіндері - **"Фуқаһа"** деп аталды. Екінші міндет - қалаған мұсылмандарға Құранның рухани жоғары үкімдерін үйрету міндеті әһли бәйттің он екі имамы мен тасаууф (сопылық) жолындағы ғалымдарға жүктелді. Ұлы әулиелер Жунайд Бағдади мен Сирри Сақати – осылардың қатарына кіреді.

Үшінші міндет - діни үкімдерді күшпен, билікпен орындату ісі патшалар мен сұлтандарға, яғни үкіметтерге жүктелді. Бірінші топтың бөлімдері **"Мазһаб"**, екіншісі **"Тариқат"**, үшіншісі **"Заң"** деп аталды. Иманды білдіретін мазһабтар **"Итиқадта мазһаб"** (сенімдегі мазһаб) деп аталады. Итиқад мазһабтарының 73 топқа бөлінетінін, олардың тек бірінің дұрыс, қалғанының қате екендігін пайғамбарымыз хабар берген еді. Ол солай болды да. Тура жолда екендігі хабар берілген топ **"Әһли сүннет уәл-жамағат"** мазһабы деп аталады. Қате екендіктері айтылған 72 топ **"бидғат топтар"** деп аталады. Бұлардың барлығы мұсылман болып табылады. Алайда, 72 бидғат жолдың бірін ұстанатын адам Құран мен хадистерде айқын көрсетілген және мұсылмандар арасында таралған білімнің біріне сенбесе, кәпір болады. Қазіргі кезде **әһли сүннет** мазһабынан шығып, жолдан тайған немесе кәпір болған, мұсылман аталатын адамдар көптеп кездеседі.

Имам Мұхаммед Биргивидің **"Тариқат-ул-Мухаммадийа"** кітабында және осы кітаптың шархы - түсіндірмелері болған

“Бәриқа” және **“Хадиқа”** кітаптарында былай делінген: “Имам Бұхари мен Имам Мүслимнің көрсеткен хадисінде **«Бір заман келеді, менің үмбетім Исраил ұлдары** (яғни яһудилермен христиандар) **сияқты болады. Бір аяқ киімнің сыңарындай оларға ұқсайтын болады. Олардың бірі анасымен зинақорлық жасаса, үмбетімнен де солай істегендер кездеседі. Исраил ұлдары 72 топқа бөлінді. Менің үмметім 73 топқа бөлінеді. Олардың 72-сі қате сенімдеріне байланысты тозаққа барады. Біреуі ғана тозаққа бармайды. Ол – менің және сахабаларымның жолын ұстанғандар”** делінген. Исраил ұлдарының Мұса алейһиссаламнан кейін 71, Иса алейһиссаламнан кейін 72 топқа бөлінгендігі туралы **“Милал уа нихал”** және **“Бариқа”** кітаптарында жазылған. Сенімдеріне байланысты тозақтан құтылатын жалғыз топ **“әһли сүннет уәл-жамағат”** деп аталады. 72 топтың әрқайсысы өзінің әһли сүннет екендігін айтып қуануда. Жұмаққа баратынына сенуде. Алайда, ұстанған жолын дұрыс деп ойлауы, айтуы адамның тура жолда болғанын аңғартпайды. Хақ жолда болу сөздер мен істердің аяттарға және сахих хадистерге сай болумен түсініледі.

Әһли сүннет мазһабы **Матуриди** және **Әшари** болып, екі бөлек атпен аталғанымен, екеуінің негізі бір болғандықтан, және бір-біріне қарсы келмегендіктен бір деп есептеледі. Әһли сүннет тобы ғибадатта және басқа істерде төрт мазһабқа бөлінеді. Төртеуінің иманы бірдей болғандықтан бәрі бір жол. Олар аяттар мен хадис шәрифтерде ашық көрсетілмеген үкімдер мәселесінде бір-бірінен бөлінген. Төртеуі де бұл үкімдерді түсіну үшін ижтиһад[2] еткен, күш салған. Оны әрқайсысы басқаша түсінген. Бұл мазһабтардың Құран кәрім мен хадис шәрифтерде ашық білдірілген үкімдерде бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Мағыналары ашық түрде білдірілген аят және хадистерде ижтиһад жасалынбайды. Иманға қатысты үкімдер ішінде ашық түрде білдірілмеген мәселелерде ижтиһад етемін деп жаңылған адам кешірілмейді. Осылай жаңылған, сенімі бұзылған 72 топ **“бидғат иесі”** деп аталады. Бірақ оларға “кәпір” делінбейді. Ислам дінінде айқын көрсетілген үкімдердің біріне

---

2 Ислам құқығында **“ижтиһад”** – аяттармен хадис шәрифтерден мағыналары ашық түрде білдірілмегендерін ашық түрде келген басқа діни үкімдермен салыстыру арқылы жаңа үкімдер шығаруға тырысу, күш салу болып табылады.

сенбеу – иманды кетіреді. Ол адам кәпір болады. Жаңылыс үкім шығарып, иманнан айырылғандар **“мулхид”** деп аталады. Адасқан жетпіс екі топтың ішіндегі Батыни, Мужассима, Мушаббиха және Уаххабилердің бір бөлігінің және ибахи тобының мулхид екендігі **“Радд-ул-мухтар”** және **“Нимат-и Ислам”** кітаптарында жазылған.

Жоғарыдағы хадисте айтылғанындай, бүкіл адамдар иманды немесе имансыз болып екіге бөлінеді. Иманды болған мұсылмандар да хақ жолдағы әһли сүннет мазһабынан немесе адасқан бидғат әһлінен тұрады. Бұдан әһли сүннет мазһабында болмағандардың, яғни мазһабсыз адамдардың адасқан немесе иманынан ажыраған адам болатыны аңғарылады.

Әрбір мүсылманның иман етілуі тиіс нәрселерді әһли сүннет ғалымдары қалай білдірген болса, солай үйреніп, соған орай сенуі, яғни иман келтіруі шарт. Осыларға қысқаша иман келтірген адам мумин-иманды болады. Тек имандылықтың себептерін үйренбегені, ізденбегені күнә болады. Иманға қатысты үкімдерді себептерімен меңгеру бұйырылған. Орындалуы және қолданылмауы тиісті болған үкімдердің дәлелдерін, себептерін меңгеру бұйырылған жоқ. Яғни амалдарға қатысты үкімдердің себептерін білмеу күнә болмайды.

Үлкен күнә істеген адамның иманы жоғалмайды. Харам нәрсені адал десе, иманы кетеді. Күнәлар үлкен және кіші болып екіге бөлінеді. Үлкен күнәлардың басында мына жетеуі келеді: 1. Бір нәрсені Аллаһқа серік қосу (ширк). Ширк – күпірліктің ең жаманы. 2. Бір адамды немесе өзін өлтіру. 3. Сиқыр жасау. 4. Жетімнің малын жеу. 5. Өсім алу, беру. 6. Соғыста дұшпаннан қашу. 7. Таза әйелдерге “намыссыз” деп жала жабу.

Кез келген күнә үлкен күнәлар қатарында болуы мүмкін. Сол себепті олардың бәрінен алыс тұру қажет. Кіші күнәні үнемі істеп жүру үлкен күнә болады. Үлкен күнә тәубе етілген кезде кешіріледі. Адам тәубе етпестен қайтыс болса, Аллаһу та’ала қаласа, шапағат арқылы немесе шапағатсыз кешіреді. Кешірілмесе, адам тозаққа барады.

“Зуннар” деп аталатын поптардың белдігін тағу, крест және осыған ұқсас күпірлік белгілерін қолдану, пұттарға құрмет көрсету, дін кітаптарын қорлау, дін ғалымдарын мазақ ету, күпірлікке

себеп болатын сөз айту, қысқасы Ислам діні бойынша құрмет көрсетілуі тиіс нәрсені қорлау, керісінше құрмет ету тыйым салынған нәрселерді құрметтеу күпірлікке жатады. Бұлардың бәрі Ислам дініне сенбеудің, оған деген қарсылықтың белгілері болып табылады.

Аллаһу та’ала тәубе еткен адамдарды жақсы көреді. Оларды кешіреді. Сосын ол күнәні тағы жасаса, тәубесі бұзылмайды. Екінші рет тәубе жасау керек. Тәубе еткен адам бір күнәсі есіне түскенде, ол күнәні істегеніне қуанса, қайтадан тәубе ету керек. Ақысы қалған адамдардың ақысын өтеу, ғайбаттаған адамнан кешірім сұрау, оның ризалығын алу, орындамаған парыздардың қазасын өтеу – парыз. Бұлар тәубенің шарттары болып табылады. Бір теңгені өз иесіне қайтару мың жыл нәпіл ғибадат жасаудан және жетпіс нәпіл қажылықтан артық. Күнә істегеннен кейін “бұл күнәні тағыда істеп қойсам бірінші тәубем бұзылады” деген оймен тәубе етуді кешіктіру дұрыс емес. Бұл шайтанның уәсуәсәсі әрі надандық болады. Әр күнәні жасағаннан кейін дереу тәубе ету керек. Тәубені бір сағат кешіктіру күнәні екі есе көбейтеді. Бұдан да көрініп тұрғандай қазаға қалған намаздардың күнәсі әрбір намаз уақыты өткен сайын екі есе болып көбейе береді.

“Тәубе еттім” дегенмен тәубе жасалды деп саналмайды. Тәубе дұрыс болу үшін үш шарт орындалу қажет: 1. Дереу күнә істі тоқтату. 2. Күнә істегеніне Аллаһтан қорқып, ұялу және өкіну. 3. Бұл күнәні қайтып жасамауға шын көңілімен сөз беру. Аллаһу та’ала шарттарына сай жасалған тәубені қабылдайтынына сөз берген. (Құл ақысы бар күнәнің тәубесі үшін ақысы бар адам кешіруі тиіс).

Мінез өзгереді. Көркем мінезді болуға тырысу қажет.

Адамның ахиретте иманды болатын-болмайтындығы оның соңғы демінде белгілі болады. Алпыс жыл кәпір болған адам өлімнен аз уақыт бұрын мұсылман болса, ахиретте мумин (иманды) болып тіріледі. Пайғамбарлардан және жұмаққа баратындығы білдірілген адамдардан басқа ешкімді жаннаттық деуге болмайды. Өйткені, жан шығарда жағдайдың қандай болатындығы белгісіз.

Иманды кісі қайтыс болғаннан кейін артында қайырлы істері қалса, пайдалы кітаптары қалса, жақсы балалары қалып, оған дұға оқыса, ол кісіге сауап жазылады. Адам өлгеннен

кейін оның жақсылық (сауап) және жамандық (күнә) дәптері жабылмайды. Асхаби кирамдан Са’д бин Убада (радиаллаһу анһ): “Ей Расулуллаһ! Анам қайтыс болды. Оған қандай жақсылық жасай аламын?” деп сұрағанда, Пайғамбарымыз: **«Адамдарға су садақа ету** (тарату) **жақсы болады»** деп айтқан. Дұға етіп, сауап бағыштаған кезде муминдердің барлығының рухына бағыштау қажет. Ол бәріне жетіп барады. Дұға – бәле жаладан құтқарады. Садақа беру – Аллаһу та’аланың азабын жұмсартады. Ажалы жетпеген науқастың сауығуына себеп болады. Аллаһу та’ала дұға етпейтіндерді жақсы көрмейді.

Әрбір мұсылманның **сенім (итиқад)** мен **амал**дағы өз мазһабын үйренуі уәжіп. Мазһаб – жол деген сөз. Құран кәрімдегі және хадистердегі жабық мағыналы мәліметтерді мужтаһид ғалымдар ижтиһад ету арқылы шығарады. Сенімдегі мазһабымыз **- әһли сүннет уәл-жамағат** мазһабы. Бұл – расулуллаһтың сахабаларының және жамағатының сенімі және имандары дегенді білдіреді. Сахабалардың барлығы – мужтаһид. Олар Ислам дінінің нұры, жарығы. Мұсылмандардың имамдары – олардың көсемдері және сүйеніштері. Олардың жолынан тайғандар тозаққа барады. Әһли сүннет тобының екі имамы бар:

1. Әбу Мансур Матуриди “рахметуллаһи та’ала алейһ”. Ол Имам Ағзам Әбу Ханифа “рахметуллаһи та’ала алейһ” мазһабында жетілген үлкен ғұлама. Ханафи ғалымдары итиқадта, яғни сенімде соның мазһабында, жолында.

2. Әбул Хасан Әшари “рахметуллаһи та’ала алейһ” - Шафии мазһабындағы ғалымдардың ұлысы. Бұл екі мазһаб арасында айырмашылық өте аз.

Қазіргі кезде ижтиһад арқылы шариғи үкім шығара алатындай жоғары білімді мужтаһид ғалым жоқ. Сол себептен әрбір мұсылман белгілі төрт мазһабтың бірінің **“Ғылымхал”** (ильм-и халь) кітабын оқып үйренуі, иманын және барлық істерін соған сай істеуі қажет. Осылайша, бір мазһабты ұстанған болып есептеледі. Төрт мазһабтың ешқайсысын ұстанбаған адам әһли сүннет бола алмайды. Мазһабсыз болады. Ал мазһабсыз адам не жетпіс екі адасқан топтың біріне түседі, не болмаса иманын да жоғалтып күпірге түседі.

Мұсылмандар әһли сүннет сенімінде болуы тиіс

Мұсылман болудың алғашқы шарты – иман келтіру. Ал "дұрыс иман" - "**әһли сүннет ғалымдары**ның кітаптарында көрсетілгендей сену" деген сөз. **Әһли сүннет сенімі**нде болу үшін төмендегілерге дұрыс сену керек:

1. Иманның алты шартына сену қажет.
2. Иман артпайды және кемімейді. Иманда аздық-көптік болмайды. Тек қуаты ғана артып кемуі мүмкін.
3. Үлкен күнә істеген адамның иманы кетпейді.
4. Ғайыпқа сену керек.
5. Иман мәселесінде қияс (салыстыру) болмайды.
6. Аллаһу та'ала жұмақта көрінеді.
7. Тауаккул – иманның негізі.
8. Амалдар, ғибадаттар иманның бөлшегі емес.
9. Тағдырға сену – иманның шарты.
10. Амалда, ғибадат етуде бір мазһабқа бағыну керек.
11. Сахабалардың бәрін және пайғамбардың әһли бәйтін жақсы көру, құрметтеу қажет.
12. Төрт халифаның дәрежесі халифалық тәртібі бойынша
13. Намаз, ораза, садақа сияқты нәпіл ғибадаттардың сауабын басқаға сыйлауға, бағыштауға болады.
14. Миғраж – рух және дене арқылы жүзеге асқан.
15. Әулиелердің кереметі – бұл ақиқат.
16. Шапағат ету – ақиқат нәрсе. Пайғамбарлар, әулиелер, шәйіттер шапағат етеді.
17. Мәсіге масих тартуға болады.
18. Қабірде сұрақ сұралады.
19. Қабір азабы рух пен денеге бірдей болады.
20. Адамдарды да олардың әрекеттерін де Аллаһу та'ала жаратады. Адамда ирадаи жузийа (таңдау еркіндігі) бар.
21. Ризық-несібе адамға халал жолдан да, харам жолдан да келеді.
22. Әулиелердің рухтарымен тауассул етіледі. Олардың құрметіне деп дұға етіледі.

Иманды кісіні болашақта иманынан айыратын нәрселер

1. Бидғат иесі болу. Яғни итиқады-сенімі, иманы қате болу. Әһли сүннет ғалымдары көрсеткен дұрыс сенімнен аз да болса ауытқыған адам бидғатшы немесе кәпір болады. Иман келтіру міндетті болған нәрселердің біреуіне сенбесе, имансыз болады. Иман келтіру міндетті болмаған жәйттердің біреуін мойындамау, қабылдамау бидғат немесе адасу болады. Бұл да соңғы демінде имансыз түрде қайтыс болуға себеп болады.
2. Әлсіз (күмәнді болған) иман.
3. Тоғыз мүшесін тура жолдан шығару.
4. Үлкен күнә істеуді жалғастыру. Сол үшін спирттік ішімдік ішпеу керек. Мұсылман қыздар мен әйелдердің басын, шашын, балтыр, білектерін бөтен ер адамдарға көрсетпеуі керек.
5. Ислам нығметіне шүкіршілік етпеу.
6. Ахиретке имансыз барудан қорықпау.
7. Орынсыз зұлымдық әрекет жасау.
8. Сүннетке сай оқылған азанды тыңдамау. Бұндай азанды құрметтемесе, дереу иманы кетеді.
9. Ата-анаға қарсылық көрсету. Олардың Исламға қайшы болмаған бұйрықтарын орындамау.
10. Дұрыс болса да, көп ант ішу.
11. Намазда рүкуда, қаумада, екі сәждеде және отыруда тадили әрканды орындамау (<u>тадили әркан</u> - намаздың бес жерінде әрекетсіз бір “субханаллаһ” дейтіндей уақыт тұруға айтылады)
12. Намаз оқуға мән бермеу. Бұны үйренуге, бала-шағасына үйретуге немқұрайлы қарау; намаз оқығандарға кедергі болу.
13. Арақ-шарап және мас қылатын кез келген ішімдікті аз болса да ішу.
14. Мұсылмандарға қысым көрсету.
15. Жалған әулиелік, молдалық жасап, ойына келгенін дін деп уағыздау. (Сондай ойдан жазылған кітаптарды оқымау керек).
16. Жасаған күнәсін ұмыту, оны кіші деп санау.
17. Тәкәппар болу, яғни өзін ұнату.
18. Ужб, яғни білімім мен амалым көп деу.
19. Мунафиқ болу, екі жүзділік.

20. Көре алмаушылық, діндес бауырын күндеу.

21. Үкіметтің және ұстазының Исламға қайшы келмейтін сөзіне құлақ аспау, орындамау.

22. Бір адамды білмей тұрып, жақсы деу.

23. Жалған сөйлеу.

24. Ғалымдардан қашу. Әһли сүннет ғалымдарының кітаптарын оқымау.

25. Мұртты сүннет мөлшерінен көп өсіру.

26. Еркектердің жібек матадан киім киюі.

27. Әрдайым ғайбат сөз айту.

28. Кәпір болса да, көршісіне қысым көрсету.

29. Дүниелік нәрселер үшін ашулану.

30. Өсімге ақша беру және алу.

31. Мақтану үшін киімінің жеңін, етегін шектен тыс ұзарту.

32. Сиқыршылық жасау.

33. Мұсылман және салих туыстарымен араласпай қою.

34. Аллаһу та'аланың сүйген құлын жек көру және Исламды бұзуға тырысқандарды жақсы көру.

35. Мұсылман бауырына үш күннен артық кек сақтау.

36. Үнемі зинақорлық жасау.

37. Ливата (гомосексуалдық) жасап, тәубе етпеу.

38. Азанды фиқһ кітаптарында көрсетілген уақыттарда, сүннетке сай оқымау және сүннетке сай оқылған азанды естіген кезде оған құрмет көрсетпеу.

39. Харам іс істеген адамды көре тұра, күші жетсе де, жылы сөзбен қайтармау.

40. Әйелінің, қызының және насихат айтуға құқығы бар әйелдердің басы, қолы, аяғы ашық, сәнденіп, иіссу сеуіп көшеге шығуына және жаман адамдармен кездесуіне рұқсат ету.

Иманды жаңарту

Иман – Мұхаммед алейһиссаламның Аллаһу та'аладан әкелгендігі бір ауыздан білдірілген нәрселердің барлығын жүректің бекітуі, яғни сенуі деген сөз. Аллаһу та'аланың бар және бір екендігіне, қайтадан тірілетінімізге, намаз оқудың, рамазан айында ораза тұтудың парыз екендігіне, спирттік ішімдік ішудің,

әйелдердің бас, шаш, аяқтарының бөтен еркектің жанында ашық жүруінің харам екендігіне сенуді білдіреді. Сенетінін айтқан адам **"мумин"**, яғни **"мұсылман"** деп аталады. Пұтқа табыну, Құран кәрімді қоқысқа тастау, күпірлік нәрсені істеу кәпір болуға алып барады. Дәретсіз екендігін біле тұра намаз оқу, сүннет болған нәрсені ұнатпау да - күпірлік. Аят пен хадистерде ашық көрсетілмеген, ашық көрсетілсе де ижма (ауызбірлігі) арқылы білдірілмеген нәрсені қабылдамау күпірлік болмайды. Харам екендігі айқын көрсетілген нәрсені халал деу – күпірлік. Шарап ішу, доңыз етін жеу де осындай. Негізінде халал болып, бір себеппен харам болған нәрсені халал деген адам кәпір болмайды. Басқаның мал-мүлкін алу да сондай. Бір мұсылманның бір сөзі немесе әрекеті бірнеше тұрғыдан күпірлікке және басқа бір тұрғыдан имандылыққа ишара қылса, оның бұл сөзі **"Тәуил"** етіледі. Яғни иманды екенін білдіретін мағынасына сүйеніп кәпір демей, керісінше мұсылман екендігіне үкім беріледі. Алайда өзі сол иманды екенін көрсететін мағынада айтпағанын мойындайтын болса ғана кәпір екендігі белгілі болады. Сонымен қатар айтылған сөздің күпірлікке себеп болуы не болмауында ғұламалар екі түрлі үкім білдірген болса, айтқан адамға кәпір делінбейді.

Мұсылман еркек пен әйелдің бірі мүртәд болса, яғни діннен шықса, некелері бұзылады. Одан кейінгі балалары некесіз туылған бала болып есептеледі. Еркек тәубе етсе, некелерін жаңартулары қажет. Бірақ әйелді некеге тұруға мәжбүрлеуге болмайды. Егер әйел діннен шықса, тәубе етуге және кейін некесін жаңартуға мәжбүрленеді. Талақ етілмегендіктен хулла[3] керек болмайды. Ғалымдардың ижма мен (ауызбірлігімен) білдірмеген бір үкімді қабылдамай, кейіннен тәубе еткен кісінің әр ықтималға қарсы некесін жаңартуы дұрыс болады. Мүртәд болған кезде кісінің мүлкі иелігінен шығады. Бәрі де қолынан алынады. Тәубе етсе, кері

3 **Хулла** - кісі әйелінен үш талақпен ажырасса, яғни басқа басқа үш уақытта бір реттен "талақ еттім" (ажырастым, боссың) десе, немесе бір уақытта "Үш талақсың" (үш рет боссың) деп ажырасса, әйелімен болған некесі түгелдей бұзылады. Әлгі кісінің осы әйелмен жаңадан некеге тұруы үшін хулла қажет. Хулла - әйелдің басқа еркекпен үйленіп, той жасап, қосылып, кейін күйеуінің бұдан талақ етумен ажырасуы нәтижесінде идда (ажырасқан әйелдің екінші некеге тұруы харам болған, ханафиде алғашқы таза күндері басынан үшінші етек кірінің соңына дейінгі) уақытын күтуі дегенді білдіреді.

қайтарылады. Қайтыс болса, немесе Франция, Италия сияқты кәпір елдерге кетсе, мұсылман мұрагерлеріне беріледі. Мұсылман болып ислам өлкесіне қайтып келсе, мұрагерлеріне берілген мүліктің қалғаны өзіне қайтарылады. Мүртәдтің ешқандай ғибадаты сахих-дұрыс болмайды. Ешқандай әйелмен некесі де сахих болмайды. Сойған, аулаған жануарын жеуге болмайды. Куәлігі еш жерде өтпейді. Ешкімге мұрагер бола алмайды.

Біреулер айтады: "Адам намазды оқып, барлық ғибадатты, барлық жақсылықты жасаса да, бір сөз айтумен кәпір болып қала ма?" Қадизада Ахмет **"Биргиуи шархи"** кітабында: *"Бір кәпір бір тәуһид калимасын айту арқылы мұсылман болатыны секілді, бір мұсылман да бір сөз айтумен кәпір болады. Әйел мен ер адамның бірі күпірлікпен мүртәд болса, некелері бұзылады. Бұл талақ емес. Сол себеппен иманы мен некесін еш қандай хулласыз үштен көп рет жаңартуларына болады"*. Тек бірінің некені жаңартуы жеткіліксіз. Ер мен әйелінің екі куәгердің қасында неке жаңартуы керек. Шафии мазһабында идда (ажырасқан әйелдің екінші некеге тұруы харам болған белгілі бір мерзім) уақыты ішінде тәубе етсе, некені жаңартуы керек емес. Ханафи мазһабында болған кісінің, керекті жағдайда оңай неке жаңалауы үшін, әйелінен өкілет алып, екі куәгердің қасында **"Бұрыннан некемдегі әйелімді оның өкілі ретінде және мен жақтан асыл ретінде өз некеме алдым"** деуі керек. Мешітте жамағат көп жиналған намаздың дұғасынан кейін, имам тәждиди иман мен неке жаңартуды жамағатпен бірге оқыса, жамағат бір-біріне куә болып, некелері де жаңартылған болады. Жан шығар кезінде мұсылманның тәубесі қабылданады. Бірақ, кәпірдің иман келтіруі қабылданбайды. Әрбір мұсылман күн сайын имансыздықтан сақтану үшін мына иман дұғасын оқуы тиіс: **"Аллаһумма инни аъузу бика мин ән-ушрикә бикә шәй-ән уә әнә аләму уә астағфирукә лима лә-аләму иннәкә әнтә алламул-ғуйуб"**. Таңғы дұға түн ортасынан бастап, кешкі дұға түс қайтқаннан бастап оқылады. Кісінің мүртәд екендігін мойындамауы тәубе еткенін аңғартады.

"Бәриқа" мен **"Хадиқа"** кітаптарының "тіл апаттары" бөлімінде және **"Мәжма-ул-әнхур"** кітабында былай делінген: "Ер немесе әйел мұсылман ғалымдардың ауызбірлігімен күпірлікке

себеп болатынын білдірген сөз немесе әрекеттердің біреуін иманды кетіретінін біле тұра, ешкім мәжбүрлемей, өз қалауымен шындап немесе күлдіру үшін айтса, не істесе, мағынасын түсінбесе де **мүртәд** болады. Яғни иманы кетеді. Бұл **“куфри инади”** (біле тұра кәпір болу) деп аталады. Мұндай адамның бұрынғы жасаған ғибадаттарының сауабы өшеді. Тәубе етсе де, кері келмейді. Бай болса, қайтадан қажылыққа баруы тиіс. Мүртәд кезде оқыған намаздарын, тұтқан оразасын, берген зекетін иманға келген соң қаза етпейді. Мүртәд болудан бұрын орындамағандарын қаза қылады. Өйткені, мүртәд болғанда бұрынғы күнәлары жойылмайды. Мүртәд кезінде орындамағандарын да қаза етпейді. Куфри инадимен мүртәд болғандардың некесі бұзылады. Қайтадан иман келтіргеннен кейін екі куәгердің қасында **“тәждиди никаһ”** жасауы (неке жаңартуы) керек. Хулла керек емес. Тәубе ету үшін тек тәуһид калимасын (Ла илаһә илаллаһ Мухаммәдун Расулуллаһ) айту жеткіліксіз. Күпірлікке себеп болған ісіне, сөзіне де тәубе етуі тиіс. Егер күпірлікке себеп болатынын білмей айтқан, істеген болса, немесе күпірлікке себеп болады-болмайды деп ғалымдар екі түрлі білдірген сөзді-істі өз еркімен айтса-істесе, иманының кетуі және некесінің бұзылуы күмәнді болып табылады. Бұл жағдайда сақтану ретінде иман мен некесін жаңартуы жақсы болады. Білмей айту **“куфри жәһли”** деп аталады. Өйткені **әрбір мұсылманның білуі тиісті нәрселерді үйренуі парыз.** Білмеуі сылтау емес, үлкен күнә болады. Күпірлікке себеп болатын сөзді қателесіп, адасып, немесе басқа мағынада айтқан адамның иманы мен некесі бұзылмайды. Сонда да тәубе-истиғфар оқып, иман жаңартуы жақсы болады. Неке жаңартуы шарт емес.”

Мешітке барып жүрген мұсылманның күфри инадимен мүртәд болуы мүмкін емес. Өйткені мұсылман әрдайым білім іздейтін, білмегенін сұрап үйренетін адам. Басқа төрт түрде күпірлікке түсіп қалу ықтималы бар болғандықтан имамдар мешітте жамағатқа **“Аллаһумма инни уриду ән ужәддидәл иманә уәнникаһа тәждидән би-қаули ла илаһә иллаллаһ Мухаммедун расулуллаһ”** деп оқытқызып, тәубе және иман мен неке жаңартуды жасатады. Осылайша **«Ла илаһә иллаллаһ деп иманды жаңартыңыз!»** деген хадистің бұйрығы орындалған болады.

Иман дұғасы

Хадис ғалымдарынан Мұхаммед Тирмизи айтады: "Кімде-кім таң намазының сүннеті мен парызы арасында мына дұғаны ішінен оқыса иманмен қайтыс болады: **«Йа хаййу йа қаййум йа зәл жәлали уәл икрам. Аллаһуммә инни әс-әлукә ән тухйийа қалби би нури марифатикә әбәдән йа Аллаһ, йа Аллаһ, йа Аллаһ жәллә жәлалуһ»**".

Расулуллаһ (алейһиссалам) бұйырады: **«Әй, үмбеттерім мен сахабаларым, таңертең тұрғанда мына дұғаны оқыңдар: Субханаллаһи уә би хамдиһи субханаллаһил азим».** Бұл дұға сол күнгі күнәларға каффарат (тосқауыл, өтеу) болады.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Кімде-кім мына дұғаны күніне он рет оқыса, Аллаһу та'ала ол адамға қырық мың сауап жазады: "Әшһаду ән ла илаһә иллаллаһу уахдаһу ла шәрикә ләһу илаһән уахидән самәдән ләм йаттахиз сахибәтән уә ла уәләдән уәләм якун ләһу куфуән ахад»** делінді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам бұйырады: **«Қатысқан мәжілісіңізден шығатын кезде мына дұғаны оқыңдар: "Субханака аллаһуммә уә бихамдикә, әшһаду ән ла илаһә илла әнтә уахдәкә ла шәрикә ләкә уә астағфирукә уә әтубу иләйкә". Сол мәжілістегі күнәлар кешіріледі».**

Жүректі өлтірмеу (сезімсіз, тас жүрек етпеу) үшін мына дұғаны оқы! Мұны Расулуллаһ алейһиссалам өсиет еткен: **"Йа хаййу, йа қаййум йа бәдиассамауати уәл арди йа зәл жәлали уәл икрам, йа ла илаһә илла әнтә әс-әлуке ән тухйийа қалби би-нури марифатикә йа Аллаһу йа Аллаһу йа Аллаһу жәллә жәлалуһ"**.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам қайтыс болар кезінде мына дұғаны оқыған: **"Субханаллаһи уә бихамдиһи әстағфируллаһә уә әтубу иләйһ"**.

Тәждиди иман дұғасы

Ей Раббым! Балиғат жасымнан бүгінге дейін Ислам дұшпандарына және бидғат иелеріне алданып, жұқтырған бұзық сеніміме және бидғат, күнә саналатын сөздеріме, тыңдағандарыма,

көргендеріме, істегендеріме өкінемін. Енді бұлай бұзық нәрселерге сенбеуге және істемеуге бел байладым. Пайғамбарлардың алғашқысы – Адам алейһиссалам, соңғысы – біздің сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам. Осы екі пайғамбарға және екеуінің арасында келген пайғамбарлардың барлығына және келтіргендеріне иман еттім. Олардың барлығы хақ және айтқандарының бәрі дұрыс.

Амәнту билләһ уә би-ма жаә мин индиллаһ, әла мурадиллаһ, уә амәнту би-Расулиллаһ уә би-ма жаә мин инди расулиллаһ әла муради Расулиллаһ.

Амәнту биллаһи уә мәлаикатиһи уә кутубиһи уә Русулиһи уәл-йәумил ахири уә бил-қадари хайриһи уә шәрриһи миналлаһи та'ала уәл-басу бадәл-мәути хаққун әшһәдуән ла илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә расулуһ.

Жан шығарда имансыз кетуге себеп болатын нәрселер

1. Аллаһу та'аланың бұйрықтары мен тыйымдарын үйренбеу.
2. Иманын әһли сүннет сеніміне сай етпеу.
3. Дүниеге, атақ-даңққа құмар болу.
4. Адамдарға, жануарларға, өзіне зұлымдық жасау.
5. Аллаһу та'алаға шүкіршілік және жақсылықтың келуіне себеп болғандарға рахмет етпеу.
6. Имансыз болудан қорықпау.
7. Бес уақыт намазды уақытылы оқымау.
8. Өсімге ақша алу, беру.
9. Дінін ұстанған мұсылмандарды төмен санау, оларға жаман сөздер айту.
10. Ұятсыз сөздер айту, жазулар жазу, суреттер салу.

Тасауф, әулие және керемет

Исламда уилайат (әулиелік) және тасауф ілімі бар. Адамда сыртқы (заһири) кәмелдіктер, жетілу жағдайлары бар болғанындай, ішкі (батыни), жүрекке тән артықшылықтар да болады. Сыртқы артықшылықтар әһли сүннет ғалымдарының Құран кәрім

мен хадистерден түсініп шығарған үкімдеріне сай сену және парыздарды, уәжіптерді, сүннеттерді, мустаһабтарды орындау және харам, мәкрух, күмәнді, бидғат нәрселерден сақтану дегенді білдіреді. Батыни яғни жүрекке тән артықшылықтар адам жүрегінің, рухының жоғары дәрежелерге көтерілуі болып табылады.

Бұхари мен **Мүслим**нің хадис кітаптарында келген бір хадис шәрифте: Хазреті Омар (радиаллаһу анһ) айтады: "Бір күні расулуллаһтың жанында отыр едік. Біз танымайтын бір адам келді де, **"Ислам деген не?"** деп сұрады. Расулуллаһ **«Калимаи шахадат айту, күніне бес уақыт намаз оқу, рамазан айында ораза тұту, зекет беру және жағдайы жетсе қажылыққа бару»** деді. Ол кісі **"Дұрыс айттың"** деді. Өзі сұрап, өзі дұрыс дегеніне таң қалдық. Сосын **"Иман деген не?"** деп сұрады. Расулуллаһ: **«Иман – Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға, қиямет күніне және тағдырға сену»** деді. Ол тағы да **"Дұрыс айтасың"** деді. Сосын **"Ихсан деген не?"** деп сұрады. Расулуллаһ **«Аллаһу та'алаға Оны көріп тұрғандай құлшылық жасау. Сен оны көрмесең де, Ол сені әрдайым көріп тұрады»** деді. Содан соң **"Қиямет күні қашан болады?"** деген сұрақты қойды. **«Ол туралы сенен артық білмеймін»** деді Расулуллаһ. Одан кейін әлгі кісі: **"Қияметтің белгілері қандай?"** деп сұрады. Пайғамбарымыз қияметтің белгілерін бір-бір санап айтты. Кейіннен бізге қарап, **«Бұларды сұрап кеткен кісі Жәбірейіл алейһиссалам еді. Ол сендерге діндеріңді үйрету үшін келді»** деді. Бұл хадис **"Хадис-и Жибрил"** деген атпен танымал болды.

Бұл хадиси Жибрилден иман мен ғибадаттан өзге де бір **"ихсан"** деген дәреже, кәмелдік бар екендігі аңғарылады. Біз бұл үстемдікті **"Уилайат"** немесе **"әулиелік"** деп айтамыз. Әулие Аллаһу та'аланың махаббатына, сүйіспеншілігіне бөленген кезде оның жүрегіндегі дүниелік нәрселерге деген байланыспен құштарлық жоғалады. Бұл хал **"фәна-и қалб"** (жүректе дүниеліктің жоғалуы) деп аталады. Адамды Аллаһтың махаббаты қаптаған бұл жағдай – Аллаһу та'аланы көру деген сөз емес. Аллаһу та'ала бұл дүниеде көрінбейді. Алайда, әулие Аллаһу та'аланы көргендей жағдайды басынан кешіреді. Бұл жағдайға адам қалау арқылы қол жеткізуге болмайды. Міне, расулуллаһ **«Аллаһу та'аланы көріп**

тұрғандай ғибадат жасау» деп осы жағдай туралы айтады.

Бір хадис шәрифте: **«Адамда бір кесек ет бар. Ол салих, таза болса, бүкіл дене салих, таза болады. Ол фасид-жаман болса, бүкіл дене жаман болады. Бұл бір кесек ет – жүрек!»** делінген. Дененің таза, салих болуы үшін жүректің таза болуын сопылар **"фәна-и қалб"** деп атайды. Жүрек Аллаһу та'алаға деген сүйіспеншілікте фәни болады, яғни өзін жоғалтады. Аллаһтың сүйгендерін жүрек де сүйеді. Бұл жүрек көршісі нәпсіге де әсер етеді. Нәпсі де жамандығынан құтыла бастайды, **"Хубб-и филлаһ"** (тек Аллаһ үшін жақсы көру) және **"бұғд-и филлаһ"**қа (тек Аллаһ үшін дұшпан болу) қол жеткізеді. Яғни, Аллаһу та'аланың ұнатқан нәрселерін жақсы көріп, Оның ұнатпағандарына да дұшпан болады. Осыған байланысты бүкіл дене Исламның үкімдеріне мойынсұнуды қалайды.

Асхаби кирамның сахаба емес мұсылмандардан жоғары тұратындығы белгілі. Алайда, қияметке дейін келетін Ислам ғалымдары арасында білімі мен амалы кейбір сахабалардың ғылымы мен амалдарына тең келетіндер бар. Хадис шәрифте: **«Басқалар Аллаһтың ризалығы үшін Ухуд тауындай алтынды садақа етіп берсе де, сахабаларымның Аллаһ жолында берген жарты саъ** (1750 грам) **арпасының сауабын ала алмайды»** делінген. Сахабалардың ғибадаттарының осынша қадірлі болуы олардың Расулуллаһтың сұхбатына қатысу және пайғамбармен сөйлесу нәтижесінде жүректерінде пайда болған **"Батыни кәмелдік**ке**"** (ішкі рухани кәмелетке) байланысты. Олардың жүректері Расулуллаһтың мүбәрәк жүрегінен нұр алды. Жүректері нұрланды. Хазреті Омар қайтыс болған кезде ұлы Абдуллаһ *"Ғылымның оннан тоғызы кетті"* деген еді. Мұны естіген жастардың таң қалғанын көріп, *"Сіз білетін фиқһ және кәлам ғылымдарын айтып тұрған жоқпын. Расулуллаһтың мүбәрәк жүрегінен аққан батыни, рухани ғылымның, марифаттың оннан тоғызы кетті демекшімін"* деді. Сахабалардан кейін келген мұсылмандар арасында осы батын ілімінің нұрына қауышқандар өздерінің ұстаздары, пірлері болған мүршидтерінің (жол көрсетуші) сұхбаттарында қауышқан болатын. Солар арқылы Расулуллаһтың жүрегінен шыққан нұрға қол жеткізді. Ол әрине

Расулуллаһтың сұхбатындағыдай болмайды. Сахабалардың (радиаллаһу та'ала анһум ажмаин) артықшылығы міне, осы жерде. Бұдан аңғарылатыны мынау – демек, мұсылмандықта адамның **"заһири"** (сыртқы) құлшылығы, сыртқы тақуасы, сыртқы кәмелеті мен қатар, оның **"батыни"** деп аталатын ішкі кәмелеті де бар. Бұл кәмелдіктердің дәрежелері болады. Бұған мына хадис құдси дәлел: **«Құлым маған біраз жақындаса, Мен оған көп жақындаймын. Құлым маған көп жақындаса, Мен оған одан да көп жақындаймын. Құлым** (фарздарымен қоса) **көп нәпіл ғибадат жасаса, маған соншалықты көп жақындайды, оны жақсы көремін. Оны жақсы көрген соң, оның дұғаларын қабыл етемін. Оның көруі, естуі және күші жетуі менімен жүзеге асады»** деп бұйырады. Аллаһу та'аланың осылай жақсы көруіне себеп болатын нәпіл ғибадаттар - сопылық жолындағы амалдар, міндеттер, әрекеттер болып табылады.

Мың жылдан астам уақыт ішінде әлемнің үш үлкен құрлығында дүниеге келген миллиондаған мұсылмандар тасавуф (сопылық) жолда еңбек ету және салих кісілердің сұхбатына қатысу арқылы жүректерінде өзгеше бір халдің көрініс тапқанын айтқан және жазған. Өтірік нәрсе үшін осыншама адамның тіл біріктіріп, келісіп алғанын айту ақымақтық болар. Осындай ғаламдық ауызбірлігіне барғандардың көпшілігінің өмірбаяндары кітаптарда бар. Барлығының білімді, тақуа, салих - дұрыс адамдар болғаны айқын. Мұндай рухани жетік, салих адамдардың бәрінің жалған сөйлеуі мүмкін емес. Міне, осындай миллиондаған салих, тақуа адам өз мүршидтерінің сұхбатына қатысу арқылы жүректерінің Расулуллаһтың сұхбатында тараған нұрға толғанын бір ауыздан мәлімдеп былай деген: "Салихтердің сұхбаттарында жүрегімізде иман мен фиқһ ілімінен басқа бір өзгеше жағдай пайда болды. Осы хал пайда болғаннан кейін, жүрегіміз Аллаһқа деген сүйіспеншілікке, Аллаһтың сүйгендеріне деген сүйіспеншілікке және Аллаһу та'ала бұйырған нәрселерге деген сүйіспеншілікке толды. Жақсы амалдарды, ғибадаттарды орындау ләззатты бола бастады. Әһли сүннет ғалымдары көрсеткен дұрыс сенімдер көңілімізге орнықты". Жүректерде туындаған бұл жағдай әрине кемелдену, жоғарылау еді.

Әулиеде кереметтер болады. **Керемет** - Аллаһу та'аланың әдеттен тыс, яғни, жаратылыстану және табиғат ілімдерінен тыс жасаған ғажайып нәрселері. Алайда, бір адамда жаратылыстану заңынан тыс жағдайларының болуы ол адамның сөзсіз әулие екендігін көрсетпейді. Аллаһу та'ала жақсы көрмеген адамдарда да, тіпті кәпірлерде де мұндай әдеттен тыс, таң қаларлық нәрселер көрінуі мүмкін. Әулиеде (рахметуллаһи алейһим ажмаин) кереметпен бірге тақуалық та болады. **Тақуалық** - Аллаһу та'аладан қорқу, оның бұйрықтарына, тыйымдарына бағыну деген сөз.

Әулиелік Аллаһу та'алаға жақын болу деген мағынаны білдіреді. Бірақ, адамдардың Аллаһу та'алаға жақын болуы екі түрде жүзеге асады. Бірінші жақындық Аллаһу та'аланың барлық адамдарға жақын болуы. **"Қаф"** сүресінің 16-шы аятында: **«Біз оған күре тамырынан да жақынбыз»** және **"Хадид"** сүресінің 4-ші аятында: **«Қай жерде болсаңдар да Аллаһу та'ала сендермен бірге»** деп бұйырылған. Екінші жақындық - Аллаһу та'аланың адамдардан тек ұлыларына және періштелерге жақындығы. **"Алақ"** сүресінің соңғы аятында **«Сәжде ет те, Аллаһу та'алаға жақында!»** деп бұйырылады. Жоғарыда келтірілген құдси хадисте: **«Құлым маған нәпіл ғибадаттар жасап соншалықты жақындайды, оны жақсы көремін...»** деген. Осы аят пен хадисте білдірілген жақындық тек таңдаулы, жоғары жаратылыстағы ұлы адамдарда туындайды. Бұл жақындық **"Уилайат"**, яғни **"әулиелік"** деп аталады. Осы жақындыққа қауышу үшін алдымен әһли сүннет сеніміне сай иманға ие болу керек. **"Али Имран"** сүресінің 68-ші аятында: **«Аллаһу та'ала иман келтіргендерді жақсы көреді»** деп бұйырылған. Алайда, муминдердің ішіндегі таңдаулыларын қатты жақсы көреді. Жаратқанның барлық муминді жақсы көруі **"уилайат-и амма"** (жалпы әулиелік) деп аталады. Таңдаулы муминдерді жақсы көруі **"уилайат-и хасса"** (ерекше әулиелік) деп аталады. Жоғарыда атап өткен құдси хадисте келген сүйіспеншілік - осы. Бұл сүйіспеншіліктің де дәрежелері бар.

Аллаһу та'аланың құлдарына деген осы екі жақындығы аяти кәрима және хадис шәрифтермен білдірілгендіктен екеуіне сену уәжіп болады. Аллаһу та'аланың бізді көріп тұрғанына сенетініміз сияқты оның бізге деген осы екі жақындығына да сенуіміз керек.

Толық тақуалық тек әулиеде болады. Қызғану, кек сақтау, тәкаппарлық, атаққұмарлық сияқты нәпсінің жаман сипаттары толығымен жойылмайынша толық тақуалыққа қол жеткізуге болмайды. Бұлардың түбегейлі тазаруы үшін нәпсінің фәни (өз табиғи сипаттарынан арылып, өздігін жоғалту) болуы шарт. Аллаһу та’алаға деген сүйіспеншілік дүниеліктердің бәрінен артық болмайынша кемел иман және толық тақуалық болмайды. **“Бұхари”** және **“Мүслим”** кітаптарында келген хадис шәрифте: **«Бір мұсылман мені әке-шешесінен және балаларынан да қатты жақсы көрмейінше, оның иманы толық болмайды»** делінген. Тағы бір хадис шәрифте: **«Үш түрлі адам иманның дәмін тартады; 1. Аллаһ пен оның расулын барлық нәрседен артық жақсы көретіндер. 2. Тек Аллаһтың жақсы көрген адамдарын жақсы көретіндер. 3. Иманға қауышқаннан кейін кәпір болудан отқа жанудан да қатты қорқатындар»** делінген.

Расулуллаһ: **«Сахабаларымды құрметтеңдер!»** деп бұйырады. **“Хужурат”** сүресі, 13-ші аятта: **«Құрметке лайықтылар - Аллаһтан көп қорқатын тақуалылар»** деп бұйырылады. Сол үшін де Ислам ғалымдары бірауыздан сахабалардың барлығы осы үмбеттің ең ұлылары және тақуалары екендігін айтады. Өйткені, сахабалардың барлығы Аллаһтың расулының сұхбаттарына қатысу арқылы әулиелік дәреженің ең жоғарығы сатысына көтерілді. **“Тәуба”** сүресінің 101-ші аятында: **«Имандары ілгеріде болғандар және хижрада** (қоңыс аудару) **ілгері болғандар»** деп мадақталғандар сахабалар еді. **“Уақиа”** сүресінің 10-шы аятында: **«Имандары ілгеріде болғандар – Аллаһу та’алаға жақындауда ілгері болғандар. Олардың барлығы Аллаһқа жақын мұқарраб»** делінген.

Батынның (жүректің, рухтың) кемелдікке жетуі үшін тасаууф жолында ілгерілеу – уәжіп. **“Али Имран”** сүресінің 102-ші аятында: **«Ей, муминдер! Аллаһу та’аланың тиым салған нәрселерінен толық сақтаныңдар!»** деп бұйырылған.

Тақуалыққа тек нәпіл ғибадаттар жасау арқылы қол жеткізуге болмайды. Тақуалық парыздар мен уәжіптерді орындау, харам нәрселерден сақтану дегенді білдіреді. Ықылассыз, дұрыс ниетсіз жасалған парыздар мен уәжіптердің ешқандай құны жоқ. **“Зумар”**

сүресінің 2-ші аятында: **«Аллаһқа ықыласпен ғибадат жаса, ғибадат тек Соған жасалады»** делінген.

Тақуалықтың дәрежелері шексіз, есепсіз. Хадис шәрифте: **«Араларында Аллаһты ең жақсы танитын және Одан ең көп қорқатын менмін»** делінген. Адам әулиелік дәрежелермен көтерілген сайын Аллаһу та'аладан қорқуы да арта түседі. **"Хужурат"** сүресінің 13-ші аятында: **«Аллаһу та'аланың алдында ең құрметтіңіз – Одан ең көп қорқатыныңыз»** делінген. Тақуалықтың дәрежелері шексіз болғандықтан әулиелік дәрежелерінде ілгерілеу үшін әрдайым еңбек ету, ұмтылу – уәжіп. Батын ілімін арттыруды қалау, талап ету - әрдайым парыз. **"Таха"** сүресінің 114-ші аятында: **«Сүйікті пайғамбарым! Сен әрдайым "Ей Раббым, менің білімімді арттыр" деген дұғаны оқы!»** деп бұйырылған. Бір уәлидің (әулие) қол жеткізген дәрежеде (рухани баспалдақта) қалуы, ары қарай көтерілуді қаламауы харам болады.

Батын (жүрек, рух) мәселесінде дәрежесін көтеруге тырысу уәжіп болғандықтан осы рухани жолда шебер жол көрсетуші мүршид іздеу де уәжіп болады. Алайда, жалған жол көрсетушілерге алданып қалмау керек.

"Мүршиди камил" деп аталатын кемел мүршидтің белгілері бар. Біріншісі, әһли сүннет сенімінде болуы және Ислам үкімдеріне толық амал етуі. Екіншісі, хадис шәрифте хабар берілгендей, олармен сөйлескен және оларды көрген кезде Аллаһу та'аланы еске түсіруі. Осындай шын мүршидке кезіккен адамның жүрегіне Аллаһу та'аладан басқа нәрселердің бәрі суық сезіледі. Расулуллаһтан әулиелердің белгілері сұралғанда: **«Оларды көрген кезде Аллаһу та'ала еске түседі»** деді. Бір хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала "Мен зікір етілген кезде әулиелерім, олар зікір етілгенде Мен еске түсемін" деген»** деп білдірілген. Алайда, Аллаһты еске алу үшін әулиемен байланысу қажет. Әулиелігіне сенбеген, мойындамаған, қабылдамаған адам оған байланған болмайды. Сенбеген адам бұл ниғметке қауыша алмайды.

Исмат – пайғамбарларға тән қасиет, сипат. Исмат – біле тұра және білместен үлкен және кіші ешқандай күнә істемеу деген сөз. Әулиеде исмат сипаты болады деу күпіршілік болады.

Барлық сахабалар (радиаллаһу анһум) барлық әулиелерден жоғары тұрады. Табәи табиин болған Абдуллаһ ибн Мүбәрәк: *«Хазреті Муауияның (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың қасында мінген атының мұрнына кірген шаң Уайсал Қараниден және Омар бин Абдулазизден әлде кайда қайырлы»* деген сөзі пайғамбар замандасы болудың үстемдігін өте жақсы түсіндірген.

Парыздарды, уәжіптерді орындап, харамдардан, күмәнді нәрселерден сақтанғаннан кейінгі нәпіл ғибадаттардың ең әсерлісі зікір болып табылады. Әрдайым Аллаһу та'аланы зікір ету керек. Хадис шәрифте: **«Жұмақтағылар ең көп дүниеде Аллаһу та'аланы зікір етпестен өткізген уақыттарына қатты өкінеді»** делінген. Нәпсі фәни болмастан, яғни жаман сипаттарынан тазармас бұрын басқа нәпіл ғибадаттарды орындау арқылы және Құран кәрімді оқу арқылы Аллаһу та'алаға жақындау мүмкін емес. Батынды, яғни ішкі дүниені тазаламай, бұлар арқылы көтерілуге, ілгерілеуге болмайды. Батынды тазалау Аллаһты зікір етумен жүзеге асады. Хадис шәрифте: **«Зікірдің ең жақсысы – ла илаһә иллаллаһ деу»** делінген. Сол үшін бос кезде осы тәуһид калимасын оқып жүру керек. Одан қалған уақытта салих адамдармен, ахирет адамдарымен бірге болу, сұхбаттасу қажет. Ондай салих адам таппаса олардың кітаптарын тауып оқу керек. Мүртәдтермен, бидғатшылармен, пасықтармен дос, сұхбаттас болмау керек. Ашықтан харам істейтін кісіге "пасық" дейді. Дінде сауаты кем надандармен, дүниеге берілген адамдармен, мазһабсыздармен араласпау қажет. Олармен сөйлесу адамның батынын (ішкі дүниесін, рухын, жүрегін) бұзады. Әулиенің сұхбатына қатысу – зікірден және басқа да нәпіл ғибадаттардан да пайдалы. Асхаби кирам "радиаллаһу та'ала анхум" бір-бірін көрген кезде *«Біраз менімен бірге отыр-шы, иманымды жаңалайын»* дейтін.

Мұхаммед Париса **"Рисалаи құдсийа"** кітабында айтады: «Хазреті Юсуф Хамаданиден "кәміл ұстаз таба алмасақ не істейміз?" деп сұрағандарға "Күнде олардың кітаптарын оқыңдар" деп жауап берген еді». Бұл дәуірде иман саламаттығына қауышу үшін Имам Раббанидің (рахметуллаһи алейһ) **"Мәктубат"** кітабын оқу керек.

Керемет – хақ. Керемет – Аллаһқа серік қосудан құтылып, мағрифатқа – Аллаһты тану іліміне қауышу деген сөз. Керемет пен истидражды шатастырмау керек. Керемет иесі болуды мақсат ету, қалау – Аллаһтан басқаны сүю болып табылады. Керемет - құрб (жақын болу) және мағрифатты (Аллаһты тану) білдіреді. Кереметтің бір салих кісіде көп көрінуі тасавуф (сопылық) жолында дәреже-дәреже көтерілу кезінде өте ілгерілеуді және түсуде аз төмендеуді көрсетеді. Керемет "йақин" деп аталатын көзбен көргендей бек илану сезімін күшейту үшін керек. Йақинге қол жеткізген әулие кереметке мұқтаж болмайды. Жүректің зікірге әдеттенуі алдында кереметтің ешқандай құны жоқ. Бір әулиенің кәшфі (жүрегіне аян болған білім), илхамы (шабыты) басқалар үшін дәлел, құжат болмайды. Алайда бір мужтаһидтің сөзі оның мазһабындағы адамдардың барлығына дәлел, құжат болады. Кәшіф, керемет иесі болу дәреженің жоғары екендігін көрсетпейді. Ондай рухани ғажайып ерекшеліктер сопылық жолындағыларда пайда болады. Жолдың аяғына жеткендер Аллаһтың ұлылығы алдында хайрәт (таңдану)да болып, ғибадатқа жан-тәнімен беріледі. Сол себептен әулиенің қасына қарапайымдылықпен басын иіп бару олардан көп пайдалануға септігін тигізеді. Әулиенің киімін әдеппен, құрметпен кисе, үлкен пайдаларға қол жеткізіледі. Аллаһу та'ала әулиелерін үлкен күнәлардан сақтайды. Кейбір әулиелердің өз жұртынан ұзақ жерлерде көрінгені мәлім. Бұл көрініс олардың рухтарының өз денелерінің түрінде көрінуінен басқа нәрсе емес. Бұл да Аллаһу та'аланың сүйікті құлдарына берген сыйлығы. Әулиелер кіші күнәлардан қорғалмаған. Бірақ, дереу тәубе етіп, жақсы істер жасап, кешірім сұрайды. Әулиелер адамдарды Исламның әрі ашық бұйрықтарын орындауға, әрі рухани, жасырын ілімдерін ұстануға шақырады. Әулиелердің бір бөлігі сопылық жолында рухани биік мәртебелерге көтерілген соң қайта "себептер әлемі" деп аталатын біздің өміріміզге рухтары мен қайтпайды. Сондықтан олар себептер әлеміне толық түскен пайғамбарлық артықшылықтарынан хабарсыз қалады-да жұртқа пайдасы тимейді, файз бере алмайды Ондайларды адамдар дәруіш, мәжнүн, тентек деп ойлайды. Әулиелердің көпшілігінде әулиеліктің ең жоғары қасиеттері көрініс табады. "Құтыбтар",

"аутад" және "абдалдар" (шілтен-қырықтар) осыларға жатады.

Әулиелердің биіктіктері арасындағы айырмашылықтар Аллаһу та'аланың оларды жақсы көру дәрежесіне қарай болады. Әулиелік - жаман мінез-құлық, әдеттерден құтылу дегенді білдіреді. Әулие өзінің әулие екендігін білуі міндетті емес. Бір құлға әулиелік берілсе де өзіне білдірілмесе, бұл мүлдем кемшілік емес. Әулие болу үшін дүние мен ахирет махаббатын көңілден шығару керек. Пайғамбарлық мәртебелерінде ахиретке берілу жақсы болып табылады. Адамда рух әлемінен келген он ләтифа – он қуат бар. Әулиелік және пайғамбарлық мәртебелерінің қасиеттері осы он ләтифада (күште, қуатта) көрініс табады. Әулиелік – **фәна** (жоқ болатыннан тазару) және **бәқа** (мәңгіге байлану)дан тұрады. Яғни, жүректі дүниеге берілуден құтқарып, Аллаһу та'алаға ғашық ету. Әулиелікті ақыл-оймен түсінуге болмайды. Әулиелік Аллаһу та'алаға жақындық болып, жаратылған нәрселерді ойлауды көңілден шығара алған адамдарға ғана ихсан етіледі, беріледі. Аллаһтан басқа барлық нәрсені көңілден өшіру **"фәна"** деп аталады. Әулиеліктің барлық мәртебелері тек Исламға мойынсұну арқылы жүзеге асады. Әулиелік дәрежелерінің барлығынан өтіп, шыңына жеткендердің кәшіф және илхаммен жүректеріне туындаған ілімдердің барлығы әһли сүннет ғалымдарының кітап пен сүннеттен шығарып білдірген білімдеріне сай болады. Әулиелік дәрежелерінің соңы, шегі құлшылық мәртебесі болып табылады. Құлдық мәртебесінен жоғары деңгей болмайды.

Ешқандай Ислам ғалымы (рахима-һумуллаһу та'ала) **«Мен керемет иесімін, тілектеріңді орындай аламын»** демеген. Керісінше кереметтерін жасыруға тырысқан. Олар Ислам дінін, Құран кәрім мен хадис шәрифтердің мағыналарын уағыздаумен айналысқан. Ешқандай Ислам ғалымы **«Ләухул махфузды, ғайыпты білемін»** деп айтпаған. Аллаһу та'ала қалаған, сүйген, таңдаған құлына ғайыптан кейбір жайттарды білдіреді. Кереметтер нәсіп етеді. Бірақ, олар бұл кереметтерін ешкімге жарияламайды, айтпайды. Аллаһтың бұл ғажайып сыйлықтары оларда өздерінің қалауынсыз пайда болады.

Иман мен амал байланысы

Әһли сүннет мазһабы бойынша үлкен күнә істеген адамның иманы кетіп, кәпір болмайды. Күнә істеген мұсылман **"фасық"** деп аталады. Сенімі, иманы дұрыс болған фасықтар ахиретте тозақ азабын тартуы да, тартпауы да мүмкін. Азапқа тартылса да, кейіннен мағфиратқа (кешірім) жетіп, тозақтан шығады. Мұсылмандықтың негізі – Аллаһу та'аланың бірлігіне және Аллаһу та'аланың пайғамбары болған Мұхаммед алейһиссаламның көрсеткен үкімдерінің, яғни бұйрықтары мен тыйымдарының барлығын Аллаһу та'ала тарапынан әкелгеніне сену. Яғни, бұйрықтарды орындау және тыйым салынған нәрселерді жасамау иманның шарты болмаса да, оларға сену иманның шарты болып табылады. Осылайша, иман келтіріп, мұсылман болмаған адам **"кәпір"** деп аталады.

Кәпірлер қаншалықты жақсылықтар жасап, пайдалы жаңалықтар тапқанымен ахиретте азаптан құтыла алмайды. Ғибадаттар мен барлық ізгі істер қаншалықты құнды болса да оларды жасау оларға иман келтірудің қасында екінші орында тұрады. Негізгі нәрсе – иман. Жақсы амалдар иманнан кейін келеді. Иманмен жасалған істер дүниеде де, ахиретте де пайдалы болады, адамды бақытқа қауыштырады. Имансыз жасалған жақсы істер адамды дүниеде бақытқа жеткізуі мүмкін, бірақ ахиретте пайдасы болмайды. **"Нұр"** сүресінің 39-шы аятында: **«Кәпірлердің дүниеде жасаған игі істері** (пайдалы жаңалықтары) **шөлдегі сағым сияқты. Сусыз қалған адам оны алыстан су деп көреді. Бірақ, қасына барса жоқ болады. Кәпірлер де қиямет күні дүниеде жасаған жақсылықтарын сағымға айналдырған, яғни жоқ еткен Аллаһты табады және Оған есеп береді»** делінеді. Сондай-ақ, **"Ибрахим"** сүресінің 18-ші аятында: **«Аллаһқа иман келтірмегендердің жасаған игі істері жел ұшырған күлге ұқсайды. Ахиретте ол істердің ешқандай пайдасын көрмейді»** және **"Фурқан"** сүресінің 23-ші аятында: **«Қиямет күні олардың ізгі істерін біз үшін жасамағандықтан кім үшін жасаса, соған қарай шашылған шаңға айналдырамыз»** және **"Кәһф"** сүресінің 103-ші және кейінгі аяттарында: **«Еңбектері босқа кеткендер туралы айтайық па? Олар дүниеде жақсы іс жаса-**

дық деп ойлайды. Алайда, олар босқа тер төккен адамдар. Олар Раббыларының аяттарына және қияметте Оның алдына баратындықтарына сенбеді. Біз де олардың игі істерін жоқ етеміз. Жақсылықтары мен жамандықтарын өлшемейміз» делінген. Бұл аяти каримала иман-амал байланысы туралы әһли сүннеттің ұстанған сенімінің дұрыстығын көрсетуде.

«Иман келтіргендер және жақсы іс істегендер» мағынасындағы (Аср-3) аят пен **«Иманды ретінде салих, дұрыс амалдар істегендер»** мағынасындағы (Нур-55) аят иман мен амалдың бөлек-бөлек нәрселер екенін көрсетеді. Егер амал иманның бір бөлшегі болатын болса, аятта екі бөлек айтылмас еді. **"Хужурат"** сүресінің 9-шы аятында: **«Муминдердің** (имандылардың) **екі тобы бір-бірімен соғысса, оларды жарастырыңдар!»** делінген. Аллаһу та'ала бұл аятта бір-бірімен соғысу секілді күнәні істегендерді мумин деді. Одан кейінгі **«Муминдер - әрине бауырлар. Бауырларыңды татуластырыңдар»** деген мағынадағы аят олардың иманды екендігін көрсетеді. **"Ниса"** сүресінің 47-ші және 115-ші аяттарында: **«Аллаһу та'ала ширкті** (өзіне серік қосуды) **әрине кешірмейді. Қалаған құлдарының серік қосудан, яғни имансыздықтан басқа күнәларын кешіреді»** делінген. Бір хадис шәрифте: **«Жәбірейіл алейһиссалам маған келіп, мына нәрсені сүйіншіледі: Аллаһу та'алаға серік қоспай, яғни кәпір болмастан қайтыс болған адам зинақорлық жасаса да, ұрлық жасаса да соңында жұмаққа барады»** деп көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген аяттар мен хадистер иман мен амалдың бөлек нәрселер екенін көрсетеді.

Амалдың иманның бөлшегі екенін айтқан Мутазила тобы мен Харижи тобындағылар дәлел ретінде: **«Кімде-кім кәпір болса, Аллаһу та'алаға зияны болмайды. Өйткені, Аллаһу та'ала ешнәрсеге мұқтаж емес»** деген мағынадағы **"Али-Имран"** сүресінің 97-ші аяты мен **«Аллаһу та'ала сендерге иманды сүйгізді, оны жүректеріңе орналастырды және күпірлікті, Аллаһу та'алаға қарсылықты жаман етіп көрсетті»** деген мағынадағы **"Хужурат"** сүресінің 7-ші аятын көрсетеді. **"Али-Имран"** сүресінің 97-ші аятынан шығарылған мағынаны хазіреті Омардың мына сөзімен қуаттайды: *«Сыртқа қызметкерлер*

жіберсем деймін. Мал-мүлкі бола тұрып, қажылыққа бармаған адамдарды тауып, жизйа[4] *алдыртайын. Өйткені, олар мұсылман емес».* Алайда, аяттағы және хазіреті Омардың сөзіндегі "күпірлікті" сөзі қажылықтың фарз екеніне сенбеу дегенді білдіреді. Соңғы аятта иман мен күнәһарлық бір-біріне қарсы қойылғанмен имандылықты күнәһарлықтың қарама-қайшысы деп түсінбеу керек. Өйткені, көрікті және көріксіздік тұрғысынан бір-бірінен айрылысатын қаншама заттар бір жерде қосылып келе алады. Бұл да сол сияқты. Осы сүредегі: **«Иман келтіргеннен кейін күнәһарлық қандай жаман нәрсе»** деген аят иман мен күнәһарлықтың орнын айқын көрсетеді. Күнәһарлықтың муминдерге (имандыларға) жараспайтын сипат екендігін білдіреді. Бұл иманды адамның күнәһар болуы мүмкіндігін, күнә істеумен иман кетпейтінін, күнәһардың иманды екенін көрсетеді. Өйткені, нағыз жаман нәрсе – иман мен күнәһарлықтың бірге болуы. Кәпірдің күнәһарлығы оншалықты жаман нәрсе емес.

Аллаһу та'аланың бар және бір екенін және пайғамбары арқылы көрсеткен үкімдерін қабылдаған мумин осы үкімдерге мойынсұнуда кемшілік жасаса, оған әрине ренжиді. Аллаһ пен пайғамбарды мойындамайтын және жасаған жақсы істерін Аллаһтың бұйрығы болғандықтан емес, басқа себеппен жасаған адам Аллаһтың құлы болуды да қабылдамайды. Бұл екеуіне Аллаһу та'ала әрине бірдей қарамайды. Мысалы, бір кісінің екі баласы болады. Бірі оқымайды, жұмыс істемейді, ешкімге пайдасы жоқ. Бірақ, әкесінің қасында әдеп сақтайды, қателерін, айыптарын ойлап, өкінеді. Әкесі осы баласының қайғысын шегеді.

Екінші баласы еңбекқор, көзі ашық, елге пайдалы істермен айналысады. Бірақ, бір күні әкесіне қарсы келіп, «Сен кімсің сонша? Сені танымаймын» деп, ауыр сөздер айтады. Сол сәтте барлық жасаған жақсылығы жоғалады. Кез келген әке ондай опасыз перзентін қуып жібереді. Оның жалынып, кешірім сұраудан басқа амалы қалмайды. Міне, күнәһар мұсылман мен кәпір осы екі балаға ұқсайды.

Мұсылмандыққа сенетін және оны жақсы көретін адамды кемшіліктеріне байланысты мұсылмандықтан шығаруға болмай-

4 Мұсылман мемлекеттің діні басқа азаматтарынан алатын салық түрі.

ды. Имандылық дегені - мұсылмандықты қабылдау және барлық үкімдерге мойынсұнуда кемшілік жасаса да, оған құрмет көрсету болғандықтан, мұсылмандықтың негізі деп саналады. Амал (әрекет) иманның бір бөлшегі болғанда, күнә істеген әрбір адам кәпір болар еді. Әлемде мұсылман қалмас еді. Хадистерде кейбір жақсылықтар иманға, кейбір жамандықтар күпірлікке қатысты етіп көрсетілген, бұлай көрсетілуі осы жақсылықтар мен жамандықтардың дәрежесін көрсету үшін берілген. Басқа аяттар мен хадистердің көмегімен олардың иманның немесе күпірліктің бөлшегі емес екенін түсінуге болады. **«Ұят – иманның бір бөлшегі»**, **«Тазалық – иманның жартысы»**, **«Иман - намаз»**, **«Мумин кісі – адамдар сенетін адам»**, **«Мумин мумин кезінде зинақорлық жасамайды»**, **«Муминде барлық мінез болуы мүмкін, бірақ онда сатқындық пен өтірікшілік болмайды»** деген хадистер осыған мысал болады. Бұл хадис шәрифтер ұят, тазалық, намаз, аманат, ар-намыс, туралық сияқты жаман қасиеттердің адамның бойында кездесуі имансыздықтай жаман деген салыстырмалы мысалмен, олардың қаншалықты маңызды екенін көрсетуде. Кейбір амалдар имандай жоғары бағалануда.

Күнә істер нәпсіге ұнайды. Иманды кісі нәпсісіне алданып, күнә істеуі мүмкін. Бірақ, күнә істеген кезде ақылы мен иманы оны қинайды. Адам ақылымен иман келтіреді. Нәпсісіне ұнағандықтан күнә істерге бет бұрады. Сол себептен иман мен нәпсіге берілудің екі басқа нәрселер екендігі байқалады.

Істегі, амалдағы қателіктер, бұзықтықтар адамды діннен шығармайды. Күнә екендігіне сенбей немесе мән бермей істейтін болса, онда күпірлік болады, діннен шығады. “Зуннар” деген поптың белдігін қолдану немесе пұттарға табыну сияқты кәпірлерге тән, күпірліктің белгісі болып табылатын іс жүректегі иманды кетіретін іс деп қабылданады.

Пұтқа табыну сияқты әрекеттер Исламда күпірліктің белгісі деп есептеледі. Бір адам басқа дінге тән істі жасау арқылы сол дінге кірген деп саналмаса да, сол дінге тән нәрсенің өзінде көрініс бергенін қалаған болып саналады. Осылайша, жүрегіндегі иманына нұқсан келеді. Имам Ағзам Әбу Ханифа «Исламға қандай жолмен кірсе, сондай жолмен шығуы мүмкін» дейді. Бұл жердегі жол –

жүректің сенуі деген сөз. Яғни, жүрек иман келтірсе, мұсылман болады. Иман кетсе, мұсылмандықтан шығады.

Өзін мұсылман санайтын адам кәпірлерге тән нәрселерді зәрулік болмаса жасамауы, кәпір деп есептелуден аяқ тартуы керек. Мұсылмандар мұсылмандыққа тән нәрселерді жасағанда мазақ боламын деп ойламауы керек. Құрметке ие болатынын ойлап, осы әрекетін абырой деп санауы керек. Ислам ғалымдары көрсеткен нәрселердің жүректегі иманға не қатысы бар деп, немқұрайлылық танытуға болмайды. Өйткені, жүректен бүкіл ағзаға тарайтын жол бар. Ислам діні бұйырған нәрселер – жақсы нәрселер, тыйым салған нәрселер – жаман нәрселер. Адамдар бүгін мұны түсінбесе де шындық осы. Исламның тыйым салған нәрселерін жасаған кезде жүрек қарайып, қатаяды. Үлкен күнәлар көп жасалса, иман жоғалуы мүмкін.

Ислам дінінің бұйырған міндеттерін орындау керек болғаны сияқты олардың міндет екендігіне сену де керек. Осылай сенген мұсылман адам бұл міндетті әрине қуана-қуана атқарады.

Жүректен сену – мұсылмандықтың негізі болумен қатар, амалдардың да ең құндысы. Расулуллаһтан «Істердің ең ұлысы қайсы?» деп сұрағанда: **«Аллаһқа және расулына сену»** деп, **«Әмәнтуді»** оқыған. Бұл хадис шәриф **Бұхари** хадис кітабында жазылған.

Ислам негізінің иман болуы амалдардың, әрекеттердің, ғибадаттардың маңыздылығын азайтпайды. Өйткені, әрекеттердің жасалуына себеп болатын нәрсе – иман. Себептің күшті болуы нәтиженің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Иманы күшті мұсылман әрекеттеріне көп мән береді. Мұсылмандар әрбір амал-әрекетке, әрбір міндетке иман етуі керек болғандықтан күнә істеген адамдар имандарын жоғалтудан қорқады. Тіпті, күнә істемеген адам ол күнәға мән бермей “Не болады сонша?” дейтін болса, кәпір болады.

Діннің бұйрықтарын қабылдап, иман келтірген соң оларды жасасаң да, жасамасаң да өзің білесің деп есептеу де қате. Өйткені, оларға мән бермеген адам кәпір болады.

Иман - жүректің сенуі дегенді білдіреді. Оған қол жеткізу үшін алдымен білім керек. Білім мен амал екі бөлек нәрселер. Амал білімге өте қажет болғанмен екеуі бір нәрсе бола алмайды.

Аллаһу та’алаға сенгендіктен емес, басқа себеппен жасалған игі істердің, яғни имансыз жасалған істердің еш құны жоқ. Амалы, ғибадаты жоқ болса да, иманды болу құнды және пайдалы. Мұсылмандар ахиретте азап шегуден құтылу үшін Исламның үкімдерін орындайды. Дүниеде бақытты болуы да осыған байланысты. Амал иманның шарты болмаса да иманның толық болуының шарты болып саналады. Иман бір жағынан білім болып саналады. Дүниедегі әрбір жетістік пен бақыт білімнен күтіледі де, ахиретте күшті білімге сүйенетін иман арқылы адамның бақытқа қауышатынына неге таңданыс туындайды? Осынша маңызды иманға немқұрайлы қарау дұрыс емес. Оның жеткізетін мәңгілік бақытын азсынғандар – оған қол жеткізе алмағандар.

Қазіргі кездегі адамдар дүниелік пайда үшін бар күштерін салып ойланып, пікір етіп, жоспарлар жасап, жұмыс істейді де, мәңгілік бақыт пен азаптың алдында тұрғандарына сенуге мән бермейді. Аллаһу та’ала адамдарға ақыл берді. Онымен қоса оларға пайдалы міндеттер жүктеді. Бұларды құлдарына хабар беру үшін пайғамбарлар жіберді (алейһимуссалауату уаттаслимат). Адам дүниедегі өмір күресі мен өмір сүру заңдарын біліп, соларға сай әрекет жасамаса оның зиянын шегеді. Осы заңдарды қойған Аллаһу та’аланың үлкен маңыздылықпен бұйырған дін және ахирет заңдарын білмеу, білсе де оларға бағынбау әрине зиянды. Дүниеге келуі және өлімі өз қолында болмаған адам баласының Аллаһу та’аланың дүние мен ахирет заңдарына тіл тигізуге қақысы жоқ. Тек қана осы заңдарға бағыну арқылы бақытқа қол жеткізе алады.

Ислам дініне сенбейтін адамдар «Дін деген қайдан шықты? Жаннат пен тозақты кім көріпті? Бұлар алғашқы адамдардың ертегісі, ойдан шығарған нәрсесі» дейді. Олар жаратылыстану ғылымдарын және Ислам тарихын ожданлы мұғалімдерден оқып түсінсе, жаратылыстану ғылымындағы жетістіктердің, ашылған жаңалықтардың Исламның сенімдерін қуаттап, дәлелдегенін көретін болса, Исламға сеніп берілер еді. Ең болмағанда оны құрметтер еді.

Мұхаммед пайғамбардың (алейһиссалам) өмірі туралы дұрыс жазылған кітаптардан оқыса, оның адамгершілігіне, ақылына,

жетістіктеріне қайран қалар еді. Жүз мыңдаған адамның Оған шын пейілдерімен берілгендігі, оған деген ілтипат сезімдері, жан-тәнін соның жолына пида еткендігі жазылған оқиғалар қаншама тарих кітаптарының мыңдаған беттерін толтырып тұр. Бүкіл білімнің қайнар-көзі, көркем мінез бен игі істердің ұстазы болған осындай тұлғаның Аллаһтың пайғамбары екендігі айдан анық. Жалғыз өзі іске кірісіп, ақылымен, сабырлылығымен, ұстамды көзқарасымен жер бетіндегі екі ұлы мемлекетті (Иран мен Византия) жаншитын ержүрек, өзіне жан пида ететін ұлтты 23 жыл ішінде қалыптастыруы және қайтыс болғаннан кейін де қияметке дейін барлық адамдарды тыныштыққа, бақытқа, өркениетке жеткізетін өзгермес кітап қалдыруы - ақылды, ынсапты адамдардың иман келтіруіне жеткілікті. Басқа мұғжиза немесе куәгер іздеудің қажеті жоқ. Осы ұлы пайғамбардың сөздеріне сенбеу – тарихты және оқиғаларды жоққа шығару деген сөз. Осындай тұлға туралы біле тұра, оған сенбеген адам нәпсісінің құлы болады. Немесе ізгілікті, еңбекті, жетілуді, сүйіспеншілікті, әлеуметтік әділдікті қаламайтын, өзінің және адамзаттың бақытын ойламайтын бұзақы адам. Я болмаса тарихтан, ғылымнан хабары жоқ надан. Расулуллаһтың өмірін, Ислам дінінің бұйрықтары мен тыйымдарының хикметін, пайдасын оқып үйренген ақылды адамның оған дереу сеніп, оған шын пейілімен берілуі адамдық міндет болып табылады. Әбу Ләхәб пен Әбу Жаһл оны көріп тұрып сенбеді, Византия императоры Геракл мен Иран патшасы Парвиз оның хатын оқып тұрып сенбеді. Оған сенбеулері – олардың надан, жаман рухты, нашар жүректі, қырсық адам екендіктерінің белгісі.

Ғибадаттың міндет екеніне сену иманға жатады. Сену басқа, орындау басқа нәрсе. Оларды бір-бірімен шатастырмау керек. Сене тұра жалқаулықпен істемеген адам кәпір болмайды.

Абдулғани Наблуси (рахимаһуллаһу та’ала) былай дейді: “Иман көбеймейді де, азаймайды да. Иманның күші көбейеді. Немесе ғибадаттардың аз не көп болуымен иманның қадірі артады не кемиді. Иманның азайып, көбейетінін көрсететін аяттар мен хадистерден осындай мағына шығарылған. Бұл деректер ижтиһад етуге болатын деректер қатарынан болғандықтан бұған түрлі түсіндірмелер жасалған. Ешбір ғалым басқаша түсіндірме

жасағандарды жамандамаған. Ғибадаттар иманға көркемдік береді. Ағаштың бұтақтары секілді деуге болады. Иман ғибадат жасаумен көбеймейді, күнә іс істеумен азаймайды. Имам Ағзам Әбу Ханифа, Имам Малик, Имам Әбу Бәкір Ахмет Рази және басқа ғалымдар (рахима-һумуллаһу та’ала) осылай деді. Өйткені, иман – толық сену деген сөз. Ал сенудің азы-көбі болмайды”.

Иман мен амалды бұзатын жағдайлар

Бидғат

Бидғат - “сүннетке (яғни Мұхаммед алейһиссаламның білдірген дініне) қайшы келетін сенім (иман), амал және сөздер” дегенді білдіреді. Аллаһу та’ала құлдарын өзіне құлшылық жасауы үшін жаратты. “Ғибадат” – “төмендік”, құлдық деген сөз. Яғни, адамның Раббысына, Жаратушысына мұқтаждығын, әлсіздігін, төмендігін көрсетуі. Бұл да әр ақыл, нәпсі және дәстүрдің жақсы немесе жаман деп қабылдағанына емес, тек Раббының жақсы-жаман дегендеріне сөзсіз тәслим болу, Оның жіберген кітабы мен пайғамбарларына сену және оларға бағыну дегенді білдіреді. Бір адам кез келген бір істі орындарда Раббының рұқсат еткен-етпегенін ойламастан, өз ақылының мақұлдауымен істесе, бұл әрекеті Аллаһқа құлшылық етпегендік, мұсылмандық міндетін орындамағандық болып саналады. Егерде бұл немқұрайлық сенім мәселесінде болса, иман келтіру бірауыздан бекітілген мәселеде болса, онда бұл әрекет **“күпірлікке себеп болатын бидғат”** болады. Бұл іс иман мәселесінде емес, сөз бен іс жүзінде болса, фысқ - үлкен күнә болады. Хадис шәрифте: **«Кімде-кім дінде болмаған нәрсені дінге араластырса, ол нәрсе қабыл болмайды»** делінген. Демек дінде болмаған бір сенім, бір іс, бір сөз не жағдай дінге араластырылса және оған дін-ғибадат деп сенілсе, Ислам діні білдірген нәрселерге сырттан бір нәрсе қосылып немесе алып тасталып, бұл амалдан сауап күтілетін болса, бұл жаңалықтар, өзгерістердің барлығы **“бидғат”** болады. Бұлар істелгенде Исламға мойынсұнылмаған, оған иман келтірілмеген болады. Діндегі, ғибадаттағы емес, дәстүрмен әдеттегі жаңалықтар, яғни жасаудан

сауап күтілмейтін өзгерістер бидғат болмайды. Мысалы, ішіп-жеу, көлік құралдарында, ғимараттарда жасалған өзгерістерге, жаңалықтарға дініміз қарсы емес. Сол себепті үстелде, бөлек ыдыстармен, қасық, шанышқымен тағам жеу, автокөлікке, ұшаққа міну, әр түрлі ғимарат, үй және асхана жиһазын қолдану және бүкіл жаратылыстану ғылымдары, құралдары дінде бидғат деп саналмайды. Оларды жасауға және пайдалы орындарда қолдануға болады. Тіпті бұл фарзи кифайа (кемінде халықтан бірнешесінің айналысуы парыз) болып саналады. Мысалы: радиолар, электрондық машинкалар жасауға және оларды ғибадаттан тыс жерлерде қолдануға болады. Микрофонды дүниелік істерде қолдануға болады. Бірақ онымен азан, Құран кәрім, мәуліт оқу ғибадатты өзгерту, бидғат болады. Азанның ұзақтан естілуі үшін микрофон қолданбау керек, әр ықшам аудандарға мешіттер салып, ол жердегі азаншылар жеке-жеке азан оқуы тиіс.

Сахабалардан Әнәс бин Малик (радиаллаһу анһ) бір күні жылап отырады. Себебін сұрағандарға: "Расулуллаһтан үйренген ғибадаттарымның ішінде өзгертілмеген тек намаз ғана қалып еді. Енді оның да өзгертіліп жатқанын көріп жылап отырмын" дейді. Яғни "қазіргі адамдардың көпшілігі намаздың шарттарын, уәжіптерін, сүннет, мустаһабтарын орындамайды, мәкрух, муфсид, бидғаттарынан сақтанбайды. Сол үшін жылаймын" деген. Олар – пайғамбарлардың, әулиелердің, салих (турашыл) муминдердің ұлылығын түсінбегендер. Олардың жолын тастап, өз көзқарастары бойынша ғибадатты өзгертуде. Әнәс бин Маликтің "радиаллаһу анһ" жылау себебі – намазға қосымшалар енгізіп, кейбір жерлерін қысқартып, өзгерткендерді көргендіктен еді. Осылайша сүннет, яғни Исламият өзгертірілуде. Сүннетті өзгерту – бидғат.

Бір хадис шәрифте: **«Бір үмбет пайғамбары қайтыс болғаннан кейін дінде бидғат жасаса, соған ұқсайтын бір сүннетті жоғалтады»** делінген. Яғни, күпірлікке себеп болмаған бидғат жасалса, сол сияқты бір сүннетті тәрк еткен болады.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Бидғатшы бидғатын тәрк етпейінше тәубе етуді Аллаһ оған нәсіп етпейді»** дейді. Яғни, кімде-кім бір бидғат шығарса немесе басқа біреудің шығарған бидғатын істеп жүрсе, бұл бидғатты дұрыс деп санап, одан сауап

күткендіктен оған тәубе ете алмайды. Бұл бидғаттың кесірінен немесе күпірлікке себеп болатындығынан ешқандай күнәсіне тәубе ету нәсіп болмайды.

Бір хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала дінде бидғат болған нәрсені істеген адамды осы бидғатты Аллаһ ризалығы үшін тәрк етпейінше оның ешқандай амалын** (ғибадатын) **қабыл етпейді»** делінген. Яғни, ақидада (сенімде), амалда (ғибадатта), сөзде, ахлақта бидғат нәрсені істеуден қайтпаған адамның осы бағыттағы ғибадаттары дұрыс болса да қабыл болмайды. Ғибадаттары қабыл болуы үшін бұл бидғатты Аллаһу та'аладан қорқып, одан сауап күте отырып немесе ризалығын алу үшін тәрк етуі керек.

Бір хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала бидғатшының оразасын, қажылығын, умрасын, жиһадын** (дін жолында еңбегін)**, күнәдан бас тартуын, әділдігін қабыл етпейді. Қамырдан қылдың оңайлықпен шыққаны сияқты ол Исламнан шығады»** делінген. Яғни ғибадаты дұрыс болса да қабыл болмайды. Сауап жазылмайды. Өйткені, күпірлікке себеп болмайтын бидғатты ғибадат деп істеуде. Ал күпірлікке себеп болатын бидғат өкілінің ғибадаты онсыз да сахих (дұрыс) болмайды, парыз, нәпіл ғибадаттарының еш бірі қабылданбайды. Бидғат нәпсіге, шайтанға еріп жасалатындықтан оны жасаған адам Аллаһу та'аланың әмірлеріне және Исламға бағынудан шығады. **Иман жүрекпен болады. Ислам жүрек және тілмен болады. Иман жүрекке тән. Ал Ислам жүрек, тіл және дененің барлығын қамтиды. Жүректегі иман мен жүректегі Ислам бірдей нәрсе.** Бидғатшыны тастап шығатын Ислам – тіл мен ағзалардағы Ислам. Бидғат жолына түскен адам нәпсі мен шайтанның жолына түскен, оларға мойынсұнған адам болады. Дінге ешқандай өзгерту енгізбей, оны қалай болса солай қабылдағанымен бұйрықтарды орындауда жалқаулық етіп күнә істеген адам тек фасық, яғни күнәһар болады, ол "бидғатшы" немесе "бидғат өкілі" деп аталмайды. Ал дінге жаңаша бір әрекеттер қосқан немесе кейбір ғибадаттарды өз ақылымен қысқартқан, діннен алып тастаған адамдар әрі **фасық**, әрі **бидғатшы** болады. Ондай бидғат жолының өкілі бұл бидғатын ғибадат деп санайды, одан сауап күтеді. Сондықтан осы бидғатшылығы хадисте айтылғандай дұрыс орындалған ғибадаттарының қабыл болуына

да кедергі болады. Бидғатшы болмағандардың ғибадаттан тыс жасаған күнәлары басқа ғибадаттарының қабыл болуына кедергі болмайды.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Менен кейін үмбетімнің ішінде бөлінушіліктер орын алады. Ол кездегілер менің сүннетіме және рашид халифалардың сүннетіне бағынсын! Дінде пайда болған** (бидғат) **нәрселерден алыс тұрсын! Дінде жасалған әрбір** (жаңалық) **өзгеріс бидғат болады. Бидғаттың барлығы адасушылық. Жолдан адасқандардың барар жері – тозақтың оты»** делінген. Бұл хадис Ислам үмбетінің ішіне іріткі түсетінін, топтарға бөлінетін хабарлайды. Олардың ішінде расулуллаһтың және оның төрт халифасының жолында болған жамағатқа еріңдер дейді. Сүннет – расулуллаһтың сөздері, барлық ғибадаттары, істері, сенімі, мінез-құлқы және бір нәрсені көргенде оған тыйым салмауы.

Хадис шәрифте: **«Үмбетімнің арасында бүлік тараған кезде менің сүннетімді ұстанған адамға жүз шәйіттің сауабы жазылады!»** дейді. «Яғни адамдар нәпсіге, бидғаттарға және өз ақылына еріп, Исламның шегінен шыққан кезде менің сүннетімді ұстанған адамға қиямет күні жүз шәйіттің сауабы жазылады. Өйткені, бүлік шығып, дінде шындықпен өтірік араласып кеткен кезде Исламға бағыну – кәпірлермен соғысу сияқты ауыр іс» деп көрсетеді.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Ислам ғариб** (еш кімі жоқ, көмекшісіз) **болып басталды. Соңында тағы ғариб болып қалады. Сол ғариб адамдарға сүйіншілер болсын! Олар адамдар бұзған сүннетімді түзейді»** делінген. Яғни “Исламның алғашқы жылдарында көпшілік халықтар мұсылмандықты білмегендері үшін оны мазақ етті. Ақыр заманда да дінді білетіндер азаяды. Олар менен кейін өзгертілген сүннетімді бидғаттардан тазартады. Бұл мақсатта әмри маруф және нахйи анил-мункар жасайды. Сүннетті, яғни Исламды ұстануда басқаларға үлгі болады. Ислам білімдерін дұрыс жазып, кітаптарын таратумен айналысады. Оларды тыңдайтындар аз, қарсы шығатындар көп болады. Ол замандарда көпшіліктің көңілінен шыққан дін адамы – дұрыстың арасына бұрысты да араластырып уағыздайтын, жұрттардың нәп-сісіне ұнайтын нәрселерді бұйыратын адам болады. Өйткені тек

дұрыстықты және тұралықты айтқанның дұшпаны көп болады".

Бір хадис шәрифте: **«Исраил ұлдары 72 топқа бөлінді. Менің үмбетім де 73 топқа бөлінеді. Олардың 72-сі отқа жанады, тек біреуі ғана құтылады. Олар – менің және сахабаларымның жолын ұстанғандар»** делінген. Яғни Исраилұлдары дінде 72 топқа бөлінді. Мұсылмандар да дінде 73 топқа бөлінеді. Олардың ешқайсысы кәпір болмаса да тозақта ұзақ уақыт болады. Тек расулуллаһтың және оның сахабаларының сенімінде болған және солар сияқты ғибадат жасайтын топ қана тозаққа кірмейді. Сенім, иман мәселесінде ижтиһад етерде Расулуллаһ пен оның сахабаларының сенімінен бөлінген дін ғалымдары иман келтіру міндетті болған және бірауыздан бекітілген ақидадан (сенімнен) бөлінсе, кәпір болады. Олар **"мүлхид"** деп аталады. Иман келтіру міндетті емес және бірауыздан (иттифақ) бекітілмеген сенімнен бөлінсе кәпір болмайды, сенімде (ақидада) бидғатшы болады. Олар **"әһли қыбла"** деп те аталады. Амал және ғибадат мәселесінде ижтиһад жасаған кезде міндетті және бірауыздан білдірілген ғибадаттарға сенбеген адам да кәпір, яғни мүлхид болады. Бірақ міндетті және бірауыздан білдірілмеген ғибадаттардан бас тартқандар, тек мужтаһид ғалым болса ғана, сауап алады. Өйткені мужтаһидтік дәрежесіне жеткен ғалымның кітаптан және сүннеттен түсінгенімен амал етуіне рұқсат етілген. «Дұрыс тапса екі, қателессе бір сауап алады» деген хабар осыларға қатысты. Мужтаһид болмаса, амалда бидғат өкілі **"мазһабсыз"** болады. Өйткені, мужтаһид емес адамның ижтиһад жасауына болмайды. Ол бір мужтаһидтің мазһабын ұстануға міндетті. Хадис шәрифте Пайғамбарымыз: **«"Ла илаһә иллаллаһ" деген адамды күнә істегені үшін кәпір демеңдер. Оны кәпір деген адамның өзі кәпір болады»** деген. Ақидасы, сенімі әһли сүннет, яғни дұрыс болғандықтан Жаһаннамға кірмейтін адам істеген күнәлары себебімен тозаққа кіруі мүмкін. Егер салих кісі болса, яғни күнәларына тәубе келтірген болса немесе кешірілсе, шапағатқа қауышса, тозаққа мүлдем кірмейді. Білуі міндетті болған, яғни мұсылмандардың оқымағандары да білетін ғалымдардың бірауызбен білдірген ақида (сенім) немесе ғибадаттан бірін қабылдамаған адам кәпір және мүртәд болатындықтан "Ла илаһә иллаллаһ" десе және барлық ғибадаттарды орындаса, барлық

күнәлардан сақтанса да ол адам тауһид иесі және әһли құбыла немесе бидғатшы мұсылмандардың ешбіріне жатпайды.

Күпірлік деген не?

Расулуллаһтың айтқан сөздерінің біріне болса да сенбеу немесе дұрыс екендігіне күмән келтіру **“күпірлік”** деп аталады. Осындай сенбеген адам **“кәпір”** деп аталады.

Жамандықтардың ең жаманы – Аллаһу та’алаға сенбеу, атеист болу. Дінімізде иман келтіру керек нәрселерге сенбеу күпірлік болып табылады. Мұхаммед (алейһиссалам) пайғамбарға сенбеу күпірлік болып саналады. Мұхаммед пайғамбардың Аллаһу та’аладан әкелген нәрселерінің бәріне жүрекпен сеніп, тілмен бекіту, айту **“иман”** деп аталады. Айтуға кедергі болатын нәрсе болса, айтпауы кешіріледі. Иманға қол жеткізу үшін Ислам діні күпірлік деп санайтын нәрселерден де сақтану қажет. Ислам үкімдерінің біріне мән бермеу, Құран кәрімді, періштелерді, пайғамбарлардың бірін мазақ ету – күпірлік. Қарсы келу, яғни естігеннен кейін сенбеу, растамау және күмән келтіру де имансыздық болады.

Күпірліктің үш түрі бар

1. Иманды, Исламды естімегендігі, ойламағандығы үшін кәпір болғандардың күпірлігі **“куфри жәһли”** деп аталады. Яғни білместік күпірлігі. Жәһлдің, яғни білмеудің екі түрі бар. Біріншісі, қарапайым. Мұндай адам надан, сауатсыз екенін біледі. Оларда қате сенім болмайды. Жануар сияқты. Өйткені, адамды жануардан айыратын нәрсе ғылым мен таным. Жәһлдің екіншісі мураккаб (күрделі) білместігі. Ол – қате, бұзылған сенім. Грек философтарының және мұсылмандардың 72 тобының сенімдері осындай. Бұл бірінші сауатсыздықтан да жаман әрі дауасы жоқ ауруға ұқсайды.

2. Күфри инади: біле тұра, өз дегенінен қайтпай кәпір болу дегенді білдіреді. Тәкаппарлық, атаққұмарлық немесе айыпталудан қорқу салдарынан туындайтын бұл күпіршілікке мысал ретінде Перғауын мен жолдастарының, Византия патшасы Гераклдың күпірлігін айтуға болады.

3. Күпірліктің үшінші түрі – **куфри хукми**. Исламның имансыздықтың белгісі деген сөздерін айтқан немесе істерін істеген адам жүрегімен растап, сенетіндігін айтса да кәпір болады. Исламның құрметтемеген жаман нәрсесін құрметтеу, құрметтеген жақсы нәрсесін құрметтемеу күпірлік болады.

Ер немесе әйел мұсылман Ислам ғалымдары бірауыздан күпірлікке себеп болады деп көрсеткен сөздері мен істерін біле тұра, мәжбүрленбей өз қалауымен шынайы түрде немесе күлдіру үшін айтса немесе істесе мағынасын түсінбесе де иманы кетеді, **“мүртәд”** болады. Бұл **“куфри инади”** деп аталады. Куфри инадимен кәпір болған адамның бұрынғы ғибадаттарының сауабы өшіріледі. Тәубе етсе де қайтарылмайды. Бай болса, қайтадан қажылыққа баруы тиіс. Мүртәд кезде оқыған намаздарын, тұтқан оразасын және берген зекетін қаза қылмайды. Мүртәд болмастан бұрын жасамағандарын қаза етеді.

Тәубе ету үшін тек шаһадат кәлимасын айту жеткіліксіз. Күпірлікке себеп болған нәрсеге (ісіне, сөзіне) де тәубе ету керек. Исламның қай есігінен шыққан болса, тағы да сол есігінен кіру қажет. Егер күпірлікке себеп болатынын білмей айтса немесе істесе немесе күпірлікке себеп болатындығы ғалымдар арасында бірауыздан келісілмеген сөзді өз еркімен ешбір қорқытылмай айтса, оның иманымен некесінің бұзылатыны күмәнді болады. Осындай ықтималдан ұзақ болу үшін иманы мен некесін жаңалағаны дұрыс. Жоғарыдағыдай сөзді білмей айту **“куфри жәһлиге”** жатады. Білмеуі сылтау емес, үлкен күнә болады. Өйткені, **әрбір мұсылманның білуі керек болған нәрселерді үйренуі парыз.** Күпірлікке себеп болатын сөзді қателесіп немесе тәуилімен[5] айтқан адамның иманы мен некесі бұзылмайды. Бірақ сонда да тәубе етіп, иманын жаңартқаны дұрыс. Некесін жаңартуы шарт емес.

Кез келген кәпір тәуһид[6] сөзін айту арқылы мұсылман болатыны секілді бір мұсылман да бір сөз айтумен кәпір болады.

Мұсылман адамның бір сөзінің немесе ісінің жүз мағынасы болса, яғни оның іс-әрекеті немесе сөзінен жүз нәрсе түсінуге болса, олардың бірі ол адамның иманды екендігіне, қалғандары

5 **Тәуил** – бір сөз не іске бірінші мәшһүр мағынасынан басқа мағына беру.

6 **Кәлимаи тауһид** - Ла илаһә иллаллаһ Мухаммедун расулуллаһ.

кәпірлігіне ишарат етсе, ол адамды мұсылман деу керек. Яғни күпірлікті көрсететін 99 мағынаға қаралмайды. Иманды көрсететін бір мағынаға қаралады. Бұл сөзді қате түсінбеу керек. Ол үшін екі мәселеге мұқият көңіл аудару керек. Біріншісі, сөз бен істің иесі мұсылман болуы тиіс. Мысалы бір француз Құран кәрімді мақтаса немесе бір ағылшын «Аллаһ бір» десе, бұл оларды мұсылман деп санауға себеп бола алмайды. Екіншісі, бір сөздің немесе бір істің жүз мағынасы делінді. Жүз сөздің немесе жүз істің бірі иманды көрсетіп, тоқсан тоғызы күпірлікті көрсетсе, ол адамға мұсылман деп айтылады делінген жоқ. Осыған назар аудару керек.

Әрбір мұсылманның әрбір сөзінде, әрбір ісінде Аллаһу та'аланың бұйрықтары мен тыйымдарын, яғни фарздарымен харамдарын көз алдында ұстауы керек. Бір парыздың орындалуына, бір харамнан сақтануға мән бермеген адамның иманы кетіп, кәпір болады. Кәпір болып өлген адам қабірде азап шегеді. Ахиретте тозаққа барады. Тозақта мәңгі қалады. Кешірілуіне, тозақтан шығарылуына ешқандай мүмкіндік те болмайды. Кәпір болу өте оңай. Ойланбайтын адам үшін әр сөзде, әр істе кәпір болу ықтималдығы жоғары. Күпірліктен құтылу да өте оңай. Ешқандай күпірлікке түспеген немесе күпірліктің себебі белгісіз болса да, күніне бір рет «Ей Раббым. Біліп-білмей күпірлікке себеп болатын бір сөз айтқан болсам немесе бір іс істеген болсам, оған өкінемін. Мені кешіре гөр» деп тәубе етсе, Аллаһу та'алаға жалбарынса, әлбетте кешіріледі. Тозаққа барудан құтылады. Жаһаннамда мәңгі жанбау үшін міндетті түрде күнде тәубе ету керек. Осы тәубеден артық маңызды міндет жоқ. Құл ақысы араласқан күнәларға тәубе еткен кезде иелеріне ақыларын да өтеу керек, оқылмай қалған намаздарға тәубе еткенде қарыз парыздардың да қазасын өтеп, оқу керек.

Әрбір мұсылман азанда және кешке мына иман дұғасын оқуы керек:

«Аллаһуммә инни аъузу бикә мин ән ушрикә бикә шәй-ән уә әнә аләму астағфирукә ли мәә ләә аләму иннәкә әнтә алламул ғуйуб».

«Аллаһуммә инни уриду ән ужәддидәл иманә уән-никаһә тәждидән би қаули ләә илаһә иллаллаһ Мухаммедун расулуллаһ» деп, тәубе етіп, иманы мен некесін жаңартуы керек.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Мазһаб, мужтаһид, фиқһ

Бір мужтаһидтің шығарған үкімдерінің жиынтығы **“мазһаб”** деп аталады. Әһли сүннеттің жүздеген мазһабтарының ішінде қазірде тек төрт имамның мазһабы ғана кітаптарға толық жазылып, қалғандары ұмыт болды. Мужтаһид болмағандар барлық әрекеттері мен ғибадаттарында осы төрт мазһабтың бірін ұстануы керек. Демек, пайғамбарымыздың жолы Құран кәрім мен хадистер арқылы, яғни сүннет пен мужтаһидтердің ижтиһады арқылы көрсетілген жол болып табылады. Бұл үш дәлелден басқа сондай-ақ, **“ижма-и үммет”** деп аталатын төртінші дәлел де бар. Ол сахабалар мен табииндердің ауызбірлігі, яғни көрген, естіген кезде ешбірінің қарсылық көрсетпеген, жоққа шығартпаған нәрселері болып табылады.

Ислам діні бізге осы төрт дәлел жолымен келген. Дініміздің бұл төрт дәлеліне **“адилләи шар’ийа”** (шариғаттың дәлелдері) делінеді. Осы төрт негізге сүйенбейтін нәрселер бидғат, имансыздық және дінсіздік болады. Сопылық, яғни тасавуф ұлыларының жүрегіне келетін илхам (шабыт), кәшіфтер (жүрекке аян болатын білім) Ислам үкімдері үшін дәлел бола алмайды. Кәшіфтермен илхамның дұрыстығы оның Исламға сай болуы және болмауына қарап өлшенеді. Тасавуфтың, уилайаттың жоғары дәрежелеріне шыққан әулиелер де ілімсіз төмендегі мұсылмандар сияқты бір мужтаһидтің жолына бағынуға міндетті. Баязид Бистами, Жүнайд Бағдади, Жалалиддин Руми және Мухиддин Араби сияқты әулиелер басқа барлық мұсылмандар секілді бір мазһабқа бағыну арқылы жоғары деңгейге көтеріліп, кемелге жеткен. Ислам үкімдеріне мойынсұну бір тал егуге ұқсайды. Әулиеде туындаған ғылым, марифат (Жаратқанды тану ілімі), тәжаллилер (көріністер),

Аллаһқа деген сүйіспеншілігімен Оның затына деген махаббаты осы талдың жемістеріне ұқсайды. Әрине, тал егудегі мақсат – одан жеміс алу. Бірақ жеміс алу үшін тал егу – шарт. Яғни иман болмаса және Ислам үкімдері орындалмаса сопылық пен әулиелікке қол жеткізуге мүлдем болмайды. Ғибадатсыз, мазһаб үкімдеріне бағынбай, халал-харамға сай амал етпей тек зікір салу арқылы жеттім дейтіндер зындық (діннен қайтқан) және дінсіз болады. Ондайлардан арыстаннан қашқандай ұзақ болу керек. Арыстан ұстаған адамның тек жанын ғана ала алады. Ал аталған дінсіздер кісінің дінін және иманын ұрлайды.

Рукнеддин Чашти **“Маражул бахрейн”** атты кітабында Ахмет Зәрруқтан нақыл етіп былай дейді: төрт мазһаб имамдарының бірі болған Имам Малик бин Әнәс “рахметуллаһи алейһ” айтты: «Фиқһты үйренбей сопылықпен, тасауфпен айналысқан адам діннен шығып **“зындық”** болады. Фиқһты үйренген сопылықтан, тасауфтан хабары жоқ адам **“бидғатшы”** болады. Екеуіне де қол жеткізген адам ақиқатқа қауышады». Фиқһты дұрыс үйреніп, тасауфтың (сопылықтың) зауқын сезінген адам кемел адам болады. Тасауф өкілдерінің бәрі кемелдік дәрежеге жетпес бұрын бір фиқһ ғалымының мазһабын ұстанды, сол мазһаб үкімдерін орындап тақуа болды. Мысалға: танымалды әулиелерден Жүнайд Бағдади Суфйан Сауридің мазһабында еді (бұл мазһаб кейіннен ұмыт болды). Абдулқадір Гейлани – Ханбали мазһабында, Әбу Бәкір Шибли - Малики мазһабында, Имам Раббани, Жәрири, Ахмет Йасауи - Ханафи мазһабында, Харис Мухасиби болса Шафии мазһабында еді (қаддасаллаһу та’ала әсрараһум).

Мужтаһид

Саййид Абдулхаким Арваси **“Асхаби кирам”** атты кітабында былай дейді: «Ижтиһад – адамның бар күшімен қиналып, тер төгіп, жұмыс істеуіне айтылады. Яғни Құран кәрім мен хадис шәрифтерде мағынасы айқын болмаған үкімдер мен мәселелерді ашық және толық түсіндірілген мәселелермен салыстырып, үкім шығаруға тырысу **“ижтиһад”** деп аталады. Бұл істі тек пайғамбарымыз (алейһиссалам) және оның барлық сахабаларымен

мұсылмандар ішінде ижтиһад мәртебесіне көтерілгендер ғана атқара алады. Бұл жоғары дәрежелі ғалымдар **“мужтаһид”** деп аталады. Аллаһу та’ала Құран кәрімнің бірнеше жерінде ижтиһад жасауды бұйырады. Олай болса, мағынасы айқын көрініп тұрмаған аяттар мен хадистердің астарындағы діни үкімдер мен мәселелерді қылды қырық жаратын жоғары қабілеттерімен түсіне алатын ұлы адамдар, яғни мутлақ мужтаһидтердің ижтиһад жасауы парыз болып табылады.

Мужтаһид болу үшін арап тіліне қатысты жоғары ғылымдарды толық меңгеру, Құран кәрімді жатқа білу, әр аяттың түрлі мағыналарын білу және аяттардың келген уақыттарымен келу себептерін, не туралы екендігін, насих немесе мансух екендігін, муқайад немесе мутлақ екенін, қираати сәба, қираати ашәрә (жеті және он түрлі оқу тәсілі) және қираати шаззә (Құранның мәшһүр болмаған оқу түрі)-ден қалай оқылатынын білу, Кутуби ситтадағы (мәшһүр алты Хадис жинағы) және басқа хадис кітаптарындағы жүз мыңдаған хадисті жатқа білу және әр хадистің қашан, не үшін айтылғанын, мағынасының қаншалықты ауқымдылығын, қай бірінің қайсысынан бұрын не кейін айтылғанын, оған қатысты оқиғаларды, қай жағдай немесе оқиғаның үстінде айтылғанын, кімдер тарапынан нақыл және риуаят етілгенін (жеткізілгенін), жеткізген адамдардың қандай адамдар екенін, өмірбаяндарын, мінез-құлқын білу, фиқһ ғылымының әдістері мен қағидаларын білу, он екі ғылымды және Құран кәрім мен хадис шәрифтердің ишараттарын, румуздарын (белгілерін), ашық және астарлы мағыналарын ұғыну, осы мағыналар рухына орныққан болу, күшті иман иесі болу, итминанға (толығымен тәрбиеленген, тазарған, сенімге бөленген) толы таза жүрек пен ожданға ие болу керек.

Осы ерекшеліктердің барлығы тек сахабалардың және одан кейінгі екі жүз жыл ішінде шыққан кейбір әһли сүннет ғалымдарының бойынан табылды. Кейіннен басқа көзқарастар, пікірлер шығып, бидғаттар тарады. Мұндай ұлы адамдар азая-азая төрт жүз жылдан кейін әлгі шарттарға жауап беретін олардай мутлақ мужтаһид болып танылған ешкім шықпады». Хиджрадан 400 жыл өткен соң мужтаһидке мұқтаждық та сезілмеді. Өйткені, Аллаһу та’ала және оның расулы Мұхаммед пайғамбар (алейһиссалам)

қияметке дейінгі өмір салттарында және техника құралдарында болатын өзгерістердің барлығын қамтитын үкімдердің бәрін адамзатқа білдірді. Мужтаһидтер де олардың барлығын түсініп, түсіндірме жасады. Кейіннен келетін ғалымдар бұл үкімдердің жаңа оқиғаларға қалай қолданылатынын тәпсір және фиқһ кітаптарында жазады. **“Мужаддид”** деп аталатын мұндай ғалымдар қияметке дейін әр ғасырда болады.

“Техникалық құралдар өзгерді, жаңа құбылыстарға жолығудамыз” деп аяттар мен хадистерге өзгерістер енгізу керектігін айтатын адамдардың Ислам дінінің дұшпаны - зындықтар[7] екендігі аңғарылады. Ислам дұшпандарының ең қауіптісі – ағылшындар.

Ислам үкімдерін оқытатын ғылым саласы **“фиқһ”** деп аталады. Фиқһ ғылымын меңгерген ғалым **“фақиһ”** деп аталады. Фиқһ ғылымы адамдардың жасауы тиіс және жасамауы тиіс нәрселерін үйретеді. Фиқһ ғылымы Құран кәрімнен, хадис шәрифтерден, ижмаи үммет (үмбет ғалымдарының ауызбірлігі) және қиястан тұрады. Фиқһ ғылымының осы төрт негізі **“әдилләи шар’ийа”** деп аталады. Мужтаһидтер осы төрт негізден үкім шығарған кезде **мазһаб**тарға бөлінген. Сахабалар мен олардан кейінгі ғасырда келген мужтаһидтер **“сәләф-ус-салихин”** (салих, сенімді өткен кісілер) деп аталады. Олардың бірауыздан айтқан мәселелері **“ижма-и үммат”** деп аталады. Құран кәрімнен немесе хадис шәрифтерден не болмаса ижмаи үмметтен салыстыру жолымен шығарылған Ислам үкімдері **“қияси фуқаһа”** деп аталады.

Бір істің халал немесе харам екендігін **қияс** арқылы білу үшін халал немесе харам екендігі айқын белгілі басқа іспен салыстырылады. Ол үшін ол істі харам немесе халал еткен себептің бірінші істе де болуы керек. Мужтаһидтердің жалғыз төрт мазһабы ғана кітаптарға толық жазылып үлгерген, қалғандары ұмыт болған. Сол себепті қазірде, әһли сүннеттің амалдағы төрт мазһабы бар: Ханафи, Малики, Шафии, Ханбали мазһабтары.

Фиқһ ғылымының негізін салған, алғаш қалыптастырған адам – Имам Ағзам Әбу Ханифа “рахметуллаһи та’ала алейһ”.

---

7 **Зиндық** – ешбір дінге сенбейтін, бірақ Исламды іштей бұзу үшін мұсылман болып көрініп жүріп, күпірлік пен дінсіздікті дін деп уағыздайтын жасырын дін дұшпаны, мунафиқ.

Фиқһ ғылымы үлкен төрт бөлімге бөлінеді:

1. Ғибадат: намаз, ораза, зекет, қажылық, жиһад болып беске бөлінеді. Бұл ғибадаттар туралы әһли сүннет ғалымдарының **фиқһ кітаптары**нда кеңінен жазылған. Жиһад – адамдарды Ислам дініне шақыру, оны қабылдамағандармен, осы шақыруды есітулеріне, есіткендердің иман келтіруіне кедергі болған залым-дардың, диктаторлардың, әскерімен соғысу деген сөз. Бірақ бұл соғысты мемлекет жасайды. Мемлекеттің қарулы күштері соғысады. Отанға (яғни үкіметке, әскерге) мал-мүлікпен, идеямен (сөзбен, жазумен), олардың қата-рына қосылумен, емдеумен (дұға етумен) көмектесу де жиһад болып саналады. Хадис шәрифте: **«Кәпірлерге** (дұшпанға) **қарсы мал-жан-дарыңмен және тілдеріңмен жиһад етіңдер!»** делінген.

Исламның бес шартынан кейін ғибадаттардың ең маңыздысы – жиһад (отанын, ұлтын және дінін қорғау үшін соғысу). Мұндай соғыста қайтыс болғандарға шәйіт делінеді. Шәйіт болған адамның құл ақысынан басқа барлық күнәлары кешіріледі. Құл ақысын да Аллаһу та’ала қияметте иелеріне сауаптар, сыйлықтар берумен кешіртіреді. Қажылыққа бара жатқанда, жиһадта және шекарада тұрып қайтыс болған әскерлерге қияметке дейін осы ғибадаттарының сауабы үздіксіз жазылып тұрады. Денелері шірімейді. Әрқайсысы қиямет күнінде жетпіс адамға шапағат етеді. Абдулғани Наблуси (рахметуллаһи алейһ) **“Хадиқа”** кітабында: «Суға тұншығып шәйіт болған адамға құрлықта шәйіт болған адамнан екі есе артық сауап жазылады» дейді.

Хадис шәрифте: **«Оқ атуды және атқа мінуді үйреніңдер!»** деп бұйырылған. Бір хадис шәрифте: **«Оқ атуды үйреніп, оны кейіннен ұмытқан адам бізден емес»** делінген. Тағы бір хадисте: **«Ойынның пайдасы жоқ. Тек оқ атуды үйрену үшін, атты баптау үшін және жанұясымен** (тату өмір сүру үшін) **ойнауға болады»** делінген. Яғни, аталған ойындар пайдалы және қажет нәрсе деген. Бұл хадистер мемлекеттің қарулы күштеріне барлық соғыс құралдарын дайындауды және қолдануды бейбіт кезеңде іске асыруды бұйырған. Бұдан ерекектердің әскери қызметке бару арқылы жиһадқа дайындалуларының ғибадат екендігі аңғарылады.

2. Мунакәһат: үйлену, ажырасу, напақа сияқты тағы бір шама салаларды қамтиды.

3. Муамалат: Муамалат – сауда-саттық, жалдау, серіктестік, өсім, мирас тағы басқа бір неше бөлімдерден тұрады.

4. Уқубат: Уқубат – шариғат бойынша берілетін жазаларды білдіреді. Ол алты топқа бөлінеді. Адам өлтіру, ішімдік ішу, ұрлық жасау, зинақорлық, таза әйелге жала жабу, діннен шығу жазалары.

Фиқһтың ғибадат бөлімін үйрену әрбір мұсылманның парызы. Мунакаһат және муамалат бөлімдерін үйрену – фарзи кифайа. Яғни, осы жағдайларға кезіккендерге ғана үйрену фарз. Әрбір мұсылман фиқһтың төрт бөлімін Исламға сай түрде орындауы тиіс. Мысалы: мұсылмандар ушр (егістік өнімдерінің зекетін) беруі керек, кәпір және діннен шыққан әйелдердің әурет жерлеріне, бас, қол, аяқтарына қарау харам.

Тәпсір, хадис және кәлам ғылымдарынан кейінгі ең құнды ғылым фиқһ болып табылады. Фиқһ ғылымын оқу – түнде нәпіл намазын оқудан да сауапты іс. Ғалымдардың өзінен оқып үйренудің де жалғыз үйренуден сауабы көп. Төмендегі алты хадис фиқһ ғылымының абыройын көрсетеді:

«Аллаһу та’ала бір құлына жақсылық істегісі келсе, оны дінде фақиһ етеді».

«Кімде-кім фақиһ болса, Аллаһу та’ала оның қалаған нәрсесін, ризқын ойламаған жерден жібереді».

«Аллаһу та’аланың ең ұлы деп санаған адамы – дінде фақиһ болған адам». Имам Ағзамның ұлылығын көрсетуге осы хадистің өзі де жетеді.

«Шайтанға қарсы бір фақиһ мың ғибадатшылдан да күшті».

«Барлық нәрсенің сүйеніші бар, діннің негізгі сүйеніші – фиқһ ғылымы».

«Ғибадаттардың ең құндысы – фиқһ үйрену және үйрету».

Ханафи мазһабындағы Исламдық үкімдер сахаба Абдуллаһ ибн Масудпен (радиаллаһу анһ) басталған жолмен шығарылған.

Яғни, мазһабтың басшысы болған Имам **Ағзам Әбу Ханифа** фиқһ ғылымын **Хаммад**тан, Хаммад **Ибрахим Нахаи**ден, ол **Алқама**дан, Алқама **Абдуллаһ бин Масуд**тан, ал ол **Расулуллаһ**тан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) алған.

Имам Әбу Юсуф, Мұхаммед Шайбани, Зуфар бин Хузайл және Хасан бин Зияд (рахимаһумуллаһ) барлығы – Имам Ағзамның шәкірттері. Оның ішінде Имам Мұхаммед дін саласында мыңдаған кітап жазған. Шәкірті болған Имам Шафиидің анасымен некелескендіктен қайтыс болғаннан кейін оның кітаптары Имам Шафииға мұраға қалып, Имам Шафиидің ілімін арттыруына себеп болған. Бұл туралы Имам Шафии: «Ант етемін, фиқһтағы білімім Имам Мұхаммедтің кітаптарын оқумен артты. Фиқһ білімін жетілдіргісі келген адам Әбу Ханифаның шәкіртімен бірге болсын» деген. Тағы бірде: «Барлық мұсылмандар Имам Ағзамның әйел, бала-шағасы сияқты» деген. Яғни адам әйелі, бала-шағасының мұқтаж болған нәрселерін тауып келуге міндеттелгені секілді Имам Ағзам да адамдардың қажет еткен дін білімдерін майданға шығарып көрсетуді өз мойнына алған, сөйтіп, адамдарды қиын мәселеден құтқарған. Имам Шафиидің бөлек бір мазһаб құруы Имам Ағзамды ұнатпауы, одан бөлінуі дегенді білдірмейді. Асхаби кирамның да әр қайсысының бөлек мазһабтары бар болатын. Сонымен қатар олар бір-бірін жақсы көріп, құрметтейтін. "Фатх" сүресінің соңғы аяты осыған куә.

Имам Ағзам Әбу Ханифа "рахметуллаһи алейһ" фиқһ ілімдерін жинастырып, бөлімдерге ажыратып, қағидалар, әдістер қойғаны сияқты Расулуллаһтың "алейһиссалам" ұлы Сахабаларына (ридуануллаһи та'ала алейһим ажмаин) көрсеткен сенім, иман, ақида ілімдерін де жинап, жүздеген шәкірттеріне үйретті. Шәкірттерінен **"ілмі кәлам"**, яғни иман саласының мамандары жетіліп шықты. Олардың ішінде **Имам Мұхаммед Шайбани**дің шәкірті **Әбу Сүлеймен Жүржани** және оның шәкірті **Әбу Бәкір Жүржани** танымал тұлғаларға айналды. Оның да шәкірті болған **Әбу Насыр Ияд** кәлам ғылымында **Әбу Мансур Матуриди**ді жетілдірді. Әбу Мансур Имам Ағзамнан келген кәлам ілімдерін кітаптарға жазды. Сенімде, итиқадта мазһаб имамы болды. Жолдан шыққандармен күресіп, әһли сүннет сенімін күшейтті, жан-жаққа таратты.

Мазһаб имамдары

Итиқадта (сенімде) мазһаб имамдары

Имам Әбу Мансур Матуриди

Ол - әһли сүннеттің имандағы имамдарының бірі. Самарқанға қарайтын Матурид аймағында дүниеге келді. Хиджраның 333-ші жылында (м.944 ж.) Самарқанда қайтыс болды.

Әбу Мансур Матуриди Имам Ағзам Әбу Ханифадан жеткен иман білімдерін жинап, өзінен кейін келгендерге жеткізген. Имам Ағзам Әбу Ханифа сахабалардан үйренген иман ілімдерін шәкірттеріне үйреткен. Танымал шәкірті Имам Мұхаммед Шайбани тәрбиелеген Әбу Бәкір Жүржани кәлам-иман ілімінде әлемге танылды. Оның шәкірті Әбу Насыр Ияд Әбу Мансур Матуридиді жетілдірді. Әбу Мансур Матуриди әһли сүннеттің итиқад саласында мужтаһид болған.

Әбу Мансур Матуриди Аббаси мемлекеті әлсіреп, әр түрлі сенімдік топтар арасында күрестер көбейе бастаған тұста өмір сүрген. Әһли сүннет сенімін қолдап, оны анық түрде түсіндіріп, таратқан. Мұсылмандардың осы дұрыс сенімді ұстануларын қамтамасыз еткен. Бұл мәселеде қолданған тәсілі - Имам Ағзам Әбу Ханифаның **“Фиқһи әкбар”**, **“әр-Рисала”**, **“әл-фиқһ-ул-Әбсат”** атты кітаптарында көрсетілген иман-сенім мәліметтерін ақылдық және нақылдық дәлелдермен түсіндіріп, классификация жасау болған.

Асхаби кирамның[8] арасында иман мәселесінде ешқандай ке-ліспеушілік, айырмашылық болған жоқ. Олардың иманы пайғамбарымыз Мұхаммед (алейһиссалам) көрсеткен иманымен бірдей еді. Одан кейінгі ғасырлардағы мұсылмандар арасында иман мәселесі бойынша кейбір айырмашылықтар туындады. Иман мәселесінде бидғат шығарған, өзгеше сенімге бет бұрған бидғатшы топтардың саны жетпіс екіге жетті. Олар Құран кәрімнің муташабиһ (астарлы мағыналы) аяттарын өз түсініктері бойынша тәуил қылуға тырысты. Көне үнді және грек философиясынан

8 **Асхаби кирам** – Пайғамбарымызды көрген мұсылмандардың жалпы аты. Сахабалар.

кейбір сенімдерді алуға тырысты. Сахабалардың арасындағы ижтиһад айырмашылықтарын өздерінің шолақ көзқарасымен түсіндіруге тырысты. Тағдырға сенбейтіндер, құлдар істерінде ерікті емес, мәжбүр дейтіндер, сахабаларға дұшпан болғандар, Расулуллаһтың шапағатына, үмбеттің құтылуына уәсилә (себепші) болатынына сенбейтіндер көбейді.

Алайда, Құран кәрім мен Хадис шәрифтер иманда топтарға бөлінудің жаман нәрсе екендігін қайта-қайта үгіттейді. Аллаһу та'ала **"Ниса"** сүресінің 114-ші аятында: **«Дұрыс** (имандылықты) **жолды оқып білгеннен кейін пайғамбарға мойынсұнбай, муминдердің жолынан айрылған адамды адасқан жолына қарай сүйреп, ең жаман орын болған тозаққа тастаймыз»** деп бұйырды. **"Али-Имран"** сүресінің 103-ші аятында: **«Барлығың Аллаһтың жібінен** (Құран кәрім) **мықтап ұстаңдар. Топтарға бөлінбеңдер»** деп бұйырылған.

Пайғамбарымыздың бір хадисінде: **«Бәни Исраил** (израил қауымы - яһудилер) **жетпіс бір топқа бөлінген еді. Олардың жетпісі тозаққа барып, біреуі ғана құтылды. Насара (**христиандар**) да жетпіс екі топқа бөлінді. Оның жетпіс бірі тозаққа барды. Біраз уақыттан соң менің үмбетім де жетпіс үш топқа бөлінеді. Оның жетпіс екісі тозаққа барып, тек бірі ғана құтылады».** Сахабалар бұл топтың кімдер екенін сұрағанда: **«Тозақтан құтылатын топ Менің және сахабаларымның жолымен жүргендер»** деп жауап берді.

Міне, әһли сүннет сенімінің негізін салған пайғамбарымыз болып табылады. Сахабалар иман мәселесінде білімді осы қайнаркөзден алды. Табиини изам[9] және төрт мазһабтың имамдары осы иман мәселелерін сахабалардан үйренді. Төрт мазһаб имамдарының бірі болған Имам Ағзам Әбу Ханифа үйреткен иман мәселелерін Әбу Мансур Матуриди жинады. Имам Шафиидің үйреткен иман ілімдерін Әбул Хасан Әш'ари жинады. Бұл екі имам әһли сүннеттің итиқад (сенім) саласындағы имамдары деп аталады. Олардың жинап, реттеген иман мәселелері **"әһли сүннет сенімі"** деп аталады.

9 **Таби'ин-ул-и'зам** - Сахабаларды көрген мұсылмандар.

Әбу Мансур Матуридидің Самарқандағы қабірі бір еврейдің учаскесі ішінде қалып, лас-қоқыс орнына айналған еді. Стамбулдан келген Ихлас фирмасы бұл жағдайды көріп, сол учаскені х.1446 (м. 1996) жылы еврейден отыз мың долларға сатып алып, бұзылған қабірді қалпына келтірді.

Имам Әбул Хасан Әш’ари

Ол - әһли сүннеттің сенімдегі имамдарының бірі. Шын аты – Әли бин Исмаил. Сахаба Әбу Мусел Әш’аридің (радиаллаһу анһ) ұрпағы. Хиджраның 260 жылы (м.873 ж.) Басрада туылып, х.324 жылы (м. 936) Бағдатта қайтыс болды. Өгей әкесі Әбу Жибаи Мутазила бидғат тобының ғалымы болатын. Әбул Хасан Әш’ари алғашқыда осы өгей әкесінен білім алып, мутазила өкілі болды. Кейін тәубе етіп, әһли сүннет ғалымы болды. Елу бес шақты кітабы бар. Құран кәрімге жасаған тәпсірінің өзі жетпіс томнан тұрады. Мутазила, Харижи және Шиит бидғат топтарына қарсы олардың адасқандығын Құран және хадистермен дәлелдеген кітаптар жазған. Ол Имам Шафии хазіреттен келген иман ілімдерін таратты. Әбу Бәкір Бақиллани, Әбу Исхақ Исфәраини, Әбу Исхақ Ширази, Имам Ғазали және **“Миләл уә Ниһәл”** кітабының авторы Мұхаммед Шихристани сияқты ғалымдар Әш’ари мазһабында еді.

Әбу Мансур Матуриди мен Әбул Хасан Әш’ари екеуі екі басқа мемлекетте уағыздаған иман (итиқад-ақида) жолы Пайғамбарымыздың сахабаларына, олардың табииндерге және мазһаб имамдарына үйреткен сенімі болып табылады. **Әһли сүннет уәл жамағат** сенімі деп аталатын жалғыз дұрыс сенім осы.

(ЕСКЕРТУ: Заманымызда пайда болған кейбір мазһабсыздар мұсылмандар арасында өздерін әһли сүннетпіз деп таныту үшін Матуриди және Әш’ариден кейін үшінші (!) иман мазһабы ретінде “Сәләфи” сектасын көрсетуде. Ондай айлакерлерге алданбау керек).

Сәләфилік

Соңғы кезде кейбір адамдардың аузынан **“Сәләфийа (жолы)”** деген сөз көп естіліп жүр. Мұсылмандар мына нәрсені жақсы білуі тиіс, Исламда **Сәләфийа мазһабы** деген нәрсе мүлдем

жоқ. Исламда тек **сәләф-и салихин**[10] нің мазһабы (жолы) бар. Сәләфи салихин – хадис шәрифте мақталған, алғашқы екі ғасырда өмір сүрген мұсылмандардың жалпы аты. Үшінші және төртінші ғасырлардағы Ислам ғалымдары **"халәфи садықин[11]"** деп аталады. Бұл қадірлі тұлғалардың сенімі **"Әһли сүннет уәл жамағат мазһабы"** деп аталады. Бұл жол – сенім, иман, ақида мазһабы. Сәләфи салихиннің, яғни сахабалар мен табииндердің имандары бірдей болатын. Сенімдерінде ешқандай айырмашылық жоқ. Қазір дүние жүзіндегі мұсылмандардың басым көпшілігі әһли сүннет мазһабында. Жетпіс екі бидғат топтарының барлығы екінші ғасырдан кейін шықты. Кейбіреулерінің құрушылары бұрын өмір сүрген болса да, кітаптарының жазылып, бөлек фирқа (секта) ретінде пайда болулары және әһли сүннетке қарсы көтерілулері Табиини изам дәуірінен кейін басталды.

Әһли сүннет сенімінің негізін салушы Мұхаммед алейһиссалам болып табылады. Иман ілімдерін сахабалар осы қайнар көзден алды. Табиини изам оны сахабалардан алды. Кейіннен келгендер табииндерден алды. Осылайша, әһли сүннет сенімі ілімі бізге дейін нақыл және тәуатур[12] жолымен жетті. Бұл ілімдерді ақылмен табу мүмкін емес. Ақыл оларды өзгерте алмайды. Ол тек оны түсінуге көмектеседі. Яғни оларды түсіну, дұрыстығын, қадірін ұғыну үшін ақыл керек. Хадис ғалымдарының барлығы әһли сүннет сенімінде болды. Амалдағы төрт мазһабтың имамдары да осы мазһабтың өкілдері болатын. Сенімде мазһаб имамдары имам Матуриди мен Әш'ари осы мазһабта болып, аталмыш жолды уағыздады. Жолдан ауытқығандарға, көне грек фәлсафасының батпағына батқан материалистерге қарсы осы бір мазһабты қорғады. Осы екі ұлы

10 **Сәләфи салихин** – (**сәләф** - ата-бабалар, өткендер. **салих** - тақуа, салихалы.) *«бұрын өткен салихалы, тақуа кісілер»* деген мағынаны беретін тіркес. Ал дінімізде, алғашқы екі ғасырда өмір сүрген **сахабалар**, **табеиндер** және **табеи табеиндер** деп аталатын үш ұрпақ мұсылмандарының ортақ аты.

11 **Халәфи садықин** – (**халәф** – орынбасар, ізбасар; **садық** - берілген) «бұрыңғылардың ізінен жүруші берілген кісілер» деген мағынаны береді. Дінімізде үшінші және төртінші ғасырларда өмір сүрген Ислам ғұламаларының жалпы аты.

12 **Тәуатур** - Өтірік бір мәселеде бірлесуі мүмкін болмаған әр ғасырдағы ең сенімді адамдардың барлығының бірдей хабар берген нәрселері.

ғалымның өмір сүрген уақыттары бір болғанмен бөлек жерлерде болғандықтан және қарсыластарының түсініктері мен әрекеттері әртүрлі болғандықтан уағыздау, қолдау әдістері және сындары бір-бірінен ерекшеленеді. Бірақ бұл олардың мазһабтарының екі бөлек екенін білдірмейді. Олардан кейін келген жүз мыңдаған ғалымдар мен әулиелер осы екі ұлы имамның кітаптарын зерттеу арқылы ол екеуінің де әһли сүннет мазһабында екендігін бірауыздан айтқан. Әһли сүннет ғалымдары мағыналары ашық **“Насс”**тарды (аяттар мен хадистерді) айқын мағыналарымен алған. Мәжбүрлік туындамағанша ондай аяттар мен хадистерге **тәуил** (өзгеше түсіндірме) жасамаған, сол мағыналарын өзгертпеген. Өз білімдері мен пікірлері бойынша өзгерістер енгізбеген. Адасқан топтардың өкілдері мен мазһабсыздар болса, грек пәлсапашыларынан және дін дұшпандарынан естігендеріне еріп, иман және ғибадат мәселелеріне өзгеріс енгізуден тартынбаған.

Миссионерлердің ғасырлар бойы жалғасын тапқан әрекеттері мен ағылшын империясының жиіркенішті саясаты және әр түрлі материалдық күштер жұмсауы арқылы Ислам дінінің қорғанышы болған, әһли сүннет ғалымдарының (рахметуллаһи та’ала алейһим ажмаин) қызметшісі болған Осман мемлекеті ыдырағаннан кейін мазһабсыздар мұны жақсы мүмкіндік деп білді. Әсіресе, әһли сүннет ғалымдарына сөз сөйлеу құқығы берілмейтін елдерде, мысалы: кейбір арап елдерінде өтіріктер және айлалармен әһли сүннетке жала жауылып, Исламды өз ішінен құлатуға тырыса бастады. Бұл елдерден таратылған алтындар, осы фитнаның дүние жүзіне таралуын қамтамасыз етті. Пакистан, Үндістан және Африка елдерінен келген хабарларға қарағанда діни білімі жоқ, Аллаһтан қорықпайтын кейбір дін адамдары осындай фитналарға ат салысқаны, қолдау көрсеткендігі үшін жоғары лауазымдарға, мал-мүлікке ие болды. Әсіресе жастарды алдап, әһли сүннет мазһабынан айыру үшін жасаған қиянаттарының арқасында үлкен байлықтарға қол жеткізді. Медреседегі шәкірттерді, мұсылман балаларды алдау үшін кітаптар жазды. Бұл кітаптарында бір мазһабқа бағынуды фанатизм деп жаман көрсетіп, әһли сүннет ғалымдарына, олардың еңбектеріне шабуыл жасауда.

Сәләфи салихин заманында және олардың ізбасарлары болған мужтаһид ғалымдар дәуірінде, яғни 400 жылдың соңына

дейін өмір сүру салттарында өзгерістер болып, жаңа оқиғалар туындаған соң мужтаһид ғалымдар күндіз-түні еңбек етіп, ол істі қалай жасау керектігін **әдилләи шарийа** деп аталатын төрт қайнар-көзден (Құран кәрім, хадис, ижмаи үммет, қиясы фуқаһа) тауып шығарған. Бүкіл мұсылмандар болса, бұл істі өз мазһаб имамдарының көрсеткені бойынша жасайтын. Жасағандар он немесе бір сауап алатын. Өйткені, хадисте солай бұйырылған болатын. 400-жылдан кейін де мұсылман әлемі мужтаһидтердің сол ижтиһадтарына бағынды. Бұл ұзақ ғасырлар бойынша ешбір мұсылман ешқандай істе қиыншылыққа кездескен жоқ. Кейіннен мужтаһидтердің жетінші сатысында да ғалым шықпағандықтан енді төрт мазһабтың бірінің ғалымдарының кітаптарын оқып, түсіне алатын мұсылманнан немесе оның аударған кітаптарынан үйреніп, ғибадаттарымызды соған сәйкес орындап, сол бойынша өмір сүруіміз қажет.

Аллаһу та'ала барлық нәрсенің үкімін Құран кәрімде білдірді. Оның ұлы пайғамбары болған Мұхаммед алейһиссалам оларды сахабаларына түсіндіріп берді. Ал, әһли сүннет ғалымдары оларды сахабалардан үйреніп, кітаптарға түсірді. Қазір бұл кітаптар әлемнің барлық бұрышында бар. Әлемнің барлық жерінде қияметке дейін туындайтын әрбір жаңа нәрсенің қалай қолданылатындығы осы кітаптағы іліммен салыстырылу арқылы шешіледі. **Оның бұл ерекшелігі – Құран кәрімнің мұғжизасы және Ислам ғалымдарының кереметі.** Бірақ ең маңыздысы – қарсыласқан істің қалай орындалатынын әһли сүннет болған бір мұсылманнан сұрап білу керек. Мазһабсыз дін адамынан сұралса, фиқһ кітаптарына қайшы келетін жауап беріп, адамды теріс бағытқа сілтейді.

Арап елдерінде бірнеше жыл тұрып, арап тілін үйреніп, ол жерде өмірін ойын-күлкімен, күнә істермен өткізген, кейін бір мазһабсыз адамнан, әһли сүннет дұшпанынан мөр басылған құжат алып, Пәкістанға, Үндістанға оралған мазһабсыз, білімсіз адамдар жастарды алдауға тырысуда. Олардың жалған дипломдарын, арапша сайрағанын көрген жастар оларды дін ғалымы деп ойлауы мүмкін. Алайда, олар бір фиқһ кітабын түсінуден де ұзақ. Кітаптардағы фиқһ мәселелерінен мүлдем хабарсыз. Бұрын Ислам ғалымдары өздерінен сұралған сұрақтарға фиқһ кітаптарынан

іздеп тауып барып жауап беретін. Жолынан адасқан дін адамдары фиқһ кітабын оқып, түсіне алмағандықтан өз ойына келген нәрсені айтып, халықты адастырады. Олардың тозаққа баруына себеп болады. Сол үшін де пайғамбарымыз: **«Ғалымдардың жақсысы – адамдардың да ең жақсысы. Ғалымдардың жаманы – адамдардың да ең жаманы»** дейді. Бұл хадис шәриф әһли сүннет ғалымдарының адамдардың ең жақсысы екенін көрсетеді. Ал, мазһабсыздар – адамдардың ең жаманы. Өйткені біріншілер адамдарды Расулуллаһтың жолына бағынуға, яғни жаннатқа, ал екіншілер адамдарды өздерінің бұзық пікірлеріне бағынуға, яғни жаһаннамға тартуда.

Сахабалардан кейін адамдардың ең ұлысы – сахабаларды көрген және олардың сұхбатына қатысқан мұсылмандар болып табылады. Олар **“табиин”** деп аталады. Олар барлық білімді Асхаби кирамдан алған. Табииннен кейін адамзаттың ең абзалдары – табииндерді көрген және олардың сұхбатына қатысқан мұсылмандар. Олар **“табә-и табиин”** деп аталады. Бұлардан кейінгі ғасырларда қияметке дейінгі адамдардың ең жақсылары осыларға бағынатын, солардың білгендерін үйреніп, жолдарымен жүретін мұсылмандар болып табылады. Сәләфи салихиннен кейін келген дін адамдарының арасында сөздері мен істері Расулуллаһтың және Сәләфи салихиннің көрсеткеніне сай, иман мен амалда олардың жолынан ажырамаған ақылды, зейінді адам басқалардың жамандағанынан қорықпайды. Олардың жалаларынан, сындарынан шошып, тура жолдан таймайды. Ондай сауатсыздардың айтқандарына еріп кетпейді. Өз ақылына салып, мужтаһид имамдардың төрт мазһабынан айрылмайды. Мұсылмандар осындай ғалым адамды тауып, білмеген нәрселерін сұрап, біліп, істерін соның айтқанына сай орындауы керек. Өйткені, мұндай ғалым адам Аллаһу та’аланың құлдарын қателіктен қорғау және барлық нәрсені дұрыс жасауларын қамтамасыз ету үшін жаратқан рухани дауасын, яғни рухты емдеу ілімдерін біледі және оны адамдарға үйретеді. Ол рухында ауыру болғандарды, ақиқатты түсіне алмайтын жандарды емдейді. Мұндай ғалымның әрбір сөзі, ісі мен сенімі Исламға сай болады. Әрбір мәселені дұрыс түсінеді және сұрақтарға дұрыс жауаптар береді. Оның барлық ісіне Аллаһ разы болады. Аллаһу та’ала өзінің ризалығына қауышуды

талап еткендерге ризалығына апаратын жолдарды көрсетеді. Ол иман келтіргендерді және иманы талап еткен амалдарды орындайтындарды қараңғылықтан, қиыншылықтардан құтқарады. Оларды нұрға, жан рахатына, бақытқа қауыштырады. Олар әрқашан және әр істерінде рахат пен тыныштықта болады. Олар қиямет күнінде пайғамбарлардың, сыддықтардың, шәйіттердің және салих мұсылмандардың қатарынан орын алады.

Амалдағы мазһаб имамдары

Имам Ағзам Әбу Ханифа

Оның шын аты – Нұғман. Әкесінің аты Сабит, атасының аты да Нұғман. Әһли сүннеттің төрт ұлы имамының біріншісі. **“Имам”** – “**үлкен ғалым”** деген сөз. Мұхаммед алейһиссаламның жарқын дінінің үлкен тірегі. Иранның алдыңғы қатарлы адамдарының бірінің тегінен шыққан. Атасы Ислам дінін қабылдаған еді. Әкесі Сабит Куфа қаласында хазреті Әлимен кездескенде Әли (радиаллаһу анһ) оған және әулетіне хайырлы бір дұға еткен еді. Хиджраның 80-ші жылы Куфа қаласында дүниеге келді. Сахабалардан (алейһимурридуан) Әнәс бин Малик, Абдуллаһ бин Әби Әуфа, Сәһл бин Са’д Саиди және Әбуттуфайл Амир бин Уасилә дәуірінде өмір сүрген. Фиқһ ілімін Хаммад бин Әби Сүлейменнен үйренді. Табииннен бірнеше ұлы тұлғалармен және Имам Жафар Садықпен сұхбаттасқан. Көптеген хадис шәриф жаттаған. Мазһаб имамы болмағанда, үлкен хаким, яғни қазы болатын жағдайда жетілді. Өте ақылды, жұрттарды таң қалдырарлық зерек кісі болған. Фиқһ саласында әлемде теңі жоқ өте жоғары дәрежеге жетіп, атағы әлемге тарады.

Омаядтардың соңғы, он төртінші халифасы болған Маруан бин Мұхаммед дәуірінде Ирак әкімі Йазид бин Амр Имам Ағзамға Куфа қазылығын басқаруды ұсынады. Тақуалығы да біліміндей өте мол болғандықтан бұл ұсынысты қабылдамайды. Пендешілікпен құл ақысын бақылауда қателік жіберуден қорықты. Язидтің бұйрығымен басына жүз он дүре соғылады. Ертеңіне имамды шақырып, тағы да ұсыныс жасайды. «Кеңесейін» деп рұқсат алады. Меккеге барып, сол жерде 5-6 жыл тұрды.

767 жылы Аббаси халифасы Әбу Жафер Мансур бұйырған қазылық қызметті қабылдамағаны үшін зынданға тасталды. Күн сайын 10 дүре қосып, ұрып отырды. Дүре саны 100-ге жеткен күні шәйіт болды. Қайтыс боларында сәжде жасады. Жаназа намазына елу мыңдай адам қатысты. Жиырма күн бойы қаншама адамдар келіп, қабірінің жанында намаз оқыды. Селжүк патшасы Сұлтан Алпарсланның баласы, үшінші Селжүк сұлтаны Мәлік шахтың уәзірі Әбу Са'д Мұхаммед бин Мансур Харезми Әбу Ханифаның мазарына тамаша кесене салдырды. Кейіннен Осман патшалары бұл кесенені бірнеше рет жөндеуден өткізіп, безендірді.

Әбу Ханифа фиқһ ілімін алғаш рет бөлімдерге бөлген және әр бөлімге қатысты ілімдерді жинап, **"Фараиз"** мен **"Шурут"** атты кітаптар жазған. Хазіреттің фиқһ саласындағы жетік білімін және қиястағы таңқаларлық қабілетін, күшін харамдармен күмәнді нәрселерден сақтанатындығын, Исламның көркем мінезінде теңдессіз үстемдігін баяндаған сансыз кітаптар жазылды. Оның шәкірттері өте көп болған, олардың ішінен мужтаһидтер жетіліп шықты.

Ханафи мазһабы Осман мемлекетінің тұсында жан-жаққа тарады. Мемлекеттің ресми мазһабы болып саналды. Қазіргі кезде жер бетіндегі мұсылмандардың жартысынан көбі және әһли сүннеттің көпшілігі Ханафи мазһабы бойынша ғибадат жасайды.

Имам Харезмидің Әбу Хурайрадан риуаят еткен (жеткізген) хадис шәрифінде: **«Үмбетімде Әбу Ханифа деген бір адам шығады. Ол қиямет күні үмбетімнің шырағы болады»** делінген. Тағы бір хадисте: **«Нұғман бин Сабит есімді Әбу Ханифа деп аталатын бір адам келеді, Аллаһу та'аланың діні мен менің сүннетімді жандандырады»** және **«Әр ғасырда үмбетімнің ішінен ұлы адамдар шығады. Әбу Ханифа - өз заманының ең ұлы адамы»** делінген. Осы үш хадис шәриф **"Маудуат-ул-улум"**[13] және **"Дурр-ул мухтар"**[14] кітаптарында жазылған.

"Дуррул мухтар" кітабының алғы сөзінде былай делінеді:

13 **Камалиддин Мухаммед**, Ташкөпрүзаде Мухаммед бин Ахмед Усамиддин. х. 1032 (м.1623) жылы Стамбулда қайтыс болған.

14 **Алауддин Хаскәфи**, Мұхаммед бин Әли. х. 1088 (м.1677) жылы дүние салған. Дамаск (Шам) қаласының муфтисі еді.

“Хадис шәрифте: **«Адам пайғамбар менімен мақтанғаны секілді мен де үмбетімнен шығатын есімі Нұғман, лақабы Әбу Ханифа деген адаммен мақтанамын»** делінген. Бір хадисте: **«Пайғамбарлар мені мақтаныш тұтады. Ал, мен Әбу Ханифаны мақтаныш тұтамын. Оны жақсы көрген кісі мені жақсы көрген болып есептеледі. Оған дұшпандық жасаған адам маған дұшпандық жасаған болады»** делінген. Ибн Хаджәр Мәкки хазірет **“Хайрат-ул хисан”** кітабында мына хадисті келтіреді: **«Дүние жүзінің зейнеті жүз елуінші жылда жойылады».** Ұлы фиқһ ғалымы Шәмс-ул-әимма Абдулғаффар Кәрдәри: “Бұл хадис шәрифтің Имам Ағзам Әбу Ханифаны көрсетіп тұрғаны анық. Өйткені 150 жылы қайтыс болды” деді. **“Бұхари”** мен **“Мүслим”** хадис жинақтарында келген хадис шәрифте: **«Имандылық Шолпан жұлдызына кетсе, Фарис ұлдарының бірі оны алып келеді»** делінген. Шафии мазһабының ғалымы Имам Суйути: “Бұл хадис шәрифтің Имам Ағзам туралы айтылғанын ғалымдар бірауыздан хабар берді” деген. Нұғман Алуси **“Ғалийа”** кітабында бұл хадистің Әбу Ханифаны меңзейтінін, әкесінің парсы тегінен шыққанын жазады. Имам Ғазали (рахметуллаһи та’ала алейһ) **“Ихйа-ул улумид-дин”** кітабында Имам Ағзамды тақуалы, Аллаһ ғашығы, әулие адам деп мақтайды. Сахабалардың және дін ғалымдарының бір-бірінен ерекшеленетін сөздерін бір-бірін ұнатпағандықтан айтылған деп есептеуге болмайды. Мужтаһидтер (рахметуллаһи та’ала алейһим ажмаин) Аллаһ үшін, дінге көмектесу үшін ижтиһадтарында бір-бірімен ерекшеленеді.

Имам Ағзам жас кезінде кәлам ғылымымен айналысып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сосын Имам Хаммадқа 28 жыл қызмет етіп, жетілді. Хаммад қайтыс болғаннан кейін соның орнына мужтаһид және мүфти болды. Оның білімі, ізгілігі, ақыл-зейіні, тақуалығы, дінге бағыныштылығы, шыншылдығы барлық адамнан жоғары болды, өзінің замандастары және одан кейін келген мужтаһидтер, тіпті христиандардың өзі оны мадақтаған. Имам Шафии: «Фиқһ ілімінде барлық адам Әбу Ханифаның баласы болып саналады» деген. Сондай-ақ, ол: «Әбу Ханифаны қасиетті кісі деп санаймын. Онымен берекеттенемін. Күнде мазарына барып зиярат етемін. Қиын жағдайға душар болсам, оның қабіріне барып,

екі рәкат намаз оқимын. Аллаһу та'алаға жалбарынамын. Тілегім орындалады» деген. Имам Шафии – Имам Ағзамның шәкірті болған Имам Мұхаммедтің шәкірті еді. Ол: «Аллаһу та'ала маған ғылымды екі кісі арқылы берді: Хадисті Суфйан бин Уйайнадан, фиқһты Мұхаммед Шайбаниден үйрендім» деген. Сондай-ақ, «Дін білімі мен дүниелік істерде бір адамға қарыздармын, ол – Имам Мұхаммед» деген. Және де «Имам Мұхаммедтен үйренген нәрселеріммен бір жануарға жүк боларлық кітап жаздым. Ол болмағанда ешқандай білім ала алмас едім. Ғылымда барлық адам Ирак ғалымдарының шәкірті болып саналады. Ал, Ирак ғалымдары – Куфа ғалымдарының шәкірттері. Куфа ғалымдары болса Әбу Ханифаның шәкірттері болып табылады» деген.

Имам Ағзам төрт мың адамнан білім алған. Имам Ағзамның ұлылығын таныту мақсатында ғалымдар көптеген кітаптар жазған. Ханафи мазһабында бес жүз мың дін мәселесі өз шешімін тапқан.

Хафизи кәбир атақты Әбу Бәкір Ахмет Харизми **"Мүснәд"** деген кітабында былай дейді: «Сәйфул әимма айтты: Имам Ағзам Әбу Ханифа Құран кәрімнен және хадис шәрифтерден бір мәселені шығарған кезде оны алдымен ұстаздарына айтатын, барлығы мақұлдамайынша сұрақ иесіне жауабын айтпайтын». Куфа қаласының мешітінде дәріс берген кезде, әр сабағына мың шәкірті қатысатын. Олардың қырығы мужтаһид болатын. Бір мәселенің шешімін табуда оны осы шәкірттеріне айтатын. Барлығы бірігіп қарастыратын. Құран кәрімге, Хадис шәрифтерге және сахабалардың сөздеріне сай келетіндігінде ауызбірлігі болса, қуанып: «әлхамду лиллаһ уаллаһу әкбар» дейтін. Шәкірттері де осылай айтатын. Сосын оны жазуды бұйыратын.

Хадис шәрифте: **«Үмбетімнің ең қайырлылары – менің ғасырымда өмір сүргендер. Олардан кейінгі қайырлылар – олардан кейін келгендер. Олардан кейін қайырлы болғандар – солардан кейін келгендер»** делінген. Бұл хадис табиин дәуіріндегі мұсылмандардың табаи табиин ғасырындағылардан қайырлы, жоғары екенін көрсетеді. Имам Ағзам Әбу Ханифаның кейбір сахабаларды көргендігін және олардан хадистер естігендігін, сол себептен де оның «табиин» екендігін Ислам ғалымдары бірауыздан білдірген. Мысалы, **«Аллаһ ризалығы үшін мешіт**

салған адамға жәннаттан сарай беріледі» деген хадис шәрифті Имам Ағзам Әбу Ханифа Абдуллаһ бин Әуфа деген сахабадан естіген. Шафиии ғалымдарынан Жалалиддин Суйути **“Тәбйидус сахифә”** атты кітабында Шафиии ғалымы Имам Абдулкәрімнің Имам Ағзамның көрген сахабалары туралы кітап жазғанын айтады. **“Дуррул мухтар”** кітабында Имам Ағзамның жеті сахабаны көргені туралы жазылған. Төрт мазһаб имамдарының ішінде «табиин» болу абыройы, бақыты, құрметі тек Имам Ағзамға ғана бұйырған. Бір нәрсені қабылдаған адамдардың сөзін оны қабылдамаған адамдардың сөздерінен артық көру **“илми усул”** ғылымының ережесі болып табылады. Бұдан да белгілі болғандай, Имам Ағзам Әбу Ханифа табиин болғандықтан мазһаб имамдарының ең жоғарысы болып табылады. Мұсылмандардың халифасы болған Омар (радиаллаһу анһ) хұтба оқыған кезде: «Ей, мұсылмандар! Қазір менің сендерге айтып тұрғанымдай Расулуллаһ (алейһиссалам) да бізге хұтбасында: **«Адамдардың ең қайырлысы – менің сахабаларым. Олардан кейінгі қайырлылар – олардан кейін келгендер. Олардан кейін адамзаттың ең абзалдары – олардан кейін келетіндер. Ал, одан кейін келгендердің ішінде жалған сөйлейтіндер кездеседі»** деген». Қазіргі кезде мұсылмандар ұстанған төрт мазһаб – расулуллаһтың **“адамзаттың ең қайырлысы”** деп көрсеткен адамдарының мазһабтары (жолдары) болып табылады. Осы төрт мазһабтан басқа жолдарды ұстануға болмайтынын Ислам ғалымдары бірауыздан айтқан.

“Бахрур-раиқ” кітабының авторы Ибну Нужайм Мысри (рахметуллаһи та’ала алейһ) “**Әшбах”** кітабында былай дейді: «Имам Шафиии “фиқһ саласында маман болғысы келетін адам Әбу Ханифаның кітаптарын оқысын” деді». Абдуллаһ ибни Мубарак: «Фиқһ ғылымында Әбу Ханифадан асқан маман адам көрмедім. Ұлы ғалым Мисар да Әбу Ханифаның қасында тағзым етіп, білмегенін сұрап үйренетін. “Мың ғалымнан сабақ алдым. Бірақ, Әбу Ханифаны көрмегенде грек пәлсапасының сандырағына ерер едім”» деген. Әбу Юсуф: «Хадис ғылымында Әбу Ханифадай ғұлама адам көрген жоқпын. Хадиске тәпсір жасауда одан асқан адам жоқ» дейді. Ұлы ғалым және мужтаһид Суфйан Сәури: «Біз

Әбу Ханифаның жанында қыран құстың қасындағы торғайлар сияқты едік. Әбу Ханифа – ғалымдардың көшбасшысы» дейді. Әли бин Асым: «Әбу Ханифаның білімі замандастарының білімдерімен салыстырылса, Әбу Ханифаның ғылымы асып түседі» дейді. Йазид бин Харун: «Мың адамнан сабақ алдым. Олардың ішінен Әбу Ханифадай діндар, тақуа және ақылы одан артық болған адам көрген жоқпын» дейді.

Шам (Дамаск) ғалымдарынан Мұхаммед бин Юсуф шафии **“Уқуд-ул жуман фи мәнақибин Ну’ман”** атты кітабында хазірет Әбу Ханифаны мадақтап, оның ұлылығын ұзақ түсіндіріп, оны мужтаһидтердің басшысы деп сипаттайды. Әбу Ханифа: «Расулуллаһтың хадис шәрифтері – басымыздың тәжі, көзіміздің нұры. Сахабалардың сөзін іздеп, тауып, оларға бағынамыз. Табииндердің сөздері болса, біздің сөздеріміз сияқты» деген.

Имам Захаби және Ибн Хаджәр Мәкки: «Имам Ағзам Әбу Ханифа хадис саласының ғұламасы еді. Төрт мың ғалымнан хадис шәрифтер жинады. Олардың үш жүзі табиин дәуірінің хадис ғұламалары еді» дейді. Имам Шарани **“Мизан”** кітабының 1-ші томында: «Имам Ағзамның мүснәд (хадис жинақтары) кітаптарынан үш данасын зерттедім. Барлығы табииннің атақты ғалымдарынан алынған» дейді. **“Хадаиқ”** кітабында былай дейді: «Имам Ағзам Әбу Ханифа жаттаған хадистерін жазып қоятын. Жазған хадис кітаптарын сандыққа салып сақтайтын. Осындай бір неше сандықтарын өзімен бірге алып жүретін. Аз хадис риуаят етуі (жеткізуі) оның жаттаған хадистерінің санының аз екенін көрсетпейді». Ибн Хаджәр Мәкки Шафии мазһабының ғалымы бола тұра **“Қалаид”** кітабында былай дейді: «Ұлы хадис ғалымы Амеш Имам Ағзамнан бірнеше мәселелер туралы сұрады. Имам Ағзам әрбір сұраққа бөлек хадис шәрифтермен жауап берді. Амеш Имам Ағзамның хадис саласындағы асқан білімін көріп: «Ей, фиқһ ғалымдары! Сендер нағыз дәрігерсіңдер. Біз хадис ғалымдары болса дәрілерді сақтайтын дәріханашы секілдіміз. Хадистерді және олардың риуаят еткен жеткізушілерін біз хабарлаймыз. Бірақ біздің айтқандарымыздың мағыналарын сендер түсінесіңдер» деді.

Имам Ағзам (рахметуллаһи алейһ) күнде таңғы намазды мешітте оқып, түске дейін шәкірттерінің сұрақтарына жауап

беретін. Бесін намазынан кейін құптанға дейін шәкірттеріне ілім оқытатын. Құптаннан кейін үйіне келіп, біраз демалған соң мешітке баратын, таң намазына дейін ғибадат жасайтын. Бұл туралы сәләфи салихиннен болған Мисар бин Кедам Куфи және басқа да танымал адамдар хабар берген. Мисар х. 115 (м. 733) жылы қайтыс болды.

Ол сауда жасап күнелтетін. Басқа жерлерге тауар жіберіп, пайдасына шәкірттеріне қажет нәрселер алатын. Өз үйіне де көп жұмсағаны секілді сонша мөлшер ақшаны кедейлерге садақа да ететін. Әр жұма сайын ата-анасының рухы үшін кедейлерге 20 алтын тарататын. Ұстазы Хаммадтың (рахметуллаһи та'ала алейһ) үйіне қарай арада жеті көше болуына қарамастан аяғын созбайтын. Серіктестерінің бірінің көп мөлшердегі тауарды Исламға қайшы келетін жолмен сатқанын біліп, бұл заттан түскен тоқсан мың ақшаның бәрін кедейлерге таратқан. Куфа қаласының ауылдарына қарақшылар шабуыл жасап, қойларын алып кетеді. Тақуалығы соншалықты, бұл ұрланған қойлар сойылып, сатылуы мүмкін деген оймен сол күннен бастап, жеті жыл бойы қойдың етін алып жемейді. Өйткені, бір қой ең көп дегенде жеті жыл жасайтынын сұрап біледі. Харамнан осыншама деңгейде сақтанатын.

Имам Ағзам (рахметуллаһи алейһ) қырық жыл бойы құптан намазының дәретімен таң намазын оқыды (яғни құтпаннан кейін ұйықтамады). Елу бес рет қажылыққа барды. Соңғы қажылығында Қағбаның ішіне кіріп, екі рәкат намаз оқыды. Намазда бүкіл Құран кәрімді оқыды. Сосын жылап тұрып: «Ей Раббым! Саған лайықты ғибадат жасай алмадым. Бірақ, сені ақылмен түсінуге болмайтынын түсіндім. Қызметімдегі кемшіліктерімді осы түсінігім құрметіне кешіре гөр» деп дұға оқыды. Сол кезде бір дауыс естіледі: «Ей, Әбу Ханифа! Сен Мені жақсы таныдың және маған жақсы қызмет еттің. Сені және қияметке дейін сенің мазһабыңды ұстанатындарды кешірдім». Имам Ағзам күн сайын бір рет және түн сайын бір рет Құран кәрімді басынан аяғына дейін оқып шығатын.

Имам Ағзамның тақуа адам болғаны соншалық, 30 жыл бойы (харам болған бес күннен басқа) күн сайын ораза тұтты. Көбінесе бір рәкатта немесе екі рәкатта бүкіл Құранды оқитын. Кейде бір азап немесе рахмет аятын намазда немесе намаздан тыс жерде қайта-қайта оқып, тебіреніп жылайтын. (Ханафи мазһабында

Аллаһ үшін жылау намазды бұзбайды). Мұхаммед алейһиссалам үмбеті ішінде бір рәкат намазда бүкіл Құранды оқу тек Осман ибн Аффан, Тамим Дари, Са’д бин Жубайр және Имам Ағзам Әбу Ханифаға ғана нәсіп болған. Ешкімнен сыйлық алмайтын. Кедейлер сияқты киінетін. Кейде Аллаһу та’аланың нығметтерін көрсету үшін бағалы киімдер киетін. Елу бес рет қажылыққа барып, бірнеше жыл Меккеде тұрды. Қайтыс болған жерінде (зынданда) жеті мың рет Құранды бастан-аяқ оқып шыққан. «Өмірімде бір рет күлдім. Оған да өкінемін» деген. Аз сөйлеп, көп ойланатын. Кейбір дін мәселелері бойынша шәкірттерімен әңгіме дүкен құратын. Бір түні құптан намазын жамағатпен оқып шығып келе жатқанда бір аяғы есіктің сыртында, бір аяғы мешіттің ішінде тұрып бір мәселе бойынша шәкірті Зуфармен таң намазына дейін сөйлескен. Екінші аяғын мешіттің сыртына шығармай тұрып, қайта таң намазы үшін ішке кіргені кітаптарға түскен. «Имам Әли (радиаллаһу анһ) төрт мың дирхамға дейінгі напақа адал деген» деп, табысының төрт мың дирхамнан артығын кедейлерге тарататын.

Оның 730 шәкірті болды. Олардың барлығы ізгілік пен дұрыс әрекеттерімен танылған болатын. Көпшілігі қазы және мүфти болды. Өз ұлы Хаммад да (рахметуллаһи та’ала алейһ) – үздік шәкірттерінің арасында еді.

Ижтиһадпен шешілетін мәселелерде Имам Ағзам мен шәкірттерінің арасында айырмашылықтар болған. **«Үмметімнің ғалымдары арасындағы айырмашылық – Аллаһтың рақымдылығы»** деген хадис бұл айырмашылықтардың пайдалы екенін көрсетеді.

Имам Ағзам Әбу Ханифа Аллаһу та’аладан қатты қорқатын. Құран кәрімге мойынсұнуға ұқыптылықпен қарайтын. Өз шәкірттеріне: «Бір мәселеде менің сөзіме қайшы келетін бірер құжатқа қол жеткізсеңдер, менің сөзімді қойып, сол құжатқа сүйеніңдер!» деген. Бүкіл шәкірттерінің ант етіп, айту бойынша; «Ұстазымыздың сөзімен бірдей болмаған үкімдерімізді де тағы сол кісінің өзінен естіген, үйренген басқа құжаттарға сүйеніп шығардық».

Ханафи мазһабындағы мүфтилер Имам Ағзамның сөзімен фәтуа беруі тиіс. Оның сөзі табылмаса, Имам Әбу Юсуфқа бағыну керек. Одан кейін Имам Мұхаммедтің сөзімен амал етіледі. Имам Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммедтің сөзі бір тарапта, ал Имам

Ағзамның сөзі қарсы тарапта болатын болса, мүфти екі тарап бойынша да фәтуа бере алады. Қажет болған зәрурет кезде мүфти мужтаһидтердің ең оңай сөзіне сай да фәтуа бере алады. Бірақ ешқашан ешбір мужтаһидтің сөзіне сай келмейтін фәтуа беруге болмайды. Берілсе, ол фәтуа болып саналмайды. (фатуә - кез-келген бір нәрсенің Ислам үкімдеріне сай не сай емес екендігін көрсету деген сөз. Оны көрсететін әһли сүннет ғалымы **“мүфти”** деп аталады).

Имам Малик бин Әнәс

Имам Малик бин Әнәс бин Малик бин Әби Амир Әсбахи х. 90 жылы (м.708) Мәдинада дүниеге келді. Хиджраның 179 жылы (м.795) сол жерде қайтыс болды. «Жетпіс имам бата бермейінше пәтуа беруді бастамадым» деген имам Малик: «Ұстаздарымнан өте аз адам менен пәтуа алмаған» дейтін. Имам Йафии айтады: «Имамның бұл сөзі мақтану үшін емес, керісінше Аллаһу та’аланың нығметтерін көрсету ұшін айтылған».

Зарқани **“Муатта”** кітабына шарһ (түсіндірме) жазған кезде былай дейді: «Имам Малик - атақты мазһаб имамы. Ол ұлылардың ұлысы, кемелденген дана адам. Пайғамбарымыздың хадистерінің мұрагері. Аллаһтың құлдарына Оның дінін уағыздады. Тоғыз жүз ғалыммен сұхбаттасып, білімдерінен пайдаланды. Өзі жүз мың хадисті құжаттарымен жинап, жазды. Он жеті жасында сабақ бере бастады. Оның сабақтарына қатысқандардың саны ұстаздарының сабақтарына қатысқандардан да көп еді. Хадис және фиқһты үйрену үшін оның есігінің алдына өте көп адам жиналатын. Сол себеппен жиналғандарға қызмет етуі үшін есік қызметкері жалдауына да тура келді. Ілім іздеп келгендерден алдымен шәкірттеріне, кейін халықтан қалаушыларға ішке кіруге рұқсат берілетін еді. Имамның өзі дәретханаға үш күнде бір баратын еді. «Дәретханаға көп баруға, онда көп болуға ұяламын» дейтін. **«Муатта»** атты кітабын жазып бітірген кезде өзінің ықыласына күмән келтіріп, кітапты суға салады. “Егер су болса, бұл кітап маған керек емес” дейді. Кітаптың еш жері су болмаған еді».

Абдуррахман бин Әнәс былай дейді: «Хадис ілімінде қазір дүние жүзінде Маликтен асқан сенімді адам жоқ. Одан асқан

ақылды адам көрмедім. Суфйан Сәури хадис ілімінде имам, бірақ сүннетте имам емес. Әузаи сүннетте имам, хадисте имам емес. Ал, Имам Малик болса – хадисте де, сүннетте де имам». Яхия бин Саид: «Имам Малик Аллаһу та’аланың құлдарына жер бетіндегі құжат» деген. Имам Шафии айтады: «Хадис оқылған жерде Малик көктегі жұлдыз сияқты. Ғылымды үйренуде, түсінуде және қорғауда ешкім Маликке жете алмады. Аллаһтың ғылымында маған ешкім Малик сияқты сенімді емес. Аллаһу та’аламен менің арамдағы құжат – имам Малик. Малик пен Суфйан бин Уйайна болмағанда, Хижазда ғылым қалмас еді». Абдуллаһ әкесі Ахмет бин Ханбәлден: “Захридің шәкірттерінің ішінде ең үздігі кім?” деп сұрағанда: «Малик барлық ғылымда үздік» деп жауап берді. Ибни Уәһәб: «Малик пен Ләйс болмағанда бәріміз адасар едік» дейді. Әузаи имам Маликтің есімін есіткенде: «Ол ғалымдардың ғалымы. Мәдинаның ең үлкен ғұламасы және Харемейннің мүфтисі» дейтін. Суфйан бин Уйайна Имам Маликтің қайтыс болғанын естігенде: «Жер бетінде оған теңдес адам қалған жоқ. Ол әлемнің имамы еді. Заманасының құжаты, Хижаздың ғалымы болатын. Мұхаммед алейһиссалам үмбетінің күні еді. Оның жолын ұстанайық» деген. Ахмет бин Ханбәл Имам Маликтің Суфйан Сәуриден, Ләйстен, Хаммадтан және Әузаиден жоғары тұратынын айтатын еді.

Суфйан бин Уйайна былай дейді: “Пайғамбарымыздың **«Адамдар қатты қиналған кездерінде Мәдинадағы ғалымнан да артығын таппайды»** хадисінде Имам Малик туралы айтылған”. Имам Малик: «Әр түнде пайғамбарымызды түсімде көремін» дейді. Мус’аб мына оқиғаны келтірген: «Әкемнен естіген едім. Малик пен Мәсжиди Набауийада едік. Бейтаныс біреу қасымызға келіп “Қай біріңіз Әбу Абдуллаһ Малик боласыз?” деп сұрады. Көрсеттік. Әлгі кісі оған сәлем берді де құшақтап маңдайынан сүйді: “Түсімде расулуллаһты алейһиссалам көрдім. Маликті шақырыңдар деді. Сонда сіз келдіңіз. Дірілдеп тұрғаныңызды көріп, пайғамбарымыз “уайымдама ей Әбу Абдуллаһ! Отыр да көкірегіңді аш!” деп бұйырды. Ашқан кезде айналаға қош иістер тарады» деді. Имам Малик жылады кейін “бұл түсіңіздің мағынасы ғылым” деді.

Имам Шафии

Имам Шафиидің (рахметуллаһи алейһ) шын есімі – Мұхаммед бин Идрис бин Аббас бин Осман бин Шафии, сегізінші атасы – Хашим бин Мутталиб бин Абди Манаф. Расулуллаһтың аталарының бірі болған Хашим – осы Хашимнің көкесі. Бесінші атасы Саиб Бедір соғысында дұшпан тарапында болады. Кейіннен баласы Шафии екеуі иман келтіріп, сахаба болады. Сол себеппен имам Шафии атымен танымал болды. Анасы Хазреті Хасанның тегінен шыққан. Имам Шафии хижраның 150 жылы (м. 767) Газзада дүниеге келді. х. 204 жылы (м. 820) Мысырда қайтыс болды. Екі жасында Меккеге апарылып, кішкене кезінде Құран кәрімді, 10 жасында Имам Маликтің **“Муатта”** кітабын жаттады. Он бес жасында пәтуә бере бастады. Имам Маликтен білім және файз алды. Хиджраның 185 жылы Бағдатқа барды. Екі жылдан кейін Меккеге қажылыққа, 198 жылы Бағдатқа, 199 жылы Мысырға барып орналасты. Қайтыс болғаннан көп уақыт кейін денесін Бағдатқа апаруды қалағандар болды. Сөйтіп, қабірі қазылған кезде хош иіс тарады. Сол жердегілер мас болып, қазудан бас тартады. Ғылым, ғибадат, тақуалық, зеректік, жаттау және тектілік жағынан замандас имамдардан өте жоғары дәрежеде болды. Өзінен бұрынғылардың да көбінен жоғары еді. Мазһабы жан-жаққа таралды. Харемейн (Мекке-Мәдина) және Палестина толығымен Шафии мазһабына кірді. **«Құрайш ғалымы жер бетін іліммен толтырады»** деген хадис шәриф имам Шафииде көрініс тапты. Абдуллаһ әкесі Ахмет бин Ханбәлдің Имам Шафии үшін көп дұға оқығанын көріп, оның себебін сұрайды. Сонда имам Ахмет бин Ханбәл: «Балам, Имам Шафиидің адамдар арасындағы орны көктегі күндей. Ол - рухтардың шипасы» деген. Ол кезде **“Муатта”** кітабында 9500 хадис болған. Кейін қысқартылып, 1700 хадистен тұратын халге келтірілді. Оған **“Насыр-ус-сүнна”** (діннің жәрдемшісі) деген ат берілді. Төрт жылдай қысқа уақыт ішінде бір мазһаб қалыптастыруы таң қаларлық жағдай еді. Имамның өмірбаяны мен үстемдіктеріне арнап қырықтан астам кітап жазылған.

Имам Ахмед бин Ханбәл

Имам Ахмет бин Ханбәл Шайбани Мәрузи (рахметуллаһи алейһ) хижраның 164 (м.780) жылы Бағдатта дүниеге келді. Хиджраның 241 (м.855) жылы сол жерде қайтыс болды. Хадис және фиқһ ғылымында имам болды. Сүннеттің ақиқатымен нәзік мәселелерінде нағыз маман еді. Тақуалықпен танылған адам болған. Хадис шәриф жинау үшін Куфа, Басра, Мекке, Мәдина, Йемен, Шам және Алжирге барды. Имам Шафииден фиқһ ілімін үйренді. Ол бұдан хадис алды. Ибрахим Харби: «Ахмед ибни Ханбәлді көрдім. Аллаһу та’ала барлық ғылымды соның бойына дарытқан еді» дейді. Құтайба бин Саид: «Имам Ахмет бин Ханбәл Сәури, Әузаи, Малик және Ләйс бин Са’д дәуірінде өмір сүргенде, олардан жоғары болар еді. Ол бір миллион хадис жаттаған» дейді.

Имам Шафии оған Мысырдан хат жібереді. Оны оқып жылайды. Себебін сұрағандарға: «Түсінде Расулуллаһты көріпті. Пайғамбарымыз: “Әбу Абдуллаһ Ахмет бин Ханбәлге хат арқылы менен сәлем айт. Құран кәрімнің жаратылған нәрсе екендігі туралы одан жұрттар сұрайды. Жауап бермесін” деп бұйырыпты» дейді. Оның жаназасына 800 мың еркек және 60 мың әйел қатысты. Ол қайтыс болған күні 20 мың яһуди, христиан және мәжуси мұсылмандықты қабылдады.

Әһли сүннеттің осы төрт имамы хадис арқылы мадақталған, екінші ғасырдың ең ұлы адамдары болып табылады. Төртеуі де **«Ихсанда оларға (**сахабаларға**) таби (**бағынған**) болғандардан Аллаһу та’ала разы»** деген аяттағы бақыттылар қатарына жатады. Кез келген мұсылман осы имамдардың бірінің мазһабына, жолына бағынбай хадисте **«өтіріктер таралады»** деген ең жаман дәуірлердегі сауатсыз және төменгі адамдар арасынан бірінің айтқанына ерсе, бұл оның ақылсыздығын көрсетеді. Аллаһу та’ала **«Улул-әмрге бағыныңдар!»** деп бұйырды. Улул-әмр – “ғалымдар не болмаса ғалымдардың үкімін орындайтын үкіметтер” деп тәпсірленген. Екі тәпсір бойынша да, мазһаб имамдарына мойынсұну уәжіп болып тұр. Мутлақ мужтаһид[15] болмаған

15 Бір мазһаб құра алатын деңгейдегі ұлы ғалым. Сахабалардың барлығы және белгілі төрт мазһаб имамдары **мутлақ мужтаһид** еді.

ғұламалардың да белгілі бір мазһабты ұстанулары шарт болған муқаллидке[16] жататынын усул ғалымдары бірауыздан білдірген. Мужтаһидтердің бір ауыздан айтқандарынан айрылудың, бұған бағынбаудың харам екендігін Ниса сүресінің 114-ші аятынан көруге болады.

Ғибадаттың түрлері

Ғибадат үш бөлімге бөлінеді.

1. Тек денемен жасалатын ғибадаттар. Намаз оқу, ораза тұту, Құран кәрім оқу, зікір ету – осыған жатады. Ешкім басқа біреудің орнына дене ғибадатын жасай алмайды. Әркім өзі жасауы керек.

2. Тек мал-мүлікпен жасалатын ғибадаттар. Мысалы: ушр, яғни жер өнімдерінің зекеті, мал зекеті, алтын және күміс зекеті, сауда тауарының зекеті сияқты зекеттер беру, каффарат, пітір садақасы, кедейлерді тойдыру және оларға киім әперу. Біреудің мал-мүлікпен жасалатын ғибадатын оның рұқсатымен және мал-мүлкімен басқа кісі де жасай алады.

3. Дене және мал-мүлікпен жасалатын ғибадаттар. Қажылыққа бару осыған жатады. Өмір сүріп жатқан адамның тұрақты бір себебі бар болса, оның бұйрығы және дүниесімен оның орнына басқа адам қажылыққа баруына болады. Өзіне қажылық парыз болмаған адам нәпіл қажылық үшін себепсіз басқа адам жібере алады.

Парыз болсын, нәпіл болсын, кез-келген ғибадатты жасағаннан кейін мысалы: намаз, ораза, садақа, Құран кәрім оқу, зікір, тәуап, қажылық, умра, әулиенің қабіріне зиярат жасау, мәйітке кебін беру сияқты ғибадаттардың сауабын тірі немесе қайтыс болған басқа адамға сыйлауға (бағыштауға) болады. Шафии және Малики мазһабтарында денемен жасалатын ғибадаттар бағышталмайды. Имам Субқи және одан кейін келген шафии ғалымдары (рахметуллаһи та'ала алейһим ажмаин) оларды да бағыштауға болады деді. Бірақ ақыға ғибадат жасатуға немесе ғибадаттың сауабын басқа біреуге сату жаиз емес. Ғибадатты орындамас бұрын сау-

16 Мутлақ мужтаһид болмаған және белгілі бір мазһабты ұстануы уәжіп болған адамдар.

даласса, ғибадатқа ақы талап етілген болады. Орындалғаннан кейін саудаласса, ғибадатты сатқан болады. Бұл екеуі де дұрыс емес.

Әфали мукәлләфин

Иманы бар, ақылды, балиғатқа жеткен ер және әйел адам **“мукәлләф”** (жауапты) деп аталады.

Ислам діні көрсеткен бұйрықтар мен тыйымдар **“Ахками исламийа”**, яғни **“Ислам үкімдері”** деп аталады. Ислам үкімдерін үйрететін ғылым фиқһ деп аталады. Олар бұйырылғандар, тыйым салынғандар және мубахтар болып үшке бөлінетіні сияқты **парыз**, **уәжіп**, **сүннет**, **мустаһаб**, **мубах**, **харам**, **мәкрух**, **муфсид** деп сегізге де бөлінеді. Олар **“әфали мукәлләфин”** (мукәлләфтың міндеттері) деп аталады.

1. Фарз. Құран кәрімде орындалуы ашық бұйырылған нәрселер парыз деп аталады. Парыз – күмәнсіз дәлелмен белгілі болған, яғни аяттан анық түсінілетін болуы керек. Оған сенбеген, мән бермеген адам кәпір болады. Иман келтіру, дәрет алу, намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, қажылыққа бару, ғұсыл алу, өзіне керекті білім алу – осыған кіретін әрекеттер.

Парыздың үш түрі бар: Фарзи даим, фарзи муаққат және фарзи аләл кифайа. Фарзи даим – **“Әмәнту биллаһи**ді**”** соңына дейін жаттап, мағынасын түсініп, әрдайым сеніп жүру. Иман туралы ғылым **“кәлам ғылымы”** деп аталады. Фарзи муаққат – уақыты келгенде орындайтын парыз амалдарымыз. Мысалға: бес уақыт намаз оқу, рамазан айында ораза тұту, тіршілігіне қажет болған дін және жаратылыстану ілімдерін үйрену сияқты. Фарзи аләл кифайа - елу немесе жүз адамнан бірі істесе, басқаларының істеуі қажет болмайтын амалдар. Мысалы: сәлемге жауап беру, жаназа намазын оқу, өлікті жуу, қары болу, сарф, наху ілімдерін оқу, вужух ілімін үйрену, тіршілігіне керекті болғаннан артық дін және жаратылыстану білімдерін алу.

2. Уәжіп: Орындалуы парыз сияқты нақты әмірлер. Мұндай әмірлердің Құрандағы дәлелдері парыздардағыдай ашық емес. Занни дәлелдерге, яғни астарлы түрде бұйырылған дәлелдерге сүйенеді. Үтір намазы мен Айт намазын оқу, үтір намазында құнұт дұғасын оқу, жағдайы жеткенде құрбан шалу, пітір садақа беру,

сәжде аяты оқылғанда **тіләуат сәждесін** жасау уәжіп әмірлерге жатады. Уәжіптің үкімі парыз сияқты. Уәжіпті тәрк ету тахриман мәкрух. Уәжіп екендігіне сенбеген адам кәпір болмайды. Бірақ жаһаннам отына лайық болады.

3. Сүннет: Пайғамбарымыз жасалуын мақтаған немесе өзі тұрақты түрде жасаған, не болмаса жасалғанын көріп, кедергі болмаған нәрселері сүннет деп аталады.

Сүннеттің екі түрі бар, сүннет муәккәдә және сүннет ғайри муәккәдә.

Сүннет-и муәккәдә: Пайғамбарымыздың үнемі үзбей орындаған, өте аз тәрк еткен сүннеттері. Таң намазының сүннеті, бесін намазының алғашқы және соңғы сүннеттері, шам намазының сүннеті, құптан намазының соңғы екі рәкат сүннеті осыған жатады. Таң намазының сүннетін уәжіп дегендер де бар. Мұндай сүннеттер ешқашан үзірсіз тәрк етілмейді. Ұнатпаған адам кәпір болады.

Сүннет-и ғайри муәккәдә: Пайғамбарымыздың, ғибадат мақсатымен кейде орындаған амалдары. Екінді мен құптан намаздарының алдындағы төрт рәкаттық сүннеттер бұған мысал болады. Бұлар көп рет тәрк етілсе де ештеңе етпейді. Ал егер ешқандай себепсіз мүлдем орындалмай қойса, кінәләнуға және шапағаттан қол үзіп қалуға себеп болады.

Дәрет алуды, жеуді, ішуді, барлық пайдалы істі «бисмилләмен» бастау – сүннет. Дәрет алғанда мисуак қолдану да сүннет.

4. Мустаһаб: Расулуллаһтың (алейһиссалам) өмірінде бір-екі рет болса да істеген амалдарына айтылады. Мұндай амалдарды істегендерге көп сауаптар беріледі, ал істемегендер азапқа тартылмайды. Тіпті шапағаттан махрұм да қалмайды. Мысалы: нәпіл намазын оқу, нәпіл ораза тұту, нәпіл қажылыққа бару және нәпіл садақа беру сияқты.

5. Мубах: Жасалуы әмір де етілмеген, тыйым да салынбаған істер **"мубах"** деп аталады. Бұл істер жақсы ниетпен істелуінде сауапқа, жаман ниетпен істелуінде азапқа себеп болады. Істемеген адам азапқа тартылмайды. Жүру, отыру, ұйықтау, халал тамақ жеу, халал жолмен табылған әр түрлі киім кию сияқты істер мубахқа жатады. Бұлар Ислам дінінің бір әмірін орындауға септігін тигізу ниетімен орындалса, сауап беріледі. Мысалға: дені сау болып ғибадат етуге қуат болу мақсатымен ішіп-жеу мубах.

6. Харам: – Аллаһу та’аланың Құран кәрімде ашықша жасауға тыйым салған нәрселері. Харамға мән бермеген адам **кәпір** болады. Харамдығына сеніп тұрып істеген адам **“фасық”** (пасық, күнәһар) болады.

Харамның екі түрі бар:

Харам ли айнихи - өзі, негізі харам және барлық кезде харам болып табылатын нәрселер. Мысалы: адам өлтіру, зина жасау, құмар ойнау, арақ және әртүрлі алкагольді ішімдіктерді ішу, өтірік айту, ұрлық жасау, шошқа етін жеу, қан, арам өлген және шариғатқа сай сойылмаған мал етін жеу, әйелдермен қыздардың әурет жері ашық көшеге шығуы үлкен харам істер болып саналады. Бір адам бұл істердің бірін істерде “бисмилләһ” десе, халал деп сенсе немесе Аллаһу та’аланың харам еткеніне мән бермесе, кәпір болады. Керісінше харамдығына сеніп, бірақ нәпсіне еріп, Аллаһтан қорқып істесе кәпір болмайды. Алайда тозақ отына лайықты болады. Ал егер сол істі әрі қарай жалғастырып, істеп жүріп өлсе, имансыз кетуіне себеп болады.

Харам ли ғайрихи - өзі, негізі халал болса да, харам жолмен келген нәрселер. Біреудің затын иесінің рұқсатынсыз қолдану, үйдегі керекті затын, ақшасын ұрлап, жұмсау, Исламға қайшы келетін жолмен зат сатып алу сияқты әрекеттер осыған жатады. Бұл жерде заттың өзі харам емес, жасалған іс харам болып саналады. Оларды жасаған адам жасаған кезде «бисмилլә» десе, не болмаса адал десе кәпір болмайды. Біреуде бес жарым арпаның салмағындай ақысы қалған болса, қиямет күні сол кісіден жамағатпен оқылған және қабыл болған 700 рәкат намазының сауабын Аллаһу та’ала ақының иесіне алып береді. Сол үшін құл ақысынан сақтану керек. Харамның екі түрінен де сақтану – ғибадат жасаудан да артық сауап іс.

7. Мәкрух: Жасалған амалдың сауабын жоятын нәрселер **“мәкрух”** деп аталады. Мәкрухтің де екі түрі бар: тахриман мәкрух, танзиһән мәкрух.

Тахриман мәкрух – уәжіптің тәрк етілуінен туындайтын, харамға жақын мәкрух болып табылады. Тахриман мәкрухті істеген адам әдейі істеген болса, күнәһар болады. Тозақ азабына лайық болады. Намазда істелсе, сол намазды қайтадан оқу уәжіп болады. Егер жаңылып істесе, сәху сәждесін жасайды.

Танзиһән мәкрух – сүннетті тәрк етуден туындайды. Халалға жақын мәкрух болып табылады. Істеген адам азапқа тартылмайды. Көп істесе сауаптан құр қалуы мүмкін.

8. Муфсид: Амалдарды, ғибадаттарды бұзатын жағдайлар. Иманды және намазды, некені және қажылықты, зекетті және сауданы бұзатын нәрселер, жағдайлар муфсид болып саналады.

Харамнан сақтану **“тақуа”** деп аталады. Халал немесе харам екендігі күмәнді нәрселерден сақтану **“уәра”** деп аталады. Күмәнді бір нәрсе істеп қоймау үшін бір халал істі тәрк ету **“зуһд”** деп аталады.

Парыздарды, уәжіптерді және сүннеттерді жасаған және харамнан, мәкрухтен сақтанатын мұсылманға ахиретте **“сауап”** беріледі. Харамдарды, мәкрухтерді істеген адамға және парыздарды, уәжіптерді орындамаған адамға **“күнә”** жазылады. Харамнан сақтанудың сауабы – парызды орындаудың сауабынан бірнеше есе көп. Бір парыздың сауабы бір мәкрухтен сақтанудың сауабынан, ал бұл бір сүннеттің сауабынан көп. Мубахтардың ішінде Аллаһу та’аланың ұнатқандары **“хайрат”** (қайырымдылық) және **“хасанат”** (ізгілік) деп аталады. Оларды жасаған адамға да сауап жазылғанмен ол сауап сүннет сауабынан аз болады. Сауап берілетінін біліп жасау **“Құрбат”** деп аталады.

Аллаһу та’ала құлдарына мейірімділік танытып, тыныштық пен бақыттың қайнар көзі болған діндерді жіберді. Діндердің соңғысы – Мұхаммед пайғамбардың (алейһиссалам) діні. Яғни, Ислам діні. Басқа діндер адамдар тарапынан өзгертілді. Мұсылман болсын, кәпір болсын, кез келген адам біліп немесе білмей осы дінге сай өмір сүрсе, дүниеде ешқандай қиыншылыққа душар болмайды. Қазіргі кезде Еуропа мен Америкадағы халықтардың өмір сүру деңгейінің жоғары болуы, сенбесе де Ислам дініне сай әрекет жасағандықтарынан. Бірақ кәпірлерге ахиретте ешқандай сауап, сыйлық берілмейді. Осылай еңбек етіп жатқандар егер мұсылман болса, ахиретте де мәңгілік бақытқа қауышады.

Мұсылман адамның алдымен әһли сүннет сеніміне сай иман келтіруі, одан соң харам істерден сақтануы, одан кейін парыздарды орындауы, одан кейін мәкрухтерден сақтануы, содан соң мустаһабтарды орындауы қажет. Бұл тізімдегілер осы ретпен

жасалмаса, яғни алдында тұрғанды істемей кейінде тұрғанды істесе, оның ешқандай пайдасы болмайды. Мысалы: иманы жоқ адамның харамнан сақтануының, харам іс жасап жүрген адамның парызды орындауының пайдасы жоқ.

Мәшһүр парыздар

Отыз үш парыз

Тәйәммумнің парызын үшеу деген ғалымдар да бар. Сонда барлығы отыз үш парыз болады.

Иманның шарттары (6)

1. Аллаһу та'аланың бар және бір екендігіне сену.
2. Аллаһу та'аланың періштелеріне сену.
3. Аллаһу та'аланың түсірген кітаптарына сену.
4. Аллаһу та'аланың пайғамбарларына сену.
5. Ахирет күніне сену.
6. Тағдырға, яғни жақсылық пен жамандықтың Аллаһу та'аладан екендігіне сену.

Исламның шарттары (5)

7. Кәлимаи шаһадат айту.
8. Күніне бес уақыт намаз оқу.
9. Мал-мүліктің зекетін беру.
10. Рамазан айында ораза тұту.
11. Жағдайы бар адамның өмірінде бір рет қажылыққа баруы.

Намаздың парыздары (12)

А) Сыртқы парыздары - 7. Олар "шарттары" деп те аталады.

12. Хадестен тазару.
13. Нәжістен тазару.
14. Сәтри аурат (әурет жерді жабу).
15. Истиқбали Қыбла (Құбылаға қарау).
16. Уақыт.
17. Ниет.
18. Ифтитах (тахрима) тәкбірі.

Ә) Ішкі парыздар бесеу, олар “рүкін” деп аталады.

19. Қиям.
20. Қыраат.
21. Рүку.
22. Сәжде.
23. Қадаи ахира (соңғы отыру).

Дәреттің парыздары (4)

24. Дәрет алғанда бетті жуу.
25. Қолдарын шынтақтарымен қоса жуу.
26. Бастың төрттен біріне мәсіһ тарту.
27. Аяқты тобықтарымен қоса жуу.

Ғұсылдың парыздары (3)

28. Ауызды шаю (мазмаза).
29. Мұрынды шаю (истиншақ).
30. Бүкіл денені жуу.

Тәйәммумнің парыздары (3)

31. Жүніптіктен немесе дәретсіздіктен тазаруға ниет ету.
32. Екі қолын таза топыраққа ұрып, бетіне мәсіһ жасау.
33. Екі қолын таза топыраққа ұрып, сол қолымен оң қолын, оң қолымен сол қолын шынтақтан алақанға дейін сипау.

Елу төрт парыз

1. Аллаһу та’аланы бір деп танып, Оны әрқашан есте ұстау.
2. Адал нәрсе ішіп-жеу.
3. Дәрет алу.
4. Күніне уақыты кіргенде бес уақыт намаз оқу.
5. Намаз үшін әйелдердің хайздан және бүкіл мұсылмандардың жүніптіктен ғұсыл алуы.
6. Ризықтың Аллаһу та’аладан екеніне және ризыққа Аллаһтың кепіл екеніне сену.
7. Адал, таза киім кию.
8. Аллаһу та’алаға тәуекел етіп, еңбектену.

9. Қанағат ету.

10. Берген нығметтері үшін Аллаһу та’алаға шүкіршілік ету. Яғни нығметтерді бұйырылған орындарында қолдану.

11. Аллаһу та’аланың жазған тағдырына разы болу.

12. Қиыншылыққа сабырлылық таныту.

13. Күнәларға тәубе ету.

14. Ғибадаттарды ықыласпен жасау.

15. Адам және жын тайпасының шайтандарын дұшпан деп білу.

16. Құран кәрімнің үкіміне разы болу.

17. Өлімді хақ деп білу және өлімге дайындалу.

18. Аллаһтың достарына дос, дұшпандарына дұшпан болу. (бұған “хубби филлаһ және буғды филлаһ” делінеді).

19. Ата-анаға жақсылық жасау.

20. Сауапты (маруф) істі ұсынып, жамандықтан (мункәрден) тыю.

21. Махрем болған туыстарымен араласу.

22. Аманатқа қиянат жасамау.

23. Әрдайым Аллаһу та’аладан қорқып, харам істерден сақтану.

24. Аллаһу та’алаға және пайғамбарына мойынсұну.

25. Күнәдан алыс тұрып, ғибадат етумен айналысу.

26. Улул-әмірге, әміршілерге, заңдарға бағыну.

27. Әлемге ғибрат көзімен қарау.

28. Аллаһтың бар екендігі туралы тафаккур ету (ойлану).

29. Тілін харам, балағатты сөздерден сақтау.

30. Жүректі дүниелік нәрселерден тазалау.

31. Ешкімді масқара етпеу.

32. Харам нәрсеге қарамау.

33. Барлық жағдайда сөзінде тұру.

34. Құлағын харам сөз және сазды нәрселер тыңдаудан сақтау.

35. Парыздарды және харамдарды оқып үйрену.

36. Таразы, өлшеу құралдарын дұрыс қолдану.

37. Аллаһу та’аланың азабынан әрдайым қорқу.

38. Мұсылман кедейлерге зекет беру және оларға көмектесу.

39. Аллаһу та’аланың рақымдылығынан үміт үзбеу.

40. Нәпсінің қалауына ермеу.

41. Аш адамды Аллаһ разылығы үшін тойдыру.

42. Жеткілікті мөлшерде ризық (яғни азық, киім және үй) табу үшін еңбектену.

43. Мал-мүліктің зекетін, егіннің ушрын беру.

44. Хайз және босанған әйеліне жақындаспау.

45. Жүрегін күнәлардан тазалау.

46. Тәкаппар болудан сақтану.

47. Балиғатқа жетпеген жетімнің малын қорғау.

48. Ұл балаларға жақындаспау (лиуата-гомосексуализм - үлкен харам).

49. Бес уақыт намазды уақытылы оқып, қазаға қалдырмау.

50. Зұлымдықпен ешкімнің мал-мүлкін алмау.

Ажырасқан әйеліне "мәхр ақшасын" төлеу құлдың ақысына жатады. Төлемесе, дүние мен ахиретте үлкен азапқа тартылады. Құл ақысының ең маңыздысы – туыстарына және қол астындағыларға Аллаһу та'аланың бұйрықтарын үйретпеу. Оларға дін ілімін үйретуді тәрк ету. Олардың және бүкіл мұсылмандардың діндерін үйренуіне және ғибадат жасауына зұлымдықпен немесе алдап кедергі болған адамның кәпір, ислам дұшпаны екендігі белгілі болады. Бидғат өкілдерінің, мазһабсыздардың әһли сүннет сенімін өзгертуі, дінді, иманды бұзуы да осындай сипатқа ие.

51. Аллаһу та'алаға серік қоспау.

52. Зинақорлық жасаудан сақтану.

53. Шарап және алкогольді ішімдік ішпеу. Спиртті ішімдіктер ауыр нәжіске жатады.

54. Бостан-босқа, өтірік нәрсеге ант ішпеу.

Мәшһүр харамдар

1. Себепсіз адам өлтіру.
2. Зинақорлық жасау.
3. Лиуата (гомосексуализм) жасау - барлық дінде харам.
4. Шарап және әр түрлі алкогольді ішімдік ішу.
5. Ұрлық жасау.
6. Есірткі қолдану.
7. Біреудің мал-мүлкін тартып алу.
8. Жалған куә болу.

9. Рамазанда себепсіз мұсылмандардың алдында тамақ жеу.
10. Өсімге ақша алу, беру.
11. Көп ант ішу.
12. Ата-анаға қарсы келу.
13. Махрем болған жақын туыстарымен араласпау.
14. Соғыста дұшпаннан қашу.
15. Жетім малын орынсыз жеу.
16. Таразыдан жеу.
17. Намазды уақытынан бұрын немесе кейін оқу.
18. Мумин бауырының көңілін қалдыру, ренжіту.
19. Пайғамбардың айтпаған сөзін айтты деу.
20. Пара алу.
21. Дұрыс куәгерліктен қашу.
22. Мал-мүлкінің зекеті мен ушрын бермеу.
23. Күші жете тұра күнә жасап жатқан адамға тосқауыл болмау.
24. Тірі жануарды отқа жағу.
25. Құран кәрімді үйренген соң оқуды ұмыту.
26. Аллаһу та’аланың рахметінен үміт үзу.
27. Мұсылман болсын, кәпір болсын адамдарға қиянат жасау.
28. Доңыз етін жеу.
29. Расулуллаһтың сахабаларының бірін жек көру және ол туралы жаман сөз айту.
30. Тойып тұрса да ішіп-жеу.
31. Әйелдердің ерінің төсегінен қашуы.
32. Әйелдердің күйеуінің рұқсатынсыз қыдыруы.
33. Ары таза әйелді “зинақор” деу.
34. Нәмимә, яғни мұсылмандар арасында сөз тасу.
35. Әурет жерін басқа адамға көрсету. (әйелдің шашы, қолы, аяғы, еркектің кіндік пен тізе арасы әурет). Басқа адамның әурет жеріне қарау – харам.
36. Өлексені жеу және басқа біреуге жегізу. Дінімізге сай сойылмаған, өлтірілмеген жануарлар өлексе болады.
37. Аманатқа қиянат жасау.
38. Мұсылманды ғайбаттау.
39. Қызғану, көре алмау.
40. Аллаһу та’алаға серік қосу.

41. Жалған сөйлеу.
42. Тәкаппарлық.
43. Өлгелі жатқан кісінің мирасқордан мал-мүлкін қызғануы.
44. Сараң болу.
45. Дүниеге махабатпен байлану.
46. Аллаһу та’аланың азабынан қорықпау.
47. Харам нәрсеге харам деп сенбеу.
48. Халал нәрсеге халал деп сенбеу.
49. Палшылардың палына сену.
50. Діннен шығу, мүртәд болу.
51. Біреудің әйеліне, қызына себепсіз қарау.
52. Әйелдердің ер адамның киімін киюі.
53. Ерлердің әйел киімін киюі.
54. Қағбада күнә іс істеу.
55. Уақыты кірместен азан шақыру, намаз оқу.
56. Ел басшыларының бұйрықтарына, заңдарына қарсы шығу.
57. Әйелінің әурет жерлерін анасының әурет жерлеріне ұқсату.
58. Әйелінің анасын балағаттау.
59. Қарумен бір-бірін көздеу.
60. Иттен қалған нәрсені жеу, ішу.
61. Жасаған жақсылығын міндетсіну.
62. Еркектердің жібектен киім киюі.
63. Надандыққа аяқ тіреп тұру (әһли сүннет сенімін, парыз, харам нәрселерді үйренбеу).
64. Аллаһу та’аладан және Ислам көрсеткен есімдерінен басқа нәрселермен ант ішу.
65. Ғылымнан қашу.
66. Надандықтың зиян екенін түсінбеу.
67. Кіші күнәларды істеуді жалғастыру.
68. Себепсіз қарқылдап күлу.
69. Бір намаз уақытындай жүніп болып жүру.
70. Хайзда және босанған әйеліне жақындау.
71. Ән салу, әдепсіз әндер айтып, музыкалық аспаптар қолдану.
72. Өзін өлтіру. Өз өміріне қол жұмсау басқа адамды өлтіруден де ауыр күнә.

Ислам дініндегі қасиетті түндер

Қасиетті, мүбәрәк түндер Ислам дінінде құрметтелетін түндер болып табылады. Аллаһу та'ала құлдарына рақымдылық танытты, кейбір түндерді қадірлі деп сипаттап, сол түндерде оқылған дұғалар мен тәубелердің қабыл болатынын білдірді. Құлдарының көп ғибадат жасап, дұға және тәубе етулері үшін осы түндерді себеп қылды. Қасиетті түндер одан кейін келетін күннің есімімен аталады. Ондай түннің уақытысы алдындағы күннің бесін намазы уақытысынан сол түннің таңына дейін жалғасады. Тек арапа және үш құрбан айт күндерінің түндері бұған жатпайды. Бұл төрт түн осы күндерден кейінгі түндер болып табылады. Бұл түндерді бос өткізіп алмау тиіс. Яғни қаза намаздарды оқу, Құран оқу, дұға және тәубе ету, садақа беру, мұсылмандарды қуанту, осылардың сауаптарын өткен мұсылмандарға да бағыштау керек. Бұл түндерді қадірлеу күнә іс істемеумен жүзеге асады.

Мұсылмандардың қасиетті он түні

1. **Қадір түні.** Ол Рамазан айында болады. Имам Шафии 17-ші, Имам Ағзам Әбу Ханифа көбінесе 27-ші түніне сәйкес келеді деп көрсетті. **"Рамазанның жиырмасымен отызы арасында іздеңдер"** делінді. Ол - Құран кәрімде мадақталған ең қасиетті түн. Құран кәрім пайғамбарымызға осы түні түсе бастады.
2. **Арафа түні.** Арапа күні мен құрбан айт мерекесінің бірінші күні арасындағы түн. Зүлхиджа айының тоғызы мен оны арасындағы түн. Арапа күнінде "Ихлас" сүресін мың рет оқу - үлкен сауап.
3. **Пітір мерекесі түні. (Ораза айт түні).** Рамазан айының соңғы күні мен айттың бірінші күні арасындағы түн.
4. **Құрбан айт мерекесі түндері** - Құрбан айттың бірінші, екінші және үшінші күндерінен кейінгі түндер. Бұл үш күн **"әййами нахр"** деп аталады.
5. **Мәуліт түні.** Рабиул-әууәл айының он бірінші және он екінші күндері арасындағы түн. Дүниедегі бүкіл адамзат баласына пайғамбар етіп жіберілген пайғамбарлардың ең соңғысы және

ұлысы болған Мұхаммед алейһиссаламның әлемге рахмет болып келген түні. Тарих кітаптарында 571 жылы туылғандығы айтылады. Бұл түн - қадір түнінен кейінгі ең қасиетті, ең мүбәрәк түн болып келеді. Бұл түні Оның туылғанына қуанғандар кешіріледі. Бұл түнде Расулуллаһтың (саллалаһу алейһи уә сәлләм) туған кезінде болған жағдайларды, мұғжизаларды оқу, тыңдау, үйрену үлкен сауап болады. Пайғамбарымыздың өзі де бұл халдерді айтып беретін еді. Бұл түні сахабалар да бір жерге жиналып, мәуліт оқиғасы туралы оқып, сұхбаттасып, түсіндіретін.

6. <u>Бәраат түні.</u> Шағбан айының он бесінші түні. Яғни, он төрті мен он бесінші күні арасындағы түн. Аллаһу та’ала ежелде ешнәрсе жаратпастан бұрын бүкіл барлықты бар етуді қалады, тіледі. Олардан бір жыл ішінде бар не жоқ болатын бүкіл оқиғаларды, құбылыстарды жылсайын осы түні періштелерге білдіріп тұрады. Құран кәрім Ләуһил-махфузға осы түні түсті. Расулуллаһ «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» бұл түні көп құлшылық жасап, көп дұға оқитын.

7. <u>Миғраж түні.</u> Ражаб айының 27-і түні. Миғраж – “баспалдақ” деген сөз. Расулуллаһтың көкке шығарылған, біз білмейтін жерлерге апарылған түні.

Мекке халқы иман келтірмей, мұсылмандарды көп азапқа салған жылдар еді. Бұған пайғамбарымыз қатты ренжіді.

Бұл оқиға кезінде хижрадан бір жыл бұрын, елу екі жасында болатын. Зайд бин Харисті жанына ертіп, Таифке барды. Таиф халқына бір ай уағыз-насихат жасап, имандылыққа шақырды. Ешкім иман келтірмей, оны мазақ етті. Мүбәрәк денесіне қастандықтар жасалып, азапқа салды. Өздеріне Аллаһтың рахметі болып келген ұлы елші “үмбеті” тарапынан тасборан қылынды. Олардан үмітін үзіп, шаршап, ренжіп кері қайтып бара жатқанда сүйікті пайғамбарымыздың аяғы жарақаттанады. Зайдтің басын қан жуып кетеді. Ыстық далада, әлсіз-күшсіз халде екеуі жолдың шетіне барып отырады. Сол жердегі бақшаның иесі Рабиа ұлдары бай Утба мен Шәйбә деген ағайындылар құлы Аддастан оларға жүзім беріп жібереді.

Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жүзімді жерде “бисмиллаһ” оқиды. Аддас (радиаллаһу анһ) ол кезде христиан

болатын. Мұны естіп ол таң қалады. «Қанша жылдан бері осындамын. Ешкімнен мұндай сөз естіген жоқпын. Бұл қандай сөз?" деп сұрайды. Расулуллаһ: «Сен қайдансың?» дейді, Аддас «Ниневаданмын» дейді.

Расулуллаһ: «Юнус алейһиссаламның елінен екенсің» дейді. Аддас: «Сен Юнусты қайдан танисың? Оны бұл жерде ешкім білмейді» дейді. Расулуллаһ: «Ол менің бауырым. Ол да мен сияқты пайғамбар болған» дейді. Аддас: «Мына жылы жүзді, көркем сөзді адамның өтірік айтуы мүмкін емес. Мен сенің Аллаһтың расулы екеніңе сендім» деп мұсылман болады. Сосын: «Ей Расулуллаһ! Қаншама жылдар бойы мына залымдарға, өтірікшілерге құлдық жасап келемін. Қожайындарым елдің ақысын жейді, оларды алдайды. Ешқандай жақсы қасиеттері жоқ. Дүниелік жинау, шәһуәттерін қандыру үшін ешқандай жамандықтан қайтпайды. Оларды жек көремін. Сізбен бірге кетіп, сізге қызмет еткім, ақымақтардың сізге бағытталған құрметсіздіктеріне көкірегімді тосқым және сізді надандардың зиянынан қорғағым келеді» дейді.

Расулуллаһ күлімсіреп: «Қазірше қожайындарыңның қасында қал! Көп уақыт өтпей атымды әр жерде ести бастайсың. Сол кезде қасыма кел» дейді. Кейін біраз тынығып, жараларын таңды. Меккеге қарай Зайдпен бірге жол тартады. Қараңғы түсе қалаға кіреді.

Сол кездері бірнеше ай Меккеде мұсылмандар үшін ең қиын кезеңдер басталып, жан-жақтың барлығы дұшпандар еді. Баратын жер жоқ болатын. Әлемдерге рахмет етіп жіберілген пайғамбар көкесі Әбу Тәліптің қызы Умму-Ханидың үйіне барады. Умму-Хани ол кезде иман келтірмеген болатын.

- Бұл кім? дейді Умму-Хани.

- Көкеңнің баласы Мұхаммедпін (саллаллаһу алейһи уә сәлләм). Қонақ болып келдім,- дейді Расулуллаһ.

- Сіз сияқты тура сөзді, сенімді асыл қонақ үшін жанымыз пида. Алайда, келетініңізді алдын-ала хабар бергеніңізде, бір нәрселер пісірер едім. Қазір беретін ештеңем жоқ, дейді Умму-Хани.

- Көңіліме ешқандай тағам сыймай тұр, ештеңе ішпеймін. Раббыма ғибадат жасайтын, жалбарынатын бір орын болса жетеді, - дейді Расулуллаһ.

Умму-Хани Расулуллаһты ішке кіргізіп оған төсеніш, шылапшын және құман береді. Келген қонақты сыйлау, оны дұшпаннан қорғау араптар үшін ең құрметті міндет еді. Үйіндегі қонаққа зиян тисе, үй иесі үшін бұл масқара болатын. Умму-Хани "Мұның Меккеде дұшпандары көп, тіпті өлтіргісі келетіндер де бар. Оны қорғау үшін таңға дейін күзетейін" деп ойлап, әкесінің қылышын алып үйдің маңайында жүреді.

Расулуллаһ ол күні қатты ренжіген еді. Дәрет алып, Раббына жалбарынып, ғафу тілеп, құлдарының иман келтіруі, мәңгі бақытқа қауышуы үшін дұғалар оқи бастады. Өте шаршаңқы, қарны аш, қайғылы еді. Төсеніштің үстіне жатып, ұйықтап қалады. Сол кезде Аллаһу та'ала Жәбірейіл алейһиссаламға «Сүйікті пайғамбарымды қатты ренжіттім. Соған қарамай, тағы Маған жалбарынады. Менен басқа ештеңе ойламайды. Бар, сүйіктімді әкел! Жаннатты, жаһаннамды көрсет. Оның өзіне және оны жақсы көретіндерге дайындаған нығметтерімді көрсін, оған сенбегендерге, оны ренжіткендерге дайындаған азаптарымды көрсін. Оны мен жұбатамын. Оның нәзік жүрегінің жарасын мен жазамын» дейді. Жәбірейіл алейһиссалам бір сәтте Расулуллаһтың қасына келді. Ол тәтті ұйқыда жатқан еді. Түртіп оятуға ұйқысын қимады. Ол адам кейпіне енген еді. Расулуллаһтың аяғының астын сүйіп оятады. Ол Жәбірейіл алейһиссаламды танып: **«Әй, Жәбірейіл бауырым! Беймезгіл уақытта неге келдің? Жоқ әлде қате әрекет жасап, Раббымды ренжіттім бе? Маған жаман хабар әкелдің бе?»** деп сұрайды. Жәбірейіл: «Ей бүкіл жаратылыстың сүйіктісі! Раббың саған сәлем жолдады. Ешқандай пайғамбарына бермеген нығметін саған берді. Ол сені шақырады. Тұр, кетеміз!» дейді. Сөйтіп екеуі Қағбаның жанына барды. Сол жерде біреу келіп, пайғамбарымыздың көкірегін жарып, жүрегін алды. Оны зәмзәм суымен жуып, қайтып орнына салды. Сосын жұмақтан келген Бурақ (пырақ) атты ақ түсті жануарға мініп, бір сәтте Құдыстағы (Иерусалим) Мешіт Ақсаға келді. Жәбірейіл үлкен тасты саусағымен тесіп, Пырақты сол жерге байлады. Өткен пайғамбарлардың кейбірінің рухтары адам кейпінде сол жерге жиналған болатын. Жамағатпен намаз оқу үшін Адам, Нұх, Ибрахим пайғамбарлардан имам болуларын ретімен сұрады. Олардың ешқайсысы қабылдамады, кешірім сұрап, айыпты

екендіктерін айтты. Жәбірейіл Аллаһтың сүйіктісін алға тартты: «Сен барда басқа адам имам болмайды» деді. Намаздан кейін мешіттен шығып, белгісіз бір миғраждбен (көтерілумен) бір сәтте жеті қат көктен өтті. Әр көкте бір ұлы пайғамбарды көрді. Жәбірейіл Сидрада қалды: «Енді ілгері жүрсем жанып, жоқ боламын» деді. Сидратул Мунтаха – алтыншы көктегі үлкен ағаш. Расулуллаһ жұмақты, тозақты, тағы басқа орындарды көріп, "рафраф" деген жұмақ кілеміне мініп, күрсі, арш және рух әлемдерінен өтіп, айтып түсіндіре алмайтын түрде Аллаһу та'ала қалаған биіктіктерге шықты Мекенсіз, уақытсыз, бағытсыз, сипатсыз түрде Аллаһу та'аланы көрді. Көзсіз, құлақсыз, делдалсыз, ортасыз Раббымен сөйлесті. Кейін бір сәтте Құдысқа, ол жерден Меккеге Умму-Ханидің үйіне келді. Жатқан жері әлі жылы, ыдыстағы дәрет суы әлі қозғалып тұр еді. Сыртта жүрген Умму-Хани ұйықтап қалған еді. Ол ешнәрсені сезбеді. Таңертең тұрып, Қағбаның жанына барып, миғраждны айтып береді. Оны естіген кәпірлер оны мазақ етті: «Мұхаммед ақылынан адасыпты» деді. Мұсылман болуға ниеттеніп жүргендер де райларынан қайтты. Кәпірлердің біразы қуанып, Әбу Бәкір Сыддықтың (радиаллаһу анһ) үйіне барды. Өйткені, оның ақылды, тәжірибелі және абыройлы саудагер екенін білетін. Олар: «Ей Әбу Бәкір! Сен Құдысқа көп барасың. Меккеден Құдысқа барып келуге қанша уақыт кетеді?» деп сұрайды. Әбу Бәкір: «Бір айдан көп» дейді. Кәпірлер бұған қуанып: «ақылды адамның сөзі осындай болады» дейді. «Сенің досың Құдысқа бір түнде барып келдім дейді» деп, Әбу Бәкірге құрмет көрсетеді.

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың атын естіген соң: «Ол айтса, дұрыс айтқан, сенемін! Бір сәтте барып келген!» деп ішке кіреді. Кәпірлер не болғанын түсінбей қалады. Сосын: «Әй, Мұхаммед, қандай сиқыршы едің, Әбу Бәкірді сиқырлап тастапты» дейді.

Әбу Бәкір дереу киініп, Расулуллаһтың қасына барады. Топ адамның арасында тұрып: «Ей Расулаллаһ! Миғражыңыз құтты болсын! Аллаһу та'алаға шексіз шүкіршілік етемін. Бізді сіз сияқты ұлы пайғамбарға қызмет жасауға бұйырды. Сіздің жарқын жүзіңізді көріп көңілді жаулайтын сөздеріңізді еситуді бұйырды. Ей Расулаллаһ, сіздің барлық сөзіңіз шын, ақиқат. Мен сенемін.

Жаным сіз үшін пида» дейді. Әбу Бәкірдің сөзіне кәпірлер таң қалысты. Айтатын сөз таппай, тарай бастады. Күмәні бар, иманы әлсіз адамдардың жүрегіне сенім ұялатты. Расулуллаһ сол күні Әбу Бәкірге "Сыддық" деген ат тағады.

Кәпірлер бұл жағдайға қатты ашуланады. Муминдердің күшті иманына, пайғамбардың барлық сөзіне дереу сенгендігіне шыдап тұра алмады Расулуллаһты жеңу үшін оны сынап, сұрақтар қоя бастайды: «Ей Мұхаммед (алейһиссалам)! Құдысқа бардым дейсің. Айтшы, мешіттің қанша есігі, қанша терезесі бар?» дейді. Ол барлық сұраққа жауап беріп тұрғанда Хазреті Әбу Бәкір «солай, ей Расулуллаһ» деп қостап тұрды. Алайда, Расулуллаһтың әдептілігі соншалық алдындағы адамның бетіне тіке қарамайтын. Кейін өздері бір хадис шәрифінде: **«Мешіт Ақсада жан жағыма қараған жоқ едім. Олардың сұраған нәрсесін көрген жоқ болатынмын. Сол кезде Жәбірейіл Мешіт Ақсаны көзімнің алдына әкелді. Соны көріп, санап, сұралғандарға жауап бердім»** деген. Сосын ол жолда түйелі жолаушыларды көргенін, бір түйенің үркіп құлағаны туралы айтып: «Иншаллаһ сәрсенбі күні келіп қалар» дейді. Сәрсенбі күні күн батарда керуен Меккеге келеді. Олар дауыл соққандай болғанын, бір түйенің құлағанын айтады. Бұл жағдай мұсылмандардың иманын күшейтті. Кәпірлердің дұшпандығын арттырды. **"Рух-ул-байан"** тәпсірінде **"Тафсири Хусайни"**ден алынған бөлімде және **"Бахр"** кітабында имамдық туралы айтылған бапта "Расулуллаһтың Меккеден Бәйтул-Мұқаддасқа (Иерусалимдегі Масжид-ул-Ақса) апарылғанына сенбеген адам кәпір болады. Аспандарға және біздерге белгісіз жерлерге алып шығылғанына сенбеген адам болса, бидғатшы болады." деп көрсетілген.

8. <u>Ражаб айы және Рағайыб түні.</u> Ражаб айының алғашқы жұмасының түні **"Рағайыб түні"** деп аталады. Ражаб айының барлық түні қадірлі. Әр жұма түндері де қадірлі. Осы екі қадірлі түн біріккеннен кейін оның қадірлілігі арта түскен. Рағайыб түнінің қасиеті түрлі хадистерде көрсетілген.

Ражаб айы Адам пайғамбардың кезінен бері қадірлі болып есептеледі. Бұл айда соғысу күнә болатын. Әрбір үмбет бұл айға құрметпен қараған еді. Ражаб "қадірлі, құрметті, құнды" дегенді

білдіреді. Парсыша **“Әнис-ул-уаизин”** кітабында келуі бойынша: «Иса алейһиссаламның кезеңінде бір бозбаланың бір әдемі қызға көңілі құлайды. Оған жетуді қалайды, көп уақыт өткеннен кейін сөз байласып, бір кеште екеуі жолығады. Шешінеді. Жігіт өте қуанышты болатын. Кенет терезеден жаңа туған айды көреді. “Бұл қай ай?” деп сұрайды. Қыз: “Ражаб айы” дейді. Жігіт жиналып, киіне бастайды. Қыз таңданып: “Не болды?” деп сұрайды. Жігіт: “Аталарымнан есіткенмін. Ражаб айында күнә іс істеуге болмайды. Бұл айды құрметтеу керек” деп қыздан кешірім сұрап, үйіне кетеді. Аллаһу та’ала Иса алейһиссаламға уаһи жіберіп, болған оқиғаны хабарлайды. “Ол жігітке бар, сәлем айт!” дейді. Ол жігіт ражаб айына көрсеткен құрметі үшін ұлы пайғамбардың өзіне жіберілгеніне қуанып иман келтіріп, жақсы муминге айналады.»

9. **<u>Мухаррам түні.</u>** Мухаррам айының бірінші түні мұсылмандардың қамари (ай күнтізбесі бойынша) жыл басы түні болып есептеледі. Ал шамси (күн күнтізбесі бойынша) жыл басы түні болса, әфрәнжи қыркүйек айының жиырмасыншы түніне сәйкес келеді. Мухаррам айы - Ислам қамари жылының бірінші айы. Бірінші Мухаррам да мұсылмандардың қамари жылының бірінші күні болады. Кәпірлер өз жыл басылары болған қаңтар айының бірінші түнінде Санта Клаусты күтеді. Христиан діні бұйырған күпірліктерді жасайды. Мұсылмандар да өз жыл басы түндерінде және күндерінде хат жазысып, бір-бірімен қол алысып, бірбірін құттықтайды бір-бірлеріне барып, сыйлықтар береді, жаңа жылдың бүкіл мұсылмандар үшін қайырлы және берекелі жыл болуын тілейді. Үлкендерге, туысқандарына, ғалымдарға барып, баталарын алады. Ол күні таза киінеді. Кедейлерге садақа береді.

10. **<u>Ашура түні.</u>** Ол - мухаррам айының оныншы түні. Мухаррам айы – Құран кәрімде құрметтелген төрт айдың бірі. Ашура – осы айдың ең қадірлі түні. Аллаһу та’ала кейбір дұғаларды ашура күнінде қабылдады. Адам пайғамбардың тәубасының қабыл болуы, Нұх пайғамбардың кемесінің топаннан құтқарылуы, Жүніс (Юнус) пайғамбардың балықтың ішінен шығуы, Ибрахим пайғамбардың Намрудтың отына жанбауы, Ыдырыс пайғамбардың тірі кезінде көкке шығарылуы, Яқуб (Жақып) пайғамбардың ұлы Юсуф (Жүсіп) пайғамбармен қауышуы және көздеріндегі

перденің алынуы, Юсуф пайғамбардың құдықтан шығуы, Әйуб пайғамбардың аурудан жазылуы, Мұса пайғамбардың Қызыл теңізден өтіп, Перғауынның суға батуы, Иса пайғамбардың туылуы және яһудилердің өлтіру әрекеттерінен құтылып, көкке шығарылуы - осының барлығы ашура күні жүзеге асты (алейһимуссалам). Нұх пайғамбар кемеде "ашура" (һәлім, көже) деген дәмді пісіргендігі үшін мұсылмандардың мухаррамның оныншы күні ашура пісіруі ғибадат болып саналмайды. Мұхаммед алейһиссалам және сахабалар олай істеген жоқ. Ашура пісіруді ғибадат деп санау - бидғат, күнә болады. Тек Мұхаммед алейһиссаламның жасаған және бұйырған нәрселерін жасау ғибадат болып саналады. Дін кітаптарында жазылмаған, әһли сүннет ғалымдары көрсетпеген нәрселерді жасау сауап емес, күнә болады. Ол күні (кез келген) дәмді тағам пісіру, кедейлерге садақа беру сүннет, ғибадат болады.

Хазреті Хусейн (радиаллаһу анһ) сол күні шәйіт болды деп аза тұту да - бидғат, күнә болады. Шииттер Хазреті Хусейн үшін аза тұтады. Хазреті Хусейн Хазреті Әлидің баласы болғандықтан, оған табынардай сый көрсетеді. Ал, әһли сүннет сеніміндегілер оны Расулуллаһтың немересі болғандықтан жақсы көреді. Исламда аза тұтуға болмайды. Мұсылмандар тек Ашура күні аза тұтпайды. Кербела оқиғасы еске түскенде жүректері аурады. Егер Исламда аза тұту деген нәрсе болғанда ашура күні емес, Расулуллаһтың аяғы қанға боялған күні, Ухудта тісі сынып, беті қанаған, қайтыс болған күндері аза тұтылар еді.

Жоғарыда көрсетілген бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші түндер "қандил түндері" деп те аталады.

Жоғарыдағы он түннен басқа пітір мерекесінің (ораза айттың) қалған түндері, зүлхижжа айының алғашқы он түні, мухаррамның алғашқы он түні және әрбір жұма, дүйсенбі түндері де қасиетті болып саналады.

Түрлі кітаптарда мынадай хадистер келтірілген:

1. **«Рахмет** (рақымдылық) **есіктері төрт түнде ашылады. Ол түндерде жасалған дұға, тәубе қабылданады. Пітір және құрбан айт мерекесінің бірінші түндері, шағбанның он бесінші** (Бәраат) **түні және арапа түні».** (Қадір түні бірнеше хадисте көрсетілгендіктен бұл жерде берілмеген).

2. **«Аллаһу та’ала ғибадаттардың ішінде зүл-хиджаның алғашқы он күнінде жасалғандарын жақсы көреді. Бұл күндері бір күн тұтылған оразаға бір жылдық оразаның** (нәпіл ораза) **сауабы беріледі. Осы түндері оқылған намаз қадір түнінде оқылған намаз сияқты. Бұл күндерде көп тәсбих, тәһлил және тәкбір айтыңдар».**

3. **«Мұсылман адам тәруиа күні ораза тұтып, күнә сөз айтпаса, Аллаһу та’ала оны әрине жаннатқа кіргізеді».**

4. **«Арапа күнін құрметтеңдер! Өйткені, арапа - Аллаһу та’ала қадірлеген күн».**

5. **«Арапа түнінде ғибадат жасағандар тозақтан босатылады».**

6. **«Арапа күні ораза тұтқандардың екі жылдық күнәсі кешіріледі. Бірі - өткен жылдың, бірі - келер жылдың күнәлары** (Арапа - зүл-хиджаның тоғызыншы күні, басқа күндер арапа емес)».

7. **«Арапа күні мың рет “Ихлас” сүресін оқыған адамның барлық күнәлары кешіріледі және барлық дұғасы қабыл болады. Барлығын “бисмилламен” оқу керек».**

8. **«Ражаб - Аллаһу та’аланың айы, Ражаб айын құрметтеген адамды Аллаһу та’ала дүниеде және ахиретте құрметтейді».**

9. **«Ражабтың алғашқы жұма түнін ғибадатпен өткізген адамға Аллаһу та’ала қабір азабын тартқызбайды. Дұғаларын қабылдайды. Тек жеті түрлі адамды кешірмейді және дұғаларын қабылдамайды. Олар: өсімге ақша берген немесе алған адам, мұсылмандарды төмен санаған адам, ата-анасына азап шектірген, қарсы шыққан бала, мұсылман күйеуін тыңдамаған әйел, ән айтуды, музыканы күн көріс құралына айналдырған адам, гомосексуалдық және зинақорлық жасаған адам, бес уақыт намазды оқымай тастап қойған адам».** Бұл күнәлардан бас тартып, тәубе етпейінше, олардың дұғалары қабыл болмайды. Ананың, әкенің, жұбайының және басқа ешкімнің Исламға сай емес бұйрығын орындауға болмайды. Алайда, ата-анаға жылы сөйлеп, оларды ренжітпеу керек (Қарсы шығумен харам болған бұйрықты орындамай қалдыру екі басқа нәрсе). Әке-

шешесі кәпір болса, оларды шіркеуден, шарапханадан арқалап болса да әкелу керек. Бірақ, ол жерлерге апаруға болмайды.

10. **«Жәбірейіл маған келді: “Тұр, намаз оқы, дұға ет! Бұл түн – Шағбанның он бесінші түні” деді. Бұл түндерде ғибадат жасағандарды Аллаһу та'ала кешіреді. Тек мүшріктерді, палшыларды, сиқыршыларды, кісінің жақсылығын көре алмайтындарды, арақ-шарап ішетіндерді, өсімге ақша беретіндерді және зинақорлық жасайтындарды кешірмейді».**

11. **«Бәрат түнін олжа, мүмкіндік деп біліңдер. Өйткені, ол белгілі түн. Шағбанның он бесінші түні. Қадір түні қадірлі болса да, қай түн екендігі белгілі емес. Бұл түні көп ғибадат жасаңдар, әйтпесе қиямет күні өкінесіңдер».**

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Негізі бұзылған діндер мен секталар

Яһудилік

Қасиетті кітаптар, тарихи деректер мен қазірге дейін жеткен еңбектер зерттелетін болса, бір Аллаһқа иман келтіруді бұйыратын дін болған исламның Адам пайғамбардың кезінен бері бар екендігі аңғарылады. Адам (алейһиссалам) пайғамбардан Ибрахим алейһиссаламға дейінгі уақыт ішінде көптеген пайғамбар келген. Аллаһу та'ала оларға **сухуф**тар (кітапшалар) жіберген. Атақты жүз сухуфтың оны Ибрахим алейһиссаламға жіберілген. Тарихшылардың айтуынша, Ибрахим пайғамбар б.д.д. 2122 жыл бұрын Фырат (Евфрат) пен Дижле (Тигр) өзендері арасындағы бір елді мекенде туылып, 175 жыл өмір сүріп, Құдыс маңындағы Халилуррахман деген жерде дүние салған. Ибрахим алейһиссаламның өгей әкесі - **Азар.** Өз әкесі **Тарух** Ибрахим кішкентай кезде қайтыс болып кеткен. Азар пұт жасайтын шебер

болған. Ибрахим бала кезінде-ақ пұттарға ғибадат жасауға болмайтынын түсініп, өгей әкесінің жасаған пұттарын сындырып, сол елдің, яғни Вавилонның билеушісі Намрудты иманға шақыра бастайды. Намруд өте залым билеуші еді. Аңыз бойынша Намруд өз аты емес, (Перғауын сияқты) атағы еді. Кішкентай кезінде мұрнына жыланның баласы кіріп кетіп, бет-әлпеті қисайып, түрі бұзылып кеткен еді. Әкесінің өзі оның түрін көруге шыдамай, өлтірмекші болады. Бірақ, анасы жалбарынып, оны бір шопанға береді. Шопан да оның ұсқынсыз түрін көруге шыдамай, бір таудың басына апарып тастайды. Тауда Намруд деген ұрғашы жолбарыс ол баланы емізіп, оның аман қалуына себеп болады. Намруд деген ат осыдан келеді. Әкесі қайтыс болғаннан кейін билікке келген Намруд өзін тәңір деп есептеп, халықтың өзіне табынғанын қалады. Ибрахим (алейһиссалам) осы жүзі суық, қаһарлы адамды ақиқат дінге шақырады. Халықты пұттар мен Намрудтан бас тартуға шақырады. Бірақ, олар иман келтірмейді. Ол кездегі Қалдани қауымының әдеті бойынша жылдың бір күнінде бір жерге жиналып, мереке өткізетін, сосын пұтханаға барып, пұттарға сәжде жасап табынып, үйлеріне қайтатын. Осындай мереке күні Ибрахим алейһиссалам пұтханаға кіріп, балтамен барлық кіші пұттарды қиратады-да балтаны ең үлкен пұттың мойнына іліп, кетіп қалады. Қалданилер бүкіл пұттардың қирап жатқанын көріп мұны жасаған адамды жазаламақшы болады. Ибрахимді алейһиссалам әкеліп, "мұны сен істедің бе?" деп сұрайды. Ибрахим алейһиссалам: «Өзі тұрғанда кіші пұттарға табынғанды қаламай мойнында балта ілініп тұрған үлкен пұт істеді. Сенбесеңдер өзінен сұраңдар» дейді. Халық: "Одан сұра дейсің, пұттар сөйлемейді ғой" дейді. Сонда Ибрахим алейһиссалам: «Олай болса сөйлей алмайтын, өздерін қираудан құтқара алмайтын пұттарға неге табынасыңдар» деп қауымын пұтқа табынудан қайтаруға тырысса да пайдасы болмайды. Бұл жағдай Құран кәрімде "Әнбия" сүресінің 52-ші аятының соңында айтылған. Бұл туралы Намрудқа хабарланады. Намруд Ибрахимді (алейһиссалам) шақыртады. Хазреті Ибрахим Намрудтың сарайына барғанда оған сәжде жасамайды. Намруд неге сәжде жасамағанын сұрағанда «Мені жаратқан Аллаһу та'аладан басқаға сәжде жасамаймын» дейді. Намруд Ибрахим

алейһиссаламның дәлелдеріне жауап бере алмай жоққа шығарып, қабылдамайды. Ибрахим алейһиссалам Аллаһу та'аланың бар, бір, мәңгі екендігін, барлық нәрсенің жаратушысы, иесі екендігін және күші жететінін, ал Намрудтың әлсіз бір пенде екенін айтады. Бұған қатты ашуланған Намруд қасындағылардың да қолдауымен оны отқа жағуға шешім қабылдайды. Құран кәрімде Ибрахим алейһиссаламның Намрудпен сөйлескендігі туралы мәлімет берілген. "Бақара" сүресінің 258-ші аятында: **«**(Ей хабибім) **Аллаһ өзіне мүлік, сұлтандық бергендіктен азғындап, Ибрахиммен Раббы туралы тартысқан адамның** (Намрудтың**) хабарын есітпедің бе? Ибрахим "Менің Раббым өлтіреді және тірілтеді" деген кезде** (Намруд) **"Мен де өлтіріп, тірілте аламын" деді. Ибрахим: "Аллаһ күнді шығыстан шығарады, сен батыстан шығар" деген кезде кәпір сасып қалды. Аллаһу та'ала зұлымдық жасаған адамдарды тура жолға салмайды»** деп бұйырылған.

Ибрахим алейһиссаламның отқа тасталуы Құран кәрімнің "Саффат" және "Әнбия" сүрелерінде хабар беріледі. "Саффат" сүресінің 97-ші аятында: **«Кәпірлер арнайы бір ғимараттың ішінде от жағып, Ибрахимді ішіне тастаңдар деді»** делінген. Бірақ ол отқа тасталған кезде от гүл бақшасына айналады. Бір аңызда айтылуы бойынша, ішінде от жанған ғимарат су айдынына айналған. Отындар да балықтарға айналған. Құран кәрімде "Әнбия" сүресінің 68, 69 және 70-ші аяттарында: **«Кәпірлер "Егер бір нәрсе істейтін болсаңдар, Ибрахимді отқа жағыңдар. Осылайша, құдайларыңа көмектесіңдер" деді. Біз "Ей, от! Ибрахимге салқын бол!" дедік. Олар Ибрахимге осылай тұзақ құрмақшы болды. Бірақ, біз олардың өздерін одан да ауыр зиянға ұшыраттық»** деп көрсетілген. Құран кәрімде Намруд деген ат кездеспейді. Бірақ, бұл есім Тәуратта (Қасиетті кітаптың «Ескі Өсиет» бөлімінде) бар. Қазіргі кезде Түркияның Урфа қаласы маңайында "Айн-и залиқа" немесе "Халилуррахман" деп аталатын 50 x 30 метр көлемінде бір су айдыны бар. Бұл жердің Ибрахим алейһиссаламның отқа тасталған жері екендігі, отындардың балыққа айналғандығы айтылады. Бұл жердегі балықтарға ешкім тиіспейді.

Ибрахим пайғамбар екі рет үйленеді. Бірінші әйелі Сара жетпіс жасқа дейін балалы болмайды. Осыған байланысты Ибрахим алейһиссалам Мысырда перғауын сыйлаған Хажар деген күңді екінші әйел етіп алады. Одан Исмаил (алейһиссалам) туылады. Сара да Аллаһу та’аладан бала тілейді. Аллаһу та’ала оған да бір бала береді. Ол - Исхақ алейһиссалам еді. Исмаил алейһиссалам араптардың, Исхақ (Ысқақ) алейһиссалам болса, ибранилердің бабасы болды. Яғни, араптар мен ибранилер (яһудилер) әкесі бір, аналары бөтен бауырлар болып табылады. Ибрахим пайғамбар Мұхаммед алейһиссаламның аталарынан болып келеді.

Ибрахим алейһиссаламға тоқсан жасында пайғамбар болғандығы білдірілді. Оның діні Аллаһу та’аланың бір екендігін көрсететін еді. Құран кәрімде “Али-Имран” сүресінің 67-аятында**:** **«Ибрахим (алейһиссалам) яһуди де, христиан да емес. Ол Аллаһу та’алаға сенген (**ханиф**) және берілген мұсылман болатын»** делінген.

Яһуди дінінің негізін уағыздаған адам – Мұса алейһиссалам шамамен б.д.д. 1705 жылы Мысырда Мемфис қаласында дүниеге келеді. Перғауын түсінде сол жылы туылатын бір ер баланың өзін өлтіретінін көріп, сол жылы туылған ұл балаларды өлтіруге бұйрық береді. Мұны естіп, Мұсаның анасы баласын ағаш сандыққа салып, Ніл өзеніне тастайды, оны Аллаһу та’алаға аманат етеді. Бұл сандықты перғауынның әйелі тауып алады. Перғауын да баланы көреді. Бірақ, сандықты су бетінен көрген кездегі әйелінің “сандықта мал болса сенікі, жан болса менікі” деген тілегін қабылдап, балаға ешнәрсе істей алмайды.

“Мұса” сөзі “судан құтқарылған” деген мағынаны береді. Христиандар “Моше” және “Моис” (моисей) дейді. Мұсаның анасы өзін сүт ана ретінде перғауынның сарайына алдыртып, баласын өсіреді. Қырық жасқа келгенде Мұса туыстарына кетеді. Өзінен үш жас үлкен Харун пайғамбармен кездеседі. Мұса алейһиссалам ибранилерге қарсы жасалған зұлымдықтарға қарсы шықты. Оларды қорғады. Бір күні бір мысырлық кәпірдің бәни Исраилдың біріне зұлымдық жасап жатқанын көреді. Оны құтқарам деген кезде абайсыздықпен кәпір өледі. Мұса тек жәбір көрушіні кәпірдің зұлымдығынан құтқаруды ғана ойлаған еді. Осыған байланысты

Мысырдан кетуге мәжбүр болады. Мадиан қаласына барып, сол жерде Шұғайып пайғамбарға он жыл қызмет жасайды. Оның қызы Сафураға (Tsippore) үйленеді. Он жылдан кейін қайтадан Мысырға қайтады. Жолда Тур тауына соғады. Сол жерде Аллаһу та'аланың сөзін еситеді. Осы кезде оған пайғамбарлық беріледі. Оған ***Аллаһу та'аланың бір екендігі, перғауынның тәңірі емес екендігі*** тағы көп нәрсе білдіріледі. Мысырдағы перғауынға барады. Оны дінге шақырады. Оған бір Жаратушыға сенуді уағыздайды. Бәни Исраилге еркіндік беруді сұрайды. Перғауын бұларды қабылдамайды. "Мұса үлкен сиқыршы. Бізді алдап, елімізді қолымыздан алғысы келеді" дейді. Жанындағы уәзірлерінен сұрайды. Олар: "Сиқыршыларды шақыр, оны жеңсін" дейді. Сиқыршылар келеді. Мысыр халқының алдында жіптерін жерге тастайды. Жіптер жыланға айналып, Мұсаға қарай жүреді. Мұса қолындағы аса таяғын жерге ұрған кезде ол үлкен жыланға айналып, жіптерді жұтады. Сиқыршылар таңданып, "Бұл адам шындықты айтуда" деп, оған сенеді. Бұл оқиға Құран кәрімде "Араф" сүресінің 111-123-ші аяттарында хабар берілген. Перғауын бұған қатты ашуланады. "Ол сендердің ұстаздарың екен, қол-аяқтарыңды кесіп, сендерді құрма талына асамын" дейді. Олар: "Біз Мұсаға сендік. Оның Раббысына сыйынамыз. Тек сол Жаратушының мейрімділігін ғана қалаймыз" дейді. Перғауын Бәни Исраил қауымының Мысырдан кетуіне рұқсат бермейтін. Өйткені, Бәни Исраил Мысырдан кетсе, ол қызметшілерінен, құлдарынан айырылып қалар еді. Осындай зұлымдықтар нәтижесінде Құдайдың жазасы ретінде кәпірлердің сулары қанға айналады. Аспаннан құрбақа жауады, тері ауруы тарайды. Үш күн қараңғылық басады. Перғауын бұл мұғжизаларды көріп, қорқып, рұқсат береді. Мұса алейһиссалам Бәни Исраилмен Мысырдан шығып, Құдысқа бара жатқанда Перғауын райынан қайтып, әскерімен олардың артынан қуады. Суейш шығанағы тұсында теңіз екіге жарылып, муминдер арғы бетке өтіп кетеді. Перғауын әскерімен бірге өтіп бара жатқанда теңіз қайта жабылып, бәрі суға батады. Мұса осы ұлы көш кезінде Тур тауында Аллаһу та'алаға көп жалбарынады. Аллаһу та'аланың өзін көргісі келеді. Аллаһу та'ала оның бұл тілегін қабылдамады. Бірақ, онымен Тур Синада тағы сөйлесті. Мұса "Тури Сина"да

қырық күн және қырық түн қалып, ораза тұтты. Аллаһу та’ала оған Жәбірейіл арқылы Тәуратты ләухалар бетіне жазылған түрде жіберді. Өзіне иман келтіргендердің мойынсұнуы үшін он ләухаға жазылған он бұйрық берілді. Сол заманнан бергі яһудилердің кітаптарында және Тәураттың “Тәснийа” кітабының 5-ші бабының 6-шы аятында және «Хуруж» (шығу)дың 20-шы бөлімінің басында берілген “ауамири ашара” деп аталатын он әмір мыналар:

1 - Сені Мысыр аймағынан, құлдық үйінен шығарған Аллаһ – менмін.

2 - Менен басқа Тәңірің болмайды. Көктегі, жердегі, жердің астындағы нәрселердің ешқайсының суретіне, мүсініне табынбайсың.

3 - Аллаһтың есімін бостан-босқа аузыңа алмайсың.

4 - Аптаның алты күнінде жұмыс істеп, жетінші күні демаласың. Сенбі күнін қасиетті күн деп санайсың.

5 - Ата-анаңды құрметтеп, олардың айтқанын істейсің.

6 - Адам өлтірмейсің.

7 - Зинақорлық жасамайсың.

8 - Ешкімнің затын ұрламайсың.

9 - Көршіңе жалған куәгер болмайсың.

10- Көршіңнің әйеліне, үйіне, егініне, құлына, күңіне, малына, ешнәрсесіне көз тікпейсің.

Мұса пайғамбар Тур Синадан қайтып келгенде бауыры Харун алейһиссаламға аманат етіп қалдырған қауымының тура жолдан тайғанын, бір алтын бұзаудың мүсінін соғып, соған табынғандарын көрді. Мұса алейһиссалам көркем, айбатты, өткір көзді адам еді. Кездескен адамы үлкен әсерде қалатын. Бір жасында перғауынның маржандармен әшекейленген сақалын жұлып, оны ашуландырған еді. Әйелі Асияның шапағатымен өлтіруден бұрын оны сынақтан өткізеді. Ішіне алтын және от салынған екі ыдысты алдына қойған кезде, ол қолын алтынға созып бара жатқанда Жәбірейіл алейһиссалам оның қолын отқа қарай бұрып жібереді. Отты аузына апарып, тілінің ұшы күйіп, отты лақтырып жібереді. Сол себептен алғашқыда жақсы сөйлей алмайтын. Сол үшін халқына уағыз жүргізу талап еткен жағдайларда істі бауыры Харунға тапсыратын. Бірақ, пайғамбарлығы білдірілгеннен кейін тілі жазылып, Харун алейһиссаламнан да көркем сөйлейтін болады. Ол Тур Синада

жүргенде Харун алейһиссаламның әсем сөздері қауымының тура жолдан ауытқуына кедергі бола алмаған еді. Мұса алейһиссалам қайтадан Тур тауына барып, Аллаһу та'аладан үмбетін кешіруі үшін жалбарынады. Үмбеті тәубе етті. Оларды ертіп, Аллаһу та'ала уәде еткен жер - арзи мау'удты табу үшін шөлге кетеді. 40 жыл Тих шөлінде болды. Шөлде Аллаһу та'ала оларды құдірет халуасы (ман) және бұлдырық етімен (салуа) азықтандырды. Мұса Арз-и мау'уд көрінетін Ариха қаласының қарсысындағы "Ниба" төбесіне дейін барып, 120 жасында қайтыс болады. Бауыры Харун алейһиссалам одан 3 жыл бұрын қайтыс болған еді. Арман еткен жер - Арз-и мау'удқа кіру өзінен кейін келген Юша пайғамбарға нәсіп болды.

Ұлы Ислам тарихшысы және құқықшысы Ахмет Жевдет баша **"Қисас-и әнбия"** кітабында былай дейді:

«Ибрахим алейһиссаламның ұлы – Исхақ алейһиссалам, оның ұлы – Яқуб алейһиссалам еді. Яқуб алейһиссаламның шын аты – **Исраил** еді. Оның тегінен шыққандар Бәни Исраил деп аталды. Бұл – "Исраил ұлдары" деген сөз. Яқуб алейһиссаламның он екі ұлының бірі - Юсуф та пайғамбар еді. Юсуф алейһиссаламнан кейін Исраил ұлдары Яқуб және Юсуфтың діндеріне мойынсұнып, Мысырда тұрды. Мысырдың бұрынғы халқы болған қыбтилар жұлдыздарға, пұттарға, мүсіндерге табынатын. Исраил ұлдарын құлдыққа пайдаланатын. Исраил ұлдары перғауындардың жәбірінен құтылып, ата-жұрты **Кенан**ға кетуді қалайтын. Бірақ, перғауындар бұған рұқсат бермейтін. Өйткені, Исраил ұлдары ауыр жұмыстарды істейтін, оларға жаңа қалалар, ғимараттар салдыратын. Имран ұлы Мұсаны анасы сандыққа салып, Ніл өзеніне тастады. Перғауынның әйелі Асия оны тауып, бала етіп алды. Мұса бір қыбтиді қателікпен өлтіргеннен кейін Мысырдан кетіп, **Мадиан** қаласына барды. Ол жерде он жыл тұрды. Шұғайып пайғамбардың қызына үйленіп, Мысырға қайтты. Жолда **Тур** тауына соқты. Бұл жерде Аллаһу та'аламен сөйлесу бақытына қауышты, оған пайғамбарлық берілді. Перғауынды дінге шақыруы бұйырылды. Перғауын иман келтірмеді. Мұса алейһиссалам Исраил ұлдарын жинап, Мысырдан кетеді. Қызыл теңізден өтіп, **Ариха** аймағына қарай жүреді. Исраил ұлдары бара алмайтындықтарын, Амалиқамен соғыса алмайтындарын айтады.

Мұса оларға теріс бата береді. Өзінен үш жас үлкен бауыры Харун алейһиссаламды олардың жанына қалдырып, Тур Синаға барады. Аллаһу та’аламен тағы да сөйлеседі. Оған **Тәурат** кітабы беріледі. Қауымы тәубе етіп, Лут көлінің оңтүстігіне келеді. Шариа өзенінің шығыс жағына Ариха қаласының қарсысына қоныстанады. Орнына Юша пайғамбарды қалдырып, қайтыс болады».

“Мират-и каинат” кітабында былай делінген: «Мұса алейһиссалам үш рет Тур тауына барды. Бірінші барғанында оған рисалат берілді. (Пайғамбар болғандығы білдірілді). Екіншіде “Тәурати шәриф” пен “Он әмір” түсті. Тәурат 40 бөлімнен тұратын. Әр бөлімде мың сүре, әр сүреде мың аят бар болатын. Қазір қолдағы Тәураттарда онша аят жоқ. Өйткені Тәурат пен Інжілдің кейіннен өзгерістерге ұшырағанын, қайта жазылғанын Құран кәрім көрсетіп отыр. Жәбірейіл алейһиссаламның Мұса алейһиссаламға әкелген Тәуратын тек Мұса, Харун, Юша, Узайр және Иса (алейһимуссалам) жаттаған болатын».

“Қамус-ул-алам” кітабында былай делінген: «Ассирия билеушісі Бухтуннасар Құдысты алып, Ақса мешітін қиратқан кезінде Тәурат нұсқаларын өртеді. Жетпіс мың яһуди ғұламасын тұтқынға алып, Вавилонға жібереді. Олардың ішінде Даниал және Узайр пайғамбарлар да бар еді. (Узайрды яһудилердің “Азра” деп атайтыны **“Мунжид”** кітабында келген. Қазіргі Қасиетті кітаптың **«Ескі өсиет»** бөліміндегі **“Азра”** кітабын және басқа да кітаптарды жазған кісі - Узайр алейһиссалам емес, ибрани дін адамы Азра болатын.) Яһудилер Тәуратты ұмытты. Насихат жүргізуге жіберілген пайғамбарларына сенбеді. Көбісін шәйіт етті. Иран патшасы Бахман Кейхусрау ассириялықтарды қырғынға ұшыратты. Яһуди тұтқындар мен Даниал алейһиссаламды босатты. Масжиди Ақсада құлшылық жасайтындар көбейді. Ұлы Іскендір Құдысты алған соң яһудилердің арасынан Геродосты (Hirodes) басшы етіп тағайындады. Бірақ бұл қиянатшы яһуди Яхйа алейһиссаламды шәйіт етті. Халыққа көп зұлымдық жасады. Бұдан кейін Құдыс римдіктердің қолына өтті. Яһудилер көтеріліс жасаған соң 135 жылы Адриан Құдысты талқандап, яһудилерді қырды, қашқандар жан-жаққа тарады. Барған жерлерінде христиандардан көп жапа шекті. Ислам діні келген соң олар тыныштыққа, бейбіт өмірге қол жеткізді. Құдыс қаласы Византия императорлары тарапынан

жөнделіп, “Илия” деп аталды. Қала мен Масжиди Ақсаны омеяд халифаларының бесіншісі Абдулмалик қайтадан салдырды. Христиандар крест жорықтарында оны қиратты. Салахиддин Айуби мешітті қайта көтерді. Кейіннен Осман халифалары жөндеп, безендірді».

Яһудилердің Тәураттан кейінгі қасиетті кітабы – **“Талмуд”.** Мұса алейһиссалам Тури Синада Аллаһу та’аладан естігендерін Харун, Юша және Әл-Йазарға айтты. Олар кейіннен келген пайғамбарларға және қасиетті Яһудаға айтқан. Ол екінші ғасырда бұларды қырық жыл ішінде бір кітапқа жинастырған. Бұл кітап **“Мишна”** деп аталған. ІІІ-ғасырда Құдыста және VI-ғасырда Вавилонда Мишнаға бірер түсіндірме жазылған. Олар **“Гамара”** деп аталған. Екі Гамараның бірі мен Мишнаны бір кітап етіп, оны **“Талмуд”** деп атаған. Құдыс Гамарасынан жасалғаны **“Құдыс Талмуды”**, Вавилон Гамарасынан жасалғаны **“Вавилон Талмуды”** деп аталған. Христиандар бұл үш кітаптың жауы. Иса алейһиссаламды асу үшін дайындаған кресті көтерген және креске керу оқиғасына қатысқан Шамун “Мишна”ны риуаят еткендердің қатарында деп санайды.

Христиандар **“Қасиетті кітап”** санап жүрген кітап **“Ескі өсиет”** (Ахди атик) және **“Жаңа өсиет”** (Ахди жәдид) деген екі бөлімнен тұрады. Яһудилер оның тек **“Ескі өсиет”** бөліміне ғана сенеді және оны **“Китаби муқаддас”** (қасиетті кітап) деп санайды. Оны “Ескі өсиет” деп айтуды қабылдамайды. Оны **“Танах”** деп атайды. Танахты да үшке бөледі. Оның бірінші бөлімін **“Тәурат”** деп атайды. Олардың **“Тәурат”** деген кітаптары бес бөлімнен тұрады:

1. Тәкуин (Genesis).
2. Хуруж (шығу, Exodus).
3. Левиликтер (Leviticus).
4. А’дад (сандар, Numeri).
5. Таснийа (Deuoronomium).

(Бұл бес кітаптың жалпы атауы Pentateuch.)

Құран кәрімнің “Исра” сүресінің 2-ші аятында: **«Біз Мұсаға кітап бердік»** делінген. Қазір қолымыздағы Тәуратта кейіннен қосылған көптеп сөздер бар. Олардың Мұса алейһиссаламға түскен

шынайы Тәуратқа қатысы жоқ. Тәураттың түп нұсхасында Аллаһу та’аланың “Мұхаммед” атты соңғы пайғамбар жіберетіндігі туралы жазылған. Мұса алейһиссаламның екінші рет Аллаһу та’ала жасаған мінәжатында жолдан адасқан қауымы үшін кешірім сұрағандығы “Араф” сүресінің 155-157-ші аяттарында былай көрсетілген: **«Мұса: “Раббым, егер қаласаң бұдан бұрын мені де олармен жояр едің. Арамыздағы нашар адамдардың жаман әрекеттеріне байланысты бізді жоқ етесің бе? Бұл сенің сынағыңнан басқа ешнәрсе емес. Онымен Сен қалағаныңды адастырып, қалағаныңды тура жолға саларсың. Біздің досымыз Сенсің. Бізді кешіре гөр! Бізге рақымдылық жаса! Сен кешірушілердің ең жақсысысың. Біз үшін бұл дүниеде жақсы мойынсұну мен өмір, ахиретте жаннатты бере көр! Біз күдіксіз саған тәубе еттік, саған бет бұрдық”** деді. Аллаһу та’ала оған: **“Қалаған адамымды азапқа ұшыратамын. Мейірімім шексіз. Ол тақуаларға** (күпірлік пен күнәдан сақтанғандар), **зекетін беретіндерге және біздің аяттарымызға иман еткендерге бұйырады. Олар сауатсыз пайғамбар болған расулға мойынсұнады. Ол расулдың** (есімі мен сипаттарын) **жандарындағы Тәурат пен Інжілде жазылғанын көреді. Ол пайғамбар жақсылықты, имандылықты бұйырып, жамандықпен күпірлікке тыйым салады. Таза нәрселерді халал, жаман нәрелерді харам қылады. Олардың жүктерін түсіреді және ауыр қиындықтарын жеңілдетеді. Осы пайғамбарға сенгендер, оған тағзым еткендер, оған көмектескендер, оған жіберілген нұрға** (Құран кәрімге) **бағынғандар, міне солар мәңгілік бақытқа қауышатындар”** деді.»

Яһудилердің соңғы пайғамбарға сенгендігі және оның келуін күткендігі шындық, тіпті кейбір тәпсірлерде яһудилердің соғыста “Ей Рабби! Келетіні туралы бізге хабар берілген соңғы пайғамбарыңның құрметіне бізге көмек бер” деп дұға еткендігі және ол соғыстарда жеңіске қол жеткізгендіктері туралы жазылған.

Мұса алейһиссаламнан кейін ибранилерге келген пайғамбарлардың ішінде Дәуіт және Сүлеймен (алейһимуссалам) хақ дінді таратты.

Яһуди дінінің негіздері:

Иман: Бір ғана Аллаһ бар. Ол өздігінен бар. Туылмаған, тумайды. Барлық нәрсені көреді және біледі. Кешіру немесе жазалау тек соның құдіретінде.

Ахлақ: Негізі он қасиетті бұйрықтан (ауамири-и ашара) тұрады. Адам осы он бұйрыққа бағынуы керек. Адамның рухы мен тәні бөлек-бөлек, рух қияметке дейін өлмейді. Ахирет өміріне сенуге тиіс.

Дін негіздері: Яһуди емес ұлттар пұтқа табынушылар деп саналады. Олардан мүмкіндігінше аулақ болу керек. Олармен байланысты үзу керек. Қанды немесе қансыз құрбан шалынуға тиіс. (Яһудилер барлық жануарды, тіпті көгершінді, көбінесе қой, ешкі, сиырды құрбандыққа шалатын. Кейіннен тұзсыз наннан жасалатын "қамырсыз" атты пиццалар құрбан орнына қолданылды. Оларды тарату қансыз құрбандық деп аталды). "Қанға - қан, жанға – жан" қағидасы қолданылады. Еркек балалар хахам (раввин) тарапынан сүннеттеледі, еті желінетін малдардың сойылуы тиіс. Басқаша өлтірілген мал еті желінбейді. (Қазіргі кезде Еуропа мен Америкада Яһуди қасапшыларының дүкендерінде "кашер" деп аталатын белгі қойылады. Оның мағынасы ол дүкенде сатылатын еттің хахам[17] дардың көрсеткен әдісімен сойылған ет екендігін аңғартады. Яһудилер тек осылай сойылған етті ғана жейді. Мұсылмандар да тек Аллаһу та'аланың есімімен сойылған малдың етін жейді. Доңыз етін мүлдем жемейді.) Яһуди әйелдері некесі қиылғаннан кейін басын жауып жүруге мәжбүр. Қазір яһуди әйелдері бұл істі Еуропада бастарына парик кию арқылы жүзеге асыруда. Доңыз етін жеу де яһудилер үшін харам нәрсе.

Яһудилердің ғибадат әдістері бірнеше топқа бөлінеді. Сенбі - қасиетті күн, бұл күні олар жұмыс істемейді, от жақпайды. Яһудилер бұл күнді мереке етіп өткізеді. Оны "шабат" деп атайды. Яһудилердің тағы бірнеше мерекесі бар. Пасх - яһудилердің Мысыр құлдығынан құтылу мерекесі. Шаввот - гүл мерекесі, ол Тәурат пен он бұйрықтың берілу мерекесі. Кипур – ұлы ораза күні, яһудилердің тәубе етіп, кешірілу мейрамы. Сухкот - қамыс мерекесі, ол шөлдегі өмірді еске түсіреді.

17 **Хахам** – яһуди дін қызметкері, раввин.

Хахамдардың христиан пірәдарлары (поптары) сияқты күнә кешіру құқығы жоқ. Олар тек ғибадаттарды басқарады. Аллаһу та'аланың алдында барлық яһудилер тең, араларында ешқандай айырмашылық жоқ. Діни салтанаттар және хахамдардың ғибадаттарды басқару тәсілі Мұса алейһиссаламнан кейін келген пайғамбарлар тарапынан көбейтілген, яғни жаңа негіздер қосылған. Дәуіт алейһиссаламнан кейін оған жіберілген **Зәбур**дің діни рәсімдерде оқылуы немесе аспапта ойналуы ғибадатқа енгізілген.

Дәуіт пайғамбар шамамен б.д.д 1000 ж дүниеге келген (Еуропалық тарихшылар Дәуіт алейһиссаламның билік кезеңін б.д.д. 1015-975 жыл деп көрсетеді, бірақ бұл нақты емес). Бұрын шопан болған Дәуіттің дауысы әсем болғандықтан оны мемлекет басшысы Талут шақырып алып, оны музыкалық аспапта (рубаб) орындаушы етіп қояды. Бұрын араларында достық қатынас болғанмен Талут оны өзіне жолдас етіп алғаннан кейін Дәуіттің атағы күн сайын арта түсіп, отыз жасында бір соғыста алып Жалутты таспен ұрып өлтіруі, халықтың оған таң қалуы Талутты сескендіріп, Дәуітті өзінен алыстатады. Бірақ, Талут қайтыс болғаннан кейін Дәуіт алейһиссалам халықтың тілегімен оның орнын басып, алғаш рет Құдысты исраилдықтардың орталығы етеді. Дәуіт алейһиссалам 40 жыл билеушілік қызмет атқарады. Оған **"Зәбур**" деген кітаптың берілгендігі туралы Құран кәрімнің "Ниса" сүресінің 163-ші аятында және "Исра" сүресінің 55-ші аятында жазылған. Онда Дәуіттің Аллаһу та'алаға жалбарынуы, Одан кешірім сұрауы бар екендігінде күмән жоқ. Алайда қазіргі Қасиетті кітаптағы Зәбурда бұлармен қоса басқа адамдар тарапынан қосылған бөлімдер де кездесетіндіктен, Аллаһу та'ала жіберген қалпынан толығымен өзгерген. Аллаһу та'ала Дәуіт алейһиссаламға көптеген жақсылықтар сыйлаған. Құран кәрімде "Саба" сүресінің 10-шы аятында: **«Біз Дәуітке ізгілік** (пайғамбарлық, кітап, сұлтандық, әсем дауыс, темірді қолымен қалаған күйге салу ұсталығы сияқты) **артықшылықтар бердік. "Ей, таулар мен құстар, сендер де онымен бірге тәсбих етіңдер" дедік. Ол үшін темірді жұмсақ еттік»** деп бұйырылған. "Сад" сүресінің 17-19-шы аяттарында: **«Ей Мұхаммед! Кәпірлердің айтқан сөзіне сабыр ет. Құлымыз, күш иесі Дәуітті есіңе**

түсір! Ол әрдайым Аллаһқа тәубе ететін. Біз азаннан кешке дейін онымен бірге тәсбих ететін таулар мен құстарды оның билігіне берген едік» және "Сад" сүресінің 25-ші аятында: **«Біздің қасымызда Оның жоғары орны және жарқын болашағы бар»** деп бұйырылған. Қазіргі кездегі қолымыздағы Тәурат пен Інжілде Дәуіт алейһиссаламның қарамағындағы Урия деген әскердің Батшаба атты әйелмен болған оқиғасы ретінде "Екінші Самуилдің" 11-ші бабында жазылған ұятсыз хикая шындыққа жанаспайды. Бұл ұлы пайғамбарға жабылған жала болып табылады.

Құран кәрімде бұл туралы анық мәлімет кездеспейді. Керісінше, Дәуіт алейһиссаламның әрдайым Аллаһу та'аладан қатты қорқатындығы, оған білім және хақты бұрыстан айыратын күш берілгендігі туралы жазылған. "Сад" сүресінде (24-ші аят) бір қой мәселесінде әділетсіздік жасап қоюдан қорқып, сәжде еткені, Аллаһтан ғафу тілеп, көп дұға еткені жазылған. Бұл Урия аңызының Тәурат пен Інжілге кейіннен қосылғандығын Ислам ғалымдары бірауыздан қолдайды. **"Исраилийат"** деп аталатын мұндай ойдан шығарылған хикаяларды яһудилер сауаты жоқ мұсылмандар арасына да таратуды қалағанымен Ислам ғалымдары олардың жалған екендігін көрсеткен.

Дәуіт алейһиссаламның баласы - Сүлеймен пайғамбар. Ол әкесінің орнына Исраил ұлдарына пайғамбар, әрі билеуші болды. Жын, жыртқыш аң және құстармен сөйлесетін. Сүлеймен алейһиссаламның дәуірі - исраилдықтардың ең жарқын кезеңі болды. Сүлеймен пайғамбар кезеңіне дейінгі Исраил билеушілері сарайдың не екенін білмейтін, жоғарыда аты аталған Талуттың үйі ең жаман шаруаның үйімен бірдей болатын. Сүлеймен алейһиссалам ең алдымен Құдыс қаласын және бір сарай салдырды. Бірнеше ғимарат, сарайлар, бау-бақша, құрбан шалатын орындар, ғибадат орындарын салдырды. Құдыста салдырған ең ірі ғибадатхана **Масжиди Ақса – Бәйти Мұқаддас** (қасиетті үй) деп аталады. Финикиялық ұсталарға салдырған бұл ғимараттың құрылысында жындар да қызмет атқарады. Бұл мешіттің құрылысында өте бағалы заттар қолданылды. Оған ұзақтан қараған кезде алтындай жарқырап тұратын. Оның құрылысы жеті жылға созылды. Бұл мешіт ассирия билеушісі екінші Бухтуннасар (Навуходоносор)

Құдысты басып алған кезде өртелді. Тәурат нұсқаларының барлығы жанып кетеді. Мешіт Ақсаны Кейхусрау жөндетеді, бірақ кейіннен оны римдіктер өртейді. Кейіннен Константинополь грек-византия императорлары мешіт Ақсаны жөндеп, Құдысты "Илия" деп атады. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам Масжиди Ақсада намаз оқыған. Құдыс хиджраның 16-шы жылы Омар "радиаллаһу анһ" дәуірінде мұсылмандар қолына өтті. Абдулмәлік (рахимаһуллаһ) дәуірінде қазіргі мешіт салынды. Жаңа құрылысқа енбей, сыртта қалып қойған бұрынғы қабырғаларды қазіргі кезде яһудилер "жылау қабырғасы" деп атап, осы жерде дұға оқиды.

Сүлеймен алейһиссалам кезеңінде Құдыс әлемнің ең бай, ең әсем қаласы болған. Сүлеймен пайғамбар салдырған керемет сарайлар, ондағы құнды заттар туралы көптеген хикаялар бар. Әлемде ешқандай патша Сүлеймен алейһиссалам сияқты тамаша өмір сүрмеген деуге болады Сүлеймен пайғамбардың бірнеше әйелі мен күңдері болды. Сүлеймен алейһиссалам саудаға көп көңіл бөлгендіктен, байлығы күн сайын арта түсті. Ол сарайын жаңа, бағалы заттармен безендірді. Бірнеше қымбат бағалы жылқы, құстар және басқа да жануарлар асырады. Сарайда күніне 30 сиыр, 100 қой және киіктер сойылатын. Сүлеймен алейһиссалам әрдайым бейбітшілікті қалап, көршілерімен достық байланыс орнатты. Көршісі Мысыр перғауынының қызына үйленген. Сондай-ақ Саба ханшайымы Билқисті де хақ дінге шақырып, онымен достық қатынаста болған. Ислам тарихшыларының айтуынша оған да үйленген. Билқистің Сүлеймен алейһиссаламнан шақырту алғандығы Құран кәрімнің "Нәмл" сүресінің 29-32-ші аяттарында айтылады.

Сүлеймен алейһиссалам да барлық пайғамбарлар (алейһимуссалауату уәттәслимат) сияқты өте әділ билеуші болады. "Сүлейменнің әділдігі" Омардың (радиаллаһу анһ) әділдігі сияқты бүкіл әлемде әділеттіліктің үлгісі деп қабылданған. Ол әкесі Дәуіт пайғамбардың дінін жалғастырған.

Сүлеймен пайғамбардың жағдайы туралы Құран кәрімде "Саба" сүресінің 12-ші аятында: **«Сүлейменге күндіз ескенде бір айлық жолды алатын, кешке қайта ескенде бір айлық жол алатын желдерді бағындырдық. Ол үшін еріген мыстан бұлақ ағыздық. Раббының бұйрығымен оған жұмыс істейтін**

жындарды да бағындырдық. Олардан кім әміріміздён тайса, оған жалындаған азаптан таттырдық» делінген.

Құран кәрімнің “Сад” сүресі, 30-39-шы аяттарында: **«Дәуітке Сүлейменді бердік. Ол не деген жақсы құл еді. Өйткені ол** (зікір және тәубемен) **Аллаһу та’алаға бағынатын, көп тәсбих айтатын. Оған бір кеште өте бағалы сәйгүлік жүйріктер келтірілді. Сүлеймен: “Мен бұл жақсы аттармен айналысып, Раббымның зікірінен махрұм қалдым, кеш болды” деп қатты қайғырды. “Оны маған кері беріңдер!” деп аяқтарын, мойындарын кесті** (етін кедейлерге таратты). **Кейін бұрынғы халіне қайтты. “Раббым! Мені жарылқа! Маған менен кейін ешкімге нәсіп болмайтын патшалық бер. Әрине Сен өте жомартсың!” деді. Сол тілегі бойынша, Біз қалаған жерге жетуге оның бұйрығымен оңай жүретін желді, әр түрлі құрылыс жасайтын және теңізге сүңгігіш шайтандармен шынжырларға байланған басқаларды оған бағындырдық. “Біздің ихсанымыз (сыйлық) міне осы. Қаласаң оларды басқаларға да бер немесе бермей ұстап тұр, ерік өзіңде. Біздің сыйлықтарымыз шексіз, есепсіз” дедік. Шынында, дүниеде берген осы нығметтер сияқты ахиретте де биік мәртебелері мен көркем келешегі бар»** делінген.

Яһуди және христиан басылымдары қазір қолдарында бар қасиетті кітаптың, яғни “Тәурат” және “Інжіл” деп атаған кітаптарының үш бөлімінің Сүлеймен пайғамбардың кітабынан алынғанын айтады. Бұл бөлімдер “Ахди атик”тің құрамындағы “Сүлейменнің мәтелдері”, “Уағызшы” және “Өлеңдер өлеңі” атты кітаптары болып табылады. Тәуратта Сүлеймен алейһиссаламның желге, құстарға және басқа да аңдарға бұйрық беретіндігі, олардың тілін түсінетіндігі, құстармен аңдардың оның әмірлерін лезде орындайтыны, қол астындағы жындары арқылы салдырған барлық ғимараттарының тез салынып біткендігі туралы айтылады.

Сүлеймен алейһиссалам қайтыс болғаннан кейін Исраил ұлдары он екі қауымға бөлінген. Бұл бөліну ісі Сүлеймен пайғамбар тірі кезде басталған, бірақ ол Аллаһу та’аланың көмегімен, жақсылығымен оларды біріктіріп ұстап тұрған еді. Сүлеймен пайғамбардың орнына ұлы Рехобоам отырды. Оған он екі қауымның екеуі ғана бағынды. Исраил мемлекеті екіге

бөлінді. Бұл мемлекеттің бірі - **“Исраил”**, оған он қауым кірді. Қалған екі қауым **“Яһуда”** мемлекеті деп аталды. Олар Құдыста тұрды, азғындап Аллаһу та’аланың азабына ұшырады, біраз уақыт Ассирия мемлекетіне тәуелді болды. Ассирия билеушісі Бухтуннасар (Навуходоносор) б.д.д. 587-ші жылы Құдысты қиратты. Исраил ұлдарын Құдыстан күштеп шығарып, Вавилонға сүргінге айдады. Алайда, Иран патшасы Кейхусрау (Кир) ассириялықтарды жеңгеннен кейін яһудилердің қайтадан Құдысқа қайтуына рұқсат берді. Яһудилер Құдысқа оралып, өртенген қаланы біршама жөндеуден өткізді. Алғашқыда ирандықтардың, кейіннен македониялықтардың билігі астында өмір сүрді. Б.д.д. 64-ші жылы римдіктер Құдысқа кіреді. Қаланы қайтадан қиратады. Римдіктер екінші рет 70-ші жылы Құдысты талқандайды. Рим императоры Титус Құдысты толығымен жойды.

Яһудилер римдіктердің қол астында болған кезде Иса алейһиссалам дүниеге келді. Әлгі апаттар, соғыстар кезеңінде ақиқат Тәурат нұсқалары жоқ етіледі. Кейін “Тәурат” деген атпен түрлі кітаптар жазылды. Оларға бөтен нәрселер араласқан, бұрыс сенімдер қосылған еді. Сондықтан Аллаһу та’ала яһудилер мен басқа да қауымдарға тура жолды көрсету үшін Исаны пайғамбар етіп жібереді. Яһудилер Исаны пайғамбар деп танығылары келмеді. Алайда, олар Тәуратта жазылғанындай бір пайғамбар келетінін білетін және оны күтетін. Бірақ, күткен пайғамбарларын күшті, батыр, ұстағанын қиратып тұлғалы, оларды римдіктердің билігінен құтқаратын адам болу керек деп ойлайтын. Мінезі өте жұмсақ болған Иса алейһиссаламды олар сондықтан ұнатпады. Оны “жалған пайғамбар” деп, анасы хазіреті Мәриямға жала жабады. Қазір әлемде 15 миллионнан астам яһуди бар. Тәураттың түпнұсқасы жоқ екенін мамандар айтуда. Халықаралық статистика болған **“Britanica of the year”** альманахында айтылуынша, “олардың ұстанған діндерінің ортақ бір дін екендігі де күмәнді” деп көрсетіледі. Өйткені, яһудилердің ішінде әр түрлі топтары (секталары) бар.

АҚШ-тың Калифорния университетінің профессоры Еллиот Фредман авторлығында 1987 жылы жарияланған **«Тәуратты кім жазды?»** деген кітап яһуди және христиан әлемін дүр сілкіндірді. Ол Тәуратты құрайтын бес кітаптың басқа басқа бес дінтанушы

тарапынан жазылғанын, Мұса алейһиссаламға түсірілген Тәурат кітабының түпнұсқасымен еш салыстыруға келмейтінін айтты. Христиандар сенетін **“Китаби мұқаддас**тың**”** (қасиетті кітаптың) **“Жаңа өсиет”** және **“Ескі өсиет”** бөлімдерінің бір-біріне қайшы екендігін көрсеткен профессор Фредман кітабында осыған қатысты мысалдар берген. Сондай-ақ Тәураттың ішіндегі кітаптардың да бір-бірімен, тіпті өз баптарымен қарама-қайшылықтарға толып жатқанына назар аударған профессор Фредман мұндай шығармаға “Аллаһтың кітабы” деген сипат беруге болмайтындығын жазған. Тәуратты құрайтын бес кітаптағы түсіндіру стилі де бір-біріне ұқсамайды.

Профессор Еллиот Фредманның пікірінше, қазіргі Тәурат Мұса алейһиссаламнан бірнеше ғасырдан кейін өмір сүрген бес хахам (раввин) тарапынан жазылған, кейіннен оларды Азра деген хахам біртіндеп жинап, “Ескі өсиеттің” түпнұсқасы деп көбейткен. Профессор **Фредман** өзінің еңбегінде былай дейді:

«Қазіргі кезде Тәураттың үш нұсқасы бар.

1. Яһудилер мен протестанттар мойындайтын ибрани тіліндегі нұсқа.

2. Католиктер мен православтар қабылдаған грек тіліндегі нұсқа.

3. Самирилер тарапынан қабылданған самири тіліндегі нұсқа.

Бұлар Тәураттың ең көне және сенімді нұсқалары деп қабылданғанымен бір нұсқаның ішінде және нұсқалардың арасында бірқатар қайшылықтар бар. Ешбір илаһи (Аллаһтан келген) дінде болмаған, адамдарға зұлымдық жасауды үгіттейтін мәтіндер, пайғамбарлардың кейбіреулеріне қарсы өте төмен және аттарына жараспайтын сипаттамалар бар. Ал хақ болған түпнұсқа Тәуратта қарама-қайшылықтардың, төмен сипаттамалардың болуы мүмкін емес. Ақиқат Тәуратта қайшылықтар болмайды.»

Француз пірәдарларының (поп) бірі Ричард Симон **“Historia Critique du Vieux Testament”** кітабында Тәураттың Мұса алейһиссаламға уаһи етілген Тәурат емес екендігін, кейіннен әртүрлі кезеңдерде жазылып бір кітап ретінде жиналғанын айтады. Аталмыш поптың бұл кітабы жинап алынып, өзі шіркеуден қуылған.

Ғылым докторы Джеан Аструк **“Conjectures il parait que Mouse s’est Servi pour composer le livre dela Genese”** атты

еңбегінде Тәураттың бес бөлімінің әртүрлі жерлерден жиналған кітаптар екенін жазады. Джеан бір бөліміндегі есімдердің екі-үш жерде өзгертіліп, қайталанатындығына да назар аударған.

“Тәкуиннің” бірінші бабының 11-ші аятында және жалғасында өсімдіктердің адамнан бұрын жаратылғандығы жазылған. Екінші бабының 5,6,7,8 және 9-шы аяттарында адамның жаратылғандығы және ол кезде жер бетінде ешқандай өсімдіктің болмағандығы жазылған. Осындай көптеген қайшылықтарға, үлкен қателіктерге назар аударған Джеан Аструк шіркеу тарапынан дінсіз деп жарияланған.

Готфред Ейчхорн “Тәкуиннен” басқа кейіннен келген бес кітаптың да тарихы мен тілі тұрғысынан бір-бірінен ерекшелетіндігін 1775 жылы жарияланған кітабында жазған. Бірақ, оның өзі де, кітаптары да “дінсіздік” деп қараланған.

Неміс ақыны және философы Херден (1744-1803) **“Von Geiste den hebraischen Poesie”** атты еңбегінде “Ескі Өсиеттің” “Мазмурлар” кітабы ішіндегі өлеңдердің бірқатары ибрани ақындарына тән екендігін, әртүрлі кезеңдерде жазылғанын және кейіннен бір кітапқа жинақталғанын жазады. Сондай-ақ, **“Өлеңдер өлеңі”** кітабының да дүниелік және әдептілікке қайшы бір махабатты жырлаған өлең екенін, бұл өлеңдерді Сүлеймен алейһиссалам сияқты бір пайғамбарды мадақтау үшін оқудың дұрыс еместігін айтады. Бұған бұл кітапты оқыған кез-келген адам көз жеткізе алады.

XIX - ғасырда ибрани тіліне жасалған зерттеулер саны артқаннан кейін Тәураттағы бес кітаптың Мұса алейһиссаламға тән емес екендігі және “Ескі өсиеттегі” кітаптардың әртүрлі уақытта топтастырылғандығы дәлелденді. Осы тақырыпта еуропалық көптеген тарихшылар, пірәдарлар мен эпископтар шығармалар жариялаған.

Муд Інжіл Институтынан доктор Грахам Скродж **“Інжіл Құдайдың сөзі ме?”** атты кітапта **“Ескі өсиет”** пен **“Жаңа Өсиет**тің” Құдайдың сөзі еместігін мойындайды.

Ол «Тәкуин кітабы шежіреге толы. Кім кімнен туды? Қалай туылды? Осылар туралы сөз болады. Бұлардың маған не керегі бар. Бұлардың ғибадат және Аллаһу та’аланы сүюмен қандай қатысы бар? Қалай жақсы адам болуға болады? Қиямет күні деген не?

Кімге қалай есеп береміз? Бұл мәселелер туралы өте аз жазылған. Көбінесе әртүрлі аңыздар берілген» дейді. Мұндай кітап қалайша Аллаһтың сөзі болады?

Бұл кітаптардың Аллаһтың сөзі емес екенін түсінген бірқатар батыстық поптар (пірәдарлар) мен ғалымдар көптеген кітаптар жазып, ақиқатты халыққа жеткізуге тырысуда.

Яһудилердің Тәураттан кейінгі қасиетті кітаптары - "Ауызша бұйрықтар" деген кітап. Талмуд екі бөлімнен тұрады. Олар - Мишна және Гамара. Яһуди және христиан зерттеушілерінің Тәураттар жайлы жасаған тұжырымдары: «Тәурат нұсқалары толығымен өзгертілген».

Христиан діні

Иса (алейһиссалам) - хазіреті Мәриям деген қыздан дүниеге келген біз сияқты адам. Құран кәрімде бұл мәселе айқын көрсетілген және қасиетті рух туралы айтылған. Бірақ, мұның мағынасы христиандардың ойлағанындай "Иса - Аллаһтың ұлы" деген сөз емес. "Қасиетті рух" (рух-ул-кудс) ұғымы - Аллаһу та'аланың Иса алейһиссаламға жоғары құтқарушы құдіретінен бергенінің белгісі. Иса алейһиссалам яһудилерге қате жолда екендіктерін, тура жолдың өзі көрсеткен жол екендігін білдірді. Алайда, яһудилер күткен құтқарушыларының өте қатты, айбатты, ұстағанын қиратартын алып, яһудилерді басқа ұлттардың құлдығынан құтқаратын адам болуын күткен-ді. Иса алейһиссаламға сенбеді. Оны жалған пайғамбар деп санап, римдіктерге хабарлап, оған қарсы шықты. Өз сенімдері бойынша оны креске керді. Ислам діні креске керілген адамның Иса алейһиссалам емес екендігін, оны аз ақшаға римдіктерге сатқан Асхарют Яһуда (Judas) екендігін айтады. Қазіргі кезеңдегі христиан тарихшылары жасаған зерттеулер Иса алейһиссаламның кресте өлмегендігін көрсетуде. Джон Ребан деген адам осы туралы 1978 жылы өте көп сатылған бір кітап жариялаған еді. Бұл зерттеулер христиандардың "Иса кресте жан тапсырды. Әке Тәңірі жалғыз ұлын күнәһарлар үшін пида етті" деген аңызының тамырына балта шабуда. Осылайша, христиан тарихшылары шіркеулерге үлкен соққы беруде.

Иса алейһиссаламға **Інжіл** кітабы түсірілді. Бірақ, яһудилер бұл кітапты сексен жылда жоқ етті. Кейіннен жазылған, христиандар Аллаһу та'ала тарапынан жіберілгеніне сенетін **"Китаби мұқаддас"** (Қасиетті кітап) екі бөлімнен тұрады: біріншісі, **"Ескі өсиет" (Old Testament)** кітабының сол кезге дейінгі пайғамбарлардың, әсіресе Мұса пайғамбардың уағыздарын қамтығанына сеніледі. Екіншісі, **"Жаңа өсиет"** (New Testament) Иса алейһиссаламға сенгендердің ішінде Матта **(Matthew),** Марк **(Mark),** Лука (Luke) және Жоханның (Jahn) жазған кітаптары болып, ол Иса алейһиссаламның өмірін, жасаған істерін және айтқан насихаттарын қамтиды.

Інжілді дайындауда Құран кәрімнің жазылуында сақталған мұқияттылық сақталмаған. Ақиқат мәліметтерге бірқатар қате түсініктер, ырымдар, аңыздар енгізілген. Хиджраның 1303 (м.1885) жылы қайтыс болған монастырлық мұғалім қажы Абдуллаһ Абди бектің арап тілінде жазылған **"Рисала-и самсамийа"** және түрік тілінде жазылған **"Изах-ул-мәрам"** кітаптарында Інжілдер туралы кең мәлімет берілген. Ақиқат Інжілге өте жақын Інжіл нұсқаларының да бар екендігі қазіргі кезде байқалуда.

Олардың ең маңыздысы **Барнабас** (Варнава) Інжілі. Барнабас Кипрде дүниеге келген яһуди кісі, шын аты Жозеф болатын. Ол Иса алейһиссаламға сенетіндердің алғашқыларынан бірі және хауарилердің (апостол) арасында маңызды орын алады. Оған тағылған "Барнабас" деген лақап "насихат жасаушы", "жақсылыққа шақырушы" мағынасына келеді. Христиан әлемі Барнабасты Павлоспен (Saint Paul) бірге христиан дінін таратқан қадірлі тұлға деп таниды және жылда маусымның 11 жұлдызында пасхасын тойлайды. Барнабас Иса алейһиссаламнан естіген, үйренген нәрселерін сол күйінде өзгертпей жазып отырған. Бұл Інжіл христиандықтың алғашқы үш жүз жылында басқа Інжілдермен бірге қолдан-қолға өтіп, оқылған. 325 жылы Изникте (Nicene - Никея) поптардың рухани мәжілісі ибрани тіліндегі барлық Інжілдерді жоюға шешім қабылдаған кезде, Барнабас Інжілі де жойылған. Өйткені, сол жиында төрт Інжілден басқа Інжілді оқыған және сақтаған адамдарды өлтіру туралы бұйрық шыққан еді. Қалған Інжілдер латын тіліне аударылған, тек

Барнабас Інжілі өте құпия түрде жоғалған. 383 жылы папа Дамасус кездейсоқ қолына түкен Барнабас Інжілінің нұсқасын папалықтың кітапханасында сақтаған. Хиджраның 993 (м.1585) жылына дейін осы жерде тұрған Барнабас Інжілін папа Сикстаның (Sextus) досы Фра Марино (Fra Marino. “Fra” итальян тілінде “бауыр” және “пірәдар” мағынасына келеді) кітапханадан тауып алып, оны көп зерттеген. Өйткені, атақты христиан дінбасы Иранеус (130-200) шамамен 160 жылы Аллаһтың бір екенін, Исаның Аллаһтың баласы еместігін айтып, “Павлос римдіктердің бірнеше тәңірге табыну әдетін алып, үш Құдайға табыну сенімін христиан сеніміне қосқысы келген” деп, Павлосты сынға алғанда бұған дәлел ретінде бір құдай сенімін уағыздаған Барнабас Інжілін көрсеткен еді. Осыны білетін Фра Марино Барнабас Інжілін мұқият оқып, шамамен 1585-1590 жылдары аралығында оны итальян тіліне аударған. Осы итальянша қолжазба әркімнің қолына өтіп, соңында Пруссия королінің кеңесшісі Кремердің қолына тиеді. Кремер оны х.1120 (м.1713) жылы түріктерді Зентада жеңгендігі және олардан Мажарстан мен Белградты алғандығы үшін Европада атағы таралған ханзада Юган де Савойға (1663-1736) сыйлаған. Ол қайтыс болғаннан кейін Барнабас Інжілі оның жеке кітаптарымен бірге 1738 жылы Венадағы королдік кітапханасына (Hofbibliothek) өткізілген.

Алғаш рет бұл кітапханадан Барнабас Інжілінің итальянша аудармасын тапқан ерлі-зайыпты Рогтар (Ragg) оны ағылшын тіліне аударған. Осы ағылшынша аудармасы х.1325 (м.1907) жылы Оксфордта басылған. Бірақ, бұл аударма да таңғажайып тәрізде жоғалып кеткен. Оның бір нұсқасы “Британ музей” мұражайында, бір нұсқасы да Вашингтонда Америка конгресі кітапханасында бар. Пакистанның Құран кәрім қоғамы “Qoran Council” ағылшынша нұсқасын 1973 жылы қайтадан басып шығарды.

Барнабас Інжілінің 70-ші бабында: «Иса өзіне “Сен Аллаһтың баласысың” деген Петрусқа ашуланды. Оған ұрысып “Кет, жоғал! Сен шайтансың, маған жамандық істегелі тұрсың” деді. Одан кейін хауарилеріне қарап. “Маған бұлай айтқандарды қарғыс атсын. Өйткені, Аллаһ маған оларды лағнеттеуге бұйрық берді” деді» делінеді.

71-ші бабында: «Мен ешкімнің күнәсін кешіре алмаймын. Тек Аллаһ қана күнәларды кешіреді» дейді.

72-ші бабында: «Иса:“Мен бұл дүниеге Хақ Та’аланың дүниеге саламат әкелетін расулының жолын дайындау үшін келдім. Бірақ, сендер абайлаңдар, ол келгенге дейін алданып қалмаңдар. Өйткені, менің сөздерімді алып, менің Інжілімді бұзатын бірқатар жалған пайғамбарлар шығады” деді. Сол кезде Андреастың: “Ол расул туралы бізге айтып берерсің?” деген сұрағына “Бұл расул сендердің дәуірлерінде келмейді. Сендерден бірнеше жылдан кейін менің Інжілім өзгертіліп және ақиқатқа шынайы сенгендерден шамамен 30 кісі қалғанда ғана келеді. Міне, сол кезде Хақ Та’ала адамдарға аяушылық танытып, елшісін жібереді. Оның үстінде әрдайым ақ бұлт жүреді. Ол өте құдіретті болады, пұттарды қиратады, пұтқа табынушыларды жазалайды. Оның арқасында адамдар Аллаһты таниды. Оны құрмет тұтады және мен де шындық адамдық халіммен сол кезде танысламын. Менің адамнан басқа нәрсе екендігімді айтқандардан кек алады” деп жауап берді» дейді.

96-шы бабында: «Аллаһ тірі. Аллаһу та’ала бабамыз Ибрахимге: “Сенің нәсіліңнен шыққан барлық адамдарды нығметіме бөлеймін” деп уәде берген, алайда ол мәсих (расул) мен емеспін. Аллаһу та’ала мені дүниеден алып кеткен кезде шайтан барлық адамды менің Аллаһтың өзі немесе Аллаһтың баласы екендігіме сендіреді. Осы қарғыс атқыр бүлікті тағыда шығарады. Сөздерім мен сенімімнің бұзылып, өзгеретіні соншалық, отыз шақты ғана иманды адам қалады. Сондай заманда Аллаһу та’ала адамдарға рақымшылық жасап, барлық нәрсені сол үшін жаратқан расулын жібереді. Бұл расул оңтүстіктен келеді. Үлкен құдіретке ие болады. Ол пұттарды қиратады, пұтқа табынушылықты және шайтанның адамдарға билігін жояды. Оның сөзіне сенгендер Аллаһу та’аланың түрлі нығметтеріне қол жеткізеді» дейді.

97-ші бабында: «“Айтқан Мәсихіңнің аты кім және оның келу белгілері қандай?” деп сұраған көріпкел бақсыға Иса былай деді: “Мәсихтің аты таңдануға тұрарлықтай. Аллаһу та’ала оның рухын жаратқан кезде оған осы есімді берді және оны өзінің көктегі әсем орнына қойды. “Күт, ей Ахмет, сен үшін мен жұмақты, әлемді және

көптеген нәрселерді жаратамын. Оларды саған сыйлаймын. Сені қадір тұтқан адамды мен қадір тұтамын. Саған күпірлік жасаған адам менен қарғыс алады. Мен сені әлемге менің құтқарушы расулым ретінде жіберемін, сенің сөзің ақиқаттан тұрады. Жер мен көк жойылса да, сенің иманың мәңгі сақталады" деді. Оның есімі Ахмет болады. Осыған орай, Исаның айналасына жиналған халық "Ей, Ахмет! Әлемді құтқару үшін тезірек кел!" деп айқайлай бастады» деп жазылған.

128-ші бабында: «Бауырларым! Мен топырақтан жаратылған адаммын. Сендер сияқты жер басып жүремін. Күнәларыңды біліп, тәубеге келіңдер. Шайтан римдік әскердің көмегімен сендерге менің Құдай екендігімді айтып, сендерді алдайды. Олардың жасанды және жалған тәңірлеріне құлшылық жасау арқылы Аллаһтың қарғысына ұшырайтынын көріп, оларға сенбеңдер» делінеді.

136-шы бабында: тозақ туралы түсіндірме беріліп, Мұхаммед алейһиссаламның өз үмбетін жаһаннамнан қалай құтқаратындығы айтылған.

163-ші бабында: «Хауарилердің: "Келетіні туралы айтқан адамың кім?" деген сұрағына Иса жүрегі тебіреніп тұрып: "Оның есімі Ахмет. Ол келген кезде ұзақ уақыттан бері жауын жаумаса да, жерде жеміс ағаштары өседі. Ол әкелген Аллаһтың рахметінің арқасында адамдарға жақсы, ізгі істер жасауға мүмкіндік туады. Аллаһтың рақымдылығы адамдарға жаңбырдай жауады" деді» дегені келтірілген.

Иса алейһиссаламның соңғы күндері туралы Барнабас Інжілі мынадай мәлімет береді **(215-222-ші бабтар):** «Рим әскерлері Исаны ұстау үшін ішке кірген кезде төрт ұлы періште Жәбірейіл, Исрафил, Микаил және Әзірейіл Аллаһу та'аланың әмірімен Оны құшақтап алып, терезеден шығарып көкке көтерді. Рим әскерлері өздеріне жол көрсетіп жүрген Йаһуданы (Иуда, Judas) "Сен Исасың!" деп ұстап алды. Оның қарсылығына, айқайлағанына, жалбарынғанына қарамай, сүйреп апарып креске керді. Кейіннен Иса алейһиссалам анасы мен хауарилерге көрінді. Мәриямға: "Ана, көріп тұрсың ғой. Олар мені емес, сатқын Йаһуданы асып өлтірді. Шайтаннан сақтаныңдар! Өйткені, ол дүниені қате сеніммен

алдап-арбау үшін барлық нәрсені жасайды. Көрген, естіген нәрселерің үшін сендерді куәгер етемін" деді. Одан кейін сенгендердің қорғалулары және күнәһарлардың өкінуі үшін Аллаһу та'алаға дұға етті. Шәкірттеріне қарап: "Аллаһу та'аланың нығметі мен рақымдылығы жаусын"- деді. Сосын төрт періште оны шәкірттері мен анасының көз алдында қайтадан аспанға алып кетті».

Барнабас Інжілі соңғы пайғамбар Мұхаммед алейһиссаламның келетінін одан 1000 жыл бұрын айтып тұр. Аллаһу та'аланың бір екендігін айтып, үш құдай сенімін жоюда.

Барнабас Інжілі Мұхаммед алейһиссалам келуден 700 жыл бұрын "кәпірлік" деп қараланып, жиналып алынып жоғалтылды. Демек, сол кездің өзінде оның ішінде фанатик христиандарға ұнамайтын, яғни Аллаһу та'аланың бір екендігін, Иса алейһиссаламнан кейін басқа пайғамбардың келетінін көрсететін сөздер болған. Оны итальян тіліне аударған Фра Марино католиктік пірәдар болатын. Мына нәрсені ұмытпау керек, көп уақыт бұрын, яғни б.д.д. 300-325 жылдар аралығында бірқатар христиан дін адамдары Иса алейһиссаламның Аллаһтың ұлы екендігін қабылдамай, оның да біз сияқты адам екенін дәлелдеу үшін Барнабас Інжілін алға тартады. Олардың ең танымалы – Антиохия епископы Лучиан. Оның шәкірті Ариус (270-336) одан да танымал болған. Ариус Александрия епископы, кейіннен Стамбул патриархы болған Александр тарапынан "кәпір" деп жарияланып, қудаланған. Осыған орай Ариус досы, Измит епископы Еусбюстың қасына барады. Ариустың сенімі айналасына көптеген жақтастар жиналады. Тіпті Византия императоры Константин мен қарындасы да оның құрған ариандар мазһабына кіреді. Ариустан кейін тек Мұхаммед алейһиссалам кезеңінде папа болған Гонорий ғана (Honorius) Иса алейһиссаламның адам баласы екендігін және үш тәңірге сенудің дұрыс еместігін айтқан. 630 жылы қайтыс болған папа Хонориус 48 жылдан кейін 678 жылы Константинополда жиналған Рухани мәжіліс тарапынан ресми түрде "кәпір" деп лағынеттелген. (Anathematised) 1547 жылы сицилиялық рахиб (христиан дін адамы) Камиллоның ықпалында болған Л.Ф.М Соззини христиандардың ең ұлы дін ғалымы және Келвинизмнің құрушысы француз Джан Келвинге (1509-1564): «Мен үш тәңірге

сенбеймін» деп, Ариустың мазһабын таңдайтынын білдіріп, маңызды христиан сенімі болған Адам алейһиссаламның үлкен күнәсі және Исаның осыны кетіру үшін дүниеге келгені туралы нанымды қабылдамаған. Осы адамның жиені болған Ф.П. Соззини 1562 жылы бір кітап жариялап, Иса алейһиссаламның тәңір емес екендігін нақты көрсеткен. 1577 жылы Соззини Трансилванияда Клаусенбург қаласына барған еді. Өйткені осы мемлекетті басқарып отырған Сигисмунд үш тәңірі сенімін қабылдамайтын. Сол жерде епископ Францис Давид (1510-1579) үштік сенімге толығымен қарсы шығып, бір мазһаб құрған болатын. Бұл мазһаб Польшадағы Раков қаласында құрылғандықтан олар **“раковиандар”** деп аталды. Олардың барлығы Ариустың мазһабын ұстанатын. Көптеген ынсапты, ақылды христиан дінбасылары қолдарындағы Інжілдерге сенбей, дұрыс Інжілдің Барнабас Інжілі екендігін мойындауда. Мұны көрген папалар және олардың айналасындағы топтар Барнабас Інжілін жоюға бар күштерін салуда.

Қазір христиандардың қолындағы Інжілдерде және «Ескі өсиетте» соншама өзгертулер енгізіліуіне қарамай, Иса алейһиссаламнан кейін бір пайғамбар келетіндігі туралы жазылған. Жохан (Юханна, Jahn) Інжілінің 16-шы бабының 12-13-ші аяттарында былай делінеді: «Менің әлі айтатын бірқатар нәрселерім бар. Бірақ сендер оларға төзе алмайсыңдар. Бірақ, ол келген кезде ақиқатқа жеткізеді» Жохан Інжілінің бұл жазбасы ағылшын және американ інжіл фирмалары тарапынан 1886 жылы Стамбулда армян Бояжиян Агоб баспаханасында басылған. Қасиетті кітаптың ибрани тілінен түрік тіліне жасалған аудармасының 885-ші бетінде былай жазылған: «Менің кеткенім сендерге жақсы. Өйткені, мен кетпейінше сіздерге қамқоршы келмейді. Ол келген соң дүниені күнә, жақсару және үкім мәселелеріне сендіреді. Сендерге айтатын біраз нәрселерім бар. Бірақ, қазір оған шыдамайсыңдар. Алайда, сол ақиқат рухы келген кезде сендерді, ақиқатқа жеткізеді. Өйткені, ол өз сөзін емес, естіген сөздерін айтады және болатын нәрселер туралы хабар береді. Ол мені қадірлі етеді, өйткені менен алғанын сендерге хабарлайды». Бұл жердегі «Ол» сөзі Інжілдің аудармасы мен тәпсірлерінде “рух” немесе “қасиетті рух” деп көрсетіледі. Алайда, латынша түпнұсқада **“Paraclet”**

деп жазылған. Бұл сөз "жұбатушы" деген мағынаға келеді. Демек, пірәдарлар, папалар барлық әрекеттеріне қарамастан Інжілден «Менен кейін бір жұбатушы келеді» деген тіркесті алып тастай алмаған. Бұдан басқа **Павлос**тың жазған хаттарынан (христиандар оны Қасиетті кітаптың бір бөлімі деп санайды) "Коринтослықтарға бірінші хат"тың он үшінші бабының 8-ші аяты және жалғасында: «Сүйіспеншілік таусылмайды, бірақ пайғамбарлардың келуі тоқтайды. Тілдер де жоғалады (мысалы, латын және көне грек тілі), ғылым да өшеді (ортағасыр ғылымы сияқты). Біз де олардың өте аз бөлігін ғана білеміз. Алайда, сол кемел жан келген кезде барлық кінәратты, қате, аяғына жетпеген ілімдер жойылады» деп жазылған. Бұл сөз түрікше **"Қасиетті кітаптың"** 944-ші бетінде де жазылған. Олай болса, христиандар қазір қолдарындағы өздері дұрыс деп қабылдайтын Інжілдерде соңғы пайғамбардың келетіндігін көрсететін бөлімдерге сенуге мәжбүр.

Інжіл ибрани тілінде жазылған еді. Орта ғасырда **"Итала"** деген атпен латын тіліне аударылды. Насрани[18] діні тарала бастаған кезде пұтқа табынушылар мен яһудилер оған қарсы шықты. Насранилер дінді жасырын түрде жалғастыруға мәжбүр болды. Жер астында, үңгірлерде, жасырын жерлерде ғибадат жасады. Яһудилер қанша азаптаса да, Насрани (христиандықтың бұзылмаған дәуіріндегі ескі аты) дінінің таралуына кедергі бола алмады.

Алдыңғы қатарлы яһудилердің бірі және христиан дінінің ең үлкен дұшпандарының бірі болған **Сауль** насрани дінін қабылдағанын айтады және "өзін Иса пайғамбардың яһуди емес ұлттарды насранилік дініне шақыру үшін шәкірт етіп сайлағаны" туралы жалған сөз таратады. (Қасиетті кітап, "Расулдардың істері", 9-баб). Есімін **"Павлос"** етіп өзгертеді. Жақсы насрани болып көрініп жүріп, Иса алейһиссаламның дінін бұзды. Тәуһидті үштік сенімге айналдырды. Насранилік және Исауилікті христиандыққа айналдырды. Інжілді өзгертті. «Иса - Құдайдың баласы» деді. Шарап ішуді, доңыз етін жеуді христиандарға халал қылды. Құбыла бағытын шығысқа ауыстырды. Иса алейһиссалам уағыздаған дінде болмаған көптеген бұрыс нәрселерді насрани дініне

18 **Насранилік** - Христиандықтың негізі бұзылмаған кездегі аты. Бұзылғаннан кейін "христиандық" деп атала бастады.

кіргізді. Оның қате және бұзық пікірлері исауилер[19] арасында тез тарала бастады. Исауилер түрлі топтарға бөлініп, Иса алейһиссаламның тура жолынан адасты. Түрлі аңыздар тоқып шығарып, Иса пайғамбардың жалған суреттері мен мүсіндерін жасады. Кресті символ етіп алды. Мүсіндер мен крестерге табына бастады. Яғни, қайтадан пұтқа табынушылыққа көшті. Исаны (алейһиссалам) Аллаһтың баласы деп қабылдады. Алайда, Иса алейһиссалам оларға мұндай ешнәрсе айтпаған, оларға тек қасиетті рух, яғни Аллаһу та'аланың өзіне берген құдіреті туралы айтқан еді. Христиандар Құдайға, Оның баласы деп қабылдаған Исаға және қасиетті рухқа сенуге мәжбүр болғаннан кейін барлық ақиқат діндердің негізі болып табылатын «Аллаһу та'ала бір және Ол өзгермейтін Жаратушы» деген сенімнен алыстап, үш тәңірге бірден табынудай күлкілі жағдайға душар болды. Бұл **"тәслис"** деп аталады.

Уақыт өте христиан діні ірі мемлекеттердің ресми діні болып жариялана бастады. Алайда оларды алда шіркеулердің билігіндегі қараңғы және үрейлі орта ғасырлық кезең күтіп тұрған еді. Иса пайғамбар уағыздаған адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық негіздері толығымен ұмытылды. Оның бірін-бірі мойындамайтын әртүрлі атпен аталатын шіркеу жамағаттары бір-бірлеріне қарсы фанатизмді, өшпенділік пен қаталдықты өршітті[20]. Өздеріне Құдайдың жердегі көлеңкесі ретінде қарайтын кейбір діншілдер шіркеунің атынан ақылға сыйымсыз зұлымдықтарды жүзеге асырды. Пікірлері және діни көз қарастары ресми шіркеудің көзқарастарына сәйкес келмеген өзге шіркеулерге байланған христиандарға қарсы инквизициялық соттар жүргізіліп, жаппай өлімге кесіліп жатты[21]. Фанатизмге берілгендері көне грек және Рим мәдениетінің барлық туындыларын жоюды қалады. Ғылым мен техникаға қарсы шықты. Ислам ғалымдарының кітаптарын оқып, жердің айналатынын айтқан **Галилей**ді дінсіз деп санап,

19 **Исауилер** – Исашылдық. Насрани дінін ұстанған имандылар. "Исаның (алейһиссалам) жақтастары, жолындағылар" мағынасын береді. "Насранилер" немесе "Мәсихшілер"деп те қолданылады.

20 **История**, для ВУЗов, реком. мин. образовании РФ, стр.73, Ростов-на-Дону 2009

21 **Казахстан. Национальная энциклопедия**, Т.II., *Инквизиция*, стр.476, А. 2005

"сөзін кері алмаса өлтіреміз" деп қорқытты[22]. Отаны үшін күрескен **Жанна д-Арк**ты "сиқыршы" деп тірідей отқа жақты[23].

Испандық доктор және теолог Мишель Сервенің үш құдайлық пен Исаның тәңір екендігін қабылдамай, оның тек пайғамбар және құл екендігін көрсететін кітап жазғандығы, оның протестанттардың көсемі Келвиннің ұсынысымен тірідей отқа жағылғандығы (1553 ж. Женева) **"Қамус-ул-алам"** кітабында және **"Larousse"**да жазылған. Жан түршігерлік инквизициялық **(Inquisition)** соттар құрып, жүз мыңдаған адамды дүние мүлкін алу үшін жөн-жосықсыз дінсіз деп жариялап, әр түрлі қастандықтармен өлтірді. Тек Аллаһу та'алаға ғана тән болған **"күнәні кешіру"** ерекшелігін папаларға, пірәдарларға берді. Олар сый-сияпат, ақша үшін күнәларды «кешірді». Тіпті, жұмақтан жер сатты. Діни көсемдері болған папалар болса дүниеге билік құрды. Әр түрлі сылтауларымен корольдердің өзін "діннен шыққан" деп жариялап, кешірім сұрау үшін аяқтарына жығылуға мәжбүр ететін. 1077 жылы Папа Григорийге "дінсіздік" күнәсін кешірту үшін Каноссаға келген неміс королі **IV Генрий** қыстың күні жалаң аяқ папаның сарайының алдында бірнеше күн бойы күтіп тұрған. Папалардың ішінен көптеген жауыздар шыққан. Олардың бірі **Боргио** дұшпандарын және олардың арасындағы поптарды улап өлтіріп, дүние-мүлкін иемденіп отырған. Өзінің қарындасымен ерлі-зайыптыларша өмір сүрді. Сонда да қасиетті және күнәсіз папа болып есептелді. Христиан дініне **пірәдарлардың үйленбеуі, үйленгендерінің ешқашан ажыраспауы, күнә шығару мәжбүрлігі** сияқты қисынсыз қағидалар енгізілді. Дүниеде өмір сүру күнә болып есептелді.

Жетінші ғасырда шыққан Ислам діні осы қараңғылыққа тараған жарық нұр сияқты болды. Ең кемел және логикаға сай, адамгершілік негіздеріне сәйкес құрылған ұлы Ислам діні пұтқа табынушылық пен негізі бұзылған христиан дініне қарсы тез арада тарады. Ақылы толық әрбір адам осы жаңа дінге бет бұрды. Ғылым мен білімге құрметпен құшақ ашқан мұсылмандар Аллаһу та'ала мен оның расулының бұйрықтарына бағынып, көп істер атқарды.

22 **Казахстан. Национальная энциклопедия**, Т.II., *Галилей*, стр.18, А. 2005

23 **Қазақстан. Ұлттық энциклопедия**, Т.III., *Жанна Д'арк*, 540-б, Алматы 2001

Ғылымда көптеген жаңалықтар ашылды. Сансыз дана, кемеңгерлер жетілді. Қазіргі химия және алгебра сөздері арап тілінен алынған. Осындай көптеген мысалдар мұсылмандардың ғылымға жасаған қызметтерін айқын көрсетеді. Мұсылмандар қысқа уақыттың ішінде үлкен ғылыми орталықтар, медреселер ашты. Бүкіл әлемге ғылым, пән, тазалық, ынсап, мәдениеттілікті таратты. Грек философтарының шығармаларын арап тіліне аударды. Олардың дұрыс еместігін дәлелдеді. Дүниеге танымал философ Хришфельд (Hrischfeld): "Ешбір ұлт араптардың исламды қабылдауының арқасында мәдениеттілікке қол жеткізгеніндей қысқа уақытта мәдениетті бола алмаған" деген. Орта ғасырда христиан әлемі қара түнек өмірді бастан кешіріп, поптар адамзаттың өмірін зынданға айналдырып жатқанда, мұсылмандар және мұсылмандардың билігі астындағы халықтар жан тыныштығында, бейбітшілікте өмір сүрді. Крест жорықтарына қатысқандар Ислам мемлекеттеріндегі байлыққа қол салу үшін мұсылмандарға шабуылдар жасады. Мұсылмандардың қолындағы өздері қасиетті деп санайтын Құдысты алу сылтауымен бір неше рет крест жорықтарын ұйымдастырды[24] (1096-1270).

Крест жорықтарында қаншама мұсылманның қанын төкті. Құдысқа кірген кезде христиан тарихшылары айтқандай мешіттерде өлтірілген мұсылмандардың қаны ат сауырына дейін жетті[25]. Бірақ, кейін Құдысты олардан қайтарып алған Салахиддин Айуби христиандарға үлкен жомарттық танытып, тұтқынға алған ағылшын королі арыстан жүректі Ричардты босатып жіберді. Кейбір христиан фанаттары Осман империясына қарсы жасалған жорықтарды да мұсылмандарға қарсы жасалған крест жорықтары деп санады. 1912-13 жылғы Балқан соғысын бір француз тарихшысы "ең үлкен крест жорығы" деп санау фанатизміне дейін барған-ды. Андалусия мұсылман мемлекеті 1492 жылы испандар тарапынан басып алынған кезде испандықдар ол жердегі мұсылмандарды қырған не болмаса зорлап христиан дінін қабылдатқан еді. Осы тағылық әрекетті ресми шіркеу мен корольдер, конкистадорлар Американың жергілікті халқы инктерге қарсы да қолданған.

24 **Қазақстан. Ұлттық энциклопедия**, T.V., *Крест жорықтары*, 76-б, Алматы 2003

25 **Тамплиеры.** Пирс Пол Рид, стр. 99,104,108-109,227., Москва 2010

Испандар бұл шарасыз ұлтты мүлдем жойып жіберді[26].

Христиан дінінің кейбір өкілдерінің Ислам дініне және оның пайғамбарына жапқан жалалары мен өтіріктері әлі күнге дейін кинофильм (АҚШ), карикатура (Дания), Құран өртеу (АҚШ) тәсілдерімен жалғасын табуда. Үндістандық Рахметуллаһ әфәнді "рахимаһуллаһу та'ала" 1854 жылы Делиде және кейіннен Стамбулда ағылшын протестант дін басыларымен жасаған арадағы пікірталасында оларды жауап бере алмайтын дәрежеге жеткізген, ақырында поптар қашқан. Осы Ислам ғалымы бұл жеңісі туралы және оларға берген жауаптарын Стамбулда қағаз бетіне түсірген. Бұл кітап **"Изхар-ул-хақ"** деген атпен арап тілінде 2 том болып 1864 жылы басылды. Кейіннен Мысырда қайта басылды. Бірінші томының түрік тіліндегі аудармасы осы атпен Стамбулда, екінші томының түрікше аудармасы **"Ибраз-ул-Хақ"** деген атпен 1877 жылы Боснияда басылды. Кітаптың ағылшын, француз, урду, парсы тіліндегі аудармалары да жарық көрген.

Өзгертілген **«Тәурат»** және **«Інжіл»** кітаптарындағы өтірік сенімдер мен жалаларға дәлелдермен жауап берген құнды Ислам кітаптарының ішінде Абдуллаһ Тәржуманның арап тіліндегі **"Тухфат-ул-ариб"** кітабы, Нажаф Әлидің 1871 жылы Стамбулда жазған **"Мизан-ул-мауазин"** кітабы, Имам Ғазалидің (рахметуллаһи алейһ) **"Әр-раддул-жәмил"** кітабы және Ибрахим Фасих Хайдаридің **"Әс-сыратул-мустақим"** кітабы "Хақиқат кітабүйі" атты баспа үй тарапынан басылған.

Христиандардың ішінде де поптардың зұлымдықтарына, ақылға қонымсыз және қисынсыз сенімдеріне қарсы шыққандар кездесті. 1517 жылы Лютер деген пірәдар папаға қарсы шықты, ол Інжілді неміс тіліне аударып, Інжілде кездеспейтін "пірәдарлардың үйленбеуі", "үйленгендердің еш уақытта ажыраспауы", "күнә шығару" және "креске табыну" сияқты мәселелерді христиан дінінен алып тастады. Осылайша 1524 жылы "протестант" деген жаңа христиан бағытын құрды. Бірақ, үштік сенімді (әке, бала, қасиетті рух) сол қалпында қабылдады.

26 Бартоломе де Лас Касас, ***«Кратчайшая реляция о разрушении Индий»***- (исп. *Brevísima relación de la destrucción de las Indias*) 1552.

1534 жылы ағылшын королі VIII Генрий де папаға қарсы шықты және оның ұсынысы және күштеуімен ағылшын-американ шіркеуі салынды. Атақты француз әдебиетшісі Вольтер «Кандид» атты еңбегінде пірәдарлардың қате түсіндірмелері, бұрмаланған діни сенімдері мен әртүрлі айлакерліктері туралы жазып, оларды масқаралады. Бұдан кейін жазылған осындай шығармалар француз төңкерісінің (1789) жасалуына үлкен ықпалын тигізді. Осы төңкерістен кейін пірәдарлар назардан тыс қалды. Амал не, мұсылмандар арасынан уаххаби қарақшылары сияқты бұзық адамдар шығып, Исламды жаман етіп танытқандықтан, христиандар Исламды қабылдаудың орнына дінсіздікке бой алдырды. 1917 жылғы Ресейдегі большевик төңкерісі де дінді жоюға бағытталған. Бірақ, арада уақыт өтіп, төңкерістің әсері азайғаннан кейін адамдар қайтадан табынатын бір құдіретті іздей бастады. Нобель сыйлығының иегері орыс әдебиетшісі Солженицын **“Алғашқы шеңбер”** атты еңбегінде: «Екінші дүниежүзілік соғыста Сталин де Аллаһқа сенген, жерге сәжде етіп, жасырын түрде Одан жәрдем тілейтін» деп жазады.

Иса алейһиссалам көрсеткен алғашқы Исауилік (исашылдық, мәсихшілік) туралы мәліметтерді қамтитын алғашқы Інжіл бірқатар өзгертулерге ұшырап, оған адамдар тарапынан басқа бөлімдер қосылған. Аллаһу та’аланың сөздері жоқ етілген. Осылайша, Інжіл қасиеттілік сипатын жоғалтқан. Ислам ғалымы Әлхаж Абдуллаһ бин Дастан Мустафа **“Изах-ул Мәрам фи кашф-из-зулам”** атты түрікше еңбегінде былай дейді: «Иса алейһиссаламды яһудилер ұстап, өлтіргісі келген кезде қасындағы Інжілді де отқа жаққан немесе жыртып тастаған. Ол кезде Інжіл әлі әлемге таралмаған еді, Иса алейһиссаламның діні де әлі орнықпаған болатын. Өйткені, Иса пайғамбар тек екі жарым, үш жыл ғана дінді уағыздай алды. Сол себептен Інжілдің тағы бір нұсқасының жазылған болуы мүмкін емес. Иса алейһиссаламның сахабалары өте аз және көпшілігі сауатсыз адамдар еді. Сол үшін де оларда Інжілдің тағы бір жазба нұсқасының болуы мүмкін емес. Інжілді ешкім жаттаған да жоқ болатын. Тағы бір мүмкін нәрсе мынау: Иса алейһиссалам дүниеге келгеннен 325 жыл өтіп, Изник (Никея) мәжілісінде көптеп Інжіл нұсқалары қате, негізсіз деп өртелген болатын. Ақиқат Інжілдің солардың ішінде жоғалтып жіберілген болуы да мүмкін».

Інжілге бірқатар бөтен нәрселердің қосылғандығын және Аллаһу та'аланың бұйрықтарымен қоса бірнеше адамдар тарапынан енген жазбалар да бар екендігін қазір христиандар да мойындайды[27]. Інжілдің алғашқыда ибрани тілінде жазылғандығы, кейіннен латын және грек тілдеріне аударылғаны ақиқат. Ибрани тіліндегі нұсқасы грек тіліне аударылған кезде бірқатар қателіктер жіберілген, пұтқа табынушы гректердің "бір құдай" сеніміне қарсылығы және Інжілді Платон философиясына сәйкестендіруді қалауына байланысты ақылға сыйымсыз үш тәңірі (тәслис) сенімі пайда болды.

Исауилік шыққан кезде бұл үш тәңірі сенімі жоқ болатын. Абдуллаһ бин Дастан Мустафа (рахима-һуллаһ) былай дейді: «Тәслис (үш құдай) пікірін алғаш рет философ Платон ойлап шығарды. Павлос деген яһуди оны христиандыққа араластырды. Милаттан[28] 200 жылдан кейін Сибелиус деген пірәдар бұл бұрыс сенімді қайта жаңғыртты. Ол кезде имандылар тек бір Аллаһқа және пайғамбар ретінде Иса алейһиссаламға сенетін. Сибелиустың ұсынысына көптеген христиандар қарсы шықты, шіркеулер арасында қанды қақтығыстар орын алды. Француздан арапшаға аударылған сол дәуірдің бір тарих кітабында осы соғыстар кеңінен түсіндірілген. 200 жылы дінде тек "әке" және "ұл" туралы пікірлер айтылған. Оған "қасиетті рух" сенімі одан 181 жылдан кейін, яғни 381 жылы Византия императоры Теодосиус дәуірінде Константинопольде болған рухани мәжілісте енгізілді. Бұл шешімге қарсы шыққан бірқатар папалар болды. Папа Гонорий (Honorius) ешқашан үш тәңірі жүйесін қабылдамаған. Ол қайтыс болғаннан біраз жылдан кейін "дінсіз" деп жарияланғанымен, үш тәңір сенімін қабылдамағандар жаңа мазһабтар (жолдар) құрған. Иса алейһиссаламның жалған суреттерін салу, мүсінін жасау және оларды шіркеулерге қою және крест белгісінің қасиетті белгі деп танылуы сияқты мәселелер бірқатар қарама-қайшылықтарға, тіпті

---

27 Кеннет Крэгг (Иерусалимдегі англикан попы) «**Призыв минарета**», стр. 277

28 **Милат** – Иса (алейһиссалам) пайғамбардың туған күні. Қазір біз қолданып жүрген григориандық күнтізбенің сол күннен бастап қолданымға енгені айтылады Сол себептен бұл күнтізбеге **«милади күнтізбе»** деп те айтылады.

қанды соғыстарға себеп болып, шіркеулер бұларды тек милаттан 700 жыл өтіп қана қабылдаған.

Христиандардың Исашылдық (Насрани) дінінің негізін өзгертуі, папаны күнәсіз деп есептеуі, пірәдарларға күнә жуу сияқты құқық беруі, адамдардың күнәһар болып туылатындығын айтуы, Інжілде жазылып көрсетілсе де, соңғы пайғамбар Мұхаммед алейһиссаламды қабылдамаулары, қазіргі кезде де Інжіл деп санаған кітаптарына өзгертулер енгізуі Аллаһу та'аланың азабына себеп болуда. "Ниса" сүресінің 171-ші аятында: **«Әй, кітап иелері! Діндеріңде артық кетпеңдер. Аллаһ үшін тек шындықты айтыңдар!** (Оны кемшіліктерден ұзақ деп біліп, ұлылаңдар. "Ұлы бар" деп жала жаппаңдар) **Мәсих Иса - Мәриямның ұлы, Аллаһу та'аланың расулы, пайғамбары. "Бол" деген бұйрықпен жаратылған ол құлды, Мәриямға берді. Ол Аллаһу та'аладан берілген басқа рухтар сияқты бір рух. Аллаһқа және оның пайғамбарларына сеніңдер! Тәңірі үшеу демеңдер! Бұл сөзден бас тартқандарың өздеріңе жақсы. Аллаһ - тек бір құдай! Құдайдың баласы болмайды. Көк пен жердегі барлық нәрсе Оныкі, бәрін Сол жаратты»** деп бұйырылған.

Інжілді өзгерткендер жайлы "Бақара" сүресінің 79-шы аятында: **«Кітапты өз қолдарымен жазып, арзымайтын бағаға сату үшін "Аллаһтың сөзі" дегендерге қандай өкініш! Жазған қолдарына, тапқан табыстарына нендей өкініш!»** делінген. Және де "Ихлас" (Ықылас) сүресінің 1-4-ші аяттарында: **«Айт, Аллаһ бір. Ол ешнәрсеге мұқтаж емес, барлық нәрсе Оған мұқтаж. Ол тумаған, туылмаған, Оған ұқсаған** (тең болған) **ешнәрсе жоқ»** деп бұйырылған.

Құран кәрім Иса алейһиссаламның адал қыз - Мәриямның ұлы екендігін айқын көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай Аллаһу та'ала оған қасиетті рухтан үлес сыйлаған. Бұл жағдай сондай-ақ, "Бақара" сүресінің 87 және 253-ші аяттарында да көрсетіледі. Бұл аяттарда: **«Мәриям ұлы Исаға ашық мұғжизалар бердік. Қасиетті рухпен қуаттандырдық»** делінген. "Али-Имран" сүресінің 48-ші аятында, "Маида" сүресінің 46-шы және 110-шы аяттарында және "Хадид" сүресінің 27-ші аяттарында Иса алейһиссаламға Інжіл кітабының берілгендігі айқын көрсетілген. Адал қыз болған Мәриямнан

туылғаны туралы “Али-Имран” сүресінің 45-ші аятында және жалғасында білдірілген: **«Періштелер: “Әй, Мәриям! Аллаһ саған “Бол” дегенде дереу жаратылатын, есімі Мәриямұлы Иса Мәсих болатын, дүние мен ахиретте қадірлі және Аллаһу та’алаға жақын болатын, адамдармен бесікте жатып, кейін жігіт кезінде сөйлесетін, салих, тақуа, жақсы бала береді” деп, сүйінші берді. Мәриям: “Ей Раббым! Маған ешқандай еркек жақындамаса, қалайша балам болады?” деді. Періште: “Аллаһу та’ала осылайша қалаған нәрсесін жаратады. Бір нәрсені қаласа “Бол” дейді. Ол бар болады” дейді».**

Иса алейһиссаламның бесікте жатып тілі шықты. Сәби кезінде зерек болды. Сұрақтарға таңқаларлық жауаптар беретін. Бұл оның болашақта ерекше бір адам болатынына белгі беруде еді. Құдыста уағыз жүргізе бастайды. Бар болғаны үш-ақ жылға созылған пайғамбарлығы кезінде Құран кәрімде айтылған бірқатар мұғжизаларды көрсетті. Өлгендерді тірілтті, ауруларды жазды, соқырлардың көзін ашты. Иса алейһиссалам үйі жоқ, тоқтамай кезумен жүретін, күн батқан жерде түнді ғибадатпен, дұға етумен өткізетін пайғамбар еді. Өте мейірімді, өте жұмсақ мінезді, өте қарапайым және қайырымды еді. Көрсеткен мұғжизаларына ұялатын, емдеген ауруларының өзіне рахмет айтуларының алдын алу үшін, күтпей тез кетіп қалатын.

Інжілде үкімдер (бұйрықтар және тыйымдар) өте аз болатын. Иса алейһиссалам жаңа дін әкелгендігі туралы айтпаған. «Мен жаңа дін құрып жатқан жоқпын. Мен Исраил ұлдарының пайғамбарлары әкелген, қазір бұзыла бастаған, бір Аллаһқа сенетін Хақ дінді түсіндіру үшін келдім» дейтін. Олай болса, Исашылдықты жаңа дін деп қабылдау дұрыс емес. Исауилік бір Аллаһ діні болған Ибрахим мен Мұсаның (алейһимуссалам) діндерімен бірдей. Иса алейһиссалам өзінің уағыздарын жазбаған. Аллаһу та’аланың жіберген Інжілі де қолда жоқ. Қазір христиандардың қолындағы **“Китаби мұқаддас”** (қасиетті кітап) **Тәурат**тан алынған **“Ескі өсиеттер”** секілді бөлімдер мен **Матай, Марка, Лука** және **Жохан**ның жазған Інжілдері мен “елшілер” деп аталатын шәкірттердің жазған кітапша және хаттарынан тұратын **“Жаңа өсиеттен”** құралған. Бұл төрт автордың кітаптары

бір-бірімен сәйкес келмейді. Бір оқиға туралы түрліше жазған. Басқа хауарилердің жазған Інжілдері жиғызып алынып, өртелген. Бұл оқиға жоғарыда айтылғандай 381 жылы Константинопольде (Стамбул) құрылған, тіпті одан да бұрын 325 және 364-ші жылдарда жиналған король Константин, король Теодосиус заманындағы діни мәжілістерде болған. Сол жиындардың шешімімен өртелген осы Інжілдердің ішінде Мұхаммед алейһиссаламның келетінін ұзақ түсіндірген Барнабас Інжілі де жоқ етілген. Кейіннен жазылған осы төрт кітаптың авторларының Жоханнан басқасы, Иса алейһиссаламды өмірінде көрмеген.

Христиандар Иса алейһиссаламның креске керіліп, сол жерде қайтыс болғанына, кейіннен тіріліп көкке шыққанына сенсе, мұсылмандар Исаның креске керілмегендігіне, тікелей көкке шығарылғандығына, креске керілген адамның римдіктерге Иса пайғамбар жасырынған жерді ақшаға сатып берген Яһуда (Judas) екендігіне сенеді. Құран кәрімде бұл мәселе туралы "Ниса" сүресінің 156-158-ші аяттарында айтылған: **«Яһудилердің Исаны**(-ң пайғамбарлығын) **қабылдамауына, Мәриямға жала жабуына және Аллаһтың расулы Мәриям ұлы Исаны өлтірдік деулеріне байланысты оларды қарғадық, рахметімізден қудық. Негізінде олар Исаны өлтірген жоқ және креске де керген жоқ. Бірақ, бұл істе оларға бір ұқсату жасалды (Яһуда Иса алейһиссаламға ұқсатып қойылғандықтан соны асты). Бұл мәселеде өздері де күмәнданады. Олардың бұл туралы мәліметтері де жоқ, тек ойлары ғана. Олар шындығында Исаны өлтірмеген. Аллаһ оны өзінің қабатына көтерді. Аллаһ қадірлі, үкімінде даналық иесі»**

Иса алейһиссалам аспанға көтерілгеннен кейін Насрани діні біртіндеп әлемге тарай бастады. Алғашқыда бұл жаңа дін пұтқа табынушы римдіктер мен гректер тарапынан өте қаталдықпен күтіп алынды. Исаға сенетіндер ұстап, өлтірілді. Ареналарда жыртқыштарға жем қылынды. Алайда, хақ дін халық арасында өзіне деген сүйіспеншілікпен құрметті арттырып, таныла берді. Өкінішке орай, уақыт өте келе ақиқат Інжіл жойылды. Мұнафиқ болған Павлостың "Исаның креске керілуі – құдайдың бір даналығы, әділеттілігі және адамзаттың құтылуы. Өйткені, Аллаһ

адамдардың күнәларын кешіру үшін өзінің ұлын құрбан еткен" деп алға сүрген мәнсіз көзқарасы қазіргі христиан дінінің сенім негізін қалыптастырған. Иса алейһиссалам еш уақытта адамдардың күнәһар болып туылатынын айтпаған, бірақ қазіргі христиан діні былай айтуда:

1. Адамдар дүниеге күнәһар болып келеді. Өйткені, алғашқы адам - Адам пайғамбар Аллаһқа мойынсұнбаған, сол үшін жұмақтан шығарылған.

2. Адам алейһиссаламнан кейін келген барлық адамдар осы күнәмен келеді.

3. Иса алейһиссалам - адамдарды осы күнәдан құтқару үшін дүниеге келген Аллаһтың ұлы.

4. Аллаһу та'ала адамзат мойнындағы осы үлкен күнәні кешіру үшін өз ұлын креске кергізген.

5. Дүние - қиыншылықтың мекені. Дүниеде көңіл көтеруге болмайды. Адамдар қайғы шегу және ғибадат жасау үшін жаратылған.

6. Адамдар тікелей Аллаһу та'алаға ғибадат жасай алмайды. Аллаһу та'аладан еш нәрсе сұрай алмайды. Тек дінбасылар, пірәдарлар адамдардың орнына Аллаһқа жалбарына алады және олардың күнәларын кешіре алады.

7. Христиандарды папа басқарады. Ол күнәсіз. Оның барлық ісі дұрыс.

8. Адамдардың рухы мен тәні екі бөлек. Адамның рухын тек пірәдарлар ғана тазалай алады, тән болса әрдайым күнәһар болып қала беретін төменгі нәрсе болып табылады.

Христиан дінінің негізі ретінде көрсетілген бұл пайымдаулар ақыл мен қисынға сай келмейді. Сол себептен яһуди дінін жөндеуге тырысқан Иса алейһиссалам алып келген насрани діні өз негізінен алыстап, "христиандық" деген өзгертілген дінге айналған. Христиан дінінің қайтадан ақиқат насрани түріне қайтуы үшін көптеген жұмыстар жасалды. Лютер деген пірәдар протестанттық жолын құрып, біраз түзетулер енгіземін деп бұл дінді толығымен өзгертіп жіберіп, бұзды.

Міне, Ислам діні Иса алейһиссаламнан кейін барлық осы қателіктерді түзету үшін, бара-бара өзгертіліп бара жатқан «Бір Аллаһ» дінін қайтадан илаһи түрге енгізу үшін жіберілген. Аллаһу

та’ала түрлі дәуірлерде түрлі пайғамбарларына жіберген барлық дін кітаптарында соңғы бір пайғамбардың келетінін және оның адамдарды ең тура жолға салатынын хабар беріп келді. Бұл сөз Тәуратта да, өзгертулер енгізілген Інжілде де кездеседі. Жохан Інжілінің 16-шы бабының 12-13-ші аяттарында: «Менің сізге айтатын көп нәрселерім бар. Бірақ, сендер оған шыдай алмайсыңдар. Бірақ, ол келген кезде сендерді ақиқатқа жеткізеді» деп Мұхаммед алейһиссаламның келетінін көрсетеді. Барнабас Інжілінің 72, 96, 136, 163-ші баптарында хазіреті Исаның өз хауарилеріне соңғы пайғамбардың келетінін, есімі Ахмет болатынын, ол келгенге дейін өзгертілетін Інжілді қайтадан түзететінін және жаңа кітап әкелетінін, өзінің креске керілмегенін, креске керілген адамның (тұрған жерін айтып берген) Яһуда екендігін айқын көрсеткен. Құран кәрімнің “Саф” сүресінде бұл мәселе расталады. “Саф” сүресінің 6-шы аятында: **«Мәриямұлы Иса: “Ей, Исраил ұлдары! Мен менен бұрын келген Тәуратты растайтын және менен кейін келетін Ахмет** (Мұхаммед) **деген пайғамбарды хабарлайтын, Аллаһу та’аладан сендерге жіберілген пайғамбармын” деді. Бірақ, олар пайғамбар** (Мұхаммед) **оларға келген кезде, “бұл нағыз сиқыр” деді»** делінген.

Қазіргі христиандардың дін кітабы болған төрт Інжіл Жәбірейіл алейһиссалам арқылы Иса алейһиссаламға көктен түскен нағыз Інжіл емес. Керісінше, Иса алейһиссалам көкке шыққаннан кейін төрт адам тарапынан жазылған тарихи кітаптар болып табылады. Олардың бірі **Матта** (Matthew//Матвей) достарының қалауымен Иса алейһиссалам аспанға көтерілген соң он екі жылдан кейін **“Милад-и Иса”** атты кітап жазған. Бұл кітап Иса алейһиссаламның дүниеге келуі туралы жазылған тарихи кітап болып табылады. Екіншісі **Маркус** (Markos//Марк), ол Иса пайғамбарды көрмеген, хауарилерден естігендерін уруждан (Иса алейһиссаламның аспанға көтерілуі) 28 жылдан кейін жазған. Үшіншісі **Лука** (Luke) деген адам. Ол да Иса алейһиссаламды көрмеген, хауарилерден естігенін 32 жылдан кейін Александрияда жазған. Төртіншісі **- Жохан (**Jahn//Юханна). Оның хауари екендігі туралы айтылады. Уруждан (көкке көтерілуінен) 45 жылдан кейін Иса алейһиссаламның өмірі туралы жазған. Аллаһу та’ала жіберген Інжіл кітабы - тек бір ғана кітап еді. Ол Інжілде бір-біріне қайшы

келетін ешнәрсе болмағандығы ақиқат. Ал төрт Інжіл болса, өзара қарама-қайшылықтарға толы.

Құран кәрімде Иса алейһиссаламның өлтірілмегендігі, асылмағандығы айқын көрсетілген. Аталған төрт тарихи кітапта оның өлтірілгендігі туралы жазылғандықтан Құран кәрімде көрсетілген және Аллаһтың сөзі болған Інжілдің бұл төрт кітаптан басқа кітап екендігі байқалады.

Бұл кітаптардағы оқиғалардың бір бөлігін Иса алейһиссаламнан естімегендіктері, оны Иса пайғамбар көкке көтерілгеннен кейін жазғандықтары кітаптардан аңғарылады және бұл туралы пірәдарлар да айтады. Мысалы: қамаудағы және өлтірілгенін алға тартқан кезде Иса алейһиссаламның аузынан келтірілген сөздер осыған жатады. Бұл сөздердің ақиқат Інжілде жоқ екендігі, Аллаһтың сөзі емес екендігі айқын.

Қазір Іінжілдің Иса пайғамбар заманынан қалған түпнұсқасы жоқ. Христиандардың қолында да, мұсылмандарда да мұндай кітап кездеспейді. Тіпті, пірәдарлардың көпшілігі көктен түскен Інжілдің қазір жоқ екенін айтады. Бір аңыз бойынша яһудилер Иса алейһиссаламды өлтіретін кезде Інжілді өртеген немесе жыртып тастаған, ол кезде Інжіл халық арасына кеңінен таралмаған еді. Өйткені, Иса алейһиссаламның пайғамбарлық кезеңі үшақ жылға созылып, иман келтіргендер өте аз болды. Олардың көпшілігі оқу-жазуды білмейтін. Немесе пірадарлардың 325 жылы өткізген жиналысында келісіп, жойған Інжілдердің ішінде дұрыс Інжілді де қате деп есептеп өртеп жіберген. Ол кезде бірбіріне қайшы келетін 40-50 түрлі Інжіл бар болатын. Әрқайсысына сенетіндердің арасында соғыстар болып, көп қан төгілетін. Ариус соты кезінде олардың төртеуін қалдырып, қалғанын өртегендігі шіркеу тарихтарында жазылған. Бір ағылшын пірәдар тыйым салынған Інжілдерді іздеп тапқандарын ағылшын тіліне аударған, таппағандарының есімдерін жазып, 1236 жылы (м.1820) Лондонда басып шығарған. «Әл-жауаиб» газетінің хатшысы Ахмет Фариси оны арап тіліне аударған. Жұртшылықтың “Інжіл” деп сеніп жүрген кітаптарының есімдері **“Самсамийа”** кітабына енгізілген.

Христиандар осы төрт Інжілдің және қолдарындағы **Тәурат, Зәбур** деген кітаптардың көктен түскендігіне сенеді. Осы төрт

Інжілде Иса алейһиссаламның сөздері деп жазып қалдырылғын деркетер күмәнді әрі мәшһүр емес. Марк мен Лука Павлостың шәкірттері, олар Иса алейһиссаламды ешқашан көрмеген. Павлостың да Иса алейһиссаламды көрмегендігі және ол көкке шығарылғаннан кейін келіп: «Иса маған көктен көрініс берді» дегендігі **«Китаби мұқаддас**тағы» **"Расулдардың іс-әрекеті"** деген кітабының тоғызыншы бөлімінде Лука тарапынан жазылған. Олардың хауарилерден естігендерін жазғандығына да сенуге болмайды. Өйткені, өздеріне осы мәліметтерді жеткізгендердің ешқайсысының есімдері мен жағдайлары туралы жазбаған, керісінше Иса алейһиссаламды көріп, өзінен естігендей етіп жазған. Тарихшылар мұндай жазуларды жалған деп есептейді. Мысалы: Иса алейһиссаламды яһудилер ұстауға келген түні жанындағы он бір хауаридің (апостол) қашып кеткендігі және басшылары **Петрус**тың алыстан бақылап, Иса алейһиссаламды әкеткен яһудилердің артынан бас раввиннің үйіне дейін барғаны, кейін олардан қорқып қашқандығы **Матта**ның 26-шы және **Марк**тің 14-ші баптарында жазылса, төрт Інжілде "яһудилер Исаны ұстап, олай жасады. Ол былай жауап берді"- деп көргендей жазады. Бұлардың өтірік екендігі айқын.

Қазіргі таңда бүкіл христиандар Изник консилінде (Никея діни мәжілісінде) поптар қабылдаған төрт кітаптың көктен түскен Інжіл екендігіне сенеді. Жохан (Юханна) Інжілінде жазылған тәслис (үш құдай) сенімі діндерінің негізі болып табылады. Яғни Иса алейһисаламды тәңір немесе тәңірдің баласы деп санайды. Мұхаммед алейһиссаламға сенбегендіктері, мұсылман болмағандықтары үшін барлығы кәпір болып есептеледі.

Брахманизм

Бұл дін Иса алейһиссаламнан көптеген ғасыр бұрын Үндістаннан шыққан ақиқат және илаһи дін болған. Олар кейіннен бұзылып, кәпір болды. Бұл діннің басындағылар "брахман" деп аталады. "Брахма" - "қасиетті сөз" дегенді білдіреді. Оның төрт баласы бар екендігі айтылады. Төрт ұлының бірі аузынан, қалған үшеуі қолы мен аяғынан жаратылған делінеді. Осы төрт баласына

байланысты брахмандар адамдарды төрт топқа бөледі:

1. **Брахмандар.** Олар Брахма сенімінің қасиетті дін басылары және ғалымдар. Қасиетті Веда кітабын оқу, түсіндіру және басқа брахма мүшелеріне жол көрсету - олардың міндеті. Өте беделді әмірлеріне ешкім қарсы келе алмайды. Барлық адам олардан тартынады.

2. **Мухарибтер.** Бұл топқа билеушілер, раджалар, мемлекет қайраткерлері және әскерилер кіреді. Олар **"Кришна"** деп те аталады.

3. **Саудагерлер** және **егіншілер.** Олар "ваянса" деп аталады.

4. **Шаруалар, жұмысшылар, мәрдігер** және тағы басқалар.

Бұл төрт топқа жатпайтындар **"парйа"** (адамнан төмен махлұқтар) деп аталады. Олардың адамдай өмір сүру құқығы жоқ. Төрт топқа кіретін адамдардың құқықтарын иелене алмайды. Брахма сенімінде пұттар да кездеседі. Бұл пұттардың түрі, мәні, жеуге болатын және болмайтын нәрселер, қылмыстар және жазалар **"Манава Дхарина Шастра"** атты қасиетті кітаптарында жазылған. Мұның мағынасы "Манудың дін кітабы" деген сөз. Брахмандар бірнеше тәңірге сенеді. Ең үлкен тәңірлері-жамандықты жою үшін адам кейпіне енген **Кришна**, екінші тәңірі – **Вишну.** Үшінші тәңірлері - **Сива.** Оларда Вишну өте маңызды. Мағынасы - "адамның санасына әсер етуші" болған Вишну қою көк түсті дене және төрт қолды махлұқ деп суреттеледі. Ол Гарута деген бүркітке мінген немесе лотос гүлінің не бір жыланның үстіне отырғызылған. Брахма сенімі бойынша Вишну қазірге дейін дүниеге тоғыз рет (адам, жануар немесе гүл түрінде) келген. Енді оның оныншы келуі күтілуде.

Брахма дінінде өлтіруге тек соғыста ғана рұқсат беріледі. Басқа кезде адамды, жануарды өлтіруге болмайды. Адам қасиетті жаратылыс болып табылады. Реенкарнацияға (Танасух - рух қайта қонуы) сенеді. Яғни адам өлгеннен кейін рухы басқа түрде қайтадан дүниеге келеді деп есептейді. Вишнудың да жануар кейпінде келуі мүмкін деп, бұл дінде жануарларды өлтіруге қатаң тыйым салынған. Сол үшін фанат брахмандар ешқандай ет жемейді.

Ману кітабы бойынша адамның өмірі төртке бөлінеді:

1) Жалқаулық. 2) Үйлену. 3) Мунзауилік (жалғыз өмір сүру). 4) Сауап алу үшін қайыршылық жасау.

Үндістандағы Ислам ғалымдарының үлкендерінің бірі және тасавууф маманы ғалым Мазхар Жаны Жанан (рахметуллаһи алейһ) 14-ші хатында "Үнді кәпірлерінің мерекелері" жайлы парсы тілінде жазған. Онда: «Аллаһу та'ала барлық адамдарға бақыт жолын көрсеткені сияқты, Үндістанға Берниха деген періште арқылы **"Веда"** және **"Бид"** деген атаумен кітап жіберді. Бұл кітап төрт бөлімнен тұратын. Бұл діннің мужтаһидтері олардан алты мазһаб шығарды. Сенім-ақида бөлімін "Дахрен Шайстер" деп атады. Адамдарды төрт топқа бөлді. Ғибадат бөлімін "Керм Шайстер" деп атады. Адамның өмірін төртке бөлді. Олардың әр қайсысын "Жук" деп атады. Барлығы Аллаһу та'аланың бір екендігіне, әлемнің пәни екендігіне, қиямет күніне, есеп пен азапқа тартылуға сенетін, дүниелік қызықтардан бас тартатын еді. Кейіннен келгендердің бұл дінге енгізген жаңалықтары дінсіздікке себеп болған. Ислам келгеннен кейін діндерінің күшін жойған. Мұсылман болмағандары кәпір деп аталады. Одан бұрынғылары туралы ешнәрсе айта алмаймыз» делінген.

Брахмандардың бір саласы болған **"Мәжусилер"** отқа, сиырға, қолтырауынға табынады. Олар "Кисра" деп аталған Иран патшасы Куштусаб дәуірінде өмір сүрген-сүрмегендігі белгісіз **Зардушт** деген бір адамның құрған дініне сенеді. Олар өлген адамды көмбейді, мұнараға қойып, құзғындарға жегізеді. Басқа бөлімі болған **"сихтер"**де сақал киелі нәрсе болып есептеледі. Сақалдарын алмайды. Сондай-ақ, **"индустар"** деп аталатын бір топ да бар. Олар төменгі, қараңғы халықтың барлық қате сенімдеріне сенеді. Бұл сенімнің ешқандай қадірі қалмаған.

Брахмандар адамдарға брахман дінбасыларының бұйрықтарын тыңдауды, оларға әрдайым мойынсұнуды, Ману кітабы бойынша әрекет жасауды, парйалармен байланыспауды, жанды нәрселерді өлтірмеуді уағыздайды. Бірақ, рух пен тән туралы ешқандай мәлімет бермейді. Адамды қасиетті болмыс деп есептейді. Брахмандар Үндістандағы Ганг өзенін қасиетті деп санайды. Осы өзенге жуынуды, осы өзеннің суын ішуді, тіпті өлген адамды осы өзенге тастауды қасиетті міндет деп санайды.

Исаның (алейһиссалам) дүниеге келуінен 600 жыл бұрын туылған Будда пұттарға табына бастаған брахманизмді түзетудің орнына, өкінішке орай, толығымен бұзды. Осы жағынан алғанда

Будданы католик дінінің бірқатар қателіктерін жою мақсатымен құрылған, бірақ өзі одан да қатерлі және кәпір болған протестанттық тобын құрған Мартин Лютерге ұқсатуға болады.

Буддизм

Будда б.д.д. 622 ж. Үндістанның Бенарес қаласының 160 шақырым солтүстігіндегі Капилавасу (Лумбини) ауылында дүниеге келген. Шын аты Гуатама немесе Сидарте. 29 жасында бір орманда адамдардан оқшауланып, жалғыздықта рийазат (үнемі аш жүріп, өзін шыңдауға тырысады) тартты. Рийазатпен дүниелік істерден бас тартумен еш нәрсе тындыра алмайтынын түсініп, қалыпты өмір сүруге бел байлайды. Ойға (тафаккур) беріледі. 35 жасында Неранжара өзенінің жағасында инжир (Бо) ағашы астында ойланып отырғанда санасына бір сәуле төгілгенін сезеді. 80 жасында қайтыс болғанға дейін өз пікірлерін, идеяларын таратуға тырысады. Будда Брахма сенімінің бұзылғандығын, пұтқа табынудың қате екендігін айтқан. Оны тыңдағандар оған ерді. Будда өзінің тек қарапайым адам екенін айтып, өзін ешқашан тәңірі деп есептемеген. Алайда, ол өлгеннен соң шәкірттері оны тәңірге айналдырып, оның атына ғибадатханалар салып, мүсіндерін жасап, оларға табына бастайды. Осылайша, буддизмді пұтқа табынушылыққа айналдырады. Буддизмде тәңірі сенімі жоқ.

Буддист кәпірлерінің діндерінде төрт негіз бар. Олар:

1. Өмір қиыншылыққа толы. Ләззат пен қуаныш - қиял, алдамшы түс. Туылу, қарттық, ауру және өлім - ащы қайғы.

2. Бұл қиыншылықтардан құтылуға кедергі болатын нәрсе - білмей жасаған талап-тілек, қалауларымыз, қандай мақсатта болса да өмір сүруге деген құштарлығымыз.

3. Қиыншылықты жеңу үшін барлық өткінші қалаулармен бірге ақиқат өмір сүру құштарлығынан да арылу керек.

4. Өмір сүру тілегін жою арқылы адам рахатқа қауышады. Бұл хал "нирвана" деп аталады. Нирвана ешқандай тілегі жоқ адамның дүниелік ләззаттардан алыс тұрып, қасиетті рахатқа қауышуы дегенді білдіреді. Будда адамдардың бақытты болуы үшін сегіз жолды ұсынады. Олар дұрыс сенім, дұрыс шешім,

дұрыс сөз, дұрыс әрекет, дұрыс өмір, дұрыс еңбек, дұрыс ойлау және дұрыс бағалау.

Будда Брахма дініндегі белгілі төрт топты қабылдамайды. Брахман тобының артықшылықтарын мойындамайды және оларды ерекше деп есептемейді. Барлық адамдарды тең деп санап, оларға бірдей құқықтар береді. Брахманизмдегі парйаларға құшағын ашады. Адамдарды қасиетті болмыс деп есептемейді. Керісінше, адамдардың кемшіліктері көп екенін және азға қанағат тұтып, ораза тұту арқылы ғана бұл күнәлардан құтылатынын айтады. Бірақ, бұл қағидалардың, ілімдерінің дінмен, Аллаһу та'аланың ризалығымен еш қатысы жоқ. Олардың рухтары бос. Өйткені, буддизмде Аллаһ сенімі мүлдем жоқ.

Азиядағы Тайланд, Бангладеш және Малайзия аралығындағы Бирма халқы – сауатсыз, адамгершілік қағидаларын білмейтін төмен құлықты халық. Б.д.д. 543 жылы Будда діні осы жерге келді. Бұл дінде ақиқат, әділет, мейірімділік деген нәрселер болмағандықтан жабайы адамдар арасына тез тарады. Арадан он ғасыр өтіп, Үндістаннан келген мұсылман саудагерлердің ол аймаққа Исламды алып келулерімен Ислам ілімі, ислам ахлақы таралады. Кейіннен британдықтар келіп, табиғи кендерді отарлады. Дүниежүзінің басқа жерлерінде жасағандары сияқты бұл жерде де жалған сөз бен қарудың күшімен, тыңшылар мен миссионерлердің айлакерлігі әрі қолдауларымен жергілікті халықтың санасына Ислам дұшпандығын орнықтырды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Британия империясы бұл аймақты тастап шыққан болса да арттарында Исламға қас жабайы жыртқыштар тобын жетілдіріп қалдырған еді. Зұлымдықтан қашқан дін адамдарының хаттарынан түсінуіміз бойынша, Бирма әскерлері үйлерді басып алып, еркектерді өлтіріп, әйелдерді, қыздарды алып кетіп, білгендерін істеуде, әдеп жерлерін кесіп, көздерін ойған соң тауға, ормандарға тастауда. Мұсылмандар шәйіттерге Аллаһу та'аланың жарақат және сынықтарының азаптарын тарттырмайтынына сенеді. Сондықтан шәйіттер дүниеге қайта келіп, шәйіт болу ләззатына қайта қол жеткізгісі келеді. Бирмада мұсылмандарға қарсы ағылшындардың жоспарын жүзеге асырып жатқан баскесерлер ағылшындармен бірге дүниеде де, ахиретте де илаһи азапты тартады.

Б.д.д. 479 жылы 70 жасында қайтыс болған **Конфуций** Қытай философы болатын. Ол адамгершілік және мемлекетті басқару туралы жазған кітаптарымен танымал болды. Философиясы кейіннен діни мазһабқа (жолға) айналдырылды. Кітаптарында сәмәуи (Аллаһтан жіберілген) діндерге қатысты ешқандай мағлұмат кездеспейді.

Шаманизм

Нұх пайғамбардың үшінші ұлы Яфес ұрпақтарымен Азияның ортасына орналасты. Сол жерде ұрпақ таратып, Шығыс Азияға және сол дәуірлерде бар болған құрлық жолдары арқылы мұхит аралдарына тарады. Яфес қайтыс болғаннан көп жылдардан кейін адамдар азғындап, Нұх пен Яфестің дінін, насихаттарын ұмытып аңша өмір сүре бастады. Жұлдызға, айға, күнге, мүсінге, жынға табына бастады, түрлі жолдарға бөлінді.

Осындай ойдан шығарылған қате жолдардың бірі **- Шаманизм**. Еуропалықтар "Chamanisme" деп атайтын бұл бұзық сенім кезінде Шығыс Азия кәпірлерінің ойлап тапқан діні болатын. Қазіргі таңда Сібір мен мұхит аралдарындағы жабайы адамдар арасында кеңінен таралған. Олар өздері күннің ішінде өмір сүретініне сенетін бір құдайға және жындар мен періштелерге табынады. Ең үлкенін "шайтан" деп атайды. "Шаман" деп аталатын дінбасылары аттың құйрығын тағып алады. Жынды қуу үшін мойындарына дабыл іледі. Анда санда дабыл соғып жындарды қуады. Сиқыршылық оларда керемет болып саналады. Бұл дін де Брахман және Будда діндері секілді бір замандар пайғамбарлардың әкелген хақ дінін ғасырлар бойы надан, зұлым адамдардың бұзуы, өзгертуі арқылы қалыптасқан.

Бахаилік

Бұл дінсіздердің басшысы – Бахауллаһ. Ол Әлбаб Әли Мұхаммед есімді ирандықтың шәкірті әрі орынбасары болатын. Әлбаб оны "айна" дейтін. "Бұл айнадан Аллаһ көрінеді" деп айтатын. Ол өлгеннен кейін орнына отырған Бахауллаһ оларға басшы болып,

"бахаилік" деп атаған қисынсыз идеологияларын тарата бастады. Өзі орнына ұлы Абдулбаха Аббасты отырғызды. Аббас **"Ғаснии азам"** деген атқа ие болды. Еуропа мен Америкаға барған Аббас бахаилікке жүз мыңнан астам адамды тартып, 1921 жылы қайтыс болды. Орнына баласы Шауқи келді. Ол да бахаилікті таратты. Бахауллаһ өзін пайғамбар және ақырзаманның құтқарушысы деп танытатын. Өзіне "кәпір" деген таңбаны алғашқы рет осы сөзімен алды. Екі мың жылдан кейін тағы бір пайғамбар келетінін айтқан. Оларда 19 саны қасиетті. Сенімдері бойынша, әрбір Бахаи он тоғыз күнде бір 19 бахаиді үйіне шақыруы шарт екен. Құрған күпіршілік жолдарын "Қоғамдық әділет үйі" атты жоғары мәжілістеріне сайланған он тоғыз бахаи тарапынан басқарылады. Әрбір бахаи жыл сайын табысының бестен бірін осы жоғары мәжіліс кеңесіне беруге мәжбүр екен. Оларда 11 жаста үйлену қажет екен. Бойдақ өмір сүруге тыйым салынған екен. Жалаңаш әйелдермен жиналыс жасау ғибадат болып саналады. Басқа ғибадаттың қажеті жоқ деп есептелген. Әртүрлі ұятсыздық абырой деп саналады. Ислам дінін ыдыратуға тырысатын топ болып танылады.

Бахаилердің дүние жүзінде 88 жерде ұйымдары бар. Христиан, яһуди, мәжуси, сихтар, зәрдушт және буддистерді алдап, өздеріне тартуда. Олардың ең қатты қорқатын дұшпандары - Ислам ғалымдары. Өз дінін білетін, түсінетін ешқандай мұсылманды алдай алмаған. Кітаптарын, уағыздаушы басылымдарын қырық сегіз тілге аударып, жер жүзіне таратып, бұл жолға миллиондаған ақша жұмсағанымен Исламның алдында әлсіз болып, жоғалып бара жатыр. Бірақ Еуропада, Америкада және Австралияда 77 жергілікті қоғамды ресми түрде тіркеткен. 1902 жылда Орталық Азияда және 1920 жылда Чикагода салынған екі үлкен ғибадатханалары бар. Ұлт, ру дегенді қабылдамайды. Коммунистер сияқты бүкіл әлемге таралуды, бір жерден басқарылуды көздейді. Жеке тұлғалардың пайдасын ойламайды. Мемлекеттік капитализмді қолдайды.

Ғибадаттары, ұйымдары, міндеттері "Ақдас" деген кітаптарында және "Өсиеттер қағаздарында" жазылған. Аллаһу та'алаға сенуді және басқа да бірқатар мәліметтерді Ислам дінінен алған. Исламға қайшы келетін тұстары да өте көп. Логикалық және көбіне әлеуметтік болып келетін көзқарастары дін деп, "құдайдан келген уаһи" деп түсіндірілуде.

Намаздары - Хайфаға қарап тұрып, Аллаһты ойлау. Қажылықтары Бабтың Шираздағы үйін немесе Бахауллаһтың Бағдаттағы үйін барып көру болып саналады. Аят оқу - жүрекпен Аллаһты ойлау болып есептеледі екен.

Қазіргі таңда Ислам дұшпандары Исламды құлату үшін барлық жамандыққа баруда, исламға дұшпан болған әр жамандықты көркем сөздермен мақтауда. Өздері Бахаилікке мән бермейтін болса да бір ғана Исламға қарсы топ болғаны себепті бұл дінсіздерді көктерге көтеріп мадақтаған кітаптар жазуда және оларды таратуға атсалысуда.

Ахмадия (Қадиянилік)

Үндістанда Пенджабта 1880 жылы Мирза Ғулам Ахмед Қадияни тарапынан құрылған. Ол 1835 жылы туылып, 1908 жылы өлген. Қате пікірлерін ағылшындар Үндістанды отарлап алғаннан кейін бір жылдан соң тарата бастаған. Исламды іштен құлату үшін ағылшындар тарапынан құрылып, қаржыландырылған бұл секта, ағылшын тыңшыларының көмегімен шапшаң тарала бастады. Абдуррашид Ибрахимнің түрік тіліндегі **“Аләми Ислам”** (ислам әлемі) атты кітабының екінші томындағы “Ағылшындардың Ислам дұшпандығы” тақырыпты жазуының бір жерінде: «Ислам халифатын тезірек құлату - ағылшындардың басты мақсаты. Қырым соғыстарына себеп болулары және онда түріктерге көмек берулері - халифатты жоюға бағытталған айлалары болатын. Париж келісімі осыны көрсетеді. (1923 жылы жасалған Лозан келісімінің жасырын жиналыстарында осы дұшпандықтарын ашықша белгілі қылған еді). Түріктердің басына түскен қиындықтардың, саяси пәлекеттердің барлығы қандай сылтау не себептермен жабылса да әрқашан ағылшындардан келген. Ағылшын саясатының негізі - Исламды жою. Бұл саясаттың себебі - олардың Исламнан қорқуы. Мұсылмандарды шалғыту, алдау үшін олар сатқындардан ұсталықпен пайдалануда. Оларды мұсылмандар арасында ислам ғалымы, дінтанушы, қаһарман ретінде танытып, олардың қолымен жоспарларын жүзеге асыруда. Исламның ең үлкен дұшпаны – ағылшындар» деген. Американың құқық және саясаттанушысы Брайн Уиллиам Женнинг өз кітаптарымен, конференцияларымен

және 1891-1895 жылдарында АҚШ конгресі өкілетті мәжілісінің мүшесі болуымен танылған адам. 1913-1915 жылдары АҚШ Сыртқы Істер өкілі болды. 1925 жылы қайтыс болды. **“Үндістандағы ағылшын билігі”** атты кітабында ағылшындардың Исламға дұшпандығын, жауыздықтарын кеңінен түсіндіреді.

Ағылшындардың қаруы болған қадияни сектасының құрушысы Ғулам Ахмет Қадияни өлгеннен кейін орнына Хаким Нуреддин халифа болды. 1914 жылы оның орнына отырған Башируддин Махмут 1889 жылы туылып, 1965 жылы өлген. Ахмет 1905 жылы Үндістанда Қадиян қаласында **“Әл-уасийат”** кітабын жариялап, өзін уәде етілген **“Мәсих”**, яғни Иса алейһиссалам деп көрсеткен. Баласы Башир Ахмедилердің орталығын Рабвах деген жерге көшіріп, Ахмадия жолының бұзық сенімдерін **“нағыз Ислам”** деген атпен тарата бастады. **“Құран тәпсірі”** деп шығарған үлкен екі кітабы Құран кәрімге сай келмейтін, қате, бұзық сөздерге толы. Ол бұл кітабында 1300 жылдан бері тәпсіршілер назар аудармаған экономикалық жағдайларды жазғанын айтады. “Аллаһтың мұндай білімді тек пайғамбарларға және олардың халифаларына беретінін сенімді түрде айта аламын” деген**. «Құран кәрімге өз көзқарасы бойынша тәпсір жасаған адам кәпір болады»** деген хадис шәриф олардың Исламнан алыс, қате жолда екендіктерін көрсетуде. Мұхаммед Сыддық Хасан Хан **“Китаб-ул-иза’а”** кітабында былай дейді: «Қазіргі кездегі тажалдың (дажжал) бірі - Ғулам Ахмет Қадияни. Аллаһ оны одан да жаман етсін. Жамандығын барлық адамға білдірсін! Оның күпіршілік жолына түскендерді де сол сияқты етсін. Өйткені, ол үлкен бүлік (фитна) шығарды. Алдымен Маһди екендігін айтты. Сосын пайғамбарлық ісіне араласты. Христиан мемлекеттерінің мұсылмандарды бөлшектеу саясатының құралы болды». Олар “нағыз мұсылмандық тек қана Ахмадилік” деп санайды. Екеуі де хадис шәрифпен мадақталған алғашқы екі ғасырдың тура жолынан айрылып, адамдарды күпірлік пен адасушылыққа тартуда. Пенджаб пен Бомбейде сауатсыз халық арасына шапшаң тараған бұл жол қазір Еуропа мен Америкаға таралуда. Өздерін мұсылман деп санағанымен, бұзық сенімдері және ритуалдары арқасында мұсылмандықтан шыққан. Күпірліктеріне себеп болатын нәрселері көп болса да, мына үшеуі маңызды:

1. “Ахмади” және “Қадияни” деп аталғандардың пікірінше, Иса пайғамбарды креске керуді қаламаған еді. Ол өздігінен өлді және жерге көмілді. Сосын қабірден шығып, Үндістандағы Кашмирге барды. Сол жерде Інжілді үйретіп, қайтадан қайтыс болды.

2. Жеке бір Маһди келмейді, Иса және Мұхаммед (алейһимуссалам) пайғамбарлардың рухтары адам кейпінде көрінеді. Ол - Мирза Ахмет.

3. Мұсылмандықта жиһад бар. Бірақ, ол қарумен емес, насихатпен болады. Қан төгу, жан беру жоқ, суық соғыс бар. Олар осылайша, Құран кәрімнің мағынасын өзгертіп, жиһад туралы айтылған аяттарды жоққа шығартқан болып саналады. Сол арқылы мұсылмандарды әскери қызметтен қашуға шақырады.

Ғулам Ахметтің ұлы Башируддиннің **“Жаңа дүние тәртібі”** деген кітабы күпірлік пікірлерге толы. Үндістан ғалымы Мұхаммед Ануар шах Кашмири қадиянилерге жауап ретінде **“Ақидат-ул-Ислам фи хайати Иса алейһиссалам”**, **“Икфар-ул-мулхидин”** және **“Хатим-ун-нәбиин”** атты кітаптар жазған, 1933 жылы қайтыс болған. Осы үш кітабында Мирза Ғулам Ахмет Қадияни туралы былай дейді:

«Ол Иса алейһиссаламның көктен түсетініне сенбейді: “Ол асылды, өлтірілді. Ол әкесіз емес еді. Юсуф Нажжардың баласы еді” дейді. Ұлы пайғамбарға яһудилер сияқты жаман сөздер айтады. Өзінің пайғамбар екендігін, жаңа дін әкелгенін айтады. “Иса көктен түседі деген сөзбен менің келетінім хабар берілген” дейді. Исламның дәлелдерін өзінше бұрмалап, сену тиіс болған жайттарды жоққа шығаруда. Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбарлардың соңғысы екендігіне, бәрінен жоғары тұратынына сенбейді. Өзінің мыңдаған мұғжизасы бар екенін, олардың басқа пайғамбарлардың мұғжизаларынан көп және артық екенін айтады. Көптеген аяттардың өзі туралы келгенін, Құранда мадақталғанын айтуда».

Ахмет Қадияни монғол-татар қауымынан еді. Исмаили сектасындағы дінсіз еді. Өте көп кітап оқыды. Әһли сүннеттің дұшпаны еді. Ағылшындар Исламды іштен ыдырату үшін жасаған жоспарларын іске асыратын бір сатқынды Үндістанда да іздеп жүрген еді. Табылғандар арасынан оны таңдады. Мол ақшаға

сатып алды. Ол алдымен бахаи ретінде ортаға шығарылды. “Мужәддидпін“ деп жүрді. Сосын “Мaһдимін” деді. Ал кейінірек “көктен түсетіндігі білдірілген Иса мәсіһпін” деді. Ақырында пайғамбар болып, жаңа дін әкелгенін жариялады. Қадияндағы мешіті - “мешіт Ақса”, қаласы - “Мекке” болды. Кейіннен қоныстанған Лахор қаласын “Мәдина” деп есептеді. Бір мазарат салып, оны **“Мақбарат-ул- жәннә”** деп атады. “Бұл жерге көмілген адам жұмаққа барады” деді. Өз әйелдерін **“уммахат-ул-му’минин“** (мұсылмандардын аналары) деп атады. Алдаған адамдарын **“үмбетім”** деп есептеді. Мұғжизаларының ең үлкені – **«Мухаммади байгум»** деп аталатын некесі екен. Көкте қиылатын бұл неке өзіне уаһи арқылы білдіріледі екен. Дінін 1888 жылы жариялады. 1908 жылда өліп, тозаққа кетті. Өзіне сенбегендерді **“кәпір”** деді.

Ол **“Хақиқат-ул-уаһи”** кітабының 148-ші бетінде: «Аллаһ бұл үмбет ішінде Исадан да жоғары Мәсих жаратты. Иса қазір тірі болғанда, менің жасағандарымды жасай алмас еді. Менің мұғжизаларым оның бойынан көрінбес еді» дейді. 107-ші бетінде: **«Перғауынға расул жібергенімдей сендерге де расул жібердім»** деген аяттағы пайғамбардың өзі екендігін жазады. 68-ші бетінде: «Аллаһ мені пайғамбар етіп жіберді. “Уәде етілген мәсих сенсің”» деді. Маған үш жүз мың мұғжиза берді» дейді. **“Барахим-ул-Ахмадия”** кітабының 56-шы бетінде өз мұғжизаларының Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизаларынан көп екендігін жазған.

Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбарлардың соңғысы екендігін көрсететін 150 хадис шәриф бар. Олардың 30 шақтысы **“Кутуб-и ситтада”** жазылған. Иса алейһиссаламның көктен түсетіндігі де айқын көрсетілген. Оларға сенбеген адам кәпір болады. Сол себептен де Қадиянилiктің Исламмен байланысы жоқ.

“Қадияни” немесе “Ахмади” деп аталған бұл жолдың Исламды іштен құлату үшін британдықтар тарапынан құрылғандығын дәлелдерімен түсіндіріп беретін **“әл-Мутанабби-ул-Қадияни”** атты арап тіліндегі кітап Пәкістандағы Мултанда 1967 жылы басылған. Бұл кітапқа Ануар шах Кашмиридің **“Икфар-ул-мулхидин”** атты кітабының басындағы Мұхаммед Юсуф Бинури-дің құнды жазбалары мен **“Хауанәт-ул-Ислам”** атты рисаласы да енгізіліп, 1973 жылы Стамбулда басып шығарылған.

Даразилер

Даразилер ел арасында қателікпен "дурузи" деп айтылуда. Мұхаммед Әмин ибн Абидин хазірет **"Радд-ул-мухтар"** кітабының үшінші томында мүртәдтер туралы былай дейді: «Даразилер мұсылман атын иеленді. Намаз оқитындары да бар. Бірақ, имандары бұзық. Танасухқа (реенкарнация – рухтың адамнан адамға көшіп жүруі) сенеді. Ішімдікті, зинақорлықты халал деп санайды. Тәңірлік сипаттар адамнан адамға өтеді дейді. Өлгеннен соң қайта тірілуге, намазға, оразаға, қажылыққа сенбейді. "Олардың мәні - дүниеде өмір сүру жолдарын реттеу" деп есептейді. Пайғамбарымызға жараспайтын сөздер айтады. Шам мүфтисі Абдуррахман **"Имади фәтуасында"** олардың мулхидтер сияқты және Исмаилиттер сияқты сенетіндіктерін хабар берген. Төрт мазһабтың ғалымдары: "Олардан жизйа[29] алып, Ислам мемлекеттерінде тұруларына рұқсат беру халал болмайды. Олардан қыз алу, сойған малдарын жеу – жаиз емес (болмайды)." деді. **"Фәтауаи хайрийа"** кітабында бұлар кеңінен түсіндірілген. Оларға "зындық", "мулхид", "мұнафиқ" делінеді. Сенімдері қате болғандықтан шаһадат сөзін айтқанымен мұсылман болмайды. Ислам дініне сай болмаған сенімдерінен қайтпайынша мұсылман болмайды. Олар кітапты және кітапсыз кәпірлерден де зарарлы».

Бұл мулхидтер (дінсіздер) "Аллаһ Әлидің және оның балаларының кейпінде көрінді" дейді. Он бірінші Имам Хасан бин Әли-Аскаридің адамы деп саналған Ибни Нусайрдың ойдан шығарған жаман сөздеріне сенеді. Сириядағы даразилердің өздерін "аләуи" деп есептейтіндігі **"Мунжид"** кітабында жазылған.

Йазидилер

Ұлы Ислам ғалымы Сайид Шәриф Журжанидің **"Та'рифат"** кітабында қысқаша және **"Миләл-нихал"** кітабында кеңінен жазылғаны бойынша, "харижа" деп аталатын адасқан сектадағы (жолдағы) адамдар жеті топқа бөлінеді. Олардың ішінде "Ибадийа" тобындағылар - Абдуллаһ бин Ибад деген адамның жақтастары. Бұл адам хазіреті Әли «радиаллаһу анһ" хазіреті Муауиямен оны

---

29 Мұсылман мемлекеттің діні басқа азаматтарынан алатын салық түрі.

басшы ету жөнінде келіскендіктен хазіреті Әлиден бөлінген. Одан кейін Траблусғарбқа барып, “Ибадия фирқасын” (сектасын) құрды. Хиджраның 153 жылы оның адамдары халифаға қарсы шығып, Траблусғарбты басып алды. Өздерінен басқа мұсылмандарды “кәпір” деп санады. “Соғыс кезінде олардың мал-мүлкін алуға болады” деп хабар таратты. “Үлкен күнә істегендер мұсылман болмайды” деді. Хазреті Әлиді және бірқатар сахабаларды кәпір деп санады.

Ибадия тобы төртке бөлінді. Олардың ішінде Язид бин Әнисаның жақтастары “Йазидилер” деп аталды. Олар арап болмаған қауымдардан бір пайғамбар келеді, оған көкте жазылған бір кітап түседі, Мұхаммедтің дінінен шығады, жұлдыздарға табынады деп санайды. Үлкен, кіші кез келген күнә жасаған адам кәпір болады дейді.

1966 жылы наурызда Ирактан Анадолыға келген йазиди шайхы Умауидің айтуы бойынша, Йазидилікті таратқан - Ади деген сириялық. Ол Аббасидтердің қысымынан қашып, Ирактың солтүстігіндегі Сенгал тауларындағы Ладеш даласын паналап, “Адауия” деген жол құрған. Күрдтер мен араптар арасында таралған бұл сенім “Йазидилік” деп аталады. Ол 1154 жылы 80 жасында өлді. Орнына бауырының ұлы II Ади отырды. Кейін оның да ұлы - шайх Хасен басшы болды. Оның дәуірінде йазидилердің сандары артып, сексен мыңға жетті.

Йазидилердің сенімдері мұсылмандық пен христиан дінінің араласуынан тұрады. Олар шайтанға табынады. Ібілісті перісте және тауыс деп есептейді. Шайтанды балағаттаған адамды өлтіреді. Дерт, бәле-жаланы Ібіліс жаратады деп санайды. Мұсылмандар мен христиандардан естіген нәрселерін Йазидилік атымен уағыздайды. Мұсылмандардың иманы мен ғибадаттарының ешқайсысы оларда жоқ. Ладеш даласындағы Баадир ауылындағы мазараттарға барып, айналуды қажылық деп санайды. Оны қыркүйек айында жүзеге асырады. Күнде күн шыққан кезде оған қарап тұрады. Таңертең алғаш күн сәулесі түскен топырақты сүйеді. Күн батқан кезде соған жалбарынады. Мұны намаз оқу, ғибадат деп есептейді. Қаңтар айында үш күн ораза тұтады. Осындай әр түрлі амалдарын намаз, ораза, қажылық деп айтып жүреді. Бұл сөздерін естіген адам оларды мұсылман деп ойлайды. Йазидилердің оқу, жазуды

үйренуі күнә болып есептеледі. Сол себептен олар сауатсыз. Мұсылмандық туралы ешнәрсе білмейді. Оларда сақал алу да - күнә. Адамдарды дүниеде және ахиретте қиындыққа сүйрейтін осы қисынсыз дінге қарсы алғаш рет Мосул әмирі Имадуддин Занги іске кірісіп, қолбасшысы Бадраддин Лулуды шайх Хасенге қарсы жібереді. Оларды ыдыратады. Басшылары Умауидің айтуынша бүгінде он миллион шамасында йазиди бар. Олар Иракта, Сирияда, Йеменде, Әзірбайжанда, Түркияда және Үндістанда өмір сүруде. Сауатсыз болғандықтан олар коммунистік үгіт-насихаттарға тез алданды. Ресейде 3 миллион коммунист йазиди бар екендігін және Ирактағы Абдуссалам үкіметі дарға асқан 1200 коммунистің ішінде йазидилердің де бар екендігін Умауи айтады. Омеядтықтар халифасы Йазидтің бұлармен ешқандай қатысы жоқ. Умауи деген басшылары 1930 жылы Ладеште туылған. Ирак әскерінде генерал шенін алған. Ирактағы мұсылман күрдтерге қарсы Ирак әскерімен бірге соғысқан.

Йазидилердің "Иранға бір пайғамбар келеді" деп сенгені үшін кәпір болғаны **"Бәриқа"** және **"Хадиқа"** кітаптарында жазылған.

Сурйанилер

Сурйани тілінде сөйлейтін көне христиандардың қалдығы болып табылады. Католиктердің Яқубийа фирқасынан (тобынан) шыққан Монофисия сенімін қабылдап, Исаны тәңірі деп санайды. Урфа патриархы болған Яқуб Бәрдәи тарапынан құрылған. Антиохия патриархы Михаил Сурйани тарапынан таралды. Михаил 1126 жылы туылып, 1199 жылы өлген. Яқуб 578 жылы өлген. Христиан дінінде монофисия сенімін алғаш рет Стамбул патриархы Утиха шығарды. Александрия патриархы Диоскорус та соған бағынды. 451 жылы Қадыкөй жиналысында Диоскорустың көзқарастары қабылданбай тасталды. 405 жылы қайтыс болған Мармарон деген католик папасы "Марони" тобын құрды. Сириядағы христиандардың бір бөлігінің Сурйани, ал бір бөлігінің Марони болғандығы **"Қамус-ул-а'лам"** кітабында жазылған.

"Мунжидте": "Американдық Чарль Русселдің 1872 жылы құрған "Иегова куәгерлері" тобы адасқан жол болып табылады. Олар Інжілге өздерінше басқа мағына берген" деп жазылған.

Оларды "Иегова куәгерлері" деп атайды. Өздеріне сенгендерге материалдық көмек беруді уәде ететін миссионерлік ұйымның орталығы швецарияның Цюрих қаласында орналасқан.

Хуруфилік

Мұсылмандарды іштей құлдыратуға тырысқан топтардың бірі - жалған Бекташилер, яғни хуруфилер болып табылады. Бекташи деген кезде екі түрлі адамдар туралы ойлауға болады. Бірі - шын Бекташи, қажы Бекташ Уәлидің көрсеткен ақиқат жолымен жүретін таза мұсылмандар. Бұлар қазір қалған жоқ.

Екіншісі – жалған Бекташилер. Олар - қате жолда жүрген хуруфилер. Олар да азайып, жойылғанымен кейбір жерлерде кездесіп тұрады. Жалған Бекташилер мұсылмандар арасында рахат өмір сүру, өз сенімдерін сақтай отырып, жастарды алдау үшін Бекташ есімін пайдаланған. Ислам тарихында осындай әр түрлі қадірлі есімдердің артына жасырынған, оларды қолданған дінсіздер кездесіп тұрған. Мысалы: **маламилер.** Олар ешқандай ғибадат жасамайды, неше түрлі күнәларды істейді. Ал "малами" деген сөз "бес уақыт намаз сияқты парыздарды мешітте оқып, харамдардан сақтанатын, нәпіл мен сүннеттерді үйінде оқитын, атақ-даңқтан алыс тұратын таза адам" дегенді білдіреді.

Хуруфилік мазһаб емес, адасқан бұзық сенім болып табылады. Бұл жолдағылар алғашқыда ішкі ниеттерін жасыратын, хижраның 1288 жылынан бастап өз ойларын ашық білдіре бастады. **"Жауидан"** деген жасырын кітаптарын жария етті. Бұл кітап алты баспа табақтан тұрады. Бір баспа табақты хуруфиліктің құрушысы Фадлуллаһ бин Әби Мұхаммед Табризи парсы тілінде жазған. Қалғанын шәкірттері ойдан шығарып жазған. Олардың ішінде Фариштахұлы жазған "Ишқнама" атты кітапшада күпіршіліктері арғы кітапшаларға қарағанда бір шама қағазға орап жазылғандықтан 1871 жылы соны Стамбулда басып шағарды.

Фадлуллаһ Хуруфи **"Карамитилер"** немесе **"карматтар"** деп аталатын бұзық жолдың қалдықтарының бірінің дәруіші болатын. Карматтар **"Ибахийа"** деп те аталады. Олар харамдарды халал деп санап, 70-80 жыл бойы қажыларды тонап, мұсылмандарды өлтірді. Құрған үкіметтері 983 ж. ыдырағаннан кейін таралған

жерлеріне жасырынды. Олардың ішінен Хасан Саббахтың құрған **Исмаилийа** мемлекеті 1256 ж. құлады. Фадл Иранның Астрабад қаласында жасырын түрде күпірлік сенімдерді таратты. Өзіне тоғыз көмекші тапты. "Нүкте ілімі" деген бір нәрсе ойлап тапты. Кездескен істерінде "Бұл іс халал, нүкте жұп келді. Пәлен іс харам, нүкте тақ келді" деп өзінше шешім шығартатын. Фадлуллаһтың күпірлік пікірлері таралғаннан кейін Әмір Темірдің ұлы Миран шах (рахметуллаһи та'ала алейһ) әкесінің бұйрығымен 1393 жылы Фадлуллаһты өлтірді. Аяғынан байлап, көшеде сүйретілді. Осылайша, Ислам үлкен дұшпаннан құтылды. Сұлтан Сәлим хан (рахметуллаһи та'ала алейһ) шах Исмаилды жеңіп, шииттіктің алдын алғаны секілді, Әмір Темір (рахметуллаһи та'ала алейһ) де Ислам үшін өте қатерлі болған хуруфиліктің таралуына тосқауыл болып, мұсылмандыққа үлкен еңбек сіңірген. Сондықтан да жалған Бекташи, яғни Хуруфи тарихатының муриттері Әмір Темірді залым, жаман адам деп санайды.

Фадлуллаһ өлтіріліп, Астрабад құлатылғаннан кейін оның тоғыз көмекшісі қашты. Олардың бірі Әли-ул-Ала Анадолыдағы бір Бекташи ханақасына барады. "Жауиданды" жасырын түрде таратып, сауатсыз адамдарды алдай бастайды. Қажы Бекташ Уәлидің жолы осы деп көрсетті. Харамдарды мубах, нәпсінің қалаулары халал дегендіктен, бұл тарихат мінез-құлқы нашар адамдардың арасына тез таралды. Сөздерін "сыр" деп айтып, құпия сақтауды бұйыратын. Сырды басқаларға ашқан адамды өлтіру жағдайлары да кездесетін. Сырлар "Жауидан" кітабында әртүрлі әріптермен берілген. Әр бірі күпірлік болған бұл белгілер "Мифтах-ул-хаят" атты кітапта түсіндірілген. Бұл кітапты "Сыр" деп атайды. Қолында "Сыр" кітабы жоқ адам "Жауиданды" түсіне алмайды. Хиджраның 800 жылынан бастап қаншама мұсылманды алдап иманын ұрлады. Кейіннен араларына масондар да араласты. Оларды яһудилер қаржыландырды. 1824 жылы күпірлік сенімдерін тарата бастады. Сұлтан екінші Махмуд хан (рахметуллаһи та'ала алейһ) тарапынан олардың беделді тұлғалары өлтірілді. Олардың жиналатын жерлерін Нақшбандилерге беру туралы бұйрық шығарылды. Олар жан-жаққа тарап, жасырын жұмыстар атқарды. Хиджраның 1288 ж. қайта пайда болды. Фариштахұлы Абдулмажиттің **"Ишқнама"** рисаласын басып шығарды. Қайтадан

тарала бастады. Сейіт Ахмет Рифат бектің 1293 ж. жазған **“Мират-ул-мақасид”** кітабында былай делінген: “Абдулмажиттің бауыры Фариштахұлы Абдуллатиф әһли сүннет болатын, сопылық туралы жазған кітабынан оның таза адам екендігі аңғарылады. Бауыры Абдулмәжиттің Хуруфи тариқатына өткеніне қатты ренжіген еді. Ол өзі оларға бағынбады». Фариштахұлы Абдулмажит “Ишқнамадан” басқа да кітаптар жазды. “Сағадатнама” кітабында: «Мұны “Жауидан”, “Ишқнама” және “Махаббатнамадан” аудардым, хиджраның 826 жылы аяқтадым» деген.

Фадлуллаһтың бас халифасы Махмуд өзінің шайхынан бөлінеді. Ол “Жауидани сағир” деген кітап жазды. Онда хурифилердің бұзық, кәпір, зындық, малғун адамдар екенін көрсетеді. **“Жауиданды”** оқығандардың дінсіз екендігі, “Құранның сыртқы мағынасы маңызды емес, ішкі басқа мағыналары маңызды” деп қайта тірілуді қабылдамағандары үшін кәпір болғандықтары туралы бурсалық Исмаил Хаққидың **“Хужжат-ул-балиға”** кітабында жазылған. Хуруфилер күпірліктегі ең белсенді адамдарды “сайид” деп атайды. Сол себепті көпшілігі сайидпін деп шыққан. “Бекташи тариқаты” деген атты жамылған хуруфилер мұсылмандарды алдау үшін бірнеше жолмен шабуылдайды:

1. Фадли Хуруфиді тәңірі деп есептейді.
2. Хазреті Әлидің сөздері деп шығарған “Хутбат-ул-баян” және басқада кітаптарында хадистер ойлап шығарып, Әлиді жақсы көретіндерге күнә зиян емес деп санайды. Сондықтан, ғибадат керек емес деп біледі. Харамдарды халал деп, ғибадатсыз жұмаққа барғысы келетін надандарды алдайды.
3. Барлық діндердің бір екендігін айтады. Жалған бекташилер шиит те, аләуи (қызылбас) де емес, мүшрік. Яһудилермен масондардың қолдауымен мұсылмандарды имандылықтан айыруда. Жаңадан кіргендерге “Жауиданды” көрсетпей, өздерін аләуи етіп, көрсетеді. Алайда, шиит ғалымдары да осы жалған Бекташилердің аләуи еместігін, кәпір екендігін айтуда.
4. Харамдарды, өтірік сөйлеуді адал деп есептегендіктен, “Хамзанама” және “Баттал ғази” сияқты түрлі өтірік кітаптар жазды. “Баба” деп аталатын ұлы адамдарының ойдан құралған “кереметтері” туралы айтты. Өтірік кереметтер мен өтірік хикаяларды қатарларына адам тарту үшін қолданатын бұл “бабалар”

жастарды жинап, есімі белгісіз бабалардың "кереметтері" туралы әңгімелеп, оларды қызықтырады. **"Кашиф-ул-асрар"** кітабының авторы токаттық Исхақ мырза былай дейді: «Ол жерде болып, дәлелдермен бабаны ауыз ашалмайтындай қылып, масқара еттім. Үй иесі мені үйінен қуып шықты. Олардың өтіріктерінің бірі "адамдарға мал-мүлік, атақ, бала беру, адамдардың өлуі, ауруалардың сауығуы бабалардың қолында" дейді. Бір рет намаз оқу-парыз. Өмірінде бір күн ораза тұтады. Ғұсылды да өмірінде бір рет жасау - парыз. Осыларға сеніп, дінінен шыққандарға сырлар айтыла бастайды. Мұхаммед дегендері Әли еді. Аллаһ дегендері Әли болатын дегенге ұқсас күпір сөздер айтылады. Егер жаңадан кірген адам бұған сенсе, онда "Бұлардың бәрі – Фадл. Енді бүкіл нәрсе саған мубах (халал) болды" дейді».

Шиилік

Хиджраның он бірінші жылы сафар айының 27-інде пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам науқастанып, басы ауырады. Әйелдері хазіреті Айшаның радиаллаһу анһа бөлмесінен мешітке шықты. Сахабалар (алейһимурридуан) естіп, мешітке жиналды. Пайғамбарымыз мінберге шығып, сахабаларға насихат айтып, қоштасты. Сосын Әбу Бәкір Сыддықтың сахабалар арасындағы үстемдігін, қадірлілігін, оған разы екендігін айтты. Бірнеше күннен кейін ауруы асқынды. Бұған Мәдинаның жергілікті халқы болған ансар сахабалар қатты қайғырды. Уайымдап, мешіттің маңайынан кетпей қойды. Хазреті Аббастың ұлы Фадл мен хазіреті Әли бұл туралы пайғамбарымызға хабарлады. Пайғамбарымыз ауырып тұрған жағдайына қарамай, сахабаларына мейірімділік етіп, екеуінің қолдарына сүйеніп, қайтадан мешітке шықты. Сахабалар мешітке жиналды. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мінберге шықты. Аллаһу та'алаға хамду сана (мадақ) айтқаннан кейін сахабаларына: **«Ей, сахабаларым! Менің өлетінімді ойлап абыржып жатқан секілдісіңдер. Үмбетінің арасында мәңгі қалған бір пайғамбар болды ма? Мен де мәңгі қалмаймын, Раббыма қауышамын. Сіздерге насихатым - мухажирлерді құрметтеңдер. Әй, мухажирлер! Сендерге өсиетім - ансарларға жақсылық жасаңдар. Олар сендерге жақсылық жасап,**

үйлерінде тұрғызды. Күн көрістері қиын болса да, сендерді өздерінен артық көрді. Мал-мүліктеріне сендерді де ортақ етті. Кімде-кім ансарларға билік жүргізсе, оларды бақыласын, кемшілік жасағандары бар болса, кешірсін» деді. Сосын әсерлі, әсем сөздер айтып: **«Аллаһу та'ала бір құлына дүниеде қалуға немесе Раббына қауышуға еркіндік берді. Ол құл Раббына қауышуды қалады»** деді. Бұл сөзден оның жақында қайтыс болатыны аңғарылатын еді. Әбу Бәкір Сыддық бұл сөздің астарын түсініп: «Жанымыз сен үшін пида, ей Расулуллаһ» деп жылады. Расул оған сабырлылық танытуды бұйырды. Мүбәрәк көздері жасқа толып: **«Ей, сахабаларым! Ислам діні жолында адалдықпен, ықыласымен мал-мүлкін пида еткен Әбу Бәкірге өте ризамын. Ахирет жолында жолдас ету қолымда болса, соны таңдар едім»** деді. Сосын: **«Ей, мухажирлер мен ансарлар! Уақыты белгілі нәрсеге асығудың пайдасы жоқ. Аллаһу та'ала ешқандай құлы үшін асықпайды. Кімде-кім Аллаһу та'аланың белгілеген тағдырын өзгертуге тырысса, Оның қаһарына душар болады. Аллаһу та'алаға айла қолданғысы келген адамның істері кері кетіп, өзі алданады. Менің сендерге рауф және рахим** (өте рақымды) **екенімді біліңдер. Сендер де маған қауышасыңдар. Кездесетін жеріміз - кәусар бұлағының басы. Жұмаққа барғысы, маған жеткісі келген адам бос нәрсе айтпасын. Ей, мұсылмандар! Кәпір болу, күнә істеу нығметтің кетуіне, ризықтың азаюына себеп болады. Адамдар Аллаһу та'аланың бұйрықтарына мойынсұнса, үкімет басшылары, әмірлері, әкімдері және бастықтары оларға мейірімділік жасайды. Пасықтық, күнәһарлық және бұзақылыққа бет бұрса, мейірімді басшыларға жете алмайды. Менің өмірім сендер үшін қайырлы болғаны секілді өлімім де қайырлы болады. Егер біреуді орынсыз ұрған немесе жаман сөз айтқан болсам, маған да соны істеп, ақысын алуға, біреуден орынсыз бірнәрсе алған болсам, менен қайтып сұрауына ризамын. Өйткені, дүниенің жазасы ахиреттің жазасынан жеңіл. Оған шыдау оңай»** деді. Мінберден түсті. Намаз оқып, қайтадан мінберге шығып, насихат, өсиет сөздерін айтқан соң: **«Сендерді Аллаһу та'алаға тапсырдым»** деп, бөлмесіне қайтты. Ауырып жүргенінде азан оқылған кезде мешітке шығып, имам болып,

жамағатпен намаз оқитын. Қайтыс болуына үш күн қалғанда ауруы асқынды. Мешітке шыға алмағандықтан **«Әбу Бәкірге айтыңдар, сахабаларыма намаз оқытсын»** деп бұйырды. Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыз тірі кезде мұсылмандарға имам болып он жеті уақыт намазын оқытты. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жаназа істерін хазреті Әлидің жасауын бұйырды.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламда өлім белгілері байқалғаннан кейін Умму Айман соғысқа жіберілген әскердің қолбасшысы болған ұлы Усамаға хабар жібереді. Усама, Омар Фаруқ және Әбу Убайда бұл ащы хабарды естіген соң, әскерден шығып, Масжиди Нәбәуиге келді. Айша мен басқа әйелдердің жылаған дауысынан сахабалар не болғанын түсінбей қалды. Миына соққы тигендей тұрып қалды. Хазреті Әли бейне өліктей қимылсыз қалды. Хазреті Османның тілі тұтылды. Хазреті Әбу Бәкір ол кезде үйінде болатын. Жүгіріп келді. Пайғамбарымыздың бетін ашып көріп, қайтыс болғанын көрді. Жүзі мен денесі нұр секілді жарқырап тұр еді. «Өлімің де өмірің сияқты қандай жарқын, ей Расулаллаһ» деп сүйді. Көп жылады, бетін жауып, үйдегілерді жұбатты. Мешітке шығып, қайғылы хабардан далбасаға түскен сахабаларға насихат беріп, тыныштандырды. Осылайша Расулуллаһтың қайтыс болғанына баршасы сенді. Осы кезде Усама әскері қалаға кірді. Бурайдат ибни Хасиб қолындағы туды расулуллаһтың есігінің алдына тікті. Қайғы, қасірет сахабалардың жүрегіне қанжардай қадалды.

Хазреті Аббас, ұлы Фадл және Әли “радиаллаһу та’ала анһум” және үйдегілер көз жастарымен жаназа, жерлеу істерін атқарды. Хазірет Әбу Бәкір есік алдында іші өртеніп, қызметті бақылауда еді. Бірақ қайғыдан пайда жоқ. Алдында пайғамбардың жұмысын жалғастырудай ұлы бір міндет тұрған еді. Үмбетті басқаратын және Исламның бұйрықтарын орындайтын бір халифа керек еді. Ол кезде бұл істі атқаруға лайық әрі қабілетті адам - Әбу Бәкір Сыддық еді.

Хазреті Аббас пен Әли (радиаллаһу анһума) Расулуллаһ алейһиссаламға одан да жақын еді. Бірақ Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Әбу Бәкірді бәрінен артық көретін. Ауырып жатып, сахабаларымен қоштасқан күні ең көп Әбу Бәкірге риза

екендігін айтқан еді. Мешітке қарай ашылатын барлық есіктерді жапқызып, тек Әбу Бәкірдің есігін ашық қалдырды. Қайтыс болардан үш күн бұрын оны сахабаларына имам етті. Діннің негізгі тірегі болған намазда оны бәрінің алдына шығарды. Бұлардың барлығы Әбу Бәкірдің халифа болатындығының белгісі еді. Сахабаларға тек жиналып, оны сайлауісі қалған еді.

Бірақ, ансарлардың бір бөлігі өздерінен Саад бин Убаданы халифа еткісі келді. Соның айналасына жиналды. Ансарлардың Аус қауымы Усайад бин Худайрдың маңайына жиналды. Құрайыш тайпасы Арабстандағы ең жоғары, беделді қауым еді. Халифа құрайыш тайпасынан сайлануы тиіс еді.

Міне, осындай күрделі кезеңде Әбу Бәкір, Омар және Әбу Убайда (радиаллаһу анһум) сахабалар отырған жерге келді. Хазреті Омар Фаруқ пен Әбу Убайда бин Жаррах (радиаллаһу анһума) жиналған сахабалар алдында сөз сөйледі. Олардың сөзінен кейін Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) дүйсенбі күні (пайғамбар қайтыс болған күн) халифа болып сайланды. Сейсенбі күні мешітке барып, сахабаларды жинады. Мінберге шықты. Аллаһқа мадақ айтқаннан кейін: «Ей, мұсылмандар! Сендерге әмірші болдым. Бірақ, сендерден артық емеспін. Егер жақсылық жасасам, маған көмектесіңдер. Жаман іс жасасам, тура жолды көрсетіңдер. Шыншылдық - аманат, өтірікшілік - қиянат. Сендердің әлсіздерің мен үшін қымбат. Оның құқығын қорғаймын. Күшіне сенетіндер мен үшін әлсіз. Өйткені, олардан басқаның ақысын аламын. Ешкім соғыс майданын тастап кетпесін. Соғыс майданын тастағандар қор болады. Мен Аллаһу та'ала мен расулына мойынсұнамын, сендер маған бағы-ныңдар. Егер мен Аллаһ және Расулына мойынсұнбай тура жолдан тайсам, сендердің де маған бағынуларың керек емес. Тұрыңдар, намаз оқиық. Аллаһу та'ала барлығыңды жарылқасын» деді.

Сосын әйел, еркек, бала, құл, барлық адам топ-топ болып Расулуллаһ қайтыс болған бөлмеге кіріп, кешке дейін жамағатсыз жаназа намазы оқыды. Сәрсенбі күні кешке сол бөлмеге пайғамбарымызды жерледі.

Сахабалар тап болған жаңа бір істің қалай жасалатынын Құран кәрім мен хадистерден таба алмаса, рай және қияс жолымен яғни оны басқа бір белгілі нәрселермен салыстырып,

үкімін шығаратын. Осылайша, ижтиһад (үкім шығару) мәселесі басталды. Сахабалардың немесе басқа мужтаһидтердің бір іс бойынша жасаған ижтиһадтары бірдей шықса, ол істе күмән қалмайды. Ижтиһадтардың осылай бір-біріне сай болуы **“Ижма-и уммат”** деп аталды. Ижтиһад жасай алу үшін терең ғалым болу керек. Ондай ғалымдар **“мужтаһид”** деп аталады. Бір мәселе бойынша мужтаһидтердің ижтиһадтары бір-біріне сай болмаса, әр мужтаһидтің үкімдерді өз ижтиһады бойынша айтуы және жасауы уәжіп болады.

Халифа сайлау да ижтиһад ісі еді. Негізінде Әбу Бәкір Сыддық, Омар Фаруқ, Осман Зиннурайн және Әли Муртазаның радиаллаһу анһум халифа болатындықтарына хадистерде ишара бар еді. Бірақ, ешқайсысының уақыты ашық көрсетілмеген еді. Расулуллаһ та: «Менен кейін мына адамды халифа етіңдер» демеген. Бұл істі сахабаларға қалдырған еді.

Әбу Бәкір мен Әли-ул Муртада (радиаллаһу анһума) халифа сайлауында мұсылмандар арасында бөлінушіліктің туындауынан қорықты. Хазреті Әли халифа сайлау кезінде өзі шақырылмағандығына алдында ренжіген болатын. Әбу Убайда бин Жаррах хазіреті Әлидің отырған үйіне келді. Хазреті Әбу Бәкір мен Омардың айтқандарын оған айтты. Хазреті Әли радиаллаһу анһ тыңдап, қатты әсерленді. «Ей Әбу Убайда. Бұл үйдің бұрышында отырғаным халифа болу үшін немесе мұсылмандарға қыр көрсету үшін емес. Расулуллаһтан айрылу маған ауыр тиді, есімнен тана бастадым» деді. Ертеңіне мешітке барды. Сахабалардың арасынан өтіп, хазірет Әбу Бәкірдің жанына барып, оған бағынатынына ант берді. Халифа Әбу Бәкір оған: «Сен қадірлі және рақымдысың, ренжігенде Аллаһу та’аладан қорқасың. Қуанғанда оған шүкіршілік етесің. Аллаһу та’аланың бергенінен басқа нәрсе қаламайтын ол қандай бақытты адам. Мен халифа болуды қалаған жоқпын. Бүлік шықпасын деп, амалсыздықтан қабылдадым. Маған ауыр жүк жүктелді. Көтеретіндей күшім жоқ. Аллаһу та’ала қуат берсін. Бұл жүкті Аллаһу та’ала сенің мойныңнан түсірді. Біз саған мұқтажбыз. Сенің үстемдігіңді білеміз» деді.

Хазреті Әли мен хазіреті Зубайр халифа болуға сахабалар ішінде ең лайықтысының Әбу Бәкір Сыддық екенін айтты. Өзде-

ріне сайлау туралы алдын ала хабар берілмегеніне ренжігендерін айтып, кешірім сұрады. Халифа кешірім берді. Сосын хазірет Әли рұқсат сұрап, кетті. Омар оны шығарып салды. Кетіп бара жатқанда: «Қазірге дейін келмегендігім халифаны қабылдамағандығымнан емес, енді келуім қорыққандығым емес» деді. Хазреті Әлиден кейін халифаға хашимилердің барлығы ант берді. Халифа сайлауында ауызбірлігі орнады.

Халифа сайлау ісінде Әбу Бәкір де, Әли де (радиаллаһу та’ала анһума) өте зерек, өте ақылды әрекет жасады. Хазреті Әлидің Сақифа деген жерге (сайлау болған жер) шақырылмауы да орынды болған. Егер де ол сол жерде болғанда ансар мен мухажирлер арасындағы әңгімеге хашимилер руы да араласып, іс күрделене түсер еді.

Халифа сайлаудағы ижтиһадтардың айырмашылығы туралы біздің пікір таластыруымызға болмайды. Мұсылмандардың ең жақсылары - сахабалар. Олардың барлығы - тура жолдың, имандылық жолының жұлдыздары. Құран кәрімнің мағынасы олардан үйренілді. Жүз мыңдаған хадистер олардан жеткізілді. Аллаһу та’аланың бұйрықтары мен тыйымдарын солар үйретті. Сахабалардан алған, сахабалар арқылы жеткен білімімізді олардың әрекетін талқылауға жұмсау орынсыз әрекет болады.

Әрине, қателік адамзаттың табиғатында бар. Мужтаһидтер де қателеседі. Бірақ, олар жаңылмаса – он сауап, жаңылса - бір сауап алады.

Сахабалардың барлығы Исламның тірегі болып табылады. Араларындағы басқалықтардың бәрі тек ижтиһад айырмашылығынан тұратын. Бір-біріне қатты сөйлесе де, бір-бірінің қадірін білетін. Хазреті Зубайр дінді ойламай, өз басын, өз қауымын ойлайтын болса, қайын атасы Әбу Бәкірден бөлінбес еді. Халифа сайлауда Әбу Бәкірді ең көп қолдаған адам хазіреті Омар болатын. Сондай-ақ, хазреті Әлидің қадірін білген және айтқан сахаба да сол еді. Хазреті Омар бір күні хазіреті Әлиден бір нәрсе сұрайды. Ол дереу жауап береді. Осыған орай: «Хазреті Әли жоқ жерде қиын мәселеге кезігуден Аллаһ сақтасын» деген. Хазреті Әли де: «Расулуллаһтан кейінгі бұл үмбеттің ең қайырлысы - Әбу Бәкір мен Омар» дейтін еді.

Бір айдан кейін Әбу Бәкір мінберге шығып: «Халифалықтан бас тартқым келеді. Мені дәл Расулуллаһтың жолынан көргілерің келсе айтайын, бұл мүмкін емес. Өйткені, шайтан оған жақындай алмайтын және оған уаһи келетін» деді. Мұндай адамдардың ойында атаққұмарлық болуы мүмкін бе? Оларға тіл тигізуге бола ма?

Хазреті Әбу Бәкір Сыддық қайтыс болғаннан кейін оның ұсынысымен, сахабалардың келісімімен, хазіреті Омар Фаруқ халифа болып сайланды. Содан соң хазіреті Омар орнына алты адамды ұсынды. Олардың бірі – хазіреті Осман, бірі - хазіреті Әли еді. Алты адамдық кеңес араларынан хазіреті Османды таңдады. Барлық сахабалар мұны қабылдады. Хазреті Осман шәйіт болғаннан кейін сахабалар хазіреті Әлиді халифа етіп сайлады.

Омар мен Осман дәуірінде Ислам Азия мен Африкада шапшаң тарала бастағаннан кейін, Абдуллаһ бин Сәба деген йемендік яһуди мұсылман болып көрініп, мысырлықтарды алдады. Хазреті Османның шәйіт болуына себеп болды. Үлкен бүліктер шығарды. Ол алдымен Басраға барды. «Иса алейһиссалам қайтадан дүниеге келетін болса, Мұхаммед алейһиссалам да келеді. Әли екеуі әлемді күпірліктен құтқарады. Халифалықты Әли алуы керек еді. Үш халифа оны тартып алды» деді. Басрадан қуылған соң, Куфаға барып, халықты алдай бастайды. Ол жерден де қуылып, Шамға барады. Шамда сахабалар жылы қабақ танытпаған соң Мысырға кетті. Ол жерде өзіне жақтастар тауып, өзін әһли бәйіттің ғашығы етіп көрсетеді. Адамдарға хазіреті Әлиге бағыну керек екендігін, оған бағынбағандарға дұшпан болу керектігін баяндады. Өзіне сенген адамдарға: «Пайғамбардан кейін адамдардың ең жоғарысы - хазіреті Әли. Ол - пайғамбардың мұрагері, бауыры, күйеу баласы» дейтін. Сөзіне сендіру үшін аяттардан қате мағыналар шығарып, жалған хадистер айтып, сауатсыз халықты алдайтын. Негізінде ондай жасағандар **“зындық”** деп аталады. Бұл сөзіне де сенгендерге «Пайғамбар өзінен кейін хазіреті Әлидің халифа болуын бұйырды. Сахабалар пайғамбарды тыңдамады. Әлидің ақысын жеді. Дүниелік пайда үшін діндерін тәрк етті» дейтін. «Бұл сырларды ешкімге ашпаңдар!» деп ескертетін. «Мен атақ-даңқты сүймеймін. Мақсатым сендерге тек тура жолды көрсету» деген. Осылайша, хазіреті Османның шәйіт болуына себеп болды.

Одан кейін Әлидің әскері арасында алғашқы үш халифаға деген дұшпандықты таратуға тырысты. Онда да жетістіктерге қол жеткізді. Оған алданғандар **"Сәбаийа"** деп аталады. Хазреті Әли осындай сыбыстарды естіген соң мінберге шығып, үш халифаға тіл тигізгендерді айыптады. Біразын дүре соғумен қорқытты. Абдуллаһ бин Сәба бұл жетістіктерін көріп, өзінің жақтастарына жасырын түрде хазіреті Әлидің кереметтерін алға тартып, «мұндай адам күшінен тыс істері оның тәңір екенін көрсетеді» дейді. Хазреті Әли бұл сөздерді өзі де естиді. Абдуллаһ бин Сәбаны және оған сенгендерді отқа жағатынын айтты. Оларды Мадайн қаласына қуды. Бірақ, онда да тыныш отырмады. Адамдарын Ирак пен Әзербайжанға жіберіп, сахабаларға дұшпандығын уағыздады. Хазреті Әли басқа соғыстармен айналысып жатқандықтан, оларға назар аударатын уақыты болмады.

Шиилік хазіреті Әли дәуірінде құрылды. Адамдар арасына кейінірек тарала бастады. Мұсылмандар арасында бөлінушілік әрекеттерді жүзеге асырған бидғат топтарының біразы сахабалар дәуірінде шыққан, қалғандарының пайда болып, мұсылмандар арасында тарала бастауы сахабалардың барлығы қайтыс болғаннан кейін басталды.

Хазреті Әлидің Жәмәл және Сиффин оқиғаларында соғысты қыздырғандар Абдуллаһ ибн Сәбаның адамдары еді. Бүлікшілердің күннен-күнге артуына байланысты хазіреті Әлидің әскері төртке бөлінді.

1. Алғашқы шиит тобы ретінде хазіреті Әлиге мойынсұнды. Сахабалардың ешқайсысына тіл тигізбеді. Олардың бәрін құрметпен еске алды. Шайтанның азғыруынан құтылды. Соғысқан адамдарын да туыс деп санап, олармен соғысудан бас тартты. Хазреті Әли олардың сөзін қабылдады. **"Ши'а"** (шиит) деген есім алғаш рет осыларға берілді. Олардың жолындағылар **"әһли сүннет уәл жамағат"** деп аталды.

2. Хазреті Әлиді сахабалардың барлығынан артық көретін адамдар **"тафдилия"** деп аталды. Хазреті Әли оларды ұрумен қорқытты. **"Шиит"** деген кезде осы топтағылар ойға оралады.

3. Барлық сахабаларды күнәһар, тіпті кәпір дейтіндер тобы. Олар **"Сәбаийа"** және **"Хуруфи"** деп аталады.

4. Ең көп алданғандар ғулат, яғни азғындар. Олар Аллаһ хазіреті Әлидің денесіне кірген деп санады. (осылайша зындық, яғни кәпір болды).

Хазреті Әлидің екінші ұлы - Хусейн, оның ұлы - Имам Зейнулабидин Әли, ол хиджраның 94-ші жылы қайтыс болды. Оның баласы Зайд халифа Хишамға қарсы бас көтереді. Әскер жинап, Куфаға қарай жүрді. Зайд әскерлерінің сахабаларды балағаттағанын естіп, оларды тыйды. Әскерлері тарап, қасында аз ғана адам қалады. 122 жылы шәйіт болды. Зайдтың қасында қалғандар "Зайдийа" тобы деп аталады. Қашқандар өздерін **"имамийа"** деп атайды.

Жоғарыда айтылғандай пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам ахиретке кеткеннен кейін сахабалар Әбу Бәкірді халифа сайлайды. Өйткені, хазіреті Әбу Бәкір сахабалардың ішіндегі ең жоғарысы еді. Оны халифа етіп сайлағандардың ішінде хазіреті Әли де бар болатын. Әбу Бәкір Сыддықтың халифа болуында ең әсерлі сөздерді айтқан да хазіреті Әли еді. Мысалы: Жәмәл оқиғасынан кейін Абдуллаһ бин Кава, Әлиге келіп: «Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам халифалық туралы саған ешнәрсе айтқан жоқ па?» дегенде, ол: «Біз алдымен діндегі міндетімізге қараймыз. Діннің тірегі - намаз. Аллаһу та'ала мен Расулының (алейһиссалам) дінде біздің арамыздан ұнатып, таңдағанын, біз де дүниеміз үшін таңдаймыз. Сол үшін Әбу Бәкір Сыддықты халифа етіп сайладық» дейді. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам ауырып жатқан соңғы күндерінде Әбу Бәкірді өз орнына намазға имам болсын деп бұйырған. Билал Хабаши (радиаллаһу анһ) әр азан оқығанда, пайғамбарымыз: **«Әбу Бәкірге айтыңдар, мұсылмандарға имам болсын!»** деп бұйыратын. Мұхаммед алейһиссалам өзінен кейін Әбу Бәкірдің халифа болуға лайық екенін көрсететін және Омар, Осман, Әлидің өз дәуірлеріндегі адамдардың ішінде халифалыққа ең лайықты адамдар екендігін көрсететін көптеген нәрселер айтқан. Шииттер сахабалардың ең жоғарысы Әбу Бәкір Сыддық, одан кейін Омар Фаруқ, одан кейін Осман Зиннурайн, одан кейін Әли Муртада (немесе Муртаза) екендігін, халифалықтың да осы ретпен болатынына сенбейді. Осылайша, үлкен қателік жасайды. Оларды бұл қате сенімге Абдуллаһ бин Сәба деген яһуди кіргізді.

Бұл сенім тарих сахнасынан түскелі тұрған кезде Шах Исмаилдің Иранда мемлекет құруымен аталмыш фитна сенім қайтадан пайда болып, бұзық кітаптар арқылы тарала бастады. Одан бұрын Аләмут қаласында Хасан Саббах бір мемлекет құрған еді. Осыған байланысты Осман тарихшысы және ғалымы Ахмет Жевдет баша **“Қисаси Әнбия”** кітабында: “Хасан Саббах - Абдуллаһ бин Сәбанің жолындағы мулхид (діннен қайтқан) еді. Харамдарды халал деп, көп адамды тура жолдан тайдырды. Аләмут қаласымен маңайы соның жақтастарына толды. Олар қарақшылық жасайтын. Әһли сүннетті Йазиди деп атайтын. Бір йазидиді өлтіру он кәпірді өлтіргеннен де артық сауап деп санайтын. Сол үшін қажыларды, билеушілерді, ғалымдарды, әскерлерді қастандық жасап, өлтіретін. Олар **“Батинийа”** немесе **“Исмаилийа**” деп аталады. Кәпір және азғын адамдар еді. Хасан Саббах 35 жыл бойы қаншама адамдардың дініне және өміріне қастандық жасады. Хиджраның 518 (м.1124) жылы өліп, тозаққа кетті. Немересі Ахунд Хасан одан да өткен айлакер зындық (мұсылман болып көрініп жүретін дін дұшпаны) еді. Мұсылмандарды алдау үшін өздеріне **“Алеви”** деген ат таққан адам осы болатын. Бүкіл харам тірліктерді жақтастарына халал деп жасатқызды. Бұл зындық хиджраның 561 (м.1166) жылы қайнысы тарапынан өлтірілді. Немересі Жалалиддин Хасан бұл жолды тастады. Шыңғыстың немересі Хұлағу Исмаилилердің соңғы басшысы Рукнуддинді өлтірді. Олардың баспаналары болған Аләмут және басқа орталықтарын қиратты. Мұсылмандарды олардан құтқарды. “Дінсіздің жазасы имансыздан келеді” деген нақыл сөздің дұрыстығы тағы бір рет дәлелденді”.

Алайда, пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның қадірлі хадистері жиналған кітаптарда төрт халифа туралы, сахабалардың артықшылықтары туралы көптеген хадистер бар.

Құран кәрімнен кейін Ислам әлемінің ең қымбатты кітабы болып табылатын **«Бухари»** хадис кітабында былай делінеді:

Сахабалардан Әбу Мусал-Әшари айтады: «Мәдинада бір бақшада расулуллаһпен бірге отыр едік. Есікті біреу қақты. Расулуллаһ: **“Есікті аш, келген адамға Жаннатқа баратынын айт”** деді, есікті аштым. Әбу Бәкір Сыддық кірді. Пайғамбардың сөзін айттым. Ол Аллаһқа шүкіршілік етті. Есік тағы да қағылды.

Расулуллаһ: **“Аш та, оған да әлгі сүйіншіні айт”** деді. Омар Фаруқ кірді. Сүйіншіні айттым. Ол да Аллаһқа мадақ айтты. Тағы есік қағылды. **“Аш, Жаннатқа баратынын және дүниеде қиыншылыққа кезігетінін айт”** деді. Келген хазіреті Осман еді. Оған бәрін айттым. Ол да Аллаһқа шүкіршілік етті».

Бір хадисте Әбу Бәкір Сыддыққа бұйырылды: **«Сен менің үңгірде қасымда болған досымсың. Кәусардың қасындағы жолдасымсың».** Тағы бір хадисте: **«Маған Жәбірейіл келді. Қолымнан ұстады. Үмбетімнің бірінің жаннат есігінен ішке кіргенін көрсетті»** деді. Әбу Бәкір: «Ей Расулуллаһ. Ол жерде сенімен бірге болғым келеді» деді. **«Ей Әбу Бәкір! Үмбетімнің ішінде жұмаққа ең бірінші болып сен кіресің»** деп бұйырды. Бұл екі хадис шәрифті **Тирмизи** хабар берген.

Бухари мен **Мүслим**де келген бір хадис шәрифте: **«Жұмаққа бардым. Бір сарай көрдім. Оның ішінен бір хор қызын көрдім. “Сен кім үшін жаратылдың” деп сұрадым. Ол: “Омар бин Хаттаб үшін жаратылдым” деді. Үйге кіріп, оны көргім келді. Бірақ, сенің қызғанатыныңды ойлап, кірмедім ей Омар»** дегенде, хазіреті Омар: “Ата-анам және барлық нәрсем Сіз үшін пида болсын, ей Расулаллаһ” деді. Тағы бір хадисте: **«Әбу Бәкір мен Омарды сендердің алдарыңа мен шығардым. Оларды Аллаһу та’ала бәріңнің алдарыңа шығарды»** делінген. Келесі бір хадис шәрифте: **«Жаннатта пайғамбарлардан кейін барлық адамдардың ең ұлысы - Әбу Бәкір мен Омар»** деп бұйырылған.

Үш халифа “Фатх” сүресінің 38-ші аятындағы: **«Саған ағаш астында қолдарын созып, сөз бергендерге Аллаһу та’ала разы болды. Барлығын жақсы көрді»** деп құрметтелген адамдардың қатарына кірді. Оларды жамандау, балағаттау сондықтан күпірлік болады. Сол себептен аталмыш үш сахабаны жақсы көру, құрметтеу қажет.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам: **«Менен кейін сахабаларымның арасында болатын келіспеушіліктер (**айрылықтар**) туралы Раббымнан сұрадым. Раббым: “Ей, сүйікті пайғамбарым Мұхаммед** (алейһиссалату уәссалам)! **Сенің сахабаларың көктегі жұлдыздар сияқты. Бірінен-бірі асқан жарық сәуле. Барлығынан нұр шашырайды. Олардың**

бірінің жолын ұстанған адам тура жолға қауышады" деді» делінген. Кейін мына хадис шәрифті айтты: **«Асхабым көктегі жұлдыздар сияқты. Қайсы біріне ерсеңдер де саламаттыққа, имандылыққа қауышасыңдар!»**

«Аллаһу та'ала барлық адамдардың ішінен мені таңдады. Адамдардың ішіндегі ең жақсыларын менің сахабаларым етіп сайлады. Олардың ішіндегі ең ұлыларын маған туыс және көмекші етті. Кімде-кім мені жақсы көргендігі үшін, оларды құрметтесе, Аллаһу та'ала оны қауіптен қорғайды. Оларға тіл тигізіп, мені ренжіткендерді Ол да ренжітеді» делінеді бір хадисте.

Хадис шәрифте мұсылмандардың 73 топқа бөлінетіндігі айтылды. Олардың әр қайсысы Исламға мойынсұнатынын айтады. Тозақтан құтылатын топтың өзінің тобы екендігін айтады. "Муминун" сүресінің 54-ші аятында және "Рум" сүресінің 32-ші аятында: **«Әрбір топ тура жолда екендіктерін ойлап, қуануда»** делінген. Алайда, осы түрлі топтардың ішінде тура жолдағы бірінің белгілерін пайғамбарымыз былайша көрсетеді: **«Бұл топтағылар - менің және сахабаларымның жолындағылар»**. Бұл жерде пайғамбарымыз өзімен бірге сахабаларын да айтты. Яғни, «Менің жолым - сахабаларым жүретін жол. Тура жол - тек сахабаларымның жолы» деген. "Ниса" сүресінің 79-шы аятында: **«Расулыма мойынсұнған адам әлбетте Аллаһу та'алаға да мойынсұнған адам болады»** делінген. Расулға итаат (бағыну) – Аллаһқа бағыну. Расулға бағынбау - Аллаһқа қарсы шығу деген сөз. Осы екі бағынуды бір-бірінен бөлек деп санағандар үшін "Ниса" сүресінің 149-шы аятында былай деп көрсетілген: **«Аллаһу та'аланың жолы мен расулының жолын бір-бірінен айырғысы келеді. Сен айтқандардың біразына сенеміз, біразына сенбейміз дейді. Екеуінің арасынан бөлек жол ашқысы келеді. Олар әрине - кәпірлер».** Сахабалардың жолымен жүрмей, тікелей пайғамбарға мойынсұнатынын айтқан адам адасуда. Ол пайғамбарға бағынған емес, қарсы шыққан болып саналады. Ондай жол ұстанғандар қияметте құтыла алмайды.

Шииттер хазіреті Османға дұшпандық етеді. Алайда, Осман "радиаллаһу анһ" - үшінші халифа, алғашқы мұсылман болған

адамдардың бірі. Пайғамбарымыздың екі қызына үйлену құрметін иеленіп, **"Зиннурайн"** (екі нұрдың иесі) атанған, оны кейіннен бұзылды деп санайтын шииттер қателеседі. Өйткені, пайғамбарымыз бұзылатын адамға екі қызын бермейді. Хазреті Осман үйін, жайын, мал-мүлкін тастап, Хабашстанға көшті. Сосын Мәдинаға қоңыс аударды. Халифа болып тұрған кезінде Құран кәрімді көбейтті. Тәбүк соғысында пайғамбар әскеріне 950 түйе, елу ат, көп ақша беріп көмектесті. **«Османға бүгіннен кейін жасайтындары ешқандай зиян келтірмейді»** деген хадис шәрифтің сүйіншісіне қауышты. Сахабаларды сусыздықтан құтқару үшін бір құдықты сатып алды. Хадисте: **«Мешітімізді кеңейткен адамға жаннатта одан да жақсы мекен беріледі»** деп бұйырылғаннан кейін, айналасындағы алты бөлек жерді сатып алып, мешітке қосты. Пайғамбарымыз Әбу Бәкір, Омар және Османмен **Субайр** тауында отырған кезде зілзала болды. **«Ей, Субайр! Сілкінбе! Үстіңде нәби, сыддық және шәйіт бар»** деді пайғамбар. Осылайша, Омар мен Османның шәйіт болатынын білдірді. Хазреті Османның халифалығы кезінде Азияда Кабул қаласына дейін, Анадолыда Стамбулға дейін Ислам таралды.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам Аллаһу та'аланың әмірімен қызы **Руқайа**ны Османға тұрмысқа берді. Руқайа Бәдір соғысында Мәдинада қайтыс болды. Екінші қызы **Умму Кулсум**ді де хазіреті Османға берді. Хиджраның 9-шы жылы Умму Кулсум қайтыс болғаннан кейін: **«Тағы қыздарым болғанда, оларды да Османға берер едім»** деген. Пайғамбарымыздың жанына Осман келген кезде ол етегімен мүбәрәк аяқтарын жапты. Айша мұның себебін сұрағанда: **«Одан періштелер ұялады. Мен ұялмаймын ба?»** деген.

Ол халифа болған кезінде әркімге лайықты міндеттер жүктеді. Әркімнің қолынан келетін істі тапсырды. Халифаның ғайыпты білуі шарт емес. Хазреті Османның әміршілерімен әкімдері оның бұйрықтарын орындауда, әскерлікте, мемлекеттерді исламға ашуда және еңбекқойлықта заманасының ең таңдаулы адамдары болды. Оның дәуірінде Ислам мемлекеттерін батыста Испанияға дейін, шығыста Кабул мен Балхқа дейін кеңейткен осылар болатын. Ислам әскерлерін құрлықта да, теңізде де жеңістен жеңіске жеткізді. Екінші халифа дәуірінде бүліктің ошағы болған

Ирак пен Хорасанды тазалады. Хазреті Османның өз туыстарына көп сыйлықтар беріп, мемлекеттік қазынаға зиян келтіргенін айтатындар кездеседі. Алайда, хазіреті Осман өте бай адам болатын. Ол бұл істерге өз ақшасын жұмсады. Мемлекет қазынасынан айлық та алған жоқ. Хазреті Осман Хижаз бен Ирактағы қараусыз қалған жерлерді сенімді адамдарына берді. Шаруашылық құралдарымен қамтамасыз етіп, жұмыс істетті. Халыққа көп жер алып берді. Ауыл шаруашылығын жетілдіріп, бау-бақшалар салдырды. Құдықтар қаздырып, су арналарын салдырды. Арабстанның шөлейт жерлері оның дәуірінде ең берекелі жерлерге айналды. Қауіпсіздік сақталды, ұрлық пен жыртқыш хайуандар қатері ұмытылды. Сауда мен тасымал дамыды. **«Арабстанда өзендер ақпайынша қиямет болмайды»** деген хадис шәриф хазіреті Осман дәуірін айтып тұрғандай еді. Ади бин Хатим Таиге айтылған хадисте: **«Өмірің ұзақ болса, бір әйелдің Хират** (Герат) **қаласынан Қағбаға дейін Аллаһтан басқа ешкімнен қорықпай, еркін бара алатынын көресің»** деп көрсетілген. Осыншама жетістіктер алдында оны көре алмайтындар да шықты. Абдуллаһ бин Сәба деген яһуди мысырлықтарды алдады. Оның өтірігіне кейіннен өздерін шииттер деп атаған адамдар да алданып, Хазреті Осман мен сахабаларға дұшпан болды.

Шииттер хазіреті Айшаға да дұшпандық етуде. Айша (радиаллаһу анһа) - Пайғамбарымыздың әйелі, Әбу Бәкір Сыддықтың қызы. Сахабалар ішіндегі фиқһ ғалымы болған, ол нақыл сөздермен, шешен сөйлейтін. Хадис шәрифте: **«Дініңіздің үштен бірін Хумайрадан үйреніңдер!»** делінген. Пайғамбарымыз Айшаны жақсы көргендіктен оны **"Хумайра"** деп атаған. Сахабалар мен Табииндердің көбісі Айшадан (радиаллаһу анһа) естіген хадистерін жеткізген. Хиджраның 5-ші жылы **"Мурайси"** (Бәни Мусталиқ) соғысы болған еді. Пайғамбарымыз бұл соғысқа хазіреті Айшаны да апарған еді. Бұл соғысқа көптеген мұнафиқтар да барған еді. Тарих кітаптарында жазылғанындай хазіреті Айшаға жала жабылды. Мұнафиқтардың бұл жаласы туралы пайғамбарымыз да естиді. Үлкен келеңсіздік орнады. **"Нұр"** сүресінің 11-ші аятынан бастап, кейінгі аяттарды пайғамбарымыз Әбу Бәкір мен Айшаның жанында тұрып оқыды және: **«Сүйінші, ей Айша, Аллаһ сені таза етіп шығарды. Сенің пәк екендігіңе куә болды»** деді.

Хазреті Айша үшін келген 17 дана аяттың біріншісінің тәпсірін **«Мауақиб тәфсирі»** былай жазған: **«Айшаға** (радиаллаһу анһа) **жала жапқандар - сендерден бірнеше адам. Сендер бұл жаланы өздерің үшін жамандық деп ойламаңдар. Бұл сіз үшін қайырлы»;** 19-шы аятта: **«Муминдердің жаман атпен еске алынуын қалайтындарға дүние мен ахиретте ащы азаптар бар»** делінген. 26-шы аятта: **«Жаман, шірік сөз айту жаман, шірік адамдарға ғана жарасады»** деп бұйырылған. Хазреті Айшаға жала жапқандарға Аллаһу та'ала ауыр азаптар тартқызатынын білдірген. Шииттер Құран кәрімнің осы аяттарына сенбейтін болса керек, Абдуллаһ бин Сәба деген яһудидің сахабаларға жапқан жаласы мен шығарған өтіріктеріне иланды. Мұндай өтіріктерге алданбау және дұрыс сенімде болу үшін **әһли сүннет ғалымдарының** кітаптарын оқу керек.

Сахабаларды, жаратылғандардың ең ұлысы болып табылатын Мұхаммед алейһиссаламның сұхбатына қатысқан, Ислам үшін бар нәрселерін пида еткен сол ұлы дәуірдің ұлы тұлғаларын дұрыс танытатын көптеп құнды кітаптар жазылған. Солардың бірі Имам Раббани Ахмет Фаруқи Сирхиндидің **"Радди Рауафид"** кітабы. Имам Раббани сондай-ақ, **"Мәктубат"** атты құнды кітабының түрлі хаттарында сахабалардың үстемдіктеріне, қадір-қасиетіне, ерекшеліктеріне кеңінен тоқталған. **"Радди Рауафид"** кітабын сол кездегі Бұхараның Өзбек ханы Абдуллаһ ханға жіберіп: «Мұны Иранда Шах Аббас Сафавиге көрсетсін. Қабылдаса, өте жақсы. Қабылдамаса, онымен соғысу жаиз (рұқсат) болады» дейді. Шах Аббас қабылдамай, соғыс болды. Абдуллаһ хан Герат пен Хорасандағы қалаларды жаулап алды.

Надир шах хиджраның 1148 жылы Иранға билеуші болды. Осман мемлекетіне елшілер жіберіп, Әһли сүннет пен Имамийа шииттік тобының қайсысы дұрыс екенін ғылым жолымен анықтауды сұрады. Османдық ғалымы хазіреті Абдуллаһ Сувайди Иранға барды. Надир шахтың бұйрығы бойынша Нажафта шиит ғалымдармен кездесу өткізді. Оларды жауап бере алмайтындай дәрежеге жеткізді. Әһли сүннет жолының дұрыс екендігін, шииліктің бидғат жолы екендігін ақыл және нақыл тұрғысынан дәлелдеп берді. Надир шах мұны бұйрық шығарып, бүкіл Иранға

хабарлады. Осман мемлекетіне де хабарлады. Бұл жердегі оқиғалар мен ғылыми тартыстарды қамтитын "Хужаж-и қатийа" деген кітап Абдуллаһ Сувайди тарапынан жазылды.

Абдуллаһ Сувайди **"Хужаж-и қатийа"** кітабында Иранның шиит ғалымдарымен болған ғылыми муназара (тартысу) әңгімесі туралы былай дейді:

«Әңгімемізді шахқа жеткізді. Осыған орай Иран, Бұхара және Ауған ғалымдарымен бірлесіп, күпірлікке себеп болатын нәрселердің барлығын тоқтатуға шешім қабылдауға және шах өкілі ретінде осы үш ұлттың ғалымдарына мені басшы етуге бұйрық шығарылды.

Түнгі сағат төртте бас уәзір келіп, маған: "Шах сізге алғысын білдіріп, сәлем айтты. Ертең жиналып, қабылданған шешімдерді жазып, оған ғалымдардың қол қоюын бұйырды. Сіздің де қол қойып, куәгер болғаныңызды қалайды" деді. Мен келістім.

Бейсенбі күні жиналатын жерге бардым. Хазреті Әлидің (радиаллаһу анһ) қабірінің айналасына алпыс мыңдай ирандық жиналған еді. Сол жерге барып, отырдым. Ұзын бір қағаз әкелінді. Молда басының әмірімен оны Муфти аға Хусейн оқыды. Ол парсы тілінде жазылған еді. Мағынасы:

«Аллаһу та'аланың заңы мен даналығы мынада: бұйрықтары мен тыйымдарын көрсету үшін адамдарға пайғамбарлар жіберген. Кезек пайғамбарлардың ең қадірлісі **Мұхаммед Мұстафаға** (алейһиссалату уәссалам) келді. Пайғамбарлардың соңғысы ретінде Аллаһу та'аланың бұйрықтары мен тыйымдарын көрсетіп, міндетін атқарғаннан кейін қайтыс болды. Одан кейін қадірлі сахабалар Әбу Бәкір Сыддықтың артықшылықтарын, жақсылықтарын, ізгі істерін ойлап, халифалыққа ең лайықты адам екеніне бірауыздан келісіп, оны сайлады. Олардың ішінде хазіреті Әли да бар болатын. Ол да Әбу бәкірді зорлықсыз, өз қалауымен сайлады. Осылайша, Әбу Бәкірдің халифалығы сахабалардың барлығының келісуімен жүзеге асырылды. Оны сайлаған Асхаби кирамның (радиаллаһу та'ала анһум) барлығы әділетті адамдар. Құран кәрімде: **«Мухажирлер мен ансарлар - алдыңғы қатарлы адамдар...»** және **«Саған ағаш астында сөз берген муминдерге Аллаһу та'ала, әрине, разы болды»** деген аяттармен мадақталды.

Олар туралы Расулуллаһ та: **«Сахабаларым көктегі жұлдыздар сияқты. Қайсысына бағынсаңдар да иман жолын, тура жолды табасыңдар!»** деп мадақтаған.

Әбу Бәкір Сыддықтан кейін ол өзі тағайындаған (және барлық сахабалар үстемдігін мойындап, бағынуға байат еткен) Омар Фаруқ халифа болды. Хазреті Әли де оны сайлағандардың арасында болды. Хазреті Омар қайтыс боларында алты адамды көрсетті. "Олар өз араларынан біреуін таңдасын" деді. Бұл алты кісінің бірі хазіреті Әли еді. Бесеуі бірауыздан Османды халифа сайлады (Барлық сахабалар да байат етіп, келісім білдірді). Хазреті Осман ешкімді тағайындамастан шәйіт болғаннан соң барлық сахабалар бірауыздан келісіп, хазіреті Әлиді халифа сайлады. Бұл төртеуі бір жерде өмір сүрген кездерінде араларында ешқандай қақтығыс, келіспеушілік болмаған. Әрдайым жақсы қатынаста болып, бір-бірін құрметтейтін, мадақтайтын. Тіпті, хазіреті Әлиден шайхайн, яғни алғашқы екі имам (халифа) туралы сұралғанда: "Бұл екеуі әділ түрде сайланған имамдар" деп жауап берген. Әбу Бәкір Сыддық халифа болған кезінде: "Араларыңда Әли бар кезде мені сайладыңдар ма?" деген.

Ей, ажамдар (ирандықтар)! Төрт халифаның ерекшеліктері мен халифалығы осы рет бойынша болған. Кімде-кім оларды балағаттап, тіл тигізсе, оның және бала-шағасының қанын төгу шахқа халал болады (яғни өлтіріледі). Ондай адамдарға Аллаһтың, періштелердің, кітап пен пайғамбарлардың қарғысы жаусын! Хиджраның 1148 (м.1735) жылы Меган алаңында мені шах сайлаған кезде сендерге шарт қойған едім. Енді мына шартты да енгіземін. Мен шайхайнды, яғни Әбу Бәкір мен Омарды балағаттауға тыйым саламын. Сендер де бұл жамандықтан қайтыңдар! Кімде-кім бұлай жасаса, өзі өлтіріліп, бала-шағасы құлдыққа салынып, мал-мүлкі тәркіленеді. Иран мемлекетінде бұрын Әбу Бәкір мен Омарды балағаттау деген нәрсе жоқ болатын. Шах Исмаил Сафави мен оның жолындағы ұлдары осы бір жаман істі тудырды. Күпіршілік үш жүз жылға созылды».

Міне, осы мазмұндағы келісімге ғалымдардың барлығы қол қойып, мөр басты. Сосын Надир шахтың бүкіл халыққа арнаған "Фәрмани алисі" (бұйрығы) оқылды. Мағынасы:

Шах бұйрығы (Фәрман-и шахи)

*Алдымен Аллаһу та'алаға сыйынамын. Шах Исмаили Сафави х.906 (м.1500) ж шықты. Надан халықтың біразын қасына жинады. Мына лас дүниелікті және нәпсісінің армандарына қол жеткізу үшін мұсылмандар арасына ылаң салды. Асхаби кирамды балағаттау және шиилік фитнасын (бүлігін) шығарды. Осылайша, мұсылмандар арасына үлкен дұшпандық кіргізді. Екіжүзділік (мунафиқтық) пен қарақшылық арқасында билік басына келді. Зұлымдығы соншалық, кәпірлер рахат, тыныш өмір сүріп, мұсылмандар бір-бірінің қанын төгіп, жау болды. Сол үшін Меган алаңындағы жиналыста үлкен-кіші барлығың мені шах сайлағыларың келген кезде мұны қабылдасам, сендер шах Исмаил заманынанбері Иранға орныққан қате сенімдерменбос сөздерденбас тартатындықтарыңды айтқан едіңдер. Қадірлі аталарымыздың мазһабы және қасиетті салтымыз болған төрт халифаның тура жолына жүрекпен сеніп, тілмен айтатындықтарыңа, балағаттаудан, жамандаудан сақтанатындарыңа, төртеуін де жақсы көруге сөз берген едіңдер. Міне, осы қайырлы іс туралы таңдаулы ғалымдардан, дініне берілген ұлы тұлғалардан сұрастырдым. Барлығы бірауыздан былай деді: "Пайғамбарымыз хақ жолына шақырған күннен бастап сахабаи рашидин қатарындағы төрт халифаның (радиаллаһу анһум) барлығы дін жолына бар мүліктерін, жандарын арнады. Сол жолда бала-шағаларынан, туыстарынан айырылды. Әр қорлыққа, жалаларға шыдады. Осы сабырлылықтары арқасында олар Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) арнайы мәмілесіне, сұхбатына қауышты. Осылайша **«Мухажирлер мен ансарлардан алдыңғы қатарда болғандар)** деген аятпен мадақталды. Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін сахабалардың келісімімен халифа болып Әбу Бәкір Сыддық (радиАллаһу та'ала анһ) тағайындалды. Одан кейін халифаның тағайындауы және сахабалардың келісуімен Омар Фаруқ (радиаллаһу анһ), одан кейін алты адам арасынан ауызбірлігімен Зиннурайн Осман бин Аффан (радиаллаһу анһ), одан соң Аллаһтың арыстаны, таңқаларлық істердің қазынасы әмир-ул-муминин Әли Ибн Әби Талиб (каррамаллаһу уажһаһ) халифа*

*болды. Олардың әр қайсысы өз дәуірлерінде бір-бірімен ешқандай келіспеушілікке түскен жоқ. Барлығы да Ислам мемлекеттерін ширктен және мүшріктердің өшпенділігінен қорғады. Осы төрт халифадан кейін мұсылмандар иман мен сенімде бірге болды. Қанша уақыт өтсе де, Ислам ғалымдарының ораза, қажылық, зекет және басқа атқарылатын істерде айырмашылықтары болғанымен, сенім мәселесінде, Расулуллаһ пен оның сахабаларын құрметтеуде және оларды дұрыс тану-білуде ешқандай кемшілік, айырмашылық болған жоқ. Шах Исмаил шыққанға дейін барлық Ислам мемлекеттері осындай таза жолда еді. Сендер толық ақыл мен таза жүрек арқылы кейіннен шығарылған шиит болу, сахабаларды балағаттау жолын тастадыңдар. Жүректерің Ислам дінінің төрт негізгі тірегі болған төрт халифаға деген сүйіспеншілікке толды. Сол үшін мен де осы уәделескен бес шешімімізді аспандай биік, құрлықтармен теңіздердің патшасы, жер бетінің екінші Зұлқарнайыны, ұлы Ислам падишахы, бауырымыз, Рум (*қазіргі Түркия*) елдерінің сұлтанына айтуға уәде беремін. Бұл істі өз қалауымызша аяқтайық.*

Осы жазғандарымыз Аллаһу та'аланың көмегімен тезірек іске ассын! Осы қайырлы істі бекіту үшін ғалымдарымыз оны қағаз бетіне түсіріп, бір құжат дайындады. Осылайша, барлық күмән перделерін жыртты. Барлық жала, бидғат, бөлінушіліктерді Шах Исмаилдың шығарғаны белгілі болды. Одан бұрынғы кезде, Исламның бастапқы кезеңдерінде барлық мұсылмандардың имандары, түсініктері бір жолда болған еді. Сол үшін Аллаһу та'аланың көмегімен, Оның жүрегімізге салуымен осы ұлы шешімді қабылдап отырмыз. Ислам келгеннен бастап шах Исмаил шыққанға дейін барлық мұсылмандар төрт халифаны хақ және әділ халифа деп білді. Оларды балағаттаудан, жамандаудан тартынатын. Құтба оқитын хатибтер мен уағыздаушы уаиздер мінберлерде, сабақтарда бұл халифалардың жақсылықтарын, жақсы мінездерін, артықшылықтарын айтатын. Мүбәрәк есімдерін айтқан, жазған кезде «радиаллаһу анһ» деп қосып айтатын. Мемлекетіміздің ғұламалар басшысы Мырза Мұхамед Әлиге осы Фәрмани һумайунымызды (қасиетті бұйрықты) барлық Иран қалаларына таратуды бұйырдым. Халқым естіп,

қабылдасын! Бұған қарсы келушілер - Аллаһу та'аланың азабы мен ұлы шахтың ашуына ұшырайды».

Осы бұйрық оқылғаннан кейін шах мені шақырды. Маған ілтипат көрсетті. Надир шах бұл жетістікке қатты қуанып, көп рахмет айтты. Жұма намазын Куфа мешітінде дұрыс етіп оқу бұйырылды. Надир шахтың бұйрығымен алдымен заманның халифасы болған Махмуд хан бин Мустафа хан хазіретке, одан кейін Надир шахқа дұға оқылды. Бірінші рәкатта "Жұма" сүресі оқылды. Намаздан кейін Надир шахтан рұқсат алып, Бағдатқа қайттым. Болған оқиғаны әкім Ахмет башаға айтып бердім. Екі топтың бір-біріне берген сенім хаты арқылы шах тарапынан халыққа таралған Фәрмани шахидің (шах бұйрығының) бір нұсқасын табыс еттім. Бұлар және болып өткен ғылыми муназара түсірілген құжаттар Стамбулға жіберіліп, халифаға ұсынылды. Бұл пақырға ұлы халифа тарапынан берілген сый-сияпаттың көп болғаны соншалық, өмірімнің аяғына дейін оларға рахмет айтып, дұға ету қарызын төлей алмайтынымды мойындаймын». Абдуллаһ Сувайди хазіреттің сөзі осымен аяқталды.

Ислам дінінің ұлы ғалымы Ахмет бин Хаджәри Хайтами заманында Үндістанда ғалымдар, әулиелер көп болып, Исламның күні нұрын дүниеге шашып тұрған болуына қарамай, жүректері надандықпен қарайған бұзылған күнәһарлар сахабаларға тіл тигізетін. Ол кезде Үндістанды басқарып тұрған Хумаюн шах Журжания Ислам мемлекетін құрған Бабыр шахтың ұлы еді. Хумаюн шах дінін сүйіп, ғалымдарды құрметтейтін. Осы бақытты кезеңнің ғалымдары бұзық жолдағылардың үнін өшіру үшін жиналып, Ахмед ибн Хаджәр Хайтамиге өтініш білдірді. Ол Асхаби кирамның (сахабалардың) қадір-қасиеті, артықшылықтары туралы екі кітап жазып, дәлел, құжатттар келтіріп, дұшпандардың аузын жапты. Оның ішінде әсіресе **"Сауа'иқ-ул-мухриқа"** кітабы танымал. Осы кітапта берілген мәшһүр хадис шәрифте пайғамбарымыз былай деген: **«Аллаһу та'ала мені адамдардың ең асылы Құрайыш тайпасынан таңдады және маған адамзат ішіннен ең жақсыларын дос, сахаба етті. Олардың біразын маған уәзір ретінде дінді адамдарға таратуда көмекші етіп таңдады. Олардың біразын әйелім жағынан туысқан етті.**

Оларды жамандағандарға, балағаттағандарға Аллаһу та'аланың, барлық періштелердің және адамдардың қарғысы жаусын! Аллаһу та'ала қиямет күні олардың парыздарын, сүннеттерін қабылдамайды».

Осы кітаптағы тағы бір хадис шәрифте: **«Сахабаларыма, туыстарыма, маған көмектескендерге және мен көрсеткен жолда болғандарға деген сүйіспеншілікте менің құқығымды, құрметімді қорғаңдар. Оларды сүю арқылы менің пайғамбарлық құқығымды, құрметімді сақтағандарды Аллаһу та'ала дүниеде және ахиретте бәле-жаладан, зияннан қорғайды. Менің пайғамбарлық құрметімді, құқығымды сақтамай, оларды ренжіткендерді Аллаһу та'ала сүймейді. Ал Аллаһу та'аланың сүймеген адамына азап беруі өте жақын»** делінген. Бұл хадис шәрифтер сахабалардың барлығын жақсы көріп, құрметтеуіміз керектігін ашықша көрсетіп тұр. Олардың өз араларындағы соғыстардың Аллаһу та'аланың бұйрығын орындау мақсатында болғандығына сену керек. Бұл соғысқа қатысқандардың ешқайсысында атақ-даңқ, ақша құмарлығы болмаған.

Ұлы Ислам ғалымы шах Уәлиуллаһ Дехлеви **"Құррат-улайнайн фи тафдил-иш-шайхайн"** атты кітабында шайхайнның (Әбу Бәкір мен Омардың) артықшылықтарын көрсетіп, шииттердің ғалымы Насриддин Тусиге жауап беруде.

Ғулам Халим Абдулазиз Дехлевидің **"Тухфаи исна ашарийа"** атты кітабында шииліктің бұрыс жол екендігі дәлелдермен кеңінен түсіндірілген. Парсы тілінде жазылған бұл кітап Махмуд Алуси тарапынан арап тіліне **"Мухтасар-и Тухфа"** деген атпен қысқартылып аударылған.

Қазірде Иранның бірқатар ауылдары мен Ирактың миллиондаған тұрғыны уланып, тура жолдан тайған. Олардың ең құнды кітабы **"Хуснийаны"** Муртаза деген ирандық яһуди жазған. Ол хижраның 436 (м.1044) жылы Бағдатта өлген. Бұл кітап түрік тіліне де аударылған. Хазреті Жафар Садықтың жанында өскен делінетін Хуснийа деген күңнің сөзімен Ислам ғалымдарына тіл тигізіледі, аяттар мен хадистерден қате мағыналар шығарылып, Сахабаларға дұшпандық етіледі. Әһли сүннет ғалымдарын әһли бәйтке дұшпан етіп таныстады. Осы **"Хуснийа"** кітабына **"Асхаби Кирам"** және **"Хақ сөздің дәлелдері"** деген кітаптарда кеңінен жауап берілген.

Онда шииліктің бидғат тобы екендігі, тура жолдың **әһли сүннет жолы** екендігі жазылған. Саййид Айюб бин Сыддықтың түрік тіліндегі **“Манақиб-и Чиһар Йар-и Гузин”** кітабында төрт халифаның ерекшеліктері туралы кеңінен мәлімет берілген.

Хазреті Әли бин Әби Талиб алғаш иман келтірген мұсылмандардың бірі, пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның күйеу баласы, яғни Фатима-туз-Захраның күйеуі. Жаннатпен сүйіншіленген он кісінің бірі. Төрт ұлы халифаның төртіншісі. Хазреті Әли, әйелі хазіреті Фатима және балалары Хасан мен Хусейн **“әһл-и бәйт”** деп аталады. Шииттер әһли бәйтті жақсы көретіндіктерін айтады. Бұл үшін сахабаларға дұшпандық әрекеттер жасайды. Әһли сүннет әһли бәйтті жақсы көрмейді деп санайды. Алайда, әһли сүннет сеніміндегілер әһли бәйтке деген махаббатты соңғы демде иманмен жан беруге себеп болады деп сенеді. Әһли сүннет ақидасын (сенімін) ұстанғандар әһли бәйтті де, сахабаларды да жақсы көріп, құрметтеген. Он екі имамды да әһли сүннет сенімінде болғандар дұрыс танып, құрметтерін орнына қойған. (Олар: хазіреті Әли, Хасан, Хусейн, Зайнулабидин, Мұхаммед Бақыр, Жафар Садық, Муса Казым, Әли Рыза, Мұхаммед Жәуад Тақый, Әли Наки, Хасан Аскари Зәки, Мұхамед Маһди). Қазір өздерін “жафари” деп атайтындардың Имам Жафар Садықпен ешқандай байланыстары жоқ. Ол ұлы имам әһли сүннеттен еді. Әһли сүннет ғалымдарының және әулиелердің ұстазы еді. Ол дін ілімі туралы ешқандай кітап жазбады. Шииттердің төрт негізгі кітабы болған Кулайнидің **“Кафи”**, Ибни Бабавәйх Әбу Жафар Мухаммед бин Ахмед Әли Құммидің **“Мән ла”** (“жоқ”), Әбу Жафар Мұхаммед бин Хасан Тусидің **“Тахзиб”** және **“Истибсар”** кітаптарында имам Жафари Садықтан келген әмірлер, хабарлар жазылғанымен, оларды риуаят еткен (жеткізген), айтқан адамдардың сенімді емес екендіктерін авторлардың өздері де айтады. Имамийа жолының 32-ші тобы (фирқасы) **“Жафарийа”** деп аталады. Олар «Хасан Аскари қайтыс болғаннан кейін бауыры Жафар бин Әли имам болды. Хасен Аскаридің баласы жоқ болатын» дейді. Бұл жафарилердің Имам Жафар Садыққа қатысы жоқ. Шииттердің қолындағы хадис және фиқһ кітаптарын Әбу Жафар Мухаммед бин Яқуб Кулайни мен Әбу Жафар Мухаммед бин Хасан Құмми жазғандықтан, өздерін

“жафари” деп атайды. **“Имам Жафар бұйрығы”** деген кітапты Жафар бин Хусейн Қумми жазған. Ол хижраның 340 (м.951) жылы Куфада өлген. **“Рисала-и Жафарийа”** кітабын Әбу Жафар Мухаммед Туси жазған. Ол х. 460 (м.1068) жылы өлген. Сондай-ақ тәпсір кітабы да бар. Шииттер осы екі Жафардың кітаптарына байланысты өздерін “жафари” деп атайды. Әйтпесе, олардың имам Жафар Садықпен қатысы жоқ.

Уаххабилік

Уаххабиліктің негізін салған Мәмбет (Мухаммед) бин Абдулуаххаб хиджраның 1111 (м.1699) жылы Нәждте Хураймилә мекенінде дүниеге келіп, х.1206 (м.1791) жылы Дарийада өлді. Бұрын саяхат және сауда мақсатымен Басра, Бағдат, Иран, Үндістан және Дамаска барған. Хиджраның 1125 жылы Басрада ағылшын тыңшысы Хемфердің тұзағына түсіп, ағылшындардың **Исламды жою** мақсатындағы әрекеттеріне құрал болған. Ахмет бин Таймийаның әһли сүннетке қайшы келетін кітаптарын оқып, **“Шайх-и Нәжди**” деген атпен танымал болған. Оның идеялары ағылшындардың ақшасы мен қарулары арқылы сауатсыз ауылдықтар және Дарийа халқы мен басшылары Мухаммед бин Сауд тарапынан қолдау тапты. Оның пікірін қабылдаған адамдар **“Уаххаби”** және **“Нәжди”** деп аталады.

Мәмбеттің әкесі Абдулуаххаб жақсы мұсылман кісі еді. Әкесі және Мәдинадағы ғалымдар Абдулуаххаб ұлы Мәмбеттің сөздерінен оның жаңа жол ұстанатынын түсініп, адамдарға онымен сөйлеспеуді насихаттады. Алайда, ол х.1150 (м.1737) жылы уаххабилікті жариялады. Жазған кітаптарында, оның ішінде ең танымалы **“Китаб-ут-тәуһидте”** және оған немересі Абдурахман бин Хасан жасаған **“Фатх-ул-мәжид”** деген шархында (түсіндірмеде) 250-ден астам қате сенімдері бар. Олардың біразы **“Усулул-арбаа”**[30] атты кітаптың екінші бетінде келтіріліп, әһли сүннет ғалымдары оларға қажетті жауаптар берген. Уаххабилердің бұзық сенімдерінің **<u>үш негізі</u>** бар:

30 **“Усул-ул-арбаа фи тардид-ил уаххабийа”** – Мухаммед Хасан Жан Сирхинди. х.1349 (м. 1930) жылы қайтыс болған.

1. **<u>Амал, ғибадат - иманның бөлшегі деп санайды</u>**. Бір парызды орындамаған адам кәпір болады дейді. Оны өлтіріп, мал-мүлкін тарату керек дейді. Олар туралы “Фатх-ул-мәжид” кітабының түрлі беттерінде жазылған

2. Пайғамбарлардың (алейһимуссалам) және әулиелердің (қаддасаллаһу та’ала асрараһумул азиз) рухынан шапағат сұраған адам**, <u>олардың мазарына барып, оларды себеп етіп, дұға еткен адам кәпір болады</u>** деп санайды. **“Фатх-ул-мәжид”** уаххаби кітабының 503-ші бетінде: *«Пайғамбар тірі кезде одан дұға етуін сұрауға болады. Тіпті, тірі жүрген барлық салих адамнан дұға етуін сұрауға болады. Хазреті Омар Меккеге умра жасауға бара жатқанда Расулуллаһ:* ***“Ей Омар, бізді дұғаңнан қалдырма”*** *деген. Тірі адамдардың өлген адамға және қабірдегі адамдарға арнап дұға етулеріне болады. Бірақ, қабірдегі адамнан дұға сұрауға болмайды. Аллаһу та’ала естімейтіндерден дұға сұраудың ширк екендігін білдірді. Өлген және жоғалған адамдар, алыстағы тірі адамдар естімейді және жауап бермейді. Олардан пайда да, зиян да келмейді. Сахабалар мен олардан кейін келгендердің ешқайсысы Расулуллаһтың қабірінен ештеңе сұраған жоқ. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін одан бір нәрсе сұрау жаиз (рұқсат) болғанда, Омар “радиаллаһу анһ” одан жаңбыр жаудыруды сұрар еді. Алайда, оның қабіріне барып одан көмек сұраған жоқ. Тірі болған қасындағы хазіреті Аббастан дұға етуді сұрады»* деп жазылған. 70-ші бетінде: *«Өлген адамнан және жанында жоқ адамнан бір нәрсе сұрау - оны Аллаһқа серік (ширк келтіру) ету деген сөз»* деп айтқан.

Уаххабилердің бұл сөздерін өздерінің кітаптары теріске шығарады. **“Фатх-ул-мәжид”** кітабының 201-ші бетінде: *«Бухари хадис кітабында Абдуллаһ ибн Масуд айтады: “Жеген тағамымыздың тәсбих еткен дауысын еститінбіз”. Әбу Зарр: “Расулуллаһ қолына тастарды алды. Олардың тәсбих еткен дыбыстары естілді» дейді. Расулуллаһ құтба оқыған кезде сүйеніп отырған ағаштан дыбыс шыққанын білдірген хабарлар сахих (дұрыс)»* делінген. Демек, Расулуллаһтан басқа мұсылмандар да әр адамдар ести алмайтын дыбыстарды естиді. Осы тастардың Әбу Бәкірдің

қолында да тәсбих еткен дыбыстарының естілгендігі туралы сол хабарда берілген. Хазреті Омар Мәдинада құтба оқып тұрғанда Иранда соғысып жатқан әскер қолбасшысы Сарийаны көріп: “Сарийа, таудағы дұшпаннан қорған!” дегенін, оны Сарийа естіп, тауды қолға түсіргендігі туралы оқиға барлық кітаптарда келтірілген. Уаххабилер пұтқа табынушылар үшін келген аяттармен жоғарыдағы бұзық пікірлерін дәлелдеуге тырысады. Алайда, мұсылмандар (яғни, әһли сүннет жолындағылар) пайғамбарлар мен әулиелерге табынбайды. Олардың Аллаһу та’аланың сүйікті құлдары екендігіне, Аллаһтың олардың құрметіне құлдарына мейірімділік танытатынына сенеді. Зиян мен пайданы жарататын – Аллаһу та’ала. Олар Аллаһу та’аладан басқа ешкімге ғибадат жасалмайды деп айтады және сенеді. Мұсылмандар қабірді зиярат етіп, ондағы әулие кісінің уаситасымен (арқылы) Аллаһу та’алаға дұға етеді.

Аллаһу та’аладан басқа ешкім ғайыпты білмейді. Ғайыпты тек Аллаһу та’ала және оның білдірген адамдары ғана біледі. Аллаһу та’ала көп нәрсені Расулының рухына білдіреді. Пайғамбарлар басқалар білмейтін бір талай нәрселерді біледі. “Жын” сүресінің 26-шы аятында: **«Аллаһу та’ала ғайыптағы нәрселердің біразын пайғамбарларының қалағанына білдіреді»** делінген болса да Ақаид (сенім) ілімі кітаптарында: «Әулиелердің кереметтерінің бірі - ғайыптардың біразын білуі» деп жазылған. Мутазила тобы осы аятқа сүйеніп, әулиелер ғайыпты біле алмайды деп санайды. Алайда, бұл аят ғайыптың уаситасыз (құралсыз) тек уаһи әкелетін періштеге білдірілетінін көрсетуде. Пайғамбарлар мен әулиелерге басқа періштелер арқылы немесе басқа құралдар арқылы білдіріледі. **“Тафсир-и Мазхари”** кітабында осы аяттың тәпсірінде: «Аллаһу та’ала әулиелеріне уаситасыз (құралсыз) да білдіреді. Хазреті Омарға (радиаллаһу анһ) Ирандағы Сарийаны көрсетті. Мұса алейһиссаламның анасына ұлын теңізге түсіруін, қайтадан қайтаратынын және пайғамбар ететіндігін білдіргенін айтады. Хауарилерге уаһи сияқты білдіргенін және хазіреті Мәриямға: **«Құрма ағашын сілкіле. Піскен құрма жемісі пайда болады. Соны же»** дегенін айтады. Олар пайғамбар емес еді. Әулиелер еді» делінген.

Абдулғани Наблусидің **“Хадиқа”** кітабының 2-ші том, 126-шы бетінде «Расулуллаһ арқылы, сахабалар және табииндер арқылы тілек тілеуге, олар қайтыс болғаннан кейін де Аллаһу та’алаға тауассул етуге, яғни осылардың құрметі үшін тілек тілеуге болады. Тауассул ету – “шапағатын, көмегін сұрау” деген сөз. Әһли сүннет ғалымдары мұның жаиз (дұрыс) екенін айтты. Мутазила тобы болса, сенбеді. Тауассул еткен, яғни бір салих кісінің атымен Аллаһтан тілегін сұраған адамның дұғасының қабыл болуы - әлгі тауассул етілген адамның кереметі болады. Яғни өлгеннен кейін керемет көрсетуі болады. Бидғатшы адасқан топ өкілдері бұған сенбеді» делінген. Имам Мунауи **“Жами-ус-сағир”** шархында (түсіндірмесінде) осы надандарға жауап беруде. Имам Субки: «Расулуллаһ арқылы тауассул ету, оның атынан Аллаһтан көмек сұрау - одан шапағат сұрау деген сөз. Бұл жақсы нәрсе. Ислам ғалымдарының бұрын және кейін келгендерінің ешқайсысы бұған қарсы ешнәрсе демеген. Тек Ибн Таймийа ғана қарсы болды. Осылайша, тура жолдан тайды. Өзінен бұрынғы ғалымдардың ешқайсысы айтпаған бидғатты шығарды. Мұсылмандар арасында осы бидғатымен танылды» дейді. (Уаххабилік Ибн Таймийаның қате пікірлеріне негізделіп құрылған). **“Хадиқаның”** 151-ші бетінде: «Кез-келген бір мужтаһидтің жаиз деген (рұқсат берген) нәрсесін жасауға кедергі болмау керек. Өйткені, төрт мазһабтың бірінің жолын ұстану - жаиз. Сондықтан да қабірді зиярат еткендерге, әулиелердің мазарларымен берекеттенгендерге, аурудан жазылу немесе жоғалған нәрсесінің табылуы үшін оларға нәзір жасап, бір нәрсе атағандарға кедергі болмау керек. Нәзір етуде “әулиеге нәзір еттім (бір нәрсе атадым)” деу ауыспалы мағынада айтылады да негізгі мақсаты сол кесенеге қызмет ететіндерге жасалатын нәзірді білдіреді. Бұл кедейге зекет берген кезде (кедейге ауыр тимеуі үшін) “қарыз бердім” деп айтуға ұқсайды. Ал мұның жаиз (рұқсат) екені кітаптарда айтылған. Бұл жерде сөзге емес, мағынасына қаралады. Сол сияқты кедейге “сыйлық” деп берілген нәрсе - садақа болады, бай адамға “садақа” деп берілген нәрсе болса - сыйлық болып есептеледі. Ибн Хаджәр Хайтами (рахметуллаһи та’ала алейһ) әулиелердің қабіріне нәзір етілген кезде, оның балаларына немесе шәкірттеріне, не болмаса сол жердегі кедейлерге садақа болуы

үшін дегендей басқа бір **Құрбат**, яғни басқа қайырымдылық ниет етілсе, осы нәзірдің сахих (дұрыс) болатынына фәтуа берген. Бұл нәзірлер ниет етілген адамдарға берілуі керек. Қазіргі таңда кесенелерге, молаларға жасалынып жатқан нәзірлердің (атау) барлығында осылай ниет етілуде. "Әулиеге нәзірім, атағаным бар" деген сөзден осыны түсіну керек. Өткен әулиелерге тіл тигізу, оларды надан деп санау, олардың сөздерінен Исламға қайшы мағыналар шығару, өлгеннен кейін де кереметтер көрсететініне сенбеу, өлгеннен кейін әулиеліктері тоқтайды деп ойлау және олардың қабірлерімен берекеттенгендерге, зиярат етушілерге кедергі болу - мұсылмандар туралы суи зан (жаман күмәнда, ойда болу) ету, оларға зұлымдық жасау, мал-мүлкін тартып алу, жала жабу, өтірік айту, өсектеу сияқты харам болады.

"Хадиқа" кітабының 182-ші бетінде Бухаридің Әбу Хурайрадан (радиаллаһу анһ) хабар берген хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала: "Құлым парыздарды орындау арқылы маған жақындағаны сияқты басқа ештеңе арқылы жақындай алмайды. Құлым нәпіл ғибадаттарын жасаса, оны жақсы көремін. Ол менімен көріп, менімен еситеді. Менімен барлық нәрсені ұстайды. Менімен жүреді. Менен не қаласа беремін. Маған сыйынса, оны қорғаймын" деген»** деп жазылған. Бұл хадис парыз намаздарымен бірге нәпіл намаздарын оқыған адамның Аллаһу та'аланың сүйіспеншілігіне қауышатынын, олардың дұғалары қабыл болатынын көрсетеді. Саид бин Исмаил Әбу Осман Хайри Нишабури (рахметуллаһи алейһ): «Бұл хадис құлдың көру, есту, жүру, ұстау сияқты барлық қалауларын дереу іске асырамын дегенді білдіреді» дейді. **«Істеріңде қиналған кездеріңде қабірдегілерден көмек сұраңдар»** деген хадис шәриф Аллаһу та'аланың сүйікті құлдарына өлгеннен кейін де осы күшті беретіндігін көрсетуде.

Имам Биргиви **"Әтфал-ул-муслимин"** рисаласында: **«Бір мұсылманның қабірін зиярат еткен кезде: "Йа Раббым! Мұхаммед алейһиссаламның құрметіне мұны азаптама" десе, Аллаһу та'ала қияметке дейін қабірдегінің азабын тоқтатады»** деген хадис шәрифті келтіреді.

Қабірде жатқан адамда сезім болатынын білдіретін көптеген хадис шәриф бар. Сахабалар мен Табииндер пайғамбарымыздың

қабірін зиярат ететін және онымен истиғаса (“оның құрметіне” деп дұға) ететін. Бұл туралы көптеген кітап жазылған. “Хиснул-хасин” кітабында дұға ету әдебі түсіндіріле келіп: «Дұғаның қабыл болуы үшін пайғамбарлар (алейһимуссалам) мен салих құлдарды уасила (себеп) ету керек. Бұл **“Бухаридегі”** хадис шәрифте білдірілді» делінген.

Әли Рамитани хазірет: «Күнә сөйлемеген тілмен дұға етіңдер, қабыл болады» деген яғни “Аллаһтың достары болған әулиелердің құзырында жалбарыныңдар, олар сендер үшін дұға етеді” дейді. Истиғаса, яғни бір әулиеге тауассул ету деген осы.

Абдулуаххабұлының әһли сүннетті пұтқа және мазарларға табынушылар деп білуі және сүнниттерді өлтіріп, мал-мүлкін алуды халал деуі – оның аяттар мен хадистерге қате мағына бергендігінен туындаған. **“Бухари”** кітабында келген хадис шәрифте пайғамбарымыз: **«Кәпірлер кәпірлер үшін келген аяттарды мұсылмандарға жүктейді»** деген. Тағы бір хадис шәрифте: **«Мұсылман аталатын адамдардың ең қауіптісі - Құран кәрімнің мағынасын өзгерткендері»** дейді. Бұл хадистер осындай адамдардың пайда болатынын, олардың тура жолдан адасқан адамдар екенін көрсетеді.

Егер мазарларды зиярат етіп қабірдегі кісімен тауассул ету арқылы Аллаһқа жалбарынған адам кәпір болғанда, пайғамбарымызбен де тауассул етілмеген (ол арқылы да жалбарынбаған) болар еді. Алайда, Расулуллаһ арқылы ол дүниеге келместен бұрын, тірі кезінде және қайтыс болғаннан кейін де адамдар пайғамбарды ортаға қойып жалбарынған. **“Шауаһид-ул-хақ”** кітабының 153-ші бетінде келген **Ибн Мажә** көрсеткен хадис шәрифте пайғамбарымыз: **«Аллаһумма инни әс’әлука бихаққисса’илина алейка»** яғни **«Ей Раббым! Сенен сұрағанда Сен тілектерін берген адамдардың құрметіне сенен сұраймын»** дейтін және осылай дұға етуді бұйыратын. Сүйікті пайғамбарымыз хазіреті Әлидің (радиаллаһу анһ) анасы Фатиманы (радиаллаһу анһа) өз қолымен мазарға қойған кезде: **«Иғфирли умми Фатимата бинти Әсад уә уәсси алейһа мадхалиха би-хаққи Нәбиика уәл әнбия-иллазина мин қабли иннака әрхамур рахимин»** дегендігі туралы хадис ғалымдары Табарани, Ибни Хиббан, Хаким және Суюти хабарлайды. Хадис имамдарынан **“Насаи”** мен **“Тирмизи”**

де осыны көрсетеді. Пайғамбарымыздың жанына бір соқыр адам келеді. Көздерінің ашылуын сұрап, дұға етуді пайғамбарымыздан қалайды. Расулуллаһ оған: **«Қаласаң дұға етейін. Қаласаң, осыған көніп, сабыр ет. Сабырлылық - сен үшін ең жақсы нәрсе»** дейді. Соқыр адам: "Дұға еткеніңді қалаймын. Маған қарайтын ешкімім жоқ, қатты қиналып жүрмін" дейді. Пайғамбар оған жақсылап дәрет алып: **«Аллаһумма инни әсәлука уә әтәуәжжәһу иләйка би-Нәбиика Мухаммадин Нәбийирахма. Ей Мухаммед инни әтәуәжжәху бикә ила Рабби фи хажати-хазиһи, ли тақдийа-ли Аллаһумма шәффи'һу фийа»** деген дұғаны оқуды бұйырады. Дұғаның мағынасы: «Йа, Раббым! Адамдарға рақымдылық ретінде жіберген сүйікті пайғамбарыңмен саған жалбарынамын. Сенен сұраймын. Ей Мұхаммед алейһиссалам! Тілегімнің орындалуы үшін Раббыма сен арқылы жалбарынамын. Аллаһым! Оны маған шапағатшы ет!" Сахабалар әрдайым осы дұғаны оқитын.

Бұл туралы Имам Байхақи хабарлайды. Сондай-ақ, «...тұрып көздері көріп кетті» дейді. Бұл дұғаны оған Расулуллаһтың өзі үйретті. Өзі дұға еткен жоқ. Оның тауассулға яғни пайғамбарды ортаға қойып дұға етуін және тілегінің осындай жолмен жасалған дұға арқылы орындалуын қалады. Расулуллаһ тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейін де онымен истиғаса[31] етілді. Сәләф-ус-салихин Расулуллаһтан кейін осы дұғаны көп оқыған және осы арқылы тілектеріне, мақсаттарына қауышқан. Халифа Осман (радиаллаһу анһ) бір адамның сұранысын қабылдамай жүр еді. Ол адам сахабалардан Осман бин Ханифке барып, көмек сұрағанда, ол осы дұғаны оқуды үйретеді. Әлгі кісі дұғаны оқып, халифаның қасына барған кезде сұранысы қабылданып, мәселесі шешілгені туралы Табарани мен Байхаки хабарлайды.

Табарани риуаят еткен бір хадис шәрифте Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дұға еткен кезде: **«Пайғамбарыңның және одан бұрын келген пайғамбарлардың ақысы** (құрметі) **үшін»** дейтін. Расулуллаһ арқылы немесе басқа пайғамбарлар не болмаса әулиелер арқылы **"тәуәжжуһ** ету", **"тауассул** ету",

31 Шапағат, көмек сұрау. Аллаһу та'аладан бір тілектің орындалуы үшін пайғамбарларды және әулиелерді уәсилә (араға қойып) етіп, сұрау, жалбарыну, дұға ету. "Истиғаса" терминінің орнына діни әдебиетте оның синонимдері болған "тауассул" және "ташаффу" сөздері де қолданылады.

“истиғаса ету**”** және **“ташаффу** ету” деп келетін сөздердің барлығы “салих кісі арқылы, оны ортаға қойып, Аллаһқа жалбарыну” деген мағынада қолданылады. Амал және ғибадаттар(ды ортаға қою) арқылы да жалбарынуға болатынын Ислам діні білдірген. Ескі заманда бір үңгірге кіріп, қамалып қалған адамдар Аллаһ үшін жасаған қайырлы істерін айтып, жалбарынған кезде үңгірдің аузындағы тас ашылып, олардың шыққандығы хадис шәрифте келген. Орындалған жақсы амалдармен ғибадаттарды себеп, уәсилә етіп (араға қойып соның құрметіне) оқылған дұғалар қабыл болса, сондай ғибадаттарды орындаған кісілердің өзін себеп, уәсилә етіп, олардың құрметіне деп жасалған дұғалар әрине, қабыл болады. Омар Бин Хаттаб (радиаллаһу анһ) хазреті Аббасты себеп етіп жаңбыр дұғасын оқыды. Сахабалардың ешқайсысы бұған қарсы ештеңе демеді. Расулуллаһты және оның қабірін уәсилә (себеп) қылмай, хазіреті Аббас арқылы дұға етуі - өзін төмен санағандығынан және Расулуллаһтың туысын өзінен жоғары санағандығынан еді. Хазреті Аббаспен тауассул етуі негізінде Расулуллаһпен тауассул етуі болып табылады. «Тәуәжжуһ, тауассул және истиғаса сөздері дұғаның қабыл болуы үшін себеп қылынған салих кісінің оны себеп етіп дұға еткен кісіден әрқашан да артық екенін көрсетеді» деу дұрыс болмайды. Расулуллаһ бір дұғасының қабыл болуы үшін Мекке мухажирлерін себеп еткен. Истиғаса – “біреуден бір нәрсе сұрау үшін, оның қатты жақсы көретін адамынан көмек сұрау” дегенді, яғни “сол адам арқылы сұрау” дегенді білдіреді. Сол адам арқылы сұралғанда, көздеген мақсатқа, тілекке жету оңай болады. Дұғаның қабыл болуы үшін Расулуллаһпен немесе қабірдегі бір әулиемен истиғаса қылынады. Осылайша дұға қабыл болады. Дұғаны қабылдайтын тек Аллаһу та’ала. Оған себеп, уәсилә болатындар – пайғамбарлар, әулиелер. Аллаһу та’ала шынайы ғаус (қамқор), ал Расулуллаһ болса, ауыспалы мағынада ғаус саналады. Бұхари хабарлаған хадис шәрифте: **«Қиямет күні алдымен Адам алейһиссалам арқылы, сосын Мұса алейһиссалам арқылы, кейін Мұхаммед алейһиссалам арқылы истиғаса етіледі»** делінген. Сондай-ақ, Расулуллаһ арқылы истиғаса немесе тауассул ету – оның дұға етуін қалау дегенді білдіреді. Өйткені, ол қабірінде тірі. Сұрағандардың тілегенін түсінеді. Бір сахих

хабарда: «Әмир-ул-муминин Омар (радиаллаһу анһ) дәуірінде жұт болды. Сахабалардың бірі пайғамбарымыздың қабіріне келіп: «Ей Расулуллаһ! Үмбетіңе жаңбыр жаууы үшін дұға ет! Үмбетің өлер халге жетті» деді. Расулуллаһ алейһиссалам оған түсінде көрініп, жаңбыр жауатынын айтты. Шынында да солай болды. Пайғамбарымыз сахабаға түсінде: **«Омарға барып, сәлемімді және жаңбыр жауатынын айт. Жұмсақ мәміледе болсын де!»** деп те айтқан. Омар (радиаллаһу анһ) қатал адам болатын. Діннің бұйрықтарын орындауда қатаңдық танытатын. Әлгі сахаба халифаға барып, болған жағдайды айтып береді. Халифа тыңдап жылайды. Бір хабарда келуі бойынша бұл түсті көрген адам сахаба Билал бин Харис Музани еді. Бұл жерде түске емес, сахабаның Расулуллаһтың қабіріне барып, оны тауассул еткеніне назар аудартамыз. Бұдан Расулуллаһ тірі кездегі сияқты қайтыс болғаннан кейін де одан тілектің қабыл болуы үшін дұға етуін қалауға болатындығы аңғарылады. Қиямет күні де үмбеті үшін шапағат етеді және шапағаты қабыл болады. Мұны Ислам ғалымдары ижмамен (бірауыздан) айтқан. Абдуллаһ бин Аббастың (радиаллаһу анһума) жеткізген хадисінде: **«Аллаһу та’ала Иса алейһиссаламға: “Ей Иса! Мұхаммед алейһиссаламға иман келтір! Сенің үмбетіңнен оның заманында өмір сүретіндердің Оған иман келтіруін бұйыр! Мұхаммед алейһиссалам болмағанда, Адам пайғамбарды жаратпас едім. Мұхаммед алейһиссалам болмаса, жұмақты, тозақты жаратпас едім. Аршты судың үстінде жараттым. Қимылдай бастады. Үстіне “Ла иллаһә иллаллаһ” деп жазған соң тоқтады” дейді»** делінген. Бұл хадисті Хаким сахих дәлелдерімен хабар берген. Осындай жоғары дәрежелі және аса қадірлі, Жаратушысының нығметіне бөленген пайғамбарды себеп етіп, Оның шапағатын тілеп, оқылған дұға қалайша қабыл болмайды?!

“Шауаһид-ул-хақ” кітабында Имам Субкиден алынған сөзде былай делінеді: «Расулуллаһпен тауассул ету (жалбарыну) екі түрлі болады:

1. Оның жоғары мәртебесі, берекеті үшін Аллаһу та’аладан сұрау. Мұндай дұға етерде тауассул, истиғаса және ташаффу сөздерінің кез келгені қолданылады. Үшеуі де бір нәрсені білдіріп тұр. Осы сөздерді қолданып дұға еткен кісі Расулуллаһты себеп

етіп Аллаһтан сұрауда. Оны ортаға қойып Аллаһу та'аладан истиғаса етуде. Дүние жұмыстарында да бір кісіден оның жақсы көретін адамы арқылы бір нәрсе сұралатын болса, дереу береді.

2. Тілекке жету үшін Расулуллаһтың Аллаһу та'алаға дұға етуін одан сұрау. Өйткені, ол қабірде тірі. Ол арқылы дұға еткендердің тілегендерін есітіп түсінеді және Аллаһтан сұрайды. Қиямет күнінде де шапағаты сұралады, ол шапағат етеді және шапағаты қабыл болады.

Шихабуддин Рамли (рахметуллаһи та'ала алейһ) былай дейді: «Пайғамбарлар мен әулиелер қайтыс болғаннан кейін де олар арқылы истиғаса не тауассул етіледі. Пағамбарлар қайтыс болғанда мұғжизалары тоқтап қалмайды. Әулиелер қайтыс болса да кереметтері бітпейді. Пайғамбарлардың мазарда тірі екендігін, намаз оқитындығын, қажылыққа баратынын хадистер ашық түрде көрсетуде. Шәйіттердің де тірі екендігі, кәпірлермен соғысқанда көмекке келетіндігі мәлім».

Хаким келтірген сахих хадисте: «Адам алейһиссалам жаннаттан шығарылған соң көп дұға етті. Тәубесі қабыл болмады. Соңында: "Ей Раббым! Ұлым Мұхаммедтің құрметі үшін маған мейірімділік таныт" дегенде дұғасы қабыл болып, **"Ей Адам! Мұхаммед алейһиссаламның есімімен не қаласаң да орындар едім. Мұхаммед болмағанда, сені жаратпас едім"** деп бұйырылды» делінген. Бұл құдси хадис **"Мәуаһиби ләдуннийа"** және **"Әнуар-и Мухаммади"** кітаптарының басында да жазылған. Мұны Алуси де **"Ғалия"** кітабының 109-шы бетінде кеңінен жазған. Бұл дұғаларда өтетін "хақ", "ақы" сөзі - "құрмет", "абырой" және "құн" дегенді білдіреді. Яғни "бір әулиенің ақысы үшін" делінгенде, сол әулиенің Аллаһ алдындағы қадірі, абыройы, құны үшін сұралған болады. Өйткені ешбір жаратылыстың ешқандай тұрғыдан Аллаһта ақысы жоқ.

Ол кезде Мұхаммед алейһиссалам дүниеде жоқ болатын. 313 мың жылдан кейін дүниеге келеді. Адам алейһиссалам оны қайдан білді?

Адам пайғамбар жұмақта жүргенде, жаннаттың әр жерінде және Аршта "Ла илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ" деген жазуды көреді. Оның Аллаһу та'аланың ең сүйікті құлы екенін осыдан түсінген еді. Бұл жерде Ислам әріптерімен жазылған еді.

Демек, ол әріптер де адамға тән емес. Әлем мен Адам жоқ кезде ол әріптер бар болатын. Барлық кітаптар сахифалар (рисала) Ислам әріптерімен жіберілген.

Бұл дұғалар Аллаһу та'аланың сүйген адамдары арқылы жалбарыну, яғни оларды араға салып, солардың құрметіне Аллаһтан тілеуге болатынын көрсетеді.

Ибн Абидин (рахметуллаһи та'ала алейһ) **"Радд-ул-мухтар"** кітабының 5-ші томының 524-ші бетінде: «Расулуллаһты араға салып, Аллаһу та'алаға дұға ету өте жақсы болады. Бұрын және кейін келген ғалымдардың ешқайсысы бұған қарсы ешнәрсе айтпады. Тек Ибн Таймийа ғана қарсы шықты. Ешкімнің айтпаған нәрсесін айтып, ортаға бидғат шығарды. Мұны Имами Субқи жақсы түсіндіріп берген» дейді.

Ахмед бин Сайид Зәйни Дахлан (рахметуллаһи та'ала алейһ) - Меккенің мүфтиі, ғалымдардың басшысы және шафии мазһабының шайхы еді. Бірнеше еңбектері бар. **"Хуласат-ул-кәлам фи баяни умара-ил бәләд-ил-харам", "Фиррадди алал-уаххабиати атбаи мазһаби Ибни Таймийа"** және **"әд-Дурар-ус-санийа"** кітаптарында уаххабилердің, мазһабсыздардың ішкі ниеттерін түсіндіріп, қате жолдағы бұзық екендіктерін аяттармен хадистер арқылы көрсетеді. **"Хуласат-ул-Кәлам"** кітабында былай дейді:

«Расулуллаһ тірі кезде де, қайтыс болғаннан кейін де оны себеп етіп дұға ету сахих (дұрыс) және жаиз (рұқсат). Сол сияқты әулиелер мен салих адамдарды себеп ету арқылы дұға оқуға болатынын хадис шәрифтер көрсетуде. Хазреті Омардың жаңбыр дұғасына шығарда хазреті Аббасты ертіп баруы - Расулуллаһтан басқа адам арқылы да дұға етуге болатынын көрсету үшін еді. Әһли сүннет ғалымдары айтады: "Әсерді беретін, жарататын, пайда мен зиян әкелетін, жоқ ететін-тек Аллаһу та'ала. Оның серігі жоқ. Пайғамбарлар және барлық тірі және өлген адамдар әсер, пайда және зиянды жарата алмайды. Тек Аллаһу та'аланың сүйікті құлдары болғандықтан олардан берекет күтеміз. Ал мыналар (адасқандар) тірі адамның әсер ете алатынына, өлген адамдардың әсер ете алмайтынына сенеді». **"Фатх-ул-мәжид"** уаххаби кітабының 70, 77, 98, 104, 239, 248, 323, 503 және 504-ші беттерінде: *«Мәйіттен және ұзақтағы естімейтін, көріп тұрмаған тірі адамнан бір нәрсе сұраған (тілеген) адам мүшрік болады. Адамнан құдіреті жететін*

нәрселерді сұрауға болады. Тек Аллаһтың құдіретімен болатын нәрселерді адамнан сұрау жаиз емес (болмайды)» делінген. 70-ші бетінде: *«Тірі адам өзінен сұралған нәрсе үшін дұға етеді. Аллаһ оны қабыл етіп, ол нәрсені жаратады. Өлі немесе алыстағы адамнан сұрау - оның құдіреті жетпейтін нәрсені сұрау деген сөз. Бұл ширк болады»* дейді. 136-шы бетінде: *«Салих адамдардың қабірлері арқылы жалбарыну – Лат, Манат пұттарына табыну сияқты ширк»* делінген. 208-ші бетінде: *«Қажет нәрсесін өлген адамнан сұрау - ширк. Өлген адамнан шапағат етуді сұрау - надандық. Ол Аллаһтың рұқсатынсыз ешкімге шапағат ете алмайды. Одан истиғаса ету, шапағатын сұрау – оның шапағат етуіне рұқсат берілуіне себеп қылынбаған. Шапағатқа қауышуға себеп – иманды болу. Истиғаса ету ширк болғандықтан шапағат етуге тосқауыл болуда»* делінген. Алайда, бұл кітап өз сөздерін өзі теріске шығарады. Өйткені, 200-ші бетінде: *«Көктер Аллаһтан қорқады. Аллаһ көктерде сезім жаратқан. Олар сезеді, түсінеді. Құранда жердің және көктердің тәсбих еткендігі білдірілді. Расулуллаһтың алақанындағы тастардың тәсбих айтқандығын және мешіттегі ханнана деген тіректің жылағандай дыбыс шығарғанын және тағамның тәсбих еткенін сахабалар естіді»* делінген.

Тауда, таста, тіректе сезім мен түйсіктің бар екенін айтып, пайғамбарлар мен әулиелерде сезім болмайды деулері таңқаларлық жағдай. “Тірі адамдар тауассул етіледі, өлілер тауассул етілмейді” деп, өздері мүшрік болуда. Өйткені, бұл сөз тірілер естиді, әсер етеді, өлгендер естімейді, әсер етпейді дегенді білдіреді. Аллаһтан басқа адамның әсер ете білетініне сену болады. Осылай сенген адамдарды өздері мүшрік деп атайды. Алайда, өлі де, тірі де тек қана себеп болады. Әсер ететін, жарататын - жалғыз Аллаһу та’ала. Тауассул, ташаффу, истиғаса және тәуәжжуһ бәрі бір мағынада. Бәрі де жаиз. **Бұхари** хадисінде: **«Қиямет күні адамдар алдымен Адам алейһиссаламға истиғаса (**жалбарынады**) етеді»** деп бұйырылған. Ұлы сахаба Билал бин Харис расулуллаһтың қабіріне барып: “Ей Расулуллаһ! Үмбетің үшін жаңбыр жаууын сұра” деді. Жаңбыр жауды. Пұттар бізге шапағат жасайды деп санайтын кәпірлер пұттарға табынатын. Ал, шапағат тілейтін муминдер пайғамбарлар мен әулиелерге табынбайды. Екеуін бір деп ойлау

қандай ақымақтық. **“Фатх-ул-мәжид”** уаххаби кітабының 209-шы бетінде: *«Құран кәрімде* ***“Тек Аллаһтың рұқсат беруімен шапағат етіледі”*** *және* ***“Тек риза болған адамдарына шапағат етеді”*** *делінген. Шапағат сұрап молаға барған адам өзіне шапағат ету үшін Пайғамбарға рұқсат берілетінін қайдан біледі? Өзінің Аллаһтың ризалық білдіргендерінің қатарында екенін қайдан біліп, шапағат сұрайды?»* делінген. Бұл сөздері хадис шәрифтерге қайшы келеді және өз сөзін өздері теріске шығарады. Өйткені, осы кітаптың 208-ші бетінде уаххаби өз ауызымен: ***«Шапағатқа қауышудың себебі - иман»*** деген еді. Азан шақырылғаннан кейін оқылуы бұйырылған дұғада Аллаһу та’аланың пайғамбарымызға (алейһиссалам) фазилә және уәсилә (ізгілік пен арашы, себеп болу) дәрежелерін уәде еткендігі көрсетілген. Бұл дұғаны оқығандарға және салауат айтқандарға, сондай-ақ қабіріне зиярат жасағандарға пайғамбарымыз шапағат ететінін айтты. Сол сияқты қаншама хадис шәрифтер пайғамбарымызға қалаған адамына шапағат етуге рұқсат берілгенін айтады. **«Үлкен күнә жасағандарға шапағат етемін»** деген хадис шәриф иманы бар барлық адамға шапағат ету үшін өзіне рұқсат берілгендігін көрсетуде. Юсуф Набханинің (рахметуллаһи алейһ) **“Шауаһид-ул-хақ”** кітабының 130-шы бетіндегі қырық хадистің он үшіншісінде: **«Қиямет күні шапағат етемін. “Ей Раббым! Жүрегінде қышаның түйіріндей иманы бар адамдарды жұмаққа жібер” деймін. Олар жаннатқа барады. Сосын жүрегінде аз ғана нәрсе барларға “Жаннатқа барыңдар” деймін»** делінген. Бұл хадис **Бұхари** тарапынан білдірілген. Истиғаса – тауассул ету, уәсилә-себеп ету, жәрдем сұрау, тілеуін қалау деген сөз. Пайғамбардан шапағат тілеу. Оны себеп етіп, Аллаһу та’аладан иманмен өлуді тілеу дегенді білдіреді **“Фатх-ул-мәжид”** уаххаби кітабының көптеген жерінде, мысалға: 323-ші бетінде: *«Алыстағы және өлген адамдарды истиғаса ету, олардан пайда күту - ширк. Аллаһ мүшіріктермен соғысуды бұйырады»* деген. Алайда, пайғамбарымыздың өзі дұға еткенде өз атын араға қойып **«Ей Мұхаммед, сені себеп етіп, (сенің құрметің үшін) Раббыма тәуәжжуһ етемін, жалбарынамын»** дейтін. Ол қайтыс болғаннан кейін де сахабалар осы дұғаны оқитын. Табаранидің көрсеткен бір хадисінде: **«Шөлде жалғыз**

қалған адам бір нәрсе жоғалтса, "Ей, Аллаһтың құлдары, маған көмек берiңдер" десін. Өйткені, Аллаһу та'аланың сендердің көздерің көрмейтін құлдары бар» делінген. Ибн Хаджәр Мәкки **"Изах-ул-манасиқ"** кітабының хашийасында (кітап беттерінің шетіндегі бос жерге жазылған түсіндірмесінде) бұл дұғаның бірнеше рет тәжірибеден өткізілгенін айтады. Әбу Даут және басқалары келтірген бір хадис шәрифте: **«Расулуллаһ сапарда жүргенде кешке қарай: "Ей, Раббымның жері! Сенің жамандығыңнан құтқар деп, Аллаһқа сыйынамын" дейтін»** делінген.

Мысырдағы «Ихуан-ул-муслимин» деп аталатын мазһабсыз-дардың басшысы Сайид Құтб да "Зумар" сүресінің 3-ші аятына тәпсір жасаған кезде: «Тәуһид және ықылас иесі Аллаһтан басқа ешкімнен ешнәрсе сұрамайды. Ешқандай жаратылысқа сенбейді. Адамдар Ислам көрсеткен тәуһидтен бөлінді. Қазір барлық елдерде әулиелерге ғибадат жасалуда. Исламнан бұрынғы араптардың періштелерге, мүсіндерге табынғаны секілді олардан шапағат тілеуде. Аллаһ көрсеткен тәуһидте Аллаһ пен құл арасында уасита, уәсилә, себеп және шапағат ету деген болмайды» дейді. Осы сөздерімен уаххаби екендігін жария етеді.

Аллаһу та'алаға тән сипаттар **"сифат-и затийа"** және **"сифат-и субутийа"**, яғни, **"улуһийат сипаттары"** (Құдайлық сипаттары) деп аталады. Бір жаратылған нәрсеге ғибадат ету - тас, ағаш, күн, жұлдыз, сиыр, адам, ескерткіш, сурет сияқты нәрседе құдайлық сипаты бар деп санап, оған жалбарыну деген сөз. Осылай сену **"ширк"**, сенген адам **"мүшрік"** деп аталады. Бұл табынылған нәрселер **"шерик", "мабуд", "пұт"** деп аталады. Қазіргі христиандардың көбісі, буддистер, брахмандар және мәжусилер (отқа табынатындар) мүшрік болып табылады. Мұсылмандар ешқандай әулиеде улуһият (құдайлық) сипаты бар екендігіне сенбейді. Пайғамбарлардың және әулиелердің Аллаһтың құлы екендігіне сенеді. Оларға табынбайды. Зиярат етушілермен дұға етушілердің тілектерін Аллаһтың оларға білдіретініне сенеді. Сондықтан дұғаларының, тілектерінің қабыл болуы үшін Аллаһтың алдында көмектесулерін, шапағат етулерін сұрайды. Мұсылмандардың осындай пәк ниетпен зиярат етулерін

"пұтқа табынушылыққа", зиярат етілген пайғамбарды және Исламның ұлы тұлғаларын "пұттарға" меңзеулері уаххабилердің жауыз мақсаттарын көрсетуге жетеді.

3. <u>Уаххабилердің үшінші бұзық сенімдері</u> - мазардың үстіне кесене салуды, кесенелерде намаз оқуды, онда қызмет істейтіндер мен намаз оқығандарға шырақ жағуды, өлгендердің рухына садақа нәзір етуді (атау) жаиз емес (дұрыс емес) деп санауы. Уаххабилердің айтуы бойынша Харамайн (Мекке-Мәдина) халқы бүгінге дейін күмбездермен дуалдарға табынып келген екен. **Әһли сүннет** пен **шиит** тобындағы мұсылмандар сол үшін мүшрік болып саналады екен. Оларды өлтіріп, мал-мүлкін тәркілеуге болады екен. Олардың сойған малы арам болып есептеледі екен.

Кесенеде намаз оқуға болатындығы **"Қиямет және ахирет"** кітабының 3-ші бөлімі болған **"Мұсылманға насихаттың"** 14-ші бабында кеңінен жазылған. "Кесене" - "бөлме" дегенді білдіреді. Кесенеге тыйым салынатын болса сахабалар (радиаллаһу та'ала анһум ажмаин) Расулуллаһты, Әбу Бәкірді және Омарды бөлме ішіне жерлемес еді. Кесене өлген адамға табыну үшін салынбайды. Оған құрмет көрсету, дұға етуге келгендерді жауыннан, күннен қорғау үшін салынады. **"Мәжма-ул-әнхур"**[32] кітабының 2-ші томының 552-ші бетінде: «Мұхамед бин Ханафийа Абдуллаһ бин Аббасты жерлегеннен кейін қабірінің үстіне шатыр құрды. Зиярат етушілер үш күн шатырды паналады» **делінген. Сахабалардың жолындағы адамдар кесенені құлатпайды, кесенені салады.**

"Кәшф-ун-нур"[33] кітабында: «Ғалымдардың, әулиелердің қабірлері үстіне кесене оларды надандардың қастандығынан қорғау үшін салынады» делінген. **"Жами-ул-фәтауада"**[34] және **"Тәнуир"**[35]

32 **Абдуррахман Шайхизада**, пайғамбар ұрпағы - саййид, Арабстанда Забид муфтисі еді.

33 **"Кәшф-ун-нур ан асхаб-ил-кубур"**, Абдулғани Наблуси. Фиқһ, тафсир, хадис және тасауф ғалымы. Хижраның 1050 (м.1640) ж. Шамда (Дамаск) туылып, х.1143 (м.1731) ж. сол жерде қайтыс болған.

34 **Әбул-Қасым Самарқанди**, ханафи фиқһ ғалымы, х.556 (м.1161) жылы қайтыс болған.

35 **"Тәнуир-ул-абсар"**, Шамсиддин Мухаммед бин Абдуллаһ Ғаззи - Тимурташи, ханафи фиқһ ғалымы, х.1004 (м.1595) ж. Палестинаның Ғазза қаласында қайтыс болған.

кітабында: «Қабір үстіне күмбез салу мәкрух емес» делінген. "Надандар әулиелерді жаратушы деп есептемесін деп кесенелерді қиратамыз" деген сөз күпірлік болып саналады. Перғауын да солай деген еді. Бүлік шығарды деп, Мұсаны (алейһиссалам) өлтіруге тырысқан болатын. Аллаһу та'ала әулиелерін жақсы көреді. Олардың қалаған нәрсесін жүзеге асырады. Уаххабилер болса, Аллаһу та'алаға, әулиелерге және бүкіл мұсылмандарға суи зан (жаман ойда, күмәнда болу) етуде. Мұсылманға суи зан ету – харам. Әулие тірі кезінде де, өлгеннен кейін де ешнәрсе жаратпайды. Аллаһу та'аланың жаратуына себеп болады. Әулиелердің рухтары қабірдегі денелерімен қатынаста болады. **"Кунуз-уд-дәқаиқ"**[36] кітабында жазылған Дәйләмидің көрсеткен хадисінде: **«Өлгеннен кейін де тірі кезімдегідей білетін боламын»** делінген. Тірі немесе қайтыс болған әулиенің файзына, мейіріміне бөлену үшін, одан пайда ала білу үшін оны жақсы көріп, құрметтеу керек. Надан халық өлген кісіні жер астында әрекетсіз жатқанын көріп, өзінен төмен санайды. Кесенені барлық адамдардың құрметтеп, зиярат етіп жатқанын көрсе, ол да оны құрметтейді. Яғни, кесене өлген адам үшін емес, тірі адамдардың құрмет көрсетіп, зиярат етулері, әулиенің файзымен берекетінен пайдаланулары үшін салынады. Әһли сүннет ғалымдары: «Қабірдің үстіне әсемдік үшін, мақтаныш үшін кесене салу - харам, ұмыт болып кетпеу үшін салынса - мәкрух. Мәйітті ұрыдан, аңнан қорғау үшін салынса - мәкрух болмайды. Мәйітті алдын ала салынған кесенеге жерлеу жаиз (болады)» деген. Расулуллаһ ұлы Ибрахимнің қабірін бір қарыс биік етіп жасатты. Және оны сылатты. Бір күні Ибрахимнің қабірінің бір шеті ашылып қалғанын көріп, ол жерді бітегендігі **"Хуласа"** кітабында жазылған. Ислам ғалымдарының ешқайсысы кесенелерді пұтқа ұқсатпаған. Ең ауыр жазғаны да "харам" деген. Кесене зиярат етіп, әулиелерді тауассул еткен мұсылмандарға мың жыл бойы ешбір Ислам ғалымы суи зан етпеген, жамандамаған. **"Фатх-ул-мәжид"** уаххаби кітабының 242-ші бетінде: *«Ибни Хаджәр Мәкки "Зәуажир" кітабында "Қабірдің үстіне күмбез салу үлкен күнә. Мұсылман патшаларының, әкімдерінің бұл*

36 **Абдуррауф Мунауи** (немесе Манауи), шафии фиқһ ғалымы, **"Кунуз-уд-дәқаиқ"** кітабында 10 мың хадис бар, х.1031 (м.1621) ж. Каирде қайтыс болған.

күмбездерді бұзуы - уәжіп. Ең алдымен Имам Шафиидің күмбезін қирату керек" деген» деп жазады. Алайда, Ибн Хаджәри Мәкки (рахметуллаһи алейһ) **"Зәуажир"** кітабында: «Қабірлердің үстіне күмбез салу - үлкен күнә» демейді. «Жалпылама, яғни көп адам көмілетін және уақыф етілген (мұсылмандардың жалпы қолдануы үшін садақа етілген мүлік) мазараттардағы кесенелерді бұзу керек. Өйткені, орын алып, басқа мұсылмандарды көмуге кедергі келтіреді» дейді (Яғни мәйіттің өз мүлкі болмаған жерлерде басқалардың көмілу құқығын шектегені үшін кесене салынбасын дейді). Имам бұл жерде кесене салуды, оны зиярат етуді күпірлік деп санамайды. Аяттар мен хадистердің мағыналарын өзгертуден тартынбаған уаххабилердің әһли сүннет ғалымдарының кітаптарындағы мәліметтермен сөздерін де бұрмалап, өзгертіп жазып, мұсылмандарды алдауға тырысқандығының айқын бір дәлелі Ибн Хаджәр Мәккиге жапқан осы жаласы болып табылады.

Ибн Хаджәри Мәкки **"Фәтауа-и фиқһийа»** кітабының 125-ші бетінде: «Пайғамбарлардың кесенелерінде намаз оқу сахих (дұрыс). Тіпті мәкрух та емес. Пайғамбарлар мазарларында тірі. Бірақ, олардың өмірі біздің өміріміз сияқты емес, олардың ішіп-жеуі, ғибадат жасауы қажет емес. Періштелердің өміріне ұқсайды. Олар ләззат алу үшін ғибадат жасайды, өйткені, қабір өмірінде Аллаһты сезіну мүмкіндіктері дүние өміріндегіден жетілген сипатта» деп жазады.

Судандық Ислам ғалымы Тахир Мұхаммед Сүлеймен Малики **"Захират-ул-фиқһил-кубра"** кітабында былай дейді: «Қабір үстіне кесене салудың төрт шарты бар. Қабір орны мәйіттің жеке мүлкі болуы керек. Кесенеде бидғат жасамау керек. Кесенелер мақтаныш үшін салынбау керек. Қабірдегі әулиелерге белгі ретінде салынуы керек. Ибн Таймийаны бұзық ниеттегі сөздерінің еш мәні жоқ».

Мұсылман екендігін айтып, ғибадат жасайтын, яғни **"әһли қыбла"** деп аталатын адамның әһли сүннетке қайшы келетін сенімі, мағынасы ашық анық бір дәлелді жоққа шығаратын сипатта болса, бұл тәуил (басқа мағына шығару) арқылы болса да, болмаса да күпірлік болады. Ол кісі **"мулхид"** деп аталады. Бұл сенімі ашық емес, күмәнді бір дәлелдің әр түрлі мағыналарынан ашық және мәшһүр болғанына қайшы болса және бұған тәуил (басқа мағына

шығарып, түсіндірме бере алса) жасай алса, күпірлік болмайды, бидғат болады. Тәуил жасаудан хабары болмай, бидғатшы ғалымдардың жолын ұстанса немесе нәпсісінің қалауына еріп, дүниелік пайда үшін солай сенген болса, тағы да күпірлік болады.

Әһли сүннет болсын, бидғат өкілі болсын, дінін дүниелік пайда үшін қолданған надан адам **“соқыр діншіл”** деп аталады. Ешқандай дінге сенбей, мұсылмандарды алдап, олардың имандарын жою, Исламды өз ішінен құлату үшін мұсылман болып көрініп, күпірлікке себеп болған нәрселерді дәлелдеу үшін дәлелдерден қате мағына шығарған адамдар **“зындық”** (дінсіз) деп аталады. Бидғатшылар, мүлхидтер және олардың жолын ұстанған надан адамдар **“мазһабсыздар”** болып саналады. Мазһабсыздар мен иман ұрысы болған зындықтар **“діндегі реформаторлар”** ретінде танылуда.

Ибн Абидин (рахметуллаһи та’ала алейһ) **“Рәдд-ул-мухтар”** кітабында үтір намазы туралы: «Үтір намазының негізін, яғни ғибадат екенін мойындамаған адам кәпір болады. Егер дәлелінен басқа мағына шығарса немесе дәлеліне күмән келтіріп, қабылдамаса кәпір болмайды. (Бидғат өкілі болады). Барлық уәжіптер мен сүннеттер де осылай. Өйткені, үтір намазы - дінде зарури (міндетті түрде) білінетін танылған ғибадат, мұны **“Ижма-и уммат”** көрсетіп тұр. Ижма-и уммат (үмбет ғалымдарының ауызбірлігі) арқылы білдірілген зарури (міндетті) ғибадатқа тәуилсіз (шариғатқа сай немесе күмәнді болса да басқа мағына шығармастан) сенбеу ханафи ғалымдарының үкімі бойынша күпірлік болады. Дінде бар екендігі зарури (міндетті түрде) білінетін нәрсе деген сөз – дінімізде бар екені сауатсыздарға да мәлім болған діни үкімдер, мәліметтер дегенді білдіреді. Бұл - бес уақыт намаздың парыз екендігіне сену сияқты нәрсе. Тек ғалымдар ғана білетін дін үкімдерін қабылдамау күпірлік болмайды. Мысалға, мирас ілімінде әженің мұраның алтыдан бірін алатындығын қабылдамау осыған жатады».

Ибн Мәләк (немесе Мәлік) **“Манар”** шархында (түсіндірмесінде) былай дейді: «**Ижма –** “бірігу” деген сөз. Бір ғасырда өмір сүрген мужтаһидтердің бір істің үкімі бойынша бірігуі. Бұл – сөз немесе әрекет болуы мүмкін. Ижтиһад жасауды талап етпейтін мәселелерде бір ғасырда өмір сүретін мұсылмандардың барлығы

бірігуі керек. Бірігу - бірдей сөз айту немесе бірдей іс жасау болып табылады. Бір ғасырда өмір сүретін мужтаһидтердің бір бөлігі айтса немесе жасаса, қалғандары естіп, үндемесе, қарсы болмаса Ханафи мазһабы бойынша ижма болады. Шафиии мазһабында бұл ижма болып есептелмейді. Ижтиһад істерінде ижма иесі болу үшін мужтаһид болу керек. Құран кәрімнің, намаз рәкаттарының және зекет мөлшерінің, нанды қарызға алудың және моншаға барудың бізге нақыл жолымен жеткізілгендігі секілді ижтиһад етуді талап етпейтін нәрселердің ижмасында мужтаһид болу керек емес. Мұндай нәрселерде мужтаһид еместердің ижмалары да қолданыла береді. Бірақ, олардың бидғат өкілі және пасық (күнәһар) болмауы керек (сол үшін де шииттер мен уаххабилердің кітаптарында жазылған қате нәрселер ешқашан ижма бола алмайды. Харам, халал және парыздар үшін дәлел болмайды). Мұндай ижмалар (ауызбірлігі) жүзеге асу үшін сахабалар мен әһли бәйттің ұрпағы болу шарт емес. Мәдинаның тұрғыны болуы да керек емес. Көптеген ғалымдардың пікірінше “сәләф” деп аталатын бұрын келген ғұламалардың әр түрлі білдірген мәселесінде кейін келген ғалымдардың ижма етуі (ауызбірлігіне келуі) жаиз болады. Бір мужтаһид басқаша ижтиһад етсе ижма жүзеге аспайды. Хабар-и уаһидпен, яғни бір-ақ кісі хабар берген хадисте және мужтаһидтің қияс жасауымен шығарған үкімінде ижма етуге болады. Аяттар мен мәшһүр хадистерден анық түсінілетін үкімдерде ижма болмайды. Олардың өздері онсыз да дәлел болып табылады. Сәләф-ус-салихиннің, яғни сахабалардың (радиаллаһу та’ала алейһим ажмаин) біздерге әр ғасырдың ижмасы (ауызбірлігімен) мен келген ижмалары мутауатыр хадис сияқты, яғни сахабалардың ондай ижмаларын үйреніп, соларға сай әрекет етуіміз керек. Бұған Құранның Аллаһтың сөзі екендігі, намаз бен оразаның, зекеттің парыз екендігі жатады. Бір салих адам арқылы жеткен ижмалар болса, уаһид хабармен білдірілген хадистер сияқты болып табылады. Олармен тек әрекет ету уәжіп, оның ілімімен білу (сену) уәжіп емес. Түс намазынан бұрын төрт рәкат сүннет оқу осыған жатады.

Ижманың дәрежелері бар. Сахабалардың ашық түрде және әр ғасырдың ижмасы арқылы хабар берілген ижмалары аяттар мен

мутауатыр хадистер сияқты қуатты болып саналады. Қабылдамаған, сенбеген адам кәпір болады. Сахабалардың біразы ижма етіп, қалғандары үнсіз қалған ижмалар да нақты дәлел болса да, оны қабылдамаған адам кәпір болмайды. Ижманың үшінші дәрежесі - сахабалардың басқа-басқа пікірде болмаған мәселелерінде кейінгі ғасырлардың ижмасы. Олар мәшһүр хабарлар сияқты қадірлі саналады. Одан кейінгісі – сахабалардың әртүрлі ижтиһад еткен үкімдерінде кейін келгендердің ижмасы (ауызбірлігіне келуі). Олар уаһид хабармен білдірілген хадистер сияқты болып, онымен әрекет ету - уәжіп, иман ету - уәжіп емес. Бір ғасырда өмір сүрген мұсылмандар (ғалымдар) бір мәселе бойынша ауызбірлігіне келмесе (басқа басқа қарастарда болса), кейін келгендердің осы әртүрлі сөздердің ешқайсысына сай болмаған жаңа үкім шығаруы түбегейлі түрде бұрыс болады. Бұл сөздерден басқа жаңаша бағытта сөз айтуылары жаиз болмайды.

Қияс - бір нәрсені басқа нәрсеге ұқсату деген сөз. Фиқһта үкімі аят пен хадистен ашық түсінілмейтін бір нәрсенің үкімін осыған ұқсайтын басқа нәрсенің үкімінен түсіну дегенді білдіреді. Қиястың да дінімізде дәлел екендігі ақыл жолымен де нақыл жолымен де белгілі. **«Ей, ғылым иелері! Итибар етіңдер!** (Назар аударып, байланыстырыңдар)» деген аяти кәрима **«Білмегендеріңді білгендеріңмен салыстырыңдар!»** дегенді білдіреді. Өйткені, “итибар” – “ұқсату” деген сөз. Сахабалардан Муаз бин Жәбәл (радиаллаһу анһ) Йеменге барып, ижтиһад ететінін айтқанда Расулуллаһтың риза болып, оны мақтауы **қияс**тың дінімізде дәлел екенін көрсетеді. Қиястың шарттары, рукіндері, үкімдері және дафи болады. Мужтаһидтің оларды білуі керек». **“Манар”** шархынан алынған үзінді аяқталды.

Әһли сүннет мұсылмандарына уаххабилердің жасаған қарсылықтары мен жапқан жалаларына Ислам ғалымдары түрлі жауаптар берген. **“Усул-ул-арбаа фи тардид-ил уаххабия”** кітабын оқыған адам уаххабилердің алданғанын, тура жолдан тайғандығын, мұсылмандарды пәлекетке сүйреп жатқандығын аңғарады. Бұл кітапта былай делінген:

«Аллаһу та’аладан басқа нәрсеге тағзым етуге, яғни ұлықтауға болатынын Құран кәрім, хадистер және сәләф-ус-салихиннің

сөздері мен істері, сондай-ақ көптеген ғалымдар көрсеткен. **"Хаж"** сүресінің 32-ші аятында: **«Кімде-кім Аллаһу та'аланың шә'аиріне (белгілерін) тағзым етсе** (ұлықтаса)**, ол іс жүректердің тақуалығынан»** делінген. Сол үшін Аллаһу та'аланың шә'аирін - белгілерін ұлықтау уәжіп болды. "Шә'аир" сөзі "белгі", "нышан" дегенді білдіреді. Абдулхақ Дехлеви «Шә'аир – "ша'ира" деген сөз. Ша'ира "белгі" дегенді білдіреді. Көрінгенде Аллаһу та'аланы еске түсіретін барлық нәрсе Аллаһтың шәаирі (белгісі) болады» дейді. "**Бақара**" сүресінің 158-ші аятында: **«Сафа мен Мәруә Аллаһу та'аланың шә'аирлерінің ішінде»** деп бұйырылған. Бұл аяттан Аллаһу та'аланың шә'аирлерінің осымен шектелмегені көрініп тұр. Сол секілді шә'аирге тек Арафат, Муздалифа және Мина деген жерлер жатпайды. Олардан басқа шә'аирлер (белгілер) де бар. Шах Уәлиуллаһ Дехлеви **"Хужжатуллаһ-ил-балиға"** кітабының 69-шы бетінде: «Аллаһу та'аланың ең ұлы шә'аирлері төртеу: Құран кәрім, Қағба-и Муаззама, пайғамбарлар және намаз» дейді. Шах Уәлиуллаһ (рахимаһуллаһу та'ала) **"Әлтаф-ул-кудс"** кітабының 30-шы бетінде: «Аллаһу та'аланың шә'аирін (белгілерін) тағзым, ұлықтау, жақсы көру – Құран кәрімді, пайғамбарды (алейһиссалам) және Қағбаны жақсы көру деген сөз. Тіпті, Аллаһу та'аланы еске түсіретін барлық нәрсені жақсы көру деген сөз. Аллаһу та'аланың әулиелерін жақсы көру де осыған кіреді» дейді. [Өйткені, **«Әулиені көрген кезде Аллаһ еске түседі»** деген хадис шәриф **Ибн Әби Шейбеде** және **"Иршад-ут-талибин"**[37] және **"Кунуз-уд-дәқаиқ"** кітаптарында жазылған. Бұл хадис шәрифтен Аллаһу та'аланың шә'аиріне (құрметке лайық белгілеріне) әулиелердің де кіретіні түсініледі. Әулиелерді ұлықтау, құрметтеу үшін, олардың қабіріне кесене салуға болатындығы **"Жами-ул фәтауа"** кітабында да аталған.] Мекке қаласындағы масжид-ул-харамның қасындағы Сафа және Мәруә деген екі төбенің арасында Исмаил алейһиссаламның анасы Хажар барып келгендіктен бұл екі төбе Аллаһу та'аланың шә'аирі (белгісі) болған. Ол жер қасиетті ананы еске түсіруге себеп болса, бүкіл жаратылыстың ең ұлысы және

37 **Санауллаһ Пани-Пути Дехлеви**, ханафи ғалымы, 10 томдық арапша **"Тафсир-и Мазхари"** кітабымен тағы басқа отызға жуық кітабы бар. х.1143 (м.1730) ж. Үндістанның Пани-пут қаласында туылып, х.1225 (м.1810) ж. сол жерде қайтыс болған.

Аллаһу та’аланың сүйіктісі болған Мұхаммед алейһиссаламның туып-өскен, ғибадат жасаған, көшкен, намаз оқыған, қайтыс болған жері және қасиетті кесенесі мен отбасының, сахабаларының орындары неге шә’аир (қасиетті белгі) болмасқа? Олар не үшін қиратылуы тиіс?

Құран кәрім мұқият оқылатын болса, бірқатар аяттың расулуллаһ Мұхаммед алейһиссаламды тағзым ететіні, ұлықтайтындығы айқын байқалады. “Хужурат” сүресіндегі аятта: **«Ей, иман келтіргендер! Аллаһу та’аланың және Расулының алдына озбаңдар! Аллаһу та’аладан қорқыңдар! Ей, иман келтіргендер! Пайғамбардың даусынан жоғары дауыспен сөйлемеңдер! Оған (алейһиссалам) өздеріңмен сөйлескендей сөйлемеңдер! Бұлай жасағандардың ғибадаттарының сауабы жоқ етіледі. Расулуллаһтың жанында төмен дауыспен сөйлегендердің жүректерін Аллаһу та’ала тақуалыққа толтырады. Олардың күнәларын кешіреді және көп сауап жазады. Оны сырттан айқайлап шақырғандар ойланбайды. Сыртқа шыққанша күтсе, өздеріне жақсы болады»** деп бұйырылған. Осы бес аятты ынсаптылықпен оқып ойланған кісі Аллаһу та’аланың сүйікті пайғамбарына көрсетілуі тиіс болған құрмет және тағзымның қаншама жорғарылатқанын түсінеді. Бұл әмірмен үмбеттің пайғамбарға өте әдептілікпен мәміледе болуын қатты талап еткенін көреді. Оның алдында дауысын жоғарылатқандардың бүкіл ғибадаттарының жоқ болатынын ойланған адам бұйырықтың маңыздылығын түсінуі мүмкін. **Бәни Тәмим** қауымынан 70 адам Мәдинаға барып, сырттан айқайлап пайғамбарымызды үйінен шақырған. Осы аяттар соларға жаза ретінде келген еді. Кейбір адамдар өздерін Бәни Тәмим тегінен шыққанбыз дейді. Сол үшін пайғамбарымыз хадис шәрифте: **«Дөрекілер мен қастандық жасаушылар - шығыста»** және **«Шайтан ол жерден бүлік шығарды»** деп, қолымен Нәжд жақты көрсетеді. Мазһабсыздардың бір бөлігі – **Нәжди**лер. Олар Нәжд аймағынан шыққандықтан осылай аталған. Жоғарыдағы хадис хабар берген бүлік 1200 жылдан кейін шықты. Олар Нәждтен Хижазға (Мекке-Мәдина аймағы) барып, мұсылмандардың мал-мүлкін талан-таражға салды. Еркектерін өлтіріп, әйелдері мен балаларын құлдыққа салды. Кәпірлердің жасамаған қатыгездіктерін солар жасады.

Жоғарыдағы көрсетілген аяттарда қайта қайта **«Ей, Иман келтіргендер!»** деп бұйырылған. Бұл қияметке дейін келетін барлық мұсылмандардың Расулуллаһқа құрмет көрсетуі, әдептілік танытуы бұйырылғанын көрсетеді. Тек сахабаларға бұйырылған болса, **«Әй сахабалар!»** делінер еді. Өйткені, **«Ей, расулдың әйелдері»** және **«Ей, Мәдина халқы»** деп тек бір қауымға арналған бұйрықтар да кездеседі. Намаздың, оразаның, қажылықтың, зекеттің және басқа ғибадаттардың қияметке дейін келетін барлық мұсылмандарға парыз екенін білдіру үшін **«Ей, иман келтіргендер»** деп бұйырған. Осылайша, уаххабилердің: «Расулуллаһ тірі кезде оны ұлықтауға, оған құрмет көрсетуге болатын еді. Өлгеннен кейін құрмет көрсетілмейді, одан көмек сұрауға болмайды» деген сөздерінің Құранға қайшы екендігі аяти кәримамен дәлелденіп отыр.

Жоғарыдағы аяттар Аллаһу та'аладан басқаны да ұлықтау керек екенін көрсетеді. **"Бақара"** сүресінің 104-ші аятында: **«Ей, иман келтіргендер! "Раина" демеңдер. "Бізге назар сал" деңдер. Аллаһу та'аланың үкімдерін тыңдаңдар!»** делінген. Муминдер Расулуллаһқа "раина", яғни "бізді қорға" дейтін. "Раина" сөзі яһуди тілінде балағаттау мағынасын білдіреді. Яһудилер пайғамбарымызға осы мағынада "раина" дейтін еді. Жаман мағынасы болғаны үшін Аллаһу та'ала муминдерге бұл сөзді қолдануға тыйым салды. **"Әнфал"** сүресінің 33-ші аятында: **«Сен олардың ішінде болғандықтан Аллаһу та'ала оларды азаптамайды**» деп бұйырылған. Қияметке дейін үмбеттің азапқа тартылмайтындығы уәде етілді. Бұл аят уаххабилердің «Ол араларыңнан кетті, топыраққа айналды» деген сөзін теріске шығарады.

"Бақара" сүресінің 34-ші аятында: **«Періштелерге Адамға сәжде жасаңдар деген кезімізде сәжде жасады. Тек Ібіліс сәжде жасамады»** делінген. Бұл аят Адам пайғамбарға тағзымды, оны ұлықтауды бұйырады. Шайтан Аллаһу та'аладан басқаға тағзым етуге, ұлықтауға болмайды деп, Адам алейһиссаламды жамандап сәжде етпеді. Уаххабилер де шайтанның жолында. Юсуф пайғамбардың ата-анасы, бауырлары оған сәжде жасап, құрмет көрсететін. Аллаһтан басқаны құрметтеу, ұлықтау ширк және

күпірлік болса, Аллаһу та'ала сүйікті құлдары туралы айтқанда осы сипаттарын атап мақтамас еді. Әһли сүннет сенімі бойынша Аллаһтан басқаға сәжде жасау - харам. Бұл ғибадат сәждесіне ұқсағандықтан харам, тағзымға (ұлықтауға) ұқсағандықтан емес!

Шайтан Расулуллаһқа әрдайым нәждтік қария кейпінде көрінетін. Кәпірлер Меккеде Дар-ун-надуа деген жерге жиналып, Расулуллаһты өлтіруге шешім қабылдаған кезде шайтан нәждтік қарт болып көрініп, қалай өлтіру керектігін үйретеді. Олар "Нәждтік қарияның айтқанын істейік" дескен. Сол күннен бастап шайтан **"Шайх-и Нәжди"** деп аталды. ("Шайх" – "ақсақал", "қария" дегенді білдіреді).

Мухиддин Араби **"Мусамарат"** кітабында былай дейді: «Құрайыш кәпірлері Қағбаны жөндеген кезде қауым басшыларының барлығы **хажар-ул-әсуәд** тасын орнына қоюға таласты. "Ертең таңертең алғаш келген адамнан төрелігін сұрайық, сол кімді айтса сол қойсын" деседі. Алғашқы болып Расулуллаһ (алейһиссалам) келді. Ол кезде жиырма бес жаста болатын. Барлығы қуанып: "Бұл әмин, сенімді адам, оның айтқанын істейміз" деді. Расулуллаһ: "Бір төсеніш әкеліп тасты салып, әр қабиладан (қауым, ру) бір адамнан шетінен ұстап, тасты қоятын жерге апарыңдар" деді. Сосын оны өзі мүбәрәк қолымен алып, орнына қойды. Сол кезде шайтан **шайхи Нәжди** (нәждтік қарт адам) болып көрініп, бір кесекті көрсетіп, "мынаны тірек етіп қой" дейді. Мақсаты ол кесектің езіліп, хажар-и әсуәдтің орнынан құлауы және осы арқылы жұрттардың Расулуллаһқа "қолы ауыр", "сұмқадам" деуіне себеп болу еді. Расулуллаһ оны түсініп, **"әғузу биллаһи минаш-шайтани-ир-ражим"** деді. Шайтан сол сәтте жоқ болды». Мухиддин Араби (рахметуллаһи та'ала алейһ) осы сөзінде шайтанның **шайхи нәжди** екенін айтқаны үшін мазһабсыздар мен уаххабилер оған жау болды. Тіпті, оны кәпір деді. Мазһабсыздардың ұстазының шайтан екендігі осы жерден де аңғарылады. Шайтанның шәкірті болған мазһабсыз уаххабилер Расулуллаһтан қалған жәдігер жерлер мен кесенелерді сол үшін қиратуда. Бұл орындар адамдарды мүшрік етеді деп санайды. Қасиетті орындарда Аллаһу та'аладан тілек тілеу ширк болса, Аллаһу та'ала қажылыққа баруды бұйырмас еді. Расулуллаһ тауап жасаған кезде тасты (хажар-и әсуәд) сүймес еді.

Арафатта, Муздалифада дұға оқылмас еді, Минада тас атылмас еді, Сафа мен Мәруә арасында жүгірілмес еді. Бұл қасиетті орындар осылай ұлықталмас еді.

Ансарлар жиналған жерге басшылары Саад бин Муаз (радиаллаһу анһ) келген кезде Расулуллаһ: **«Басшыларың үшін орындарыңнан тұрыңдар»** деді. Бұл бұйрық Саадты тағзым (ұлықтау) үшін берілген еді. “Саад науқас болатын. Оны мінген көлігінен түсіру үшін бұйырылған” деу қате. Өйткені, бұл іс олардың барлығына бұйырылды. Көліктен түсіру үшін айтылса, бір-екі адамға айтылар еді. Тек “Саад үшін” деп айтылар еді. “Басшыларың үшін” деп айтудың қажеті болмас еді.

Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһ) қажылық жасауға Мәдинадан Меккеге бара жатқанда жолдағы қасиетті орындарға, Расулуллаһтың отырған жерлеріне тоқтап, намаз оқып, дұға ететін, ол жерлермен берекеттенетін. Расулуллаһтың мінберіне қолын қойып, бетіне сүртетін. Ханбали мазһабының құрушысы Имам Ахмед бин Ханбәл Мұхаммед алейһиссаламның кесенесін және мінберін сүйіп, берекет алатын. Ханбали мазһабынан екендіктерін айта тұра, осы мазһабтың имамының жасаған нәрсесін ширк дейді. Бұдан олардың “Ханбалиміз” деп жалған айтатындығы аңғарылады. Имам Ахмед бин Ханбәл шафии мазһабының құрушысы имам Шафиидің көйлегін сулап, сол суды ішті. Содан берекет алды. Халид ибн Зайд Әбу Әйуб-әл-Ансари (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың қабіріне бетін сүртті. Біреу келіп, оны тұрғызбақшы болғанда: “Мені жібер. Тасқа, топыраққа келген жоқпын. Расулуллаһтың құзырына келдім” деген.

Сахабалар (алейһимурридуан) Расулуллаһтың заттарымен берекеттенетін. Мысалы: дәрет алған суы, көйлегі, аса таяғы, қылышы, кесесі, жүзігі сахабалар үшін тәбәрік еді. Муминдердің анасы Умму Сәләмада (радиаллаһу анһа) сақалының бір талы бар еді. Ауру адам келсе, оны суға салып, сол суды ауруға ішкізетін. Пайғамбарымыз қолданған кесеге су құйып, ем үшін ішетін. Хадис ғалымы хазіреті имам Бухаридің қабірінен мүшкі амбар исі шығып тұратын. Зияратқа келгендер топырағынан алып кететін еді. Ешбір ғалым және муфти бұған кедергі болмайтын, қарсы шықпайтын. Хадис және фиқһ ғалымдары бұған рұқсат еткен». **“Усул-ул-арбаа”** кітабынан алынған үзінді аяқталды.

“Әл-усул-ул-арбаа фи тардид-ил уаххабия” кітабында екінші асылдың соңында парсы тілінде былай делінеді: «Уаххабилер және сол сияқты мазһабсыздар **мажаз** бен **истиара**ның (теңеу мен бейнеліліктің) не екендігін білмейді. Біреудің бір нәрсе істегенін айту, ол сөз мажаз болса да (астарлы мағынада айтылса да), күпірлік дейді. Алайда, Аллаһу та’ала Құран кәрімнің бірнеше жерінде істің ақиқат жаратушысы, орындаушысы өзі екендігін, мажази орындаушысы құлдары екендігін айтады. “Әнъам” сүресінің 57-ші аятында және “Юсуф” сүресінде: **«Үкім - тек Аллаһқа тән»**, яғни “үкім етуші жалғыз Аллаһ” деп бұйырылған. “Ниса” сүресінің 64-ші аятында: **«Араларындағы келіспеушіліктерге сені үкім шығарушы етпейінше иман келтірген болып саналмайды»** делінген. Бірінші аят ақиқат үкім шығарушының тек Аллаһу та’ала екендігін, ал екінші аят адамға да мажаз (теңеу) ретінде “үкім шығарушы” делінетінін көрсетеді.

Әрбір мұсылман тірілтетін де, өлтіретін де тек Аллаһу та’ала екенін біледі. Өйткені, “Юнус” сүресінің 56-шы аятында: **«Тірілтетін де, өлтіретін де тек Сол»** дейді. “Зумар” сүресінің 42-ші аятында: **«Өлім уақытында адамды Аллаһу та’ала өлтіреді»** деп бұйырылды. “Сәжде” сүресінің 11-ші аятында мажаз ретінде: **«Өлтіру үшін өкіл қылынған періште сізді өлтіреді»** деп бұйырылды.

Ауруларға шипа беретін де тек Аллаһу та’ала. Өйткені, “Шуара” сүресінің 80-ші аятында: **«Ауырған кезімде маған тек Сол шипа береді»** делінген. “Имран” сүресінің 49-шы аятында Иса пайғамбардың: **«Соқырдың көзін ашамын және алапес ауруын жазамын, Аллаһу та’аланың рұқсатымен өлгендерді тірілтемін»** дегендігі көрсетілген. Адамға перзент беретін шындығында Аллаһу та’ала. Жәбірейіл алейһиссаламның мажаз (теңеу) ретінде: **«Саған пәк ұл беремін»** дегенін “Мәриям” сүресінің 18-ші аяты көрсетеді.

Адамның нағыз иесі – Аллаһу та’ала. “Бақара” сүресінің 257-ші аятында: **«Аллаһу та’ала иман келтіргендердің иесі»** деп, осыны айқын түрде көрсетеді. “Маида” сүресінің 56-шы аятында: **«Сендердің иелерің – Аллаһ және оның расулы»** және “Ахзаб” сүресінің 6-шы аятында **«Пайғамбар муминдерге өздерінен де көбірек ие!»** делініп, құлдың да мажаз ретінде ие

бола алатынын көрсетеді. Сол сияқты нағыз көмекші – Аллаһу та'ала. Бірақ, Аллаһу та'ала мажаз жолымен құлдарына да "муин" (көмекші) деген. "Маида" сүресінің 3-ші аятында: **«Жақсылық пен тақуалықта бір-біріңе көмектесіңдер!»** деп бұйырылған. Уаххабилер Аллаһтан басқаның құлы деген мағынаны беретін Абдуннәби, Абдуррасул деген мұсылмандарды мүшрік деп санайды. Алайда, "Нұр" сүресінің 32-ші аятында: **«Іштеріңдегі бойдақтардан әйел, құл, күңдердің салих болғандарын үйлендіріңдер!»** деп бұйырылған. Адамдардың шынайы Раббысы – Аллаһу та'ала. Бірақ мажаз ретінде басқаға да "Раб" делінеді. "Юсуф" сүресінің 42-ші аятында: **«Раббыңның (**қожайыныңның**) қасында мені зікір ет (**еске ал**)»** деп бұйырылған.

Уаххабилердің ең көп тіреліп қалатын мәселесі – **"истиғаса"** сөзі болып табылады. Аллаһтан басқадан көмек сұрауды, оған сыйынуды олар ширк дейді. Иә, истиғаса шындығында Аллаһу та'алаға жасалады. Мұны білмейтін мұсылманның өзі жоқ. Алайда, басқадан да истиғаса етілетінін мажаз ретінде айтуға болады. Өйткені, "Қасас" сүресінің 15-ші аятында: **«Өз қауымынан шыққан дұшпанына қарсы одан истиғаса (көмек) сұрады»** делінген. Хадис шәрифте де: **«Махшарда адамдар Адам пайғамбардан истиғаса етеді (көмек сұрайды)»** делінеді. **"Хиснул-хасин"**[38] кітабында келген хадис шәрифте: **«Жәрдем керек болған адам: "Ей, Аллаһтың құлдары, бізге көмектесіңдер" десін!»** деп жазылған. Бұл хадис қасында жоқ адамнан көмек сұрауды бұйыруда». **"әл-Усул-ул-арбаа"** кітабынан жасалған аударма аяқталды.

Хиджраның 1150 жылы (м.1737) Мәмбет бин Абдулуаххабтың ағылшын тыңшысы Хемфермен бірігіп таратқан **уаххабилік** сенімдері аз уақыттан соң саяси сипатқа ие болды. Ағылшындардың саяси және әскери көмегімен Арабстанға таралды. Осман падишахы халифа II Махмуд Ханның бұйрығымен Мысыр әкімі Қавалалы Мухаммед Әли Паша Арабстанды уаххаби қарақшыларынан тазартты. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін халифат құлатылып

38 **Ибни Жәзәри**: Шамсиддин Мухаммед бин Мухаммед бин Әли, шафии ғалымы. Хижр.751 (м.1350) ж. Шамда туылып, х.833 (м.1429) ж. Ширазда қайтыс болған. **"Хисн-ул-хасин"** дұға кітабы арапша және парсыша аудармаларымен бірге басылған.

Арабстанға қайтадан ағылшындардың қолдауымен уаххабилер қоныстандырылды. Соның нәтижесінде 1932 жылы Сауд Арабиясы мемлекеті құрылды.

Тәблиғ-и жамағат

“Тәблиғ-и жамағат” (жамағат уағызы) деген атпен Ислам мемлекеттерін аралап, мұсылмандарға уағыз-насихат айтатын адамдар кездесіп жүр. Олар Үндістаннан, Пәкістаннан үш-төрт адамдық топ болып шығып, әлемнің түкпір-түкпіріне барады. Исламды таратуға тырысатындықтарын айтады. Өздерін сахабалардың жолындамыз деп таныстырады. Ханафи мазһабында екендіктерін, кейде Ибн Таймийаны ұнатататынын айтатындары да кездеседі. Өте тұжырымды, дұрыс сөйлегенімен, олардың Ислам ғалымдары мен олардың сөздерін ауыздарына алмаулары, әһли сүннет мәселелерінің бір бөлігін жасырулары күмән тудыратындықтан Үндістан мен Пәкістанда кейбір дін адамдары олардың тура жолдан тайғандығын жазады.

Олар өздерін **“жамағат-ут-тәблиғ**” деп атайды. Орталықтары Делиде. Пәкістанның Караши және Лахор қалаларында да үлкен бөлімшелері бар. Барған жерлерінде намаз оқу мәселесіне баса назар аударады. Пайдалы, қажетті мәліметтерді айтады. Олардың ұйымын құрған - Мәулана Мұхаммед Илияс деген үндістандық адам. Ол Рашид Ахмет Кенкуһидің шәкірті болған. Оның қасында он жыл болғандығы туралы **“Мәулана Илияс уранки дини дауат”** кітабының 43,49-ші беттерінде жазылған. Бұл кітапты Мәулана Илиястың жақын шәкірттерінің бірі жазған. Рашид Ахмет х.1323 (м.1905) жылы қайтыс болғаннан кейін Халил Ахмет Сахаранпуриден сабақ алды. Халил Ахмет х. 1346 (м. 1928) жылы Мәдинада өлді. Урду тілінде жазған кітабында Ібілістің Расулуллаһтан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) да білімді екенін жазады. Ал Рашид Ахмет болса, **“Барахин-и қатиа”** кітабының 51-ші бетінде Халил Ахметтің бұл кітабын “қасиетті кітап” деп атаған және оны бәйти айни Ислам деген жерде сақтаған. Рашид Ахмет қажы Имдадуллаһ Мәданидің халифасы еді. Қажы Имдадуллаһ х.1317 (м.1899) жылы Меккеде өлді. Рашид Ахмет алғашқыда

Исмаил Дехлевиден сабақ алды. Бұл Исмаил уаххабиліктің құрушысы Мәмбет бин Абдулуаххабтың **“Китаб-ут-тәуһид”** атты кітабын урду тіліне аударып, оны **“Тақуиат-ул-иман”** деп атаған. Осы кітабының 38-ші бетінде: «Расулуллаһ (алейһиссалам) өлді, шіріп топыраққа айналды. Расулуллаһтың қияметте шапағат ететініне сенген адам кәпір болады, мүшрік болады» деп жазады. Мәулана Илиястың тағы бір ұстазы – Ашраф Әли Тәханәуи. Ол - Чаштийа тариқатының өкілі қажы Имдадуллаһтың халифасы саналады. Урду тілінде жазған **“Бехишти Зивәр”** атты кітабында Расулуллаһтың ұлылығын таптайтын, оның пайғамбарлығын жасбала, жынды және хайуан дәрежесіне түсіріп сипаттаған жаман нәрселер жазады. Таблиғи жамағатты құрған Мәулана Илиястың аталған төрт ұстазы да өз кітаптарындағы осындай сөздерімен мұсылмандарды таң қалдырған. Ал Мәулана Илияс болса, оларды мадақтап, шектен тыс құрметтұтады. Оларды “өз дәуірінің әулиелері, қутбтары” деп дәріптейді. **“Мәлфузат-и хазрат-и мәулана Илияс рахметуллаһи алейһ”** кітабының 114-ші беті осындай мадақтарға толы. Ұстазы Рашид Ахмет туралы: «Егер оны көрмегенде, жүрегім сенімге толмас еді. Түнде оянғанда оның бөлмесіне барып, оның жүзіне қарап, қайтып келіп ұйықтайтынмын. Оған деген сүйіспеншілік тамырымдағы қан сияқты тұла бойыма тараған еді» дейді. Бұл сөздері **“Мәулана Илияс уранки”** кітабының 44, 49-ші беттерінде жазылған. **“Мужадала”** сүресінің соңғы аятында: **«Аллаһу та’алаға және қиямет күніне иман келтіргендер Аллаһқа және расулына мойынсұнбай-тындарды** (кәпірлерді) **сүймейді. Әкесі, баласы, бауыры, туысы болса да кәпірлерді сүймегендердің жүректерін Аллаһу та’ала иманға толтырады»** деген. Таблиғи жамағатшылардың барлығы осы ұйымды құрған Илияс пен оның ұстаздарын шектен тыс көп мақтайды, ұлы деп есептейді. Есімдерін айтқан, естіген кезде «рахметуллаһи алейһ» дейді. Жоғарыда көрсетілген кітаптарын барлық жерге таратуда.

Әһли сүннет ғалымдары таблиғ-и жамағатшылардың қателіктеріне жауап беру, жолдан адасқандықтарын көрсету мақсатында көптеген кітаптар жазды. Олар бұл кітаптарға жауап бере алмады. Абдулалим Сиддиқи Илияс пен оның ұстаздарының Исламды өз ішінен ыдыратуда екендігін жазады. Бұл туралы

“әл-Мустанад”, “әл-Мутанәбби-ул-Қадияни”, “әл-Устаз-ул-Маудуди”, “әд-Даулат-ул-Мәккия” және **“Хадият-ул-мәһдиин»** кітабының соңында ұзақ жазылған. Бұл кітаптар арап тілінде жазылған. 1975 жылы Стамбулда Хақиқат кітабүйі баспасы тарапынан қайта басылған.

Илияс 1944 (х.1363) жылы өлді. Орнына ұлы Мұхаммед Юсуф келді. Юсуф х.1335 (м.1917) жылы Делиде туылып, х.1394 (м.1974) жылы Лахорда қайтыс болды. Делиге жерленген. **“Хаят-ус-сахаба**” деген үш томдық кітабы 1975 жылы түрік тілінде аударылып, жарияланған. Бұл кітабында сахабаларды өте мадақтап жазғандықтан оқығандардың алғысын алуда. Алайда қызмет сөзге емес, іске қарап бағаланады. Сахабалардың артықшылықтарына сеніп, оларды жақсы көрген адам солардың жолын ұстануы тиіс. Олардың жолы әһли сүннет ғалымдары көрсеткен жол болып табылады. Сахабаларды жақсы көрудің белгісі – **әһли сүннет**тің төрт мазһабының бірінің **фиқһ кітаптарын** үйреніп, оларды таратуға атсалысу және соларға сай өмір сүру.

Мұхаммед Юсуфтың орнына Үндістанда Сахаранпур қаласындағы Мазахири улум медресесінің хадис пәнінің мұғалімі шайх Инам-ул Хасан келді. Үндістанның Лакнау қаласында хижраның 1310 (м.1891) жылы құрылған **«Нәдуәт-ул-улама»** ұйымының басшысы болған Әбул Хасан Әли Нәдуи х.1395 (м.1975) жылы Лакнауда басылған **“Әд-дағуат-ул-Исламийа”** деген кітабында Имам Раббани Ахмет Сирхиндиді, оның қызметтерін мақтайды. Сондай-ақ, х.1246 (м.1837) жылы өлтірілген Исмаил Дехлевиді, х.1320 (м.1903) жылы өлген Нәзир Хусейн Дехлевиді, қажы Имдадуллаһтың халифасы Мұхаммед Қасым Нанаутауи тарапынан х.1288 (м.1871) жылы құрылған Диобенд медресесін, х.1362 (м.1943) жылы өлген Ашраф Әли Тәханәуиді және “таблиғ-и жамағат” ұйымымен оның құрушысы Мұхаммед Илиясты құрмет тұтып, олар туралы жылы сөздер айтып көп мақтаған. Мұхаммед Қасым Нанаутауи х. 1317 (м.1899) жылы өлді. Исмаил Дехлевидің **“Тақуиат-ул-иман”** кітабының х.1396 (м.1976) жылы Пәкістанда жарияланған **“Тақуим-ул-баян”** атты парсы тіліндегі аудармасын оқыған адам Исмаилдің надан және ақымақ адам екендігін көреді. Оның хақ болған дұрыс нәрселерді бұрыс нәрселер қатарына

қосып жамандауға ұрынған мазһабсыз адам екенін аңғарады. Аллаһу та'ала мұсылмандарды осындай зиянды, бұзық жазуларды оқудан, оларға алданып, пәлекетке түсуден сақтасын! Амин.

Үндістанның оңтүстігіндегі Керала облысының Малаппурам қаласындағы Самаста деген "жамийат-ул-улама" (ғалымдар қоғамы) жариялайтын айлық "әл-Муаллим" журналының х.1399 (м.1979) жылы шәууал айы, 9-шы және келесі бірнеше санында әһли сүннет ғалымы Маулауи Әбу Ахмет **«Жамағат-ут-тәблиғдағы күмәннің ашылуы»** деген тақырыпта былай дейді: «Үндістанның солтүстік бөлігінде әртүрлі топтар (секталар) шығып, дінді жаңалайтынын, тарататынын айтуда. Көп адамдар олардың әдемі сөздеріне алданып, олардың құрушысы мен өздерінің сенімдерін зерттемей тұрып оларға бағынуда. Ішкі ниеттері белгілі болғаннан кейін қайтадан олардан ажырап, айлаларын, өтіріктерін әшкерелеп жатқандар да едәуір. Тарихта мұндай адасқан адамдар көптеп кездеседі. Олар нәпсілеріне, қате пікірлеріне алданған бақытсыздар. Олар Исламның дәлелдерінен қалаған мақсаттарына бұрмалап, қате мағыналар шығарады. Ибн Таймийа мен Абдулуаххаб ұлы Мұхаммед Нәждидің адасқан негізсіз жолдарына қарай ауып кетеді. Діни білімі жоқ адамдар оларды тура жолда жүр, дінге қызмет етіп жатыр деп ойлайды. Осындай топтардың бірі - Мәулана Илиястың құрған жолы. Өздерін "жамағат-ут-таблиғийа" деп атайды. Дүниені аралап жүреді. Ғибадаттарымен, тартымды сөздерімен, киген киімдерімен дініне берілген салих, діндар (дұрыс) адамдар болып көрінеді. Өз сенімдерін, ұстанған жолдарын ешкімге белгілі етпей, жасырады. Олар Керала жеріне де тарала бастады. Самаста Керала ғалымдары олардың кітаптарын, сенімдерін, пайда болуын, құрушыларының өмір тарихын ашып көрсетіп, оларға қарсы ғылым жолымен күресті. Оларды зерттеп, айлаларын және бидғат шығарушылар екенін түсінді. Олардың әһли сүннет уәл жамағаттың тура жолынан адасқаны, теріс жолда екендігі туралы фәтуа шығарды. Үндістанның солтүстігі мен оңтүстігіндегі және Цейлон аралындағы әһли сүннет ғалымдарының (рахметуллаһи та'ала алейһим ажмаин) бұл фәтуалары ижма сипатын алды. Біз де Аллаһу та'аланың тауфиқымен және сәләф-ус-салихиннің хақ жолына сүйене отырып, олардың қате, бұрыс сенімдері мен бұрыс жолдарын төменде көрсетеміз:

Бұл адасқан жолдың құрушысы - Исмаилұлы Мұхаммед Илияс. Ол хижраның 1303 (м.1886) жылы туылып, х.1363 (м.1944) жылы өлген. Алдымен “Мазахир-ул-улум” медресесінде сабақ берді. Бұл істе жетістікке қол жеткізе алмай, айналасына адам жинап шайхтық (пір) қыла бастады. Надан халыққа тұмар жазып, дем салып күн көрді. Осы кездерде **“Тәблиғ”** тариқатын құрды. Мадарис қаласындағы “Куллиат-и қаид-и миллат” медресесінің басшысы Жамал Мұхаммед Сахиб «Жендерке» газетінің 1976 жылғы шілденің 24-дегі санында осы тариқат туралы кеңінен мәлімет береді.

Делидегі “жамағат-ут-тәблиғийаның” басшысы және досы болған Мұхаммед Идрис Әнсари Делиде “Жамал” баспаханасында басылған **“Таблиғ-и дустур-ул-амал”** рисаласында бұл тариқаттың құрылу себебін былай көрсетеді: «Тарих зерттеулері назарға алынатын болса, төрт негізгі себептен адамдар бақытқа, тыныштыққа, жаннатқа қауыштырыла алмаған. Бұл “Али-Имран” сүресінің «Сендер олардан жоғарысыңдар. Өйткені, имандарың бар» деген 139-шы аятынан аңғарылады. Біріншісі, Ислам дінінің мақсаты – күпіршілік системасын, яғни қате сенімдер мен жаман мінездерді өзгерту. Екінші, оларды өзгерту тек пайғамбарлардың (алейһимуссалам) таңдаған жолы арқылы болады. Үшінші, мұсылмандардың жеке-жеке немесе топтасқан түрде қазірге дейін жасаған жұмыстары осы мақсатта жасалған жоқ және олар пайғамбарлардың жолында болмады. Төртінші, бұл үшін салих болған дұрыс жамағат, яғни “Ислам жамағатын” құру керек. Міне, бұл істі Аллаһтың салих құлы Мұхаммед Илияс атқарды. Ислам жолында жұмыс істегісі келетіндерді жинап, **“Жамағат-ут-таблиғийа”** деп аталатын жаңа қоғам құрды».

Мынаған қараңыз, сонда Мұхаммед алейһиссаламның үмбетінің 1400 жылдан бері жасаған жұмыстары - пайғамбарлардың жолы емес екен, адамдар арасына таралған қате сенімдерді өзгерту үшін емес екен. Сол үшін жаңа жамағат құру қажет болыпты! Оны “Жамағат-ут-таблиғийаның” әмірі айтуда. Мұхаммед алейһиссаламның үмбетін бөлшектеп, әһли сүннеттен тыс қате жол ашқысы келген секта басшыларының бәрі осылай «Ислам үмбеттері тура жолдан тайды, дінге жат нәрселер араластырып жіберді, біз дінді тазартуға келдік» деген ұрандармен майданға

шығып, жаңа тариқаттар, жаңа секталар құрды. Ойдан шығарған бұзық, зарарлы пікірлерін «дінді бидғаттардан тазарту» деген тартымды сөздермен таратады.

Соңғы кездерде Әбул-а‘ла Маудуди есімді бір кісі Пакистанда **“Жамаат-и ислами”** атты бір ұйым құрды. Бұл жаңа жолды не үшін құрғанын урду тілінде шығарған **“Мин муслиман ур маужудуһу сияси”** атты рисаласының 15-бетінде түсіндіруі бойынша: *бүгінгі жағдайымызды көп зерттепті. Сөйтіп бүгінгі ислам шынжырын мойнынан шығаруға шешім қабылдапты. Егер олай жасамаса, басқа мұсылмандар сияқты “илһад” және “даһриййа” деп аталушы дінсіздердің жолында қалып қояды екен. Қазіргі таңда мұсылмандардың ұстанып жүрген ата-бабаларынан қалған дін – нағыз ислам діні емес екен. Сондықтан ол ұзақ зерттеулерінің нәтижесінде калима-и тауһидтің мағынасын толық қамтитын жаңа бір дін құрыпты. Заманның алғашқы дұрыс, шын мұсылманы өзі болып табылады екен. Мұсылман болсын, болмасын бүкіл адамзатты өзі құрған осы “Исламға” шақырады екен.*

Мұхаммед Илияс та осылай деген еді. Оның айтуы бойынша, Мұхаммед алейһиссаламның үмбетінің ғасырлар бойы жасаған нәрселері пайғамбар жолына сай емес екен. Мұхаммед Манзури Нуғмани деген кісі Илиястың: *«Үмбет-і Мұхаммадийаның (бұл үмбет) қазіргі таңда жасап жүрген ғибадаттары рәсімдер мен әдеттер болып табылады. Дінді үйрететіндер рәсімдер мен әдеттерге тәуелді болып қалған»* дегендігін **“Мәлфузат”** рисаласының 12-ші бетінде жазады. Таблиғи жамағат көсемдерінің бірі Мұхаммед Хасен хан **“Мифтах-ут-таблиғдің”** алғы сөзінде: *«Қазіргі кезде дін істері басшысыз қалып, тоқтап қалғандықтан көптеген адамдар күпірліктің, ширктің, дінсіздіктің жетегінде кетуде. Адамдардың бұл жағдайына Аллаһу та’аланың жаны ашып, мұғжиза ретінде мұсылмандардың санасын ояту және оларға діни рухты сіңіру үшін шайх Мұхаммед Илиясты жіберді. Бұл мужаһид Дели қаласының оңтүстігіндегі Миват деген жерде қолынан келгенше мұсылмандарды оятуға тырысты»* дейді. Барлық үмбет күпіршілік жолына түсіп адасқан болса, Илияс тура жолды қайдан тапты деген сұраққа жауап берулері оңайға соқпас деп ойлаймыз.

Жоғарыда келтірілген сөздеріне назар аударылатын болса, **“таблиғ-и жамағат”** тобы да қарақшылар тарапынан құрылған басқа топ өкілдері сияқты *«Мұхаммед (алейһиссалам) үмбеті тура жолдан тайып, адасты»* дейді. Бұл сөздері пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айтқандарына қайшы келеді. Өйткені, Тирмизи көрсеткен хадис шәрифте: **«Үмбетім бұрыс, адасқан жолға түсу мәселесінде бірікпейді»** делінген. Бұл хадис мужтаһидтердің, яғни ислам ғалымдарының ауызбірлігімен көрсеткен үкімдерінің әрдайым тура болатындығын айқын түрде көрсетеді. Тек ғалымдар емес, ақылы-түсінігі жетік болған жай адамдар да осылай екенін дереу түсінеді.

Енді осы **“жамағат-ут-таблиғийа”** тобының қалай құрылғаны туралы айтсақ. Үндістанның атақты дін және тарих саласының маманы Әбул Хасан Әли Нәдуи бұл топтың құрушысы Мәулана Илиястың сөздерін былай көрсетеді: «Хиджраның 1345 (м.1921) ж. Мәдинада осы жұмысты бастадым. “Бұл әрекетті сен арқылы жүзеге асырамыз” деген сүйінші хабар келді». Бұлар **“Мұхаммед Илиястың дінге шақыруы”** деген кітабының 77-ші бетінде урду тілінде жазылған. Келесі бетінде: «Мәдинадан Үндістанға қайтқаннан кейін дінге дағуат (шақыра) бастады» делінген. Бұл екі қатар сөйлемнен бұл жолға дағуат ету Аллаһу та’аланың бұйырығымен басталған және тағы Аллаһ тарапынан оған сүйінші ретінде хабарланғаны аңғарылады. Бұл жаңа жолдың ішкі ниеттері **“Илиястың мәлфузаты”** кітабында кеңінен жазылған. Бұл кітапта шәкірті Мұхаммед Манзур Нуғмани достарына ұстазының мына сүйінші хабарын жеткізеді: *«Түс көру пайғамбарлықтың қырық алты бөлшегінің бірі. Нәпсімен, қалауымен күресуі, шілдеге отыру арқылы қол жеткізіле алмайтын жоғары дәрежелерге кейбір Құдайдың таңдаулы адамдары түс көру арқылы жетеді. Оларға түстерінде берілген мәліметтер пайғамбарлықтың бөлшегі болып табылады. Осылармен ілгерілеуге болмай ма? Ғылым Құдайды тану білімін арттырады. Аталған білім де адамды Аллаһқа жақындатады. Сол үшін Аллаһу та’ала бізге «Ей Раббым ғылымымды арттыр» деуді бұйырды. Түсте адамға сахих (дұрыс) ілімдер беріледі. Сол себептен бұл басшыларыңның көп ұйықтауын тілеңдер! Жүйкем шаршап, ұйқым азайған кезде*

дәрігерге көрініп, ұйқы келтіретін дәрілер қолданамын. Осы таблиғ (уағыз) арқылы дінге шақыру жолы маған түсімде көрсетілді. ***«Сендер үмбеттің ең жақсылары болдыңдар. Адамдардың игілігі үшін жаратылдыңдар. Жақсылық жасауды бұйырып, жамандықтан тыярсыңдар»*** *деген аяттың тәпсірі маған түсімде білдірілді. Мен пайғамбарлар сияқты адамдарды дінге шақыру үшін жаратылдым. Аяттағы "жаратылдыңдар" деген сөз осы шақыру ісінің тек бір жерде жасалумен болмайтынын, отанымыздан шығып, қалаларды, үйлерді аралау керектігін көрсетеді».* Бұлар кітаптың 50- бетінде жазылған. Оның сөздеріне назар салыңыз! Құран кәрімге түсінде тәпсір жасалып жатыр. Түсінде өзіне сахих (дұрыс) мәліметтер берілгенін, олардың риязат және мужаһада (нәпсінің қалағанын жасамау және қаламағанын жасау) яғни нәпсімен күресу арқылы қолға түспейтінін айтуда. Аяттағы "ухрижат" сөзінен ешқандай тәпсір ғалымы айтпаған жаңа мағына шығарды. Шәкірттеріне көп ұйықтауға күш салуды айтады. Бұлар Құранды өз көзқарасы бойынша тәпсірлеу емес пе? Пайғамбарымыз: **«Құранды өз көзқарасы бойынша тәпсірлеген адамның орны тозақ оты болсын!»** деген хадиспен мұсылмандардың бұлай тәпсір жасауына тыйым салған. Бұл хадис Тирмизиде келген. Оңымен солын ажырата алмайтын, парыз бен сүннеттің не екенін білмейтін адамдардың уағыз үшін саяхатқа шығу әрекеттері осы түстегі тәпсірден туындап отыр. Аллама ибн Жарир Табари және сәләф-ус-салихин ішінен көптеген муфассирлері бұл аятқа тәпсір жасаған, бұларды Имам Суйути **"Дурар-ул-мансур"** кітабында жазған. Осы кітаптың 2-ші жүзінің (бөлімі) 64-ші бетінде: Абд ибн Хамид, Ибн Жарир және Ибнул Мунзир Имам Мужаһид еңбегінен үзінді келтіріп былай дейді: **«Сендер қайырлы үмбетсіңдер. Адамдардың игілігі үшін жаратылдыңдар»** деген аяттағы "адамдар" сөзі – "араптардан басқа адамдар" дегенді, "Қайырлы үмбет" сөзі де "араптар" дегенді білдіреді». Тәпсір ғалымдарының ешқайсысы бұл аяттан Илияс сияқты мағына шығармағаны көрініп тұр. Демек, Илиястың таблиғ әрекеті Құран кәрімге, хадис шәрифтерге және сәләф-и салихиннің жолына сай емес. Оның құрған тобы миссиясымен бірге түсінде көрген бір тәпсірге сүйенеді. Ал, бұл дінде жаңалық болып есептеледі. Бидғат шығару болады. Пайғамбарымыз: **«Бұл**

дінімізде дінде жоқ нәрсе пайда болса, қабылдамаңдар» деп бұйырды. Бұл хадис Бухари мен Мүслимде жазылған.

Абдулғани Наблуси **“Хадиқа”** кітабының 168-ші бетінде: «Ұйқыда көрінетін түстер рухани шабыттар сияқты шариғат үкімдерін көрсететін себептер емес» деген. 170-ші бетінде: «Аллаһу та’аланың ешқандай кітап оқымаған адамның жүрегін ашуы, оны ақиқатқа, білімге толтыруы - жаиз (мүмкін, кездеседі). Ондайлар Құран кәрім мен хадис шәрифті естігенде, оларға тәпсір жасап, ғалымдарды таң қалдырады. Ол - әулие. Бірақ мүршид, имам (ұстаз) емес. Ислам ғалымы болу үшін Құран кәрім мен хадистердің үкімдерін оқып үйренген болуы керек» деп жазылған. 187-ші бетінде: «Діннің ұмытылуы, яғни Исламның әдет-ғұрыпқа айналып кетуі, адамның Ислам үкімдерін емес, ақылы мен өз көзқарасын негізге алуы төрт нәрседен туындайды: біріншісі, үйренгендерін іс жүзінде жасамау. Екіншісі, білместен жасау, яғни Аллаһу та’аланың бұйрықтарын үйренбей, өз көзқарасы бойынша әрекет жасау және барлық адамды осылай етуге шақыру. Мұны қабылдамағандарға дұшпан болу. Үшіншісі, істейтін нәрселерінің үкімін алдын ала біліп алмау. Төртіншісі, адамдардың дін ілімдерін үйренуіне кедергі болу.

Тасаууф, яғни сопылық жолының өкілдері, әулиелер, мүршидтер барлығы Исламға толық мойынсұнған. Жоғары мәртебеге осылайша қол жеткізген. Исламға мойынсұну Исламның төрт дәлеліне бағыну дегенді білдіреді. Бұл төрт дәлел - Құран кәрім, сүннет, Ижма-и уммат және қияс-и фуқаһа. Осы төрт негізден басқа нәрселерге бағынғандар тозақ отына жанады. Олар мәңгі бақыттылық жолын жабатын, бұрысты дұрыс деп көрсететін өтірікшілер болып табылады».

Ибн Хаджәр Асқалани (рахметуллаһи та’ала алейһ): «Пайғамбарлардан (алейһимуссалам) басқа адамдардың түсі Исламның үкімдерін көрсетпейді. Исламның үкімдері уаһи және ижтиһад арқылы белгілі болады» деген. Олай болса, адамның түсінде аятқа қалай тәпсір жасалады? Адамдарға түспен қалайша үкім беруге болады? Бір түске сеніп соншама адамға қалайша дүниежүзін кездіртіп қояды? Бұл әрекеті арқылы Ислам үкімдерін өзгерткен болып саналмай ма?

Аллаһу та'ала Құран кәрімді адамдарға түсіндірілуі үшін жібергенін айтады. Жамағат-ут-таблиғийаның басшысы болса, өзіне Құранның тәпсірі түсінде жасалғанын айтады. Осындай көзқарастағы Әбул'ала Маудудидің **"Танбихат"** кітабында айтуы бойынша, Құран кәрімнің белгілі тәпсір кітаптарымен түсіндірілуі керексіз нәрсе екен. Құранды түсіну үшін түсте көрсетілгендерді түсінетіндей деңгейде арап тілінен хабары бар болу жеткілікті екен. (Құран кәрімді түсіну үшін арапша жеткілікті болса, ана тілдері арапша болған қаншама христиан және атеист араптар неге әліге дейін мұсылман бола алмай жүр?) Діндегі осы екі реформатор да басқа бидғатшылардай Құранды өз көзқарастары, өз мақсаттары бойынша бұрмалап, аяттарға қате мағыналар беруде. Осыған қарамай, кітап пен сүннет жолында екендіктерін айтуда. Бұл барып тұрған өтірікшілік.

"Дустур-ул-амал" деп атаған ережелерінде былай дейді: «Таблиғ-и жамағатшылардың мақсаты, сенімдері үшеу. Олар:

1. Ила-и калиматуллаһ (Аллаһтың есімін жоғарылату)
2. Исламды тарату
3. Осы сенімдегілерді бірлестіру. Мазһабта, ахлақта, тәрбиеде жақсарту жұмыстарын жүргізу».

Олардың сенімдерін жақсы түсіну үшін кітаптарын зерттеу керек. Енді соларға тоқталайық:

Олардың басшылары Мұхаммед Илиястың: «Мақсатымыз - Расулулаһтың сахабаларына айтқан нәрселерін адамдарға үйрету. Барлық елді аралап, намазды түсіндіру және насихат беруіміз – осы істің бастамасы» (Малфузат, 31-ші бет) деген сөзінен олардың Расулуллаһтың білдірген нәрселерін өз түсініктері және мамандықтары бойынша түсіндіретіні аңғарылады. Жолдастарынан Захир Хасанға: «Біздің жолымызды адамдар тек намаз оқуды үйрету деп санайды. Аллаһқа ант етемін, біздің ісіміз намаз үйрету емес. Жаңа қауым дайындаудамыз» (Діни дағуат, 205-ші бет) дейді. Бұл сөзі оның мақсатын айқын көрсетеді. Илиясқа бағынатындардың "біз адамдардың намаз оқуы үшін күш салудамыз" деген сөзінің ақиқат еместігі байқалады. Бұл әрекеттері адамдарды өз қатарларына қосу үшін құрған тұзақтары болып табылады. Сондай-ақ "Мәкатиб" атты еңбегінің 66-шы бетінде:

«Бұл пақырдың ойынша, уағызымыз – Исламды, тариқатты және ақиқатты қамтиды» делінген. Бұл сөз Илиястың көрген бір ғана түсіне негізделіп құрған осы ұйымының жаңа Исламмен жаңа тариқатты ішіне алғанын көрсетеді. Өйткені, дін дегеніміз – осы үш негіз деген сөз. Демек, олар “Ислам” деген атты жамылған, түске негізделіп құрылған жаңа бір дін келтіруде. Жоғарыда келтірілген сөздерінің бидғат, адасқандық екендігі айқын.

Илиястың ізбасары Мұхаммед Идрис Әнсари былай дейді: «Бұл жамағаттың сенімі “Ла илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ” калимасы» (Дустур, 4-ші бет). Бұл сенім - мұсылмандықтың негізгі сенімі. Бірақ, мұны мұсылман емес екендіктері ауызбірлігімен білдірілген қадиянилер (яғни, Ахмадилер) мен бахаилер де айтады. Олар да осылай айтып, жаңа бидғат тобын шығарды. «Бір істі, ғибадатты жасау, бір нәрсеге тыйым салу үшін, оны Расулуллаһ көрсеткен болуы керек. Басқа дәлел керек емес» деді (Дустур, 5-6). Осылайша, шариғат дәлелдері болып табылатын ижма мен қиясты жоққа шығарды. Сондай-ақ, ол өзінің нағыз мужтаһид екендігін айтқан жоқ. Өйткені, олай деп айтса, оның білім деңгейі мен өткен тарихын білетіндер оған сенбес еді.

Бір адамның бұл жамағатқа кіруін **“Дустур-ул-амал”** былай көрсетеді: **Калимаи шаһадат**ты айтып, мағынасына сенген әрбір адам бұл жамағатқа мүше бола алады. Бұл жамағатқа кіретін адамның бағынатын тобы (сектасы), қауымы және тұратын елі қандай болса да бәрібір (5-ші бет). Яғни, мұсылманмын деген әрбір адам, қадияни болсын, басқа бидғат топтарынан болсын, яғни, харижи, қадарийа, му‘тазила, маудудия сияқты адасқан топтардан болса да оған қаралмайды, осы топқа кіріп серіктес бола алады. Серіктес болып кіргендер тек хадистер мен әрекет жасайды. Сәләф-и салихиннің істегендеріне, ижма мен қиясқа мән бермейді. Төрт мазһабтың ешқайсысына бағынбайды. Сондай-ақ, Исламды, тасауфты (сопылықты), ақиқатты ұстанғандарын айтады. Ал, бұл нағыз адасушылық. “Таблиғи жамағат” деп аталатын бұл жол “Жамағат-ул Исламия” деп аталатын Әбул‘ала Маудудидің адасқан фирқасына (тобына) ұқсайды.

Өз әміршілерін сайлау туралы былай дейді: «Ислам жүйесінде әмір мәселесі өте маңызды. Жамағат-ут-таблиғ ішінен сайланған

әмир (әмірші) - Ислам көрсеткен улул-әмр деген сөз. Оның берген бұйрықтарына әрбір адамның бағынуы - Аллаһтың және Расулының бұйрықтарына бағыну секілді парыз болып саналады.» (6-шы бет). «Әмирдің (әмірші) Исламға сай келетін бұйрықтарына қарсылық білдірместен бағыну - уәжіп. Әмирлердің берген бұйрықтарының сүйенетін негіздерін, дәлелдерін зерттеуге болмайды. Бұйрықтарын орындамау немесе олардың қаламайтын нәрселерін жасау - үлкен күнә. Бұл - Аллаһу та'аланың азабына себеп болады» (7-ші бет). Бұл жамағаттың өз әмирлерін пайғамбар дәрежесіне көтеретіні көрініп тұр. 8-ші бетінде: «Әмирдің маңызды бір бұйрықты беретін кезінде жамағаттың лауазымды тұлғаларымен кеңесуі, сосын кеңес мәжілісінің мүшелерімен кеңесуі - уәжіп. Көзқарастары әр түрлі болса, әмір олардың ішінен қалағанын бұйыра алады» делінген. Міне, олар тек хадистер мен өз әмирлеріне ғана бағынады. Құран кәрімде тек әмирлерге бағыну керек деп бұйырылды деп санайды. Оған бағыну парыз екен. Оған бағынбаған адамнан Аллаһу та'ала кек алады екен. Әмірші берген бұйрық кеңес мүшелері мен басшыларының сөздеріне қайшы келсе де, оған бағыну керек екен. Бұл кеңес мүшелері, басшылары мен әміршілері өз-өзінен басшы болуда. Өйткені, олар қандай фирқадан, топтан (сектадан) екендігіне, білім деңгейіне, басқа шарттарға қарамастан тек калима айтумен бір жерге жиналған адамдардан тұрады. Алайда, сәләф-и салихин, яғни әһли сүннет ғалымдары улул-әмр (әмірші) болатын адамның қандай болу керектігін көрсетіп берген. Ғұлама Әбуссу'уд (рахметуллаһи та'ала алейһ): «Улул-әмр - хақ жолдағы амирлермен (әміршілер) және әділ хакимдер (үкім шығаратын билеушілер). Оған төрт халифа (хулафа-и рашидин) және олардың ізбасарлары кіреді» деген. Имам Кархи: «Улул-әмр – Расулуллаһ (алейһиссалам) кезеңіндегі және одан кейінгі әміршілер. Оларға билеушілер, әскери басшылар кіреді» деген. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша "Улул-әмр" деген сөз "Ислам ғалымдары" дегенді білдіреді. Таблиғи жамағатшылардың өз араларынан сайлаған әміршілерінің мұндай сипатта емес екендіктері айқын. Осы әміршілеріне бағынудың уәжіп болғандығы, бағынбаған адамның үлкен күнә істеген болып саналатындығы ешқандай негізге сүйенбейді.

Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) болашақта өз үмбетінің басына келетін жағдайлар туралы: **«Исраил ұлдары жетпіс екі топқа бөлінді. Менің үмбетім жетпіс үш топқа бөлінеді. Олардың тек біреуі ғана тура жолды ұстанып, құтылады, қалғандары тозаққа барады»** деген. Сахабалар мұны естіп: «Ол қайсысы?» деп сұрады. Ол: **«Менің және сахабаларымның жолын ұстанғандар**» деді.

Ибн Хаджәри Хайтами (рахметуллаһи та'ала алейһ) **"Фәтх-ул-жауад"** кітабында: «Әһли сүннеттің ауызбірлігімен білдірген сенімге бағынбаған адамды **"мубтади"** (жолдан адасқан, бидғатшы) дейді. Бұл ауызбірлігін Әбул Хасан Әшари және Әбу Мансур Матуриди (рахметуллаһи та'ала алейһима) мен солардың жолын толық ұстанған ғалымдар көрсетті» дейді. Ибни Хаджәри Меккидің (рахметуллаһи алейһ) **"Фәтауа-и хадисия"** кітабының 205-ші бетінде: «Бидғат өкілі - сенімі әһли сүннет сенімінен бөлек болған адам. Әһли сүннет сенімі Әбул Хасан Әшари және Әбу Мансур Матуридидің және оларға бағынатындардың сенімі болып табылады. Ислам діні ұнатпаған бір нәрсені шығарған әрбір адам бидғат өкілі болады» делінген.

Бұл үмбет жетпіс үш топқа бөлінеді, олардың тек біреуі ғана тозақтан құтылады. Әрбір мұсылман осы топты іздеп, тауып, соларға бағынуы - уәжіп. Олар – Әбул Хасан Әшари және Әбу Матуридидің жолындағы адамдар. Жаңа Ислам фирқасын (тобын, сектасын) құрып, тек **«Ла илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ»** деп айтумен шектелген, әһли сүннет уәл жамағат сенімін қабылдамаған адамның сенімі қалайша дұрыс болады? **Жама'ат-ут-таблиғийа** деген атпен жаңадан шыққан бұл фирқаның сөздерімен жазуларына назар аударылатын болса, бұл топқа кіру үшін тек «ла илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ» сөзін айту шарт екендігін көрсетеді. Осыны айтқан адам қандай адасқан топтан болса да, Расулуллаһтан басқа ешкімге, тіпті сахабалар мен мужтаһид имамдарға бағынбаса да, осы топқа кірген болып есептеледі. Қадияни, нижари, уаххаби, жамағат-и Исламийа, яғни маудудишіл және мұсылман емес басқа топтардағы адамдардың осы жамағатта жиналғанын көруге болады. Бұл әрекеттері үмбет арасында бүлік шығарып, бөлінушілікті іске асыруды мақсат етеді.

Олар қатарларына қосып алған әртүрлі бидғат жолдардағы адасқан адамдарды тәрбиелеп жатқан болса керек деген жақсы күмәнда болғымыз келеді. Бірақ, кітаптарымен тірліктеріне қаралатын болса, керісінше екенін көру мүмкін. Мысалға, мүшелерге мазһабтар туралы айтуға тыйым салады. Әркімнің ақидасына (сеніміне) ерік береді. “Дустур-ул-амал” атты ережелерінің 16-шы бетінде: «Ыдыратушы және қажетсіз мәселелерде тоқталмаңдар. Тәуһид пен Исламның негізі зерттеледі» делінген. **“Мифтах-ут-таблиғ”** атты кітаптарының 218-ші бетінде де осылай жазылған. Құрушылары Мұхаммед Илияс **“Мәлфузат”** кітабының 116-шы бетінде: «Жолымыздың негізі - иманды күшейту. Ақида (сенім) мәліметтерін таратуға, кеңейтуге болмайды. Әйтпесе, адамдардың жүректерінде азғындық, зейіндерінде күмән туындайды» дейді. **“Мәкатиб”** кітабының 142-ші бетінде: «Анда-санда болса да “бидғат” деген сөзді қолданасыңдар. Мұндай сөздерді айтпаңдар. Мұндай сөз адамдар арасында фитна (бүліктің) шығуына себеп болады» дейді.

Жоғарыдағылардан аңғарылатыны оларда әһли сүннет сенімі жоқ. Жетпіс үш фирқаның кез келгені оларға қосыла алады. Тіпті, мұсылман еместер де мүше бола алады. Ақида (сенім) мәселесіне тоқталмайды. Тіпті, оны үйренуге тыйым салады. Тек пайғамбардың жолын ұстанатындықтарын айтады. Хадис шәрифте хабар берілген ақидасы (сенімі) дұрыс бір ғана фирқаны (топты) іздестірмейді. Оны талап ету фитнаның (бүліктің) шығуына себеп болады деп есептейді. “Бидғат” және сол сияқты сөздерді қолданбайды. Осыншама бұзық сенім және тірліктеріне қарамай, тағы өздерінің әһли сүннет уәл-жамағат мазһабында екендіктерін айтады. Алайда, осы хақ мазһабтағылардың ойынша, олардың адасқан жолда екендіктеріне ешқандай күмән жоқ.

Ислам ғалымдары мұсылмандардың бидғат өкілдерімен кездесулеріне, олармен сөйлесулеріне тыйым салды. Абдулқадир Гейлани бидғат өкілдерінің ұстанған мазһабтарының қате екендігіне сену, оларға ешбір істе қосылмау керектігін және оларды жақсы көрмеудің сауап екенін білдірді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): **«Бидғат өкіліне дұшпандық көзқараспен қараған адамның жүрегін Аллаһу та’ала сенім мен**

иманға толтырады. Бидғат өкілін жаман деп таныған адамды Аллаһу та'ала қиямет күнінің қорқынышынан қорғайды. Бидғат өкіліне ұрысқан адамға Аллаһу та'ала жаннатта жүз дәреже береді. Бидғат өкіліне жылы қабақ танытқан немесе оған жақсылық жасаған адам Аллаһу та'аланың Мұхаммед алейһиссаламға жіберген Ислам дінін ұнатпаған болып саналады» деп бұйырады. Басқа бір хадис шәрифте: **«Бидғат өкілі бидғатынан бас тартпайынша, Аллаһу та'ала оның ешқандай ғибадатын қабылдамайды»** делінген. Хазреті Фудайл бин Ияд: «Бидғат өкілін жақсы көрген адамның ғибадаттарын Аллаһу та'ала жоқ етеді және жүрегінен иман нұрын алады» дейді. «Бидғатшыларды жақсы көрмейтін адамның ғибадаттары аз болса да, оның күнәлары кешірілетініне үміт артылады. Жолда бидғатшымен кездеспеу үшін басқа жолдан жүр!» деген насихаттар мен хадистер Абдулқадир Гейланидің **«Ғунйа»** кітабының 90-шы бетінде жазылған.

Жамағат-ут-таблиғийаның құрушысы Мұхаммед Илияс түсінде көргендерін жаңа дін деп уағыздап жүргенде, қатарына қосылған мазһабсыздардан өзіне жұққан бұзық сеніммен бидғатшылықты да айналасына жайды. "Мәкатиб" кітабының 90-шы бетінде: «Құран оқитын және зікір айтатын жиындарда болу әрине жақсы, мұны дін ұлылары білдірген. Бірақ, бұл істе бидғат өкілдеріне ұқсау қаупі бар болғандықтан, мұндай орындарда болмаған жақсы. Пайғамбарымызға салауат пен сәлем айтқан кезде оның һазыр болатынын (рухымен көріп, еститінін) немесе көріп тұрғанын ойлау немесе бидғат өкілдері (әһли сүнетті айтады) сияқты сөйлеу қаупі де осындай. Әрине, тым үлкен ғашықтықпен, өзін жоғалтып айту жаиз болса да, шайтан араласып иманды бұзуы мүмкін. Ал, бұл - өте үлкен қауіп» делінген.

Мына сөзіне назар аударыңыз! Расулуллаһтың һазыр болатынын және көретінін ойлап, ол ұлы пайғамбарға салауат айту, аса махаббат себебімен, қаламай тұрып айтылса да жаиз болмайды екен. Иманның бұзылуына себеп болатындықтан аулақ болу керек екен. Мұндай сөздер уаххабилердің сенімі болып табылады. Тіпті аса махаббатпен айтуға тыйым салуы уаххабиліктен де асып түсетін шатасушылық. Мұсылман адам бұған тыйым салмайды.

Бұл адам намаз оқылған кезде барлық мұсылмандардың «Ассаламу алейка әййуһән-нәбиййу»[39] дегеніне қалай қарайды екен? Хужжат-ул-ислам Имам Ғазали (рахметуллаһи алейһ) **"Ихия-ул-улум"** кітабынының 1-ші томының 129-шы бетінде: «Алдымен жүрегіңе Расулуллаһтың мүбәрәк келбетін ендір. Сосын «Ассаламу алейка әййуһән-нәбийу» деп оқы және бұл сөзіңді еситетіне, саған жауап беретініне сен!» дейді. Османлы ғалымы Мұхаммед Хаққи хазірет **"Хазинат-ул-асрар"** кітабының 166-шы бетінің бірінші мақамында: «Мұсылман өзінің Расулуллаһтың қасында екендігін ойлауы керек. Оны өзі мен Аллаһу та'ала арасындағы шапағатшы, уәсилә (себеп) және көмек беруші деп біліп, оны ұлықтап (тағзым етіп), құрметпен, әдептілікпен салату сәлем айтуы керек. Бұл мақамда (жерде) ең жақсы сөз – "Ассаламу алейка әййуһән-нәбиййу" деген сөз» дейді.

Арифу биллаһ Саййид Мұхаммед Осман Мирғани Мәкки Ханафи хижраның 1268 (м.1852) ж. Меккеде қайтыс болған. **"Ақраб-ут-туруқи иләл-хақ"** кітабының 14-ші бетінде: «Расулуллаһтың сенің қасыңда екендігін, сені көретінін және еститінін ойла. Алыста болсаң да, Аллаһу та'ала даусыңды есіттіреді, сені көрсетеді. Бұл жерде жақын мен алыс арасында айырмашылық жоқ» дейді. Бұл келтірілген деректер Расулуллаһтың (алейһиссалам) оны "қасымда" деп ойлаған мұсылмандарды көретінін, дауыстарын есітетінін хабар беруде. "Жамағат-ут-тәблиғийа" сектасын құрған адамның бұған сенбейтіні көрініп тұр. Ол қатты махаббатпен де болса, бұған тыйым салуда. «Ол өзін ойлағандарды көрмейді және оларды естімейді» деп, уаххабиліктің негізі болып табылатын «өлгендер естімейді» деген бұзық сенімді қолдайды.

Бұл тақырыптағы сөздердің ең дұрысы ұлы ғалым Ахмед Ибн Хаджәри Хәйтамидің **"Фәтауә'л-кубра"** кітабының 2-ші томының 9-шы бетінде жазылған төменде келтірілген фатуасы болып табылады:

Сұрақ: Адамның рухы шығатын кезде Расулуллаһты көре ме? Көрген кезде одан «бұл кісі туралы не дейсің?» деп сұралады екен. "Бұл кісі" сөзі қасында тұрған адам үшін қолданылатыны белгілі. Сол сәтте дүниеде өте көп адам өледі. Олардың әрқайсысына

39 Ей пайғамбар, саған сәлем болсын

“бұл кісі...” деп сұралатын болса, Расулуллаһтың бір сәтте бірнеше жерде көрінетіні аңғарылады. Бұл қалай болады?

Жауап: Иә Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өлгелі жатқан барлық адамға көрінеді және одан «бұл кісі туралы не айтасың?» деп сұралады. Бұлай болуы Аллаһу та’аланың құдіретінің ұлылығын көрсетеді. “Бұл” сөзі қасындағы адамды көрсетеді. Бұл сөз Расулуллаһтың әр түрлі жерде, әр түрлі жағдайда бір сәтте көріне алатынына сенбейтіндер үшін жақсы бір жауап болады. Алайда, ақыл жолымен де бұған сенуге болады. Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мүбәрәк келбеті айна сияқты болып, адамдар осы айнада өздерінің жақсы-жамандығының суретін көруде. Бірақ, айнаның әсемдігінде ешқандай өзгеріс болмайды. Қабір өмірі мен ахирет өмірі бұл дүниедегі өмірге ұқсамайды. Дүниеде әрбір адамның тек бір ғана түрі, бір ғана көрінісі бар. Алайда, әулиелердің дүниеде де бірнеше түрге енетіндігі өте көп рет кездескен. Қадиб-ул-бан Хасан Мусулидің және басқалардың осылай көрінгендігі көпшілікке белгілі».

Аталған фатуа кітабының 29-шы бетіндегі екі фатуаның біріншісінде: «Өлгендер өздерін зиярат етуге келгендерді таниды. Ибни Әбиддүния хабар берген хадис шәрифте: **«Бір мұсылман діндес бауырының қабірін зиярат етуге барып, қабірінің бас жағына жақын отырса, мәйіт оны таниды және сәлеміне жауап береді»** делінген. Тағы бір хадис шәрифте: **«Бір мұсылман танитын мумин бауырының қабірінің жанынан өтіп бара жатып, сәлем берсе, мәйіт оны таниды және сәлеміне жауап береді»** делінген» дейді. Екінші фатуасында: «Өлгендер тірілердің дауысын естиді. Имам Ахмед риуаят еткен хадис шәрифте: **«Мәйіт өзін жуған, көтерген және қабірге қойған адамды таниды»** делінген.» Хиджраның 1362 (м.1943) жылы Анкарада қайтыс болған ұлы ғалым және әулие Саййид Абдулхаким Арваси хазреті Ибни Хаджәри Мәкки туралы: «Ол - ислам ғұламаларының ең ұлысы. Әрбір сөзі дінде берік құжат және дәлел болып табылады» деген.

Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) һазыр болатынына, көретініне қалайша күмән келтіруге болады? Пайғамбарлардың, тіпті әулиелердің де пәк рухтары, денелерінен шыққаннан кейін, дәрежесі артады. Періштелер сияқты толық

тасарруф иесі болады (іс істей алады). Осылай екенін әһли сүннет ғалымдары бір ауыздан білдірген. Мұны тек уаххабиліктің құрушысы Мұхаммед бин Абдулуаххаб қырсығып қабылдамады. Оны Аллаһу та'ала тура жолдан адастырып, залалатта (бұрыс жолда) қалдырды. Жамағат-и таблиғийаның басшысы Илияс та соның ықпалында қалып, ашқан бұзық жолына ерді. Бұған еріп жүргендердің санасын ояту және (бір-екі ауыз арапша ұрандарымен) дінсіздігін жасырып, діни көсем болып алғандардың беттерін қызарту үшін ғалымдардың сөздерінен тағы бір мысал берейік.

Үндістандағы ғалымдардың ұлыларынан бірі болған шах Уәлиуллаһ Дехлеви **"Хужжат-уллаһил-балиға"** кітабында (1-том, 35-б): *«Адам өлгеннен кейін оның рухының материалдық дүниемен байланысы үзіледі. Өз негізіне оралады. Періштелер сияқты болады. Періштелерге ұқсап адамдарға шабыт әкеледі, көмектеседі. Олар Аллаһу та'аланың дінінің таралуына, күшеюіне жәрдемін тигізеді. Бұл жолда қызмет етіп жүргендердің қиын жағдайларында көмекке келеді. Топ-топ болып келгендері көп көрілген»* деп жазылған. Бұл сөз қасиетті рухтардың періштелер сияқты жұмыс істейтінін көрсетеді. Расулуллаһтың (алейһиссалам) һазыр болатынына, еситетініне сенбейтін адамға қаныктыратын жауап ретінде осы сөз жетпей ме? Барлық болмыстардың негізі және Аллаһу та'алаға жақындататын жалғыз себептің пайғамбарымыз екендігін Ислам ғалымдары ауызбірлігімен білдірген.

Аллама Абдуррауф Мунауи **"Әр-рауд-ун-надир"** кітабында: *«Таза рухтар тәннен шығып, рухтар әлеміндегі өз дәрежелеріне көтерілгеннен кейін оларға ешнәрсе перде бола алмайды. Олар барлық нәрсені көреді немесе періштелерден біледі. Бұл өте аз адамға білдірілген Аллаһтың сыры. Мүбәрәк рухтар осылай болса, олардың ең ұлысының қандай болатынын ойлап, жақсы түсіну керек!»* дейді.

"Әл-муаллим" жинағынан жасалған аударма аяқталды. Бұл мәліметтердің арап тіліндегі түп нұсқалары **"әл-Устаз Маудуди"** кітабымен бірге Стамбулда басып шығарылған.

Діндегі реформашылар

(дінді өзгертушілер)

Ибн Таймийа

Қате жолдағы дін адамдарының және мұсылмандарға зияны көп тиген адамдардың бірі. Шын аты – Ахмет бин Абдулхалим Харрани. **“әл-Уасита”** және басқа да кітаптарында **ижма-ул-муслумин**нен (мұсылмандардың ауызбірлігімен сенген және ұстанған жолдарынан) ажыралған. Құран кәрім мен хадис шәрифтерде айқын көрсетілген нәрселерге және сәләф-и салихиннің жолына бағынбаған. Қысқа ақылына, қате сеніміне бағынып, бидғат жолына түсті. Білімі көп болатын. Аллаһу та’ала оның білімін адасуына себеп етті. Нәпсісінің қалауына ерді. Бұзық, қате сенімдерін хақ деп, дұрыс деп таратуға тырысты.

Ибни Таймиййа деген атпен танылған Ахмет бин Абдулхалим Харрани хиджраның 661 (м.1263) жылы Харранда туылып, х.728 (м.1328) жылы Шамда қамалып жатқанда ауырып қайтыс болды. Көптеген кітаптар жазды. Ханбали мазһабының фиқһ және хадис білгірі болды. Шииттер мен көне грек философтарына қарсы еңбектері бар. Кейінірек әһли сүннетке қайшы келетін сөздеріне байланысты Мысырда екі рет қамауға алынды. **“Әл-убудийат”** кітабында Аллаһу та’аланың есімін зікір етуді бидғат және адасқандық деп көрсетіп, тасаууф ғалымдарына ауыр жала жабады. Бұл кітапты Садруддин Сахиб деген уаххаби урду тіліне аударып, 1981 жылы ол **“Хақиқат-и убудийат”** деген атпен жариялаған. Мардан қаласының қазысы аллама (ғұлама) Хабубул-Хақ Пермули оған қарсы жауап жазып, бұл кітабын **“Зикруллаһ”** деген атпен жариялаған. Ахмет Ибни Хаджәри Мәкки **“Фәтауа-и хадисия”** кітабында Ибн Таймийа туралы *«Аллаһ адасуына білімін себеп еткен адам»* деген. Жамиул-азхардағы Ханафи ғалымы Мұхаммед Бахиттің **“Татхир-ул-фуад”** кітабы, **“Әт-тауассул”, “Шәуаһид-ул-хақ”** және **“Жауаһир-ул-бихар”** атты кітаптар Ибн Таймийаның қате жолда екендігін дәлелдермен көрсетіп береді.

Үндістанның ұлы ғалымы Мұхаммед Абдулазиз Фархарауи **“Нәбрас”** атты **“Шархи ақаид”** түсіндірмесінің хашиясының

116-шы бетінде былай дейді: «Ибн Хаджәр Асқалани **“әд-Дүрәр-ул-камина”** кітабында *«Ибн Таймийа пайғамбарымыздың қабірін зиярат ету үшін сапарға шығу – харам. Әли (радиаллаһу анһ) иман келтірген кезде бала болғандықтан, оның мұсылмандығы сахих (дұрыс) емес деді. Осман ибни Аффан (радиаллаһу анһ) дүние-мүлікті жақсы көретін деді.* ***“Сунан”*** *кітаптарындағы хадистердің зайыфтарын да қабылдамады. Ғалымдар Ибни Таймийаның бүлігі мәселесінде қайшылықты көзқарастарда болды»* деген. Оны мақтайтындардан Имам Захаби де: *«Ол да адам, күнәлары, қателері әрине болады»* деді. Ахмет ибни Хаджәр Мәкки **“әл-Жауһар-ул-мунзам”** кітабында былай дейді: *«Ибн Таймийаның бүлігі соншалықты, оның теріс сөздерімен негізсіз дәлелдеріне қарсы исламның ең ұлы ғалымдары жауап берген, оның пікірлерінің қисынсыз екендігін ашып берген. Шам, Мысыр және Құдыста қазылық қызмет атқарған Шафии фиқһ және хадис ғалымы Мұхаммед Изз-ибни Жамаа ол туралы: “Аллаһу та’ала тура жолдан адастырған, азғындатқан және зиллет (абыройсыздық) көйлегін кигізген адам. Ол Ислам ғалымдары мен төрт ұлы халифаларға қарсы ақымақша дау-дамай жасаған адам. Ақылы кем адамда ирфан (білім) бола ма?” дейді.* Имам Әбул Хасан Субки: “*Ибн Таймийа ақылынан білімі көп адам. Оны “Шайхул-ислам” деген адамның кәпір болатыны айтылды»* дейді. Жалалуддин Дауани **“Ақаиди Адудия шархи»** кітабында: *“Ибн Таймийаның кейбір кітаптарында “Арш – қадим (мәңгілік)” дегенін оқыдым”* дейді. Жалалиге жасалған хашияда (түсіндірмеде): *«Ибн Таймийаның бұзық сөздері шектен шыққаннан кейін Каирде Қал‘аи Жәбәлде қадил қудат (бас қазы) Зәйнуддин Малики басқарған ғалымдар кеңесі жиналып, Таймийаға сұрақтар қойды. Ол жауап бере алмады. х. 705 жылы болатын. Оны қамауға алуға үкім шығарылды. Шамда және басқа жерлерде “Ибн Таймийаға ерген, бағынған адамның мал-мүлкі және жаны халал” деп ондайлардың өлтіріліп, мал-мүлкі тәркіленетіні туралы* ***“Мират-ул-жанан”*** *кітабында жазылған. Ол хиджраның 707 жылы тәубеге келіп, қамаудан босатылды. Бірақ сөзінде тұрмай тәубесін бұзған соң, қайтадан қамалды. Қайтадан тәубе етіп, Шамға қоныстанды»* деп жазылған.

Ибн Таймийаның «Қаза намазын оқу керек емес, әрбір қайырлы іс қаза намазының орнына жүреді» деген сөзі - оның адасқандығының ең үлкен куәсі. Бұған сенбеу, алданып қалмау керек.

Ұлы ғалым Жамалиддин Мұхаммед Музжажи **“Хидаят-ул-халиқ”** кітабында Мухиддин Арабиді мадақтап, Ибн Таймийаны теріске шығарады.

Ибн Таймийа әһли сүннет ғалымдарының ұлылығын түсінбеген, тасаууф ғылымының бар екенін қабылдамаған, әһли сүннеттен айырылған адам болып табылады. Оның бұзық пікірлеріне толған кітаптары өздерін **“Салафиттер”** деп атайтын мазһабсыздарға негізгі қайнар көзі болып саналады. Мазһабсыздар оны мақтап, Ислам мужаддидтерінің (жаңартушыларының) пірі деп есептейді. Ибн Таймийаның шақий (адасқан) және бағий (қарсы шығушы) бұрыс жолда екендігі **“Сайф-ул-Жаббар”** (Фадли Расул Бадаи) және парсы тіліндегі **“Та‘лим-ус-субйан”** (М. Юсуф Хорасан) кітаптарында жазылған. Абдурразиқ баша былай дейді: *«Уаххабилік бір жағынан Ибн Таймийаға барып байланғаны секілді соңғы ғасырда Ислам мужаддиді деп танылған Мұхаммед Абдухтың діндегі реформа жөніндегі пікірлері де бір жағынан Ибн Таймийаға сүйенеді»*. Абдурразиқ баша х. 1366 (м.1946) жылы өлді. Оның ұстазы Абдух пен көмекшісі Рашид Ризаның Жами-ул-азхардағы таратқан ыдыратушы пікірлерін таратудағы әрекеттері нәтижесіз қалды.

Судандағы Малики ғалымы Тахир Мұхаммед Сүлеймен **“Захират-ул-фиқһ-ил-кубра”** кітабында: «Ибн Таймийаның сөздерінің қадірі жоқ. Ол адасқан адам, мұсылмандарды да адастыруда. Мұсылмандардың ижмасынан (ауызбірлігінен) бөлініп, бидғат жолын ұстанған адам. Ислам ғалымдары оның адасқан бұзық екенін ауызбірлігімен білдірген» дейді. Қутбуд-Барири **“Шарх-и Мухтасар”** кітабында бұл туралы кеңінен мәлімет береді.»

Жамалиддин Афғани

Жамалиддин Афғани х. 1254 (м.1838) жылы Ауғаныстанда дүниеге келді. Хиджраның 1261 (м.1845) жылы Кабулға барады. Ол жерде он жыл болып, философиялық кітаптар оқиды. Біраз уақыт орыстарға Ауғанстандағы тыңшылық қызметін атқарды. Орыстардан көп ақша алды. Хиджраның 1285 (м.1870) жылы Мысырға барып, масон болды. Әли баша оны Стамбулға апарып, қызмет тапсырды. Ол кезде Стамбул университетінің ректоры болған және садразам (пример министр) масон Мустафа Рашид баша тарапынан Парижде оқытылған, кәпір екендігіне фатуа берілген масон Хасан Тахсин тарапынан оған университетте конференциялар бергізіледі. Алайда шектен шыққан сөздері себепті сол дәуірдің шайхул-исламы болған ұлы ғалым Хасан Фахми эфенді (рахметуллаһи та’ала алейһ) тарапынан Жамалиддин Афғанидің кәпір екендігіне фатуа берілді. Хасан Фахми эфенді заманының ең ұлы ғалымдары қатарында болатын. Ол Османлы мемлекетінің 110-шы шайхул-исламы болатын. Хасан Фахми эфенді сияқты ғалымдар басым түсіп, Жамалиддин масқара болды. Әли баша оны Стамбулдан шығаруға мәжбүр болды. **Әдиб Исхақ** деген мысырлықтың **“әд-Дурәр”** деген кітабында Жамалиддиннің Мысырда масон ложасының басшысы болғандығы жазылған. Жамалиддин Афғани мысырда болған кезінде мысырлықтар арасына революция пікірін таратумен айналысты. Даңқын шығару үшін **“Араби баша”** оқиғасын дайындағандармен бірге ағылшындарға қарсы болып көрінді. Мысыр мүфтиі Мұхаммед Абдух бір сөзінде «Жамалиддинді көрместен бұрын көзім көр, құлағым керең, тілсіз екенмін» деген. Француз тілінде жазылған **“Les franco-maçons”** кітабының 127-ші бетінде: «Мысырда құрылған масон ложасының басына Жамалиддин Афғани, одан кейін Мұхаммед Абдух әкелінді. Олар мұсылмандардың арасында масондықтың таралуына көп көмек берді» дейді. Лондон мен Парижде “діндегі реформа” деген атпен көптеген зиянды нәрселерді жазды. Хиджраның 1303 (м.1886) жылы Иранға барды. Ол жерде де тыныш жүре алмады. Сондықтан шынжырлармен байланып Османлы мемлекеті шекарасына әкеліп тасталды. Кейін Бағдатқа, ол жерден Лондонға кетті. Иранға қарсы мақалалар

жазып жүрді. Ол жерден Стамбулға барып, бахаилерге қосылып, дінді саясатқа құрал етіп қолданды. Иранда бүлік шығаруға тырысты. Бір жыл өткен соң жағында рак ауруы пайда болып, х. 1314 (м.1897) жылы өлді. Стамбулдағы Мачка әскери горнизоны қасындағы "шайхтар" мазаратына жерленді. Бір американдық азамат келіп оның үстіне көк тас қойғызды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін сүйегі Ауғанстанға алып кетілді. Масондар оның Исламға дұшпандығын, революционер және бүлікшіл әрекеттерін басқаша жазады. Оны ұлы етіп көрсету үшін Османлы шайхул-исламы Хасан Фахми эфендіге және басқа да Ислам ғалымдарына "кертартпалар, надандар" деп жала жабуда.

Мұхаммед Абдух

Соңғы ғасырда біраз адамның тура жолдан шығуына себеп болған, адасқан дін адамдарының бірі Мұхаммед Абдух деген масон болып табылады.

Мұхаммед Абдух х.1265 (м.1849) жылы Мысырда туылып, х.1323 (м.1905) жылы сол жерде қайтыс болды. Сол кезде Мысырда шығатын "Уақаи-ул-Мысрийа" газетінде, "әл-Манар" журналында және "әл-Ахрам" газетінде жариялаған мақалалары оның қате пікірлерін көрсетіп береді. Біраз уақыт Бейрутта да іс-шаралар атқарды. Әһли сүннет ғалымдары оның бұзық ниетін түсініп қойғаннан кейін абыройы түсіп, Парижге кетеді. Сол жерде Исламға қарсы масондық жоспарларын іске асыруға дайындалып жатқан Жамалиддин Афғанидің жұмыстарына қосылды. Онымен бірге **"әл-Уруат-ул-усқа"** журналын шығарды. Кейін Бейрут және Мысырға қайтып, Парижде қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға жастарды тарта бастады. Хидив Тавфиқ баша үкіметі оның сабақтарымен жазуларының зиянды екенін түсініп, оны сот қызметіне тартты. Бірақ ол барлық жазған еңбектерінде Исламды құлатуға, масондық жоспарын іске асыруға тырысты. Масондардың көмегімен Каирде муфти болды. Әһли сүннетке қарсы бас көтере бастады. Алғашқы жұмыс ретінде Жамиул-азхар медресесінің оқу бағдарламасын бұзуға, жастарға құнды мәліметтердің оқытылуының алдын алуға тырысты. Медресенің Университет бағдарламасы алынып тасталды. Лицей және орта

сынып кітаптары жоғары сыныптарда оқытылды. Масондар бұдан бұрын османдықтарға да осылай жасаған еді. Масон Мустафа Рашид башаның бұйрығымен медреселерден жаратылыстану пәндері алынып тасталып, діни пәндер де жоғары дәрежедегі ілімдерден махрұм етілді. (Шотландия мен Париж масондары Ислам әлемінің барлық жерлерінде осы тәсілді қолдану арқылы мұсылмандардың артта қалуына себеп болған). Өйткені Ислам діні ғылымға негізделеді. Білім болмаса, ақиқат дін адамы қалмаса, Ислам бұзылады. Бұлт жоқта жаңбыр күту мұғжиза сұраумен бірдей. Аллаһу та'ала мұны беруі мүмкін. Алайда, Аллаһтың әдеті олай емес. Ислам ғалымы жетіліп шығуы үшін, ислам ілімдерінің жан жаққа тарап, жайылған болуы керек.

Бейруттағы масон ложасының басшысы Ханна Әби Рашид х. 1381 (м.1961) жылы жариялаған **“Даира-тул маариф-ул-масонийа”** кітабының 197-ші бетінде: «Жамалиддин Афғани Мысырда масон ложасының басшысы еді. Ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінен 300-ге жуық мүшесі бар болатын. Одан кейін имам устад Мұхаммед Абдух басшы болды. Абдух үлкен масон еді. Оның масондық рухты арап елдеріне жайғандығын ешкім теріске шығара алмайды» делінген.

Мұхаммед Абдухтың жасаған реформаларын көріп, оны Ислам ғалымы деп санағандар аз емес. Әһли сүннет ғалымдары оның жазғандарына жауап жазған, оның исламды жамылған жауыз мақсатын әшкерелеген. Қате пікірлерін төмендегіше көрсетуге болады:

Ол ақыл мен дінді бөлек деп санап, “оларды алғашқы рет біріктіретін мен боламын” деген.

Өзінен бұрынғы Ислам ғалымдарының логика, математика, тарих, география ғылымдарын оқымағандығын айтып, жаратылыстану пәндерін оқудың күнә деп саналғанын, оларды Исламға өзінің енгізетінін білдіреді. Олардың ғасырлар бойы барлық медреселерде оқытылғанын, бұл салаларда мыңдаған кітап жазылғанын мойындамайды. Осылайша, әһли сүннет кітаптарын оқытуды тоқтатып, Ислам дұшпандарының “философия” деген атпен жазған дінсіздік үгіт-насихаттарын ислам мемлекеттеріне таратуға атсалысуда. Осы дұшпан үгіттеріне қарсы болған Жамиул-азхар профессорларына «ғылымның, жаратылыстанумен

логиканың жауы, керітартпа» деген ат тағады.

Өзінен бұрын келген мыңдаған Ислам ғалымдарының дінге исламға қатысы жоқ нәрселерді енгізгендігін, аят пен хадистерді түсінуде қателескендігін айтып, оларды түзетумен айналысуда екенін білдіреді.

"Исламият және насраният" атты кітабында: *«Барлық діндер бір. Сыртқы көріністері ғана басқа»* деп, яһуди, христиан және мұсылмандардың бір-бірін қолдауларын қалайды. Лондонда бір попқа жазған хатында: *«Ислам және христиандық сияқты екі үлкен діннің біріккенін күтемін. Сол кезде Тәурат, Інжіл және Құран бір-бірін қолдайтын кітаптар ретінде барлық жерде оқылады. Барлық халықтар тарапынан құрметке ие болады»* дейді. Христиан дінін хақ дін деп санап, мұсылмандардың Тәурат пен Інжілді оқитын кезеңін күтуде.

«Мұсылмандар тура жолдан тайып, қазіргі халге түскен. Дін ғылыммен ұштасады. Сол кезде Аллаһ нұрын толықтырған болады» дейді. Оның ойынша, Аллаһу та'ала нұрын Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) заманында бітірмеген екен. Ислам ғалымдары да ғылымнан ұзақ қалған екен.

"Исламият және насраният" кітабында: «Исламға керітарт-палар "Бір адамнан жүз тұрғыдан кәпір екендігі, бір тұрғыдан иманды екенін білдіретін бір сөз шықса, ол адам иманды деп есептеледі" деген қағида енгізіліпті. Кез келген пәлсапашының, пікір адамының жүз тұрғыдан кәпір екенін көрсететін сөз айтып тұрып, бір тұрғыдан иманын көрсететін сөз айта алмайтынын ойлау ақымақтық-қой. Сондықтан, әрбір адамды иманды деп санау керек. Исламда "зындық" (дінсіз) деген сөз жоқ. Бұл кейіннен исламға қосылған» дейді. "Күпіршілігі ашықша белгілі болмаған бір мұсылманның сөзіндегі бір иман оны кәпір болудан құтқарады" деген қағиданы қате түсіндіріп бүкіл кәпірлерді, философтарды иманды дейді. Өзі де зындық болғандықтан бұл сөздің айтылуын қаламауда. **"Кунуз-уд-дақаиқ"** кітабында және Дәйләмиде жа-зылған: **«Үмбетімнің арасында зындықтар (**өзін мұсылман деп танытатын дінсіздер**) көбейеді»** деген хадисін қабылдамайды.

"Зилзал" сүресіндегі **«Аз ғана болса да қайырлы іс істеген адам оның қайтарымын әрине алады»** деген аятқа тәпсір жасаған кезде: «Мұсылман болсын, кәпір болсын, ізгі-салих іс істеген

барлық адам жаннатқа барады» дейді. Оның ең сауатсыз, ең надан адамдар да күлетін бұл ақымақ пікірін оның жолындағы мәңгүрттер де қабылдамаған. Олардың ішінен абдухшы Сайид Құтб “Ниса” сүресінің 124-ші аятына тәпсір жасаған кезде Абдухтың аяттарға қайшы көзқарастары болғандығын айтуға мәжбүр болған. Иә, Абдухқа Парижде жұтқызылған масондық апиынының дозасынан көп болғаны соншалықты, ақылы мен түсінігі аяттар арасындағы байланыстарды көре алмайтын дәрежеде астаң кестең болған еді.

“Аср” сүресінің тәпсірінде *«Иман - ақыл мен ождан жете алмайтын нәрселерге тақлид пен (айтқанға еріп) сену емес, ата-анадан бірқатар сөздерді жаттап алып айту иман болмайды. Ислам тақлидке, еліктеушілікке қарсы. Бұрыннан келе жатқандар құндылық деп саналмайды, барлық нәрсе ақылмен шешіледі»* дейді. **“Тәуһид”** рисаласында болса: *«Дінде болған нәрсені ақыл ұғына алмаса да, оған сену керек»* деп, өз сөзіне қарсы пікір айтады.

Мысырда “Хилал” баспасының қожайыны және **“Мәданийати Исламия”** тарихының авторы Журжи Зейдан Абдух туралы: «Ол ескі ғалымдардың сөздеріне мойынсұнбады, олардың белгілеген қағидаларына мән бермеді» дейді.

“Фатиха” сүресінің тәпсірінде: **«Құран кәрім сол кезде өмір сүрген адамдарға қарата сөз сөйлеген. Бірақ оларға артық болғандығы үшін емес, олар да адам болғандықтан сөйлеген»** деп, сахабалардың (радиаллаһу анһум) қауышқан артықшылықтарын білдірген хадис шәрифтерді жоққа шығаруда.

«Күнәһарлардың амал дәптері сижжинде» деген аятты өзі тәпсірлеуге тырысып: «Кейбір адамдардың кітабынан “Сенжум” сөзі Хабаш (эфиоп) тілінде “балшық” деген мағына беретінін оқыдым. Бұл сөз хабаштардан Йеменге келген болуы мүмкін. Аяттың мағынасы: “Күнәһарлардың істері балшық сияқты” дегенді білдіреді» дейді. Расулуллаһтың, сахабалардың тәпсірлерін ұнатпай, аяттарға өзінше кездейсоқ және ойына келген мағыналарын беруде.

“Фил” сүресінің тәпсірінде: *«Әбәбил құстары шыбын-шіркей болуы мүмкін. Әскер шешек және қызамықтан өлген болуы мүмкін»* дейді. Алайда, бұлардың мағынасын Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ашықша көрсетіп берді. Тәпсір ғалымдары сол мағыналарды тауып кітаптарына түсірді.

“Уаннас“ сүресінің тәпсірінде: «Әр адамның ішінде бір шайтан бар. Бірақ бұл - адамның ішінде жаман қалауларды тудыратын күш деген сөз. Жынға ұқсайтын әсер» дейді.

Ислам ғалымдарының кітаптарынан, білімдерінен бейхабар болған бұл сорлы адам “ақылға, білімге, жаратылыстану ғылымдарына бағыну керек” деген идеямен майданға шығып, мазһаб имамдарына мойынсұнуды қабылдамауда. Барлық дін ілімдерін дәуірінің жаңадан ашылған жаңалықтарына, философтардың сол кездегі түсініктеріне сәйкестендіруге тырысуда. Ислам ғалымдарының кітаптарын оқуды қаламағаны, жаратылыстану пәндерін де оқымағаны үшін, қысқа пікірлеуіне және естігендеріне сүйеніп дін кітаптарын жазған. Осыларды дін білімі деп жайған. Бұл әрекеттері кәлам, фиқһ және тасаууф ілімдерінен хабарсыз екенін, мұсылмандықтың зауқын татпағанын көрсетеді. Ислам ғалымдарының ұлылығын аз болса да сезінгенде, нәпсісінің қалауларынан құтылып, материя мен рухтың ақиқатын түсінгенде бұлай адаспас еді.

Мұхаммед Абдух яһудиліктен келген Әли Муртаданың бауыры Радидің “Нахж-ул-балаға” атты кітабына түсіндірме жазды. Мұсылмандардың бөлінуіне себеп болған бұл кітапқа бұрын Ибн Әбил Хадид Абдулхамид Мадаини мен Мейсум Бахрани деген екі шиит шарх (түсіндірмелер) жазған болатын. Абдухтың шархы х.1301 (м.1885) ж. Бейрутта басылған.

Маудуди

Теріс жолдағы дін адамдарының бірі **“әл-жамағат-ул-исламийа”** ұйымының құрушысы - **Маудуди**.

Маудуди – чәштийа тариқатының ұлы тұлғаларының бірі Құтбиддин Маудуди Чәштидің ұрпағы. Ажмирге жерленген Муинуддин Чәшти – Құтбиддиннің халифаларынан Осман Харунидің халифасы болады. Құтбидин Маудуди хижраның 527 (м.1132) жылы Гератқа қарайтын елді мекендердің бірі – Чәштте қайтыс болды.

Маудуди х.1321 (м.1903) жылы Хайдарабадта дүниеге келіп, х.1399 (м.1979) жылы қыркүйекте Америкада өлді. Пәкістанға жерленді. Өмірге журналист ретінде араласты. Алғаш рет 1927

жылы **"Исламдағы жихад"** кітабын жазды. Бұл кітабында төңкеріс пікірлері жазылған еді. Арап тіліне аударылғаннан кейін Хасан әл Беннаның түсініктеріне әсер етіп, Мысырда мемлекетке қарсы көтеріліп, өлтірілуіне себеп болды. Маудудидің ілімдегі кемшілігі осылайша көптеген мұсылмандарды материалдық және рухани күйзеліске ұшыратқан. Өйткені ешқандай Ислам ғалымы саясатқа араласпаған. Төңкеріс туралы ойына да алмаған. Олар халықты іліммен насихатпен имандылыққа шақырған. Исламның төңкеріспен емес ғылыммен, әділдікпен, адамгершілікпен таралатынын айтқан. Маудуди исламның барлық негізгі қағидаларын өз логикасы мен шешуге тырысып, Ислам ғалымдарынан және ислам қағидаларынан алшақтаған. Кітаптарын оқыған кезде оның өз логикасын, өз түсініктерін Ислам ретінде таратуға тырысқандығы айқын байқалады. Исламды жаңашыл үкімет түрлеріне сәйкестендіру үшін оны түрлі қалыптарға енгізеді. Исламның халифат құрылымына да өз түсінігі бойынша өң беріп, халифалардың барлығына дерлік қарсы шығады. Британдықтар және олардың жалданған адамдары тарапынан Ислам ғалымдарының жоқ етілуі арқылы ислам білімдерінің де жоғалтылуы Маудудидің бұзық пікірлерінің жайылуына септігін тигізді. Ислам ғалымдарының (рахметуллаһи та'ала алейһим ажмаин) кітаптарын оқып, түсінетін дәрежеге жетпеген сауатсыз адамдар оны дереу ғалым және муджахид қатарына қосып жіберді. Оның саяси түсінігі "Исламдық білім" деп аталды.

Маудуди мұсылмандардың осы екі ұдай жағдайын пайдалана білді. Дінді саясаттың құралы етіп, саяси тұлғаларға жақындасты. Үнді мұсылмандарының ұлттық қозғалыстарына қатысты. Ұшқыр ойлы мұсылмандар мен Ислам муджахидтерінің жетістіктерін иелену үшін көптеген еңбектер жариялады. Шығармаларында өзін ұлт көсемі және ақылгөй етіп көрсетті. Айлалы әрекеттері мен партияның басқару қызметіне келді. Алайда Пәкістанды құру идеясын ортаға қойғандармен бұл жолда жұмыс істегендер басқалар еді және олардың саны көп болатын. Олар Үнді мұсылмандарына азаттық идеясын сіңіріп оларды біріктіруге тырысып жатқанда, Маудуди өз пайдасына қатысты талап-тілектер қойды. Фитнаның (бүлікшіліктің) алдын алу үшін оны қамауға фатуа берілді. Фитна (бүлік) басылып, х.1366 (м.1947) жылы

Пәкістан мемлекеті құрылғаннан кейін ол 1950 жылы қамаудан босатылды. Әһли сүннеттің таза мұсылмандары жаңа мемлекетті Ислам ісімен байланыстырып жатқанда Маудуди "Қадияни" деген бұзылған дінді тарата бастағандықтан, 1953 жылы сотталып 26 айға тағы қамалды. Ол түрмеде жатқанда мұсылмандарды қорғайтын атазаң дайындалып, 1956 жылы күшіне енді. Ол түрмеден шыға сала жариялаған төңкеріс идеясын насихаттайтын мақалаларымен шиеленістің туындауына ықпал етті. Мұсылмандардың пайдасына болған Атазаңға тыйым салынып, дәстүрлі басқару жүйесінің жариялануына себеп болды. 1962 жылы жаңа атазаң күшіне енді. Алайда, Маудуди тыныш жатпады. Тағы бір бүлік шығарып, "Ислам қоғамы" ұйымының жабылуына себеп болды. 1964 жылдың басында қайтадан қамауға алынды. Бірақ, амнистияны пайдаланып, аз уақыттан соң азаттыққа шықты. Адам құқықтары және әділет деп ұрандап, төңкеріс жасау құмарлығына түсті. Кашмирде түсінбеушіліктердің туындауына себеп болды. Үнділер осыны пайдаланып, Кашмирге шабуыл жасады. Үкімет қиын жағдайға тап болды. Осы опасыз әрекеттерімен қанағаттанбаған Маудуди жасырын түрде, Сауд Арабиясымен де ынтымақтастық құрды. Мазһабсыздықты барлық Ислам мемлекеттеріне тарату үшін құрылған Мәдинадағы уахаби кеңесіне мүше болды. Бірақ **«Бір залымға көмектескен адамға Аллаһу та'ала сол залымды қарсы қояды»** деген хадис шәриф ақиқатқа айналып, өзі жақындағысы келген адамдар тарапынан қамауға алынды.

"Әл-Устадул-Маудуди" кітабында Абул-Ула Маудудидің ислами сауатсыздығы және мазһабсыз екендігі ұзақ түсіндірілген. 7-ші бетінен бастап: «Маудуди бала кезінде Нияз Фетхпури деген мулхидті (дінсізді) қасына хатшы етіп алды. Соның зарарлы пікірлерімен түсінігі өзгеріп, бұзылды. Оның көмегімен көптеген басылымдарға мақалалар жіберіп күн көріп жүрді. Кейін **"Жамийат-ул Улама'ил-Хинд"** қоғамының басқару ісіне тағайындалды. Муфти Мұхаммед Кифайатуллаһ және шайх Ахмет Саид Дехлевидің көмегімен **"Муслим"** журналын шығарды. Хиджраның 1352 (м.1933) жылы **"Тәржуман-ул-Құран"** жинағын шығарды. Содан соң төрт досымен бірге **"Дар-ул-Ислам"** билігін құрды. Достары Мұхаммед Маузур Ну'мани, Әбул Хасан Әли Нәдуи Ләкнауи, Әмин Ахсан-у Ислахи және Масуд Әлим-ул Нәдуи

болатын. Хиджраның 1360 (м.1941) жылы олар **“әл-Жамаат-ул-исламийа”** ұйымын құрды. Қуатты қаламымен көптеген мақалалар жариялады. Шайх Муназир Ахсан-ул-Гейлани, Сайид Сулайман-ун-Нәдуи, Абдулмәжид Дарйабади сияқты атақты адамдар тарапынан мадақталды. Бірақ өз пікірлерін тарата бастағанда, болашақты болжай білген ғалымдарда күмән пайда болды. Оның кітаптарына алғаш қарсы пікір жазған адам шайх Муназир Ахсан-ул-Гейлани болды. Абулмажид Дарйабади шығаратын “Сидқ-ул-Жәдид” жинағында **“Жаңа харижи”** деген тақырыппен алғашқы қарсы пікірін білдірді. Одан соң Сулейман Нәдуи мен Хусейн Ахмед-ул Мадани де Маудудиге қарсы мақалалар жазды.

Маудудидің адасу себебі дін ілімдерін маман адамдардан оқымады. Арап тіліне қатысты ілімдерде маман бола алмады. Нағыз дін саласының ғалымдарының сұхбатына қатыса алмады. Ағылшын және арап тілдерін жетік меңгермеді. Арап тілінде жарық көрген кітаптарының барлығын урду тілінде жазды, оны шайх Масуд Әлим Нәдуи және оның шәкірті арап тіліне аударған болатын. Мұқабасында “Маудуди” деп жазылып тұрғандықтан оқығандар оны Маудудидің арап тілінде жазған кітабы деп ойлайды.

Маудуди дін саласының емес, саясаттың адамы. Урду тілінде өте шебер қаламгерлігі бар. Бірақ кітаптарының зияны пайдасынан көп болды. Әсіресе, урду тілінде жарық көрген кітаптарында сахабаларға тіл тигізеді. Төрт рашид халифаның бірі - хазіреті Османды қаралайды. Исламның ұғымдарын және аяттарды өзгертеді. Сәләф-и Салихинди төмен санайды. Бүкіл мақалаларынан көздеген мақсатының жоғары лауазымға қол жеткізу екендігі айқын аңғарылады. Уаххабилер құрған **“Рабитат-ул-алам-ил-ислами”** ұйымының мүшелері және Нәждпен Риядтағы мазһабсыздар Маудудиді жақтайды. Оның арапша кітаптарын дүние жүзіне таратуда. **“Сарра‘ның”** авторы Қусайми мен **“Жами‘ат-ул-Мадина”** мұғалімі Насыр Албани да солардың қатарына кіреді. Пәкістандағы дін адамы Мұхаммед Зәкәрия да бұрын Маудудидің шығармаларын ұнататын. Кейін оның қате жолда екендігін түсінгеннен кейін оған насихат хат жазады. Содан соң оның қате пікірлерін ашып берген рисала жариялады. Доктор Абурраззақ Хазарауи Пакистани оны урду тілінен арап

тіліне аударып, оған түсіндірме жазып жариялады. Оны оқығандар Маудудидің пікірлерін айқын түсінеді. Пікірлерінің бір бөлігі - күнә, бір бөлігі - бидғат, тағы бір бөлігі – илхад (діннен шығу). Кейбір пікірлері дінде мүлдем сауатсыз екендігін көрсетеді. Түрлі мақалаларындағы пікірлері бір-біріне қайшы.

Үндістанда әр топтың, әр мазһабтың шыққан ғалымдары 27 шәууал 1370 (м.1951, 1 тамызда) жылы жиналып, Маудудидің және оның құрған **"әл-Жамаат-ул-Исламийа"** ұйымының мұсылмандарды бұрыс жолға және пәлекетке сүйреп жатқаны туралы шешім қабылдап, бұл фатуаны кітап пен газеттерге жариялады. **"әл-Устазул-Маудуди"** кітабынан жасалған аударма аяқталды.

Пәкістан ғылымдары да Маудудидің адасқандығына шешім қабылдап, бұл шешімдерін 22 ақпан х.1396 (м.1976) жылы Равальпинди қаласындағы **"Ахбар-ул-жамийа"** басылымында қайта жариялады.

Маудуди **"Исламдағы жандандыру әрекеттері"** деген кітабында Имам Ғазалиді реформатор етіп көрсетіп: «Оның түсінігі рационалды пікірлердің зарарлы ықпалында қалған. Сондай-ақ сопылыққа бейімделуі кемшілік болып табылады, хадис ғылымындағы білімі жеткіліксіз» деп жазған. Ибн Таймийаның өте ықпалды адам екендігін, Исламды дұрыс түсіндірудің соған нәсіп болғанын айтады. Сонымен қатар бұл кітабында Ислам дінінің өзіне тән философиясы туралы жазады. Ислам ғылымдарын - философия, ғалымдарын - философ деп санайды. Хазреті Османға тіл тигізіп, барлық мазһабсыздар сияқты ол да мазһабтарды пікір қайшылықтарының нәтижесі деп есептейді.

Сайид Құтб

"Ислам ғалымы" деп танытылған дін адамдарының бірі – Сайид Құтб. Ол х.1321 (м.1903) жылы Мысырда дүниеге келді. Каир ғылым институтында оқыды. Бастапқыда социалистік идеялар таратты. Сосын дін адамы кейпіне еніп, бұрынғы Каир муфтиі және масон ложасының басшысы болған Абдухтың діндегі реформалық жолын ұстанды. "Болашақ – Исламдікі" деген кітабында: «Ислам мемлекеттерін татар шабуылдарынан қорғағандардың ең басында

рухани көсем Ибн Таймийа тұрды» деп жазады. Ешқандай тарихқа жанаспайтын бұл сөзі Ибн Таймийаны әһли сүннет ғалымдарының деңгейіне жеткізуге тырысқандығының белгісі еді. **"Әлем бейбітшілігі және Ислам"** деген кітабында мемлекет саласындағы істері, қызметтері тым аз деп, алты жүз жылдық Османдықтар мемлекетін тарих ретінде атап өтуді де қызғанып, назардан тыс қалдырады. Осы кітапта Исламның таралу түрі мен Исламдағы жиһад түсінігін өз көзқарасы бойынша бұрмалап, түсіндіреді. Зекеттің берілу ережесін қазірге дейін ешқандай ғалым көрсетпеген түрде түсіндіреді.

"Исламда әлеуметтік әділдік" деген кітабында хазіреті Османға арсыздықпен тіл тигізеді. **"Фи-зилал-ил-Құран"** деген тәпсір кітабының бірінші томында жиһадтың бір бөлігін қабылдап негізгі бөлігіне қарсы шығады: «Адамдардың дінге кіруін оңайлату үшін жиһад жасалмайды» дейді. **«Жиһад зұлымдық жасағандарға және залымдарға қарсы жасалады»** деген аятты алға тартып, мұсылмандарды үкіметке қарсы бас көтеруге, фитна (бүлік) шығаруға шақырады. Алайда залым содырларға, тіпті кәпір үкіметтерге де қарсы шығуға дініміз тиым салады. Бұлай бас көтеру - жиһад емес, ақымақтық. Ондай замандарда жасалатын жиһад - Ислам ілімдерін тарату, иманды жастарды жетілдіруге тырысу болып табылады. "Хаж" сүресінің 39-шы аятында: **«Муминдерге шабуыл жасаған залымдарға қарсы жиһад етуге рұқсат берілді»** делінген. Меккеде кәпірлер мұсылмандарға зұлымдық жасап, өлтіріп жатқан кезде мұсылмандар оларға қарсы соғысу үшін пайғамбарымыз арқылы Аллаһтан қайта-қайта рұқсат сұрады. Рұқсат берілмеді. Мәдинаға хижрат етілген соң осы аят келіп, жаңадан құрылған Ислам мемлекетінің Меккедегі залымдармен соғысуына рұқсат берілді. Бұл аят мұсылмандардың кәпір, залым үкіметке қарсы бас көтеруіне емес, Ислам мемлекетінің халықтардың Исламды есітулеріне, мұсылман болуларына кедергі болған залым диктаторлардың әскерлерімен соғысуға рұқсат береді.

Сайид Құтб осы негізсіз идеялары Мысырда бүліктің туындалуына, он мыңдаған мұсылмандардың зынданға тасталуына, көптеген адамдардың өлтірілуіне себеп болды. Ол бұлардың жазасын қияметте тартады. Сауатсызша әрекеттерімен ақымақша

жазулары арқылы үкіметке қарсы төңкерістің шығуына себеп болғандықтан, х. 1386 (м.1966) жылы өлім жазасына кесілді. Білімі, ақылы және ықыласы болмаған дін адамдары тарих бойынша, үнемі осындай саяси апаттарға себеп болған. Ислам ілімдерін бүлік шығармай, тыныш-тату жолмен жайған білімді әрі ақылды дін ғұламалары әрқашан жетістікке жеткен.

Қадизада Ахмед эфенді **“Биргиви өсиетнамасы”** шархының (түсіндірмесінің) 200-ші бетінде: «Күш қолдану арқылы әмри маруф және нахйи мункар жасау, яғни күнә істеп жатқандарға кедергі болу - үкімет адамдарының міндеті. Сөзбен, жазумен жиһад ету – ғалымдардың міндеті. Жүрек арқылы, дұға ету арқылы жиһад ету - әрбір муминнің міндеті. Әсер ететініне, табысқа жететініне көзі жетсе, бұл міндеттерді орындау уәжіп болады. Бүліктің, фитнаның шығуына себеп болады деп ойласа, насихатты тәрк ету уәжіп болады. Фитна (бүлік) шыққан жерге зәру болмаса, баруға болмайды. Егер дінін қорғау үшін хижра (қоныс аудару) жасаса, жақсы болады. Жұмаққа баруға лайық болады. Шапағатқа қол жеткізеді. Әмри маруф және нахйи мункар (жақсылықты бұйырып, жамандықтан тию) жасаған кезде, ниеттің пәк болуы, жағдайды жақсы зерттеген болуы, Аллаһу та’аланың бұл мәселедегі бұйрығын жақсы білуі, сабырлы болып, дау-жанжал тудырмауы, жылы сөйлеп, жазумен жеткізуі керек» деп жазылған. Демек, күш қолдану арқылы жасалатын жиһадты үкімет жасайды. Жиһад Сайид Кутбтың айтқанындай емес. Стамбулдағы жоғары Ислам институтының бұрынғы директоры және оқытушысы Ахмет Дауытұлы х.1394 (м.1974) жылы Стамбулда басылған **“Дінді түзетемін деген дін бұзғыншылары”** атты кітабында: «Сайид Кутб әдебиетші, біршама діни мәдениеті бар, Мехмет Акифке ұқсайды. Сөзі дінде дәлел бола алмайды. Өйткені ол дін ғалымы емес» дейді. Сайид Кутб “Зумар” сүресінің 3-ші аятының тәпсірінде: «Тауһид пен ықылас иесі Аллаһтан басқа ешкімнен ешнәрсе сұрамайды. Ешқандай жаратылысқа табынбайды. Адамдар Ислам көрсеткен тәуһидтен ажырады. Қазіргі кезде барлық Ислам мемлекеттерінде әулиелерге ғибадат жасалады. Исламнан бұрынғы кезеңдерде араптардың періштелерге, мүсіндерге табынғаны сияқты олардан шапағат тілейді. Тәуһид пен ықылас иелері Аллаһ пен құл арасына бір құралды керек етпейді.

Ешкімнен шапағат тілемейді» дейді. Бұл сөздері мен әһли сүннет ғалымдарының оған берген жауаптары “**Пайдалы мәліметтер”** кітабында және арап тілінде жазылған **“Фитна-тул-уаххабия”** кітабының соңында берілген.

Хамидуллаһ

Қате жолдағы дін адамдарының бірі – Хамидуллаһ. Ол хижраның 1326 (м.1908) жылы Үндістанның оңтүстігіндегі Хайдарабадта дүниеге келген. 1971 жылы Стамбулда онымен сұхбат өткізілді. Ислам ғалымдарына, Сәләф-и салихинге сенбейтінін, Хайдарабадтағы ұстазының сөздеріне қайшы келетін мәліметтердің барлығына қарсы екендігін айтты. Сол жерде Османия университетінде оқыды. Мемлекеттік құқық саласында докторлық диссертация қорғады. 1947 жылы Үндістан үкіметі оны азаматтықтан айырды. Өзі Париждегі CNRS ғылыми зерттеу орталығының мүшесі. Исмаили мазһабында әһли сүннет дұшпаны болып жетіліп шықты. Еңбектері арқылы ашықша және айлакерлікпен Исламды бұзуға, әһли сүннет ғалымдарын қаралауға тырысуда. **“Исламға кіріспе”** және **“Ислам пайғамбары”** деген кітаптарында қате жолдағы пікірлерін таратуда. “Сәба” сүресінің 28-ші аятында: **«Сені барлық адамзатқа пайғамбар етіп жібердім»** деп бұйырылды. Ал, ол болса тек мұсылмандардың пайғамбары екенін көрсететін атпен кітап жазған. Кәпірлердің көпшілігінің сенімі осындай.

“Ислам пайғамбары” кітабында миғраждың тек рухпен жүзеге асқандығын айтып, өзінің әһли сүннеттен еместігін білдірген. Осы кітапта: «Қырыққа жеткен бұл адам халықтарды тәрбиелеуге кірісті» деп пайғамбарымызға қарсы әдепсіз сөздер қолданады. Пайғамбарымыздың әлі пайғамбар екені білдірілмей тұрып, қара бір қойды пұттардың алдында құрбандық шалғаны, бала кезінде қарындасы Шайманың иығын тістеп алғаны сияқты өтіріктерді “дін” деп жазатын деңгейде дұшпандығын әшкерелейді. Хамидуллаһты көптеген адамдар ғалым деп санайды, алайда оның кітаптары мұқият оқылып, зерттелсе, оның Исламға және Ислам тарихына христиан шығыстанушы тұрғысынан

қарауға тырысқандығы байқалады. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламға қалай әдептілік таныту керектігін білу үшін оның сахабаларын жақсы тану керек. Соғыста арыстандай айбатты, бейбіт кезде әр ғылымның шебері болған **Асхаби кирамды** тану үшін де **әһли сүннет ғалымдарын** тану қажет.

Мұсылмандар неліктен артта қалды?

Тарихтың барлық кезеңінде тегі, тілі, әдет-ғұрпы әр түрлі миллиондаған адамдардың араларындағы айырмашылықтарды тастап, бір сенім немесе пікір айналасына жиналып, империялар құрғаны кездеседі. Осындай империяның немесе мемлекеттің ең үлкені орта ғасырда құрылды. Еш өзгеру енгізілмеген жалғыз дін Ислам дінінің әдемі ахлақ (адамгершілік) қағидасы мен безендірілген, бір-бірін жақсы көретін, бір-біріне көмек қолын созатын, әр түрлі тектен құралған үлкен қауымдардан құралғанын білеміз. Бұл қоғамды сақтап тұрған негізгі нәрсе Аллаһу та'ала бұйырған еңбекқорлық, әділдік, жақсылық, құрмет сияқты діни негіздер еді. Османлы түріктерін Сакария өзенінің жағасынан қысқа уақыт ішінде Венаға дейін апарған күш сұлтан Османмен ұлдары ұстанған Ислам дінінің рухпен тәнді жетілдірген жарқын жолы еді. Өйткені Исламда мұсылмандар бір-біріне бауыр болып саналады.

Христиан дінін ұстанатын Еуропаның жалғыз бекінісі Францияны алуға бет алған Атилланы (хижрадан 168 жыл бұрын өлген) қарамағындағы Тұран ғұндары кез келген бір хақ дінді ұстанғанда және сол аймаққа осы хақ діннің ахлақын, рухани әлемін алып барғанда, хазіреті Омардың (радиаллаһу анһ) әскерінің әділдігіне, мейірімділігіне қайран қалып, қуана-қуана мұсылмандықты қабылдаған Шам христиандары сияқты поптарының қысымынан, каролдердің езгісінен жалыққан Батыс христиандары да оларға құшағын ашып, қазіргі Еуропаның дінімен түрі басқа болар еді.

Омаядтар Ислам дінін Испаниядан Еуропаға алып кірді. Фес, Куртуба (Кордова) және Гренада университеттерін ашып, Батысқа ғылым мен техниканың жетістіктерін жеткізді. Христиан

әлемін оятып, қазіргі өркениеттің сол кездегі негізін қалады. Дүние жүзіндегі алғашқы университет Фес қаласында орналасқан Хайруан университеті екендігі барлық энциклопдияларда жазылған. Ол хиджраның 244 (м.859) жылы құрылған.

"Қамус-ул-алам" кітабында: «Андалусия сұлтаны III-Абдуррахман (рахметуллаһи алейһ) елінің территориясын кеңейтіп, күшейтті. Фесте билік құрған Идрисилерді қате жолдағы Фатимиттерге қарсы қолдады. Оларды өз билігіне қосып алды. Күшті теңіз флотын қалыптастырды. Өзі де жақтастары да өте білімді, әдепті кісілер болатын. Ғалымдарға және ғылымға үлкен мән беретін. Сондықтан да Андалусияда ғылым мен техника қарқынды дамыды. Сарай мен мемлекеттік ұйымдар ғылым ошағына айналды. Жан-жақтан ғылым үйрену үшін Құртубаға (Кордова) қарай адамдар ағыла бастады. Құртубада үлкен және өте дамыған медицина факультетін ашты. Бұл Еуропада ашылған алғашқы медицина факультеті еді. Еуропалық корольдер мен мемлекет адамдары емделу үшін Құртубаға барып, ондағы мәдениетке, адамгершілікке, өркениетке, қонақжайлылыққа таң қалатын. 600 мың кітабы бар кітапхана да салдырды. Құртубадан үш сағаттық жердегі **Уади-ул-Кәбир** маңына **"Аззахра"** деп аталатын өте үлкен қолөнер шеберлігімен безендірілген сарай, ғажайып бақшалар және үлкен мешіт салдырды. Құртубадан көптеген атақты ғалымдар шықты. Андалусиядағы **"Бәни умаййа"** халифаларының сегізіншісі болған III Абдуррахман елу жыл әділ билік құрып, хижраның 350 (м.961) жылы 72 жасында қайтыс болды» деп жазылған.

Бірақ кейіннен Андалусия мұсылмандары Ислам ахлақына, Аллаһу та'аланың бұйрықтарына мән бермей қойды. Мемлекет ішінде әһли сүннет сенімін бұзып, Исламды іштей ыдырату әрекеттері орын алды. Сол себептен өркениет тоқтап, олар Пиреней тауларынан аса алмады. Хиджраның 423 (м.1031) жылы Омаядтар мемлекеті құлады. Одан кейін Андалусияда алдымен **Мулассимин** және **Мурабитин** деген мемлекеттер, кейін **Мууахидин** деген мемлекет билік құрды. Бірақ испандар х.897 (м.1492) жылы Гренада қаласын басып алып, мұсылмандарды қырды (мыңдаған құнды кітаптар да жойылды). Сөйтіп халықтар ауызша мұсылмандықты қабылдап, Аллаһу та'аланың бұйрықтарына бағынбаудың жазасын

тартты. Испандық қырғын болмағанда, сол жердің философтары болған Ибнуррушд пен Ибни Хазмның бұзық пікірлері бәлкім "дин-иман" ретінде бүкіл әлемге тарап, бүгінгі мұсылмандықтың нашар жағдайы бір неше ғасыр бұрын майданға шығарма еді? Аллаһу та'ала мұсылмандарға Құран кәрімге мойынсұнуды, оның үкімдері айналасында бірлесуді бұйырады. Сахабалар барлық бұйрықтарға толығымен мойынсынғандықтан, бір-бірімен бірігіп бауырлас болды. Аллаһ "Фатх" сүресінде олардың осы жақындықтарын атап, мақтайды. Бірігуден күш құралады. Бөлінушілік бәле-жалаға, пәлекетке алып барады. Асхаби кирам сияқты болғандар бірлесіп, күшею арқасында тыныш және рахат өмір сүрді. Олар ахиретте де мәңгі бақытқа қол жеткізеді. Сахабалардың осы жолын ұстанбағандар осы дүниеде де қиыншылықтарға душар болды. Ахиретте де азаптар шегеді.

Олай болса адамзатты, бәледен, қиыншылықтардан құтқарғандар - Фатимиттер, Расулиттер сияқты аты мұсылман, иманы мен әрекеті бұзық мемлекеттер емес, Омаядтар, Темір ұлдары және Османдықтар сияқты әһли сүннет жолындағы дініне берік халықтар болды. Олар Исламның дін және жаратылыстану ғылымдарында адамзат баласына сәуле шашты. Өкінішке орай, кейіннен оларда да Ислам босаңси бастады. Мемлекет басшыларын шәйіт етті. Бір талай билік органдары діни сауатсыздар мен масон қызметкерлерінің қысымында қалды. Мұсылмандар Аллаһу та'ала бұйырғандай еңбек етуді және бауырластықты тастап қойды. Масондар мұсылмандарды артта қалдырып, сауатсыз ету үшін мектептерден жаратылыстану пәндерін алып тастады. Мұның нәтижесінде дін адамдары жаратылыстану білімінсіз тәрбиеленіп, Исламды өз ішінен құлатуға кірісті. Бір жақтан ғылым мен пән жойылды, екінші жақтан ахлақ, әдептілік, ар-намыс және дін бұзылды. Империя құлады. Алайда Ислам тәжірибеге сүйенетін ілімдерді, ғылымды, техниканы, өнеркәсіпті дамытуды қатты талап және әмір ететін дін.

Ұлы Селжуқ билеушісі Мұхаммед Алп Арслан (рахметуллаһи та'ала алейһ) хижраның 463 (м.1071) жылы Малазгирдте грек императоры Диоген басқарған 200 000-нан астам әскерге қарсы 40 000 әскермен соғысып, жеңіске қол жеткізген соң, мұсылмандар Анадолыға (Анатолия) барып қоныстанды. "Батыс түріктері" деп

аталған бұл оғыз түріктерін христиан еуропалықтар он ғасыр бойы қаншама рет крест жорықтары арқылы Анадолыдан шығару үшін шабуыл жасаса да, оларды жиырмасыншы ғасырда (х.14-ғасырда) ұлы мұсылман түркі халқы ретінде сақтап тұрған және өмір сүргізген ұлы күштің халықтың жүрегіндегі берік иман екендігі күмәнсіз.

XI ғасырда (х.5-ғасырда) түріктер үш бағытта тараған:

1. Ғазнауи билеушілерінің қол астында Қалач және басқа да түрік тайпаларының Үндістанға таралуы. Олар ол жерге Ислам діні мен өркениетін алып барды. Қазір Үндістанда жүз милллионнан асатын мұсылман қауымның болуы осының нәтижесі болып табылады.

2. Оғыз түріктерінің Ираннан өтіп Малазгирд жеңісінен кейін Византияның қол астындағы Анадолыға баруы. Оғыздар да Ислам дінін алып барды. Арада қанша ғасыр өтсе де, мұсылман болып қалуларының арқасында әлі күнге дейін Анадолыда өмір сүріп, әлем саясатына араласуда.

3. Қара теңіздің солтүстігінен Балқанға қарай бағытталған әрекет. Араларында оғыздар да болған пешенек және құман (куман) түріктері Балқан түбегіне барып орналасты. Өкінішке орай, олар Исламмен таныспай тұрып кеткен болатын. Айналасындағы христиан мемлекеттерінің қысымынан аз уақыт ішінде өз болмыстарынан айрылды. Салт-дәстүрлерін жоғалтты. Үндістанда, Анадолыда және басқа жерлерде қазір өмір сүріп жатқан тектестері сияқты болмады. Олар неліктен өмір сүре алмады? Олардан кім қалды? Неге бұлай болды? Мұсылмандар осының себебін зерттеуі қажет.

Түрік мемлекеттері мен халықтарын сақтап қалған басты күш – иман және Ислам дініндегі әділеттілік, ізгілік, адалдық пен адамгершілік, көркем мінез-құлық болып табылады.

Игнатьев Осман мемлекетінде орыс елшісі ретінде ұзақ уақыт жұмыс істеген. Естеліктерінде сұлтан II Махмут хан дәуірінде Фенер патриархиасының есігінде асып өлтірілген х.1237 (м.1821) жылғы грек көтерілісінің жоспарлаушысы патриарх Григорийдің орыс патшасы Александрға жазған хатына түсіндірме беріледі. Хаттың мазмұны мынадай:

«Түріктерді материалдық тұрғыдан езу, құлату мүмкін емес. Өйткені түріктер мұсылман болғандықтан өте сабырлы және табанды адамдар. Өздеріне сенімді және иманы түзу адамдар. Бұл қасиеттері олардың діндеріне беріктіктерінен, тағдырға ризалық білдіруінен, дәстүрлерінің тұрақтылығынан, патшаларына, мемлекет қызметкерлеріне, қолбасшыларына, үлкендеріне деген адалдығынан туындайды.

Түріктер өте зерек халық. Өздерін тура жолда басқаратын басшыларына адал қызмет жасайды. Өте қанағатшыл. Олардың барлық ерекшеліктері батырлық және ержүректік сезімдері олардың дәстүрлеріне деген бағынудан, адамгершілік қасиеттерінен келіп шығады.

Түріктердің алдымен бағыну сезімін жойып, рухани байланысына жік салып, дінге беріктігін әлсірету қажет. Мұның ең қысқа жолы - ұлттық дәстүрлері мен руханияттарына қайшы келетін түсініктер мен әрекеттерге оларды үйрету.

Рухани беріктігі ыдыраған кезде түріктердің өздерінен бірнеше есе күшті әрі көп болған қарсыластарын жеңуін қамтамасыз етіп келген негізгі күштері босаңсып, оларды материалдық үстемдік арқылы құлатуға мүмкіндік туады. Сол себептен Осман мемлекетін жою үшін тек соғыс майданындағы жеңістер жеткіліксіз болады. Тіпті тек бұл жолмен бару олардың намысына тиетіндіктен, саналарының оянуына себеп болу мүмкін. Жасалуы тиіс нәрсе - түріктерге сездірместен құрылымдарындағы әлсіз жерлеріне соққы беру».

Бұл хат мектеп оқулықтарына енгізілетіндей өте құнды ақиқаттарды көрсетуде. Хатта ғибрат алынатын бір талай мәліметтер айтылған болса да, ең маңыздысы мына екі жайт:

1. Мұсылмандардың рухани әлемін және дінін жою үшін, оларды өз мәдениеттеріне бөгде пікір және әдеттерге үйрету.

2. Мұсылмандарға сездірместен ішкі дүниелеріндегі бұзғыншылықты жүзеге асыру.

Бұл мақсаттарға батыстың сеніміне, модасына, әдет-ғұрпына және бұзақылықтарына еліктеу арқылы қол жеткізіледі.

Батыстың білім, техника және әр саладағы ғылыми жетістіктерін әрине алу керек. Ислам діні мұны бұйырған. Шетел

тілдерін үйрену керектігі хадис шәрифтерде айтылған. Зайд бин Сабит (радиаллаһу анһ): «Расулуллаһ (алейһиссалам) маған яһуди тілін үйренуімді бұйырды. Үйренген соң яһудилерге жазылған хаттардың көбісін маған жаздырды. Олардан келген хаттарды да маған оқытатын» дейді. Бұл хабар **“Тирмизи”** хадис кітабында кең жазылған. Хазреті Зайд осылайша ибрани және сурйани тілдерін үйренді. Ұлы ислам ғұламасы саййид Абдулхаким Арваси арап және парсы тілдерін жетік білетініне қарамай: «Шетел тілін білгенімде бүкіл дүние жүзіне пайдалы болатын едім» дейтін. Бұл ғұлама Еуропа тілдерін білмегені үшін қатты өкінетін. Ол: «Ислам дінінің үстемдіктерін, рахаттық және бақыттың қайнар көзі екенін, мәдениетте, ғылымда және ахлақта ілгерілеуге ықпал ететінін дүниеге білдіру, қысқасы Исламға және бүкіл адамзатқа қызмет ету үшін шетел тілін міндетті түрде үйрену керек» дейді. [Бұларды үйрену кезінде әһли сүннет сенімінен бөлінбеу, фарздарды орындап, харамдардан аулақ болу, исламның көркем мінез-құлқын меңгеру және адамдарға жақсылық жасау да қажет].

Барлық діндерді терең зерттеген ағылшын білім адамы Лорд Давенпорт XX ғасырдың басында Лондонда бастырған **“Хазреті Мұхаммед және Құран кәрім”** деген ағылшынша кітабында былай деп жазады:

«Көркем мінез-құлқы исламның аз уақыт ішінде шапшаң таралуына себеп болды. Мұсылмандар соғыста мойынсұнған басқа дін адамдарын әрдайым кешіріммен қабылдаған. Журио: “Мұсылмандардың христиандарға жасаған мәмілесі мен папалардың және корольдердің өз діндарларына жасаған әрекеттерін салыстыруға келмейді. Мысалы: 1572 (х.980) жылы 24 тамызда “Сант Варфоломей” атты христиан мерекесі күні IX Чарль және ханшайым Катеринаның бұйрығымен Парижбен оның маңайында 60000 протестант өлтірілді. Сант Варфоломей он екі хауаридің бірі болатын. Ол 71 жылы тамызда Эрзурумда христиандықты уағыздап жүрген кезінде шәйіт етілген еді. Осындай әртүрлі қырғындармен қастандықтарда қаны төгілген христиандардың саны мұсылмандар соғыста өлтірген христиандардың санынан бірнеше есе көп. Сол үшін де көптеген алданған адамдарды “Ислам - залым дін” деген түсініктен арылту қажет. Мұндай

сөздердің ешқандай дәлелі жоқ. Папалықтың жасаған айуандық әрекеттерінің қасында мұсылмандардың мұсылман еместерге қарсы жасаған әрекеттері ештеңе емес. Ислам басқа діндердің негізсіз және қисынсыз сенімдері мен күмәндарының батпағында ашылған гүлдей көтеріліп, ақыл мен пікір тазалығының символы болды" дейді. Мильтон: "Константин шіркеудің жағдайын жақсартып, қаржысын көбейткеннен кейін пірәдарлардың жоғары лауазым мен байлыққа деген құштарлығы арта түсті. Оның жазасын бөлшектенген христиан діні тартты" дейді.

Ислам тәңірлер үшін адам қанын төгу деген жаман әдеттен адам баласын құтқарды. Оның орнына ғибадат пен садақаны кіргізіп, адамдарға ізгілік қасиеттерді сіңірді. Әлеуметтік әділдіктің негізін қалады. Осылайша қарусыз әлемге таралды. Ғылым мәселесіне мұсылмандар сияқты үлкен мән берген халық жоқ деуге болады. Хазреті пайғамбардың (алейһиссалам) көптеген хадистері ғылым үйренуге, ғылымды құрметтеуге шақырады. Ислам діні мал-мүліктен көп білімге мән берген. Хазреті Мұхаммед мұны бүкіл күшін салып қолдаған. Оның сахабалары да бұл жолға бар күштерін арнаған. Қазіргі техника мен өркениеттің негізін салушылар, көне және жаңа шығармалар мен әдебиеттерді сақтаушылар Омаядтар, Аббасидтер, Ғазнауилер және Османдықтар дәуіріндегі мұсылмандар (рахметуллаһи та'ала алейһим ажмаин) болып табылады».

Осы жерге дейін кейбір жерлерінен үзінді келтірген жоғарыда аталған ағылшын тіліндегі кітапты миссионерлер мен яһудилер бірнеше рет жинап алып, жоюға ұрынған. Алғашқы миссионерлік ұйым – «Жизвит» қоғамдары 1512 (х.918) жылы құрылған.

[Адамдардың дені сау, мықты, еркін, қызықты түрде өмір сүруіне және ахиретте мәңгілік бақытқа қауышуына себеп болатын пайдалы нәрселер **"нигмет"** деп аталады. Аллаһу та'ала өте рақымды болғандықтан құлдарына қажетті барлық нигметтерді жаратты. Оларды қалай қолдануымыз, қалай пайдалануымыз керектігін пайғамбарлары арқылы жіберген кітаптарында көрсетті. Бұл берілген мәліметтер **"дін"** деп аталды. Ең соңғы дін – Ислам діні, ең соңғы пайғамбар - Мұхаммед алейһиссалам, ең соңғы кітап – Құран кәрім. Мұсылман болсын, кәпір болсын, кез-келген адам

осы кітапқа сай өмір сүрсе, бұл дүниеде тыныштықта, еркіндікте өмір сүреді. Мысалы: дәріханада жүздеген пайдалы дәрі бар. Әр дәрінің құтысында қолдану көрсеткіші жазылады. Сол көрсеткіш бойынша қолданбаған адамға дәрі кері әсер етеді. Көрсеткіш бойынша қолданғандар да пайдасын көреді. Құран кәрімге сай өмір сүрген адам да ниғметтердің пайдасын көреді.]

Түркістанның кейбір әулиелері

Юсуф Хамадани "рахметуллаһи та'ала алейһ"**:** Әбу Яқуб Юсуф бин Әйуб Хамадани. Әһли сүннет ғалымдарының және "Силсилат-уз-заһаб" деген атпен танымал болған мәшһүр әулиелердің үлкендерінің бірі. **"Умдат-ул-мақамат"** кітабында ол туралы: «Жаяу отыз жеті рет қажылыққа барды. Құран кәрімді мыңдаған рет басынан соңына дейін оқып шықты. Түнгі намаздарында әр рәкатта бір жуз (пара, бөлім) оқитын. Тәпсір, хадис, кәлам және фиқһтан 700 жуздік (томдық) мәліметті жатқа білетін. Екі жүз он үш мүршиди камилден сабақ алды. Жеті мың кәпірдің иман келтіруіне себеп болды. Қызырмен көп сұхбаттасты. Имам Ағзам Әбу Ханифаның тегінен шыққан» делінген. Хиджраның 440 (м.1049) жылы Хамаданда туылып, 535 (м.1141) жылы Гератта қайтыс болды. Қабірі Мерв қаласында. 18 жасында Бағдатқа барып, Әбу Исхақ Ширазиден сабақ алды. Ханафи мазһабының фиқһ және муназара ілімінде ғалымы болды. Әбу Әли Фармадиден файз алып, кемелденді. Мухиддин Араби хазрет бір кітабында: «602 жылы Шайх Аухадеддин Хамид Кезмани Конияға барды. Хамаданда Юсуф Хамадани 60 жылдан астам уақыт уағыз жүргізген. Бір күні бір жерге баратын болды. Аттың ноқтасын бос жіберді. Жануар оны қаланың сыртындағы бір мешітке апарды. Мешітте бір жас жігіт одан бір нәрсе сұрады. Ол жауап берді» дейді. Мұхиддин Араби бұл жерде: «Адал шәкірт ұстазын қасына тартады» дейді. **"Фәтауаи хадисия**да**":** «Әбу Саид Абдуллаһ, Ибнус-Саққа және Абдулқадир Гейлани білім алу үшін Бағдатқа барады. Юсуф Хамадани Бағдатта Низамия медресесінде сабақ беретін. Ибнус-саққа деген атақты ғалым бір нәрсе сұрады. Оған: "Отыр, сенің сөзіңнен күпірлік сезіліп тұр" деді. Шынында да әлгі ғалым кейін Константинопольге елшілік қызметімен барып, сол

жерде христиан болды» делінген. Абдулхалиқ Ғиждувани және Ахмет Йасауи сияқты ұлы әулиелерді тәрбиеледі. Оның **“Зинат-ул-хаят”**, **“Маназил-ус-саирин”** және **“Маназил-ус-саликин”** деген кітаптары танымал.

Абдулхалиқ Ғиждувани “рахметуллаһи алейһ”: Әулиелік жолдың жол көрсетушілерінің бірі. Ұлы Ислам ғалымы. Бұхарада Ғиждуван ауылында туылып, 575 (м.1180) жылы сол жерде қайтыс болды. 22 жасында Бұхарада Юсуф Хамаданидің сұхбаттарына қатысып, білімін шыңдады. Имам Маликтің тегінен шыққан. Әкесі Абдулжамил малатиялық кісі еді. Қызыр алейһиссаламнан сабақ алды. Тасауфтағы әйгілі он бір сөз Абдулхалиқ Ғиждуваниге тән.

“Өсиетнама” кітабында: «Саған өсиет етемін ей, балам! Әрдайым ғылым жолын ізденіп, әдепті бол. Тақуалықты ұстан. Ислам ғалымдарының кітаптарын оқы. Фиқһ пен хадисті үйрен. Надан тариқатшылардан сақтан! Атаққұмар болма! Атақта апат бар. Көп сима[40] мен айналыспа! Симаның көбі жүректе нифақ шығарып көңілді өлтіреді. Бірақ, симаға қарсы да болма! Өйткені ұлы кісілер де сима жасаған. Арыстаннан қашқандай надандардан қаш! Бидғатшылар, адасқандар және дүниеге берілгендермен дос болма! Халал нәрсе же. Көп күлме. Қарқылдап күлу жүректі өлтіреді. Бәріне мейірімді бол. Ешкімді төмен санама. Ешкіммен таласып, тартыспа! Ешкімнен ешнәрсе сұрама! Тасаууф (сопылық) өкілдеріне тіл тигізбе! Оларға қарсы шыққандар, оларға сенбегендер бәлеге душар болады. Негізің - фиқһ, үйің - мешіт болсын» деп жазылған.

Ахмет Йасауи “рахметуллаһи та’ала алейһ”: Ахмед бин Мұхаммед Йасауи – Юсуф Хамаданидің үшінші халифасы. Түркістанда Сайрам қасабасында туылып, 590 (м.1194) жылы Йасыда қайтыс болды. Ходжа (Қожа) Ата Йасауи деп те аталады. Науаи тілінде “ата” деген сөз әкені білдірсе де, түріктер шайхтардың ұлыларын **“ата”** деп атаған. Бұхарада дәріс беріп, кейін Түркістанға барады. Қайтыс болар алдында Хаджа Абдулхалиқ Ғиждуваниге бағыну туралы шәкірттеріне өсиет қалдырады. Алғашқы Түркістан шайхы болып табылады.

40 Әуенсіз діни өлеңдер айту.

Махмуд Инжирфағнауи "рахметуллаһи та'ала алейһ": Ол Исламның ұлы ғалымдарының ішіндегі кемел тұлға болып табылады. Бұхараның Фағна ауылында туылып, Ақбәниге қоныстанды. Сәулет өнерімен күнелткен. 715 (м.1315) жылы қайтыс болғандығы туралы **"Сәбә-ул-әсрар"** және **"Таж-ул-асфия"** кітаптарында жазылған.

Мұхаммед Баба Сәммаси "рахметуллаһи алейһ": Ұлы ғалымдардың бірі. Рамитан мен Бұхара арасындағы Сәммас ауылында туылып, 755 (м.1354) жылы сол жерде қайтыс болды. Әли Рамитанидің халифасы. Көптеген кереметтері көрілген.

Саййид Әмир Кулал "рахметуллаһи та'ала алейһ": Пайғамбарымыздың ұрпағы – саййид. Мұхаммед Бұхаридің ұстазы. Ол Бұхараның Сухари елді мекенінде туылып, 772 (м.1370) жылы сол жерде қайтыс болды. Хаджа Баба Сәммастың шәкірті болатын. Жас кезінде күреспен шұғылданған. Кейін қыш құмырамен айналысқаннан соң "Кулал" деген атпен танылған.

Мұхаммед Бахауддин Бұхари "рахметуллаһи та'ала алейһ": Ол "Шах-и Нақшибанд" деп аталады. Әулиелердің ұлыларының бірі, мұсылмандардың ардақты ғұламасы және саййид болып келеді. Бұхарадағы **"Қасри арифан"** деген қалашықта 718 (м.1318) жылы туылып, 791 (м.1389) жылы сол жерде қайтыс болды. Екі рет қажылыққа барды. Көптеген әулиелерді тәрбиелеп жетілдірді. **"Аурад"**, **"Тухфа"** және **"Хәдия"** деген құнды кітаптары бар. Оның өмірбаяны мен кереметтері туралы **"Әнис-ут-талибин"** кітабында кеңінен жазылған. Бұл кітап Истанбул-Фатихте "Хақиқат кітабүйі" баспаханасы тарапынан 1993 жылы офсет формасында басылған. Иззи Сүлеймен эфенді түрік тіліне аударған.

Алауддин Аттар "рахметуллаһи та'ала алейһ": Мұхаммед бин Мұхаммед Бұхари. Бахауддин Бұхаридің күйеу баласы және шәкірті болды. Өз заманының қутби иршады (тура жол көрсетушілердің басшысы) еді. Бұхараның Чағанияν деген жерінде 802 (м.1400) жылы қайтыс болды. «Әулиелердің қабірін зиярат етудің әсері көп болады. Әсіресе, рухтарына тәуәжжуһ ету өте пайдалы» дейтін.

Абдулғани Наблусидің оның мүбәрәк рухынан көп файз алғанын **“Ирғам-ул-мурид”** кітабында Заһид Каусари келтіреді. Ұлы ғалым Саййид Шәриф Жүржани: «Алауддин Аттардың сұхбатына қатысқаннан кейін, Раббымды таныдым» деген.

Йақуб Чархи “рахметуллаһи та’ала алейһ”: Ол – Алауддин Аттардың үздік шәкірттерінің бірі. Үлкен ғалым, уәли-ул-камил (кемел әулие) болатын. Ғазнадағы Чарх ауылында туылып, 851 (м.1447) жылы Хулфатуда қайтыс болды. Герат және Мысырда оқып, Бұхарада Бахауддин Бұхаридің сұхбаттары және тәуәжжуһына қауышты. Құран Кәримнің “Тәбәрәка” және “Амма” жүздеріне (бөлімдеріне) жасаған тәпсірі және парсы тіліндегі **“Рисала-и унсийа”** атты кітабы Үндістанда басылған.

Убайдуллаһ Ахрар “рахметуллаһи алейһ”: Убайдуллаһ бин Махмуд бин Шахабуддин – ұлы сопылардың бірі. 806 (м.1404) жылы Ташкентте туылып, 895 (м.1490) жылы Самарқанда қайтыс болды. Йақуб Чархидің шәкірті, ал Мәулана Қази Мұхаммед Захид Бадахшидің ұстазы болды. Заһири және батыни ғылымдардың қазынасы еді. Бала кезінен бастап кереметтері көрінді. Халал жолмен күнелту үшін егіншілікпен айналысты. Берекетті болғаны соншалық, 1300-ден астам шаруа қожалығы болып, олардың әрқайсысында 3 000 жұмысшыдан жұмыс істеді. Жыл сайын 800 мың батпан астықты ушыр салығына беретін. «Тасаууф (сопылық) ілімінің мақсаты мен нәтижесі өзін қинамастан, барлық сәтте Аллаһу та’алаға тәуәжжуһ және иқбал, яғни әр сәтте Оны есте ұстау». «Кімде-кім арбаби жамийат иесінің сұхбатында отырып, көңілін Хақ Та’алаға аудара білсе, оның зікір етуінің қажеті жоқ» дейтін. «Рабита жасайтындар (рухани байланыс құрғандар) үшін тәннің алыста болуы рухани жақындыққа кедергі болмайды» деген. Сондай-ақ: «Қатты ашығу және көп ұйықтамау миды шаршатады, хақиқатты және нәзік білімдерді түсінуге қиындық тудырады. Сондықтан риязат тартқан (шілдеге отырған) адамдардың кәшіфтері (көңіліне туған білімдері) қателі болады» дейтін. Тағы да: «Зікір және мурақаба бір мұсылманға қызмет етілмеген бос уақытта жасалынады. Көңілдің қабыл болуына себеп болатын қызмет зікір мен мурақабадан да маңызды» дейді.

Мұхаммед Захид “рахметуллаһи та’ала алейһ”: Қади Мұхаммед Захид Самарқанди, ұлы ғұлама және кемел әулие еді. Рух білімдерінің маманы еді. 936 (м.1530) жылы Хисардың Вахш ауылында қайтыс болды. Бұрындары көп рийазат және мужаһада (шілдеге отыру) жасаса да, Убайдуллаһ Ахрардың (қуддиса сирруһ) тәуәжжуһы мен алғашқы сұхбатында кемелге қауышты. Йақуб Чархидің қызының баласы. **“әл-Хадайиқ-ул-уәрдийа”** кітабында кереметтері туралы жазылған. **“Силсилат-ул-арифин”** және **“Мәсмуат-и Мәулана қади Мұхаммед Заһид”** деген кітаптары танымал. Тәрбиелеген әулиелерінің ішінде жиені мәулана Дәруіш Мұхаммед – осы тариқаттың ұлыларының бірі.

Дәруіш Мұхаммед “рахметуллаһи алейһ”: Ұлы әулие, рух ілімінің маманы болды. Нағашы ағасы Мұхаммед Захидтен файз (рухани тұрғыдан білім) алды. Нағашы ағасы қайтыс болғаннан кейін ол Самарқандағы қате сенімдермен бидғаттарды жойды. Он бес жыл зуһд пен риязат арқылы зікір және тафаккурмен айналысты. Кейіннен Қызыр алейһиссаламның ұсынысымен Қажы Мұхаммед Захидтің сұхбатына қатысып, кемелдік дәрежеге жетті. Көптеген әулиелерді тәрбиелеп шығарды. 970 (м.1562) жылы Мауәрауннахрдың Бустар деген жерінде Дасфарар ауылында қайтыс болды. Силсиләи алийа шежіресінің жиырмасыншы фарди камилі (кемел тұлғасы) болып табылды.

Хаджаги Мұхаммед Имкәнәги “рахметуллаһи та’ала алейһ”: хижраның 918 (м.1513) жылы Бұхараның Имкәнә мекенінде туылып, 1008 (м.1600) жылы сол жерде қайтыс болды. Рухани ілімдердің маманы еді. Әкесі Дәруіш Мұхаммедтен рухани тұрғыдан білім, файз алды. Көптеген әулие жетілдіріп шығарды.

Имам Бұхари “рахметуллаһи та’ала алейһ”: Мұхаммед бин Исмаил. 194 (м.810) жылы Бұхарада туылып, 256 (м.870) жылы Самарқанда қайтыс болды. Құран кәрімнен кейінгі әлемдегі ең құнды кітап болып саналатын **“Жами-и сахих”** деген хадис кітабы “**Бухари-и Шәриф”** деген атпен танылды. Кітабында 7275 сахих хадис бар. Оларды 600 000 хадистің арасынан таңдап алған. Әрбір

хадисті жазатын кезде ғұсыл алып, екі рәкат намаз оқып, истихара жасайтын. Бұл кітабын он алты жылда жазып бітірді. Көптеген шархтары (түсіндірмелері) мен басылымдары жарияланды. Имам Бұхаридың қабірінен мушки амбар исі шығып тұратын.

Нәжмиддин Кубра "рахметуллаһи та'ала алейһ": Ахмет бин Омар Харезмнен шыққан болатын. Бір адамның рухына тәуәжжуһ етсе, ол адам әулиелік деңгейге көтерілетін. Көкесі Әбу Нажиб Сухраварди мен Мысыр шайхы Руз-и Баханнан рухани түрде білім - файз алды. Хиджраның 539 (м.1145) жылы туылды. 618 (м.1221) жылы Харезмге Шыңғыс әскерлері шабуыл жасаған кезде, шәкірттеріне: «Елдеріңе барыңдар. Шығыстан бүлік оты келе жатыр. Ол барлық жерді өртейді. Исламда осыншалық бүлік бұрын болған емес» деді. Олар: «Дұға етсеңіз бұл бәле мұсылман елдерінен алыс кетер» дескенде: «Бұл өзгертуге болмайтын тағдыр. Дұғамен жоюға болмайды» дейді. Кәпірлер қалаға кіргенде соғысқа шығып, шәйіт болды. Кубрауийа тариқатының негізін салды.

Садуддин Тәфтазани "рахметуллаһи та'ала алейһ": Масуд бин Омар – ең ұлы шафии ғалымдарының бірі. Хиджраның 722 (м.1322) жылы хорасандағы Тафтазанда туылып, 792 (м.1389) жылы Самарқанда қайтыс болды. **"Мутаууал"** кітабы **"Талхистің"** шархы (түсіндірмесі) болып, бади, баян, маани және бәлағат ілімдерін білдірген. **"Талхисті"** Жалалиддин Мұхаммед Қазвини жазған, өзі 739 (м.1339) жылы қайтыс болған. **"Ақаид-и Насафи шархы"** кітабы танымал. Садруш-шарианың **"Тануиһ"** кітабына жасаған шархы болып табылатын **"Талуиһ"** кітабынан ұлы ғұлама Имам Раббанидың шәкірттеріне сабақ бергені **"Бәрәкат**та" "Бадиуддин" есімінде жазылған. Тәфтазанидің илм-и кәлам саласына қатысты **"Мәқасид"** кітабы мен оған жасалған шархы - түсіндірмесі өте құнды.

Ислам діні/түрікшеден аударылған. - Алматы:
И 87 «EuroPrint» ЖШС. 2015 - 340 бет.
аударған: Надир Ахмедов

Басуға 17.09.2015 қол қойылды.
Пішімі 62x84/2 1/16 . Қарып әріпі “Times New Roman”.
Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс № 35

ЖШС “EuroPrint” орталығында басылды.
Тел: +7(727) 380 03 12

Сдано в печать 17.09.2015 г. Формат 62x84/2 1/16
Гарнитура “Times New Roman”. Печать офсетная.
Бумага типографская. Тираж 3000 экз.

Отпечатано в ТОО “EuroPrint”
Тел: +7(727) 380 03 12